

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ



Қазақстанның Халық жазушысы,
ақын, аудармашы, әдебиеттанушы
МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ
100 жылдығына арналған



**«БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН:
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ
БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ»**
АТТЫ АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

28 - сәуір 2023 жыл
Атырау қаласы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ**



**МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН: МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ»
АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР
ЖИНАҒЫ**

28 сәуір 2023, Атырау

ӘОЖ 37.0
ББК 74.00
Қ18

Редакция алқасы: Муханбетжанова А.У., Утешкалиева А.М.,
Кинжибаева Ф.Б., Мугауина Г.О., Абилова О.А.

ISBN 978-601-262-513-4

**«БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН:
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ
САБАҚТАСТЫҒЫ»** атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
материалдарының жинағы - Атырау, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті ҚеАҚ баспаханасы, 2023 ж. – 370 б.

Жинаққа Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының
оқытушылары, магистранттар, студенттер, мектеп және мектепке дейінгі
ұйымның педагогтарының өзекті мәселелері бойынша ғылыми баяндамалары
енгізілген.

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы
электронды түрде берілген материал негізінде дайындалды. Материалдардың
мазмұнына мақала авторлары жауапты.

ISBN 978-601-262-513-4

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің баспасы, 2023

1 СЕКЦИЯ

М. ӘЛІМБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМУДАҒЫ ҮЛЕСІ

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Қайыржанова Б.С.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, педагогика ғылымдарының
кандидаты, аға оқытушы

М.Әлімбаевтың өмірі мен шығармашылығы

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы 29 қазанда Павлодар облысы Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында дүниеге келген. Сегіз жасында әкесі, 13 жасында анасынан айырылып, жетім қалды. Есейген шағы екінші дүниежүзілік соғыстың басталған күніне тұспа-тұс келді. Қан майданда танк батареясының командирі болды. Соғыс жылдары өлеңдері республикалық, облыстық және майдан газеттерінде басылды. Соғыс біткен соң Мұзафар Әлімбаевты Шығыс Германия жерінде әскери қызметке алып қалып, елге 1948 жылы ғана оралды. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Қазақ балалар әдебиетінің бағына туған Мұзафар Әлімбаев алғашқы туындыларын 15 жасында жазды. Ол Павлодар облысы "Қызыл Ту" газетінде жарық көрді. Содан бастап Мұзафар Әлімбаевтың ұзақ та, жемісті шығармашылық жолы басталды.

Соғыстан кейінгі жылдары "Пионер" журналында поэзия бөлімін басқарып, "Қазақ әдебиеті" газетінде бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары секілді қызметтер атқарды. Ақын өзінің естелігінде "Пионер" журналында жұмыс істеп жүріп жазушы Мұхтар Әуезовпен танысқанын жазады:

"...Мен жасым ұлғайған жазушымын. Қайырылып, сонау артта қалған бел-белестеріме, шұғылалы шақтарыма, мұнарлы тұстарға қарасам, "эттеген-ай" деп күрсінер, "ой бәрекелді" деп сүйсінер сәттерім де аз емес сияқты. Мәселен, өз өмірімнің самала-сәулелі беттері деп ұлы Мұхтар Әуезовпен танысып, араласып, жақындасқан жылдарымды, ұлы құшақтың ыстығына жылынып, өнегесінен үйренген кезеңімді, "досым" деген мейірін естіген мезеттерімді айтар едім. Ең алғаш 1949 жылы үйіне барып, отбасында Мұхаңнан интервью алғаным, оны "Пионер" журналына бастыруым жақындасуымның беташарындай болды. Мұхтар Әуезовті зерттегендердің сол сұхбатқа анда-санда сілтеме жасайтындары бар. өйткені Мұхаң ол сұхбатта "Абай" романының туу тарихын тұңғыш баяндап, сыр ақтарған болатын",- деп жазған Мұзафар Әлімбаев.

Әлімбаевтың алғашқы кітабы – "Қарағанды жырлары" 1952 жылы басылып шықты. Ол 1958 жылы "Балдырған" журналының бас редакторы болды, бұл қызметті 1986 жылға дейін атқарды. Мұзафар Әлімбаев әлем халықтарының жүздеген мақалын қазақ тіліне аударған. Аударып қана қоймай, оны ұлттың болмысына бейімдеп жеткізген. Оларды "666 мақал мен мәтел", "Өрнекті сөз", "Мақал – сөздің мәйегі" деп аталатын жинақтарға топтастырды. Сонымен қатар әлем поэзиясынан Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақша сөйлетті. Мұзафар Әлімбаевтың төл туындылары мен аудармаларын қоса есептегенде 64 кітабы жарық көрген. Олардың арасында "Қарағанды жырлары", "Жұмбақтар", "Алатау баурайында", "Менің Қазақстаным", "Жолдар – жырлар", "Жүрек лүпілі", "Өрнекті сөз – ортақ қазына", "Қалам қайраты", "Көңіл күнделігінен", "Ақмаңдайлым", "Маржан сөз", "Балдәурен". 1982 жылы "Аспандағы әпке" өлеңдер жинағы мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.

Өз бағамды сұрамаймын өзгеден,
Ердің құнын өлшейтін кім сөзбенен?!
Өз бағамды сұрамаймын өзгеден,
Ер салмағын безбендер кім көзбенен?!
Сұрасам да кемеңгер мен батырдан,

Қадырымды сұрамаймын өзгеден,
Ел алдында өз орынын парықтап
Күйкі пенде көңілімен сезбеген,-
деп жырлаған Мұзафар Әлімбаевтың жырлары ел арасында өз бағасын алып келеді.
Бала жанының бағбаны атанған М.Әлімбаев

Мұзафар Әлімбаев балалар жазушысы ретінде танылды, әдеби ортада "бала жанының бағбаны" атанды. Балаларға арналған өлеңді ересектерге жазылған өлеңнен гөрі жақсырақ жазу керек деген ұстаныммен жұмыс істеді.

М. Әлімбаев жинақтарының оқырмандарын тез тауып, сүйіктісіне айналуында, сөз жоқ, дарын мен ізденімпаздықтың нәтижесі, балалар психологиясымен жете таныс болуы жатыр. Бұл жөнінде автордың өзі : «Ақындықтың негізгі сыры, басты құпиясы, біздіңше, қиял ұшқырлығында, талант күдіреттілігінде... шын ақын өрнектеп ойлайды, өлеңмен толғайды. Шын ақынға қара сөзден гөрі өлең жақын», -деп шынайы дарын иесінің ішкі жан дүниесін сипаттайды. Өзінің шығармашылық жолында М. Әлімбаев әрқашан «өрнектеп ойлап, өлеңмен толғайды». Ақын шығармашылығы жөнінде ақын- жазушыларымыз, әдебиетші ғалымдарымыз көптеген құнды пікірлер айтқан.

Белгілі әдебиетші – ғалым, сыншы, профессор Н.Ғабдуллин : «...М. Әлімбаев – қазақ балалар поэзиясының өркендеп дамуына үлкен еңбек сіңіріп келе жатыр. Ақынның балалар поэзиясының мазмұны мен түрін байытуға қосқан көп сапалық жаңалықтары, көркемдік үлгілері бар» , - деп ақынның балаларға арналған шығармаларын жоғары бағалаған.

Әрине, балалар ақыны болуы үшін, жоғарыда айтып өткеніміздей, бүлдіршіннің жан - дүниесін білуі қажет. Біліп, ұғып қана қоймай, ол білгенін өлеңмен өрнектей білу керектігі осы сәтте туындайды. Ақын өз ізденімпаздылығы мен еңбекқорлығын осы арада да танытады. М. Әлімбаевтың кішкентай оқырмандары оның кейіпкерлерінен өздерін таниды, себебі ақын кейіпкері «жанды», әр қырынан көрінеді. Ал, М. Әлімбаев өз кейіпкерлеріне «түсіністікпен қарап, олармен бірге қуанып, ренжиді де». Кейде өзінің кішкене кейіпкерлерінің балалық қылықтарына сүйсінеді, зілсіз мысқылмен қағытып қояды, әзілдеп қояды, енді бірде пәк бала көңілін жағымсыз мінездермен сақтандырады, адамдық қасиеттерге шақырады. Алайда ақын бүлдіршіндерді жақсы қасиеттерге шақырса да, жағымсыз қылықтан сақтандырса да, ол мақсаттарын құрғақ уағыз негізінде емес, жанды бейнелер арқылы танытады, оқырмандарына ой салады, қорытынды жасатады, ойландырады. Автордың балаларға арналған өлеңдері қысқа болғанмен, белгілі сюжетке тартымды ойға, терең пікірге құрылған. Ақын балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтан да Мұзафар өмірдің кішкене көріністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды өзіне зор мақсаи етіп қояды.

Ақынның әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны үлкен кісілер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Ақын «Кім ұтылды, кім ұтты...» өлеңінде тау асып ойнап кеткен үш баланың қарны ашып, қолдарында қалған екі алманы бөлісе алмай жатқандарын сөз еткен, Екі алманы үшке бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

Қиын емес бұл мүлдем,	Сен бер маған жартысын
Теп- тең етіп бөлейік.	Екеуі оған көніпті,
Екеуін ал бір- бірден .	Жарты-жарты бөлікті
Мен- ақ соған көнейін,	Басу айтқан балаға
Не керек сол айтысып.	Өз қолынан беріпті.
Сен бер маған жартысын	Кім ұтылды, кім ұтты?
Не керек сол тартысып	Кім ұқпады,кім ұқты?

Ақын өлеңін сұрақпен аяқтап, оқиға шешімін балалардың өз талқысына салады, сөйтіп олардың ойын дамытуға, өздерінше пікір таласын тудыруға сілтейді. Ақын өлеңі тартымды ойға құралатын осыдан ап - айқын көрінеді.

«Әріптер сыры» өлеңінің мамандық таңдауға жол ашатын сыр сипаты бар.
«А» - Алтай бала дәрігер,

Аурудан сақтар ол мені,
«Ә» - Әнуар өнер біледі.
Әдемі етік тігеді
«Б» - Бауыржан сақшы- жауынгер
Батыр деп сүйген қауым ел
«В»- Володя мастер мен дейді
Вагондарды жөндейді.
«Г» - Гүлжамия бақшашы,
Гүлге толған бақшасы.
«Ғ» - Ғажап бояу жағады.
Ғали сурет салады.

Мұндағы әр әріптің түрлі мамандықты таңдайтындай мазмұнға құрылған, және 1- сынып оқушыларының жаттау айтуына ыңғайлы. 36 әріпті тугел танып шыққан 1- сынып оқушылары ата –аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі «а»,екіншісі «б» үшіншісі «ә» болып рольдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата - ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың ақын- жазушыларға қояр- тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімділік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды.

Сөзіміз жалаң болмас үшін ақынның еңбекке шақырған бір – екі өлеңін мысалға келтіріп өтейік:

Ара тыңбайды
Ұшып зырлайды,
Шарлап қырларды,
Шырын жинайды.
Гүлдер өсірсен,
Балың сыйлайды.

«Сыйға - сый» өлеңінде М. Әлімбаев аранын күнделікті зырлап ұшып, тыным таппай , еңбектенген тірлігімен бүлдіршіндерді таныстыра отырып, оларды да ара құсап тынбай еңбектенуге шақырады. Сөйтіп, «еңбек етсең ерінбей, тояды қарнын тіленбей» деген ұлы Абай афоризміне жақын ой түйеді. Бүлдіршіндерге бал жегің келсе, гүл өсіріп, айналанды көгаландыр деген ой тастайды. Балалар не нәрсені де нақты, конкретті түрде түсінеді, ақын сондықтан да оқырмандырына гүлзарларды көбейту идеясын ұсынады. Ақын ойын жинақы әрі өте ұтымды берген, өз орнын таппаған басы артық сөз жоқ.

Оқырманның көз алдына төңіректі шарлап, гүлден – гүлге қонып, шырын жинаған еңбекқор жәндік, жайқалған көк майса елестейді. Бейне бір сол араның ызыңын естігендей боласың. Н. Севостьянова өз мақаласында : «Егер сіздер М. Әлімбаев өлеңдерін мұқият оқысаңыздар, онда , әрине, олардың балалар салған суреттерге ұқсайтындығын, солар сияқты көркем, бейнелі түрлі- түсті екендігін көресіздер», - дейді.

Жоғарыда келтірілген өлеңдерінде мүмкіндігінше ашық дауыстыларды қолданады. Мұның себебін ақын: «..олақ ақындар бұл талаппен санаса бермейді, дауыссыз дыбыстарды қаптатып, өлеңді оқыған кіп- кішкентай баланы былдырлатып, тұтқыртып әуреге салады», - дейді. Жоғарыдағы өлең балалар өлеңіне қойылатын осы талаппен де ұштасып жатыр. Демек өлең сөздерінің дыбыстық, буындық жағынан дұрыс үйлесім табуы, оның бүлдіршіннің тіліне орамды, жүрегіне жылы тиюіне әсер етеді. 3- 4 тармақтардағы ш дыбысының сәйкесігі де өлеңге ойнақылық, көркемдік дарытып тұр.

«Сыйға сый» өлеңі небәрі алты тармақтан құралған. Әр тармақ бес буынды болып келеді. Алғашқы төрт тармақ пен соңғы тармақ өзара ұйқасады да, бесінші тармақ қалыс қалады. Мұның себебі, ақын бақылауынша, «бірыңғай үйлесімдер жас бөбекті жалықтырып жібереді, жаттауға бөгет жасайды» және айта кететін бір жайт, қалыс қалған жол белгілі бір мағыналық жүк көтереді. Демек, оқырманды еңбек етуге шақырады.

Өлең көлемінің шағындығы тағы да, балалар поэзиясының шарттарынан келіп туады. Өйткені бүлдіршіндер зейіні өте құбылмалы. Сол себепті ұзын- сонар баяндауларға қарағанда, олар ойнақы да қызғылықты, шағын да көркем өлеңдерді тыңдауды ұнатады.

Еңбек тақырыбына арналған тағы бір шағын өлеңді мысалға келтіре кетсек:

Кіп – кішкентай күрекпін,

Күнде саған керекпін.

Күре қарын ауланың,

Қопсыт түбін теректің..

Еңбек сүйгіш күрекпін,

Елгезекке керекпін .

«Күректің жыры» өлеңі еңбек сүйгіш күректің монологы түрінде жазылған шағын өлең. Автор күрекке жан бітіре суреттей отырып, оны үнемі тынымсыз еңбек үстінде көрсетеді. Күрекше баланы қол қусырып отырмай, ауланың қарын күреп, теректің түбін қопсытуға шақырады. Өзінің еңбек сүйгіш, елгезек балалармен ған дос екендігін айтады. Аталмыш өлеңі арқылы ақын бүлдіршіндерді шама – шарқынша еңбектенуге үндейді. Күректің кіп – кішкентай болуы оның бүлдіршіндерге арналғанын меңзейді.

Өлең небәрі алты жолдан тұрады. Әр тармақ жеті буыннан құрлған. Өлең ұйқасына келсек, ол егіз ұйқаспен жазылған. Бұл жөнінде қаламгердің өзі : «Бала өлеңінің ұйқастары бір – біріне таяу орналасқаны құлаққа жағымды. Меніңше, кішкентайлар егіз ұйқасты өлеңді тез жаттайды». Демек, қаламгер саналы түрде өз өлеңінде егіз ұйқасты қолданады.

«Балалар өлеңінің әр шумағы, тіпті егіз- қос жолына бір – бір сурет салынғандай болғаны – оның көркемдік құндылығына айғақ», - деген ұстанымын ақын «Күректің жыры» өлеңінде қолданған.

Өлеңдегі дыбыстық қайталаулар - аллитерация (к, қ дыбыстарының тармақ басында, аралығында қайталанып келуі) ассонанс (е дыбыстарының сәйкесігі) өлеңге әуенділік сыйлап тұр. Мұндай дыбыстық қайталаулар өлеңнің тез жатталуына өз септігін тигізеді.

«Еңбектен асқан есті ұстаз жоқ» деп М. Әлімбаевтың өзі айтпақшы, еңбек адамды ширатады, өмірге дағдыландырады, жалқаулық, жатыпшерлік, еріншектік тәрізді мінездегі міндерден ада етеді, адамгершілікке, адалдыққа еңбексүйгіштікке баулиды.

Қорыта айтқанда М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес, ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Жазушының да да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ — олақ», «Шынықсаң — шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал — мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «ббб мақал мен мәтел», «Мақал — сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз — ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын — зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған.

Әдебиеттер

1. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан.- 1993.-25 мамыр.- Б.8
2. Әлімбаев М.2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.

БАЛАЛАР ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ

Перизат Сайлау

Ш. Есенов ат. Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, магистрант
Ғылыми жетекші:

Көкшеева З.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қазіргі қазақ әдебиеті мен поэзиясында жалпақ жұрттың жаңадан тіл ашқан бүлдіршінінен бастап, аз-көп жасаған ғұмырында әлденеше қыр асқан қариясына дейін жаппай оқитын да танитын қаламгер бар ма? Әрине бар! Ол — қазақтың көрнекті ақыны, балалардың сүйікті жыршысы, Қазақстанның халық жазушысы — Мұзафар Әлімбаев!

Мұзафар Әлімбаев есімі өз елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері. М.Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталарды қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын.

Ол балалар баспасөзінде 1948 жылдан 1989 жылға дейін жемісті, ізденісті қызмет атқарған. «Балдырған» журналын 28 жылдан астам уақыт басқарған. Балалар баспасөзіндегі ондаған жылдарға созылған қызметі, әсіресе 1958 жылдан тұңғыш рет шыға бастаған «Балдырған» журналында бас редактор болуы балалар әдебиетінің ерекшелігін, өзгешелігін, талап-тілектерін, мұң-мұқтажын зерттеуге себепші болды. Балалар әдебиетін қалыптастыру және дамыту мәселелерімен тікелей шұғылданып, белсенді атсалысады. Осының бәрі ақынның бүлдіршіндерге рухани азық беруге өз үлесін қосуға мүмкіндік тудырды, творчестволық ізденісіне жол ашты.

Ақынның алғашқы сыншылары – бауырлары. Бүлдіршіндерге дегенінің бәрін солар үшін жазған, алғашқы нұсқаларын соларға тыңдатқан, мектепке барған соң соларға оқытқан, соларға сынатқан, жаттай алмаса, не ұқпаса, солардың ыңғайына қарай өңдеген, қысқартқан. Кәдеге жарамағандарын лақтырған

Ақын әр жастағы баланың ақыл-ой тұрғысынан қабылдағыш қабілетін, белгілі бір өлеңге лайық түр қандай болуын бауырлары мен балаларының қылығына қарап зерттеп үйренгендігін айтады. Балабақша бөбектерімен, мектеп оқушыларымен кездесулер, ата-аналар комитетіндегі мүшелік – осының бәрінің шарапаты ақын қаламына тиген.

Қырық жыл бойы балалар басылымдарында қызметте болу – Мұзафар ақынды балаларға арнап шығарма жазуға итермеледі. «Балдырған» журналын 28 жылдан астам уақыт басқарған. Көп жылғы балалар әдебиетіне еткен еңбек М.Әлімбаевты балалар поэзиясының бірден-бір жасаушысы, классигі қатарына көтерді. Оның балажан жүрегі сәбилерге арнап талай-талай тілге орамды, оқуға жеңіл, ойнақы жырларды тудырды. Мұзафар – тумысынан дерлік ұстаз, тәлімгер, қаламгер. Ол өзі мұғалімнің баласы, кішкентайынан бала оқытуды армандап, педучилище бітірген, қолында бастауыш мектеп мұғалімінің аттестаты бар.

Ақын шығармашылығы жанрлық жағынан бай. Әркімнің дарын қуаты, бейімі әр қилы. Біреу бейімін белгілі бір жанрдан іздеп, жанрға маманданса, екінші біреу өзін бар жанрға баулып, мәпелеп жүргені. Мұзағар осының соңғысына жататын қаламгер. Ақын шығармаларында өлең, тақпақ, ертегі, өлең-ойын, санамақ, синоним сөздер, өтірік өлең, айтыс, мазақтама, ән өлеңдері, жұмбақ, лотогрифтер, қарама-қарсы қызық сөздер, адас атаулар, метограммалар, шарадалар, жаңылтпаштар және т.б. «ішкі жанр» үлгілері ұшырасады. Мұның өзі ақынның ізденіс аясын, білім өресін аңғартатынына дәлел болса керек. Сол мол жанрлық үлгіні танытатын өлеңдерден шынайы балалар ақынының кішкентай оқушы танымының қабылдау мүмкіндігіне саналы бейімделуін байқаймыз. Өлеңдер мейлінше қарапайым, бірақ, ойлы, мақсатты, тәрбиелік нысанасы айқын. Әр сатыдағы оқушылардың жас мөлшеріне сай лексиконды таңдап ала отырып, қандай күрделі ойды да аз буынға сыйғыза айтып бере білу де осы бейімделудің көрінісі. Мысалы, «Мұнар басқан күз, Сарғыш тартқан

түз», «Ауладағы мұз, Ауадағы сыз», «Қамбадағы дән, Тандырдағы нан», «Күз нышандары» деген атпен берілген, небәрі екі жолдан тұратын өлеңдер барынша қарапайым бола тұра, ең кішкентай оқушының өзіне табиғат маусымының негізгі белгілерін сурет қарекеттерін нақты жеткізіп береді.

Шығармашылықтың тағы бір қайнар көзі – халық арасындағы аңыз-әңгімелер, әзіл-оспақтар, ертегі, хикаялар. Ақынның бірсыпыра шығармалары халықтық ертегі, аңыздардан алынған. Мысалы, «Мейман», «Жақсыбай батыр мен Елпекбай», «Аштың аңы жүрмейді», «Сараң», «Көк сиырды көтерген келіншек», «Бүркіт пен жапалақ» сияқты туындыларын атауға болады. Халық творчествосына еліктеп шығарған аңыздарының қатарына «Шөже мен Алшынбай», «Еріншектер елінің Ертеңбайы», «Қос керуен», «Күлдіргілер», «Кім ұтылды, кім ұтты» т.б.

Танымдық мәні бар нәрселерді кішкентайларға поэзиялық шығарма арқылы ұсынған жемістің пайдасы бар. Ол үшін ақын-жазушы аса білімдар, жан-жқты хабары бар адам болуы керек. Ақын ғылыми-көпшілік кітаптарға, оқымыстылар еңбегіне үңілгенді ұнатады. Солардан өлеңге нәр табады. М.Әлімбаевтың өлең-жырларының басты тақырыптары – еңбексүйгіштік, білім құмарлық, қаһарман ата-бабалар жолын ардақтау, солардың ерліктеріне еліктеу, Отанды сүю, оны қорғауға әзір болу, жер жүзі халықтарын, еңбекші балаларын бауыр тұту. Ақын ауыз әдебиетімен тілі шыға танысқан деуге болады. Анасы Зейнеп халық өлеңдерін құлағына ерте құйған. «Солардың пайдасын мен күні бүгінге дейін көріп жүрмін. Мысалы, өтірік өлеңдерді, жұмбақ-жаңылтпаштарды халықтық нұсқалардан үйрене отырып жаздым» дейді ақын.

Мұзафар Әлімбаев поэтикасының үш тағанды тірегі іспетті «Естай-Хорлан» ғашықнамасы, «Ту тіккен» және «Құрыш қазақ» ерлік – қаһармандық дастандары дүниеге келген тұсында қазақ поэзиясының ортақ жаңалық-жеңісі болды.

«...Нақтылық, ойлылық, жинақылық — Мұзафар өлеңдерінің ең басты қасиеттерінің бірі.

Мұзафар — біздің із-өкшемізді басып келе жатқандардың ішіндегі ең бір ірі ақын. Оның өзіндік беті бар, қолтаңбасы бар. Әрбір өлеңін жарыққа шығарарда әрбір сөзі үшін күресетін, өзіне-өзі сыншылық жасайтын сарабдал ақын.

Лирик ақын Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінен заманның эпикалық зор тынысы, мол құлашы сезіледі» — дейді Сырбай Мәуленов. Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қорыта айтқанда М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ — олақ», «Шынықсаң — шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал — мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал — сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз — ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын — зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
2. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
3. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
4. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егем. Қазақстан.-1998.-7 қараша.- Б.4
5. Қыдырбеков Ғ. Сарабал сөз сардары. — Егем. Қазақстан.-1993.-29 қазан.- Б.5
6. Әлімбаев М. Айтары барды аузынан қақпас болар: [Жазушымен сұхбат. Әңг. Н.Жұмаханұлы] // Қазақ әдебиеті.-2001.- 23 наурыз.- 7 б.
7. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан.-1993.-25 мамыр.- Б.8
8. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық.- Алматы: Жазушы.-367 б.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Муханова З.К.

Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Бабатай негізгі орта мектебінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі кезеңде педагогика ғылыми әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында дамып келеді. Бұл өзгерістердің нәтижесі білімдік реформалардың табысты дамуына байланысты.

Қазақстан Республикасының егемендік алып, төл тілінің мемлекеттік тіл болып, тарихымызды қайта зерделеп, ондағы рухани қазыналарымыздың елеп-екшеп, бүгінгі жастар тәрбиесінің кәдесіне жарату және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлғалардың еңбектеріне талдау жасау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Өткен ғасырлардың 20-30-шы жылдары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев негізін салған қазақтың тәлім-тәрбиелік ілімі егемендігі мен тәуелсіздігін алған Қазақстанды дамудың жаңа белесіне көтерді. Ш.Уалиханов мектептің ғылыми негізде құрылып, онда халықтың жаппай білім алуын армандаса, Ы.Алтынсарин қазақша мектеп ашып, өзінің «Қазақ хрестоматиясы» деген еңбегі бойынша балаларға білім беріп, оларды оқыту тәсілдері туралы құнды пікірлер айтса, А.Құнанбаев поэзиясында дүниенің кілті оқу, білім екендігін, оған құмарлану қажеттігін, сондай-ақ білім алуға зиянды нәрселерді атап, «Халық-ғажап тәлімгер» Қазақ халқының мақал-мәтелдері мен қара өлеңдеріндегі халықтық қағидалар мен Абай поэзиясындағы азаматтық, ағартушылық тағылымдар зерделенген. «Ақылың болса, ақылға ер, ақылың болмаса, нақылға ер» деген қазақ халқының ата-анаға сөз тастауынан да көп нәрсені аңғаруға болады. Осы ойды ақын былай жеткізеді: «Баулысаң ғана батыр, баулымасаң пақыр».

Жиған-тергенін оқырманға да үйретіп, өзі де сол халықтан үйренді. М.Әлімбаев халық мұрасын ерінбей жинаушы және оған өз жанынан үлес қосушы ғана емес, фольклорлық шығармаларды жан-жақты терең зерттеп, пікір айтушы ғалым да. Оған жазушының «Көңіл күнделігі», «Абайды қайталап оқығанда» деген эсселері мен тіл тазалығы, ұлт мәдениетінің проблемалары төңірегінде жазған мақалалары, 1994 жылы «Рауан» баспасынан шыққан «Халық – ғажап тәлімгер» атты педагогикалық ой-түйіні, халық педагогикасының қыры мен сыры туралы тебірене жазған ғылыми еңбектері куә [1].

М.Әлімбаев фольклорлық шығармаларды шығарушылар мен оны біздің дәуірімізге жеткізушілер туралы да өзіндік ой-пікірлер білдірген. Мысалы, ол термешілер мен жыршыларға халықтық қазынаны насихаттаушылар, жыршылар деп қараса, құйма құлақ қарияларды мақал-мәтел, аңыз-әңгімелерді көп білетін халықтық қазынаны сақтаушылар деп

санайды. «Осындай айтқыштар азайып барады», «Аға буын өкілдері кәрі адамның тісіндей сиреп барады, қара жерге қайтпас сапар шеккен қариялардың ішінде қанша қазына бірге көшіп, бірге өшіп жатыр» деп өкініш білдіреді. «Надандықтан қашан арыламыз? Халықта барды, бұрынғылардың асылдарын жинап, табуды, бағалауды қашан үйренеміз» деп қынжылды.

М.Әлімбаевтың фольклорды зерттеудегі тағы бір ерекшелігі – қазақтың мақал-мәтел, қара өлеңдеріндегі афоризм сөз тіркестерін көрші орыс, өзбек, татар, қырғыз, моңғол тілдеріндей ұқсас сөз тіркестерімен салыстыра зерттеп қарастыруында. Мысалы, «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деген Абайдың афоризм сөзінің моңғол тілінде де бар екенін, олардың «талант», «дарын» дегенді «билиг» дейтінін дәлелдейді. Немесе Сократтың «Кого не бьет слово, того не будет бить и палка» деген сөзінің қазақтың «Таяқ еттен өтер, сөз сүйектен өтер» деген мақалына мағынасы жақын екенін айтады. Сондай-ақ орыстың «С кем венчаться, с тем и кончатся» дейтін мақалына қазақтың «Кіммен қарайсаң, сонымен ағарасың» деген мақалымен мазмұн жағынан өте жақын екенін сөз етеді.

Мұзафар Әлімбаев қазақтың бата-тілек өлеңдеріне талдау жасай келе, «Қарашай халқының фольклорында бата-өлең поэзия жанрының бір түрі болып саналады» дейді. Міне, бұлар әр халықтың фольклорлық шығармаларын салыстыра зерттеу ұлттық мәдениеттің сабақтастығын, оның экономикалық және мәдени-әлеуметтік жағдайларымен байланысты көрші елдердің бір-біріне әсер етуінен болатынын аша түсетін фактілер. М.Әлімбаевтың «Халық – ғажап тәлімгер» деген осы көпжылдық ғылыми-зерттеу еңбегіне сүйене отырып, қазақ халқының мақал-мәтелдері мен қара өлеңдеріндегі халықтық қағидалармен ұлы ақын Абай поэзиясындағы азаматтық, ағартушылық тағылымдар хақында арнайы сөз қозғап, сол еңбекке жеке тоқталып талдау жасауды қажет деп таптық.

Автор халық тағылымдарының фольклорлық шығармалардан, этнографиялық материалдардан, ұлттық салт-дәстүр мен ойын түрлерінен өзекті орын алу себебін аша келіп, оның халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты өрбіп, бала тәрбиелеудегі педагогикалық мақсат-мүддеден туындайтынын жақсы ашып көрсеткен. «Ұл он беске келгенде, қолға ұстаған қобызың, Ұл он бестен асқан соң, тіл алмаса, доңызың», – деген мақал-мәтелдерді талдай отырып, бала тәрбиесі ата-ананың өзіне байланысты екенін, дұрыс тәлім-тәрбие бере білген ата-ана оны бабына келтіріп, қолға ұстаған музыкалық аспаптай сайрата білетінін, ал дұрыс тәрбие бермесе, баланы бұзып алып, кейін опық жейтінін ескертеді. Бұл пікір ойшыл ұлы педагогтардың «тәрбиеде үлкен мән-мағына жатыр. Оны елін сүйер нағыз ер ету де, қолынан ештеңе келмес езу де тәрбиеге байланысты» деген ұлағатты өсиеттерімен ұштастырады.

Қазақ халқының ежелден ұл тәрбиесі мен қыз тәрбиесін бөліп қарауы, бала тәрбиесіндегі отбасының, жолдас-жораның рөлі де автордың назарынан тыс қалмаған. Мұзағаң көп бала тәрбиелеп, шынайы ұстаз бола білген ата-аналардың өмір тәжірибесінен орынды мысалдар келтіре отырып, ойын тиянақтап түйе білген.

Бір өкініштісі, бүгінгі күнге дейін отбасы үлкендерінің баланы 40-қа келгенше бала деп өбектеп қарап, шырылдап бәйек болатыны немесе «Айттым – бітті, кестім – үзілді» деп өктем сөйлеп, өз сөзін үкім ретінде қолданатын ата-аналардың да бар екені белгілі.

Автор бұл жерде бала тәрбиесі бақ ағашын күтуші бағбан ісімен пара-пар екенін айта келе, халқымыздың «баланы беске дейін патшандай қара, он беске дейін көмекшіңдей сана, он бестен асқан соң ақылшы, досым деп қара» деген ұлағатты өсиетін естен шығармау керектігін орынды еске салады.

«Тәрбиенің тілден басталатыны», «Мақал – сөздің мұнарасы» екені, көсем сөзді көпшіліктің сары алтындай сақтауы, сөз бастаған шешенді қол бастаған көсемнен кем бағаламауы, білім мен өнердің оқу, тоқу, талпыну арқылы келетіні, «Білімсіз бүлдіреді, ата-анасын күйдіреді», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Оқу шала естіні бүтін етеді, ал бүтін естіні дана етеді», «Жастықта алған білімің – қарттықтағы мүлігің», «Білім алмай, болдым деме, еңбек етпей, толдым деме», «Білімге өміріңді байла» деген халық қағидаларын ұсына отырып, білім мен тәрбиенің ордасы мектеп, ал білімгер ұлы тұлға – ұстаз екені, халықтың осы ойды «Ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады», «Өнегесіз өсу жоқ,

ұстазға қояр талап көп» дей келе, халықтың ұстаз бойынан білімділік, әділдік, талап қойғыштық, ұстамдылық сияқты қасиеттердің үнемі көрінуін қалайтынын жазады[2].

Қорытындылай келе, ол қазақ әдебиетінде өшпейтін із қалдырған ақын-жазушылардың маңдай алдысы, балалар әдебиетінің қара нары. Мұзафар Айтмағамбетұлы балалар әдебиетінің дамуына тың серпін беріп, зор үлес қосқан талантты ақын, шебер жазушы.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/ Бас ред. Ә.Нысанбаев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 720 б.

2. Әлімбаев М. Екі тақтай – бір көпір: Өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертеңдер. – Алматы: Балауса, 1992. – 192 б.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ «ҮЛКЕНДЕРДЕН ҮЙРЕНІП» ЖИНАҒЫ: ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Алтаева З.Ж.

Қ. Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мұзафар Әлімбаев – халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, аса көрнекті ақын, қоғам қайраткері ретінде қазақ әдебиеті мен руханияты, балалар әдебиетінің өркендеуіне айрықша үлес қосқан қаламгердің бірі әрі бірегейі. Ақын алғашқы өлеңін 15 жасында жазады, тырнақалды туындысы облыстық «Қызыл ту» газетінде басылады, осыдан кейін ақынның ұзақ та жемісті шығармашылық жолы басталады. Балалар әдебиетінің дамуына тың серпін беріп, зор үлес қосқан талантты ақын, шебер жазушы әдеби ортада «бала жанының бағбаны» ретінде танылады. Ақын қаламынан туған жырлар әндерге арқау болып, жүз сексенге жуық өлеңі әнге айналады.

Қазақ әдебиетінің алтын қорын «Қарағанды жырлары», «Жұмбақтар», «Лирика», «Алатау баурайында», «Менің Қазақстаным», «Таңдамалылар», «Шынықсаң, шымыр боласың», «Жолдар – жырлар», «Жүрек лүпілі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына», «Көңіл күні», «Балдәурен шіркін, балалық», «Тәрбие туралы әңгімелер», «Ер еңбегі – айнасы», «Қалам қайраты», «Көңіл күнделігінен», «Маржан сөз», «Ақмаңдайлым», «Аянның алақаны», «Сүймеген жүрек семеді», «Өмір. Өнер. Өнерпаз», «Екі тақтай бір көпір», «Нақылдар кітабы», «Аулақ бол жаман әдеттен», «Хат», «Нақылнама», «Көп томдық шығармалар жинағы», «Балдәурен», т.б. кітаптарымен толықтырған. Ал ел арасына кеңінен тараған қанатты сөздері жас ұрпақты зерделі болуға, зеректікке баулиды. Ақын өзінің мақсат-міндетін «Көңіл күнделігі» эсселер жинағында былай сабақтайды: «Мен үндеспей, үндемей отыра алмаймын. Мен ақ қағазбен тілдесемін. Тоқырау, тоқтау – ой үшін өлім! Өзімді өзім өз еркіммен қалай өлтіремін?!» [1,3]. Расында, ақынның жас буынның көкірегіне сәуле құяр әдеби мұрасы орасан. Мұзафар Әлімбаев халық ауыз әдебиетінің бай мұрасы – мақал-мәтелдерді жинаған, «666 мақал мен мәтел», «Мақал – сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына» жинақтары мен зерттеулері бар. Халқымыздың өршіл де отты ақыны Қасым Аманжоловтың «Мұзафар – қазақ мақалының маршалы» деген пікірі ақынның табанды еңбегіне берілген оң баға болар.

Қазақ балалар әдебиетінің дамуына айрықша еңбек сіңірген көрнекті ақынның әр жылдары жазылған тәлім-тәрбиелік тақпақтары мен танымдық өлеңдері қазіргі қазақ қоғамына, жас ұрпақ тәрбиесіне ауадай қажет. Мұзафар Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің дамуы, тіл тазалығы, өлең-өнер парқы жөнінде тынбай қалам тарта отырып, жас ұрпақтың тәрбиесін назарынан тыс қалдырмаған. Оны ақынның жастарды адамгершілікке, қайырымдылыққа, адал мен арамды айыра білуге, кішіпейілділікке, көркем мінез бен инабаттылыққа, өсек-өтірік айтпау, уәдеде тұру, сараң да, ысырапқор да болмау, ата-анаға кіршіксіз мейірімді болу, рухани және ар-ұждан тазалығы, өзара татулық, сыйластық, үлкенге

құрмет, кішіге ізет, Отан алдындағы парыз, отбасымыздағы шынайы қарым-қатынас, жауапкершілік, қоршаған ортаны аялауға баулитын, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін өнегелі сөздерінен көре аламыз.

Ғалым Шеген Ахметов қазақ отбасының бала тәрбиесіне арналған сегіз ұстанымын көрсетеді. Ғалым: «Қазақ отбасында тәрбие ісі, негізінен, басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған: – тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, алдымен әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған; – мейірімді болуға тәрбиелеген; – тілалғыш елгезек бол деп үйреткен, бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын; – адалдық пен шындыққа баулуды көздеген; – білгір бол, ұстаз бен ғалымның көпті көрген қарияның сөзін тыңда, құймақұлақ бол дегенді бойларына сіңірген; – үлкенді, ата-ананы сыйлауды басты міндет етіп қойған; – кісінің айыбын бетіне баспа, қаріп-қасерлердің табиғи кемістігін көрсетпе деген; – ел қорғаған батыр бол, бар өнеріңді соған жұмса деген», – дейді [2]. Қазақ отбасында дәріптелген сегіз ұстаным Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арналған шығармаларында айрықша көрініс табады. Осы орайда ақынның «Үлкендерден үйреніп» жинағына тоқтала кетейік. «Үлкендерден үйреніп» жинағы тақпақтар мен танымдық өлеңдерден, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштардан тұрады.

Жинақтағы «Аруақты ата-бабалар» бөлімінде қазақтың марғасқа ұлдарының өнегелі істері мен бейнелерін суреттейді. Өнет баба, Біржан сал, Мұхамед Хайдар Дулати, Асан қайғы, Хан Абылай, Батыр жырау Нысанбай, Баян батыр, Салқам Жәңгір хан, Мұстафа Шоқай, Еңсегей бойлы ер Есім, Төле би, Райымбек батыр, Сегіз сері, Баубек Бұлқышев, Науан батыр – Наурызбай, Әбу Насыр әл-Фараби, Қаракерей Қабанбай батыр, Үмбетей жырау, Тарақты Байқозы батыр, Шөже ақын, Бәсентиін Малайсары батыр, Құрманғазы, Жаяу Мұса, Ақтанберді, Қара бура ата, Бөлтірік шешен, Ахмет Байтұрсынов, Ағыбай батыр, әнші-ақын Ыбырай, Әлихан Бөкейханов, Бопай апай мыңбасы, Күләш Байсейіт келіні, Жүсіпбек Аймауытов, академик Әлкей Марғұлан, әнші Майра, Әміре, Кенен, суретші Әбілхан Қастеев, Айғаным әже, Нұрғиса Тілендіұлы, Шәмші, Қашаған ақын, әнші Қайрат Байбосынов секілді қазақтың дара тұлғалы азаматтарының бейнесін өлең өрнектерімен әсемдеп, оқырманына ұсынады. Ақын өлкеміздің мақтанышына айналған тұлғалар туралы оқушылардың, жастардың білімдерін кеңейтуді, туған өлкенің бірегей тарихы, мәдениетіне деген құрмет сезімдерін қалыптастыруды көздейді.

Ақын шығармашылығында туған жер тақырыбы айрықша жырланады. Туған жер тақырыбының мақсаты да – ұрпақты елжандылыққа, отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу, жердің аты арқылы елдің тарихын жас ұрпақ санасына сіңіру. «Үлкендерден үйреніп» жинағындағы келесі бөлім «Атамекен аяулы» деп аталады. Ақын бұл өлеңдер топтамасында Қаратау, Алатау, Түркістан, Отырар, Ертіс өзені, Қордай асуы, Айыртау, Баянауыл, Семей, Қарағанды, Көкшетау, Тараз, Жасыбай көлі, Алакөл, Ереймен, Торайғыр көлі, Жалаулы көлі, Мыңбұлақ, Нарынқол, Тарбағатай тауы, Дегерес тауы, Мақтаарал, Ойыл ауданы, Таңсық өзені, Маралды көлі, Есіл өзені, Жоңғар қақпасы, Хантау, Тамғалытас, Сырдария, Ақмешіт, Алтай тауы, Ақкөл, Ай өзені, Аңырақай, Алтынемел, Шәуілдір, Мыңарал, Арыстан өзені, Балқаш көлі, Жем өзені, Қапшағай, Іле өзені, Бақанас, Аршалы өзені, Абай жайлауы, Шөмішкөл, Толқын көл секілді жер-су атауларын әсем де әдемі тақпаққа айналдырған. Әрине, бұл өлеңдер бала танымын кеңейтіп, білім алушылардың бойында патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үйретеді.

«Атыңның затын анықта» өлеңдер топтамасы қазақ халқының атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ізгі дәстүрі «ат қою» салтымен ұштасады. Қазақ халқы сәбиге ат қоюға ерекше мән берген. Осы ат қою дәстүрінен халықтың наным-түсінігін, салт-санасын, арман-мүддесін, эстетикалық талғамын анық байқаймыз. Қазір заман талабына сай, есім таңдау реті өзгерген, ал ақын өз шумақтарында Ақат, Ақбар, Айни, Ашраф, Әдина, Әктам, Әди, Әнуар, Бибі, Бану, Бабыр, Білге, Ғайникамал, Ғинаят, Дияр, Данай, Дат, Елдар, Жәми, Захид, Иса, Ибадат, Иззат, Мұхлис, Ләшкер, Латиф, Мархаба, Мағаз, Рухия, Осман, Рауза,

Сапия, Сағадат, София, Санжар, Саят, Уақит, Фархат, Фуат, Халид, тағы басқа кісі есімдерінің мағынасын ашып, мәнісін түсіндіреді [3,25].

Бала бойында ұлттық мінезді қалыптастыруда ерекше ықпал ететін фактордың бірі – ұлттық тіл жүйесі, ана тілі, қазақ тілі. Ақын өз өлеңдері арқылы оқырманын сөз әдебін сақтауға, ана тілін қадірлеуге шақырады. «Мұндай сөздерді білесің бе?» бөлімінде сирек қолданылатын сөздердің мән-мағынасына барлау жасайды. Мына өлең шумақтарын қарап көрелік:

Тірнекті кім үркітті,
Тас атқылап азаптап?!
Екі жасар бүркітті,
Тірнек дейді қазақта [3,98] немесе
Аңға салсаң тым мықты:
Көктүбіттен көпті күт..

Алты жасар бүркітті, - дейді қазақ көктүбіт [3,102]. Бұл баланың танымын, қызығушылығын арттырып, сөз сырын ұғына түсуге көмектеседі. Ал ақын сирек кездесетін сөздер қатарын мына сөздермен толықтыра түседі: қызау, жайлауыш, можа, шеген, шиқасық, көбе, будам, желкөз, тасжарған, шұрай, сытық, шүкөйт, торкөз, қасаға, керсен, үгіндірік, керуіш, мөлтеш, жұрын, бәдіз, ұнғырау, кежім, шыпта, селбі, тесе, сөнде, жөлек, берек, жаутан, сақетер, далақ, шөбелек, желғабыз, тағы басқа.

Ал «Өсімдік атаулары» өлеңі тіптен ерекше.

Шатастырып жатады,
Көрмегендер білмей ме?!
Өсімдіктер атауы –
Кілең сурет, кіл бейне!
Арғы аталар бәрін де,
Аңғарымпаз, байқауық:
Түрін, түсін, әрін де
Біліп айтқан дәл тауып!
Жадына тұт жақсылап:
«Бота табан», «Ақбілек»,
«Аққылтан» мен «Ақшуақ»,
«Күншааш», «Итшу», «Ақ жүрек»,
«Биеемшек» пен «Балакөз»,
«Қозы құлақ», «Тарғақ бас»,
«Тарлан тұяқ», «Тана көз»...

Жұртты қалай таңдантипас?! – деп өсімдік атауларын оқырманына таныстырады [3,103].

«Мәндес сөздер» бөлімі әрбір қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі үшін таптырмас құрал, ресурс саналады. Қазақ тілі пәніндегі «Синоним» тақырыбы аясында білім алушыларға тапсырма ретінде ұсынуға өте ыңғайлы дидактикалық құрал әрі баланың сөздік қорының аясын кеңейтеді.

Балалардың ой-қиялын шарықтатып, эстетикалық сезімдерін шындай түсетін фольклорлық шығармалардың бір саласы – ертегілер. Балалар тұрмыс-салт ертегілерін естігенде, дүниенің неше алуан қырлары мен сырларын түсінеді әрі дүниені танып біледі. Ақынның әдеби мұрасында ұйқасқа құрылған ертегілер жиі кездеседі. Монғол халық ертегісінің желісімен «Ит қалай дос іздеді?», қырғыз ертегісінің желісімен «Түлкі мен құмырсқа», армян ертегісі бойынша «Жылан мен балық», тәжік ертегісі аясында «Жолбарыс пен түлкі», «Қожанасыр мергендігі», «Хан қызы» аңыз-ертегісі балаларды адамгершілік пен мейірімге тәрбиелейді.

Мұзафар Әлімбаев поэзиясындағы халық ауыз әдебиетінің жанрлары бойынша жазылған өтірік өлеңдер, жаңылтпаш пен жұмбақтар, мақал-мәтелдердің де бала тәрбиесінде атқарар қызметі зор. Бұл ұсақ жанрлар баланың ұғымын, түсінігін, дүниетанымын кеңейтуде, ойын дамытуда, оларды жақсы, үлгілі істерге баулуда маңызды рөл атқарады.

Ата-бабамыздың асыл қасиеттерін үйреніп, үлгі алу, еңбекке деген ынтасын арттыру, ұлттық салт-сана, дәстүрге деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу, жан-жануарларға ерекше ықыласпен қарап, қамқорлыққа алуға түрткі болу, ұлттық құндылықтарды дәріштеп, жас ұрпақтың таным-түсінігіне лайықтап, жеткізе білу – нағыз шебердің ісі. Осындай шебердің рухани-әдеби мұрасын мектеп бағдарламасына, жаңартылған білім беру үдерісіне үздіксіз енгізіп, жас ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданып, насихаттау парасатты жастар толқынын қалыптастырудың маңызды өлшемі болмақ. Ел тәуелсіздігі мен азаттығын сақтайтын, ұлт дербестігін дамытатын ұрпақ қалыптастыруда Мұзафар Әлімбаевтың ұлттық нақышта өрілген әдеби мұрасының маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. Көңіл күнделігі: Эсселер. – Алматы: Жалын, 1996. –288 б.
2. Қазақтың ой-пікір антологиясы. (Құрастырғандар: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев). Алматы: Рауан, 1998.
3. Әлімбаев М. Үлкендерден үйреніп. – Алматы: «Атамұра», 2006. –304 б.
4. «Атамекен» тәрбие бағдарламасының тәуелсіздік бастауында білім мекемелерінде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы этнопедагогикалық, этнопсихологиялық ықпалы» II халықаралық педагогикалық оқуының жинағы. – Алматы, 2021. –210 б.

ТІЛ КӨРКЕМДІГІ – ОЙ КӨРКЕМДІГІНІҢ КӨРІНІСІ (Мұзафар Әлімбаев шығармаларындағы тіл көркемдігі)

Габдуллина Г.Г.

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы
Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Көркем шығармаға көрік беретін- ақындық ой сезімнің таңдауы, көркемділігі. Белгілі бір дәуірдегі әдебиет дамуының ерекшеліктерінен бастап әр түрлі әдеби бағыттар мен әдістердің ерекшеліктері, жеке қаламгерлер шығармаларына тән ерекшеліктері жеке қаламгердің жазу ерекшеліктерімен байланыстырады. Әрбір әдеби шығарма оқырманға оны жазған автордың шығармашылық ерекшеліктерін танытады. Оны тілден де, тақырып пен идеядан да, образ жасау тәсілінен де аңғаруға болады. Шыңдалған суреткерлік шеберлік керек. Даралығы әр қаламгердің көркем тіл ерекшелігінен айқын байқалады.

Мұзафар Әлімбаев поэзиясы тіліндегі көркемдеуіш құралдардың әр түрлілігі мен байлығы, ерекше қасиеті айрықша назар аударады.

«Жазушының өмірді қай дәрежеде кең қамти алғандығы, ол жасаған образдардың қандай мөлшерде беріліп, кең көлемді болып шыққандығы жазушы талантына өлшем болады» [1, 106-б].

Өлеңдегі әрбір айқындаудың атқарар қызметін ақын атаулы өздері де ондаған жылдар бойында қыруар тәжірибе жинай келе, шеберлігін шындай келе ғана бағалайды.

Кейде бір айқындау бүкіл бір өлеңнің тағдырын шешуі мүмкін. Мысалы, «Бүгінгі қазақ толғауы» атты туындысын алайық:

Өспесін ұлың өгей, қызың өгей,
Баянсыз ғұмыр қысқа-ұзын демей,
Тән кіндік кесілсе де туған сәтте,
Жан кіндік туған жерден үзілмегей [3, 553-б].

«Жан» эпитеті осы шумакқа жан бітіріп тұр.

Балаларға арналған өлеңде эпитеттің азырақ болғандығы дұрыс, алайда орнымен қолданылған шығарма мазмұнынан табиғи түрде өрбитін көркем ойдың көрікті қабатына

айналған эпитетің қажет екендігі белгілі. Ұтымды қолданылған эпитеттердің мәтінге жан бітіріп көріктендіре әсерлендіре түсері сөзсіз:

Қара суық жел есті,
Күннің көзі көмескі.

...Аққу мамық ұлпа қар
Жамылады қырқалар [3, 440-б].

Немесе:

Көпіршігіндей сабынның
Үлбірек ұлпа көбік қар [4,445-б].

Үзінділердегі қара суық жел, аққу мамық ұлпа қар, үлбірек ұлпа көбік қар тіркестеріндегі эпитеттер өлең мәтініне көркемдік бейнелілік дарытып тұр. Әлсіз желпіп өтетін жел емес, өңменіннен өтетін қара суық жел, жай ғана қар емес, аққу мамық ұлпа қар, үлбірек ұлпа көбік қар деген эпитетті тіркестің қайсысын алсақ, та қызыға оқимыз. «Ұлпа қар» деген эпитетті тіркестің өзі «үлпілдеген аппақ, жұп-жұмсақ, жапалақ қар» деген ұғымды білдіріп тұр, ал оның алдынан аққу мамық эпитеттері тіркескен соң, сол мағынаны тереңдетіп, көріктендіріп, әсерлендіре түседі. Сол сияқты көбік қар тіркесі «жаңа жауған, әлі жел қағып қатпаған бос қар» дегенді білдірсе, оған үлбірек, ұлпа анықтауыштары қосылып, көз алдымызға үлбіреп, ұлпалап, жапалақтап жауып тұрған қарды елестетеді. Әрине, дарынды ақын қаламынан туған тартымды эпитетті тіркестер сырлы суретке айналып оқырмандарын эстетикалық ләззатқа бөлейді.

Ақын келесі бір өлеңінде:

Кім кепіл опасыз жыл озбасына, Кім кепіл алтын қалам тозбасына?

Зарығып зар илеген отандасым,
Сендердің біз тұншықтық көз жасыңа» [4,553-б].

Баянсыз уақыт, тұрлаусыз мезгіл деген сияқты үйреншікті тіркестерден бойды аулаққа салып, ақын М.Әлімбаев жаңа тіркес тудырып, тың көркем де әсерлі айқындау тапқан.

«Поэзияның көркемдік құрылысында ойды образды жеткізуде айқындаудың мәні ерекше елеулі. Айқындау сөз айқындалушы мүшенің маңызын, сыр-сипатын, ерекшелігін анағұрлым тереңірек баяндайды» [1, 376].

Ақындық шеберліктің деңгейін танытатын бір тетік — теңеулердің дәлдігі мен молдығы, шығарма шырайын кіргізудегі қызметі. «Теңеу құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі» [1, 198-б].

Тағдырдың қасарысып бағуын-ай,
Адымым аш қарғаның адымындай.
Қайыңның отқа түскен қабығындай
Бүрісіп арманымның жануын-ай [2, 234-б].

Екінші және үшінші жолдардағы теңеу мен соңғы жолдағы ұқсатудың әсерлілігі күшті. Тағдыр тәлкегіне ұшырап, бақталайдан мақұрым қалған пенденің зары аянышты-ақ...

Енді ақынның ана тілі туралы өлеңіндегі теңеулерге көз жіберейік:

Таудағы тас бұлақтың мөлдіріндей,
Даламның кызыл-жасыл өндіріндей,
Бәйек боп бауырына алған бөбек жанын Анамның мейірбанды көңіліндей.

Күйіндей тәтті толқын Тәттібеттің,
Талындай он өрілген тал жібектің,

Гауһардың от шарпыған ұшқынындай, _Өлшеусіз кендігіндей жер мен көктің, Аяулы, абыройлы ана тілім!

Кетіпті ғазиз анам сені сыйлап
Жыр болып көкірегімде жанатұғын [3, 208-б].

Өлеңде теңеу дегеніміз тұнып тұр. Сындарлы ойдан, сырғалы сезімнен, эмоционалды толғаныстан туған сөздер бейнелілік және мәнерлілік жағынан бірін-бірі күшейтіп, көркейтіп тұр. Бұлар белгілі бір ақындық ойды ерекшелейді.

Автордың деген жерлесінің атынан жазылған бір өлеңі бар. Сонда почташы теңеген бір «Почташы болдым сол жылдары» шумақ сипаты мынандай:

Жүрмеймін киіз боқша бір асынбай,
Жаманат тарататын жамағатқа
Біресе сұм үрейдің ұрасындай [2, 91-б].

Сөзсіз замана куәларының, сұрапыл соғыс куәларының бірі деп бағаларлық туынды!

М.Әлімбаев лирикасынан шендестірудің небір үздік үлгілерін көруге болады. Шендестіру ақын лирикасында жаңаша және жақсы шыраймен көрінеді.

Автор қолданған шендестіру тәсілінің бір мысалы мынандай: Осы ма сайқал мінез сойқан деген Қу тағдыр кегің кетсе қайтар менен!

Тышқанмен алыстырдың арыстанды
Пырақты жарыстырдың байталменен! [2, 212-б]

Бұл өлеңде ақынның қолданған шендестіру тәсілдері өте ұтымды. «Екі нәрсе қатар, яки қарама-қарсы келгенде арасындағы айырым көзге көбірек түседі. Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде араларындағы айырмасын ашық көреміз.

Сен минутыңды қисаң маған,
Мен айларымды берейін саған.
Сен ақ сүтінді құйсаң маған,
Мен қаймағымды берейін саған!» [3, 173-б].

Бұл шумақта да шендестіруді автор шеберлікпен орынды қолданады, отанының өз перзентіне деген үлкен қамқорлығын, игі еңбектегі қайтарымын ақын осылай бейнелеген.

М.Әлімбаев поэзиясында алмастыру тәсілін де сәтті пайдаланады.

Мәселен:

Жүреді-ау кейде Аяздар жетпей бізге,
Сонан соң туралыққа беттейміз бе?!» [3, 34-б]

Автордың Аяздар деп отырған Аяз билері - әділ билер, әділ шешетін қазылардың шешімі...

Ақын Мұзафар Әлімбаев әсірелеу тәсілін өз поэзиясында жиі қолданады.

Қиялмен жандарыңнан жүрем өтіп,
Сендерге сәт тілеймін тілек етіп
Ағайын, көш қозғалды... Алдарыңнан
Құс жолын төсейінші кілем етіп [4, 558-б].

Бұл шумақтың соңғы жолдарындағы әсірелеу арқылы ақын өзінің еліне оралған отандастарына деген ниетін, ықыласын білдіреді. Көктегі құс жолын кәдімгі «кілем етіп» төсеу қолдан келмес құбылыс болса да, ыстық тілекті бейнелейді.

Мұзафар Әлімбаев поэзиясының озық үлгілері оқырманды ойға шомылдырмай, қиялын қозғамай өтпейді.

Жоғарыдағы жалғыз шумақты оқыған ұлан да, жер ортасына жеткен жетелі де, гүл бақтар-бақшалар өзінен-өзі жайқалмайтынын ескере келе, кез келген адам жер үстін жасыл орманға, хош иісті жұпарлы гүлдерге толтыруға тиіс деген ой түйері хақ.

Халық жазушысы һәм қазақтың көрнекті ақыны Мұзафар Әлімбаевтың қанатты сөздер тудырудағы еңбегін Д.Қонаевтың «Сөз маржанын ой түбінен тере білген ақын» деп жоғары бағалауы қаламгерге деген халық құрметін де аңғартқандай әсер қалдырады. «Өнердің ең алды — сөз өнері» деп саналады. «Өнер алды — қызыл тіл» деген қазақтың мақалы және бар. М.Әлімбаев сөз өнерін терең меңгерген ақын.

Расында да суретті сөз, бейнелі ой, мағыналы толғам терең дүниетанымнан, дүниені нәзік, өткір қабылдаудан, айрықша санасезімнен, толқынды көңіл-күйден туатыны анық. Ендеше, ақынның қай шығармасын алсақ та суреткерлік сыршылдығымен, оралымды тілімен, өрнекті ойларымен, көркемдегіш-суреттегіш құралдарының молдығымен көзге түседі.

Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982
2. Әлімбаев М. Таңдамалы II томдық. I т. - Алматы: Жазушы, 1983.
3. Әлімбаев М. Сүймеген жүрек семеді. - Алматы: Жазушы, 1987
4. Әлімбаев М. Шығармалар жинағы I т. - Алматы: Санат, 1997.
5. Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. - Алматы: Санат, 1997.

М.ӘЛІМБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ

Ирмикбаева Н.Ж.

Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Еліміз егемендік алғалы ұрпағымызды туған тарихын, ата салты мен ізгі дәстүрін, тілі мен ділін қадірлейтін, адамзаттық мәдениеті мен ұлттық санасы дамыған тұлға етіп қалыптастыру заман талабына, қоғам қажеттілігіне айналды. Ал ұлттық құндылықтар ұрпақ бойында қалыптасқан рухани адамгершілік қадір-қасиеттер арқылы танылады. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу – біздің, барша педагогтердің басты міндеті. Білімнің негізі бастауышта қаланатынын ескерсек, әдебиеттік оқу сабақтары мен сыныптан тыс шаралар, сынып сағаттары барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, бала бойына сіңіруде төл туындыларымыздың, ақын-жазушыларымыздың шығармаларының орны ерекше. Қазақ әдебиетінде ұлттық болмысты дәріптеп, ұлттық дүниетанымды, қазақы қасиетімізді танытып, балалар әдебиетіне өрнекті өлеңдерімен өлшеусіз үлес қосқан ақындарымыздың бірі – Мұзафар Әлімбаев.

Ақын шығармашылығы тәрбиелік мазмұнға толы. Оның балалар бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру мақсатында ел аузындағы ертегілер мен аңыздарды жинақтап, жаңғырта отырып жырлаған, халық шығармашылығы үлгісімен өз жанынан аңыз, ертегілер, күлдіргі жырлар тудырған. М.Әлімбаевтың балаларға арналған өлеңдері көлемі жағынан қысқа болғанымен, қызықты сюжетке, тартымды ойға құрылған. Ақын өз туындыларында өмірлік шағын көріністерге үлкен мән беріп, түйінді ойлар айта білген. Ақынның мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнаған өлеңдері тартымды әрі өте әсерлі.

Мысалы, 2-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінде М.Әлімбаевтың «Кемпірқосақ» өлеңі оқытылады. Өлеңде:

Көкте қызыл-жасылды
Кемпірқосақ асылды.
Мектебімнің тойдағы
Қақпасындай әдемі.
Мың құбылып жайнайды

Қызықтырып әдейі, - деген жолдардан ақынның балалық шақтың мөлдір тұнық сезімдері жөнінде ой толған, балаларды туған жердің табиғат әсемдігін тани білуге баулыса, «мектебімнің қақпасындай әдемі» тіркесі арқылы білім ордасына деген сүйіспеншіліктерін арттыруды көздейді.

Ал 3-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінде «Ана тіліне тағзым өлеңінде «Ана тілі – біздің туған анамыз!» деп тілді анамыздай ең жүрегімізге жақын, ең аялы, ардақты ұғыммен бейнелесе, «Ана тілін кім аялай білмесе, «Анасынан безген ұл!» деп қараңыз» дей отырып, сөз қадірін өз қадірінен биік қояды, осынау екі тармақтың астарына үлкен ой сыйғызады. Балаларды туған тілін қастерлеуге, ұлттық құндылығымызды аялауға шақырады.

Сондай-ақ, «Әріптер сыры» өлеңі де балаларды ұтқырлыққа тәрбиелейтін танымдық сипатқа ие.

«А» - Алтай бала дәрігер,
Аурудан сактар ол мені.
«Ә»- Әнуар өнер біледі,
Әдемі етік тігеді.

«Б» - Бауыржан сакшы – жауынгер

Батыр деп сүйген қауым ел, - деген жолдардың астарында әріпті оңай жаттау жолымен қоса, Бауыржандай ұлы тұлғаны ұрпаққа үлгі етеді.

Ақын поэзиясы негізінен мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер мен бастауыш сынып оқушыларына арналғанын атап өту керек. Мысалы, «Менің ойыншықтарым» өлеңінде:

*Ашытпайды көзіңді, Шомыла ғой, балақай!
Қарашы енді өзіңе: Аппақ болдың, алақай!
Түсті түймең үзіліп, Неге қадап алмайсың?
Тұр ғой әне ине-жіп,
Неге ұқыпты болмайсың?*

Өлең танымдық, тәрбиелік маңызға ие. «Баланы жастан» демекші, ерте жастан бала бойына тазалыққа деген сүйіспеншілікті оятып, еңбекке тәрбиелеуді мақсат тұтады. Бұлтұрғыда да халықтық құндылықтармен үйлестігі айқын көрініс табады.

Сыныптан тыс шаралар мен сынып сағаттарының мазмұнына М.Әлімбаев шығармаларын енгізудің маңыздылығы ерекше. Мысалы ақынның «Қолқа» өлеңі қазақ халқына тән «үлкенге - құрмет, кішіге - ізет» ұғымын, қарияны қадірлеу, атаға деген құрметті дәріптейді. Өлеңдегі:

Ата, үйге ерте қайт,
Бізге қызық ертегі айт.
Шаршап қайтсаң жұмыстан,

Бүгін ойлап, ертең айт, - деген жолдар арқылы ата мен әженің ертегісіне сусындап өсудің қазаққа тән ерекше құндылығын паш етеді. Сол сияқты «Шай қайнатып берейін» өлеңінен де «үлкенге - құрмет, кішіге - ізет» принципі байқалады. Апатайы Бағылаға шай қайнатып, інісі Мерейге сүт пісіріп бермекші болады. Апасына деген қамқорлығы «Шайға қанып, терлей ғой, өзінді-өзің емдей ғой» дегенінен көрінеді. Автор шағын көлемді өлеңнің аясына қазақы мінез, қазақы рух, қазақы менталитет пен қазақы тәрбиені сыйғыза жырлаған.

Ұлттық құндылықты дәріптейтін келесі бір өлеңі - «Бар қазақ балаларын қалай баққан?». Бұл өлеңінде ақын:

Осы жұрт неге айтады пайда еместі,
Қымбат қой көнермейтін қайран ескі!
Бесікте көзін ашқан күйкі болса,
Кәдімгі Қажымұқан қайдан есті?!
Тал бесік - жан жайлауы жас балаға,
Арба да, мамық төсек, баспана да.
Кіршіксіз, әрі ыңғайлы, әрі жылы,

Байқаусыз жел тиер деп жасқана ма?! – дей отырып, ұлттық жәдігеріміз – қазақтың киелі бесігін дәріптейді, бесіктің пайдасы мен артықшылығын балаларға түсінікті тілде, әсерлі етіп жырлайды. Барша адами қасиеттер бала бойына осы тал бесіктен сіңірілетінін ақын тілге тиек етеді.

Ақынның «Мойындау» атты өлеңінде:

"Аз ата" деп сөкпегін,
ағайыным көп менің...
Күйбеңдемес күні үшін
күрескердің бәрі де –
жастары да, кәрі де –

бәрі менің туысым, – дей отырып, қазаққа тән бауырмалдықтың, туыстықтың, ағайындықтың жоғары бағаланатынын балалардың санасына құяды. Адамдардың арасындағы

жақсы көру сезімін, бір-біріне деген мейірімділігін, жанашырлығын, қамқорлығын білдіретін бауырмалдық - құнды қасиет.

Келесі «Өкпелеме» атты шығармасында ақын:
"Түрсіз ғой" деп, түсіне тыжырынба, ардақтым!
Сұр шинелдің ішінде
Жүрегі бар солдаттың.
"Өңсіз ғой" деп, түсіне өкпелеме, ақылдым!
Бөз көйлектің ішінде
Жүрегі бар батырдың.
Бор жаққандай шашына өкпелеме, ақылдым
Табары бар асылдан

Мынау ақбас ақынның, – дей отырып, адамның сыр келбетіне қарап бағаламауға, ішкі жан дүниесіне, жүрегінің тазалығына үнілуге үйретеді және қазаққа тән кеңпейілдікті, адамшылық қасиетті үлгі етеді. Осылайша бала бойына қазақы мінез, қазақы қасиетті өлең арқылы дарытады.

Балалардың танымдық қасиетін, ақыл-ойын, санасын кеңейту мақсатындағы, олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жазған “Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?”, “Көкек неге “көкек” дейді?” “Тауыс неге қызыл-жасыл?”, “Қарға неге кара?”, “Алатаудың баурайында”, “Көк кілем”, “Еріншектер елінің Ертенбайы туралы” аңыз-ертегілері балаларды жалықтырмай, ұлттық құндылықтардан сусындауға жол ашады.

Осындай көлемі шағын болса да көп мағына сыйғыза білген ақынның балаларға арналған өлеңдерін күнделікті сабақ барысында, сондай-ақ сабақтан тыс шараларда балаларға оқыту арқылы түрлі ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, балалардың бойына дарыта алатынымыз, сөздік қорларының молаюына жол ашатынымыз сөзсіз. Себебі, ақынның әр туындысының түпкірінде ұлттық құндылықтарымыз бен терең тәрбиелік мән жатыр.

М.Әлімбаевтың поэзиялық шығармаларымен қатар, ел аузына кең таралған ой орамдары да әр уақыт мәнін жойған емес. Олардың көпшілігі бүгінде мақал-мәтел ретінде айтылып жүр. Автор сөз қадірін, есті сөздерді бала кезінен терең түсінген ғой. Бала кезінде Әйтiш деген бiр досы ауырып қалады. Оны бiр дәрігер дұрыстап емдей алмай, әуреге салса керек. Сонда кiшкентай Мұзафар әлгi дәрігерге ыза болып: «Ебi жоқ дәрігердiң емi жоқ» деп айтып салыпты. Бұл оның өз жанынан ойлап тапқан алғашқы нақылы екен. М.Әлімбаев - осындай ұтқыр да ұтымды мақал-мәтелдердi шығарудың нағыз шеберi. Мысалы, «Ұлтын бiлгiң келсе – ғұрпын бiл», «Кiшiлiкке жараған – кiсiлiкке де жарар», «Жақсының бәрi – жан туыс, Жаманның жаны – тар қуыс» сөздерi арқылы сыйластық, кiшiпейiлдiктi, «Түйiрдей болса да, түйiндi ойың болсын», «Масқарадан ажал да ақтап ала алмайды», «Бас иiлмесе – тiзе бүгiлмейдi», "Талант – табиғаттан, талап – өзiңнен», «Шыншыл қалам шымыр жазады», «Өтiрiктiң арбасы шындықтың көпiрiнен өте алмайды» сөздерiнде шыншылдық, адалдық, талапшылдық қасиеттердi, «Тозған сөзде – тозаң көп», «Мақал-мәтел маржан сөз, Қоса көрме арзан сөз» дей отырып, сөздiң құдiретiн, "Ерден ердiң артықтығы – бiлiгi, Елден елдiң артықтығы – бiрлiгi», «Ынтымақ елдiкке жеткiзер, Елдiк ерлiкке жеткiзер», «Аздың азаншысы болғанша, көптiң қазаншысы бол», «Жұмыла көтерген жүк жеңiл» сөздерi арқылы ынтымақ пен бiрлiктi үлгi етедi. Оқу процесiнде осындай мағынасы терең нақыл сөздер мен мақалдарды орынды қолдану бала бойындағы ұлттық рухани құндылықтардың түп қазығына айналады.

Бiрнеше ғасырлар бойы ауыздан-ауызға тарап, көшпелi өмiрдiң келбетiне айналған *бата* – қазақ салт-дәстүрiнiң iшiнде әлi күнге дейiн қолданыста жүрген дәстүрдiң бiрi. Қазақтың дуалы өлең-баталарын қайта жаңартушы және дамытушы М.Әлімбаевтың қазiргi қазақ балалар әдебиетiнiң классигi ретiнде танылуы тегiн емес. Ақынның бата-өлеңдерi «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кiтап болып басылып шыққан. Ақынның бата-өлеңдерi хақында жазушы Жанат Елшiбек: «Қашаннан сөздiң құдiретi мен қасиетiне зор мән берiп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев ықшам, тығыз, ойлы, өрнектi жазу үрдiсiнен айнымай келе жатқанына куә боламыз» деп пiкiр бiлдiредi. Демек, ақынның туындылары

халқымыздың рухани қазынасына айналып, қазақ поэзиясының құнарлы топырағына қаққан қазығына, асқар биігіне айналып үлгерген. Ақынның Наурыз мерекесіне арналған батасы:

Қарық қып құтты Наурыз,
Қазанға толсын сары уыз.
Қайнасын Наурыз көже де,
Толтырып ішкей кесеңе.
Ұлыстың ұлы күнінде,
Көппенен бірге күлімде.
Көбейсін жаңа достарың,
Молайсын елге қосқаның.
Жарасып көңіл хоштығы,
Бекісін халық достығы...

Үзіндіде ақын ұлттық мерекеміздің мәнін түсіндіріп, бата арқылы балаларды жақсылыққа, адами қасиеттерге баулиды.

Адам баласын көркем әдебиет тәрбиелейді. Алайда қазіргідей технология қарыштап дамыған заманда балаларды шығармашылыққа баулу, кітапқа оқуға қызықтыру оңай мәселе емес. Ал Мұзафар Әлімбаев сынды тума таланттың туындылары балаларды терең мазмұнымен, салиқалы мағынасымен, сазды ұйқасымен қызықтырмай қоймас. Осы орайда В.Белинскийдің сөзі ойға оралады: "...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек". Осы аталған қасиеттер ақын бойынан, шығармашылығының өне бойынан табылып отырады. Ақын шығармалары бала тәрбиелейді, бала арқылы ұлтты тәрбиелейді. Қазақхалқының қасиетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінезін, сипатын насихаттап отыратын М.Әлімбаевтай ұлтжанды азаматтың шығармаларын мектеп бағдарламасына енгізу, оқу процесінде тиімді пайдалану саналы ұрпақты тәрбиелеу құралына айналатына кәміл сенемін.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. Таңдамалы шығармалар жинағы, «Санат», 1997 ж.
2. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
3. Әлімбаев М. Айтары барды аузынан қақпас болар: [Жазушымен сұхбат. Әңгі. Н.Жұмаханұлы] // Қазақ әдебиеті.-2001.- 23 наурыз.- 7 б.
4. Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. 3 бөлімді / 1-бөлім. З. Мүфтибекова, Ә. Рысқұлбекова – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 128 бет.

ПОЭЗИЯ М.АЛИМБАЕВА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Халанская А.С.

Учитель начальных классов КГУ Приуральной КШЯДС
ЗКО, Бурлинского района

Постоянной заботой каждого народа во все времена являлось развитие молодой поросли - будущего поколения. Одним из действенных средств воспитания была избрана литература. Так тесно сплетаются корни детской литературы и народной педагогики. Свои надежды и чаяния, связанные с рождением ребенка, с познанием им окружающего мира, народ выражал в песнях.

Устная народная поэзия для детей отличается жанровым многообразием: колыбельные песни, обрядовые песни, считалки, небылицы, трудовые песни, песни-притчи, скороговорки, загадки, пословицы и поговорки.

Каждый жанр отличается своими специфическими признаками. Каждый имеет свое практическое назначение. Они рождаются для удовлетворения насущных потребностей ребенка, как правило, адресуются определенной возрастной категории, доступны восприятию детей и отвечают особенностям детской психологии.

Образцы устной народной поэзии никогда не теряют своей актуальности, их ценность непреходяща, они сохраняются в веках. И сегодня они выполняют свои функции в воспитании подрастающего поколения.

Казахская письменная литература берет свое начало со второй половины XIX века, с рождения просветительской и демократической литературы. Появляются первые образцы письменной детской литературы, развивается книгопечатание, получает распространение печатная продукция. Произведения для детей впервые письменно закрепляются на бумаге, приобретают литературную форму в учебных пособиях, составленных для первых школ, открывшихся на казахской земле. [3]

Когда-то в юности написал небольшое стихотворение, которое начиналось восклицанием «Здесь все поэты, здесь все поют!». Эта строка всегда всплывает в памяти, когда бываю в степи Прииртышья. Именно в этом песенном крае родился известный казахский поэт, пишущий одинаково талантливо и для взрослых и для детей, - Музафар Алимбаев. [2]

Окончив аульную школу, Музафар Алимбаев поступил в Павлодарское русско-казахское педагогическое училище. К тому же времени относятся его первые юношеские стихи. Восемнадцатилетним он ушел на фронт. На фронте он продолжает писать, его стихи публикуются в республиканской партийной газете «Социалистик Казахстан», в газетах Калининградского и Волховского фронтов. С конца сороковых годов Музафар Алимбаев стал профессионально заниматься литературным творчеством. Будучи студентом Казахского университета, он показал свои переводы из Пушкина взыскательному мастеру Габиту Мусрепову.

В пятидесятые годы широкое признание получают произведения Музафара Алимбаева. Творчество отмечено глубоким пониманием внутренних законов детской поэзии, мастерским их владением. Поэзия постепенно утрачивает свою агитационную направленность, в ней доминирует лирическое начало. Жизнь детей, их дела и заботы, мысли и чувства находят отражение в высок поэтическом слове.

Донести до читателя правду, будить в детях благородные мысли и чувства – основные требования к детской поэзии. Такой поэзии все доступно, все может стать ее предметом, любые проявления жизни. Важно уметь обыгрывать детали, которые могут воздействовать на ум и сознание детей, пробуждать честность, благородство, любовь к труду, чувство дружбы, уважения к человеку, учить строить добрые взаимоотношения с людьми.

Велика сила воздействия на эмоциональное и умственное развитие детей поэзии Музафара Алимбаева. Эпизоды из жизни детей, неприметные, на первый взгляд, детали, нечаянно услышанный разговор, - на этом материале строит поэт свои произведения.

*Один палец даже
Нитку не удержит.
Два пальца соединил –
Смог зацепить иголку.
Три пальца очень ловко
Заставляют бегать перо.
И умельцами оказывается десять пальцев,
Если строи мы город или дорогу.*

На примере десяти пальцев автор в занимательной и доступной для детей форме говорит о силе дружбы, единства людей. Углубляет и развивает эту мысль поэт в другом своем стихотворении:

*Один прибавить к одному,
Будет два.
И не будет страданий от одиночества и страха,
Получится твердыня.
Если соединить две руки,
Разве не получаютс я распахнутые объятия?
Два крыла в размахе
Разве под небо не взлетят?*

Большинство произведений Музафара Алимбаева адресуются детям младшего школьного возраста. Поэт обращает особое внимание на развитие речи, обогащение словарного запаса, учить сообразительности и умению мыслить. В стихотворении «Айя и Луна» поэт лукаво противопоставляет грязное лицо замарашки Айи, чье имя созвучно казахского названию луны, сияющему лику самой Луны. Чистота Луны объясняется тем, что она не катается, как некоторые, по земле, а купается в озерной воде.

Простодушие и бесхитрость детей, их неосмотрительность и забавные проделки получают художественное воплощение в стихах «Куда девался карандаш?», «А чего мне бояться?» и других. Загадки и скороговорки поэта, созданные по образцу устной народной поэзии, служат для развития умственных способностей и речевых навыков ребенка. [1]

Проблема взаимоотношений человека с окружающей средой, проблема разумного отношения к природе, к животным – одна из ключевых тем в современной детской поэзии. Научить видеть детей мир во всей его полноте, пробудить любовь ко всему животному – этой благородной цели служат многие стихи М. Алимбаева.

Творчество Музафара Алимбаева питают неиссякаемые источники народной мудрости. Отсюда его неослабевающий интерес к живому, сверкающему всеми неповторимыми красками народному слову.

Литература

1. Антология казахской десткой поэзии – Алма-Ата «Жалын» 1983.
2. Музафар Алимбаев «Кто начинает день». Писатели Казахстана – Алма-ата, «Жазушы» 1969

«СТИХИ СВОИ Я ДЕТЯМ ПОДАРИЮ...» МУЗАФАР АЛИМБАЕВ

Ничипорук Е.Н.

Учитель начальных классов
средней КГУ общеобразовательной школы №3 города Аксай

Книга остается тем видом искусства, который оперирует словом. Через книгу мы познаём окружающий мир, узнаём о добре и зле, ненависти и дружбе, смелости и трусости. Чтение закладывает в нас моральные ценности, учит сострадать и сопереживать, удивляться и радоваться.

В современных условиях жизни идет снижение читательского интереса у детей. Дети не видят и не воспринимают литературу в единстве его содержания, смысла и выразительности. Не видят все многообразие и красоту литературной речи. Дети не любят слушать и конечно же читать художественные произведения. Нет стремления выразить свое отношение к произведению, попытаться объяснить и выразить смысл его. В результате слушание, восприятие и понимание литературного текста снижено. Дети не имеют практически никакого представления о книге и ее большом значении в жизни каждого человека. А знакомиться ребенок с первыми произведениями это со сказками, на опыте героев сказок он учиться, это они остаются с ним на всю жизнь. Школьники не умеют сами составлять рассказы из-за низкого словарного запаса, они не имеют общего представления о книге вообще.

Наша страна – родина мастеров культуры и искусства. Мы гордимся народными композиторами, непревзойденными акынами. Своим искусством художники слова помогают нам увидеть красоту и величие нашей родины, они пробуждают любовь к земле, на которой мы родились и выросли и которую должны беречь и охранять.

Книга остается тем видом искусства, который оперирует словом. Через книгу мы познаём окружающий мир, узнаём о добре и зле, ненависти и дружбе, смелости и трусости. Чтение закладывает в нас моральные ценности, учит сострадать и сопереживать, удивляться и радоваться.

Именно в начальной школе начинает складываться *начитанность*. В начальной школе мы знакомимся с казахским, русским и мировым фольклором, с казахской, русской и зарубежной классикой, с произведениями детских писателей - с теми первыми произведениями, к которым человек позже уже не возвращается.

Дети, полюбившие чтение, намного лучше успевают в школе, точнее излагают свои мысли, и не только в устной речи, но и в письменной.

Среди талантов, чей творческий гений был взращен на Казахстанской земле, известный казахский поэт, пишущий одинаково талантливо и для взрослых и для детей - Музафар Алимбаев.

Литература для детей - это особый вид творчества. Написать что-то, что увлечет ребенка, очень непросто. Будить в детях благородные мысли и чувства – основные требования к детской поэзии. Велика сила воздействия на эмоциональное и умственное развитие детей поэзия Музафара Алимбаева. Он один из казахских поэтов, пишущий одинаково талантливо и для взрослых, и для детей. Имя поэта хорошо известно не только в Казахстане. Книги его переведены на русский, украинский, польский, английский - всех языков не перечислить! В своих произведениях он обращается к детям с отеческим напутствием, стремится пробудить у юных читателей любознательность, трудолюбие, любовь к природе.

Стихи Алимбаева лиричны и отличаются искренностью, из них около 200 положены на музыку и стали популярными песнями.

Умение Музафара Алимбаева возвышать духовный мир человека пригодилось, когда народный писатель стал одним из четырех авторов первого Государственного гимна Республики Казахстан. — «Для нашего гимна надо было найти особые слова, — говорит Музафар-ага, — надо, чтобы они в доступной форме утверждали высокие истины, несли чувство патриотизма, гордости за свой народ и свою землю — одним словом, звучали вдохновляюще, достойно прекрасной музыки Мукана Тулебаева, Евгения Брусиловского и Латифа Хамиди. В одиночку с такой работой было не справиться. Мы написали каждый свой текст — я, Кадыр Мурзалиев, Туманбай Молдагалиев и Жадыра Дарибаева. Потом каждый отбирал у своих товарищей лучшие строки и строфы вновь писал текст. Так мы двигались к тому варианту, который был одобрен компетентной комиссией».

Кроме того, Музафаром Алимбаевым в разное время опубликовано около 3 тысяч собственных афоризмов. Об афоризмах Музафара Алимбаева написано немало статей. Вот что говорит автор книги «Казахское слово»: «Музафар Алимбаев не только собирал народные пословицы, но и сам сочинил их в огромном количестве (острословы-шутники называют их музафаризмами, по аналогии с афоризмами) и переводил, искусно рифмуя, из других языков». [Герольд Бельгер]

Многие произведения писателя переведены на языки народов СССР. Отдельными книгами вышли сборники стихов: на русском — «Казахская песня», «Казахские степи», «Мой Казахстан», «И мы были юными», «Отчего да почему»; на туркменском — «Я — гость туркмен», на киргизском — «Мысли, песни, годы».

Кроме того, он активно участвовал в переводах произведений Пушкина, Лермонтова, Маяковского, Исаковского, Баруздина и др.

Заметный вклад Музафар Алимбаев внёс в казахскую детскую литературу. Кроме художественных произведений, ему принадлежат книги: «Мысли о воспитании детей» (1972), «Народ — воспитатель» (1977), «Из дневника сердца» (1980), в которых рассмотрены

проблемы нравственного и эстетического воспитания подрастающего поколения. На многие стихи поэта сложены песни.

Большинство произведений Музафара Алимбаева адресуются детям младшего школьного возраста. Весело, с лукавой улыбкой поэт рассказывает о лентях, сладенках, непослушных озорниках, учит ребят быть справедливыми, честными. Его произведения способны раскрыть перед читателями простодушие и бесхитрость детей, их осмотрительность и забавные проделки, детскую сущность и непосредственность. Эпизоды из жизни своих и незнакомых ему детей, неприметные, на первый взгляд детали, нечаянно услышанный разговор - на этом материале строит поэт свои стихи.

Своими стихами он зовет ребят к полезным делам, учит дорожить все тем прекрасным, что есть у нас на родной земле Казахстана.

С любовью пишет М. Алимбаев о природе, которая окружает нас. Далеко не каждый может так образно сравнить снежинки с «хрупкими детьми зимы наступающей» как это делает поэт в стихотворении «Снег идет», читая которое ощущаешь всю прелесть первого снега.

Поэт хотел проверить все ли дети умеют считать и поэтому написал шутивное стихотворение «Беглый счет». Хотел проверить какие мы знаем вежливые слова и написал стихотворение «Уроки вежливости». Здесь и добрый слон, что муравью отдал поклон, и суслики, сурки и ондатры и бобры, которые были вежливыми и воспитанными.

Он знает какого цвета ветер и своими знаниями делится в стихотворении: «Какого цвета ветер».

Алимбаев обращает особое внимание на развитие речи, учит сообразительности и умению мыслить. Именно поэтому Алимбаев в каждую книгу, адресованную детям, включает загадки. Некоторые из них я предлагаю вашему вниманию, итак:

Я от ваших тумачков улечу до облаков (мяч)
Не отстанет, если убегаешь,
побежишь вдогонку – не поймаешь (тень)
Развалились толстяки, спят на солнцепеке,-
Полосаты пиджаки, кругленькие щеки (арбузы)
Кто мне ответит? Кто может помочь?
Чем кончается день и ночь? (мягким знаком)

Кони однажды стояли на склоне, тощие кони, как перед байгой,
В горку идти ленивые кони, с горки – помчатся стрелой! (лыжи)

[Алимбаев М. Скажи что это [Текст]: загадки оприроде/ М.Алимбаев; пер. С.Рыбакова; худож. Е.Гордиенко.-Алматы: Таймас,2007.-16с.]

Читая стихи поэта, мы не только любуемся прелестями окружающего мира. Он предлагает нам подумать, как сохранить этот мир. Поэтому не случайным является вопрос, который поэт задает в стихотворении «Кто если не ты?» [Алимбаев М. Отчего да почему? [Текст]: стихи длядетей/ М.Алимбаев.-Алматы:Худ.лит., 1961. -46с.]

Музафар Алимбаев помогает нам посмотреть на себя как бы со стороны и почувствовать, что даже самые сладкие конфеты могут оказаться горькими и невкусными только потому, что съешь их один и ни с кем не поделишься. Как это сделал главный герой стихотворения «Конфеты».

Неприятное чувство вызывает и Завтрабай из стихотворения «Сказка о Завтрабае» откладывая все работы на завтра. И Неумейка Урак, который... Стал однажды он гвоздь

В табурет забивать.

Бил да бил,

Размахнулся-

Да в лоб молотком

Угодил!

Свои произведения М.Алимбаев посвящает Родине. Все что окружает и все что волнует сердце поэта ложатся в поэтические строки. Так, например, появились эти стихотворения: «Родник земли родной», «Покуда сердце бьется».

Родина. Это огромный океан. Но он не отделим от природы, от отчего края, отчего дома. Любить родину – это значит любить и дом свой, и окружающую его природу, умножать ее богатство. Все эти красоты природы воспевает в своих произведениях Музафар Алимбаев. Послушаем удивительные по своей красоте слова любви к Родине, сказанные им. Кто что любит?

Орлу всего милей
Вершины гор,
А соловью –
Листвой шумящий бор.
Любой рыбёшке
Всех милей река,
Как ни была бы
Та река
Мелка...
А что же любит
Всей душой батыр?
Он любит весь
Кипящий жизнью мир:
И пенье птиц,
И цепи гор, и реки,
Но всех сильнее –
Единственный
Навеки
Тот чудо-край,
Где свет увидел он:
Солончаки,
И – степь со всех сторон,
И – зной.
И – будто бы струну,
Звонящую
Услышал тишину...

Поэт считает, что образ Родины начинается с очень конкретных и малых вещей: с запахов отчего дома и красок леса; с плеска ручейка и пения птиц в саду, с песенки шмеля и с красивых цветов на лугу. Что было отражено в стихотворении Музафара Алимбаева «В саду».[М.Алимбаев. Степи казахские/Алимбаев Музафар; М.Алимбаев.- М.: Мол.гвардия, 1958.- 63с.]

Музафар Алимбаев не только пишет стихи, сказки, но и собирает народные пословицы, присказки, небылицы, поговорки, причем не только казахские, но и других народов:

"Кто не удержится в седле? Тот не удержится и на троне",

"Не будет рука щедрой, коль душа скупа",

"Коли певец искусен, то и песня прекрасна".

Такие пословицы он создал, используя свой жизненный опыт и наблюдения.

Кстати, Музафаром Алимбаевым переведены пословицы и поговорки 85 народов и народностей земли, многие вошли в книги, например в сборник «Жемчужница слов»В переводе М. Алимбаева казахские читатели познакомились с книгами «Кем быть?» Маяковского, «666 пословиц и поговорок», «Пословицы и поговорки разных народов», «Пословицы разных народов о труде»

Музафар Алимбаев - это поэт- интеллект. Его произведения имеют большую познавательную и воспитательную нагрузку.

Он никогда не говорит просто. Иногда он скажет так, что сердце захватывает. Он великий и неповторимый поэт, воспеваящий главные ценности - любовь, дружбу, милосердие.

Именно такой настрой души и только такая искренность может быть примером настоящего патриотизма, преданности своей стране. «В его поэзии есть пламенная сила, питаемая народным благородством» писал о нем литературный критик Ильяс Омаров

Представить сегодня казахскую литературу без его замечательных стихов, переводов и афоризмов невозможно. История его жизни – это история страны, которой он посвятил всего себя без остатка.

Он не переставал восхищаться образной народной речью, а «аккумулятором, заряжающим энергией» сердце, ум и вдохновение творческой личности, считал бодрость духа и гражданскую активность писателя. До последнего своего дня Музафар Алимбаев продолжал работать: писал исследовательские статьи и стихи, читал книги. По признанию самого поэта, творческий поиск в его возрасте является одновременно и лечением, и утешением. Ведь для личностей такого масштаба покой подобен смерти...

Литература

1. Мосягина Н.Ф. Музафар Алимбаев – народный писатель Казахстана: [Алимбаев Музафар. Посол державы детства:(к 110-летию писателя СапаргалиБегалина) /Алимбаев Музафар; Музафар Алимбаев//Простор.- 2005. - N12. - С. 99 -
2. Горбунов Сергей. Стихи поэта не стареют: (ВПавлодарской области празднуют 90-летие земляка, поэта Музафара Алимбаева) //Казахстанская правда.- 2013.- 30 октября. - С. 8
3. КошеноваРаушан. Глашатай истин вековых: [29 октября Музафару Алимбаеву исполнится 90 лет] // Звезда Прииртышья.- 2013.- 24 октября. - С. 14
4. Шашкова Л. Сын песенного края [Текст]/ Л. Шашкова// Казахстанская правда, 2013.-30 октября <http://map.pavlodarlibrary.kz>
5. https://ru.wikipedia.org/wiki/Алимбаев,_Музафар
6. biografia.kz/famous/795
7. www.odb-abai.kz/files/60.pdf
7. sc0034.zerenda.akmoedu.kz/documents/view/

«МУЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӨЗІНДІК ӘЛЕМІ»

Хабибуллина Н.Т

№ 5 «Сәуле» бөбекжайы МКҚК әдіскері

Адамның қанша жасқа келсе де қаншама жылдарды өткерсе де сонау сағым болып менмұнадалаған алаңсыз балалық шағын сағынатыны, аңсайтыны рас. Ал, балаларға арналған әрбір өлең жолдары ойыңа ой қосып, көңіліңді шартарапқа ұшырады. Өйткені адамның бақытты балалық шағы қызықты, думанды шақ. Ал балаларға шығарма жазып, өлең арнау-саналы ғұмырды балаларға арнап, баламен бала болып тіршілік ету, қалам тербеу- ақын-жазушының маңдайына біткен зор бақыт!

Балалар әдебиеті- балалықтың бал шағының топтамасы, сырлы да сазды әлем. Шоқтығы биік балалар әдебиетінің ерекшелігі де сол- бала ұғымының, бала тілінің әуезділігінде, талғампаздық пен тазалықты мирас ететін әдебиет саласының бір бөлшегі. Қазақ даналығы «Бала балқыған қорғасындай, қандай да қалыпқа құюға болады» дейді. Сондықтан балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, балалардың талап-тілегін ескеріп қана қоймай, балаша ойлауға икемді, жазған тілі шұрайлы, нәрлі, көркем болуы аса маңызды. Балалар - байыпты халық. Талғамы биік В.Белинскийдің «...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады...Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек» деуінің өзі бекер емес-ті. Балалар әдебиетіне таланттылар мен табандылар ғана тұрақтайтыны содан болса керек.

Қазақ балалар әдебиетінде өзіндік орны бір төбе, бар ғұмырын балалардың бақытын жырлауға бағыштаған Мұзафар Әлімбаевтың өзіндік әлемі ерекше. Дара әлем. Мөлдір де әдемі әлем.

Балалар ақыны, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, аудармашы, әдебиетші, Қазақстан халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев- балалар поэзиясында орны ерекше. «Балаға жыр арнауы бақытым...» деп санаған Мұзафар Әлімбаев қазақ совет балалар әдебиетіне берілген тұңғыш жүлде иегері атанған алып тұлға. Қоршаған ортаға, айналадағы құбылыстарға бала көзімен қарап, балаша қиялдап, мейір, сенім арту оңай іс емес. Балалар өлеңіне қанық бояулар, ашық үндер, тілдің бейнелі қарапайымдылығы, оқиғаның табиғи өрбуі, бүкпесіз сырласқандай тартымдылық қажет. Қаламгердің әр шығармасынан әлі ешкім айтпаған жаңа идея, тың пікір күту-заңдылық. Ылғи да сол тақырыптарға жол тартып, сырын ашуға ұмтылу-талант алғырлығы мен әжеттігінің нышаны. Міне, осындай әдеби мұраның айшықты әдіс-тәсілін жетік меңгерген Мұзафар Әлімбаевтың өзіндік әлемі өзгеше. Әдеби ортада «бала жанының бағбаны» атанған ақын Мұзафар Әлімбаевты балалар әдебиетімен егіз ұғым деп қарауға болады.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев бір естелігінде «Поэзияны, жалпы әдебиетті Мұзафардай бағалап, оны құдіреттің құдіреті деп ұғынатын адамды, ақынды қаламдас ағалардың арасынан мен әлі кездестіре қойғаным жоқ. Өз әріптестерінің шығармашылығын Мұзафардай қадағалап, қоймай, қомағайлана зерттеп отыратын ағайынды да әлі кездестірген емен» деп баға бергенінен айтар ойдың түйінін зерделегендейсің. Жас ерекшелігін елеп-ескермеу өнердегі олқылыққа итермелейді деседі, сөз өнерінде де сол...

Мұзафар Әлімбаев 1958 жылдан тұңғыш рет шыға бастаған «Балдырған» журналында бас редактор болғаны балалар әдебиетінің ерекшелігін, өзгешелігін, талап-тілектерін, мұң-мұқтажын зерттеп, толағай шығармашылық жолында аянбай орасан еңбек сіңірген ақын. Шығармашылықтың қайнар көзі балалар әдебиетінде десек, сол әлемнің әлдиін қаламмен тербеген балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Жүз сексен әнге өлең жазды. Алпыс төрт төл тума және аударма кітаптардың авторы. Мұзафар Әлімбаевтың балалар әдебиетіндегі өзіндік әлемінің тағы бір сыры- бала тілін жаттықтырып, ой-санасын өрістететін жұмбақтар, аңыздар мен дүниетанымын танытатын поэма, ертегілер жанрының өзектілігінде. Оның бар жыр-мұрасы мектепке дейінгі жастағы балалар мен оқушыларға арнаған өлеңдер топтамасы бір төбе. Бұл-өзін де, өзгені де сыйлаудың әдемі үлгісі іспеттес.

Саралап қарасақ, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отыра өлең арнау, жыр жазу оңай емес. Қызықтыра да желіктіре де шығармаларынан бал тамған әрбір өлеңі бір-біріне ұқсамайтын даралығы тағы бар. Мұзафар Әлімбаев бүлдіршіндер үшін бір өңкей сыңғырлаған, сөздері әуен боп төгілетін әдемі өлеңдер жазды. Әр өлеңін жеке талдап, жеке қызықтағын келеді. Бала мінезді ақын жарқын ғұмырын балаларға арнаған бақытты тұлға. Қаламынан тақпақ, өлең, мазақтама, ертегі, жұмбақ, ойын өлең, санамақ т.б алуан формалы жанр үлгілерін тарту етті. Алуандық жанрға ғана емес, ақынның ізденісін, тапқырлығын, жіті зерделеп отыратын жауапкершіліктен бөлек бала әлеміне ғашық қаламгердің болмысын танытатын қасиетін аңғаруға болады. Өлеңді бала табиғатына лайықтап жазу, баламен сырласа отырып тәрбиелеу, өмірлік мәні бар ойлы шығармалар жазу- ақынның айнымас асыл қасиетін айғақтап тұрғандай.

Ақынның қаламгерлік өмірбаян жинағында берген естелігінде: «Бөбекке арнап жазған бірінші өлеңім есімде қалмапты. Күлді-бадам құнсыз сөз болған ғой деймін. 1949 жылы мен өзіммен қызметтес Мұхамед ағайдың үйіне барсам, кішкентай қыз баласы Ләйлә бұрышта қуыршақ ойнап, жансыз қуыршақтармен сөйлесіп отыр екен. Бір кезде ол жатқа өлең айтты. Бұл менің соғыстан кейін туған екі бауырыма ермек үшін шығарып берген жеке-жеке шумақтарым еді. Осының аз-ақ алдында ғана «Пионер» журналында «Менің ойыншықтарым» деген атпен басылған.

Енді бірде балабақшаға барып жүрген сәби аузынан алғашқы жұмбақтарымды естідім...Шынымды айтсам, осы екеуі «балаларға арнап жазсаң, сенен бірдеңе шығады екен» деген үміт отын жандырғандай болды.

Бірақ кішкентай оқырмандарға барымды салып, төпеп көп жазып кете қойған жоқпын. Бәлкім, осым да жөн болды ма екен?!

«Өмірім-өлеңімде» деген екен С.Есенин бәріміз де соны айтамыз. Басынан кешкені, көзімен көргені елеулі болмаса, ел құлағына жағар сөзді ақын қайдан алады?! Осының бәрі менің бүлдіршіндерге рухани азық беруге өз үлесімді қосуыма мүмкіндік тудырып, творчестволық ізденіске жол ашты» деп толғана сыр шертеді. Ақынның өзі куә болған көріністерден туындаған жүздеген өлеңдері «Кітап та-жеміс ағашы», «Адалдық», «Мысық пен құмыра», «Қисыбай», «Пернебек пен көбелек» т.б қатталды.

Ақынның өлеңдері- баланың өміртанымдық әліппесі іспетті. Ойыншыққа жан бітіреді, жан-жануарлардың қызықты, беймәлім тұстарымен таныстырады, енді бірде үлгілі бала мен шалдуар балаларды салыстыру арқылы ойға батырады. Қаламынан бал тамған шығармаларының өзі тұнық, тілі көркем, нәрлі, қуатты.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған өлеңдерінің мән-мазмұны баланың тілімен, сәбидің үнімен астасып жатыр. Тәрбиеші ұқтыра алар төгілген жыр жазу- сөз парқын, сөз киесін баяндар жайттарға куә етеді. Мұзафар Әлімбаевтың қай шығармасын алмайық бала психологиясы әрбір қалтарыстан, әрбір ұйқастан аңғарылып отырады. «Бала жанының бағбаны» атанған Мұзафар Әлімбаев сәби мінезіне жетік ақындығының дәлелі емес пе?! Табиғатынан бала әлемін әлдилеген ақынның қадірлі қасиеті балалар әдебиетінде орасан өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Балаларды жүрекпен сүю- оның шығармашылық жолының айқын ізін салды. Бала жаны- нәзік. Балалар шығармасы шынайы болуы керек. Шынайылық өмірдің өзінен туындайды. Балалар шығармасының негізгі түбі-жақсылық, достық, адалдық. Әр шығармаларында адамгершілік сезімдерін таза көңілді, кіршіксіз пейілді балалардың жолына арнаған ақынның өлеңдерінен әрбір төгілген сөзіне ыстық ықыласыңмен назар аударып, табынғаныңды мойындайсың. Бұл- шеберлік, киелі қасиет. Шеберлік кілті қолға оңай түспейді. Әсіресе балалар әдебиетінде.

Мұзафар Әлімбаевтың өлеңдері- бала жасына лайықтап жазылған алпауыт шығармалар дәйегі. Сол кезеңде балалар әдебиетінде спорт тақырыбында өлеңдер жоқтың қасы, сирек кездесетін. Осы тұрғыда спорттық жаттығулар тізілген кітапті қолға алып, қолдан өлең тудырған да Мұзафар ақын болатын. Ол кейін «Шынықсаң, шымыр боласың» тақырыбында суретті кітапша болып басылып шығады. Осы өлеңдер хрестоматияда мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларына арналған әртүрлі жанрдағы көркем шығармалар тізбесінде ұсынылған.

Шығармашылықтың енді бір өнікті қайнар көзі-халық арасындағы аңыз-әңгімелер, әзіл-оспақтар, ертегі, хикаялар. Бұл тұрғыда ақынның бірсыпыра шығармалары халықтық ертегі, аңыздардан алынған. Мысалы, «Мейман», «Жақсыбай батыр мен Елпекбай», «Аштың аңы жүрмейді», «Сараң», «Көк сиырды көтерген келіншек», «Бүркіт пен жапалақ» сияқты туындыларын атауға болады. Халық шығармаларына еліктеп шығарған аңыздарының қатарына «Шөже мен Алшынбай», «Еріншектер елінің Ертенбайы», «Қос керуен», «Күлдіргілер», «Кім ұтылды, кім ұтты» т.б. Танымдық мәні бар нәрселерді кішкентайларға поэзиялық шығарма арқылы ұсынған еңбегі бір төбе. Оның шығармалары «Көркем әдебиет» хрестоматиясында, мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алған. Мұзафар Әлімбаев балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой - өрісіне сай лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Өлеңдерін мектепке дейінгі жастағы балалардың тіліне, түсінігіне лайықтап жазылған алуан тақырыпты шығармалары қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін, қазақ сөздерінің ғажайып нәрін сусындатып, жеңіл меңгеруге лайықтап жазған.

Мұзафар Әлімбаев өз шығармаларында өлең құрылымы, бунақ, ырғағын қалыптастырған ақын. Бала өлеңін ойынға құрып жазған шығармалары санамақтарда

ерекшеленеді. Диалогпен берілген өлеңдер, әсіресе ойынға бейім. Бала затпен ғана ойнамайды. Санамақ арқылы да ойнап, ой түйіп өседі.

Бәт-бәт, бәтеңке!

Бәтеңкеде –сәтеңке.

Сауысқанның құйрығын санап тұрсам, он алты.

Және сегіз және алты...

Өлең жырдың әуенділігін, әнге бергісіз әсем болуын да қадағалап, өзіндік өрнек жазған ақын. «Бақа» өлеңінде:

Бақа, бақа, балпақ,

Басың неге жалпақ?

Темір телпек көп киіп,

Басым содан жалпақ.

Бақа, бақа, балпақ,

Көзің неге тостақ?

Қырдан алыс көп қарап,

Көзім содан тостақ.

Бақа, бақа, балпақ,

Бұтың неге талтақ?

Көп отырдым ерініп,

Бұтым содан талтақ.

Бала өлеңнің ұйқастары бір-біріне таяу орналасқаны құлаққа жағымды. Балалар табиғатына тән қасиет- егіз ұйқасты тез жаттайды. Ақын балалар өлеңінің әр шумағына, тіпті егіз- қос жолына бір-бір сурет салатындай болғаны –оның көркемдік құндылығының айғағы. Сондай-ақ, оқиға әр қилы, әрі тез өзгеріп, тез құбылып, әрбір бес-алты жолдан соң бір көріністі елестетіп, оқиға желісі дамып отырса бұл да ақынның шеберлігін көрсетеді.

Ақынды үлгі тұтып, пір санаған зиялы қауым, ұстаздар, оқырмандардың есебі жоқ. «Балалар әдебиетін, балалар поэзиясын Мұзағаңсыз елестету мүмкін емес... Мұзағаның өлеңнен бөлек әлемнің арғы-бергі классиктерінің шығармаларын аударған еңбегі, жаңылтпаш жазып, мақал-мәтел жинақтап құрастыруы – осының әрқайсысы бөлек-бөлек қарастыруды қажет ететін сом дүниелер. Сөздің парқын білетін, мәйегін танитын, мағынасына, мәніне бойлай алатын бірегей қалам иесі болғандықтан, Мұзафар Әлімбаев әдебиетті көркем аудармалармен байытты», - деп ақын Нұрлан Оразалин баға берсе, ал ақын Несіпбек Айтұлы Мұзафар Әлімбаев жайлы былай деген: «Мұзағаңның қаламынан туған қыруар жырларын айтпаған күннің өзінде, туған елінің әдебиет қоржынына ол салған мол олжа қаншама! "Менің Қазақстаным! ", "Естай-Қорлан", "Ту тіккен" поэмалары, "Ақ маңдайлым", "Ақ сұңқарым", "Маралым" әндерінің мәтінін жазған Мұзафар Әлімбаев есімі қазақ барда ешқашан ұмытылмайды». Сондай-ақ, «Мөлдір бұлақ» балалар журналының бас редакторы Саят Қамшыгер: «Балалар әдебиеті тұралап қалды. Мұзафар Әлімбаевтан кейін Мемлекеттік сыйлық алған ешкім жоқ» деп әділдігін айтып, ой түйіндейді.

Өлеңдерін ықыласпен оқитын, қадірлеп, аялайтын, бағалайтын жасы да үлкені де Мұзафар Әлімбаевтың қазақ балалар әдебиетіндегі өзіндік үлесін ұлықтайды.

«Еңбектен асқан есті ұстаз жоқ» деп М. Әлімбаевтың өзімен айтсақ, еңбек етудің татар балын әрбір адам ұқса керек, өмірде болсын шығармашылық жолда болсын еңбек адамды қашан да қайрайды, жетістіктің, адал еңбектің шығар шыңын қадірлеген ақын шығармалары да осы ұғыммен пара-пар. «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз болады. Олар: барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деген Шәкәрімнің ұстанымын өмірлік мақсат етіп ұлықтыған Мұзафар Әлімбаев жас буынға тәрбиелік, мәнді өлеңдерін мұра етіп, қазақ әдебиетіне өзіндік үлес қосқан дара да ұлы балалар ақыны. Мұзафар Әлімбаевтың балалар әдебиетіндегі өзіндік әлемі- әдемі, даралығымен құнды!

Әдебиеттер

1. «Қаламгерлік өмірбаян жинағы» Алматы «Жалын», 1987ж.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық – Алматы : «Аруна Ltd», ЖШС 2010ж.
3. «Көркем әдебиет» хрестоматиясы, SHUGYLAKITAP 2020ж
4. Рафиқа Нұртазина, Ләйла Асқар «Мираның кітабы», Алматы, ТОО «Балауса», 1998ж
5. М.Әлімбаев. Ақ серек те, көк серек – 2-т, Алматы, 2005ж.
6. Әлімбаев М. «Ана тіліне тағзым». Өлеңдер, мысалдар, ертегілер.- Алматы. «Атамұра», 2014ж.
7. Рүстемова Ж.А. «Қазақ балалар әдебиеті». Оқулық. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009ж.

М.ӘЛІМБАЕВ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ БІЛГІР ШЕБЕРІ

Демжанова Г.Т.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Сырым аудандық білім беру бөлімінің «Балдырған» балабақшасы МКҚК

Қалай ойлайсыз, қазіргі қазақ әдебиеті мен поэзиясында жалпақ жұрттың жаңадан тіл ашқан бүлдіршінінен бастап, аз-көп жасаған ғұмырында әлденеше қыр асқан қариясына дейін жаппай оқитын да танитын қаламгер бар ма? Бар! Ол-қазақтың көрнекті ақыны, балалардың сүйікті жыршысы, Қазақстанның халық жазушысы - Мұзафар Әлімбаев!

«Балалар әдебиетін, балалар поэзиясын Мұзағаңсыз елестету мүмкін емес...

Мұзағаның өлеңнен бөлек әлемнің арғы-бергі классиктерінің шығармаларын аударған еңбегі, жаңылтпаш жазып, мақал-мәтел жинақтап құрастыруы- осының әрқайсысы бөлек-бөлек қарастыруды қажет ететін сом дүниелер. Сөздің парқын білетін, мәйегін танитын, мағынасына, мәніне бойлай алатын бірегей қалам иесі болғандықтан, Мұзафар Әлімбаев әдебиетті көркем аудармалармен байытты», -деген ақын Н.Оразалин.

М.Әлімбаевтың балалар поэзиясында өз шәкірт ақындары, өз мектебі бары-шындық. М.Әлімбаев есімі өз елімізде ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері.

М.Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталары қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын.

«Балалар әдебиеті –қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың көрнектілігі, лириктік сезімталдылық, характерлер мен уақиғаның динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы қажет»

Шындығында да, балаларға арнап шығарма жазу-қаламгерден үлкен жауапкершілікті талап етері сөзсіз.

Өйткені балалар ақыны жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, оның дүниетанымын кеңейтетін шынайы көркем шығармалар жазуы қажет.

Қаламгердің айтпақ ойы жас оқырманның көңілінен шығып, жүрегіне жылы тиюі шарт. Сонда ғана ол шығарма балаларды ізгілік, адамгершілік, әдептілік, адалдық, еңбексүйгіштік, инабаттылық тәрізді өзге де игі қасиеттерге баулып, жалқаулық, көрсеқызарлық, тентектік, сотқарлық пен бұзықылық сияқты мінездегі міндерден сақтандырады, ал қаламгердің шебер қиюластырған сөз өрнектері бөбектерге эстетикалық тәрбие береді.

Сондықтан балалар ақынының алдында туындайтын маңызды мәселенің бірі-айтылмақ ойды, берілмек ақылды балалар түсінігіне, талғам-тілегіне, қызығушылығына сай етіп жазу. Балалар поэзиясының білгір шебері, ұзақ жылдар бойы осы салада өнімді еңбек етіп келе жатқан көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаевтың өлеңдері жоғарыдағы талаптарға сай десек, артық

болмас. Мұзафар Әлімбаев-бала психологиясын бажайлап зерттеп, бала мінезін жетік білуге келгенде, үлгі етіп тұтарлықтай артықшылығы бар ақын.

Ақынның өзі: «...Балаға арнап жазу, бағалы туынды беру-бақыт, қаламгер үшін өлшеусіз бақыт. Өйткені балалар үшін жазу кез келген үлкен қаламгердің де қолынан келе бермейді»-деп балаларға арнап қалам тербейтін қаламгерлерге әділ бағасын береді.

М.Әлімбаев балалар әдебиетіне зор еңбек сіңіргендігі белгілі. Ол әдебиеттің өзге де салаларында өнімді еңбек ете жүріп, қазақ балалар поэзиясының майталманына, көреген ұстаз-қаламгерге айналды. Көптеген жыр жинақтары мен ән мәтіндерінің авторы атанды. Отыз жылға жуық балалардың сүйікті «Балдырған» журналының редакторы болып, ана тіліміздің дамуына және бүлдіршіндеріміздің дұрыс тәлім-тәрбие алуына лайықты үлес қосты.

Ақын шығармашылығы жанрлық жағынан бай. Әркімнің дарын қуаты, бейімі әр қилы. Біреу бейімін белгілі бір жанрдан іздеп, жанрға маманданса, екінші біреу өзін бар жанрға баулып, мәпелеп жүргені. Мұзағаң осының соңғысына жататын қаламгер. Ақын шығармаларында өлең, тақпақ, ертегі, өлең-ойын, санамақ, синоним сөздер, өтірік өлең, айтыс, мазақтама, ән өлеңдері, жұмбақ, лотогрифтер, қарама-қарсы қызық сөздер, адас атаулар, метограммалар, жаңылтпаштар т.б. «ішкі жанр» үлгілері ұшырасады.

Мұның өзі ақынның ізденіс аясын, білім өресін аңғартатынына дәлел болса керек. Сол мол жанрлық үлгіні танытатын өлеңдерден шынайы балалар ақынының кішкентай бала танымының қабылдау мүмкіндігіне саналы бейімделуін байқаймыз. Өлеңдер мейлінше қарапайым, бірақ ойлы, мақсатты, тәрбиелік нысанасы айқын. Әр сатыдағы балалардың жас мөлшеріне сай лексиконды таңдап ала отырып, қандай күрделі ойды да аз буынға сыйғыза айтып бере білу де осы бейімделудің көрінісі.

Мысалы, «Мұнар басқан күз, Сарғыш тартқан түз», «Ауладағы мұз, Ауадағы сыз», «Қамбадағы дән, Тандырдағы нан», «Күз нышандары» деген атпен берілген, небәрі екі жолдан тұратын өлеңдер барынша қарапайым бола тұра, ең кішкентай баланың өзіне табиғат маусымының негізгі белгілерін сурет қарекеттерін нақты жеткізіп береді.

М.Әлімбаевтың тағы бір ерекшелігі-ел аузындағы елеулі ертегі, аңыздарды тере жүріп, жаңғырта жырлауы, халық шығармашылығындағы ғажап үлгілер дәстүрімен өзі де жанынан аңыз, ертегілер, күлдіргі жырлар тудыруы.

«Қос керенау», «Кім ұтылды, кім ұтты?», «Жақсыбай батыр мен Елпекбай», «Алшынбай мен Шөже» т.б. өлеңдер осының айқын дәлелі.

Сондай-ақ Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінде мақал-мәтелдік, афоризмдік жолдар, тұтас орамдар жиі ұшырасады. Мұның өзіндік себептері бар, ол ұзақ жылдар мақал-мәтел жинап, құрастарып, аударып, жанынан шығарып, сөз маржанын халыққа ұсынып отырды. Сондықтан мақал-мәтел ақындық мәнеріне нәр қосты. М.Әлімбаев өлеңді біліммен де жазады. Оған ақынның бала психологиясын, таным процесін жете зерттеуі себеп болды.

Ақын оқырмандарын ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен хабардар болуды міндеттейді. Мәселен, ақын стюардесса еңбегінің мәнін ашып, мүмкіндігінше оны «Аспандағы әпке» деп баламалапты. «Аспандағы әпке» деп кезекті жинағына атау етіп беруі де жаңа баламаны балалар санасына сіңіре беру ниетінен туындағандай. М.Әлімбаевтың бұл кітабында ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарына сүйене отырып, жазылған өлеңдері мол. «Аспандағы әпке» кітабы негізінен мектеп жасына дейінгі балдырған мен бастауыш сынып оқушыларына арналып жазылған. Теориялық еңбектерге табан тірей айтсақ, бұндай жас мөлшердегі бала-зерттеуге көне бермейтін, көркем әдебиетті қабылдауы қиын орман. Халықтық педагогика тәжірибесі мен поэтикалық өнер теориясын ұдайы қадағалайтын, балалабақша мен мектеп оқушылары арасында кездесулерде жиі болып, кейіпкерін жіті зерттейтін ақын сондай қиындықты жеңіп, оқырмандарына жап-жақсы шығарма ұсына алды.

«Аспандағы әпке», «Балдәурен, шіркін, балалық», «Шынықсаң-шымыр боларсың» кітаптарындағы өлеңдерімен салыстырар болсақ та, ойы озық жатқанын, жырының жұмырланып, ұйқасының шымырланып шыққанын көрер едік.

М.Әлімбаев негізінен ересектерге арнап жазатын ақын болғанмен, ол еш уақытта балаларды назарынан тыс қалдырмаған. Ол «Жұмбақтар», «Биікке, биікке», «Менің

ойыншықтарым», «Алатаудың баурайында», «Орақ олақ» деген кітаптармен, «Балдәурен, шіркін, балалық» деген бір томдық таңдамалысымен жас оқырмандарына ертеден таныс.

Ол бір естелігінде: «Менің шешем өмірімнің ең бірінші, ең жақсы, ең ақылды әрі ең қатал ұстазы болды. Ол көптеген халық жырларын: бесік жырын, тұрмыс, қаһармандық жырларды, даналық ертектер мен қайталанбас аңыздарды білетін еді.

Ол ұлы Абайдың өлеңдерімен мені ерте таныстырды. Рас оның терең мәнін мен әлде қайда кейін ұқтым. Мен әкемнен 9 жасымда айрылдым. Он төрт жасқа шыға бергенде небәрі жеті күн ауырып, шешем дүние салды.

Сөйтiп мен ең жақын ұстазымнан және анамнан айырылдым. Шексіз қасiрет менің қыр соңымнан қалмады. Ал мен он бес жасқа шыққанда өзімнің алғашқы өлеңімді жаздым, бұл өзім жатқа білетін-«Ана» дейтiн өлеңiм.

Анасы бар әрбір ұл мен қыз оны әрқашанда тыңдап, әрқашанда ренжітпеуін мен қалаған болар едім. Мен, балалар, Сіздер, біздің үлкен де айнымас адал анамыз-Отанды бағалап, шын жүректен жақсы көргендеріңді қалаған болар едім», -дейді.

Ата-ана, туған-туыстарға арналған топтамалары мен өлеңдері бүлдіршіндерді бауырмалдылыққа, мейірімділік пен жақын адамдарға деген махаббатқа тәрбиелейді.

М.Әлімбаевтың табиғат лирикасы мен туған жерге арналған өлең топтамалары кішкене тыңдармандар мен оқырмандарын туған жердің сұлу табиғатымен таныстырып, отансүйгіштікке баулиды, табиғатты аялауға, оны қадірлеп-қастерлей білуге шақырады, эстетикалық тәрбие береді.

Баланың негізгі айналысатын «кәсібі»-, ойын болғандықтан да, ақын бала ойыншықтары мен ойындарын көркем жырға тартымды қоса білді.

Бұл өлеңдерден бүлдіршіндердің ойын кезіндегі қимылдары, психологиясы, танымы мен қиял ұшқырлығы әсерлі көрініс табады. М.Әлімбаев қазақ халық ауыз әдебиеті тұнығынан сусындап фольклорлық туындылардың жарқын үлгілерін жинастырып, олардан тәлім алып, көңілге түйіп, сол дәстүрді жалғастыра, жаңа қырынан жарқырата алды.

«Халықтан асқан ақын да жоқ, өнерпаз да жоқ», «Елден үйренген ер кезелемейді»-деп тұжырымдайды ақын бұл жөнінде.

Шынайы өнер туындысынан халықтық рух пен тіл, ұлттық мінез бен салт-дәстүр, халықтың өзіне тән болмысы мен таным көкжиектері көрініс табуы қажет. М.Әлімбаев поэзиясының өміршеңдігі оның халықтық айдыннан нәр алып, сан ғасырлар сынынан өтіп, бүгінгі күнге дейін жалғаысып келе жатқан қазақ поэзиясының құнарлы топырағында гүлденуінде жатыр.

Қаламгер жырлары бүлдіршіндер үшін бір жағынан ұғынықты болса, екінші жағынан көркем, бейнелі, әрі әсерлі.

Бұл, әрине, ақын шеберлігінің айғағы. Ақын халық ауыз әдебиетінің жанрларын, әсіресе, мақал-мәтелдерді жинау, зерттеу жұмысымен айналысқан. Қаламгердің бұл ізденістері оның поэзиясына өзіндік ықпалын тигізді. Қысқа да нұсқа, тұжырымды әрі тартымды өлең, сөз жоқ, нақыл сөз, мақал-мәтелге қызығушылықтың нәтижесі деуге болады.

Баланың ойлау қабілетін дамытатын жанрлармен қатар, қаламгер бүлдіршіннің тілін, сөйлеу қабілетін жаттықтыратын жаңылтпаш сынды жанрда да жемісті қалам тербейді.

«Өзің от боп жанасың, Өзгелердің нұрлантуға санасын, Өзің күл боп қаласың, Өзгелердің құнартуға даласын»-деген Мұзафар Әлімбаев жолдары оның ақындық позициясын ғана аңғартып қоймай, сонымен бірге туған халқына, жеріне деген жүрекжарды сезімінен де хабар беріп тұр.

Еліміздің ардақты азаматы бүкіл саналы өмірін халқының санасын нұрлантуға, эстетикалық рақат сыйлап, нақылын айтып, дұрыс жолға салуға, бүлдіршіндерін тәрбиелеп, азамат, тұлға етіп тәрбиелеуге арнап келе жатқандығы белгілі.

М.Әлімбаев - қазақ балалар поэзиясының зерттеушісі. Осы саладағы көп жылдық ізденістерін бір арнаға түсіріп, ақын балаларға арнап өлең жазуда қолданылатын ұстанымдар мен қағидалардың тізімін жасады.

Әрине, бір өлең ауқымында барлық қағиданы орындап шығу мүмкін болмағанымен де, балаларға арнап өлең жазу барысында оларды негізге алу қажеттігі туады. Орыс балалар поэзиясында К.Чуковский балаларға арнап өлең жазу қолданылатын негізгі он үш қағиданы атаған болса, М.Әлімбаев «ондаған жылдарда жинаған тәжірибеге әрі алдағы аға буын ақындар поэзиясын зерттегенде түйген ойларға» сүйене отырып, балалар поэзиясына қойылатын талаптарды ұлттық поэзия, таным тұрғысынан атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес, Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық.

Жалпы, ақын қай жанрда қалам тербесе де оның астарында үлкен тәрбиелік, тағылымдық мән, адамгершілік идеал жатады. Қаламгердің адамгершілік әлемі, жазу шеберлігі, өлеңдерде сөз болатын ситуациялардың шынайылығы бүлдіршіндерді қызықтырады, әрі сүйсіндіреді.

Сонымен қатар, М.Әлімбаев шығармалары көркемдігімен де, ішкі мазмұн тереңдігімен де, тәрбиелік, танымдық мәнімен де айрықша көзге түседі.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. Екі томдық. Алматы: Санат, 1997
2. Әлімбаева М. Балдәурен, шіркін, балалық. Өлеңдер, әндер, ойындар, аңыздар, ертегілер, дастандар. Алматы: Жазушы, 1973
3. Әлімбаев М. Аспандағы әпке. Алматы: Жалын, 1982
4. Әбдірашев Ж. Шежірелі шаңырақ. Таңдамалы. Өлең, тақпақ, ертегі, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ, аударма, мақала. Алматы: Рауан, 1998
5. Әсел Жәкім. М.Әлімбаевтың Балалар әлемі Алматы. Арыс, 2008
6. Мәуленов С. Талғам таразысы: /Ақын М.Әлімбаев туралы/
7. Мәуленов С. Сыр мен жыр. Алматы: Жалын, 1991
8. Әлімбаев М. Өмір. Өнер. Өнерпаз. Эссе, естеліктер, ой-толғамдар. Алматы: Өнер, 1990

М.ӘЛІМБАЕВ – БАЛАЛАР АҚЫНЫ

Сариева А.А.

Ақтөбе облысы, Темір ауданы
Алтықарасу мектеп - балабақшасының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М.Әлімбаев - белгілі балалар ақыны. Ол 1923 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды ауылында дүниеге келген. 1994 жылы қазақстанның Халық жазушысы деген атақ алған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагер. Тұңғыш өлеңі 1939 жылы «Қызыл Ту» газетінде басылған. Оның 300-дей өлеңіне ән жазылған. «Менің ойыншығым» (1953), «Отпен ойнама (1959), «Орақ-олақ» (1962), «Шынықсаң – шымыр боласың» (1977), т.б. кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. Сонымен қатар балаларға арнап «666 мақал мен мәтел», «Мақал – сөздің мәйегі», «Маржан сөз», «Нақылдар», «Батамен ел көгерер» секілді жинақтары бар. Балалардың бойынан түрлі жақсы қасиеттерін көре білген ақын оны жырмен өрнектеп, өлеңіне арқау еткен. Мысалы, «Ұқыпты оқушы», «Шай қайнатып берейін», «Мен тіл алғыш баламын» секілді тақпақтарында балалардың жақсы қасиеттерін жырға қосқан. Мен тіл алғыш баламын, Ішемін балық майын. Жаннұрша жалындырып, Үй-ішін сабылтпаймын.

«Тәрбие басы – халық даналығында» деп түсініп, халық тағылиматы хақында келелі педагогикалық еңбектерін дүниеге әкелген, болашақ ұрпақты тәрбиелеудің мәселелері туралы әртүрлі басылым беттерінде өз ойларын ортаға салып жүрген ақын-педагог М.Әлімбаевтың 1972 жылы «Қазақстан» баспасынан «Тәрбие туралы әңгімелер» атты алғашқы педагогикалық

ғылыми еңбегі жарыққа шықты [1]. Бұл кітапқа автордың жоғарыда сөз болған бала тәрбиесі және ондағы ұстаз бен ата-ана, қоршаған ортаның рөлі жайындағы ойтолғам мақалалары мен мораль, этика турасындағы публицистикалық туындылары енді. Нақты тоқталар болсақ, «Аяншақ ата-аналар мен әлжуаз балалар жайында», «Жартылай ұйқы және жатық сөйлеу», «Қонақтар мен балалар», «Игілікке үйреткен опық жемейді», «Ұстаз – рухани әке», «Халықтар достығы – көңілдің хоштығы», «Ертеңгі жемістің бүгінгі ұрығы», «Тартса егер аққу көкке, шортан көлге», «Әркім аңсаған бақытының ұстасы», «Халық – қапысыз педагог», «Жолдастық, достық, махаббат», «Ақиқатын айту айып емес, турасын айту айып па?», «Жан сұлулығы жарқырай түссін», «Адам бол», «Кемеңгердің көлеңкесі де ыстық», «Аяулы азамат, ақылды қаламгер» деген әрбір мақала бір-бір бөлімді құрайды. Кітап тәрбие туралы нақылдармен аяқталған.

Тәлім-тәрбие турасында кеңінен сөз қозғайтын бұл еңбек оқырман қауымның қолына тиісіменен-ақ оған баға беріп, өз пікірлерін білдірген Н.Айтовтың «Тәрбие жайлы тартымды еңбек» [2], М.Көккөзовтың «Тәрбие туралы толғаулар» [3], О.Құлымбетовтың «Тәрбие туралы әңгімелер» [4] сияқты мақалалары әртүрлі баспа беттерінен орын алды. Олардың басым көпшілігінде М.Әлімбаевтың бұл еңбегіне жоғары баға берілді.

Сондай мақалалардың бірінде кітаптың тәрбие мәселесіндегі маңызы жайлы: «Жазушы М.Әлімбаевтың «Тәрбие туралы әңгімелер» деген кітабы ата-анаға, мұғалімдерге, жастарға, жоғары класс оқушыларына сөз құдыретін зерттейтін ғалымдарға таптырмайтын құрал. Өздері туралы айтылған құнды пікірді өмірден, кітаптан көкірекке жинау жастар үшін артық емес», – деп жазса, енді бірінде «..кітапша ата-аналар үшін, мұғалімдер мен мектеп басшылары үшін аса қажетті. Тіпті мектептегі ата-аналар университетіне, лекторийіне өз бетімен оқушыларға дайын оқулық та болады. Мектеп басшылары мен мұғалімдер осы кітапшаны әрбір ата-ананың оқуына жағдай жасап талқыласа, талдаса, пікірлессе онда олардың азды-көпті тәрбие жөнінен түсінік алары сөзсіз», – деп баға береді [3; 4].

Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде халық педагогикасын негіз ете отырып, оқыту мен тәрбиенің қыры мен сырын анық та ашып айтатын, халық тағылымы жайында тұщымды ой айтуға, сөз қозғауға батылы жете бермейтін еңбектер сол кездері жоқтың қасы еді. Осы орайда М.Әлімбаевтың аталған еңбегінің алар орны ерекше болды. Оған кезінде кітапқа өз пікірін білдірген оқырман О.Құлымбетовтың: «Қазақ ата-аналар аудиториясына тәрбие жөнінен қолтума – ана тілімізде жазылған еңбек керек еді, мұның негізі қаланғандай, ендігі автордан өтінеріміз, халық педагогикасын тереңірек зерттеп, кітаптың көлемін үлкейтіп, тәрбиенің сан қилы сырына жеке-жеке тоқталса, мұның өзі педагогиканың әрбір нәзік жерін лупамен көргендей түсінуге мүмкіндік бермек», – деген сөзі дәлел болады [4].

Әрбір шаңырақтың алтын қазығы – бала. Бала – дүниеге келмей жатып-ақ ата-анасын ынтымақ-бірлікке, сыйластық пен сүйіспеншілікке шақырып, көңілін жақындастырады. Зерттеу еңбектің беташарында автор жанұя дәнекері осы бала, перзент жайындағы «Бала – жүректің миуасы», «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», «Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры», «Лашын құсқа ауа қадірлі, жүйрік атқа дала қадірлі, ата-анаға бала қадірлі», «Бала – адамның бауыр еті», «Бесіксіз үйде береке жоқ», «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Бір баласы бардың шығаршықпас жаны бар, екі баласы бардың арты бар да, алды бар, үш баласы бардың Орынборда жұрты бар, Қарғалыда құты бар, Қазанда қазынасы бар, Мекержада малы бар», «Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі», «Ұл туғанда күн туған» сияқты сөз маржандарын саралап, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, түпкі мазмұнын ашады.

«Бала ұрпақты баулу, тәрбиелеу – баба ұрпақ пен аға ұрпақтың мойнына жүктелетін тарихи парыз, игілікті уәзипа» екендігін автор ата-аналар қауымының есіне сала отырып, «Әйтеуір баланың қарны аш, иіні жалаңаш болмаса жетеді де, одан арғының қажеті не» деу тым ұшқары ой. Асырау мен асыл тәрбие беру екі сала мәселе, айырмасы жер мен көктей. Қай халықты алсаңыз да, әлгі айтылған борыш-міндетті қалтқысыз пайымдайды, мәселен, қазақ атамыз «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаны қайсы демей ме», – деп ой толғайды.

Қаламгер жырлары бүлдіршіндер үшін бір жағынан ұғынықты болса, екінші жағынан көркем, бейнелі, әрі әсерлі. Бұл, әрине, ақын шеберлігінің айғағы.

Қорыта айтсақ, дарынды ақынның біз атаған қырлары міне осындай. Сонымен қазақ лирикасын, жалпы қазақ поэзиясын, шындап келсек, бүкіл туған әдебиетімізді әр салада аса қымбат жаңа көркемдік сапалармен көркейткен М.Әлімбаевтың еңбегі орасан зор.

Әдебиеттер

1.Білгеннің пайдасы. Қазақ ақын-жазушыларының балаларға арналған шығармалары. Алматы: Жазушы, 2009. 212-бет

2.Әлімбаев Мұзафар. Алатаудың баурайында [Мәтін]: дастандар, аңыздар, ертегілер / М. Әлімбаев. – Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы

3.Әлімбаев Мұзафар. Биікке, биікке [Мәтін] : балаларға арналған өлеңдер / М. Әлімбаев. – Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы

4.Әлімбаев Мұзафар. Менің ойыншығым [Мәтін]: өлеңдер/ М. Әлімбаев; сур. Э. Гаврилова. – Алматы : Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1953

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ТРУДА «КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ МУЗАФАРА АЛИМБАЕВА»

Бакесова Р.К.

Учитель истории Пугачевской КШЯДС
Бурлинского района г.Аксай

Биография. Музафар Алимбаев родился в 1923 году, 19 октября, в Семипалатинской губернии Киргизской АССР, в ауле Маралды. Принадлежит к племени аргын, роду шегендык. Его отец дал сыну красивое имя, означающее «победитель», мечтая, что тот однажды обретет славу полководца.

Мать была простой женщиной, увлеченной народным эпосом родного края. Именно благодаря ей будущий литератор с ранних лет полюбил истории и сказания, полные мудрости и героизма. Многие свои произведения он создал на основе сказок, которые слышал от матери. А ее колыбельные привили Музафару Алимбаеву любовь к стихотворному слогу, его красоте и напевности. Первое знакомство с казахской поэзией тоже произошло благодаря матери. Она читала сыновьям стихи акына Абая, цитируя их по памяти. А в доме была собрана прекрасная библиотека. Способствовала развитию поэтического дара и природа вокруг. Село Маралды располагалось на берегу великолепного соленого озера, в краях, где традиционно жили грациозные маралы.

Мальчик был третьим сыном в семье. И в первые годы его жизни именно мать стала учителем для своих детей. В возрасте 5 лет Музафар уже читал. Мальчик рано пошел в школу. Но любящие родители недолго были с детьми. Когда Музафару исполнилось 9 лет, ушел из жизни его отец. А 5 лет спустя, и любимая мама. Дети отправились в интернат, и здесь жили до совершеннолетия.

Творческая деятельность. После выпуска из интерната, Музафар Алимбаев отправился получать профессию учителя в Павлодарское педагогическое училище. Именно здесь он сложил свои первые стихи. Молодой человек записался в литературный кружок. Его первым опубликованным стихотворением стало посвящение Максиму Горькому. Публикация появилась в местной газете «Кызыл Ту».

Но в мирную жизнь вмешалась война. Достигнув совершеннолетия, Музафар записался на фронт добровольцем. В годы войны он прошел большой путь от рядового до офицера.

Несмотря на военные тяготы казахский поэт не оставляет свое поэтическое творчество. Его стихотворные произведения публиковались в периодических изданиях, которые

распространялись среди бойцов Волховского и Калининского фронтов. Стихи Музафара Алимбаева печатали и на страницах казахстанских газет.

После войны Музафар Алимбаев решил продолжить свою карьеру в журналистике. С 1948 года он писал для журнала «Пионер» и других изданий, более 10 лет проработал в газете «Казахская литература». Затем был главным редактором детского издания «Балдырган» в течение 28 лет, это одна из значимых вех в биографии литератора.

Высшее образование Музафар Алимбаев получил уже после начала успешной литературной карьеры. Диплом университета им. Аль-Фараби ему выдали в 42 года.

Вклад трудов М.Алимбаева. За свою долгую жизнь Музафар Алимбаев успел выпустить более 70 книг. Свой путь поэта он продолжил и в послевоенные годы, с 26 лет публикуя отдельные произведения в прессе. Первый собственный сборник поэт выпустил лишь в 39 лет. Книга под названием «Песни о Караганде» получила широкое признание.

На русском языке вышли также сборники Музафара Алимбаева «Что на что похоже? Стихи для детей», «Подснежник», «На лоне Алатау», «Лирика», «Дивная пора – детство», «Мой Казахстан» и другие. Поэзия Алимбаева легла в основу многих любимых народом песен. Ее читали люди в России, Украине, Польше, других странах мира. Но главные свои произведения он создавал на родном языке.

Особого внимания заслуживает и поэма о земляке Музафара Алимбаев, участнике штурма Рейхстага в годы ВОВ Р.Кошкарбаеве. Ему было посвящено произведение «Водрузившие знамя», изданное в 1974 году.

Не меньший вклад сделал Музафар Алимбаев в сохранение фольклора народов мира. С самого детства обладая отличной памятью, он легко запоминал сказания и легенды. А повзрослев стал собирать предания, сохраняя их на бумаге. Благодаря многолетней работе литератора, казахский фольклор обрел свое бессмертие для будущих поколений.

Впрочем, и легенды других народов мира, а еще пословицы, поговорки, были особой страстью Алимбаева. Он является не только автором их переводов, но и создателем собственных афоризмов. Результатом многолетних трудов стали 3 сборника пословиц и поговорок. А еще – научная монография, посвященная практике перевода народного эпоса.

В Казахстане Алимбаев хорошо известен и как детский писатель. Он написал множество художественных произведений. А еще создал книги для родителей и молодых педагогов. Среди них: «Мысли о воспитании детей», «Из дневника сердца», «Народ – воспитатель». Литератора волновали вопросы нравственного и эстетического развития молодежи. Эти идеи он использовал и в общении со своими детьми, внуками, правнуками.

Литературоведческая карьера Музафара Алимбаева тоже сложилась весьма успешно. Он написал множество критических материалов о творчестве казахских писателей, собрав их в книгу «Сила пера». Много работал над статьями о проблемах в литературе.

Произведения автора получили широкую аудиторию – его книги переводились на многие языки Советского Союза. Его поэтические произведения переведены на 18 языков мира. Он издал несколько сборников стихотворений не только на казахском и русском языках, но и на киргизском и туркменском

Не меньше ценится казахским народом вклад Музафара Алимбаева как переводчика. Пушкин, Лермонтов, Исаковский, Маяковский – вот неполный перечень поэтов, стихи которых казахский писатель перевел на свой родной язык.

На протяжении многих лет он трудился над адаптацией для его родного языка пословиц и поговорок разных народов мира. Алимбаев первым выполнил перевод эпоса «Манас» с киргизского.

Фольклорный материал дал толчок к созданию авторских афоризмов. Жизненный опыт и наблюдательность Алимбаева нашли отражение в созданных им пословицах и афоризмах. В разные годы автор публиковал свои пословицы, их набралось более трех тысяч. Друзья поэта шутливо называли меткие высказывания Музафара – «музафоризмы».

Через года пронес он и любовь к русской литературе, привитую в детстве родителями. Музафар Алимбаев выполнил великолепные переводы на казахский язык произведений

Пушкина и Лермонтова. Работал он и с другими языками. Переводил стихи Гийома Аполлинера, труды Яниса Райниса, Юлиуса Фучика, Саади.

Поэзия Алимбаева светлая и доступная. Он пишет об обычных проявлениях жизни, о своих впечатлениях о любом предмете, который попал в поле его поэтического дарования. Благодаря лиричности и напевности стихотворения поэта легко ложатся на музыку. Существует более 200 популярных песен, написанных разными композиторами на стихи Музафара Алимбаева.

Он написал множество критических материалов о творчестве казахских писателей, собрав их в книгу «Сила пера». Много работал над статьями о проблемах в литературе.

Возвышенность стиля и уважение к духовному миру человека позволили ему стать соавтором Казахстанского государственного гимна.

Музафар Алимбаев при жизни получил немало наград. Как ветеран ВОВ, к 40 годовщине победы он удостоился Орденом Отечественной войны II степени. Также Алимбаев является обладателем множества медалей за трудовые отличия и доблесть. В 1978 году Музафару Алимбаеву присвоили звание заслуженного работника культуры Казахской республики.

В 1994 году ему присвоили звание Народного писателя Казахстана, а в родной Павлодарской области поэт был признан почетным гражданином.

Его чудесные сказки до сих пор читают маленькие жители Казахстана. За сборник сказок «Хозяйка воздушных дорог» автор получил государственную премию республики Казахстан. Музафар Алимбаев прожил долгий жизненный путь — 95 лет прожил писатель, подарив казахской литературе прекрасные сказки и стихи.

Музафар Алимбаев ушел из жизни в 2017 году, в окружении семьи.

Заключение. Музафар Алимбаев - выдающийся казахский поэт, писатель, переводчик, публицист, фольклорист. Он занимает важное место в литературе Казахстана и ее истории. Человек с мировым именем, оставив незаменимый вклад в наследии культуры казахского народа. Его имя с плеяды поэтов-ветеранов ВОВ, которые познали все тяготы жизни и трудности, но смогли одержать победу! Гордостью страны – Бауыржан Момышулы, Габит Мусрепов, Музафар Алимбаев.

В 2017 году на панихиде по Алимбаеву в Казахском государственном академическом театре драмы имени Мухтара Ауэзова выступающие высоко оценили вклад писателя в развитие национальной культуры. Алимбаев был представителем военного поколения писателей, классиком, мужественным человеком и тонким лириком.

Литература

1. Шашкова Л. Сын песенного края [Текст]/ Л. Шашкова//Казахстанская правда, 2013.- 30октября
2. Алимбаев Музафар [текст] // писатели Казахстана: XXвек: справочник.- Алматы: родной язык, 2004.-с. 53-54.
3. Павлодар. Павлодарская область. Энциклопедия. — Павлодар., 2003; Казахстан, А-А., 1969 (Павлодарское Прииртышье)
4. Сайт knigagid.ru

С ЛЮБОВЬЮ К РОДНОЙ ЗЕМЛЕ ...

Наушина Ж.Ж.

Учитель начальных классов КГУ «школы-лицей №1» ЗКО, с. Жанибек.

Казахстанская детская литература берет начало из казахской, которая в свою очередь берет начало в XIV-XV веках – времени формирования казахского народа и образования казахской государственности. Как же сегодня обстоит ситуация с детской литературой Казахстана? С обретением независимости детская литература Казахстана приобрела свою

неповторимую динамику, основываясь на лицах классиков, которые были у истоков формирования детской литературы в Казахстане.

Заметный вклад, внес в казахскую детскую литературу - народный писатель Казахстана, лауреат Государственной премии Казахской ССР, заслуженный деятель культуры Казахской ССР, Музафар Алимбаев. Выдающийся казахский поэт и переводчик, литературовед, детский писатель, один из авторов первого гимна Казахстана. Лауреат Государственной премии Казахской ССР (1984). Заслуженный деятель культуры Казахской ССР (1978), народный писатель Казахстана (1994). Участник Великой Отечественной войны.

Музафар Алимбаев родился 29 октября 1923 г. в ауле МаралдыЩербактинского района Павлодарской области. Музафар рано лишился родителей: когда ему было 9 лет умер отец, а через 5 лет умерла мать. Свой поэтический путь начал в 1939 г. 18-летний комсомолец Музафар Алимбаев добровольцем уходит на фронт в начале Великой Отечественной войны. Был рядовым солдатом, заместителем командира минометной батареи тяжелых самоходных установок, офицером штаба учебной танковой части. На фронте он продолжает писать, его стихи публиковались в республиканской газете «Социалистік Қазақстан», в газетах Калининского и Волховского фронтов. В звании старшего лейтенанта демобилизовался в 1948г.

В 1948-1958 годах работал заведующим отделом журнала «Пионер», заведующим отделом и заместителем главного редактора газеты «Қазақ әдебиеті». В 1958-1986 гг. – главный редактор нового детского журнала «Балдырған».

Поэт стал признанным классиком детской поэзии. Успешно работал в литературном жанре: поэзия. Своими стихами он зовет ребят к полезным делам, учит дорожить все тем прекрасным, что есть у нас на родной земле Казахстана.

С любовью пишет М. Алимбаев о природе, которая окружает нас. Почему надо учить детей любить природу? Как привить уважение к старшим? Почему плохо быть некультурным? В произведениях Алимбаева выражена мечта о высоком назначении человека, о его ответственности на земле.

Заботясь о счастье детей, формируя их нравственность, зная, что детство- это особое психическое состояние, в котором разум и чувства слиты, и учитывая особенности детской психологии и мировоззрение, Музафар Алимбаев призывает с раннего возраста формировать мысль о нераздельности человека и природы.

В начальной школе мы знакомимся с произведениями Музафара Алимбаева с 1 класса в учебнике Обучение грамоте отрывок из стихотворения «Иртыш», «Уроки вежливости». Во 2 классе, в учебнике Литературное чтение 1 часть «Родник земли родной». В 3 классе, в учебнике Литературное чтение, 1,4 части: «Глаза голубые земли», «Иртыш».

Цель данных произведений: уметь видеть и чувствовать красоту родной земли. Задачи: развивать умение видеть и воспринимать красоту природы, заботиться и бережно относиться к ней. Эти произведения имеют большую познавательную и воспитательную нагрузку для младших школьников. Работая над содержанием произведений, которые авторы включили в учебники общеобразовательной школы Алматыкітап баспасы, по которым занимается наша школа. Стихи М. Алимбаева любят за огромную любовь к Родине, они передают нам чувства человека, который не просто любит свою землю, но и не может жить без звонкой песни, без ручья, без родного родника, без запаха листьев, без красоты степных просторов. В его поэзии воспевается негромкая, но притягательная красота природы.

Литература

1. Мосягина Н.Ф. Музафар Алимбаев – народный писатель Казахстана: [Алимбаев Музафар. Посол державы детства:(к 110-летию писателя СапаргалиБегалина) /Алимбаев Музафар; Музафар Алимбаев//Простор.- 2005. - N12. - С. 99 - 103.

2. Воспоминания Музафара Алимбаева: (150 лет ИманжусупуКутпанову) // Звезда Прииртышья.- 2013.- 20 июля. - С. 6

3. Горбунов Сергей. Стихи поэта не стареют: (ВПавлодарской области празднуют 90-летие земляка, поэта Музафара Алимбаева) //Казахстанская правда.- 2013.- 30 октября. - С. 8
4. КошеноваРаушан. Глашатай истин вековых: [29 октября Музафару Алимбаеву исполнится 90 лет] // Звезда Прииртышья.- 2013.- 24 октября. - С. 14
5. НакиповДюсенбек. Поэт - творец чуда: (К 90-летию М. Алимбаева) // Звезда Прииртышья.- 2013.- 17 октября. - С

БАЛАЛАРДЫҢ СҮЙІКТІ ЖЫРШЫСЫ – МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ

Кадиргалиева А.Д

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, №37 жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімі

Балалар әдебиетінің бүгінгі сүйікті жыршысына айналған, қазақ әдебиетінің дамуына өз үлесін қосып, құнды еңбектерімен оқырман көз қуанышына айналған балалар ақын-жазушыларының бірі Мұзафар Әлімбаев! Қазіргі қазақ әдебиеті мен поэзиясында жалпақ жұрттың жаңадан тіл ашқан бүлдіршінінен бастап, аз-көп жасаған ғұмырында әлденеше қыр асқан қариясына дейін жаппай оқитын да танитын қаламгеріне айналды.

Мұзафар Әлімбаев есімі өз елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталарды қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын. Сондай-ақ, ел тәуелсіздігін жан-жүрегімен жырлаған абыз ақсақалымыз. Ол қазақ әдебиетін жаңа биікке көтергендердің алдыңғы қатарында болды. Саналы ғұмырын халқымыздың бірлігі мен келісіміне, ұлт әдебиетінің әлемдік биікке көтерілуіне арнады. Оның бата-өлеңдері «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кітап болып 1996 жылы «Атамұра» баспасынан шықты. Жинаққа көрнекті ақынның 200-ден астам баталары енген.

Ж.Елшібек «Ерекше туынды» атты мақаласында ақынның баталары жөнінде: «Қашаннан сөздің құдіреті мен қасиетіне зор мән беріп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев ықшам, тығыз, ойлы, өрнекті жазу үрдісінен айнымай келе жатқанына куә боламыз» [1, 32-б], - деп жазады. Яғни, Мұзафар Әлімбаев қазақ лирикасын көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан, нақтылықты орнықтырған ақын. «Өлеңнің табиғаты лирика, сондықтан ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіренген жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады» [2, 72-б], - дейді. Алғашқы қадамын Павлодар облыстық “Қызыл ту” газетінде жарық көруден басталған өлеңдері қазір том-том болып халқымыздың рухани қазынасына айналған, бүгінде қазақ поэзиясының құнарлы топырағына қаққан қазығы нық, нығыз, асқар биік шығармашылық тұлға - Мұзафар Әлімбаев. Ондаған жылдар бойы ауыздан түспей шырқалып келе жатқан “Ақмаңдайлым”, “Өзің де жігіт, қызықсың”, “Маралдым”, балаларға арналған “Мұғалім ол біздің”, “Көшпелі фонтан”, “Бесік жыры”, “Қартаймайсың, жан ана” қатарлы көптеген ән-өлеңдері халықтың сүйікті туындысы болып кетті. Қаламгердің естеліктері мен эсселері, мақал-мәтелдері мен көңіл күнделіктері де оқырмандар көңілінен шыққан тартымды дүниелер. Халықтың ауыз әдебиеті — қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді зерттеп, жинастырған “Маржан сөз”, “Мақал-мәтелдер” секілді кітаптары халықтың күнделікті қажетсінер дүниесіне айналды.

Сондай-ақ ол айтулы публицист, майталман аудармашы, әдебиет зерттеуші. Ақынның бұл қырларының қай-қайсы да-қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, мәуелі бұтақтар. Үздіксіз, әрі дәмді, мол жемістер беріп келе жатқан бұтақтар. Шындығын айтсақ, бізге үлкендер ақыны, аудармашы, сыншы, очеркші, ән-өлеңші, ұстаз, редактор М.Әлімбаевтың қай-қайсысы да қымбат. Алайда, әсіресе соңғы ширек ғасыр көлемінде, қаламгер есімі аталса болды, алдымен балалар ақыны М.Әлімбаевтың ойға оралары анық.

Әлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше.

М.Әлімбаев балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой-өрісіне сай лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алды. Өлеңдерін оқып тілі шыққан бүлдіршіндеріміз қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін, қазақ сөздерінің ғажайып нәрін Мұзафар ағамыздан үйреніп келеді» [3].

Бүгінде, мынау технология мен ғарыш заманында біздерді таң қалдыру, кітапқа еліктіру оңай шаруа емес сияқты. Талғамы биік В.Белинскийдің бір сөзі осы бүгін айтылғандай: "...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек". Яғни, бала бола білу керек. Ал, М.Әлімбаев ағамыз шығарма жазғанда тіпті балалардың жас ерекшеліктеріне дейін қатты ескереді екен. Сондықтан оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жас өспірімдерге арналған болып айқындалып, айрықшаланып тұрады.

Мұзафар Әлімбаевтың "Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?", "Көкек неге "көкек" дейді?" "Тауыс неге қызыл-жасыл?", "Қарға неге қара?", "Алатаудың баурайында", "Көк кілем", "Еріншектер елінің Ертенбайы туралы" аңыз-ертегілері кім-кімді де жалықтырмайтыны шындық.

Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арнап жазған кітаптарында тәрбиелік мәні бар өлеңдері көптеп кездеседі. Мысалы, "Суайт сауысқан", "Қырықаяқ", "Әппақ пен сатпақ", "Тарғыл мысық дағдысы" сияқты толып жатқан жырлары бар

Ақын "Желдеген не?" өлеңінде:

Желдеген не?

(Айтдепінімжалынды).

Жел де ауакәдімгі

(Айтқанымананағой).

Желдегенің тек бірақ,

Ойға –қырғашапқылап,

Пайызтаппасауағой[4]- деп,

жел сияқты тұрақсыз әрі берекетсіз болмау жағын тапқырлықпен айтып, суреттеп берген.

Ақын 5 жасында әріпті әліп деп біліп, кітап оқи бастайды. 6-сыныпта ауыл кітапханасының бір қыста 150-ден аса кітабын тауысып, "Бауырсақтан" бастап, "Батырлар жырымен" жалғастырып, Пушкиннің 4 томдығын тауысады. Өлең жазуды мектеп қабырғасында бастап, 16 жасында анасына арнап жазған тұңғыш өлеңі мерзімді баспасөзде жарияланады. Бұл үлкен өнер жолына деген алғашқы баспалдағы еді.

Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады депті бір ақылды адам. Әлде бір аңқаулар болмаса, байыпсыз алаңғасарлар болмаса, халық сөзімен айтқанда, "оқу өтіп кеткен" оқымысты сымақтар болмаса ешбір қаламгер көркемдік мақсатқа жете алмайды екен. Ақынның қай өлеңін алып оқысаң да өзіміз куә болып жүрген көріністер арқау болғанын байқаймыз. Аспан кемесінде жұмыс істейтін мамандық иесі туралы «Аспандағы әпке» өлеңіне аттас кітабы әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлықты алған. Ақына тамыздың «Жалқау винт» деген өлеңіндегі:

Жалқау бір винт жасынан,

Жылжып болттың қасынан,

Түсіп қалды қырсығып,

Тоқтасын,-деп,-машинам!

Оған несін қарасын?!

Бұрап алып жанасын.

Жүріпкетті машина

Шарлап совхоз даласын.

Жапанда винт тек жатыр,
Жаңбыр-батыр, жел жатыр.
Жарамаған кәдеге

Көктемірді жеп жатыр [4] – деген өлең жолдарының көпшіліктен бөлектенбей, қашанда қайырымды болып, басқа біреуге қастандық ойламауға үйрететінін байқаймыз... Ақынның көптеген өтірік өлеңдері тақырып, таным жаңалығымен ерекшеленеді. Атап айтсақ:

Қақ жарып шоғын жұлдыздың,
Ұшқанын көрдім құндыздың.
Құдықтың суын төктім, төңкердім де,
Теңізді жалдап өттім, жөн көрдім де.
Құлынның мүйізіне мініп аттай,
Бүгін – ақ барып қайттым ертең күнге.
Алдайды деп аптықпа,
Үйір емен дақпыртқа:
Ай қасында түнедім,
Орандым да ақ бұлтқа.
Ұлу озды елікпен жарысқанда,
Тышқан жеңді аюмен алысқанда.
Арбама атты қойып, қоңыз жектім,
Бір емес қатарынан тоғыз жектім [4].

Ақынның тағы бір өнері — әнге өлең жазу. Оның 1949 жылдан бастап 300-ге жуық өлеңі ән-әуенге айналыпты. Ол әндердің көбі балаларға арналған: “Мен — баласы даланың”, “Мұғалім ол біздің”, “Менің атам — майдангер”, “Көктем дала — Алматы”, “Біздің балабақшада”, «Жұлдызым» тағы басқа көптеген өлеңдері.

Көп еңбектенетінін ақын көп еңбектенуді кімнен, қалай үйренгендігі жайлы өзі былай дейді: «...Дімкәс әке-шешеміз бізге кезекпен үй сыпыртатын, су әкелдіретін. Алты-жеті жаста мал жайлауды үйрендім. Тезек теру, шілік шабу, отын жару — бала шақтағы күнделікті үрдісіміз еді. Ауаны қалай жұтсақ, суды қалай ішсек, бұлар да сондай үйреншікті машық еді, арба жегу, етік жасау, түйме қадау, кір жууды да жатырқаған емеспін, кейде апам болысып, сиыр сауған күндерім де болды... Осының бәрінің өсе келе пайдасы тиді, әсіресе әдебиетте. Солардың бәрі еңбектене білуге, еңбектен ләззат табуға үйретіпті» [5]

— деп есіне алады. Ақынның еңбекқорлығы жайында Ғафу Қайырбеков: «Мұзафар Әлімбаев — шынтуайтқа келсек, нағыз ғылымның адамы. Оның ғылымға тән таланты, миының зеректігі, асқан төзімділігі мен мүлде ерінбейтін еңбекқорлығы, уақытының көбін қағаз арасында, кітап ішінде өткізуі — бәрі де оның ғалымдық қасиетін айтып тұрған жоқ па?» [6] — деп естелік айтады.

Шәкірт болсаң,
Шоқандардай озық бол,
Оқу-білім бейнетіне төзіп көр.
Ертеңгі істі бүгін ойлап, бейімде,
Бүгінгіңді ысырма тек кейінге.
Қадари-хал талабы бар әркімнің,
Жастан шырқа әнін туған халқыңның.
Кітап құмармен сырлас бол,
Кластастармен мұңдас бол.
Қылқалам, бояу сөйлесін,
Сал туған ауыл бейнесін!
Үлкеннен үйрен,
Кішіге үйрет.
Жаманнан жирен,

Тозғанды күйрет [7], - деп Мұзафар атамыз барлық оқырмандарына арнап өсиет жолдапты.

“Асыға асқаныңда қайқаң белден.
Алдыңнан ауыл шығар ойпаң жерден,
Айна көл ақшыл тартып жатар тымық,

Секілді қымыз құйған жайпақ зерен” [7]. Бұл - ақынның туған жерінің суреті. М.Әлімбаевтың туған өңірі Маралды атырабы да (Павлодар облысы, Шарбақты ауданы) әнші-күйшілердің, ақын-жыраулардың, ертегіші-хикаяшылардың, ділмәр шешендердің думан құрған өнер төріндей Жетпіс жыл бойы Қазақстан жұрты мен қазақ халқының рухани өсіп-өнуіне аянбай еңбек еткен Алаш қауымының ардақтысы, еліміздің абыз ақсақалы Мұзафар Әлімбаевтың жарқын бейнесі халқымызбен бірге мәңгі жасай береді. Бүгінгі жас буын ертең Қазақстанның, қазақ ұлтының бет-бейнесін көрсетеді. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық болмысқа исіндіре тәрбиелеудің маңызы зор. Адам білімді кез келген жасында ала алады. Ал ұлттық тәрбиені жастайынан бойына сіңіре алмаған адам сүйегі қатып, буыны бекіп кеткенде оны жанына серік етуге кешігеді.

Әдебиеттер

1. Елшібек Ж. «Ерекшетуынды» Жыршашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан.-1993.-25 мамыр.- Б.8
2. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егем. Қазақстан.-1998.-7 қараша.- Б.4
3. Қыдырбеков Ғ. Сарабдал сөз сардары. — Егем. Қазақстан.-1993.-29 қазан.- Б.5
4. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық.- Алматы: Жазушы.-367 б.
5. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
6. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
7. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Дуйсенова Ж.Р.

Атырау облысы, Махамбет ауданы «Алтын-ай»
бөбекжай бақшасының тәрбиеші

Қазақ балалар әдебиетінің, оның ішінде балалар поэзиясының түп- төркіні, бастауы қазақ халық ауыз әдебиетіндегі бесік жыры, мал баласын сүю, санамақ, жаңылтпаш, өтірік өлең т.б. жатқандығы сөзсіз. Қазақ поэзиясының тарихын бағдарласақ, мұнда балаларға арнап өлең жазбаған қаламгер кемде – кем. Мұны өзі қазақ қаламгерлерінің жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. Қазақ балалар поэзиясының шын мәнінде өркендеуі ғасыр, кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті кезінді болғандығы белгілі. Аталмыш дәуірінде Б. Майлин, І. Жансүгіров, А. Тоқмағамбетов, М. Жаманбалинов, Ж. Кәрібозин, т.б. қазақ балалар поэзиясына айтарлықтай үлес қосты.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, аудармашы, әдебиетші, балалар ақыны, Абай атындағы мемлекеттің сыйлықтың иегері, Қазақстан халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың балалар поэзиясында орны ерекше. Ол кісі 1923 жылы Павлодар облысы Шарбақты ауданы Маралды селосында дүниеге келеді. Ұлы Отан Соғысына қатысқан. Армиядан оралған соң, С.М.Киров атындағы Қазақ университетін бітіреді. «Пионер» журналының бөлім бастығы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасары қызметін атқарып, КПСС мүшесі болған. Оның «Менің ойыншақтарым» (1953), «Орақ - олақ» 1962, «Шынықсаң шымыр боласың» (1969), «Балдәурен, шіркін, балалық» (1973), «Ақсерек те көксерек» (1977) ,

«Аспандағы әпке» (1982) , «Екі тақтай бір көпір» (1992) «Қоянның құлағы неге ұзын?» (1996), сияқты т.б. жинақтары кішкентай оқырмандардың сүйікті кітаптарына , ұстаздардың, тәрбиешілердің балалар тәрбиесінде, олардың ой- өрісін дамытудағы көмекшісіне айналды. 1984 жылы «Аспандағы әпке» жинағы үшін М. Әлімбаев Абай атындағы мемлекеттік сыйлық иегері атанды.

М. Әлімбаев жинақтарының оқырмандарын тез тауып, сүйіктісіне айналуында, сөз жоқ, дарын мен ізденімпаздықтың нәтижесі, балалар психологиясымен жете таныс болуы жатыр. Бұл жөнінде автордың өзі : «Ақындықтың негізгі сыры, басты құпиясы, біздіңше, қиял ұшқырлығында, талант құдіреттілігінде... шын ақын өрнектеп ойлайды, өлеңмен толғайды. Шын ақынға қара сөзден гөрі өлең жақын»(1), -деп шынайы дарын иесінің ішкі жан дүниесін сипаттайды. Өзінің шығармашылық жолында М. Әлімбаев әрқашан «өрнектеп ойлап, өлеңмен толғайды». Ақын шығармашылығы жөнінде ақын- жазушыларымыз, әдебиетші ғалымдарымыз көптеген құнды пікірлер айтқан.

Белгілі әдебиетші – ғалым, сыншы, профессор Н.Ғабдуллин : «...М. Әлімбаев – қазақ балалар поэзиясының өркендеп дамуына үлкен еңбек сіңіріп келе жатыр. Ақынның балалар поэзиясының мазмұны мен түрін байытуға қосқан көп сапалық жаңалықтары, көркемдік үлгілері бар» (2), - деп ақынның балаларға арналған шығармаларын жоғары бағалаған.

Әрине, балалар ақыны болуы үшін, жоғарыда айтып өткеніміздей, бүлдіршіннің жан – дүниесін білуі қажет. Біліп, ұғып қана қоймай, ол білгенін өлеңмен өрнектей білу керектігі осы сәтте туындайды. Ақын өз ізденімпаздылығы мен еңбекқорлығын осы арада да танытады. М.Әлімбаевтың кішкентай оқырмандары оның кейіпкерлерінен өздерін таниды, себебі ақын кейіпкері «жанды», әр қырынан көрінеді. Ал, М. Әлімбаев өз кейіпкерлеріне «түсіністікпен қарап, олармен бірге қуанып, ренжидіде» (3) Кейде өзінің кішкене кейіпкерлерінің балалық қылықтарына сүйсінеді, зілсіз мысқылмен қағытып қояды, әзілдеп қояды, енді бірде пәк бала көңілін жағымсыз мінездермен сақтандырады, адамдық қасиеттерге шақырады. Алайда ақын бүлдіршіндерді жақсы қасиеттерге шақырса да, жағымсыз қылықтан сақтандырса да, ол мақсаттарын құрғақ уағыз негізінде емес, жанды бейнелер арқылы танытады, оқырмандарына ой салады, қорытынды жасатады, ойландырады.

Автордың балаларға арналған өлеңдері қысқа болғанмен, белгілі сюжетке тартымды ойға, терең пікірге құрылған. Ақын балалардың қызығышта қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтанда Мұзафар өмірдің кішкене көріністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды өзіне зор мақсат етіп қояды.

1949 жылы М. Әлімбаев өзімен қызметтес Мұхамет ағасының үйіне барғанда ол кісінің кішкентай қызы қуыршақтарына Әлімбаевтың өлеңдерін айтып беріп ойнап отырғанын көреді. Бала бақшаға барып жүрген бүлдіршіндердің жұмбақтарын айтқанын есіткенде «Балаларға арнап жазсам бірдеңе шығады екен ғой» деген үміт оты жанады.

М. Әлімбаевтың адамның немесе хайуанаттың адалдығын, арамдығын, батырлығын, бостығын, достығын немесе қастығын суреттейтін мысалдары өте көп. Ақын атамыз қазақтың бір туар ұл - қыздары туралы естеліктер жазып, көптеген өлеңдер шығарған.

Ақынның әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны үлкен кісілер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді.

«Әріптер сыры» өлеңінің мамандық таңдауға жол ашатын сыр сипаты бар.

«А» - Алтай бала дәрігер,

Аурудан сақтар ол мені,

« Ә» - Әнуар өнер біледі.

Әдемі етік тігеді

«Б» - Бауыржан сақшы-жауынгер

Батыр деп сүйген қауым ел

«В»- Володя мастер мен дейді

Вагондарды жөндейді.

«Г» - Гүлжамия бақшашы,

Гүлге толған бақшасы.
«Ғ» - Ғажап бояу жағады.
Ғали сурет салады.

Мұндағы әр әріптің түрлі мамандықты таңдайтындай мазмұнға құрылған және 1 сынып оқушыларының жаттау айтуына ыңғайлы. 36 әріпті түгел танып шыққан 1- сынып оқушылары ата-аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі «а», екіншісі «б», үшіншісі «ә» болып рольдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата-ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың ақын-жазушыларға қояр тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімділік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды

Сөзіміз жалаң болмас үшін ақынның еңбекке шақырған бір – екі өлеңін мысалға келтіріп өтейік:

Ара тыңбайды
Ұшып зырлайды,
Шарлап қырларды,
Шырын жинайды.
Гүлдер өсірсен,
Балың сыйлайды.

«Сыйға - сый» өлеңінде М. Әлімбаев араның күнделікті зырлап ұшып, тынним таппай, еңбектенген тірлігі мен бүлдіршіндерді таныстыра отырып, оларды да ара құсап тынбай еңбектенуге шақырады. Сөйтіп, «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ұлы Абай афоризміне жақын ой түйеді. Бүлдіршіндерге бал жегің келсе, гүл өсіріп, айналанды көгаландыр деген ой тастайды. Балалар не нәрсені де нақты түрде түсінеді, ақын сондықтан да оқырмандырына гүлзарларды көбейту идеясын ұсынады. Ақын ойын жинақы әрі өте ұтымды берген, өз орнын таппаған басы артық сөз жоқ.

Оқырманның көз алдына төңіректі шарлап, гүлден-гүлге қонып, шырын жинаған еңбекқор жәндік, жайқалған көкмайса елестейді. Бейне бір сол араның ызыңын естігендей боласың. Н. Севостьянова өз мақаласында: «Егер сіздер М. Әлімбаев өлеңдерін мұқият оқысаңыздар, онда, әрине, олардың балалар салған суреттерге ұқсайтындығын, солар сияқты көркем, бейнелі түрлі- түсті екендігін көресіздер», - дейді.

Жоғарыда келтірілген өлеңдерінде мүмкіндігінше ашық дауыстыларды қолданады. Мұның себебін ақын: «..олақ ақындар бұл талаппен санаса бермейді, дауыссыз дыбыстарды қаптатып, өлеңді оқыған кіп-кішкентай баланы былдырлатып, тұтқыртып әуреге салады»(1), - дейді. Жоғарыдағы өлең балалар өлеңіне қойылатын осы талаппен де ұштасып жатыр. Демек өлең сөздерінің дыбыстық, буындық жағынан дұрыс үйлесім табуы, оның бүлдіршіннің тіліне орамды, жүрегіне жылы тиюіне әсер етеді. 3-4 тармақтардағы ш дыбысының сәйкесігі де өлеңге ойнақылық, көркемдік дарытып тұр.

«Сыйға сый» өлеңіне бәрі алты тармақтан құралған. Әр тармақ бес буынды болып келеді. Алғашқы төрт тармақ пен соңғы тармақ өзара ұйқасады да, бесінші тармақ қалыс қалады. Мұның себебі, ақын бақылауынша, «бірыңғай үйлесімдер жас бөбекті жалықтырып жібереді, жаттауға бөгет жасайды» (1) және айта кететін бір жайт, қалыс қалған жол белгілі бір мағыналық жүк көтереді. Демек, оқырманды еңбекетуге шақырады.

Өлең көлемінің шағындығы тағы да, балалар поэзиясының шарттарынан келіп туады. Өйткені бүлдіршіндер зейіні өте құбылмалы. Сол себепті ұзын-сонар баяндауларға қарағанда, олар ойнақы да қызғылықты, шағын да көркем өлеңдерді тыңдауды ұнатады.

Еңбек тақырыбына арналған тағы бір шағын өлеңді мысалға келтіре кетсек:

Кіп-кішкентай күрекпін,
Күнде саған керекпін.
Күре қарын ауланың,
Қопсыт түбін теректің..
Еңбексүйгіш күрекпін,

Елгезекке керекпін.

«Күректің жыры» өлеңі еңбексүйгіш күректің монологы түрінде жазылған шағын өлең. Автор күрекке жан бітіре суреттей отырып, оны үнемі тынымсыз еңбек үстінде көрсетеді. Күрекше баланы қол қусырып отырмай, ауланың қарын күреп, теректің түбін қопсытуға шақырады. Өзінің еңбексүйгіш, елгезек балалармен ғана ДОС екендігін айтады. Аталмыш өлеңі арқылы ақын бүлдіршіндерді шама-шарқынша еңбектенуге үндейді. Күректің кіп-кішкентай болуы оның бүлдіршіндерге арналғанын меңзейді.

Өлең небәрі алты жолдан тұрады. Әр тармақ жеті буыннан құрлған. Өлең ұйқасына келсек, ол егіз ұйқаспен жазылған. Бұл жөнінде қаламгердің өзі: «Бала өлеңінің ұйқастары бір-біріне таяу орналасқаны құлаққа жағымды. Меніңше, кішкентайлар егіз ұйқасты өлеңді тез жаттайды» (1). Демек, қаламгер саналы түрде өз өлеңінде егіз ұйқасты қолданады.

«Балалар өлеңінің әр шумағы, тіпті егіз - қос жолына бір-бір сурет салынғандай болғаны – оның көркемдік құндылығына айғақ» (1), - деген ұстанымын ақын «Күректің жыры» өлеңінде қолданған.

Өлеңдегі дыбыстық қайталаулар - аллитерация (к, қ дыбыстарының тармақ басында, аралығында қайталанып келуі) ассонанс (е дыбыстарының сәйкесігі) өлеңге әуенділік сыйлап тұр. Мұндайды быстық қайталаулар өлеңнің тез жатталуына өз септігін тигізеді.

«Еңбектен асқан есті ұстаз жоқ» деп М. Әлімбаевтың өзі айтпақшы, еңбек адамды ширатады, өмірге дағдыландырады, жалқаулық, жатып ішерлік, еріншектік тәрізді мінездегі міндерден ада етеді, адамгершілікке, адалдыққа еңбексүйгіштікке баулиды.

Қорыта келгенде, М. Әлімбаевтың еңбек тақырыбындағы өлеңдері бүлдіршіндерді игі қасиеттерге тәрбиелеудегі бірден-бір құнды құрал.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы «Санат» 1997ж.
2. Әлімбаев М Балдәурен, шіркін, балалық : Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар. -Алматы: Жазушы, 1973ж
3. Әлімбаев.М. Аспандағы әпке: өлеңдер,ертегілер, жұмбақтар, Жаңылтпаштар,- Алматы: Жалын,1982ж
4. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: (Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Мемлекетінің Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы) //Егемен Қазақстан-1998ж

«БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ М. ӘЛІМБАЕВ»

Давлетова Н.Т

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
№50 «Заңғар» бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының қазақ тілі мұғалімі

М. Әлімбаев өз сөзінде: «Балалар - байыпты халық. Бүгінде олардың білмейтіні аз...талғамы биік. Балалар әдебиетінде талантылар мен табандылар ғана тұрақтайтыны содан шығар» - деген. Шынында, ақын саналы өмірінің жартысын осы балаларға жазуға арнаған. Бала десе ішкен асын жерге қоятын ақын әр баланың жасын ескеріп барып қалам тербеген. «Пионер жасындағыларға айтар сөз басқа, октябрияларға айтар ой басқа, комсомолец шәкіртпен кең отырып, көсіліп сұқпаттасуға болады»- деген бір сөзінде. Ұлы Отан соғысына қатысып, майданда ел үшін, жер үшін аянбай күрессе де, бұл жағдайлар М. Әлімбаевтың мінезін қатайтып жібермесе керек. Жаны нәзік лирикамен өрілген ақын әдебиеттен бой үзіп қалмады. Тіпті, балаларға арнап қалам тербей бастады. 1953 жылы «Менің ойыншығым», 1959 жылы «Отпен ойнама», 1962 жылы «Орақ - олақ», 1977 жылы шыққан «Шынақсаң

шымыр боларсың» деген кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған өлшеусіз үлес.

М. Әлімбаевтың мақал - мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстары: «666 мақал мен мәтел» 1960 жылы, 1963 жылы «Мақал - сөздің мәйегі», 1967 жылы «Өрнекті сөз - ортақ қазына», 1970 жылы «Мақалнама», 1982 жылы «Маржан сөз», 1998 жылы «Нақылдар». 1996 жылы «Батамен ел көгерер», 1994 жылы «Халық - ғажап тәлімгер», 1996 жылы «Нақылдың төркіннамасы» деген жинақтар мен зерттеу еңбектері жарық көрген. Бұл мақал-мәтелдерінен де балаларға алар тәрбие өте көп.

Қазіргі уақытта, өзім жұмыс жасап жатырған балабақшада

М. Әлімбаевтың өлеңдерін әр ұйымдастырылған іс-әрекетімде еркін қолданамын. Апта күндерін үйретер болсам:

Бір апта

Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,
Сейсенбіде серуен құрдық далада.
Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,
Бейсенбіде би биледік әндетіп.
Жұма күні жидек тердік қыратта,
Сенбі күні кино көрдік клубта.
Жексенбіде үйде болып дем алдық,

Осылайша өте шықты бір апта, -деген өлеңін жаттатамын. Биылға балабақша стандартына сәйкес туыстық атауларды балаларға үйрету керек болса да, кітапты аша салып, Мұзафар атаның «Ана», «Әке», «Аға», «Іні», «Әпке», «Қарындас», «Жезде», «Жиен», «Бөле» т.б өлеңдерін алып балаларға түсіндіре қоямын. Мысалы:

Жиен

Әпкеміздің баласы –
Бізге жиен!
Қарашы.
Бөлесімен таласып,
Дейді бізді «нағашы».
Құдай берген жиенді
«Бауырым!» - деп сүй енді!..

Бөле

Нағашы апам баласы
Бөлем бар,
Жасты өзіммен...
Жарыса өскен жарасып,
Ойымды ұғар көзімнен.
Етене жақын бөлем де
Егіз жолдаймыз өлеңде.

Жай сөзбен айтқанша, балаға өлеңмен түсіндіріп, өздеріне жаттатса, тез ұғып алады. М. Әлімбаевтың «Үлкендерден үйреніп» атты кітабын алып оқысақ та ақындар, жазушылар, әншілер, суретшілер, батырлар, жыраулар, жер-су атаулары т.б. туралы балаларды жалықтырмай, бала тілінде ықшамдалып, жаттап алуға ыңғайлы қылып жазған. Балалар әдебиетінің классигі Мұзафаның «Балдәурен» кітабында «Аулақ бол жаман әдеттен» деген өлеңінде аңдардың сөзімен тиым сөздерді балаларға ертегі тәрізді қылып оңай-ақ түсіндірген.

«Аулақ бол жаман әдеттен»

Қаншама рет ескертті Аю Қоянға:

Бүйіріңді таянба!...

Ұқтырды ешкі Лаққа:

Жөн білмей лақпа,

Тандайыңды қақпа!

Балаларға жазған «Ел қорғауға әзірміз», «Жас спортшылар жыры», «Спартакиады маршы», «Алтай атты», «Мұғалім ол біздің» атты ән-жырлары қазақ әндерінің алтын қоры.

Тек балалар ғана емес, үлкендер де сүйсініп айтар әндер дер едім. «Жасыбай батыр мен Елпекбай», «Аштың аңы жүрмейді», «Сараң», «Көк сиырды көтерген келіншек», «Бүркіт пен жапалақ» атты танымдық мәні бар ертегілері бала қиялын еліктіріп әкетеді. Шабыт беріп, оқуға деген балалардың ынтасын оятары сөзсіз.

«Балдырған» басылымының өзгелерге ойыншықтай оңай көрінетін ауыр жүгін жазушы Мұзафар Әлімбаев ширек ғасырдан астам уақыт арқалады. 1958-1986 жылдар аралығында журналға тапжылмастан редакторлық етті. «...Нақтылық, ойлылық, жинақылық — Мұзафар өлеңдерінің ең басты қасиеттерінің бірі.

«Мұзафар — біздің із-өкшемізді басып келе жатқандардың ішіндегі ең бір ірі ақын. Оның өзіндік беті бар, қолтаңбасы бар. Әрбір өлеңін жарыққа шығарарда әрбір сөзі үшін күресетін, өзіне-өзі сыншылық жасайтын сарабдал ақын. Лирик ақын Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінен заманның эпикалық зор тынысы, мол құлашы сезіледі» — дейді Сырбай Мәуленов.

Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қорыта айтқанда М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес, ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақышы, ұйымдастырушысы болды. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М. Әлімбаев ақынның мол мұрасын зерттей келе, ол кісінің шығармаларына сүйсінсіне отырып, өзімнің тырнақ алды туындымды жаздым. Өлеңімді «Ақындардың ақыны» деп қойдым.

Ақындардың ақыны – Мұзафар ақын,
Мұзафар ақын халқына болған жақын.
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі өлмейді,
Халқына қалдырады мұрағатын.

«Балдырғанға» жан бітірген сіз деп білем,
Бала кезден оқитынбыз сізді кілең.
Әрбір сәби жүрегін қағып жүріп,
Балаларға арнадыңыз талай өлең.

Балаларға жыр жазуды мақтан еткен,
Жан едіңіз ұлтжанды қайран, неткен!
Дәл өзіндей елін сүйсе әрбір қазақ,
Көште алға жылжыр едік жайлап, еппен.

Мақтанышы халқының биік тұлға,
Берсін сіздей батылдық әрбір ұлға.
Адалдық пен адамдықты егіз ұстап,
Жас өрендер ұрандатып шықсын алға!

Қазақстанның болашағы туралы ақын былай деп болжам жасаған: «Біздің Қазақстан болашақта қуатты, егеменді, шынайы демократиялық, мәдениеті жоғары, әлемдегі алдыңғы орындардың бірін алатын мемлекетке айналады» - деген. Бізде мұғалімдер балаларға білім мен тәрбие беруде еліміздің гүлденуіне өз үлесімізді тигізсек игі.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
2. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992 ж
3. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973 ж
4. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егем. Қазақстан.-1998.-7 қараша
5. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық.- Алматы қаласы.
6. Әлімбаев М. Айтары барды аузынан қақпас болар: [Жазушымен сұхбат. Әңг. Н.Жұмаханұлы] // Қазақ әдебиеті.-2001.- 23 наурыз.
7. Достықтың төл перзенті — ұлы жеңіс!: [Майдангер, сөз өнерінің майталман ұстазы, қазақтың біртуар перзенті Мұзафар Әлімбаевпен әңгіме] // Жас алаш.- 1999.- 8 мамыр.
8. Мәуленов С. Талғам таразысы: [Ақын М.Әлімбаев туралы] // Мәуленов С. Сыр мен жыр.- Алматы: Жалын, 1991ж.
9. Республикалық балалар журналы «Балдырған» №12. 2017 жыл
10. Республикалық балалар журналы «Балдырған» №11. 2018 жыл
11. М. Әлімбаев «Үлкендерден үйреніп» - Алматы қаласы, 2006 жыл
12. М. Әлімбаев «Ана тіліне тағзым» - Алматы қаласы, «Атамұра» мектеп кітапханасы.
13. «Қазақ совет балалар жазушылары» - Алматы қаласы, 1987 жыл.
14. «Қазақ совет энциклопедиясы» - Алматы қаласы, 1973 жыл.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ

Муканова Г.А.

Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы
«Пугачев мектеп-бөбекжай-балабақша кешені»
бастауыш сынып мұғалімі

Қазақ поэзия әлемінде ойып тұрып орын алатын Мұзафар Әлімбаев қазақтың алғашқы Әнұранның авторларының бірі. Абыз мінезді ақсақал соғыс сұрапылын бастан кешкен шоқтығы биік жазушы. Қалам иесінің соғыстан кейін туған жырлары «Менің Қазақстаным», «Қарағанды жырлары», «Естай-Қорлан» туындылары сол кездегі қазақ поэзиясының шынайы табысы болып есептеледі.

Он сегіз жасынан майданға аттанған жазушы қаламын қарумен қатар алып жүрген. Сұрапыл соғыста жазған туындылары газеттерге басылып, халықтың рухын жігерлендірген. Қарт ақынның жүрегі сұм соғыс енді болмасын деп тіледі. Мұзафар Әлімбаевтің замандастары денсаулығы сыр беріп кері әсер етсе де, шығармашылығында тоқырау болған емес дейді. Ақынның шығармашылығының ерекшелігі балаларға арналған туындылардан болуы. Мұзафар Әлімбаев балаларға арнап күнделіктерін жазып, өлеңдерін шығарып, сөз жұмбақтар құрастырып, әлем халықтарының мәтелдерін жинап оларды қазақ тіліне аударумен уақытын өткізгенді жаны сүйген.

Мұзафар Әлімбаевтің еңбектерін жаңадан тілі шыққан бүлдіршінен бастап, аз кем жасаған қарияға дейін оқиды. Оның туындыларын жиырмаға жуық бауырлас халықтар өз тілдерінде аударыпты.

Балалар ақыны, аудармашы, Қазақстан халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың балалар әдебиетінде алатын орны ерекше.

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды жерінде дүниеге келген. Оның балаларға арнап жазған «Менің ойыншықтарым», «Шынықсаң шымыр боларсың», «Балдәурен шіркін, балалық», «Ақсерек те, көксерек», «Қоянның құлағы неге ұзын» деген сияқты шығармалары кішкентай оқырмандардың сүйікті кітаптарына айналууда.

Ақынның бұл шығармалары ұстаздар мен тәрбиешілердің оқушылардың тәрбиесіндегі ой-санасын өсірудегі көмекшісіне айналды.

Ақынның балаларға арналған өлеңдері тым қысқа болғанымен олар белгілі бір сюжетпен, нақты ой-пікірде құралған. Ақын балалар өзінің өлеңдерін қызығушылықпен оқуына терең мән береді. Өмірдің әрбір көрнекіліктеріне, әрбір көріністеріне аса байыппен қарап тұрақты ой жазуды өзіне мақсат етіп қояды. Мұзафар Әлімбаевтің әсіресе мектепке дейінгі балалар мен бастауыш сынып балаларына арналған өлеңдері өте қызықты және әсерлі болып келеді. Мысалы:

«Кім ұтылды? Кім ұтты?» өлеңінде үш баланың ойнап жүріп таудан асып кеткені және қарындары ашып қолдарындағы екі алманы бөлісе алмай тұрғаны бейнеленеді. Сонда бір бала қолындағы алмасы бар екі балаға қарап:

Қиын емес бұл тіптен,
Теңдей етіп бөлейік.
Екеуің ал бір-бірден
Мен-ақ соған көнейін.
Не керек сол айтысып?
Сен бер маған жартысын.
Не керек сол тартысып
Сен бер маған жартысын
Екеуі оған көнеді.
Жарты-жарты бөлікті
Басу айтқан балаға
Өз қолынан бөліп береді.
Кім ұтылды? Кім ұтты?
Кім ұқпады? Кім ұқты?

Яғни осы өлеңді сұрақпен аяқтап тұрғаны ақынның шеберлігін аңғартады. Ал өлеңнің мазмұнына келер болсақ ең алдымен достыққа деген құрметті аса жоғары баяндаса, екінші жағында балалардың логикалық қабілеттерін арттыруға арналған шығарма екенін көруге болады. Сондай ақ жұмбақтың шешімін табу арқылы оқушылар өз пікірлерін еркін айтуға, балаларың өздері жауап беруге ойларын дамытуға мүмкіншілік береді.

Мұзафар Әлімбаевтің шығармашылығының жанрлар байлығын жұмбақтар, тілге жеңіл жаңылтпаштар, метаграммалар, ойлы ойын өлеңдер жеткілікті. Балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтің қаламынан туған еңбектер мұнымен шектелмейді. Оның өтірік өлеңдері мен ән өлеңдері ауқымды салалар десек ақын қарама-қайшы сөздермен мәнерлі түрде сипаттаған.

«Әріптер сыры» өлеңінде баланың жастайынан мамандық таңдауға жол ашатын сыр сипаттарын көруге болады. Бұл өлеңде әр әріптерді мамандық таңдайтындай маңызға ие болуын көруге болады.

Ақынның балалардың еңбекке баулитында еңбектері баршылық.
Ара тынбайды, ұшып зырлайды,
Шарлап қырларды, шырын жинайды.
Гүлдер өсірсең, балын сыйлайды.

Бұл өлеңмен ақын балалардың тынбай еңбек етуге шақырады. Араның күні-түні тынбай зырлап ұшып, бал жинап еңбек ететінін үлгі етеді.

Абыз ақынның «Биікте» өлеңі де жас ұрпақты шабыттандыратын, болашаққа қорықпай аяқ басуға бағыттайтын, жігерлендіретін туынды. Бұл өлең адам өмірінде кездесетін биіктер мен шыңдарды айтады. Ол биіктердің ең биігі – арман. Арман деген көп белес, біріне шықсаң бірі бар деген ой айтылады, өсе келе адамның ақыл ойы толысып, шынайы бейнесінде қабылдай бастайтындықтан арманның бағыты өзгеріп отыратындығын жырға қосады. Арман деген дүние сәттілікке бастар жолдың алғашқы баспалдағы екендігі айтылады. Адамға үнемі шұғыла шашатын сәуле алдағы арманы деген ойды білдіреді.

Мұзафар Әлімбаев қазақ балалар әдебиетіне елеулі үлес қосты. Өлеңдері үшін ол балалардың өмірінен эпизодтарды алады, көзге көрінбейтін, бір қарағанда егжей-тегжейлі,

байқаусызда естілген әңгіме. Ол өзінің өлеңдерімен балаларды пайдалы істерге шақырады, туған жерінің табиғатын байлықтарын бағалауға үйретеді. Әлімбаев өз еңбегінде бізді қоршап тұрған табиғат туралы сүйіспеншілікпен жазады. Ақын балалардың сөйлеуін дамытуға ерекше назар аударады. Мұзафар Әлімбаев өлеңдер, ертегілер жазып қана қоймай, халық мақал-мәтелдерін, ертегілерді, жұмбақтарын жинаған. Ол өзінің өмірлік тәжірибесі мен бақылауларын қолдана отырып мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді қағаз бетіне түсірген.

Қорыта айтқанда қай халықта да сол елдің мінезімен, болмысымен біте қайнасып кеткен тұлғалар болады. Ел руханиятымен көгінде жарқырап көрінер олардың мұндай биікке жанкешті ерлік пен ұлтын сүйген үлкен жүрекпен ғана шығатыны күмәнсіз. Қазақ елінің тарихында да халқына жалау бола білген ұлы тұлғалар аз емес. Солардың бірі көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаев. Қазақ балалар әдебиетінің бағына туған, әдеби ортада бала жанның бағбаны атанған, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден ұлтына теңдесіз мұра қалдырған Мұзағаң ең ауыр жүктей жауапкершілікті өзі өмірден өткенше иығынан түсірмеген рухтың иесі. Ол кісінің ғибаратты еңбектері жас ұрпақ өмірінде де, балалар әдебиетінде де алар орны ерекше.

Әдебиеттер

1. Мұзафар Әлімбаевтың естеліктері: (Иманжүсіп Құтпановқа 150 жыл) // Ертіс өңірінің жұлдызы.- 2013.- 20 шілде. - Б.6
2. Горбунов Сергей. Ақынның өлеңдері ескірмейді: (Павлодар облысында жерлесіміз, ақын Мұзафар Әлімбаевтың 90 жылдығын атап өтеді) //Қазақстанская правда.- 2013.- 30 қазан. - Б.8
3. Көшенова Раушан. Ғасырлар ақиқатының жаршысы: [29 қазанда Мұзафар Әлімбаев 90 жасқа толады] // Ертіс өңірінің жұлдызы.- 2013.- 24 қазан. - Б. 14
4. Накипов Дүйсенбек. Ақын-ғажайыпты жасаушы: (М.Әлімбаевтың 90 жылдығына) // Ертіс өңірінің жұлдызы.- 2013.- 17 қазан. - Б.7
5. Хайргельдин Дәурен. Оның өлеңдерін халық жақсы көреді: [көрнекті жазушы Мұзафар Әлімбаев 90 жасқа толды] // Ертіс өңірінің жұлдызы.- 2013.- 29 қазан. - Б.3
6. map.pavlodarlibrary.kz
7. ru.wikipedia.org/wiki/Алимбаев,_Музафар
8. biografia.kz/famous/795

М.ӘЛІМБАЕВ — БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ

Айсиева Г.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

«Педагог-тәрбиеші және мектепке дейігі білім беру әдіскері» мамандығы бойынша 3 курс студенті

Қалай ойлайсыз, қазіргі қазақ әдебиеті мен поэзиясында жалпақ жұрттың жаңадан тіл ашқан бүлдіршінінен бастап, аз-көп жасаған ғұмырында әлденеше қыр асқан қариясына дейін жаппай оқитын да танитын қаламгер бар ма? Бар! Ол — қазақтың көрнекті ақыны, балалардың сүйікті жыршысы, Қазақстанның халық жазушысы — Мұзафар Әлімбаев!

М.Әлімбаевтың балалар поэзиясында өз шәкірт ақындары, өз мектебі бары — шындық. Мұзафар Әлімбаев есімі өз елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері. М.Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталарды қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын. Оның бата-өлеңдері «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кітап болып 1996 жылы «Атамұра» баспасынан шықты. Жинаққа көрнекті ақынның 200-ден астам баталары енген. Ж.Елшібек «Ерекше туынды» атты мақаласында ақынның баталары жөнінде: «Қашаннан сөздің құдіреті мен қасиетіне зор мән беріп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев

ықшам, тығыз, ойлы, өрнекті жазу үрдісінен айнымай келе жатқанына куә боламыз» [1, 32-б], — деп жазады. Яғни, Мұзафар Әлімбаев қазақ лирикасын көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан, нақтылықты орнықтырған ақын. «Өлеңнің табиғаты лирика, сондықтан ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіrentкен жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады» [2, 72-б], — дейді.

Алғашқы қадамын Павлодар облыстық “Қызыл ту” газетінде жарық көруден басталған өлеңдері қазір том-том болып халқымыздың рухани қазынасына айналған, бүгінде қазақ поэзиясының құнарлы топырағына қаққан қазығы нық, нығыз, асқар биік шығармашылық тұлға — Мұзафар Әлімбаев.

Ақынның “Естай-Хорлан”, “Менің Қазақстаным”, “Ту тіккен” секілді эпикалық туындылары жыр сүйер жұрттың жүрегіне жол тауып, таңдаулы шығармалар қатарынан орын алды. Ондаған жылдар бойы ауыздан түспей шырқалып келе жатқан “Ақмаңдайлым”, “Өзің де жігіт, қызықсың”, “Маралдым”, балаларға арналған “Мұғалім ол біздің”, “Көшпелі фонтан”, “Бесік жыры”, “Қартаймайсың, жан ана” қатарлы көптеген ән-өлеңдері халықтың сүйікті туындысы болып кетті. Қаламгердің естеліктері мен эсселері, мақал-мәтелдері мен көңіл күнделіктері де оқырмандар көңілінен шыққан тартымды дүниелер. Халықтың ауыз әдебиеті — қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді зерттеп, жинастырған “Маржан сөз”, “Мақал-мәтелдер” секілді кітаптары халықтың күнделікті қажетсінер дүниесіне айналды.

Сондай-ақ ол айтулы публицист, майталман аудармашы, әдебиет зерттеуші. Ақынның бұл қырларының қай-қайсы да-қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, мәуелі бұтақтар. Үздіксіз, әрі дәмді, мол жемістер беріп келе жатқан бұтақтар. Шындығын айтсақ, бізге үлкендер ақыны, аудармашы, сыншы, очеркші, ән-өлеңші, ұстаз, редактор М.Әлімбаевтың қай-қайсысы да қымбат. Алайда, әсіресе соңғы ширек ғасыр көлемінде, қаламгер есімі аталса болды, алдымен балалар ақыны М.Әлімбаевтың ойға оралары анық.

Өлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше. Неге десеңіз, балаларға арнап қызықты шығармалар жазу екінің бірінің еншісіне тие бермейді. “Бесік жырынан” басталатын балғындар өлеңінің әйтеуір бір күдіреті бар. Соған қарағанда, ән-өлең бала бойына ана сүтімен бірге таралатын болу керек. Әйтпесе, бөбекті өлеңмен қалай ұйықтатып, өлеңмен қалай оята алады? Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін — өлеңнен артық керемет бола ма? Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осында болса керек. Әйткені, ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы ғой...

М.Әлімбаев — қазіргі балалар әдебиетінің ата буынына қосылған көрнекті қайраткері, тәлімгері. Ақынға 1984 жылы “Аспандағы әпке” атты балаларға арналған жыр кітабы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл сыйлықтың бөбектердің сүйікті ақыны — Мұзафарға берілуі әбден орынды. М.Әлімбаев балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой — өрісіне сай лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алған. Өлеңдерін оқып тілі шыққан бүлдіршіндеріміз қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін, қазақ сөздерінің ғажайып нәрін Мұзафар ағамыздан үйреніп келеді» [3].

Бүгінде, мынау технология мен ғарыш заманында біздерді таң қалдыру, кітапқа еліктіру оңай шаруа емес сияқты. Солай бола тұра, білмейтініміз көп... ал білетініміз аздау болып жатады... Талғамы биік В.Белинскийдің бір сөзі осы бүгін айтылғандай: “...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек”. Яғни, бала бола білу керек. Ал, М.Әлімбаев атамыз шығарма жазғанда тіпті балалардың жас ерекшеліктеріне дейін қатты ескереді екен. Сондықтан оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жас өспірімдерге арналған болып айқындалып, айрықшаланып тұрады.

Мұзафар Әлімбаевтың “Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?”, “Көкек неге “көкек” дейді?” “Тауыс неге қызыл-жасыл?”, “Қарға неге қара?”,

“Алатаудың баурайында”, “Көк кілем”, “Еріншектер елінің Ертеңбайы туралы” аңыз-ертегілері кім-кімді де жалықтырмайды деп ойлаймын.

Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арнап жазған кітаптарында тәрбиелік мәні бар өлеңдері көптеп кездеседі. Мысалы, “Суайт сауысқан”, “Қырықаяқ”, “Әппақ пен сатпақ”, “Тарғыл мысық дағдысы” сияқты толып жатқан жырлары бар.

Ақын “Жел деген не?” өлеңінде:

Жел деген не?

(Айт деп інім жалынды).

Жел де ауа кәдімгі

(Айтқаныма нана ғой).

Жел дегенің тек бірақ,

Ойға –қырға шапқылап,

Пайыз таппас ауа ғой - деп, жел сияқты тұрақсыз әрі берекетсіз болмау жағын тапқырлықпен айтып, суреттеп берген.

Ақын 5 жасында әріпті әліп деп біліп, кітап оқи бастайды. 6-сыныпта ауыл кітапханасының бір қыста 150-ден аса кітабын тауысып, “Бауырсақтан” бастап, “Батырлар жырымен” жалғастырып, Пушкиннің 4 томдығын тауысады. Өлең жазуды мектеп қабырғасында бастап, 16 жасында анасына арнап жазған тұңғыш өлеңі мерзімді баспасөзде жарияланады. Бұл үлкен өнер жолына деген алғашқы баспалдағы еді.

Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады депті бір ақылды адам. Әлдебір аңқаулар болмаса, байыпсыз алаңғасарлар болмаса, халық сөзімен айтқанда, “оқу өтіп кеткен” оқымыстысымақтар болмаса ешбір қаламгер көркемдік мақсатқа жете алмайды екен. Ақынның қай өлеңін алып оқысаң да өзіміз куә болып жүрген көріністер арқау болғанын байқаймыз. Аспан кемесінде жұмыс істейтін мамандық иесі туралы «Аспандағы әпке» өлеңіне аттас кітабы әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлықты алған. Ақын атамыздың «Жалқау винт» деген өлеңіндегі:

Жалқау бір винт жасынан,

Жылжып болттың қасынан,

Түсіп қалды қырсығып,

Тоқтасын,-деп,-машинам!

Оған несін қарасын?!

Бұрап алып жаңасын.

Жүріп кетті машина

Шарлап совхоз даласын.

Жапанда винт тек жатыр,

Жаңбыр-батыр, жел жатыр.

Жарамаған кәдеге

Көк темірді жеп жатыр[4] – деген өлең жолдарының көпшіліктен бөлектенбей, қашанда қайырымды болып, басқа біреуге қастандық ойламауға үйрететінін байқаймыз...

Ақынның көптеген өтірік өлеңдері тақырып, таным жаңалығымен ерекшеленеді. Атап айтсақ:

Қақ жарып шоғын жұлдыздың,

Ұшқанын көрдім құндыздың.

Құдықтың суын төктім, төңкердім де,

Теңізді жалдап өттім, жөн көрдім де.

Құлынның мүйізіне мініп аттай,

Бүгін –ақ барып қайттым ертең күнге.

Алдайды деп аптықпа,

Үйір емен дақпыртқа:

Ай қасында түнедім,

Орандым да ақ бұлтқа.

Ұлу озды елікпен жарысқанда,

Тышқан жеңді аюмен алысқанда.
Арбама атты қойып, қоңыз жектім,
Бір емес қатарынан тоғыз жектім.

Ақынның тағы бір өнері — әнге өлең жазу. Оның 1949 жылдан бастап 300-ге жуық өлеңі ән-әуенге айналыпты. Ол әндердің көбі балаларға арналған: “Мен — баласы даланың”, “Мұғалім ол біздің”, “Менің атам — майдангер”, “Көктем дала — Алматы”, “Біздің балабақшада”, «Жұлдызым» тағы басқа көптеген өлеңдері.

Көп еңбектенетінін ақын көп еңбектенуді кімнен, қалай үйренгендігі жайлы өзі былай дейді: «...Дімкәс әке-шешеміз бізге кезекпен үй сыпыртатын, су әкелдіретін. Алты-жеті жаста мал жайлауды үйрендім. Тезек теру, шілік шабу, отын жару — бала шақтағы күнделікті үрдісіміз еді. Ауаны қалай жұтсақ, суды қалай ішсек, бұлар да сондай үйреншікті машық еді, арба жегу, етік жамау, түйме қадау, кір жууды да жатырқаған емеспін, кейде апама болысып, сиыр сауған күндерім де болды... Осының бәрінің өсе келе пайдасы тиді, әсіресе әдебиетте. Солардың бәрі еңбектене білуге, еңбектен ләззат табуға үйретіпті” - деп есіне алады.

Ақынның еңбекқорлығы жайында Ғафу Қайырбеков: «Мұзафар Әлімбаев — шынтуайтқа келсек, нағыз ғылымның адамы. Оның ғылымға тән таланты, миының зеректігі, асқан төзімділігі мен мүлде ерінбейтін еңбекқорлығы, уақытының көбін қағаз арасында, кітап ішінде өткізуі — бәрі де оның ғалымдық қасиетін айтып тұрған жоқ па?»— деп естелік айтады.

Шәкірт болсаң,
Шоқандардай озық бол,
Оқу-білім бейнетіне төзіп көр.
Ертеңгі істі бүгін ойлап, бейімде,
Бүгінгіңді ысырма тек кейінге.
Қадари-хал талабы бар әркімнің,
Жастан шырқа әнін туған халқыңның.
Кітап құмармен сырлас бол,
Кластастармен мұңдас бол.
Қылқалам, бояу сөйлесін,
Сал туған ауыл бейнесін!
Үлкеннен үйрен,
Кішіге үйрет.
Жаманнан жирен,

Тозғанды күйрет— деп Мұзафар атамыз барлық оқырмандарына арнап өсиет жолдапты.

“Асыға асқаныңда қайқаң белден.

Алдыңнан ауыл шығар ойпаң жерден,

Айна көл ақшыл тартып жатар тымық,

Секілді қымыз құйған жайпақ зерен”. Бұл - ақынның туған жерінің суреті. М.Әлімбаевтың туған өңірі Маралды атырабы да (Павлодар облысы, Шарбақты ауданы) әнші-күйшілердің, ақын-жыраулардың, ертегіші-хикаяшылардың, ділмәр шешендердің думан құрған өнер төріндей болды. Солардың тәтті сазын, татымды сөзін, тартымды ғибрат-тағылымын қаршадайынан құлағына құйып өсті. Ақынның жастық шақ, есею жылдары, толысу кезеңдері де кілең бір өнегелі ортада, білікті үлкендердің қасында, таланттылардың жанында өтті.

Анасын, балалық шағын: “Әкем ескіше оқыған, Уфадағы медресе “Ғалияны” бітірген, жәдитше мектепте дәріс берген. Анам Зейнеп те хат таныған. Жарқын мінезді, тілді, тумысынан ақын кісі еді... Әкесіз өткізген жылдарда тапшылық, тіпті жоқшылық тауқыметін талай тартсақ та, асыл ананың арқасында жетімдік көрмейтіндеймін. Қайран ананың жүрек жалыны тірі қалған екі баласын әлпештеуге әкеміздің көзі жоқтағы тұста да мол жетіпті. Алғаш рет Бұқар жырау, Көтеш, Абай, Сұлтанмахмұт, Иса, Естай, Сәбит Дөнентаев... аттарын да, жырларын да апамнан естідім. Қаншама ертегі, қиссаны апам жатқа айтушы еді.

Өзі де жанынан жырлар шығарушы еді. Ақындықтың алғашқы ұрығына аппақ нұр, асыл нәр беретін де ана әлдиі, ана” жыры, ана әңгімесі шығар. Қаламгерлердің қайсысы болса да, анасын ақ сүті үшін де, рухани сусын бергені үшін де ақ жүрегінен алғысын айтып, еске алатыны содан-ау” - [7], деп еске алады ақынның өзі. Қандай жанның да балалық шағы - болашағының баспалдағы. Кім-кімнің де ат жалын тартып, азамат жасына келгенде қандай адам болмағы, оның балалықтан алған әсер - байлығына көп байланысты. Оның үстіне Мұзафар Әлімбаев, негізінен, балалар ақыны. Сол себепті балалар ақынының тағы да балалық шақ әсері туралы естеліктеріне ден қоялық... “...Мен үйде және интернаттар мен пансионаттарда тәрбиелендім. Үздік оқыдым, қоғамдық жұмысқа белсене араласқан пионер болдым, сурет салуға да құмар-ақ едім, қабырға газеттерін шығару қай мектепте де менің сыбағама тиетін-ді. Көбіне тақпақ оқитынмын. Суфлер будкасынан сыбырлап отырғаным көп баланың қолы жетпес дәреже көрінетін маған. Павлодар педучилищесі - менің поэтикалық бесігім, журналистік жолымның бастауы. Бірінші жырды соның қабырғасында жаздым. Сол училищеде оқып жүргенімде тырнақалды туындым облыстық “Қызыл ту” газетінде 1939 жылы 18 маусым күні жарық көрді. Сол жылдары аяулы ұстаздарымнан әдеби ғана емес, адами тәлім алып өстім. Облыстық газет қасындағы әдеби бірлестікке де белсенді мүше болдық, бірақ бірде-бір әдеби кештен қалып көргеміз жоқ. Сөйтіп жүріп, “ақын бала” атана бастадық,” [7] - деп еске алады ақын.

Қиын жазған қаныммен де, теріммен
Қимасымды тартып алған өлімнен,
Менің төрт жол отты жолым-төрт жылым
Қызыл бояу, ірі әріппен терілген.

1941 жыл... Соғыс бұрқ етті. Он сегізден жаңа ғана асқан жасөспірім жігіт соғысқа өз еркімен сұранып қанды майданға шеру тартты. М.Әлімбаевтың балғын жастығы жойқын жорықтың аласапыран алаңында, көк ала түгіннің ішінде, оқ топанының астында өтті. Жас солдат қиын-қыстау күндерде қару мен қаламды қатар ұстады. Өрт оранып отырып, солдаттың оғындай ұшқыр, қаһарындай кекті алғашқы өлеңдерін жазды. Ақын өлеңдерінде жауға деген жалыны лапылдаған, дауылы бұрқап ұйтқыған өшпенділік жатты. “Ата, батырға да жан керек”, майданда қорыққан оқиғаларыңыздың еске түскенін айтып беріңізші” деген журналистің сұрағына, атамыз былай жауап беріпті: “Бұл сонау алыстағы сұрапыл жылдарда болып еді... Ұрысқа түнде кірдік. Аға лейтенант Чернов екеуіміз артта қалып қойыппыз. Сөйтсек, немістердің шегінгенде қалып қалған бір артиллерия батареясының дәл тұмсығының астынан шығыппыз. Енді сәл жүрсек не тірідей, не “басқаша” қолға түседі екенбіз. Орманды тасалап зытып бердік. Олар да оқты жаудырып берді. Әйтеуір, тигізе алмады. Сонда қорықтым”[9],- деп сөзін аяқтапты Мұзафар атамыз. Майданнан жеті жарым жыл өткен соң офицер — танкист атанып туған үйіне оралады. Бір кездегі балаң жігіт жай ғана оралмай, уақытты бағалауды, өмірді қадірлеуді, Отанды қастерлеуді үйреніп қайтады.

1948-1956 жылдар аралығында “Пионер” журналының поэзия бөлімін басқарып, өлеңсүйгіш жасөспірімдердің талап-тұлпарын қамшылап, қамқорлады. 1956-1958 жылдарда “Қазақ әдебиеті” газетінде басшылық бедерін қалдырады.

Ұстаздыққа бейім әрі балажанды мінез қазақтың жас жеткіншектерінің тілін сындырып-ұстартатын, туған тілімізге деген құрмет-құштарлығын арттыратын тәрбиелік бір басылым — құрал керегі туралы іштей ойлап, толғанып жүретін. Арманына 1958 жылы қолы жетті, шуақты шілдеде дүниеге келген «Балдырған» балалар журналы республика бүлдіршіндерінің — бірнеше буын ұрпақ өкілдері балалық шағының базары мен ажарына, киелі сөз өнері бастауларына баулитын байыпты — ұқыпты бағбанына, адамдық әліппесінің ережелеріне үйрететін үлкен мектепке айналды. «Балдырған» басылымының өзгелерге ойыншықтай оңай көрінетін ауыр жүгін жазушы Мұзафар Әлімбаев ширек ғасырдан астам уақыт арқалады. 1958-1986 жылдар аралығында журналға тапжылмастан редакторлық етті.

Соғыстан кешігіп келген солдат әдебиеттің бейбіт майданына да кешігіп кірді. Алғашқы кітабы 29 жасында жарық көрді, құралыптас-құрдастарының бірқатары баяғыда-ақ бірді-екілі кітаптардың авторы болып үлгерген-ді. Алайда аз ұйықтап, азапты көбірек шексең, қалам

сыбағасын толтыруға әбден болады екен. Бүгінде әдебиеттің әр түрлі жанрындағы (поэзия, әдеби зерттеу, фолклортану, халық тағылымы, эссе, очерк, естелік, ән өлеңдері) 50 төл туындының авторы. Абай атындағы мемлекеттік сыйлығын 1984 жылы «Аспандағы әпке» атты балалар жинағы үшін алды.

М.Әлімбаевтың «Ана» деген тұңғыш өлеңі 1939 жылы облыстық «Қызыл ту» газетінде басылды. Ал алғашқы кітабы «Қарағанды жырлары» деген атпен 1952 жылы жарық көрді. Одан кейінгі лирикалық және азаматтық әуенге жазылған «Құрбыма» (1954), «Лирика», «Жолдар жырлар», «Жүрек лүпілі», «Өшпес от» жинақтары шықты. «Менің Қазақстаным», «Құрбымның күнделігі», «Естай — Қорлан» лиро-эпикалық поэмалары – осы жанрды дамытуға қосылған елеулі туынды.

Мұзафар Әлімбаев поэтикасының үш тағанды тірегі іспетті «Естай-Хорлан» ғашықнамасы, «Ту тіккен» және «Құрыш қазақ» ерлік – қаһармандық дастандары дүниеге келген тұсында қазақ поэзиясының ортақ жаңалық-жеңісі болды [10].

«...Нақтылық, ойлылық, жинақылық — Мұзафар өлеңдерінің ең басты қасиеттерінің бірі.

Мұзафар — біздің із-өкшемізді басып келе жатқандардың ішіндегі ең бір ірі ақын. Оның өзіндік беті бар, қолтаңбасы бар. Әрбір өлеңін жарыққа шығарарда әрбір сөзі үшін күресетін, өзіне-өзі сыншылық жасайтын сарабдал ақын.

Лирик ақын Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінен заманның эпикалық зор тынысы, мол құлашы сезіледі» [11] - дейді Сырбай Мәуленов. Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қорыта айтқанда М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ — олақ», «Шынықсаң — шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал — мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал — сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз — ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын — зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған [11].

Әдебиеттер

1. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан.- 1993.-25 мамыр.- Б.8
2. Әлімбаев М.2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
5. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егем. Қазақстан.-1998.-7 қараша.- Б.4
6. Қыдырбеков Ғ. Сарабдал сөз сардары. — Егем. Қазақстан.-1993.-29 қазан.- Б.5

7. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық.- Алматы: Жазушы.-367 б.
8. Әлімбай М. Айтары барды аузынан қақпас болар: [Жазушымен сұхбат. Әңг. Н.Жұмаханұлы] // Қазақ әдебиеті.-2001.- 23 наурыз.- 7 б.
9. Достықтың төл перзенті — ұлы жеңіс!: [Майдангер, сөз өнерінің майталман ұстазы, қазақтың біртуар перзенті Мұзафар Әлімбаймен әңгіме] // Жас алаш.- 1999.- 8 мамыр.- Б. 3
10. Ахметов Ш. Мұзафар Әлімбаев.- Кітапта: Ахметов Ш. Қазақ Совет балалар әдебиеті: Жоғары оқу орындары мен педучилище студенттеріне арналған оқу құралы.–Алматы: Мектеп, 1976.- Б.210-215
11. Мәуленов С. Талғам таразысы: [Ақын М.Әлімбаев туралы] // Мәуленов С. Сыр мен жыр.- Алматы: Жалын, 1991.- Б. 221-230

БАЛАЛАР ӘЛЕМІНІҢ СҮЙІКТІ ЖЫРШЫСЫ – МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ

Боранбаева К. Ж.

«Д. Нұрпейісова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазақ халқының кемеңгер әрі сүйікті жазушысы Мұзафар Әлімбаев есімі елімізде кеңінен танымал. М. Әлімбаев артына мол әдеби мұра қалдырды.

Ол-халқымыздың ғасырлар бойы ауызша тараған әңгіме-аңыздарын, нақыл сөздер және жұмбақтары, өлеңдерін толғауларды жатқа білетін ескінің көзі, оның үстіне ақын, әрі ертегіші, қазақ халық ауыз әдебиетінің білгірі және жинақтаушысы. Ол көптеген халық әндерін, аңыз-ертегілерін, жаңылтпаштар жазған.

Мұзафар Әлімбаев - әдебиетіміздің поэзия, проза жанрларында тартымды, толымды шығармалар берген көрнекті суреткер. Оның шығармашылық сапарында суреткер қаламынан жиырманың үстінде жаңылтпаш, оннан астам нақыл сөздер, жүздеген әңгіме, 200-ден астам танымал әндері, көптеген естеліктер, зерттеулер, мақалалар туды.

Ол-сазды лирик, сыршыл ақын. Оның өлеңдеріндегі басты тақырып – туған жерге деген махаббат, өмірге, тіршілікке деген құштарлық.

Талантты аудармашы. Ол Пушкиннің шығармаларын қазақшаға аударған.

Мұзафар Әлімбаев даналық афоризмдердің авторы.

Ол қазақ орыс және қырғыз түркімен тілдерінде бірнеше өлеңдер жинағын шығарған. Халық ақындарының шығармаларын сұрыптап «Көңіл күнделегі», «Өмір, өнер, кнерпаз», өнер саңлақтары жөнінде «Батамен ел көгерер» атты жинақтар шығарды. Мұзафар Әлімбаев әсіресе балаларға арнап өлең жазған ақын. Олардың ішінде «Отпен ойнама», «Менің ойыншығым» сынды әндері шынашақтай баланы шыр айналдырып, даналық жолға бастайды.

Қаламгердің жоғары сауаттылығы, аса зеректігі үшін, басқалардан ерекшелеп, даралап көрсететін өзіндік қайталанбас сыпайы мінезі мен тиянақтылығы, ұқыптылығынан, құбылып, өзгермейтін рухани әлемінің кереметтігінен айналасындағы жақын, жора-жолдастары, қаламдастары, зиялы қауым сыйлы ақсақал ретінде таныған, оны ұстаз тұтқан, үлгі еткен.

Десек те, ең бірінші Мұзафар Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің дамуына көп еңбек сіңірген, оның негізін қалаушы алғашқы көшбасшысы. Оны қазақ балалар әдебиетінің ақсақалы және классигі деп атайды.

Бүгінде жас ұрпақты Мұзафар Әлімбаевтың кітаптарын оқуға шақырғанда, біз алдымен одан халықтың дәстүрлі тіршілігі тудырған кәсіптердің неше түрлі көріністерін, дала өмірінің сан қилы қызықтарын тамашалауға болатынын еск аламыз. Оның «Ел қорғауға әзірміз» сынды сазы, ертегі, аңыз, мысалдары балалардың өмір тануына, жол бастайды.

Балаларға арнап жазған өлең, әңгіме, повестері ондап, жүздеп саналады. Мұзафар Әлімбаев есімін тек қазақ баласына ғана емес, көптеген елдердің балалары арасында да танымал. Оның балалаға арнап жазған кітаптары көптеген ел тіліне аударылған.

Бүгінде ақсақалдың Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының, (1984) Жазушылар одағы «Алаш» сыйлығының, (1992) Қазақстанның халық жазушысы (1994) Ы. Алтынсарин атындағы медаль мен «Құрмет» орденін төсіне қадаған.

Ақсақалдың ақ батасы

Оқуда алғыр бол,

Ойлауға даңғыл бол

Өмірде әділ бол,

Ашуда сабыр бол!

Ісіңе шебер бол,

Ақылға кемел бол!

Қиынға батыл бол,

Еңбекте батыр бол!

Уәдеңеберік бол,

Аулыңа көрік бол ..., - деп жырлаған «балаларға берген ақ батасы рухани адамгершілікке жетелеген.

Мұзағам, Мұзафар Әлімбаев асылдың сынығы еді, тұманың тұнығы еді. Оқ өтпес қорғаным еді, жел өтпес орманым еді. Сөз өнерінің саңлағы еді, балалар әдебиетінің бағбаны еді. Мәлім деген жасырын атымен қазақ сөзінің інжу-маржанын теріп, жинап, болашақ ұрпаққа мәлім еткен біртуар тұлға еді. Мұзағанның қаламынан туған қыруар жырларды айтпаған күннің өзінде, туған елінің әдебиет қоржынына ол салған мол олжа қаншама! «Менің Қазақстаным!», «Естай-Қорлан», «Ту тіккен» поэмалары, «Ақ маңдайлым», «Ақ сұңқарым», «Маралдым» әндерінің мәтінін жазған Мұзафар Әлімбаев есімі қазақ халқы барда ешқашан ұмытылмайды» -деп Несіпбек Айтұлы айтқандай ақын өзінің бүкіл саналы өмірін, еңбегін, шығармашылық қызметін адал қызмет ету жолына жұмсаған ақындардың бірі еді.

Мұзафар Әлімбаев балалар әдебиеті саласында көтерген екінші үлкен тақырыбы – балаларды еңбекке баулитын, еңбек зейнетін суреттейтін өлеңдері. Еңбекке деген әркімнің әр қилы көзқарасын және соған тікелей қатысуын Мұзафар әр алуан тәсілдермен суреттелетін кішкентай кейіпкерлері арқылы танытады. Балалар әдебиеті ерекшеліктерінің бірі әрқашан белгілі бір оқиға айналасында ақиқатты дәл, нақтылы суреттеу. Сондықтан да ақын өлеңдері жас өспірімдерге ерекше жақын әрі түсінікті.

Мұзафар өлеңдеріндегі тағы бір өзгешелік – балаларға үлгі — өнеге ету үшін шығарманың ең соңында барлық оқиға желісінен, айтылған ойдан белгілі бір қорытынды жасап, естерінде қаларлықтай түйін түйеді.

Балақай мен қалақай.

Саяхаттап көрдік қыр,

Қырға бардық, тердік гүл.

Айқайлайды балақай:

-Алақай-ау, алақай!

Жапырақты үземін,

Гербарий ғып тіземін.

Олбұтаны бас салды,

Міне, шата қбасталды.

Қарып қалды қалақай,

Жылапқалды балақай... - деп, ойын-сауық, күлкіден тұрмысты түзерлік еш нәрсе таппай, өмір тетігі деп табылған еңбектен онан тиісті жемісін көргендігін оқушыға дәлел етіп ұсынады. Еңбек процесіне немесе өмірге бейімдей тәрбиелеуге бағытталған мұндай шығармалар, әр уақытта балалардың ақыл ойының күн санап кеңейуіне зор әсер етеді.

Мұзафар өлеңдері жанды суреттер арқылы кестеленгендіктен балаларға бірден тардымды да, ұнамды көрінеді. Шығарманың табысты болуының ең басты себептері осында.

Ақынның бұдан басқа Қазақстан миллиардына арналған «Күн бата ма», «Біздің балабақшада», «Ұқыпты оқушы», «Наубай» тәрізді өлең жырларында еңбекпен табылған ел ырысын, астықты нанды ысырап етпеуді, төгіп шашпауды, талан-таражға түсірмеуді, аяққа баспауды, оларды көздің карашығындай сақтап, қадір тұта білуді үйретеді.

Ең қадірлі елдегі
Наубай- нанның патшасы!
Әр азамат еңбегі
Көпке солай жақсайшы!

«Баланы бастан» деген сияқты осындай терең ойлы нақыл сөздерді оларға мектеп жасына дейінгі балдырған кездерінен құлағына сіңіріп, әдетіне айналдыруына тиіспіз.

Әрі қысқа, әрі тұжырымды өлеңмен айтылған мұндай нақыл сөздер Мұзафар поэзиясында өте көп. Ол әсіресе жақсылықты жаңалықты жаратушы еңбек адамдарының қадір-қасиетін жоғары бағалайды.

Ақиқатты іздеген -
Әуелден дос бізбенен.
Әділдікті қорғаған -
Бір туғандай ол маған.
Армандасын қолдаған -
Ағайындай ол маған.
Жалғандықты жақтаған -
Бір туса да жат маған.

Өнегелі адамнан өнегелі ой туады. Балаларға поэзия құдіреті осындай болмақ.

Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты. Жүз сексен әнге өлең жазды. 64 төл тума және аударма кітаптардың авторы.

Шығармалары 20 тілге аударылған. Соның ішінде орыс тілінде 6 кітабы, түрікмен тілінде «Мен – түрік мейманы» (1963), қырғыз тілінде «Жолдар. Ойлар. Жырлар» (1966) жинақтары жарық көрген.

Көркем аударма саласында Сағдидың «Бостанын» («Жәннат» деген атпен), Петефи мен Тоқтағұлдың, Аполлинердің таңдамалы өлеңдер жинақтарын, Ю.Фучиктің «Дар алдындағы сөзін», Орбелианидің «Гибратнамасын» және Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Ғ.Тоқай, М.Жәлил, Фирдоуси, Х.Әлімжанның өлең-жырларын қазақ тіліне аударған.

1982 жылы «Аспандағы әпке» жинағы үшін республикалық Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Қазақстанның Халық жазушысы, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері (1996). Қазақстан Республикасының Әнұраны авторларының бірі.

Отан соғысының бірінші және екінші дәрежелі ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Отан» орденімен марапатталған.

М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағаңның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М. 1948-58 жылдар аралығында «Пионер» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетіндебөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, 1958-86 жж. аралығында «Балдырған» журналының бас редакторы болып жұмыс атқарды. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ - олақ», «Шынықсаң - шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған

елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал - мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал - сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз - ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын - зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған.

«Мысық пен күзен» деген мысал өлеңінде ең жаман қасиет көз бояушылық сол арқылы көп алдында өз беделін арттырып, жалған атаққа ие болу жайы мысқыл етіледі.

«Аш тауықтың түсінен тары кетпес...»-

Қайдағы мендей тышқан?!

Әлің жетпес!

Мен аңмын!

Атым күзен.

Бас салсам мен,

Денеңнен аузымның табы кетпес

Айналмай тұрғаныңда қалтыраққа

Тайып тұр,

Табаныңды жалтырат та!

Мысал өлеңдер барлық ұлтқа бірдей түсінікті де ойдағыдай бола кететін бір ерекшелігі – оның қамтитын тақырыбы, алатын оқиғасының өзі жалпы жұртқа бірдей мұра есепті айтылады. Мына жері ағаттау, қисынсыз екен дерліктей күдік тудырмайды, ойға сыйымсыз жерлері болмайды.

Ол өзінің туған өлкесін перзенттік ұлы махабатпен, ыстық жүреппен сүйетін еді. Оның жер-су, орман-тоғай, өз өлкесінің барша табиғатын соншалық жетік білетін жіті көз Әлімбаевты үлкенді-кішілі қазақ жазушыларының ақылгөйі, «қасындағы жазып қойған хаттай» айрықша зерек, дарынды адам ретінде сыйлаған.

«Барша қазаққа Мұзаға атанса да, жан-жүрегі жылылық төгіп тұратын, қазақ дегенде ішкен асын жерге қоятын, балаларға арналған төрттаған тақпақтан бастап еліміздің Өнұранын жазуға дейін араласып, азаматтық, ақындық абырой биігіне көтерілген, жаратылысы бөлек жан еді біздің Мұзағаң. Жас кезімізден Мұзағаңның ән мәтіндерін тыңдап өстік. Журналистикаға араласа бастаған кезімізде Мұзағаңның редакторлық қарымының шет-жағасын көріп, көңілге түйдік. Әсіресе өзінің өкшесін басып келе жатқан қанатының қағысы бөлек інілеріне ықылас-пейілі ерекше шын мағынасындағы аға бола білді. Өзі де ағалардан көрген тәрбиесінен жаңылмаған сиректеріміздің бірі еді. Кейін үлкен әдебиетке аяқ басқанда, алдымен ақ батасын беріп, ақжол тілеген де аяулы біздің Мұзағамыз болды. Менің 1977 жылы шыққан ең алғашқы «Беймаза өмір» атты жинағыма ақ тілегін айтып, пікір білдіріп мақала жазды. Үлкен ағаларымыз қолымызды кейде алып, кейде алмаса да, соған мәз болып жүретін жастық шағымызда, алыстан төбесін көріп, бас изеп сәлем бергенімізде көзінде нұры ойнап, мейірлене қарап, ынтамызды көтеріп, марқайтып қоятын Мұзағамыздың кішіпейіл мінезі кісіліктің әліппесіндей болатын. Бірде телефон соғып: «Нұрлан, халың қалай, шырағым, сенің мына жарыққа шыққан жаңа дүниенді оқып, риза болып отырмын. Риза болғаным сондай, сен туралы мақала жазып отырмын, қарсы емессің бе?» деп мәз болып күледі. Жанының жайсаңдығы, жүрегінің кеңдігі өзінен кейін ізін басқан әдебиеттегі, өнердегі жас буынға адамдықтың абзал үлгісіндей еді» *Нұрлан Оразалин*

Қорыта айтқанда, сыншы, зерттеуші Мұзафар Әлімбаев қазақ әдебиетінде сын жанрын туындылармен дамытып, байытуға, сын беделін, белсенділігін арттыруға өзіндік үлес қосқан қадірменді қалам иесі болы. Оның бұл саладағы еңбектері осынысымен құнды, осынысымен қадірлі.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. Атадан қалған асыл сөз. - Алматы: Балауса, 2003.
2. Әлімбаев М. Аулақ бол жаман әдеттен / суретші Б. Ералиева. - Алматы: Балауса, 2002.

3. Әлімбаев М. Көңіл күнделігі: эсселер. - Алматы: Жалын, 1996.
4. Әлімбаев М. Көргендерім көңілде: деректі эссе-очерктер. - Алматы, 1992.
5. Әлімбаев М. Өмір. Өнер. Өнерпаз: эссе, естеліктер, ой-толғамдар. - Алматы, 1990.
6. Әлімбаев М. Толқыннан толқын туады. - Алматы, 1992
7. Әлімбаев М. Халық-ғажап тәлімгер. - Алматы, 1994.
8. Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. 2 т. - Алматы, 1997.
9. Әлімбаев М. Халық-ғажап тәлімгер: қазақ халқының мақал-телдеріндегі, қара өлеңдеріндегі халықтық педагогика және Абай поэзиясындағы азаматтық тағылым хақында. - Алматы: Рауан, 1994.
10. Әлімбаев М. Хат: өлеңдер. - Алматы: Санат, 2005.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ БАЛАЛАР-ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ

Мухамбеткалиева С.С.

Орал қаласының №4 қосымша білім беретін мектеп-орталығы
бастауыш сынып пәнінің мұғалімі

Қалай ойлайсыз, қазіргі қазақ әдебиеті мен поэзиясында жалпақ жұрттың жаңадан тіл ашқан бүлдіршінінен бастап, аз-көп жасаған ғұмырында әлденеше қыр асқан қариясына дейін жаппай оқитын да танитын қаламгер бар ма? Бар! Ол - қазақтың көрнекті ақыны, балалардың сүйікті жыршысы, Қазақстанның халық жазушысы - Мұзафар Әлімбаев!

М.Әлімбаевтың балалар поэзиясында өз шәкірт ақындары, өз мектебі бары - шындық. Мұзафар Әлімбаев есімі өз елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері. М.Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталарды қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын. Оның бата-өлеңдері «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кітап болып 1996 жылы «Атамұра» баспасынан шықты. Жинаққа көрнекті ақынның 200-ден астам баталары енген. Ж.Елшібек «Ерекше туынды» атты мақаласында ақынның баталары жөнінде: «Қашаннан сөздің құдіреті мен қасиетіне зор мән беріп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев ықшам, тығыз, ойлы, өрнекті жазу үрдісінен айнымай келе жатқанына куә боламыз» [1, 32-б], - деп жазады. Яғни, Мұзафар Әлімбаев қазақ лирикасын көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан, нақтылықты орнықтырған ақын. «Өлеңнің табиғаты лирика, сондықтан ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіренген жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады» [2, 72-б], - дейді.

Алғашқы қадамын Павлодар облыстық “Қызыл ту” газетінде жарық көруден басталған өлеңдері қазір том-том болып халқымыздың рухани қазынасына айналған, бүгінде қазақ поэзиясының құнарлы топырағына қаққан қазығы нық, нығыз, асқар биік шығармашылық тұлға - Мұзафар Әлімбаев.

Ақынның “Естай-Хорлан”, “Менің Қазақстаным”, “Ту тіккен” секілді эпикалық туындылары жыр сүйер жұрттың жүрегіне жол тауып, таңдаулы шығармалар қатарынан орын алды. Ондаған жылдар бойы ауыздан түспей шырқалып келе жатқан “Ақмандайлым”, “Өзің де жігіт, қызықсың”, “Маралдым”, балаларға арналған “Мұғалім ол біздің”, “Көшпелі фонтан”, “Бесік жыры”, “Қартаймайсың, жан ана” қатарлы көптеген ән-өлеңдері халықтың сүйікті туындысы болып кетті. Қаламгердің естеліктері мен эсселері, мақал-мәтелдері мен көңіл күнделіктері де оқырмандар көңілінен шыққан тартымды дүниелер. Халықтың ауыз әдебиеті - қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді зерттеп, жинастырған “Маржан сөз”, “Мақал-мәтелдер” секілді кітаптары халықтың күнделікті қажетсінер дүниесіне айналды.

Сондай-ақ ол айтулы публицист, майталман аудармашы, әдебиет зерттеуші. Ақынның бұл қырларының қай-қайсы да-қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, мәуелі бұтақтар. Үздіксіз, әрі дәмді, мол жемістер беріп келе жатқан бұтақтар. Шындығын айтсақ, бізге үлкендер ақыны, аудармашы, сыншы, очеркші, ән-өлеңші, ұстаз, редактор М.Әлімбаевтың қай-қайсысы да

қымбат. Алайда, әсіресе соңғы ширек ғасыр көлемінде, қаламгер есімі аталса болды, алдымен балалар ақыны М.Әлімбаевтың ойға оралары анық.

Әлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше. Неге десеңіз, балаларға арнап қызықты шығармалар жазу екінің бірінің еншісіне тие бермейді. “Бесік жырынан” басталатын балғындар өлеңінің әйтеуір бір құдіреті бар. Соған қарағанда, ән-өлең бала бойына ана сүтімен бірге таралатын болу керек. Әйтпесе, бөбекті өлеңмен қалай ұйықтатып, өлеңмен қалай оята алады? Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін — өлеңнен артық керемет бола ма? Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осында болса керек. Әйткені, ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы ғой...

М.Әлімбаев - қазіргі балалар әдебиетінің ата буынына қосылған көрнекті қайраткері, тәлімгері. Ақынға 1984 жылы “Аспандағы әпке” атты балаларға арналған жыр кітабы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл сыйлықтың бөбектердің сүйікті ақыны - Мұзафарға берілуі әбден орынды. М.Әлімбаев балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой-өрісіне сай лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алған. Өлеңдерін оқып тілі шыққан бүлдіршіндеріміз қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін, қазақ сөздерінің ғажайып нәрін Мұзафар ағамыздан үйреніп келеді» [3].

Бүгінде, мынау технология мен ғарыш заманында біздерді таң қалдыру, кітапқа еліктіру оңай шаруа емес сияқты. Солай бола тұра, білмейтініміз көп... ал білетініміз аздау болып жатады... Талғамы биік В.Белинскийдің бір сөзі осы бүгін айтылғандай:”...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек”. Яғни, бала бола білу керек. Ал, М.Әлімбаев атамыз шығарма жазғанда тіпті балалардың жас ерекшеліктеріне дейін қатты ескереді екен. Сондықтан оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жас өспірімдерге арналған болып айқындалып, айрықшаланып тұрады.

Мұзафар Әлімбаевтың “Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?”, “Көкек неге “көкек” дейді?” “Тауыс неге қызыл-жасыл?”, “Қарға неге қара?”, “Алатаудың баурайында”, “Көк кілем”, “Еріншектер елінің Ертеңбайы туралы” аңыз-ертегілері кім-кімді де жалықтырмайды деп ойлаймын.

Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арнап жазған кітаптарында тәрбиелік мәні бар өлеңдері көптеп кездеседі. Мысалы, ”Суайт сауысқан”, “Қырықаяқ”, “Әппақ пен сатпақ”, “Тарғыл мысық дағдысы” сияқты толып жатқан жырлары бар.

Ақын “Жел деген не?” өлеңінде:

Жел деген не?

(Айт деп інім жалынды).

Жел де ауа кәдімгі

(Айтқаныма нана ғой).

Жел дегенің тек бірақ,

Ойға –қырға шапқылап,

Пайыз таппас ауа ғой[4]- деп, жел сияқты тұрақсыз әрі берекетсіз болмау жағын тапқырлықпен айтып, суреттеп берген.

Ақын 5 жасында әріпті әліп деп біліп, кітап оқи бастайды. 6-сыныпта ауыл кітапханасының бір қыста 150-ден аса кітабын тауысып, “Бауырсақтан” бастап, “Батырлар жырымен” жалғастырып, Пушкиннің 4 томдығын тауысады. Өлең жазуды мектеп қабырғасында бастап, 16 жасында анасына арнап жазған тұңғыш өлеңі мерзімді баспасөзде жарияланады. Бұл үлкен өнер жолына деген алғашқы баспалдағы еді.

Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады депті бір ақылды адам. Әлдебір аңқаулар болмаса, байыпсыз алаңғасарлар болмаса, халық сөзімен айтқанда, “оқу өтіп кеткен” оқымыстысымақтар болмаса ешбір қаламгер көркемдік мақсатқа жете алмайды екен.

Ақынның қай өлеңін алып оқысаң да өзіміз куә болып жүрген көріністер арқау болғанын байқаймыз. Аспан кемесінде жұмыс істейтін мамандық иесі туралы «Аспандағы әпке» өлеңіне аттас кітабы әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлықты алған.

Ақын атамыздың «Жалқау винт» деген өлеңіндегі:

Жалқау бір винт жасынан,
Жылжып болттың қасынан,
Түсіп қалды қырсығып,
Тоқтасын,-деп,-машинам!
Оған несін қарасын?!
Бұрап алып жаңасын.
Жүріп кетті машина
Шарлап совхоз даласын.
Жапанда винт тек жатыр,
Жаңбыр-батыр, жел жатыр.
Жарамаған кәдеге

Көк темірді жеп жатыр[4] – деген өлең жолдарының көпшіліктен бөлектенбей, қашанда қайырымды болып, басқа біреуге қастандық ойламауға үйрететінін байқаймыз... Ақынның көптеген өтірік өлеңдері тақырып, таным жаңалығымен ерекшеленеді. Атап айтсақ:

Қақ жарып шоғын жұлдыздың,
Ұшқанын көрдім құндыздың.
Құдықтың суын төктім, төңкердім де,
Теңізді жалдап өттім, жөн көрдім де.
Құлынның мүйізіне мініп аттай,
Бүгін –ақ барып қайттым ертең күнге.
Алдайды деп аптықпа,
Үйір емен дақпыртқа:
Ай қасында түнедім,
Орандым да ақ бұлтқа.
Ұлу озды елікпен жарысқанда,
Тышқан жеңді аюмен алысқанда.
Арбама атты қойып, қоңыз жектім,
Бір емес қатарынан тоғыз жектім[4].

Ақынның тағы бір өнері - әнге өлең жазу. Оның 1949 жылдан бастап 300-ге жуық өлеңі ән-әуенге айналыпты. Ол әндердің көбі балаларға арналған: “Мен - баласы даланың”, “Мұғалім ол біздің”, “Менің атам - майдангер”, “Көктем дала - Алматы”, “Біздің балабақшада”, «Жұлдызым» тағы басқа көптеген өлеңдері.

Көп еңбектенетінін ақын көп еңбектенуді кімнен, қалай үйренгендігі жайлы өзі былай дейді: «...Дімкәс әке-шешеміз бізге кезекпен үй сыпыртатын, су әкелдіретін. Алты-жеті жаста мал жайлауды үйрендім. Тезек теру, шілік шабу, отын жару - бала шақтағы күнделікті үрдісіміз еді. Ауаны қалай жұтсақ, суды қалай ішсек, бұлар да сондай үйреншікті машық еді, арба жегу, етік жамау, түйме қадау, кір жууды да жатырқаған емеспін, кейде апама болысып, сиыр сауған күндерім де болды... Осының бәрінің өсе келе пайдасы тиді, әсіресе әдебиетте. Солардың бәрі еңбектене білуге, еңбектен ләззат табуға үйретіпті»[5] - деп есіне алады.

Ақынның еңбекқорлығы жайында Ғафу Қайырбеков: «Мұзафар Әлімбаев - шынтуайтқа келсек, нағыз ғылымның адамы. Оның ғылымға тән таланты, миының зеректігі, асқан төзімділігі мен мүлде ерінбейтін еңбекқорлығы, уақытының көбін қағаз арасында, кітап ішінде өткізуі — бәрі де оның ғалымдық қасиетін айтып тұрған жоқ па?» [6] - деп естелік айтады.

Шәкірт болсаң,
Шоқандардай озық бол,
Оқу-білім бейнетіне төзіп көр.
Ертеңгі істі бүгін ойлап, бейімде,

Бүгінгіңді ысырма тек кейінге.
Қадари-хал талабы бар әркімнің,
Жастан шырқа әнін туған халқыңның.
Кітап құмармен сырлас бол,
Кластастармен мұңдас бол.
Қылқалам, бояу сөйлесін,
Сал туған ауыл бейнесін!
Үлкеннен үйрен,
Кішіге үйрет.
Жаманнан жирен,

Тозғанды күйрет [7], - деп Мұзафар ағамыз барлық оқырмандарына арнап өсиет жолдапты.

“Асыға асқаныңда қайқаң белден.
Алдыңнан ауыл шығар ойпаң жерден,
Айна көл ақшыл тартып жатар тымық,
Секілді қымыз құйған жайпақ зерен” [7]. Бұл - ақынның туған жерінің суреті.

М.Әлімбаевтың туған өңірі Маралды атырабы да (Павлодар облысы, Шарбақты ауданы) әнші-күйшілердің, ақын-жыраулардың, ертегіші-хикаяшылардың, ділмәр шешендердің думан құрған өнер төріндей болды. Солардың тәтті сазын, татымды сөзін, тартымды ғибрат-тағылымын қаршадайынан құлағына құйып өсті. Ақынның жастық шақ, есею жылдары, толысу кезеңдері де кілең бір өнегелі ортада, білікті үлкендердің қасында, таланттылардың жанында өтті. Анасын, балалық шағын: “Әкем ескіше оқыған, Уфадағы медресе “Ғалияны” бітірген, жәдитше мектепте дәріс берген. Анам Зейнеп те хат таныған. Жарқын мінезді, тілді, тумысынан ақын кісі еді...Әкесіз өткізген жылдарда тапшылық, тіпті жоқшылық тауқыметін талай тартсақ та, асыл ананың арқасында жетімдік көрмейтіндеймін. Қайран ананың жүрек жалыны тірі қалған екі баласын әлпештеуге әкеміздің көзі жоқтағы тұста да мол жетіпті. Алғаш рет Бұқар жырау, Көтеш, Абай, Сұлтанмахмұт, Иса, Естай, Сәбит Дөнентаев... аттарын да, жырларын да апамнан естідім. Қаншама ертегі, қиссаны апам жатқа айтушы еді. Өзі де жанынан жырлар шығарушы еді. Ақындықтың алғашқы ұрығына аппақ нұр, асыл нәр беретін де ана әлдіі, ана” жыры, ана әңгімесі шығар. Қаламгерлердің қайсысы болса да, анасын ақ сүті үшін де, рухани сусын бергені үшін де ақ жүрегінен алғысын айтып, еске алатыны содан-ау” - [7], деп еске алады ақынның өзі.

Қандай жанның да балалық шағы - болашағының баспалдағы. Кім-кімнің де ат жалын тартып, азамат жасына келгенде қандай адам болмағы, оның балалықтан алған әсер - байлығына көп байланысты. Оның үстіне Мұзафар Әлімбаев, негізінен, балалар ақыны. Сол себепті балалар ақынының тағы да балалық шақ әсері туралы естеліктеріне ден қоялық...

“...Мен үйде және интернаттар мен пансионаттарда тәрбиелендім. Үздік оқыдым, қоғамдық жұмысқа белсене араласқан пионер болдым, сурет салуға да құмар-ақ едім, қабырға газеттерін шығару қай мектепте де менің сыбағама тиетін-ді. Көбіне тақпақ оқитынмын. Суфлер будкасынан сыбырлап отырғаным көп баланың қолы жетпес дәреже көрінетін маған. Павлодар педучилищесі - менің поэтикалық бесігім, журналистік жолымның бастауы. Бірінші жырды соның қабырғасында жаздым. Сол училищеде оқып жүргенімде тырнақалды туындым облыстық “Қызыл ту” газетінде 1939 жылы 18 маусым күні жарық көрді. Сол жылдары аяулы ұстаздарымнан әдеби ғана емес, адами тәлім алып өстім. Облыстық газет қасындағы әдеби бірлестікке де белсенді мүше болдық, бірақ бірде-бір әдеби кештен қалып көргеміз жоқ. Сөйтіп жүріп, “ақын бала” атана бастадық,” [7] - деп еске алады ақын.

Қиын жазған қаныммен де, теріммен
Қимасымды тартып алған өлімнен,
Менің төрт жол отты жолым-төрт жылым
Қызыл бояу, ірі әріппен терілген.

1941 жыл... Соғыс бұрқ етті. Он сегізден жаңа ғана асқан жасөспірім жігіт соғысқа өз еркімен сұранып қанды майданға шеру тартты. М.Әлімбаевтың балғын жастығы жойқын

жорықтың аласапыран алаңында, көк ала түгіннің ішінде, оқ топанының астында өтті. Жас солдат қиын-қыстау күндерде қару мен қаламды қатар ұстады. Өрт оранып отырып, солдаттың оғындай ұшқыр, қаһарындай кекті алғашқы өлеңдерін жазды. Ақын өлеңдерінде жауға деген жалыны лапылдаған, дауылы бұрқап ұйтқыған өшпенділік жатты. “Ата, батырға да жан керек”, майданда қорыққан оқиғаларыңыздың еске түскенін айтып беріңізші” деген журналистің сұрағына, атамыз былай жауап беріпті: “Бұл сонау алыстағы сұрапыл жылдарда болып еді... Ұрысқа түнде кірдік. Аға лейтенант Чернов екеуіміз артта қалып қойыппыз. Сөйтсек, немістердің шегінгенде қалып қалған бір артиллерия батареясының дәл тұмсығының астынан шығыппыз. Енді сәл жүрсек не тірідей, не “басқаша” қолға түседі екенбіз. Орманды тасалап зытып бердік. Олар да оқты жаудырып берді. Әйтеуір, тигізе алмады. Сонда қорықтым”[9], - деп сөзін аяқтапты Мұзафар атамыз. Майданнан жеті жарым жыл өткен соң офицер - танкист атанып туған үйіне оралады. Бір кездегі балаң жігіт жай ғана оралмай, уақытты бағалауды, өмірді қадірлеуді, Отанды қастерлеуді үйреніп қайтады.

1948-1956 жылдар аралығында “Пионер” журналының поэзия бөлімін басқарып, өлеңсүйгіш жасөспірімдердің талап-тұлпарын қамшылап, қамқорлады. 1956-1958 жылдарда “Қазақ әдебиеті” газетінде басшылық бедерін қалдырады.

Ұстаздыққа бейім әрі балажанды мінез қазақтың жас жеткіншектерінің тілін сындырып-ұстартатын, туған тілімізге деген құрмет-құштарлығын арттыратын тәрбиелік бір басылым - құрал керегі туралы іштей ойлап, толғанып жүретін. Арманына 1958 жылы қолы жетті, шуақты шілдеде дүниеге келген «Балдырған» балалар журналы республика бүлдіршіндерінің – бірнеше буын ұрпақ өкілдері балалық шағының базары мен ажарына, киелі сөз өнері бастауларына баулитын байыпты - ұқыпты бағбанына, адамдық әліппесінің ережелеріне үйрететін үлкен мектепке айналды. «Балдырған» басылымының өзгелерге ойыншықтай оңай көрінетін ауыр жүгін жазушы Мұзафар Әлімбаев ширек ғасырдан астам уақыт арқалады. 1958-1986 жылдар аралығында журналға тапжылмастан редакторлық етті.

Соғыстан кешігіп келген солдат әдебиеттің бейбіт майданына да кешігіп кірді. Алғашқы кітабы 29 жасында жарық көрді, құралыптас-құрдастарының бірқатары баяғыда-ақ бірді-екілі кітаптардың авторы болып үлгерген-ді. Алайда аз ұйықтап, азапты көбірек шексең, қалам сыбағасын толтыруға әбден болады екен. Бүгінде әдебиеттің әр түрлі жанрындағы (поэзия, әдеби зерттеу, фолклортану, халық тағылымы, эссе, очерк, естелік, ән өлеңдері) 50 төл туындының авторы. Абай атындағы мемлекеттік сыйлығын 1984 жылы «Аспандағы әпке» атты балалар жинағы үшін алды.

М.Әлімбаевтың “Ана” деген тұңғыш өлеңі 1939 жылы облыстық “Қызыл ту” газетінде басылды. Ал алғашқы кітабы “Қарағанды жырлары” деген атпен 1952 жылы жарық көрді. Одан кейінгі лирикалық және азаматтық әуенге жазылған «Құрбыма» (1954), “Лирика”, “Жолдар жырлар”, “Жүрек лүпілі”, “Өшпес от” жинақтары шықты. “Менің Қазақстаным”, “Құрбымның күнделігі”, “Естай-Қорлан” лиро-эпикалық поэмалары – осы жанрды дамытуға қосылған елеулі туынды.

Мұзафар Әлімбаев поэтикасының үш тағанды тірегі іспетті «Естай-Хорлан» ғашықнамасы, «Ту тіккен» және «Құрыш қазақ» ерлік – қаһармандық дастандары дүниеге келген тұсында қазақ поэзиясының ортақ жаңалық-жеңісі болды [10].

«...Нақтылық, ойлылық, жинақылық — Мұзафар өлеңдерінің ең басты қасиеттерінің бірі. Мұзафар - біздің із-өкшемізді басып келе жатқандардың ішіндегі ең бір ірі ақын. Оның өзіндік беті бар, қолтаңбасы бар. Әрбір өлеңін жарыққа шығарарда әрбір сөзі үшін күресетін, өзіне-өзі сыншылық жасайтын сарабдал ақын.

Лирик ақын Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінен заманның эпикалық зор тынысы, мол құлашы сезіледі» [11] - дейді Сырбай Мәуленов.

Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ

топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қорыта айтқанда М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ — олақ», «Шынықсаң — шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал-мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал — сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз — ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын — зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған [11].

Әдебиеттер

1. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан.-1993.-25 мамыр.- Б.8
2. Әлімбай М.2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
5. Садыр Б. Мұзаған асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егем. Қазақстан.-1998.-7 қараша.- Б.4
6. Қыдырбеков Ғ. Сарабал сөз сардары. — Егем. Қазақстан.-1993.-29 қазан.- Б.5
7. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық.- Алматы: Жазушы.-367 б.
8. Әлімбай М. Айтары барды аузынан қақпас болар: [Жазушымен сұхбат. Әңг. Н.Жұмаханұлы] // Қазақ әдебиеті.-2001.- 23 наурыз.- 7 б.
9. Достықтың төл перзенті — ұлы жеңіс!: [Майдангер, сөз өнерінің майталман ұстазы, қазақтың біртуар перзенті Мұзафар Әлімбаймен әңгіме] // Жас алаш.- 1999.- 8 мамыр.- Б. 3
10. Ахметов Ш. Мұзафар Әлімбаев.- Кітапта: Ахметов Ш. Қазақ Совет балалар әдебиеті: Жоғары оқу орындары мен педучилище студенттеріне арналған оқу құралы.– Алматы: Мектеп, 1976.- Б.210-215
11. Мәуленов С. Талғам таразысы: [Ақын М.Әлімбаев туралы] // Мәуленов С. Сыр мен жыр.- Алматы: Жалын, 1991.- Б. 221-230

БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ – МҰЗАФАР

Имуханова Н.Ж.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

«Педагог-тәрбиеші және мектепке дейігі білім беру әдіскері» мамандығы бойынша 1 курс
(2ж.) студенті

Мұзафар Әлімбаев (1923-2017) – Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды ауылында дүниеге келген. Педагогикалық училищені бітірген. Соғысқа қатысқан. Ұзақ жыл “Балдырған” журналының бас редакторы болды. 140 әнге сөз жазған. Өн сөздері 19 тілге, көптеген өлеңдері 38 тілге аударылған.

Балалар әдебиетіне ерекше еңбек сіңірген. 1982 жылы “Аспандағы әпке” жинағы үшін республикалық Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. ҚР еңбек сіңірген мәдениет

қызметкері (1978ж), Қазақстанның халық жазушысы, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері (1996ж). Қазақстан Республикасының бұрынғы Әнұраны авторларының бірі. Отан соғысының бірінші және екінші дәрежелі ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, “Отан” орденімен марапатталған.

Дүниежүзіндегі жетпіс елдің мақал-мәтелін жинап, оларды қазақ тіліне аударған. Шығыстың классикалық поэзиясындағы Рубаят үлгісімен де жазған ақын. Қырғыздың әйгілі “Манас” эпосын қазақ тіліне аударушылардың бірі.

Қазақ балалар әдебиетінің бағына туған Мұзафар Әлімбаев алғашқы туындыларын 15 жасында жазды. Ол Павлодар облысы “Қызыл ту” газетінде жарық көрді. Содан бастап Мұзафар Әлімбаевтың ұзақ та жемісті шығармашылық жолы басталды. Бастапқыда Мұзафар Әлімбаев балалар жазушысы ретінде танылды, әдеби ортада “бала жанының бағбаны” атанды.

Балаларға арналған өлеңді ересектерге жазылған өлеңнен гөрі жақсырақ жазу керек деген ұстаныммен жұмыс істеді. Соғыстан кейінгі жылдары “Пионер” журналында поэзия бөлімін басқарып, Мұхтар Әуезовпен танысқанын жазады.

Ол 1958 жылы “Балдырған” журналының бас редакторы болды, бұл қызметті 1980 жылға дейін атқарды.

Мұзафар Әлімбаев әлем халықтарының жүздеген мақалын қазақ тіліне аударған, аударып қана қоймай, оны ұлттың болмысына бейімдеп жеткізген. Оларды “666 мақал мен мәтел”, “Өрнекті сөз”, “Мақал - сөздің мәйегі” деп аталатын жинақтарға топтастырды. Сонымен қатар әлем поэзиясынан Пушкин, Лермонтов шығармаларын қазақша сөйлетті. Мұзафар Әлімбаевтың төл туындылары мен аудармаларын қоса есептегенде 64 кітабы жарық көрген.

Олардың арасында балаларға арналған “Жұмбақтар”, “Менің Қазақстаным”, “Өрнекті сөз - ортақ қазына”, “Маржан сөз”, “Балдәурен”. 1982 жылы “Аспандағы әпке” өлеңдер жинағы мемлекеттік сыйлықпен марапатталды. Мұзафар Әлімбаев Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы Әнұраны авторларының бірі.

Жарылған намыстан қаһарман халықпыз,

Азаттық жолында жалындап жыныппыз.

Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен

Ама-сау қалыппыз, аман-сау алыпмыз.

Еркіндік қыраны, шарықта,

Елдікке шақырып тірлікте!

Алыптың қуаты - халықта,

Халықтың қуаты - бірлікте!

Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,

Бауырға басқанбыз баршаның баласын.

Татулық, достықтың киелі бесігі -

Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

Талайды өткердік өткенге салауат,

Келешек ғажайып, келешек ғаламат!

Ар-ождан, ана-тіл, өнеге салтымыз,

Ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат! - деп шырқалған ән 1992-2006 жылдары Қазақстанның әнұраны болды.

“Балалар әдебиетін, балалар поэзиясын Музағаңыз елестету мүмкін емес. Музағаның өлеңнен бөлек әлемнің арғы-бергі классиктерінің шығармаларын аударғар еңбегі, жаңылтпаш жазып, мақал-мәтел жинақтап құрастыруы - осының әрқайсысы бөлек-бөлек қарастыруды қажет ететін сан дүниелер. Сөздің нарқын білетін, мәйегін танитын, мағынасына, мәніне бойлай алатын бірегей қалам иесі болғандықтан, Мұзафар Әлімбаев әдебиетті көркем аудармаларымен байытты”, - деген ақын Нұрлан Оразалин.

Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арналған өлеңдері қысқа болғанымен, белгілі сюжетке, тартымды ойға, терең пікірге құрылған. Ақын балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтан да ақын өмірдің кішкене бір көріністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды өзіне зор мақсат етіп қояды.

Ақынның әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны үлкен кісілер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Ақын “Кім ұтылды, кім ұтты...” өлеңінде тау асып ойнам кеткен үш баланың қарны ашып, қолдарында қалған екі алманы бөлісе алмай жатқандарын сөз етеді. Екі алманы үшке бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

Қиын емес бұл мүлдем,
Сен бер маған жартысын.
Тепе –тең бөлейік
Екеуі оған көніпті,
Екеуің ал бір – бірден,
Жарты – жарты бөлікті
Мен – ақ соған көнейін.
Басу айтқан балаға
Не керек сол айтысып,
Өз қолынан беріпті.
Сен бер маған жартысын.
Кім ұтылды, кім ұтты?
Не керек сол тартысып,
Кім ұқпады, кім ұқты?

Ақын өлеңін сұрақпенен аяқтап, оқиға шешімін балалардың өз талқысына салады, сөйтіп, олардың ойын дамытуға, өздерінше пікір таласын тудыруға сілтейді. Ақын өлеңі тартымды ойға құрылатыны осыдан ап – айқын көрінеді.

“Әріптер сыры” өлеңінің мамандық таңдауға жол ашатын сыр – сипаты бар:

“А” – Алтай бала дәрігер,
Аурудан сақтар ол мені.
“Ә” – Әнуар өнер біледі,
Әдемі етік тігеді.
“Б” – Бауыржан сақшы – жауынгер
Батыр деп сүйген қауым ел.
“В” – Володя мастер мен дейді,
Вагондарды жөндейді.
“Г” – Гүлжамила бақшашы,
Гүлге толған бақшашы
“Ғ” –Ғажап бояу жағады,
Ғали сурет салады.
“Д” –Дүлділ аттар баптаған,
Дәрменді жұрт мақтаған.

Мұндағы әр әріп, әр түрлі мамандықты таңдайтындай мазмұнға құрылған. Және бірінші сынып оқушыларының жаттап айтуына ыңғайлы. 36 әріпті түгел танып шыққан бірінші сынып оқушылары ата – аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі “А”, екіншісі “Б”, үшіншісі “Ә” болып рөлдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата – ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың ақын, жазушыларға қояр тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімдік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды.

Баланы адалдыққа, кіші пейілдікке, мейірімділікке тәрбиелеу халықтың педагогика мақсаттарының бірі болған. Адамгершілігі мол парасатты кісі әрқашан өз басының қамынан гөрі ел қамын, халық қамын көбірек ойлайды да өз Отаны алдында қызмет етуге әрқашан дайын тұрады. Міне, осындай сипат Мұзафар Әлімбаевтың «Алатау баурайында» поэмасынан ерекше орын алған.

Жақы деген жарлының жаман шалашын сұрап алған Пернебек оны түзеймін, үлкейтемін, үй етемін деп шалаш астын қазып жатқанда кесек-кесек алтын тауып алады. Қуанышы қойнына сыймаған Пернебек бұл сенің үйіңнің астынан шақты, бұл алтынды сен ал деп Жақыға жалынады. Оңай олжадан бас тартан Жақы Пернебекке өзің ал алтын өз еңбегіңмен табылды дейді.

Жарымаған жарлының,
Көзің сатып жеген нан,
Жарылғаны адалдық.
Кептеледі өңешке.
Жарлымын да жарлымын,
Терің сатып жеген нан,
Жанға жақпас қараулық.

Балдан тәтті емес пе? – деп, Жақы тағы да Пернебектің алтынды алмасына қоймайды. Аш көзділік, арсыздықтың жоқтығы қандай сыйлы. Пернебек те алтынды алудан бас тартады.

Оңай олжа – арам ас,
Мен де алтыннан беземін.
Бола қоймас балам аш,
Терсем де жер тезегін.

Ақырында біз көрген таршылықты солар көрмесін, олардың болашағы бақытты болсын деп екеуі бірінің қызын екіншісінің ұлына қосып, алтынды соларға бермек болады, бірақ екеуінің баласы да алтынды алудан бас тартады. Ақырында бір дана қарияның айтуымен алтынды халық мүддесіне жұмсап, алмалы бақтар орнатады. Ол халықтың игілігіне айналады.

Міне, бұл баланы адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу идеясынан туған тоқтам. Жүре келе түсінер, өмірдің өзі үйретеді дей жүріп, баланы бақылаудан тыс қалдырса, он құрметтесе, балаға баласынып қараса, онда ата-ананың ұтылғаны.

Ал егер баланың бойына ізгілік егілмесе, оған құрметпен қарамаса, ондай бала өзіне өзі сұрқия, басқаға да жексұрын боп көрінеді. Бұған біз Мұзафар Әлімбаевтың «Егерде» деген өлеңін үлгі етер едік.

Ауланың қарын күрер ем,
Аяғым су болмаса.
Бақшаны баптап жүрер ем,
Үстіме шаң қонбаса.

Бұл бала не істеу керек екендігін біле тұра соған ілікпейді. Қолы бармайды. Қара жұмысқа жиіркене қарайды.

Суға да мен барар ем,
Егер қарым толмаса.
Отынды да жарар ем,
Ағаш қатты болмаса.

Жастайнан осындай тәрбиеде өскен шолжақ бала көбіне жамандыққа үйір кісі Жан біткенде жек көреді. Жасынан өзімшіл, жалқау өскен бала өзге түгел өзінің жақынына да қарамайтын болады. Ақын бұл жағын да дұрыс айтқан:

Жұбатар ем Жанатты,
Жылап маза алмаса.
Жақсы оқыр ем сабақты,
Кітап қалың болмаса.

Мұзафар көркем сөз зергері. Оның өлеңдерінен бала жанын мәз етерлік елжіреген бос сөздер, құлақ тұндылық құрғақ өсиеттер кездеспейді. Оның өлеңдерінен тілге жеңіл, жүрекке жеңіл тиіп отыратын терең ой, өткір пікірлер табылады. Мұзафар өлеңнің көркемдік түрлерін тек метафоралар мен эпитет сияқты бейнелі, мәнерлі сөздерден ғана іздемейді. Ол сөз қолдану шеберлігін әр сөзді орнын тауып жұмсай білу ден іздейді. Орнын тауып қолдана білсе, терең мазмұнға, ерекше көркемдікке ие болып құлпырмайтын, түрленбейтін бірде-бір сөз жоқ екенін Мұзафар жақсы түсінеді. Ол ізденгіш, талғамы күшті, бала жанын түсінетін талантты ақын.

Мұзафар Әлімбаев – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978 жыл). Қазақстанның Халық жазушысы, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері (1996 жыл). Отан соғысының бірінші және екінші дәрежелі ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, “Отан” орденімен марапатталған Мұзафар Әлімбаев 2017 жылы 94 жасында дүниеден өтті.

Қазақ халқы өмірін қазақ әдебиетіне арнаған ақын ағаны Әуезов атындағы драма театрда ақтық сапарға шығарып салды.

“Кеңестік кезеңде ол қазақ әдебиетінің алыптарымен қатынаса жүріп, Отан игілігі жолында жемісті еңбек етті. Көптеген жыр жинақтары мен ән мәтіндерінің авторы атанды. Отыз жылға жуық балалардың сүйікті “Балдырған” журналының редакторы болып, ана тіліміздің дамуына және бүлдіршіндеріміздің дұрыс тәлім-тәрбие алуына лайықты үлес қосты. Қалың жұртшылық үшін оның халқымыздың мақал-мәтелдерін жинақтап, зерттеудегі еңбегінің маңызы зор. Ол жұрт әрдайым айтып жүретін көптеген қанатты сөздер мен сөз тіркестерін өмірге әкелді.

Мұзафар Әлімбаевтың есімі мен еңбегін халқымыз әрдайым жадында сақтайды.

Әдебиеттер

1. Мұзафар Әлімбаев. Шығармалар жинағы – 1,2 томдар, 1997 жыл
2. Жыр маржандары. Қазақ поэзиясының омпалогиясы - IV том, 2014 жыл
3. Мұзафар Әлімбаев. Үлкендерден үйреніп, 2006 жыл
4. Мұзафар Әлімбаев. Қилы өмірдің хикаясы - №1,2 – 1983 жыл
5. Жыл он екі ай - №5. 2017 жыл
6. Жыл он екі ай - №4,5. 2021 жыл
7. «Ұлан» газеті - №9, 2005 жыл

М.ӘЛІМБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Ергалиева Ж.Н.

Орал қаласы, Бәйтерек ауданы, Подход негізгі орта мектебінің мектепалды сыныбының тәрбиешісі

Балалар әдебиетіндегі үлкен орны бар, қазақтың балалар әдебиетіне орасан зор еңбек еткен, артында өшпес мұра қалдырған, әдеби ортада «бала жанының бағбаны» атанған Мұзафар Әлімбаев биылғы жылы, (28.04.2023) 100 жасқа толар еді. Ұзақ та мәнді өмір сүрген, балалар жазушысы, 94 жасында 2017-жылы дүниеден өтті. Оқылуы жеңіл, мазмұны мәнді Мұзағанның балаларға арналған өлеңдері өте көп. Мысалы: Биікке-биікке өлеңін алсақ. Қазіргі көктем мезгіліне байланысты балаларға жаттатуға болады.

Көктемде, көктемде,
Күн нұрын төккенде.
Қар еріп ақты су,
Жоғары тартты бу.
Көк ағаш былтырғы,
Көгерді-күлпырды.
Күлпырды, күлпырды,
Жоғары ұмтылды.

Балаларға жаттауға өте жеңіл болғанымен өлеңнің бар мағанасы, бар бояуы өзінде тұнып тұр. Көз алдына көктем мезгілін барлық өзгерістерімен алып келеді. Балаларға сұрақ-жауап түрінде де, әңгімелеп қара сөзбен айтқызуға да болады. Сондай кезде еш сөздерін ұмытпай айтып бере алады. Мысалы: (Қар еріді, күн көзі шықты, бу жоғарыға ұшты) деген сияқты балалар өз сөздерімен қайталап айта алады. Басқа жазушылардан ерекшелігі осында

деп айта алар едім. Себебі М.Әлімбаевтың шеберлігі сонда, балалардың өз тілінде, түсінікті де, көркем де, қарапайым да тілмен жеткізе білуінде дер едім. М.Әлімбаевтың өте көп балаларға арналған өлеңдерінің арасынан «Алатау баурайында» поэмасын айтып кетер едім. Баланың бойына Отансүйгіштік пен адалдық, мейірімділік пен еңбекқорлық, өз халқына қызмет етуге әзір болу тағы да басқа ізгі қасиеттерді балаларға үлгі етуге таптырмас өлең (поэма) дер едім. Әр нәрсеге еліктегіш бала көңіліне жақсы ой салып, жақсылыққа жаршы болуға, қайырымды да қарапайым болуға, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде де үлгі болар керемет туынды дер едім. Халықтың қамын жеп, өз Отанын құрметтеуге үндейтін осындай, балаға түсінікті тілмен жазылған өлеңдер Мұзағанның өшпес өз стилі болатын. Тағы бір өлеңін алып қарасақ, «Егерде» өлеңі, бұл жерде ақын жаман қылықтар бала бойына дарымас үшін ерте жастан тәрбие беруге үндейді. Балаларды ерте жас кезінен бақылауда ұстап, бала бойына жақсылық пен ізгілік дәні егілмесе салдары ауыр болатынын ескерткендей. Жалқау балалардың қылықтарын сынау арқылы жақсы қасиеттерге үндейді және соны түсінікті тілде балаға жеткізе біледі. М.Әлімбаевтың тағы бір «Әже» өлеңі туралы айта кеткім келеді.

Тоқыпты әжем алаша,
Бояуы қанық тамаша.
Көктемгі кемпірқосақты
Әжеміз жерге жасапты.

-деп басталады екен. Қазақтың бар болмысын бір шумақ өлеңге сыйғызған неткен шеберлік десеңізші, және де тұнған сұлулық. Көз алдымызға керемет әсем алаша елестейді. Сонымен қатар көктемгі аспан әлеміндегі көз тоймас көрініс келіп әжеміздің алашасына қона қалғандай сезім бойды билейді. Балалардың да ой-қиялын дамытуға осыдан артық қандай сөз керек?

Ауылға шақырған кім?
Біздің Бәпи әже.
Сусынға ішкізгені не?
Қымыз, тары көже.
Не жегізді сыйлап?
Балқаймақ пен құймақ...

Бұл жерде қазақтың кереметтей қонақжайлылығын, қазақтың ұлттық тағамдары мен сусындарын қалай әдемі кіріктірген. Қазіргі кезде қазақтың ұлттық тағамдарын біле бермейтін қаланың балаларына бұл таптырмас өлең дер едім. Балалармен Аналар мен Әжелер мерекесі қарсаңында осы өлеңді жаттағанбыз. Үйіне барып, балалары осы М.Әлімбаевтің «Әже» өлеңін айтып берген кезінде, көзіне жас алған әжелер болған. Қазақтың жанын бір-екі шумақпен жеткізе білген және оны балаға жатық тілмен айтқыза білген, балалар әдебиетінде аса мол мұра қалдырған құрметті ақын Мұзафар Әлімбаевтың асқан шеберлігі екенінде сөз жоқ. Артында қалған мол мұрасынан жас ұрпақ сусындай бергей, қазақтың балалар әдебиетін Мұзағаңсыз елестету мүмкін еместей. Ол кісінің тек өлеңдер ғана емес, жұмбақ-жаңылтпаштар, әндер, ертегілер, аңыздар, дастандар, мысалдар, қанатты сөздері т.б көптеген шығармалары балалар жанының мәңгі азығы. М.Әлімбаевтың төл туындылары мен аудармаларын қоса есептегенде 64 кітабы жарық көрген.

Өз бағамды сұрамаймын өзгеден,
Ердің құнын өлшейтін кім сөзбенен?!
Өз бағамды сұрамаймын өзгеден,
Ер салмағын безбендер кім көзбенен?!
Сұрасам да кеңмеңгер мен батырдан,
Қадырымды сұрамаймын өзгеден,
Ел алдында өз орынын парықтап
Күйкі пенде көңілімен сезбеген.

-деп жырлаған Мұзафар Әлімбаев шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорында сақтала бермек, мәңгі жас ұрпақтың тәрбиесіне қызмет ете бермек. Өлді деуге бола ма, айтындаршы, артында өлмейтұғын сөзі қалған.

Әдебиеттер

1. М.Әлімбаев. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар. Алматы: Жазушы 1973
2. М.Әлімбаев. Көп томдық шығармалар жинағы (7 том)
3. Балдәурен. Балаларға арналған таңдаулы тақпақтар, дастандар, жұмбақ-жаңылтпаштар. 2008.

М.ӘЛІМБАЕВ — БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ

Қанатова Н.Ж.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

«Педагог-тәрбиеші және мектепке дейігі білім беру әдіскері» мамандығы бойынша 3 курс студенті

Қазақ балалар әдебиеті өзіндік тарихы бар рухани қорымыз. Сонау 1960–80-ші жылдары қазақ балалар поэзиясы жанр, мазмұн жағынан түрленіп, ішкі жанрлары байыды. Ауыз әдебиеті үлгісінде жазылған сатиралық, фантастикалық поэма, ертегі, ертегі-поэма үлгілері пайда болды. Бұл тұста бала сипатын ашатын әдеби әдіс-тәсілдер де молайды. Жалаң үгіт, насихаттың тежеліп, бала характерінің алдыңғы планға шығуы балалар поэзиясының басты ерекшелігіне айналды. Бірыңғай балалар әдебиетіне маманданған Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, М.Жаманбалинов, Қ.Мырзалиев, Ә.Дүйсенбиев, Ж.Смақов сияқты ақындардың танымдық-тәлімдік шығармалары балалардың қиялына қиял қосты.

Шығармашылығы жанрлық жағынан бай саналатын балалар ақынының бірі — М.Әлімбаев. Ақын шығармаларында өлең, өлең-ойын, өтірік өлең, тақпақ, ертегі, санамақ, мазақтама, жұмбақ, метаграммалар, шарадалар, жаңылтпаштар т.б. сияқты ішкі жанр үлгілері жиі ұшырасады.

М.Әлімбаев өз өлеңдерін, негізінен, мектеп жасына дейінгі балдырған мен бастауыш сынып оқушыларына арнап жазады. Мысалы, «Менің ойыншықтарым» өлеңнен үзінді келтіріп көрейік:

*Ашытпайды көзіңді,
Шомыла зой, балақай!
Қарашы енді өзіңе:
Аппақ болдың, алақай!
Түсті түймең үзіліп,
Неге қадап алмайсың?
Тұр зой әне ине-жіп,
Неге ұқыпты болмайсың?*

Өлең жалғыз қуыршаққа ғана емес, ойыншық құлыншақ, бұлбұл, күшік, қоянға жеке-жеке арналады. Тақпақ танымдық, тәрбиелік маңызға ие. Бұл тұрғыда да халық өлеңімен үйлестігі айқын.

«Мұндай шығармаларды балалар шағын көлемі, ойнақы, әуезді, жеңіл құрылымы үшін ғана ынтыға жаттамайды, өздерінің таным-түсінігіне, күнделікті тірлігіне етене жағын мазмұн-болмысы үшін де құлай сүйеді. Мысалға, жан-жануарлар тақырыбына арналған тақпақтарда олардың сыртқы сипаттары мен әрекет дағдылары, мінез ерекшеліктері балаларға танымдық мағлұмат берерліктей образды суреттермен ерекше дәл бейнеленеді» [1].

Ақын өлең-жырларының басты тақырыбы — еңбек. Еңбек тақырыбындағы өлеңнің бірі — «Он саусақ». Өлең жөнінде автор былай дейді: «Еңбек қозғалыстан, әрекет етуден басталады. Екі саусақты біріктіру де, онымен ине ұстау да еңбек. Енді одан әрі не түйме қадалады, не киім тігіледі. Өстіп еңбек екі саусақтан, аздан, кішкенедең өрбиді. Ал үш саусақ бірікпесе, қалам ұстауға, хат жазуға, білім алуға жарайды, он саусақ кіріссе, үй де салынады, жол

да жасалады. Саусақ арқылы адамдарды мегзеп тұрғанымды алғыр балалар өздері-ақ аңғарады» [2; 5].

М.Әлімбаев үшін еңбексүйгіштік пен жалқаулық — егіз тақырыптар. Автор еңбекті дәріптеу арқылы жалқаулықты әшкерелейді.

Бала өмірін, тірлігін, мінез-құлық, әрекетін табиғат құбылыстарымен байланыстыру — ақын өлеңдерінің басты қасиеті. «Балақай мен қалақай» өлеңі аңғал бала мінезі мен әрекетіне құрылған. Өлеңде сюжет бар.

*Саяхаттап көрдік қыр,
Қырға бардық, тердік гүл
Айқайлады балақай:
– Алақай-ау, алақай!
Жапырақты үземін,
Гербарий ғып тіземін.
Ол бұтаны бас салды,
Міне, шатақ басталды.
Қарып қалды қалақай,
Жылап қалды балақай...*

Бұл — табиғат аясындағы бала тірлігі. Дала тартуын баяндайтын, танымдық сипаттағы сюжетсіз өлеңнің түрі — «Мен дала бардым».

*Мен дала бардым,
Қыр гүлін берді,
Көл суын берді,
Күн нұрын берді.*

М.Әлімбаев жыл мезгілдерін жасы кіші бала түсінігіне лайық етіп жырлайды. Халықтың маусымдық өлеңдері дәстүрінде жазылған «Күз келді» өлеңінде күздің көңілсіз көрінісі лирикалық кейіпкер атынан баяндалады. Ерекшелігі, жаңа заман келбеті көрінеді. Сондай-ақ бала ұғымына лайық тіл бар. Өйткені лирикалық кейіпкер, ол — бала. 5 буындық өлең өлшемі қолданылған. 12 жолдан тұрады. «Сарғайды тоғай, сап-сары маңай, соңғы әнін айтып, құс кетті қайтып» деген жолдар бала танымын айқын береді. Өлең соңында «Сонда да бізге қызық көп күзде» деген тұжырым жасалады.

«Күз» атты өлеңінің бірінші шумағында бір сурет екіншісіне жылдам ауысады:

*Ұшты талдан жапырақ
Сары көбелек секілді.
Аспанда жай шатырлап,
Тамшы жерге секірді.*

Өлең жолдары бала табиғатына үйлес ойнақы шыққан. Екінші шумақта ақын даланы еңбеккер алыпқа теңейді:

*Барын беріп халыққа,
Жұмыстан соң қалжырап.
Дала ұқсайды алыпқа
Дамыл алған маужырап.*

Дала өлеңде еңбеккер әке, ата мағынасында, ағаш жапырағы мен жаңбыр тамшысы «перзент» ұғымында қолданылған. Секіріп ойнаған бөбек пен жұмыстан шаршап келіп демалып жатқан әке бейнелері қылаң береді. Бүлдіршін жүрегіне жақын сурет.

Балалар фольклоры үлгілерінде тамаша жыр туғызған ақынның өтірік өлеңге бет бұруы әбден заңды. «Суайттың өтірік өлеңдерінен» атпен ұсынған шумақтарда ақын алуан түрлі өлең өлшемдерін қолданады. 7, 8, 11 және аралас буынды өлең өлшемдері кездеседі. Авторлық өтірік өлеңдерден халық өтірік өлеңдері кейіпкерлерімен де жүздесеміз, заманына сай жаңа сөз қолданыстарын да кездестіреміз.

*Поезға арттым жалғыз қауырсынды,
Тарта алмай тепловозың ауырсынды.
Тышқанға қоса тіркеп беріп едім,*

Жүйткіді әлгі поезд дауыл сынды.

Сурет салып отырған кішкентай бала көлге әкеп тіреп, жолды жоғалтады. Ақын жолды көлдің арғы жағалауынан күрең қарындашпен алып шығады. Жол көлге шомылып шығады. Осы оқиға негізінде «Жол қайда жоғалды?» өлеңі туады.

Сонымен, М.Әлімбаев шығармашылығы балалар поэзиясының өзіндік ішкі сырларын терең түсінуімен, оны ойдағыдай меңгеруімен ерекшеленеді. Ақын өлеңдері ой-пікірдің нақтылығымен, сөз ойнақылығымен әсерлі келеді. Бала еңбегі, оның ой-пікірі, әрекеті көркем поэзия тілімен өрнектеледі.

Әдебиеттер

1. Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 74-б.
2. Әлімбаев М. Балдәурен, балалық. — Алматы: Балауса,
3. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. — Алматы: Өркениет, 2003. — 211-б.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ

Ахметова Г. Х.

БҚО, Орал қаласы

№25 «Снежинка» бөбекжайы, қазақ тілі мұғалімі

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, аудармашы, әдебиетші, балалар ақыны, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың балалар поэзиясында орны ерекше. Ақын 1923 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды ауылында дүниеге келді. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан оралған соң С.М.Киров атындағы Қазақ университетін бітірген. «Пионер» журналының бөлім бастығы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасары қызметін атқарып, КПСС мүшесі болған.

М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ - олақ», «Шынықсаң - шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал - мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал - сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз - ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын - зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Өлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған.

М.Әлімбаевтың балалар поэзиясында өз шәкірт ақындары, өз мектебі бары — шындық. Мұзафар Әлімбаев есімі өз елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері. М.Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталарды қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын. Оның бата-өлеңдері «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кітап болып 1996 жылы «Атамұра» баспасынан шықты. Жинаққа көрнекті ақынның 200-ден астам баталары енген. Ж.Елшібек «Ерекше туынды» атты мақаласында ақынның баталары жөнінде: «Қашаннан сөздің құдіреті мен қасиетіне зор мән беріп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев ықшам, тығыз, ойлы, өрнекті жазу үрдісінен айнымай келе жатқанына куә боламыз» — деп жазады. Яғни, Мұзафар Әлімбаев қазақ лирикасын көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан, нақтылықты орнықтырған ақын. «Өлеңнің табиғаты лирика, сондықтан ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіренген жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады» — дейді.

Алғашқы қадамын Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде жарық көруден басталған өлеңдері қазір том-том болып халқымыздың рухани қазынасына айналған, бүгінде қазақ поэзиясының құнарлы топырағына қаққан қазығы нық, нығыз, асқар биік шығармашылық

Ақынның “Естай-Хорлан”, “Менің Қазақстаным”, “Ту тіккен” секілді эпикалық туындылары жыр сүйер жұрттың жүрегіне жол тауып, таңдаулы шығармалар қатарынан орын алды. Ондаған жылдар бойы ауыздан түспей шырқалып келе жатқан “Ақмандайлым”, “Өзің де жігіт, қызықсың”, “Маралдым”, балаларға арналған “Мұғалім ол біздің”, “Көшпелі фонтан”, “Бесік жыры”, “Қартаймайсың, жан ана” қатарлы көптеген ән-өлеңдері халықтың сүйікті туындысы болып кетті. Қаламгердің естеліктері мен эсселері, мақал-мәтелдері мен көңіл күнделіктері де оқырмандар көңілінен шыққан тартымды дүниелер. Халықтың ауыз әдебиеті — қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді зерттеп, жинастырған “Маржан сөз”, “Мақал-мәтелдер” секілді кітаптары халықтың күнделікті қажетсінер дүниесіне айналды. Сондай-ақ ол айтулы публицист, майталман аудармашы, әдебиет зерттеуші. Ақынның бұл қырларының қай-қайсы да-қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, мәуелі бұтақтар. Үздіксіз, әрі дәмді, мол жемістер беріп келе жатқан бұтақтар. Шындығын айтсақ, бізге үлкендер ақыны, аудармашы, сыншы, очеркші, ән-өлеңші, ұстаз, редактор М.Әлімбайдың қай-қайсысы да қымбат. Алайда, әсіресе соңғы ширек ғасыр көлемінде, қаламгер есімі аталса болды, алдымен балалар ақыны М.Әлімбайдың ойға оралары анық.

Әлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше. Неге десеңіз, балаларға арнап қызықты шығармалар жазу екінің бірінің еншісіне тие бермейді. “Бесік жырынан” басталатын балғындар өлеңінің әйтеуір бір құдіреті бар. Соған қарағанда, ән-өлең бала бойына ана сүтімен бірге таралатын болу керек. Әйтпесе, бөбекті өлеңмен қалай ұйықтатып, өлеңмен қалай оята алады? Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін — өлеңнен артық керемет бола ма? Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осында болса керек. Әйткені, ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы ғой...

М.Әлімбай - қазіргі балалар әдебиетінің ата буынына қосылған көрнекті қайраткері, тәлімгері. Ақын балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой — өрісіне сай лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алған. Өлеңдерін оқып тілі шыққан бүлдіршіндеріміз қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін, қазақ сөздерінің ғажайып нәрін Мұзафар ағамыздан үйреніп келеді».

Бүгінде, мынау ақпараттық технология мен ғарыш заманында біздерді таң қалдыру, кітапқа еліктіру оңай шаруа емес сияқты. Солай бола тұра, білмейтініміз көп, ал білетініміз аз дау болып жатады. Талғамы биік В.Белинскийдің бір сөзі осы бүгін айтылғандай: «Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек». Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болар. Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек”. Яғни, бала бола білу керек. Ал, Мұзафар ағамыз шығарма жазғанда тіпті балалардың жас ерекшеліктеріне дейін қатты ескереді екен. Сондықтан оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жас өспірімдерге арналған болып айқындалып, айрықшаланып тұрады.

Мұзафар Әлімбайдың “Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?”, “Көкек неге “көкек” дейді?” “Тауыс неге қызыл-жасыл?”, “Қарға неге қара?”, “Алатаудың баурайында”, “Көк кілем”, “Еріншектер елінің Ертенбайы туралы” аңыз-ертегілері кім-кімді де жалықтырмайды деп ойлаймын.

Мұзафар Әлімбайдың балаларға арнап жазған кітаптарында тәрбиелік мәні бар өлеңдері көптеп кездеседі. Мысалы, “Суайт сауысқан”, “Қырықаяқ”, “Әппақ пен сатпақ”, “Тарғыл мысық дағдысы” сияқты толып жатқан жырлары бар.

Ақын “Жел деген не?” өлеңінде:

Жел деген не?

(Айт деп інім жалынды).

Жел де ауа кәдімгі

(Айтқанымана нана ғой).

Жел дегенің тек бірақ,

Ойға –қырға шапқылап,

Пайыз таппас ауа ғой - деп, жел сияқты тұрақсыз әрі берекетсіз болмау жағын тапқырлықпен айтып, суреттеп берген.

Ақын 5 жасында әріпті әліп деп біліп, кітап оқи бастайды. 6-сыныпта ауыл кітапханасының бір қыста 150-ден аса кітабын тауысып, “Бауырсақтан” бастап, “Батырлар жырымен” жалғастырып, Пушкиннің 4 томдығын тауысады. Өлең жазуды мектеп қабырғасында бастап, 16 жасында анасына арнап жазған тұңғыш өлеңі мерзімді баспасөзде жарияланады. Бұл үлкен өнер жолына деген алғашқы баспалдағы еді.

Ақынның қай өлеңін алып оқысаң да өзіміз куә болып жүрген көріністер арқау болғанын байқаймыз. Аспан кемесінде жұмыс істейтін мамандық иесі туралы «Аспандағы әпке» өлеңіне аттас кітабы әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлықты алған.

Ақын атамыздың «Жалқау винт» деген өлеңіндегі:

Жалқау бір винт жасынан,
Жылжып болттың қасынан,
Түсіп қалды қырсығып,
Тоқтасын,-деп,-машинам!
Оған несін қарасын?!
Бұрап алып жаңасын.
Жүріп кетті машина
Шарлап совхоз даласын.
Жапанда винт тек жатыр,
Жаңбыр-батыр, жел жатыр.
Жарамаған кәдеге

Көк темірді жеп жатыр – деген өлең жолдарының көпшіліктен бөлектенбей, қашанда қайырымды болып, басқа біреуге қастандық ойламауға үйрететінін байқаймыз... Ақынның көптеген өтірік өлеңдері тақырып, таным жаңалығымен ерекшеленеді. Атап айтсақ:

Қақ жарып шоғын жұлдыздың,
Ұшқанын көрдім құндыздың.
Құдықтың суын төктім, төңкердім де,
Теңізді жалдап өттім, жөн көрдім де.
Құлынның мүйізіне мініп аттай,
Бүгін –ақ барып қайттым ертең күнге.
Алдайды деп аптықпа,
Үйір емен дақпыртқа:
Ай қасында түнедім,
Орандым да ақ бұлтқа.
Ұлу озды елікпен жарысқанда,
Тышқан жеңді аюмен алысқанда.
Арбама атты қойып, қоңыз жектім,
Бір емес қатарынан тоғыз жектім.

Ақынның тағы бір өнері — әнге өлең жазу. Оның 1949 жылдан бастап 300-ге жуық өлеңі ән-әуенге айналыпты. Ол әндердің көбі балаларға арналған: “Мен — баласы даланың”, “Мұғалім ол біздің”, “Менің атам — майдангер”, “Көктем дала — Алматы”, “Біздің балабақшада”, «Жұлдызым» тағы басқа көптеген өлеңдері.

Көп еңбектенетінін ақын көп еңбектенуді кімнен, қалай үйренгендігі жайлы өзі былай дейді: «...Дімкәс әке-шешеміз бізге кезекпен үй сыпыртатын, су әкелдіретін. Алты-жеті жаста мал жайлауды үйрендім. Тезек теру, шілік шабу, отын жару — бала шақтағы күнделікті үрдісіміз еді. Ауаны қалай жұтсақ, суды қалай ішсек, бұлар да сондай үйреншікті машық еді, арба жегу, етік жамау, түйме қадау, кір жууды да жатырқаған емеспін, кейде апама болысып, сиыр сауған күндерім де болды... Осының бәрінің өсе келе пайдасы тиді, әсіресе әдебиетте. Солардың бәрі еңбектене білуге, еңбектен ләззат табуға үйретіпті”- деп есіне алады.

Ақынның еңбекқорлығы жайында Гафу Қайырбеков: Мұзафар Әлімбаев - шынтуайтқа келсек, нағыз ғылымның адамы. Оның ғылымға тән таланты, миының зеректігі, асқан төзімділігі мен мүлде ерінбейтін еңбекқорлығы, уақытының көбін қағаз арасында, кітап ішінде өткізуі — бәрі де оның ғалымдық қасиетін айтып тұрған жоқ па?» — деп естелік айтады.

Шәкірт болсаң,
Шоқандардай озық бол,
Оқу-білім бейнетіне төзіп көр.
Ертеңгі істі бүгін ойлап, бейімде,
Бүгінгіңді ысырма тек кейінге.
Қадари-хал талабы бар әркімнің,
Жастан шырқа әнін туған халқыңның.
Кітап құмармен сырлас бол,
Кластастармен мұңдас бол.
Қылқалам, бояу сөйлесін,
Сал туған ауыл бейнесін!
Үлкеннен үйрен,
Кішіге үйрет.
Жаманнан жирен,
Тозғанды күйрет — деп Мұзафар атамыз барлық оқырмандарына арнап өсиет жолдапты.
“Асыға асқаныңда қайқаң белден.
Алдыңнан ауыл шығар ойпаң жерден,
Айна көл ақшыл тартып жатар тымық,

Секілді қымыз құйған жайпақ зерек”. Бұл - ақынның туған жерінің суреті. Анасын, балалық шағын: “Әкем ескіше оқыған, Уфадағы медресе “Ғалияны” бітірген, жәдитше мектепте дәріс берген. Анам Зейнеп те хат таныған. Жарқын мінезді, тілді, тумысынан ақын кісі еді...Әкесіз өткізген жылдарда тапшылық, тіпті жоқшылық тауқыметін талай тартсақ та, асыл ананың арқасында жетімдік көрмейтіндеймін. Қайран ананың жүрек жалыны тірі қалған екі баласын әлпештеуге әкеміздің көзі жоқтағы тұста да мол жетіпті. Алғаш рет Бұқар жырау, Көтеш, Абай, Сұлтанмахмұт, Иса, Естай, Сәбит Дөнентаев... аттарын да, жырларын да апамнан естідім. Қаншама ертегі, қиссаны апам жатқа айтушы еді. Өзі де жанынан жырлар шығарушы еді. Ақындықтың алғашқы ұрығына аппақ нұр, асыл нәр беретін де ана әлдиі, ана” жыры, ана әңгімесі шығар. Қаламгерлердің қайсысы болса да, анасын ақ сүті үшін де, рухани сусын бергені үшін де ақ жүрегінен алғысын айтып, еске алатыны содан-ау”-, деп еске алады ақынның өзі.

Қандай жанның да балалық шағы - болашағының баспалдағы. Кім-кімнің де ат жалын тартып, азамат жасына келгенде қандай адам болмағы, оның балалықтан алған әсер - байлығына көп байланысты. Оның үстіне Мұзафар Әлімбаев, негізінен, балалар ақыны. Сол себепті балалар ақынының тағы да балалық шақ әсері туралы естеліктеріне ден қоялық... “...Мен үйде және интернаттар мен пансионаттарда тәрбиелендім. Үздік оқыдым, қоғамдық жұмысқа белсене араласқан пионер болдым, сурет салуға да құмар-ақ едім, қабырға газеттерін шығару қай мектепте де менің сыбағама тиетін-ді. Көбіне тақпақ оқитынмын. Суфлер будкасынан сыбырлап отырғаным көп баланың қолы жетпес дәреже көрінетін маған. Павлодар педучилищесі - менің поэтикалық бесігім, журналистік жолымның бастауы. Бірінші жырды соның қабырғасында жаздым. Сол училищеде оқып жүргенімде тырнақалды туындым облыстық “Қызыл ту” газетінде 1939 жылы 18 маусым күні жарық көрді. Сол жылдары аяулы ұстаздарымнан әдеби ғана емес, адами тәлім алып өстім. Облыстық газет қасындағы әдеби бірлестікке де белсенді мүше болдық, бірақ бірде-бір әдеби кештен қалып көргеміз жоқ. Сөйтіп жүріп, “ақын бала” атана бастадық,” - деп еске алады ақын.

Қиын жазған қаныммен де, теріммен
Қимасымды тартып алған өлімнен,

Менің төрт жол отты жолым-төрт жылым

Қызыл бояу, ірі әріппен терілген.

Ақынның балғын жастығы жойқын жорықтың аласапыран алаңында, көк ала түтіннің ішінде, оқ топанының астында өтті. Жас солдат қиын-қыстау күндерде қару мен қаламды қатар ұстады. Өрт оранып отырып, солдаттың оғындай ұшқыр, қаһарындай кекті алғашқы өлеңдерін жазды. Ақын өлеңдерінде жауға деген жалыны лапылдаған, дауылы бұрқап ұйтқыған өшпенділік жатты. Майданнан жеті жарым жыл өткен соң офицер - танкист атанып туған үйіне оралады. Бір кездегі балаң жігіт жай ғана оралмай, уақытты бағалауды, өмірді қадірлеуді, Отанды қастерлеуді үйреніп қайтады.

1948-1956 жылдар аралығында “Пионер” журналының поэзия бөлімін басқарып, өлеңсүйгіш жасөспірімдердің талап-тұлпарын қамшылап, қамқорлады. 1956-1958 жылдарда “Қазақ әдебиеті” газетінде басшылық бедерін қалдырады.

Ұстаздыққа бейім әрі балажанды мінез қазақтың жас жеткіншектерінің тілін сындырып-ұстартатын, туған тілімізге деген құрмет-құштарлығын арттыратын тәрбиелік бір басылым — құрал керегі туралы іштей ойлап, толғанып жүретін. Арманына 1958 жылы қолы жетті, шуақты шілдеде дүниеге келген «Балдырған» балалар журналы республика бүлдіршіндерінің — бірнеше буын ұрпақ өкілдері балалық шағының базары мен ажарына, киелі сөз өнері бастауларына баулитын байыпты — ұқыпты бағбанына, адамдық әліппесінің ережелеріне үйрететін үлкен мектепке айналды. «Балдырған» басылымының өзгелерге ойыншықтай оңай көрінетін ауыр жүгін жазушы Мұзафар Әлімбаев ширек ғасырдан астам уақыт арқалады. 1958-1986 жылдар аралығында журналға тапжылмастан редакторлық етті.

Соғыстан кешігіп келген солдат әдебиеттің бейбіт майданына да кешігіп кірді. Алғашқы кітабы 29 жасында жарық көрді, құралыптас-құрдастарының бірқатары баяғыда-ақ бірді-екілі кітаптардың авторы болып үлгерген-ді. Алайда аз ұйықтап, азапты көбірек шексең, қалам сыбағасын толтыруға әбден болады екен. Бүгінде әдебиеттің әр түрлі жанрындағы (поэзия, әдеби зерттеу, фолклортану, халық тағылымы, эссе, очерк, естелік, ән өлеңдері) 50 төл туындының авторы.

М.Әлімбаевтың “Ана” деген тұңғыш өлеңі 1939 жылы облыстық “Қызыл ту” газетінде басылды. Ал алғашқы кітабы “Қарағанды жырлары” деген атпен 1952 жылы жарық көрді. Одан кейінгі лирикалық және азаматтық әуенге жазылған «Құрбыма» (1954), “Лирика”, “Жолдар жырлар”, “Жүрек лүпілі”, “Өшпес от” жинақтары шықты. “Менің Қазақстаным”, “Құрбымның күнделігі”, “Естай-Қорлан” лиро-эпикалық поэмалары – осы жанрды дамытуға қосылған елеулі туынды.

Мұзафар Әлімбаев поэтикасының үш тағанды тірегі іспетті «Естай-Хорлан» ғашықнамасы, «Ту тіккен» және «Құрыш қазақ» ерлік – қаһармандық дастандары дүниеге келген тұсында қазақ поэзиясының ортақ жаңалық-жеңісі болды. «...Нақтылық, ойлылық, жинақылық - Мұзафар өлеңдерінің ең басты қасиеттерінің бірі.

Мұзафар - біздің із-өкшемізді басып келе жатқандардың ішіндегі ең бір ірі ақын. Оның өзіндік беті бар, қолтаңбасы бар. Әрбір өлеңін жарыққа шығарарда әрбір сөзі үшін күресетін, өзіне-өзі сыншылық жасайтын сарабдал ақын.

Лирик ақын Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінен заманның эпикалық зор тынысы, мол құлашы сезіледі» - дейді Сырбай Мәуленов. Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қорыта айтқанда, Мұзафар Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес, ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Белгілі ақынның

балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. Мұзафар Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді.

Ақын - көркем сөз зергері. Оның өлеңдерінен бала жанын мәз етерлік елжіреген бос сөздер, құлақ тұндырарлық құрғақ өсиеттер көздеспейді. Оның өлеңдерінен тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп отыратын терең ой, өткір пікірлер табылады. Мұзафар өлеңнің көркемдік түрлерін тек метафоралар мен эпитет сияқты бейнелі, мәнерлі сөздерден ғана іздемейді. Ол сөз қолдану шеберлігін әр сөзді орнын тауып жұмсай білуден іздейді. Орнын тауып қолдана білсе, терең мазмұнға, ерекше көркемдікке ие болып құлпырмайтын, түрленбейтін бірде-бір сөз жоқ екенін жақсы түсінеді. Ол — ізденгіш, талғамы күшті, бала жанын түсінетін талантты ақын.

Әдебиеттер

1. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы //Ұлан.-1993.
2. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992ж.
4. Әлімбаев М. Балдәурен, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.- Алматы: «Балауса» баспасы, 2007 ж.
5. Қыдырбеков Ғ. Сарабал сөз сардары. — Егем. Қазақстан.-1993 ж.
6. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық.- Алматы: Жазушы.
7. Әлімбаев М. Айтары барды аузынан қақпас болар: Жазушымен сұхбат. Әңг. Н.Жұмаханұлы Қазақ әдебиеті.-2001.- 23 наурыз.
8. Достықтың төл перзенті — ұлы жеңіс!: Майдангер, сөз өнерінің майталман ұстазы, қазақтың біртуар перзенті Мұзафар Әлімбаевмен әңгіме Жас алаш.- 1999.- 8 мамыр.
9. Мәуленов С. Талғам таразысы: Ақын М.Әлімбаев туралы Мәуленов С. Сыр мен жыр.- Алматы: Жалын, 1991.

САНҚЫРЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛ ҚАЛАМҒЕР ТУЫНДЫЛАРЫ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ ҮРДСІНІҢ КӨШ БАСЫНДА

Кадырова А.Ж.

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы
Тереңкөл мектеп-мектеп бөбекжай кешені директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары

Бүгінгі қазақ әдебиетінің поэзия тармағында тілі жаңа шыққан бүлдіршіннен бастап, өмірдің біраз өткелінен өткен қарияға дейін жырларын жатқа білер бір қаламгер бар болса, ол қазақтың көрнекті ақыны – Мұзафар Әлімбаев. Бала жанының бағбаны атанған Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың әрбір туындысы балалар әдебиетінен ойып тұрып орын алған аса бағалы мәдени мұра. Өйткені қаламгер балалар әдебиетінің ордасына тек жалынды жырларын ғана емес, ел аузындағы өлең-баталарды өңдеп, жаңа нақыл сөздерін, мақал-мәтелдерін, әдемі нақыштағы әндерін, тәрбиелік мән-мағынасы бөлек аңыз-ертегілерін және құнды аудармаларын арқалай келді. *Ақынның өмір жолы, алғашқы баспаға басылған өлеңдері, соғыс жылдарындағы қаһармандық ерліктері жайында ғаламтордың бетінде ақпарат жеткілікті. Ал біз бұл мақаламызда, қаламгер шығармаларының бүгінгі балалар әдебиетіндегі алар орны жайлы қалам тербемекпіз...*

Кішкентай оқырман қауым балалар әдебиетінің классигі Мұзафар Әлімбаев шығармаларымен балабақша, мектеп табалдырығын аттаған бетте-ақ ұшырасады. Қаламгердің шебер сөз маржандарын оқи жүріп жетіліп, нағыз адами болмысы қалыптасып ержетеді. «Шынықсаң шымыр боларсың», «Санмақ», «Әріптерді біліп ал» деген секілді өлеңдері бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында жүйелі пайдаланылса, «Омоним

сөздер», «Логогриф», «Шарада», «Метаграммалар» деген қазақ тілінің жаттығулары оқушылардың ой ұшқырлығын шыңдап, сөздерді орынды қолдану әдістерін үйретудегі таптырмас құрал екендігі анық.

Көрнекті орыс әдебиетшісі В.Белинский «Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек» деген болатын. Осы пікірде айтылған өз алдына даналығы, өзінше қабілеттілігі бар балалар жазушысы болып «арнайы туылған» тұлға ретінде біз Мұзафар Әлімбаевты ерекше атап айта аламыз. Неге десеңіз қаламгер әр шығармасын бала жанының қалауын өз жүрегімен сезіне отырып жазады және оның әр өлеңі балалардың жас шамасына сай бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жасөспірімдерге арналған болып айқындалып тұрады. Мұзафар Әлімбаевтың «Морж бен қалталы қасқырдың әңгімесі», «Түлкінің құйрығы неге ұзын?», «Тышқан - дос» сияқты ертегілері оқыған жанды еліктірмей қоймайды. Әрбір ертегілер балалардың тіліне оңай, түсінуге жеңіл құрылған, сонымен қатар тәрбиелік түйініде, ұқтырар ойы да терең. Бұл Мұзафар Әлімбаевтың шеберлігінің бір ғана мысалы.

Сан қырлы шығармашыл қаламгер қаламынан туған әндер де қазірде қалың қазақ арасында танымал. Ол әндердің көбі балаларға арналған: “Мен — баласы даланың”, “Мұғалім ол біздің”, “Менің атам — майдангер”, “Көктем дала — Алматы”, “Біздің балабақшада”, «Ел қорғауға әзірміз» «Жұлдызым» деп кете береді.

Майданнан Отанды қастерлеу, туған жердің қадір-қасиетін құрметтеу сияқты ұлы сезімдерді бойға сіңіріп келген Мұзафар Әлімбаев 1948-1956 жылдар аралығында “Пионер” журналының поэзия бөлімін басқарып, өлеңсүйгіш жасөспірімдердің талап-тұлпарын қамшылап, қамқорлады. 1956-1958 жылдарда “Қазақ әдебиеті” газетінде басшылық бедерін қалдырады.

Мұғалімдікке бейім, баланың тілін жаттықтырып, ой-қиялын қалықтатын қабілетке ие қаламгер қазақ тілінде жарық көретін тіл ұстарту құралының болғанын бар жанымен қалады. 1958 жылы «Балдырған» журналының жарық көруі Мұзафар Әлімбаевтың осы бір арманының орындалуының алғашқы баспалдағы болды. Бірнеше буын өкілдерінің балалық шағының айнымас бөлшегіне айналған республикалық журналға 28 жыл редакторлық етіп, «Балдырғанның» бар жүгін біраз жыл арқалады. Тынымсыз еңбекқорлығы мен өз мамандығына деген риясыз махаббаты арқасында қазақ балалар әдебиетінің өшпес жұлдызына айналған қаламгер Абай атындағы мемлекеттік сыйлығын 1984 жылы «Аспандағы әпке» атты балалар жинағы үшін алды. Туындылары әлемнің 38 тіліне аударылған ақынның балалар әдебиетіне қосқан үлесі де ұшан-теңіз. Оның «Кітап – жеміс ағашы» атты өлеңінде:

...Кітап та – алма ағашы,

Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы

Кітабыңның әр бетін – деген жолдар бар. Шағын өлең жолдары арқылы ақын балаларды оқу-білімге, кітап оқуға шақырады. Ал бүлдіршіндерге апта күндерін оңай жаттату мақсатында жазылған «Бір аптада» атты өлеңде әр апта күндері жіктеле көрсетіліп, анықтай жазылған.

Жеткіншектерді кітап оқуға еліктіру үшін танымдық ой-жұмбақтар мен өтірік өлеңдер жазу Әлімбаев шығармашылығының бір бөлшегі. «Суайттың өтірік өлеңдерінен» деп аталатын туындыда ақын

Токтықтан қарным ашты, жолда жүріп,

Жимадым езуімді зорға күліп.

Жедім де мұз қуырып, ұйықтап қаппын,

Ояндым төрт күн бұрын – сонда біліп.

немесе

Өзіме келістіріп бір үй салдым,

Шатырын іргесінен бұрын салдым

Бұлбұлмен ән айтысып озып шығып,

Тумаған тұңғышымнан сүйінші алдым – деген өтірік өлеңдер арқылы кішкене оқырмандарды өз туындыларына еріксіз баурайды.

Технология мен ғарыш қаншалықты қарыштап дамыған сайын, жас ұрпаққа заманауи, бірақ ұлттық өзектен ажырамайтын тәрбиені сіңіру басты мәселеге айналып келеді. Осы орайда смартфондар мен компьютер қолданбаларына М.Әлімбаевтың жұмбақтарын, санамақтарын, жаңылтпаштарын мен тіл жаттықтыруға арналған жаттығуларын, мақал-мәтелдерін және аңыз ертегілерін топтастыра енгізсе, балалар қызыға пайдаланатын, тәлім мен тәрбиесі мол үлкен заманауи құралға айналар еді. Балалар әдебиетінде ойып тұрып орын алған, оқыту мен тәрбие үдерісінің көш басындағы қаламгер шығармалары сан ғасырлар өтсе де өзіндік мәні мен мағынасын жоймақ емес. Мұзафар Әлімбаев – қазақ балалар әдебиетінің шоқтығы биік тұлғалардың бірі һәм бірегейі болып халық санасында мәңгі сақталары анық.

Әдебиеттер

1. Мәуленов С. Талғам таразысы: [Ақын М.Әлімбаев туралы] // Мәуленов С. Сыр мен жыр. – Алматы: Жалын, 1991.- Б. 221-230
2. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі. – Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
5. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық-Алматы: Жазушы -367 б.
6. Әлімбаев М. Айтары барды аузынан қақпас болар: [Жазушымен сұхбат. Әңг. Н.Жұмаханұлы] // Қазақ әдебиеті-2001.- 23 наурыз - 7 б.
7. Достықтың төл перзенті– ұлы жеңіс!: [Майдангер, сөз өнерінің майталман ұстазы, қазақтың біртуар перзенті Мұзафар Әлімбаевпен әңгіме] // Жас алаш.- 1999.- 8 мамыр.- Б. 3
8. Ахметов Ш. Мұзафар Әлімбаев. – Кітапта: Ахметов Ш. Қазақ Совет балалар әдебиеті: Жоғары оқу орындары мен педучилище студенттеріне арналған оқу құралы – Алматы: Мектеп, 1976.- Б.210-215

М.ӘЛІМБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Ищанова Л.С.

БҚО, Казталов ауданы, Тереңкөл мектеп-кешенінің
бастауыш сынып мұғалімі

Ж.Елшібек «Ерекше туынды» атты мақала еңбегінде «Қашаннан сөздің құдіреті мен қасиетіне зор мән беріп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев ықшам, тығыз ойлы, өрнекті жазу әдебінен айнымайтын адам»-деп жазған.

Қазіргі уақытта қазақ балалар әдебиетіне арнап, қалам тербейтін ақын-жазушыларды іздеп табу қиынның қиыны. Сол олқылықтың орнын бұрынғы дүниеден өткен ақын-жазушыларымыздың еңбегінен іздейтініміз шындық.

Соның бір айқын көрінісі Мұзафар Әлімбаевтың балалар әлеміне арналған көркем әдеби туындыларының өміршеңдігі айқын мысал бола алады.

Мұзафар Әлімбаев (29 қазан, 1923 жылы, Маралды атырабы, Шарбақты ауданы, Павлодар облысы – 26 қараша 2017 жылы, Алматы) Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінде соғыс сұрапылын бастап кешіп келген қаламгерлердің бірі [1].

Сал-серілердің, ақын мен жазушылардың, жыраулардың өнерін құлағына сіңіріп, бес жасында әріп танып, кітаптар оқыған. Ауыл кітапханасының барлық кітабын тауысып оқиды.

«Мұзафар – бала психологиясын бажайлай зерттеп, бала мінезін жетік білуге келгенде, үлгі етіп ұсынарлықтай артықшылығы бар ақын... Өлеңдерінің дені бала ұғымына бірден қона кететін салмақты ой тудырарлық оқиға, жеңіл штрихтарға құрылады. Бұдан ақынның үлкен толғам айтамын деп үстірттікке ұрынбай, қарапайым ғана шындықтан поэтикалық шешім табуға тырысытынын сезінеміз» - жазады Әбдіраштың Жарасқаны.

Жер шарын мекендейтін қай мемлекет болмасын, балалар әдебиетіне, соның ішінде періштедей таза жас балалар үшін маңдай тері мен көз майын тауысатын ақындарға ілтипат пен ықылас өз алдына бір төбе. Себебі, жас өскіндерге арнап туынды тудыру оңай дүние емес.

Мұзафар Әлімбаев – балалар әдебиетінің шежіресіне айналған көрнекті тұлға. Ақынның еңбектері мектеп бағдарламаларында молынан кездеседі. Оның шығармаларының мәйегіне қанған балаларымыздың тілдері шұрайлы, ойлары қанықты болып дамиды. Талғамы биік, қабілеттілік пен балалар жас ерекшелігі психологиясын терең білген ақын ғана жүрекке жете алады. Сондықтан ақын шығармалары өміршеңдігімен ешкімді немқұрайлы қалдырмасы анық.

Сонымен қатар Мұзафар Әлімбаев әдебиеттің зерттеушісі, әлем халықтарының еңбектерін қазақ тіліне аударған шебер аудармашы. Ақынның сан қырлы дарыны тамыры тереңге бекіген, алып бәйтерекке ұқсайды.

Ақынның балаларға арнап жазған ән мен өлеңдері бар. Олар: «Мұғалім ол біздің», «Мен баласы – даланың», «Біздің балабақшада» тағы басқалар. Осындай еңбектерінің саны 300-ден асып жығылады.

Шәкірт болсаң,
Шоқандардай озық бол,
Оқу-білім бейнетіне төзіп көр.
Ертеңгі істі бүгін ойлап, бейімде,
Бүгінгіңді ысырма тек кейінге.
Қадари қал талабы бар әркімнің,
Жастан шырқа әнін туған халқыңның.
Кітап құмармен сырлас бол,
Кластастармен мұңдас бол.
Қылқалам, бояу сөйлесін,
Сал туған ауыл бейнесін!
Үлкеннен үйрен,
Кішіге үйрет.

Жаманнан жирен [7] – деп, барлық ұрпаққа өсиет етеді.

Өзінің балалық шағынан үзінділер келтіру пәлсапасында шындықты ту етіп ұстап, көрген қиыншылықтары мен балдәурендік кезеңінен сыр суыртпақтайды.

«...Мен үйде, интернаттар мен пансионаттарда өстім. Үздік оқыдым, қоғамдық жұмысқа белсене араласқан пионер болдым. Көп тақпақтар жаттап, оқыдым. Қабырға газеттерін шығарушы едім. Осының бәрі маған көп әсер беретін.

Павлодар педучилищесі – менің поэтикалық бесігім, журналистік жолымның бастауы. Бірінші жырды соның қабырғасында жаздым. Алғашқы туындым жарық көрді. Сөйтіп жүріп, «ақын бала» атана бастадық» [7] – деп еске алады ақын.

1946-1956 жылдар аралығында «Пионер» журналының поэзия бөлімін басқарып, өлеңсүйгіш балалардың жұмыстарын ерінбей түзеп, журналда жариялауда көп еңбек сіңірді.

Тоймен бастап жыл басын,
Жыл бойы ел жырғасын.
Қыста қырда қар қанша,
Өссін күзде дәл сонша.
Бар баланың бойы өссін,
Бойы өскеннің ойы өссін!
Жоғалсын да білместік,
Жыпырласын кіл «бестік».

Бір класқа бір жастан,
Көшсін шәкірт кластан.
Төкпей әркім мұң жасын,
Қуанғаннан жыласын! - деп балаларға шын жан аштыны өлең жолдарынан айқын көрінеді.

Жаны ұстаздықты қалайтын, балаларды шексіз жақсы көретін ақынның көкейінде қазақ балаларына арналған тәрбиелік мәні бар басылым керектігі көңілін маза таптырмайтын. 1958 жылы «Балдырған» балалар журналы республика бүлдіршіндерінің асыға күтетін басылымына ширек ғасырдай ұлан асыр жүк аркалап, журналға редакторлық жасады.

Мұзафар Әлімбаевтың «Аулақ бол жаман әдеттен», «Он саусақ», «Шынықсаң – шымыр боларсың», «Санамақ» атты өлеңдері тәрбиелік мәндерімен, тілге орамдылығымен балалар жадысында тез жатталады.

Ақын «Лақ неге шұнақ» деген өлеңінде:

- Лақ неге шұнақ,
Неге шұнақ құлақ?
- Аяз қарып қысқан
Ақ қар, көк мұз қыста.
Мама тілін алмай,
Шыққан лақ тысқа.
Тыста жаурап ұшып,
Құлақ кеткен үсіп,
Содан лақ шұнақ,

Содан шұнақ құлақ - деп, тыңдамаған берекетсіз баланың неге ұшырайтынын дәлдікпен бейнелеп берген. Балалар өмірлік мәні мен тәрбиелі күші бар өлеңді оқығанда тез тұшынып, тездік қалыпқа түсіп, жақсы әрекет жасап, ой тұжырымдай алады.

«Сегізінші март күні» өлеңінде
Сегізінші март тойында класта
Гүл сыйлады Гүлжан, Нілжан, Күләшқа.
Алақайлап сыйлығымды алысты,
Қуанысып мәз-мәйрам боп қалысты.
Гүлжан маған өз сөмкесін ұстатты,
Нілжан маған өз сөмкесін ұстатты.
Жаңа шыға бергенімде кластан,
Өз сөмкесін бере қойды Күләшжан.
Төрт сөмкені Бәкең алып жөнелді,
Бірге айтып келеді үш қыз өлеңді.
Терлесем де сыр бермей ақ келемін...
Намыс деген не екенін білемін.

Осы өлеңді оқыған бала намыс пен қайраттылықты сөзсіз ұғынады. Қыз балаларды сыйлау әдебінен жаңылыспайды. Еркектік рухы аспандайды. Бір адам жаққан отқа, жүз адамның жылына алатынын тұшынады. Адалдық жүрген жерде, адамдықтың да жүретінін түсінеді. Ақкөңілділік пен әдептілікті, сыйлай білу мен құрметті болуды сезінеді. Ақынның уәжді сөздері зердесіне тез қонақтап, адамгершілік қасиеттердің: сүйіспеншілік, жанашырлық, қиянат жасамау, еңбекқорлық, сыйластық, мейірімділік, жауапкершілік, сабырлық, ұстамдылық, қамқорлықтың терең иірімдеріне бойлайды. Ризашылықтың жемісіне тойдырады. Өзің жақсылықпен таразылауға талпындарады. Жақсы істердің куәсін ақын өлеңінен тез қорытындылай алады, зердесіне тоқиды.

Құстар қайтып барады жылы жаққа,
Көзімді алмай қараймын күн ұзаққа.
Тырау, тырау, тырналар!
Жат жерде де
Туған елдің жадында жырын сақта.

Осы өлең жолдарынан ақын балаларды туған елге деген құштарлығы мен сағынышын оятуға қарапайым шындықтан өрелі толғамға үндейді. Бала ұғымына сай өрнектелген ой орамдарына еріксіз сүйсіндіреді, кеудедегі ұлы жүректі ширықтырады, алыс мен мұңдалаған сағымға еріксіз жетектейді. Табиғаттың жері мен суы, орманы мен нуы, жануарлары мен өсімдіктері адам үшін тіршілік етудің және табиғатты туған анадай көріп қорғауға шақырады. Табиғаттың тарығуынан, жағымсыз қылықтардан аулақ болуды балаларға нәзік иірімдермен жеткізеді. Өсіп жатқан өлкедегі Отанды бағалауға баулиды.

Ой елегінен түйіндей айтқанда: М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Балдәурен», «Шынықсаң - шымыр боларсың» тағы басқа толағай еңбектері қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі қазына болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болды. М.Әлімбаев мақал-мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысқан. «666 мақал мен мәтел», «Мақал - сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына», т.б. танымдық жинақтар мен маңдай тері төгілген еңбектері бар. Әлем әдебиетінің үздік туындыларын қазақ тіліне аударды. Бар бойындағы тәңір сыйлаған қабілеті мен ізденіп толықтырған еңбегін бұл дүниедегі ақжүрек, пәк бүлдіршіндерге арнаған тұлғаның мирасы келесі ұрпақтар легіне де құнды мұра болып қалары анық. Ұлттық құндылықты бойға сіңіретін өлеңдері өміршеңдіктің алып бәйтерегі болып жайқала бермек. Ақынның мұралары ұлттық дәстүрдің және тәрбиенің көзі болып асқақтай берері шындық. Тамыры топыраққа тисе, зеңгір көкке дейін өрмелеп, тез өсетін қасиетті шынар ағашындай өлшеусіз еңбектері балалар әдебиетіне қосқан алтын сандық ішіндегі асыл тастар іспеттес.

-Жерден ауыр дегенім- ақыл, білім.

Судан терең дегенім- оқу, ғылым.

Оттан ыстық дегенім- адамның өмірі,

Көктен биік дегенім- асыл жанның көңілі.

Ата-бабаларымыздың асыл тілегі: тіліміз, дініміз, тарихымыз, Отанымыз, өз болмысымыз, салт-дәстүріміз, қонақжайлылық, кеңпейілділік, адалдық, ішкі тазалығымыз, бірлігімізді әспеттеген туындылар тудырған Мұзафар Әлімбаев шығармалары өз өршілдігімен, тамырының мықтылығымен, ішкі рухани тазалығымен ұрпақтар жадында сақталатыны даусыз. Өлшеусіз мирас пен мұра қалдырған ақын шығармаларына мейлінше тойған, құндылығына ден салып, ізгілігіне қанған жаңа ұрпақтар заман көшінен озық ойлы адамдар ғасырының ізбасарлары ретінде Мұзафар Әлімбаевтың мұрасын насихаттай берері хақ. Қазақ балалар әдебиетінің өркендей беруіне сүбелі еңбек қалдырған ақын мирасы өшпейді.

Әдебиеттер

1. Мұзафар Әлімбаев. «Балдәурен». - Алматы «Раритет» 2008
2. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыршашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан 1993. -25 мамыр. - Б.8
3. Достықтың төл перзенті — ұлы жеңіс!: [Майдангер, сөз өнерінің майталман ұстазы, қазақтың біртуар перзенті Мұзафар Әлімбаевпен әңгіме] // Жасалаш.- 1999.- 8 мамыр.- Б. 3
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.

М.ӘЛІМБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Кдыргожина Ж.К.

БҚО, Казталов ауданы, Теренкөл мектеп-бөбекжай кешенінің
бастауыш сынып мұғалімі

Ол алуан қырлы талантты ақын. Д.Әбілов.

Қалай ойлайсыз, қазіргі қазақ әдебиеті мен поэзиясында жалпақ жұрттың жаңадан тіл ашқан бүлдіршінінен бастап, аз-көп жасаған ғұмырында әлденеше қыр асқан қариясына дейін жаппай оқитын да танитын қаламгер бар ма? Бар! Ол – қазақтың көрнекті ақыны, балалардың сүйікті жыршысы, Қазақстанның халық жазушысы—Мұзафар Әлімбаев!

М.Әлімбаевтың балалар поэзиясында өз шәкірт ақындары, өз мектебі бары – шындық. Мұзафар Әлімбаев есімі өз елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері. М.Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталарды қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын. Оның бата-өлеңдері «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кітап болып 1996 жылы «Атамұра» баспасынан шықты. Жинаққа көрнекті ақынның 200-ден астам баталары енген. Ж.Елшібек «Ерекше туынды» атты мақаласында ақынның баталары жөнінде: «Қашаннан сөздің құдіреті мен қасиетіне зор мән беріп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев ықшам, тығыз, ойлы, өрнекті жазу үрдісінен айнымай келе жатқанына куә боламыз» [1, 32-б], - деп жазады. Яғни, Мұзафар Әлімбаев қазақ лирикасын көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан, нақтылықты орнықтырған ақын. «Өлеңнің табиғаты лирика, сондықтан ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіренген жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады» [2, 72-б],—дейді.

Алғашқы қадамын Павлодар облыстық “Қызыл ту” газетінде жарық көруден басталған өлеңдері қазір том-том болып халқымыздың рухани қазынасына айналған, бүгінде қазақ поэзиясының құнарлы топырағына қаққан қазығы нық, нығыз, асқар биік шығармашылық тұлға – Мұзафар Әлімбаев.

Ақынның «Естай-Хорлан», «Менің Қазақстаным», «Ту тіккен» секілді эпикалық туындылары жыр сүйер жұрттың жүрегіне жол тауып, таңдаулы шығармалар қатарынан орын алды. Ондаған жылдар бойы ауыздан түспей шырқалып келе жатқан «Ақмаңдайлым», «Өзің де жігіт, қызықсың», «Маралдым», балаларға арналған «Мұғалім ол біздің», «Көшпелі фонтан», «Бесік жыры», «Қартаймайсың, жан ана» қатарлы көптеген ән-өлеңдері халықтың сүйікті туындысы болып кетті. Халықтың ауыз әдебиеті — қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді зерттеп, жинастырған “Маржан сөз”, “Мақал-мәтелдер” секілді кітаптары халықтың күнделікті қажетсінер дүниесіне айналды.

Әлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше. Неге десеңіз, балаларға арнап қызықты шығармалар жазу екінің бірінің еншісіне тие бермейді. «Бесік жырынан» басталатын балғындар өлеңінің әйтеуір бір құдіреті бар. Соған қарағанда, ән-өлең бала бойына ана сүтімен бірге таралатын болу керек. Әйтпесе, бөбекті өлеңмен қалай ұйықтатып, өлеңмен қалай оята алады? Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін өлеңнен артық керемет бола ма? Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осында болса керек. Өйткені, ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы ғой...

М.Әлімбаев – қазіргі балалар әдебиетінің ата буынына қосылған көрнекті қайраткері, тәлімгері. Ақынға 1984 жылы “Аспандағы әпке” атты балаларға арналған жыр кітабы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл сыйлықтың бөбектердің сүйікті ақыны Мұзафарға берілуі әбден орынды. М.Әлімбаев балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой — өрісіне сай

лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алған. Өлеңдерін оқып тілі шыққан бүлдіршіндеріміз қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін, қазақ сөздерінің ғажайып нәрін Мұзафар ағамыздан үйреніп келеді» [3].

Бүгінде, мынау технология мен ғарыш заманында біздерді таң қалдыру, кітапқа еліктіру оңай шаруа емес сияқты. Солай бола тұра, білмейтініміз көп... ал білетініміз аздау болып жатады... Талғамы биік В.Белинскийдің бір сөзі осы бүгін айтылғандай: "...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек". Яғни, бала бола білу керек. Ал, М.Әлімбаев атамыз шығарма жазғанда тіпті балалардың жас ерекшеліктеріне дейін қатты ескереді екен. Сондықтан оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жас өспірімдерге арналған болып айқындалып, айрықшаланып тұрады.

Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арнап жазған кітаптарында тәрбиелік мәні бар өлеңдері көптеп кездеседі. Мысалы, «Суайт сауысқан», «Қырықаяқ», «Әппақ пен сатпақ», «Тарғыл мысық дағдысы» сияқты толып жатқан жырлары бар.. Оның 1949 жылдан бастап 300-ге жуық өлеңі ән-әуенге айналыпты. Ол әндердің көбі балаларға арналған: «Мен – баласы даланың», «Мұғалім ол біздің», «Менің атам –майдангер», «Көктем дала – Алматы», «Біздің балабақшада», «Жұлдызым» тағы басқа көптеген өлеңдері.

Көп еңбектенетінін ақын көп еңбектенуді кімнен, қалай үйренгендігі жайлы өзі былай дейді: «Дімкәс әке-шешеміз бізге кезекпен үй сыпыртатын, су әкелдіретін. Алты-жеті жаста мал жайлауды үйрендім. Тезек теру, шілік шабу, отын жару – бала шақтағы күнделікті үрдісіміз еді. Ауаны қалай жұтсақ, суды қалай ішсек, бұлар да сондай үйреншікті машық еді, арба жегу, етік жамау, түйме қадау, кір жууды да жатырқаған емеспін, кейде апама болысып, сиыр сауған күндерім де болды... Осының бәрінің өсе келе пайдасы тиді, әсіресе әдебиетте. Солардың бәрі еңбектену білуге, еңбектену ләззат табуға үйретіпті» [5] — деп есіне алады.

Ақынның еңбекқорлығы жайында Ғафу Қайырбеков: «Мұзафар Әлімбаев – шынтуайтқа келсек, нағыз ғылымның адамы. Оның ғылымға тән таланты, миының зеректігі, асқан төзімділігі мен мүлде ерінбейтін еңбекқорлығы, уақытының көбін қағаз арасында, кітап ішінде өткізуі - бәрі де оның ғалымдық қасиетін айтып тұрған жоқ па?» [6] - деп естелік айтады.

Ақынның жастық шақ, есею жылдары, толысу кезеңдері де кілең бір өнегелі ортада, білікті үлкендердің қасында, таланттылардың жанында өтті.

Анасын, балалық шағын: “Әкем ескіше оқыған, Уфадағы медресе “Ғалияны” бітірген, жәдитше мектепте дәріс берген. Анам Зейнепте хат таныған. Жарқын мінезді, тілді, тумысынан ақын кісі еді...Әкесіз өткізген жылдарда тапшылық, тіпті жоқшылық тауқыметін талай тартсақта, асыл ананың арқасында жетімдік көрмейтін деймін. Қайран ананың жүрек жалыны тірі қалған екі баласын әлпештеуге әкеміздің көзі жоқтағы тұста да мол жетіпті. Алғаш рет Бұқар жырау, Көтеш, Абай, Сұлтанмахмұт, Иса, Естай, Сәбит Дөнентаев... аттарында, жырларында апамнан естідім. Қаншама ертегі, қиссаны апам жатқа айтушы еді. Өзі де жанынан жырлар шығарушы еді. Ақындықтың алғашқы ұрығына аппақ нұр, асыл нәр беретін де ана әлді, ана” жыры, ана әңгімесі шығар. Қаламгерлердің қайсысы болса да, анасын ақ сүті үшін де, рухани сусын бергені үшін де ақ жүрегінен алғысын айтып, еске алатыны содан-ау”-[7], деп еске алады ақынның өзі.

Қандай жанның да балалық шағы – болашағының баспалдағы. Кім-кімнің де ат жалын тартып, азамат жасына келгенде қандай адам болмағы, оның балалықтан алған әсер байлығына көп байланысты. Оның үстіне Мұзафар Әлімбаев, негізінен, балалар ақыны. Сол себепті балалар ақынының тағы да балалық шақ әсері туралы естеліктеріне ден қоялық...

«...Мен үйде және интернаттар мен пансионаттарда тәрбиелендім. Үздік

оқыдым, қоғамдық жұмысқа белсене араласқан пионер болдым, сурет салуда құмар-ақ едім, қабырға газеттерін шығару қай мектептеде менің сыбағама тиетін-ді. Көбіне тақпақ оқитынмын. Суфлер будкасынан сыбырлап отырғаным көп баланың қолы жетпес дәреже көрінетін маған. Павлодар педучилищесі – менің поэтикалық бесігім, журналистік жолымның бастауы. Бірінші жырды соның қабырғасында жаздым. Сол училищеде оқып жүргенім де тырнақ алды туындым облыстық “Қызылту” газетінде 1939 жылы 18 маусым күні жарық көрді. Сол жылдары аяулы ұстаздарымнан әдеби ғана емес, адами тәлім алып өстім. Облыстық газет қасындағы әдеби бірлестікке де белсенді мүше болдық, бірақ бірде-бір әдеби кештен қалып көргеміз жоқ. Сөйтіп жүріп, “ақын бала” атана бастадық,” [7] – деп еске алады ақын. 1948-1956 жылдар аралығында “Пионер” журналының поэзия бөлімін басқарып, өлеңсүйгіш жасөспірімдердің талап-тұлпарын қамшылап, қамқорлады. 1956-1958 жылдарда “Қазақ әдебиеті” газетінде басшылық бедерін қалдырады.

Ұстаздыққа бейім әрі бала жанды мінез қазақтың жас жеткіншектерінің тілін сындырып - ұстартатын, туған тілімізге деген құрмет-құштарлығын арттыратын тәрбиелік бір басылым – құрал керегі туралы іштей ойлап, толғанып жүретін. Арманына 1958 жылы қолы жетті, шуақты шілдеде дүниеге келген «Балдырған» балалар журналы республика бүлдіршіндерінің бірнеше буын ұрпақ өкілдері балалық шағының базарымен ажарына, киелі сөз өнері бастауларына баулитын байыпты, ұқыпты бағбанына, адамдық әліппесінің ережелеріне үйрететін үлкен мектепке айналды. «Балдырған» басылымының өзгелерге ойыншықтай оңай көрінетін ауыр жүгін жазушы Мұзафар Әлімбаев ширек ғасырдан астам уақыт арқалады. 1958-1986 жылдар аралығында журналға тапжылмастан редакторлық етті.

«Нақтылық, ойлылық, жинақылық–Мұзафар өлеңдерінің ең басты қасиеттерінің бірі. Автордың балаларға арналған өлеңдері қысқа болғанмен, белгілі сюжетке тартымды ойға, терең пікірге құрылған. Ақын балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтанда Мұзафар өмірдің кішкене көріністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды өзіне зор мақсат етіп қояды.

Ақынның әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны үлкен кісілерде сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Ақын «Кім ұтылды, кім ұтты...» өлеңінде тау асып ойнап кеткен үш баланың қарны ашып, қолдарында қалған екі алманы бөлісе алмай жатқандарын сөз еткен, Екі алманы үшке бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

Қиын емес бұл мүлдем,	Сен бер маған жартысын
Теп- тең етіп бөлейік.	Екеуі оған көніпті,
Екеуін ал бір- бірден.	Жарты-жарты бөлікті
Мен-ақ соған көнейін,	Басу айтқан балаға
Не керек сол айтысып.	Өз қолынан беріпті.
Сен бер маған жартысын,	Кім ұтылды, кім ұтты?
Не керек сол тартысып,	Кім ұқпады, кім ұқты?

Ақын өлеңін сұрақпен аяқтап, оқиға шешімін балалардың өз талқысына салады, сөйтіп олардың ойын дамытуға, өздерінше пікірталасын тудыруға сілтейді. Ақын өлеңі тартымды ойға құралатын осыдан ап – айқын көрінеді.

«Әріптер сыры» өлеңін мамандық таңдауға жол ашатын сыр сипаты бар.

«А» - Алтай бала дәрігер,

Аурудан сақтар ол мені,

«Ә» - Әнуар өнер біледі.

Әдеміетіктігеді.

«Б» - Бауыржан сақшы - жауынгер,

Батыр деп сүйген қауым ел.

«В»- Володя мастер мен дейді,

Вагондарды жөндейді.
«Г» - Гүлжамия бақшашы,
Гүлге толған бақшасы.
«Ғ» - Ғажап бояу жағады.
Ғали сурет салады.

Мұндағы әр әріптің түрлі мамандықты таңдайтындай мазмұнға құрылған, және 1 сынып оқушыларының жаттау айтуына ыңғайлы. 36 әріпті түгел танып шыққан 1-сынып оқушылары ата-аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі «а», екіншісі «б», үшіншісі «ә» болып рольдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата-ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың ақын-жазушыларға қояр- тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімділік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды.

Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзын тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қорыта айтқанда, М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес, ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді.

Әдебиеттер

1. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан.- 1993.-25 мамыр.- Б.8
2. Әлімбай М.2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж.
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі. – Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
5. Садыр Б. Мұзаған асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егеменді Қазақстан.-1998.-7 қараша- Б.4
6. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық-Алматы: Жазушы-367 б.
7. Әлімбай М. Айтары барды аузынан қақпас болар: [Жазушымен сұхбат. Әңг. Н.Жұмаханұлы] // Қазақ әдебиеті-2001.- 23 наурыз- 7 б.
8. Достықтың төл перзенті – ұлы жеңіс!: [Майдангер, сөз өнерінің майталман ұстазы, қазақтың біртуар перзенті Мұзафар Әлімбаймен әңгіме] // Жасалаш.- 1999.- 8 мамыр.- Б. 3
9. Ахметов Ш. МұзафарӘлімбаев. – Кітапта: Ахметов Ш. Қазақ Совет балалар әдебиеті: Жоғары оқуорындары мен педучилище студенттеріне арналған оқу құралы. –Алматы: Мектеп, 1976.- Б.210-215
10. Мәуленов С. Талғам таразысы: [Ақын М.Әлімбаев туралы] // Мәуленов С. Сыр мен жыр.–Алматы: Жалын, 1991.- Б. 221-230

БАЛАЛАРДЫҢ СҮЙІКТІ ЖЫРШЫСЫ – МҮЗАФАР ӘЛІМБАЕВ

Омирзакова А.Д.

Орал қаласы, №25 «Снежинка» бөбекжайының тәрбиешісі

Балалар әдебиеті - қазақ халқымен бірге жасап, бірге өсіп келе жатқан рухани сала. Қазақ балаларына арнап классик жазушыларымыз Ы.Алтырсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Әуезов, М.Сералин, С.Торайғыров түрлі жанрда шығармалар жазды. Қазақ балаларының бірнеше буын ұрпағын тәрбилеген шығармалар.

Қазіргі балалар әдебиетінің көшін М.Әлімбаев елге танымал ақын бастап келеді. Балаларға арнап жазған шығармаларынан тың ізденістерді, өзіндік ойларды байқаймыз. Бүлдіршіндердің ойын дамыту үшін құрылған санамақ, мазақтама, қайсысы қайсысына ұқсайды, синоним сөздер, өтірік өлеңдер, айтыс, ән өлеңдері, жұмбақ, лотогрифтер, қарама-қарсы қызық сөздер, адас атаулар, метаграммалар, шарадалар, жаңылтпаштар т.б. секілді «ішкі жанр» үлгілері ұшырасады. Мұның өзі ақынның ізденіс аясын, білім өрісін аңғартатын дәлел болса керек. М.Әлімбаев еңбектерінің бүгінгі қазақ балалар әдебиетін дамытудағы үлесі алар орны ерекше.

Мұзафар Әлімбаев балалар әдебиетіне ақын, жазушы, аудармашы, теориялық тұжырымдар айтар әдебиетші, зерттеуші, тәрбие туралы ойын бөлісер педагог болып ат салысты. Өзге халықтардың мақал-мәтелдерін қазақ тіліне аударумен айналысқан. Ақынның «666 мақал мен мәтел», «Мақал-сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз-ортақ қазына» жинақтары мен зерттеулері бар.

М.Әлімбаев 1923 жылы Павлодар облысының Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында дүниеге келеген. Әкесі мұғалім болған. Бес жасында кітап оқи бастайды. Оқытушы болуды мақсат еткен. Сегіз жасында әкесі, 13 жасында анасынан айырылып, жетім қалды. Он бес жасында оқуға түсіп, оны аяқтаған.

Есейген шағы екінші дүниежүзілік соғыстың басталған күніне тұспа-тұс келді. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Университет бітірген. Балалар баспа сөзінде 1948 жылдан 1989 жылға дейін жемісті, ізденісті қызмет атқарған. «Балдырған» журналын 28 жылдан астам уақыт басқарған.

Мұзафар Әлімбаев негізінен ересектерге арнап жазатын ақын болғанмен, ол еш уақытта балаларды назарынан тыс қалдырмаған. Қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. Ол «Жұмбақтар», «Отпен ойнама», «Менің ойыншықтарым», «Орақ олақ», «Шынықсаң – шымыр боларсың», «Ақсерек те көксерек», «Аспандағы әпке» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. Ақынның шығармалары жиырмадан астам тілге аударылған. Ақынға 1984 жылы «Аспандағы әпке» атты балаларға арналған жыр кітабы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

«Бал дәурен, шіркін, балалық» деген бір томдық таңдамалысы жас оқырмандарына ертеден таныс. Балаларға арналған орыс тіліндегі өлеңі газет беттерінде және жинақтарда басылды. М.Әлімбаевтың балаларға арналаған өлеңдері қысқа болғанымен, белгілі сюжетке, тартымды. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері өте қызық және әсерлі. Оны үлкен кісілер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Мысалы: «Менің ойыншықтарым» өлеңінен үзінді келтірейік:

Ашытпайды көзіңді,
Шомыла ғой, балақай!
Қарашы енді өзі:
Аппақ болдың, алақай!
Түсті түймең үзіліп,
Неге қадап алмайсың?
Тұр ғой әне ине-жіп,

Неге ұқыпты болмайсың?

Бұл өлең жалғыз қуыршаққа ғана емес, ойыншық құлыншақ, бұлбұл, күшік, қоянға жеке-жеке арналады. Тақпақ танымдық, тәрбиелік маңызға ие. Бұл өлеңде ақын балаларды бір жағынан тазалыққа үйретсе, екінші жағынан ұқыптылыққа, әрі еңбекқорлыққа шақырады. Өлең жаттауға жеңіл, әрі мағынасы да кішкентай балалар үшін түсінікті.

Ақын өлең-жырларының басты тақырыбы - еңбек. Еңбек тақырыбындағы өлеңдерінің бірі - «Он саусақ». Мәселен, «Он саусақ» өлеңін оқып көрелік:

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ.
Қала салсақ, жол салсақ.

Бұл өлең жөнінде автор: «Еңбек қозғалыстан, әрекет етуден басталады. Екі саусақты біріктіру де, онымен ине ұстау да еңбек. Енді одан әрі не түйме қадалады, не киім тігіледі. Үш саусақ біріксе қалам ұстап, хат жазуға, білім алуға жарайды, ал он саусақ біріксе, үй де салынады, жол да жасалады. Саусақ арқылы адамдарды меңзеп тұрғанымды алғыр балалар өздері-ақ аңғарады» - дейді.

Еңбек туралы тағы бір шағын өлеңді мысалға келтірсек:

«Кіп-кішкентай күрекпін,
Күнде саған керекпін.
Күре қарын ауланың,
Қопсыт түбін теректің.
Еңбек сүйгіш күрекпін,

Елгезекке керекпін» - деген, «Күректің жыры» өлеңі еңбек сүйгіш күректің монологаы түрінде жазылған шағын өлең. Автор күрекке жан бітіре суреттей отырып, оны үнемі тынымсыз еңбек үстінде көрсетеді. Баланы қол қусырып отырмай, ауланың қарын күреп, теректің түбін қопсытуға шақырады.

М.Әлімбаев үшін еңбексүйгіштік пен жалқаулық – егіз тақырыптар. Автор еңбекті дәріптеу арқылы жалқаулықты әшкерелейді. Еріншектікті әшкерлеу арқылы еңбексүйгіштікті мадақтайды. «Егерде...» өлеңі төрт шумақтан тұрады. Жалқау бала атқарылуға тиіс шаруаларды істемес үшін күлкі туғызатын сылтаулар айтады. «Аяғым су болмаса, бақшаның қарын күрер едім, үстіме шаң қонбаса, бақшаны баптар едім, қарым талмаса, су әкелер едім ағаш қатты болмаса, отын жарар едім, Жанатты жыламаса, жұбатар едім, арифметика болмаса, сабақты жақсы оқыр едім» деген сылтау иесін автор сын тізіне салады:

«Айтайық біз Кәрімге,
Бұл мінезін қоймаса:
Тындырар ең бәрін де,
Жалқаулығың болмаса.»

Жалқаулықтың неге апарарын түсіндіретін өлеңдері де бар. «Жалқаудың жауабы», «Мен дала барам» өлеңін де мысалға келтірейік: «Мен дала бардым, Қыр гүлін берді, Көл суын берді, Күн нұрын берді». Бір заттың екінші затқа қандай ұқсастығы бар? Не несімен ұқсайды? Соны аңғару, өлең-жыр жазуға себепші болады.

Бірде ақын көк шағылды кешіп серуен құрады. «Көгал-жердің кілемі» деген бір жол тіліне оралады. Содан «кілемді біреу тоқиды ғой, ал жер бетіндегі кілемді тоқитын не?» - деген сауал қояды. Сол сауалға жауап іздейді. «Күн-кілем тоқиды, Нұрмен тоқиды, Гүлмен тоқиды». Ол – Асыл жер кілем, Жалпақ кең кілем, Жерге тең кілем. Ол - Сен де сыярлық, мен де сыярлық, Ел де сыярлық кілем. Ақын өлеңді «Күн тоқыған кілем» деп атайды. Соңғы

шумақтағы идея ой-бейбітшілікті, татулықты сақтайық, жер үсті кең, бәрімізді осы жер үстіне сиямыз, бәріміз де осы жер бетінде тату-тәтті өмір сүрейік деген ойын анық жеткізеді.

Автордың көптеген өлеңдері әдетте 4-8 жолдан әрі аспайды. Оның есесіне өлеңдегі ой-идея салмақты, туындының бітімі айшықты. «Бал араның жыры» өлеңінде былай дейді.

Баратыным –қыр,
Қонатыным-гүл,
Теретінім- нәр,
Беретінім –бал.

«Піл мен құмырсқа» өлеңі де сондай өлеңдерінің бірі.

Ал «Өтірікшілердің айтысынан», «Қайда кеткен қарындаш», «Бас пен қол», «Ұмытшақ», «Әдет қой» сияқты өлеңдері қалжыңға суарылған.

М.Әлімбаев ел аузындағы елеулі ертегі, аңыздарды тере жүріп, жаңғырта жырлайды, халық шығармашылығындағы ғажап үлгілер дәстүрімен өзі де жанынан аңыз, ертегілер, күлдіргі жырлар тудырады. «Қос керенау», «Кім ұтылды, кім ұтты?», «Жақсыбай батыр мен Елпекбай», «Алшынбай мен Шөже» т.б. өлеңдер осының дәлелі.

Ақын «Кім ұтылды, кім ұтты..» өлеңінде тау асып ойнап кеткен үш баланың қарны ашып, қолдарында қалған екі алманы бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

«Қиын емес бұл мүлдем,
Сен бер маған жартысын.
Тепе-тең ғып бөлейік.
Екеуі оған көніпті,
Екеуің ал бір-бірден,
Жарты –жарты бөлікті,
Мен-ақ соған көнейін.
Басу айтқан балаға,
Не керек сол айтысып.
Өз қолынан беріпті,
Сен бер маған жартысын,
Кім ұтылды, кім ұтты?
Не керек сол тартысып,
Кім ұқпады, кім ұқты?»

Ақын өлеңін сұрақпенен аяқтап, оқиға шешімін балалардың өз талқысына салады, сөйтіп, олардың ойын дамытуға, өздерінше пікір таласын тудыруға сілтейді. Ақын өлеңі тартымды ойға құрылатыны осыдан-ақ айқын көрінеді.

Автордың балаларға арналған өлеңдері қысқа болғанмен, өлең-жырларын қашан да көрікті, ойлы етіп жазуды мақсат тұтады және сол мақсатқа қол жеткізеді. Балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойлайды.

Ақын өлеңдері мақсатты, яғни қандай да бір мақсатқа қол жеткізу үшін арнап жазылады: Мысалы «Санамақ» өлеңінің мақсаты-бүлдіршіндерге санауды жеңіл әрі қызықты етіп үйрету. Бұл тақпақты жаттаған бала әрі санауды үйренеді, әрі өлеңді де жаттау арқылы тілін дамытады. Бірден онға дейінгі сандардың мәнісін түсіндіре келіп, өлең соңында былай дейді:

Сан білмеген айта ма,
Санамақта қайтала!

М.Әлімбаевтың өлең тақпақтары жаттауға жеңіл, ойда сақтауға оңтайлы. Сондай мақсатты өлеңнің бірі - «Шынықсаң шымыр боларсың» өлеңі.

Ұйқыдан күліп тұр,
Денеңді шынықтыр.
Ерінбе жаттығып,
Ертеңге үміт қыл.
Сүресің ғұмыр көп,
Терлесе маңдайын

Шынықсаң шымыр боп

Жүресің әрдайым, -деп бұл жерде ақын бір жағынандене шынықтыру жаттығуларының пайдасы туралы айтса, екіншіден балаларды жақсы көңіл күймен оянуға да шақырады. Тақырыбының өзі айтып тұрғандай бұл өлеңде автор балаларды спортпен айналысуға шақыра отырып, спорттың денсаулыққа пайдасын, шымыр болу үшін әрдайым дененді шынықтырып жүру керектігін және спортпен айналысқан адамның ұзақ өмір сүретіндігін де айтып өтеді.

М.Әлімбаев өлеңдерінің көпшілігі сұрақ-жауапқа құрылады. Дегенмен, осынау өлеңдердің өздері белгілі бір мақсатты көздейді. Мәселен, автор оқушыны сұрақ қою арқылы сынайды. «Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?» өлеңінде, алдымен, сұрақ қойылады, содан соң бұрыс жауабы көлденең тартылады. Соңында «Бұл сені сынау, дұрысы мынау» деп дайын жауаптарды ұсынады:

«Інінде-жылан,
Шөлінде –құлан,
Тайгада-бұлан,
Көгінде-қыран,

Елінде-ұлан»- деп ақын сөзбен сурет салады. Бұл ретте сөзді үнемді пайдаланады.

Үнемшілдіктің бір көрінісі – «Ай мен Ая» өлеңінде де байқалады. «Айдың беті аппақ,

Аяның беті сатпақ

Неге олай? Ол былай.

Бұл ай. Аунамайды жерге,

Шомылады көлге»- деп автор бейнелі суретті өлең туғызған. Автор Айдың қадір-қасиетін айту арқылы Аяның салақтығын танытқан.

Ақынның алғашқы сыншылары - бауырлары. Бүлдіршіндерге дегеннің бәрін солар үшін жазған, алғашқы нұсқаларын соларға тыңдатқан, мектепке барған соң соларға оқытқан, жаттай алмаса, не ұқпаса, солардың ыңғайына қарай өңдеген, қысқартқан.

Отыз жылға жуық балалардың сүйікті «Балдырған» журналының редакторы болып, ана тіліміздің дамуына және бүлдіршіндеріміздің дұрыс тәлім-тәрбие алуына лайықты үлес қосты. Оның өлеңдерінен балаға жеңіл, жүрекке жеңіл тиіп отыратын терең ой, өткір пікірлер табылады. Ақынның қай өлеңін алсақ та мағынасы жеңіл, балалар үшін әрі қарапайым, әрі жаттауға да оқуға тартымды екені айтпаса да белгілі. Бала түгіл үлкен кісінің өзін қызықтырып әкететін өлеңдері біз үшін өшпес, баға жетпес мұра болып табылады. Ақын сөз қолдану шеберлігін әр сөзді орнын тауып жұмсай білуден іздейді. Орнын тауып қолдана білсе, терең мазмұнға, ерекше көркемдікке ие болып құлпырмайтын, түрленбейтін бірде-бір сөз жоқ екенін М.Әлімбаев жақсы түсінеді. Ақын ізденгіш, талғамы күшті, бала жанын түсінетін талантты ақын. Қалың жұртшылық үшін оның халқымыздың мақал-мәтелдерін жинақтап, зерттеудегі еңбегінің маңызы өте зор. Ол жұрт әрдайым айтып жүретін көптеген қанатты сөздер мен сөз тіркестерін өмірге әкелді. Сонымен қатар ол Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы әнұранының авторларының бірі. Оның сөзіне жазылғанекі жүзге жуық әндер де бар. Олардың бірсыпырасы әлі күнге дейін сахнадан түспей, әншілердің орындауында айтылып жүр. 2017жылы 94 жасында дүниеден өткен.

Қорыта айтқанда, М.Әлімбаев - қазіргі балалар әдебиетінің ата буынына қосылған көрнекті қайраткері, тәлімгері, балалар әдебиетіне мол мұра қалдырған қазақтың қайталанбас тұлғасы. М.Әлімбаев ағамыз өзінің саналы да салмақты, ұзақ ғұмырында осындай мол мұра қалдырып кетті. Сондықтан да М.Әлімбаев ағамыздың осы баға жетпес байлығын еліміздің болашақ өскелең ұрпағына, қазіргі жас бүлдіршіндерге, жаттатып, үйретіп, саналарына құю, оның есімі мен еңбегін әрдайымыз жадымызда сақтау біздің басты міндетіміз деп білемін.

Әдебиеттер

1. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын М.Әлімбаев туралы // Ұлан-1993-25 мамыр
2. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар

жинағы «Санат» 1997ж.

3. Әлімбаев М Балдәурен ,шіркін, балалық : Өлеңдер,әндер, аңыздар,ертегілер,дастандар.-Алматы: Жазушы,1973ж

4. Әлімбаев.М. Аспандағы әпке: өлеңдер,ертегілер, жұмбақтар, Жаңылтпаштар,-Алматы: Жалын,1982ж

5. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: (Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Мемлекетінің Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы) //Егемен Қазақстан-1998ж

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Әсемғалиева А.Т.

БҚО, Орал қаласы, Қаратөбе ауданы
«Балдырған»МКҚК бөбекжайының тәрбиешісі

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы 29 қазанда Павлодар облысы Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында дүниеге келген. Сегіз жасында әкесі, 13 жасында анасынан айырылып, жетім қалды.

Есейген шағы екінші дүниежүзілік соғыстың басталған күніне тұспа-тұс келді. Қан майданда танк батареясының командирі болды. Соғыс жылдары өлеңдері республикалық, облыстық және майдан газеттерінде басылды. Соғыс біткен соң Мұзафар Әлімбаевты Шығыс Германия жерінде әскери қызметке алып қалып, елге 1948 жылы ғана оралды. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

Мұзафар Әлімбаевтың шығармашылық жолы

Қазақ балалар әдебиетінің бағына туған Мұзафар Әлімбаев алғашқы туындыларын 15 жасында жазды. Ол Павлодар облысы "Қызыл Ту" газетінде жарық көрді. Содан бастап Мұзафар Әлімбаевтың ұзақ та, жемісті шығармашылық жолы басталды. Бастапқыда Мұзафар Әлімбаев балалар жазушысы ретінде танылды, әдеби ортада "бала жанының бағбаны" атанды. Балаларға арналған өлеңді ересектерге жазылған өлеңнен гөрі жақсырақ жазу керек деген ұстаныммен жұмыс істеді. Кейіннен үлкен поэзияға оралды.

Соғыстан кейінгі жылдары "Пионер" журналында поэзия бөлімін басқарып, "Қазақ әдебиеті" газетінде бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары секілді қызметтер атқарды. Ақын өзінің естелігінде "Пионер" журналында жұмыс істеп жүріп жазушы Мұхтар Әуезовпен танысқанын жазады.

"...Мен жасым ұлғайған жазушымын. Қайырылып, сонау артта қалған бел-белестеріме, шұғылалы шақтарыма, мұнарлы тұстарға қарасам, "эттеген-ай" деп күрсінер, "ой бәрекелді" деп сүйсінер сәттерім де аз емес сияқты. Мәселен, өз өмірімнің самала-сәулелі беттері деп ұлы Мұхтар Әуезовпен танысып, араласып, жақындасқан жылдарымды, ұлы құшақтың ыстығына жылынып, өнегесінен үйренген кезеңімді, "досым" деген мейірін естіген мезеттерімді айтар едім. Ең алғаш 1949 жылы үйіне барып, отбасында Мұхаңнан интервью алғаным, оны "Пионер" журналына бастыруым жақындасуымның беташарындай болды. Мұхтар Әуезовті зерттегендердің сол сұхбатқа анда-санда сілтеме жасайтындары бар. өйткені Мұхаң ол сұхбатта "Абай" романының туу тарихын тұңғыш баяндап, сыр ақтарған болатын", деп жазған Мұзафар Әлімбаев.

Мұзафар Әлімбаевтың алғашқы кітабы – "Қарағанды жырлары" 1952 жылы басылып шықты. Ол 1958 жылы "Балдырған" журналының бас редакторы болды, бұл қызметті 1986 жылға дейін атқарды. Мұзафар Әлімбаев әлем халықтарының жүздеген мақалын қазақ тіліне аударған. Аударып қана қоймай, оны ұлттың болмысына бейімдеп жеткізген.

Оларды "666 мақал мен мәтел", "Өрнекті сөз", "Мақал – сөздің мәйегі" деп аталатын жинақтарға топтастырды. Сонымен қатар әлем поэзиясынан Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақша сөйлетті. Мұзафар Әлімбаевтың төл туындылары мен аудармаларын

қоса есептегенде 64 кітабы жарық көрген. Олардың арасында "Қарағанды жырлары", "Жұмбақтар", "Алатау баурайында", "Менің Қазақстаным", "Жолдар – жырлар", "Жүрек лүпілі", "Өрнекті сөз – ортақ қазына", "Қалам қайраты", "Көңіл күнделігінен", "Ақмаңдайлым", "Маржан сөз", "Балдәурен". 1982 жылы "Аспандағы әпке" өлеңдер жинағы мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.

*Өз бағамды сұрамаймын өзгеден,
Ердің құнын өлшейтін кім сөзбенен?!
Өз бағамды сұрамаймын өзгеден,
Ер салмағын безбендер кім көзбенен?!
Сұрасам да кемеңгер мен батырдан,
Қадырымды сұрамаймын өзгеден,
Ел алдында өз орынын парықтап*

Күйкі пенде көңілімен сезбеген, деп жырлаған Мұзафар Әлімбаевтың жырлары ел арасында өз бағасын алып келеді.

Мұзафар Әлімбаевтың қанатты сөздері.

Мұзафар Әлімбаевтың қанатты сөздері де ел арасында халық сөзі секілді тараған. Мысалы, "Үйлену оңай, үй болу қиын", "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" қанатты сөзінің авторы Мұзафар Әлімбаев екенін біреу білсе, біреу білмейді. Мұзафар Әлімбаевтың қанатты сөздері қатарында:

*Мықтының мұңы да – мылқау;
Шәкіртке ұстаз болу – ірілік, ұстазға ұстаз болу – ұлылық;
Ескерткіш тозса да, естелік тозбайды;
Үйлену оңай, үй болу қиын;
Түйірдей болса да, түйінді ойың болсын;
Жүзктің өзінен де, көзі қымбат, ақынның сыйлығынан сөзі қымбат;
Ұлтын білгің келсе, гұрпын біл;
Ерден ердің атықтығы – білігі, елден елдің артықтығы – бірлігі;
Кішілікке жараған – кісілікке де жарар;
Ынтымақ елдікке жеткізер, елдік ерлікке жеткізер;
Жұмыла көтерген жүк жеңіл;
Өтіріктің арбасы шындықтың көпірінен өте алмайды;
Талант – табиғаттан, талап – өзіңнен;
Адам тіршілігі қандай мұңлы болғанымен, ол кілең бір қасіреттен қаланбайды.
Мұзафар Әлімбаев сөзін жазған әндер*

Мұзафар Әлімбаевтың сөзін жазған әндер саны екі жүзге жуықтайды. Олардың бірсыпырасы әлі күнге дейін сахнадан түспей, бірнеше әнші әртүрлі орындап жүр. Ел арасында кең тараған әннің бірі – "Маралдым". Өзінің туған жеріне арнаған әнді Роза Рымбаев, "Музарт" тобы, Зарина Омарова, Мөлдір Әуелбекова сынды әншілер орындап келеді.

Қыз Қорлан қор қызындай тамсандырған Естайға әлемде жоқ ән салдырған Маралды! Маралды – төр! Маралды – көл Самалдай ән еседі қарсы алдыңнан.

*О, Маралдым, Маралдым!
Сенің үшін жаралдым
Топырағыңнан нәр алдым
Көзіндейсің сен маған
Атам менен анамның.
Туған ел, туған жерім – Қызыл таңым,
Сапырған күн астында қызыл дәнін.
Өссем де құшағыңда ажырамай,
Көркіңе көрмегендей қызығамын.
О, Маралдым, Маралдым!
Сенің үшін жаралдым
Топырағыңнан нәр алдым*

Көзіндейсің сен маған
Атам менен анамның.
Туған жер, өскен елім – Қызыл таңым,
Сенікі ішкен суым, тұзым, дәмім.
Даңқынды, дәулетінді шалқытады,
Бақытын сенен тапқан қыз-ұлдарың.
О, Маралдым, Маралдым!
Сенің үшін жаралдым
Топырағыңнан нәр алдым
Көзіндейсің сен маған
Атам менен анамның.

Ел арасында өз тыңдарманын тапқан әннің бірі – "Ақ маңдайлым". Сөзін жазған – Мұзафар Әлімбаев, әнін жазған – Шәмші Қалдаяқов. Халық арасында бұл ән Роза Бағланованың орындауындағы нұсқасы бойынша кең танылды. Кейінгі кезде бұл әнді Жеңіс Бісқақова, Медеу Арынбаев орындап жүр.

*Көк майса Алатаудың бөктерінде,
Гүл тердік жастық шықтың көктемінде.
Алдымнан арманымдай жарқ етіп ең,
Қолымды жеткізгендей көкте күнге.
Айналдым, ақ маңдайлым, Ақылдым, бал таңдайлым
Жалында жас дәуренде,
Ұялма, "жан сәулем!" де,
Жақсылықтың жоқ, сәулем, ерте-кеші,
Жадырашы, назданышы, еркелеші.
"Сен" деген сөзің серттен артық еді,
Өзіңе іштей мені тартып еді.
Өзгеге өзін қимас өр көңілім,
Лебіңнен қорғасындай балқып еді.
"Сен" деген ыстық сөзің артық еді,
Өзіңе іштей мені тартып еді.
"Сіз" деген салқын сөзден тоңамың зой,
"Сен" десең көңіл қайта шалқыр еді.*

Мұзафар Әлімбаев Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы әнұраны авторларының бірі.

Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз.
Еркіндік қыраны шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта,
Халықтың қуаты — бірлікте!
Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.
Татулық, достықтың киелі бесігі –
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!
Талайды өткердік, өткенге салауат,
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!
Ар-ождан, ана тіл, өнеге-салтымыз,

Ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат!, деп шырқалған ән 1992-2006 жылдары Қазақстанның Әнұраны болды.

Қазақстан тәуелсіздік алған соң 1992 жылы республика әнұраны мәтініне конкурс жарияланды. Комиссия іріктеуіне барлығы 750 жоба келіп түсті.

Конкурста төрт ақынның: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалин пен Жадыра Дәрібаеваның бірлесіп жазған мәтіні жеңіске жетті. Әнұран әнінің авторлары: Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди. 2006 жылы жаңа Мемлекеттік әнұран қабылданды.

Мұзафар Әлімбаев жайлы бір үзік сыр

"Балалар әдебиетін, балалар поэзиясын Мұзағаңыз елестету мүмкін емес... Мұзағаның өлеңнен бөлек әлемнің арғы-бергі классиктерінің шығармаларын аударған еңбегі, жаңылтпаш жазып, мақал-мәтел жинақтап құрастыруы – осының әрқайсысы бөлек-бөлек қарастыруды қажет ететін сом дүниелер. Сөздің паркын білетін, мәйегін танитын, мағынасына, мәніне бойлай алатын бірегей қалам иесі болғандықтан, Мұзафар Әлімбаев әдебиетті көркем аудармалармен байытты", - деген ақын Нұрлан Оразалин.

Ал ақын Несіпбек Айтұлы Мұзафар Әлімбаев жайлы былай деген: "Мұзағаңның қаламынан туған қыруар жырларын айтпаған күннің өзінде, туған елінің әдебиет қоржынына ол салған мол олжа қаншама! "Менің Қазақстаным!", "Естай-Қорлан", "Ту тіккен" поэмалары, "Ақ маңдайлым", "Ақ сұңқарым", "Маралым" әндерінің мәтінін жазған Мұзафар Әлімбаев есімі қазақ барда ешқашан ұмытылмайды".

Мұзафар Әлімбаев – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978 жыл), Қазақстанның Халық жазушысы, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (1996 жыл). Отан соғысының бірінші және екінші дәрежелі ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен, "Отан" орденімен марапатталған. Мұзафар Әлімбаев 2017 жылы 94 жасында дүниеден өтті.

Қазақ халқы өмірін қазақ әдебиетіне арнаған ақын ағаны Әуезов атындағы драма театрда ақтық сапарға шығарып салды.

Ақынның қазасына байланысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көңіл айту жеделхатын жолдап, Мұзафар Әлімбаевтың жемісті еңбек жолы ел есінде қалатынын айтты. "Кеңестік кезеңде ол қазақ әдебиетінің алыптарымен қанаттаса жүріп, Отан игілігі жолында жемісті еңбек етті. Көптеген жыр жинақтары мен ән мәтіндерінің авторы атанды. Отыз жылға жуық балалардың сүйікті "Балдырған" журналының редакторы болып, ана тіліміздің дамуына және бүлдіршіндеріміздің дұрыс тәлім-тәрбие алуына лайықты үлес қосты.

Қалың жұртшылық үшін оның халқымыздың мақал-мәтелдерін жинақтап, зерттеудегі еңбегінің маңызы зор. Ол жұрт әрдайым айтып жүретін көптеген қанатты сөздер мен сөз тіркестерін өмірге әкелді. Мұзафар Әлімбаевтың есімі мен еңбегін халқымыз әрдайым жадында сақтайды деп сенемін", деп көңіл білдірді.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы «Санат» 1997ж.
2. Әлімбаев М Балдәурен, шіркін, балалық : Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар. -Алматы: Жазушы, 1973ж
3. Әлімбаев.М. Аспандағы әпке: өлеңдер,ертегілер, жұмбақтар, Жаңылтпаштар,- Алматы: Жалын,1982ж
4. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: (Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Мемлекетінің Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы) //Егемен Қазақстан-1998ж

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ СІЦІРГЕН ЕҢБЕГІ

Бисенгожина Б.А.

БҚО, Орал қаласы, Қаратөбе ауданы
«Балдырған» МКҚК бөбекжайының тәрбиешісі

Мұзафар Әлімбаев - аса көрнекті ақын, Ертіс-Баян өңірінің тумасы, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Ол қазақ әдебиетінде өшпейтін із қалдырған ақын-жазушылардың маңдайалдысы, балалар әдебиетінің қара нары. Мұзафар Айтмағамбетұлы балалар әдебиетінің дамуына тың серпін беріп, зор үлес қосқан талантты ақын, шебер жазушы еді. Мұзағаның қаламынан туған жырлар әндерге арқау болып, жүз сексенге жуық өлеңі әнге айналады. Мұзафар Әлімбаев халық ауыз әдебиетінің бай мұрасы – мақал-мәтелдерді жинаумен қатар, өзге халықтардың мақал-мәтелдерін қазақ тіліне аударумен айналысқан. Ақынның «666 мақал мен мәтел», «Мақал – сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына» жинақтары мен зерттеулері бар. Халқымыздың отты ақыны Қасым Аманжоловтың «Мұзафар – қазақ мақалының маршалы» деп айтқаны да осыдан болар.

«Поэзияны, жалпы әдебиетті Мұзафардай бағалап, оны күдіреттің күдіреті деп ұғынатын адамды, ақынды қаламдас ағалардың арасынан мен әлі кездестіре қойғаным жоқ. Өз әріптестерінің шығармашылығын Мұзафардай қадағалап, қоймай, қомағайлана зерттеп отыратын ағайынды да әлі кездестірген емен» Мұқағали Мақатаев.

Мұзафар Әлімбаев - 29 қазан 1923 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды ауылында дүниеге келген. Ақын, Қазақстанның халық жазушысы, еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Әл – Фараби атындағы ҚазМу-ды тәмәмдаған.

Әкеден 8 жаста, шешеден 13 жасында айырылып, «Туар-тумастан тоналған ұрпақтың өкілі...». Сол тұста жетімектің кім екенін, жетімдіктің зіл мен мұң екенін анық та толық сезді. 1932-33 жылғы алапат аштықты көлденең көзбен көріп емес, өз басынан өткерген. 1937 жылдың сталиндік сойқанында халықтың зиялы ұл-қыздарын зорлық-зомбылықпен оққа байланғанын өз көзімен көріп, үрейі ұшқан ұрпақ. Осы тұста тырнақалды өлеңін жазды.

Өкінемін ерте өмірдің өткеніне,
Көре алмай қызығымды кеткеніңе.
Өзгелер өз баласын еркелетсе,
Жетімдік сүйегіме жетпеді ме?!

Соғыс басталғанда он сегізге толар-толмаста болған М. Әлімбаевтың педучилищені енді бітірген кезі еді. Соғыс комиссарына арыз берді, бірақ оларды маңайына жолатпады. Сөйтсе, үкімет арнайы ұлттық құрамалар даярлап жатыр екен, сол үшін оларды сәл күттіріпті. Әйтеуір 1941 жылдың желтоқсанында соғысқа шақырылып, Павлодардан Семейге, Семейден Талғарға келіп, бір ай саяси жауынгерлер бригадасының 120 мм миномет дивизионына барды. Үш жарым айдай қатардағы жауынгер, сосын саяси жұмыстар жөніндегі жетекшінің орынбасары болды. (замполитрук) Калинин майданында Ржевтің түбінде 1942 жылдың қарашасынан ұрысқа кірісіпті, 1943-тің шілдесіне дейін соғысты. Сол кезде саяси қызметкерлер институтын жойып, жауынгер командир етіп даярланып, танк батареясының командирі болды. Соғыс біткесін Мұзафар Әлімбаевты Шығыс Германия жерінде әскери қызметке алып қалып, одан елге ... 1948 жылы оралады. Майданда туған көп ақынның бірі — Мұзафар Әлімбаевтың «Батырға» деген бірінші өлеңі 1944 жылы 17 сәуірде Балтық майданының «Жауға қарсы аттан» газетінде жарияланған. Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллинге арналған осы өлеңінде:

Баста алға батысқа,

Ініңнің күші өскелең, - деген артиллерист, лейтенант Мұзафар «өскелеңдігін» тек соғыс майданында ғана емес, әдебиет майданында да көрсеткен. М.Әлімбаев комсомолец кезінде ауылдан аттанып, арада жеті жарым жыл өткенде коммунист, жауынгер командир, офицер-танкист атанып, үйге оралды. Уақытты бағалауды, өмірді қадірлеуді, Отанды қастерлеуді үйреніп қайтты.

Ақынның «Ту тіккен» дастанында Рейхстагқа алғаш ту қадағандардың бірі Рақымжан Қошқарбаевтың жан-дүниесін, қаһарман ерлігін шабытпен жырлайды. Бұл дастанда Советтік Қазақстанның саңлақ перзентінің сүйкімді бейнесі нанымды мүсінделген. Ал «Жүрек лүпілі» атты кітабында қазақ жерінің, кешегі Отан соғысының отты күндері жырланады. Мұзағанның соғыстан кейін туған «Қарағанды жырлары», «Менің Қазақстаным», «Естай - Қорлан» секілді туындылары сол кезеңдегі қазақ поэзиясының да шынайы табыстары болып саналады.

Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты. Жүз сексен әнге өлең жазды. 64 төл тума және аударма кітаптардың авторы.

Шығармалары 20 тілге аударылған. Соның ішінде орыс тілінде 6 кітабы, түрікмен тілінде «Мен – түрік мейманы» (1963), қырғыз тілінде «Жолдар. Ойлар. Жырлар» (1966) жинақтары жарық көрген.

Көркем аударма саласында Сағдидың «Бостанын» («Жәннат» деген атпен), Петефи мен Токтағұлдың, Аполлинердің таңдамалы өлеңдер жинақтарын, Ю.Фучиктің «Дар алдындағы сөзін», Орбелианидің «Гибратнамасын» және Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Ғ.Тоқай, М.Жәлил, Фирдоуси, Х.Әлімжанның өлең-жырларын қазақ тіліне аударған.

1982 жылы «Аспандағы әпке» жинағы үшін республикалық Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Қазақстанның Халық жазушысы, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері (1996). Қазақстан Республикасының Әнұраны авторларының бірі.

Отан соғысының бірінші және екінші дәрежелі ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Отан» орденімен марапатталған.

М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М. 1948-58 жылдар аралығында «Пионер» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетіндебөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, 1958-86 жзылдар аралығында «Балдырған» журналының бас редакторы болып жұмыс атқарды. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ - олақ», «Шынықсаң - шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал - мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал - сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз - ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын - зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған. Шығармалары: Қарағанды жырлары. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1953; Жұмбақтар. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1954; Лирика. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1958; Алатау баурайында. Өлеңдер мен поэмалар. А., ҚМКӘБ, 1960; Менің Қазақстаным. Поэма. А., ҚМКӘБ, 1960; Таңдамалылар. Өлеңдер мен поэмалар. А., ҚМКӘБ, 1961; Шынықсаң, шымыр боларсың. А., ҚМКӘБ, 1962; Жолдар – жырлар. Өлеңдер мен поэмалар. А., ҚМКӘБ, 1964; Жүрек лүпілі. Өлеңдер мен поэмалар. А., «Жазушы», 1967; Өрнекті сөз – ортақ қазына. Монография. А., «Қазақстан», 1967; Көңіл күні. Таңдамалы. Өлеңдер мен дастандар. А., 1972; Балдәурен шіркін, балалық. Таңдамалы. Өлеңдер мен поэмалар. А., «Жазушы», 1973; Тәрбие туралы әңгімелер. Эссе. А., «Қазақстан», 1972; Ер еңбегі – айнасы. Мақалдар мен нақылдар. А., «Қайнар», 1968; Қалам қайраты. Зерттеулер, эссе. А., «Жазушы», 1976; Көңіл күнделігінен. Эссе. А., «Жалын», 1980; Маржан сөз. Мақалдар. А.,

«Жазушы», 1982; Таңдамалы. 2 томдық. Өлеңдер, поэмалар, аңыздар. А., «Жазушы», 1983; Ақмаңдайлым. Өлеңдер. А., «Өнер», 1984; Аянның алақаны. Өлеңдер. А., 1987; Сүймеген жүрек семеді. Өлеңдер. А., 1987; Өмір. Өнер. Өнерпаз. Эссе. Зерттеме. А., 1990; Екі тақтай бір көпір. Өлеңдер. А., 1996; Шығармалар жинағы. Екі томдық. 1997; Нақылдар кітабы. 2000; Аулақ бол жаман әдеттен. А., «Балауса», 2002; Хат. Өлеңдер, поэмалар, балладалар. 2005; Нақылнама. Төл афоризмдерінің кітабы. 2006; Көп томдық шығармалар жинағы. (7 том). 2007; Балдәурен. Балаларға арналған таңдаулы тақпақтар, дастандар, жұмбақ, жаңылтпаштар. 2008.

Мұзафар Әлімбаев жайлы бір үзік сыр

"Балалар әдебиетін, балалар поэзиясын Мұзағаңсыз елестету мүмкін емес... Мұзағаның өлеңнен бөлек әлемнің арғы-бергі классиктерінің шығармаларын аударған еңбегі, жаңылтпаш жазып, мақал-мәтел жинақтап құрастыруы – осының әрқайсысы бөлек-бөлек қарастыруды қажет ететін сом дүниелер. Сөздің парқын білетін, мәйегін танитын, мағынасына, мәніне бойлай алатын бірегей қалам иесі болғандықтан, Мұзафар Әлімбаев әдебиетті көркем аудармалармен байытты", - деген ақын Нұрлан Оразалин.

Ал ақын Несіпбек Айтұлы Мұзафар Әлімбаев жайлы былай деген: "Мұзағаның қаламынан туған қыруар жырларын айтпаған күннің өзінде, туған елінің әдебиет қоржынына ол салған мол олжа қаншама! "Менің Қазақстаным!", "Естай-Қорлан", "Ту тіккен" поэмалары, "Ақ маңдайлым", "Ақ сұңқарым", "Маралым" әндерінің мәтінін жазған Мұзафар Әлімбаев есімі қазақ барда ешқашан ұмытылмайды".

Мұзафар Әлімбаевтың жарыққа шыққан кітаптары:

Әлімбаев М. Ана тіліне тағзым. Өлеңдер, мысалдар, ертегілер.- Алматы. «Атамұра», 2014. – 240б.

Әлімбаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006.- Том 2. – 376 б.

Әлімбаев М. Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның. Алматы, «Қазақстан», 2002, - 216 б.

Әлімбаев М. Екі тақтай – бір көпір: Өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертеңдер. – Алматы: Балауса, 1992. – 192 б.

Алимбаев М. Кто начинает день: Стихи/ Пер. С казахск.;Предисл. О.Сулейменова; Худож.Р.Халилов.- М.: Дет. Лит., 1988. – 63.

Мұзафар Әлімбаев – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978 жыл), Қазақстанның Халық жазушысы, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (1996 жыл). Отан соғысының бірінші және екінші дәрежелі ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен, "Отан" орденімен марапатталған. Мұзафар Әлімбаев 2017 жылы 94 жасында дүниеден өтті.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/ Бас ред. Ә.Нысанбаев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 720 б.

2. Әлімбаев М. Екі тақтай – бір көпір: Өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертеңдер. – Алматы: Балауса, 1992. – 192 б.

М.ӘЛІМБАЕВТЫҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мусина Г.А.

№ 29 “Нұрсая” бөбекжай балабақшасы
Әдіскер

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды селосында туды. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Армиядан оралған соң, С. М. Киров атындағы қазақ университетін бітірді. «Пионер» журналының бөлім бастығы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары қызметін атқарды. КПСС мүшесі.

Мұзафар Әлімбаев негізінен ересектерге арнап жазатын ақын болғанмен, ол еш уақытта балаларды назарынан тыс қалдырмаған. Ол «Жұмбақтар» (1954), «Биікке, биікке» (1955), «Менің ойыншықтарым» (1952—61), «Алатаудың баурайында» (1960), «Орақ олақ» (1962), деген кітаптарымен, «Бал дәурен, шіркін, балалық» (1973) деген бір томдық таңдамалысымен жас оқырмандарына ертеден таныс. Оның балаларға арналған орыс тіліндегі өлеңдері Бүкіл одақтық «Пионер» журналымен «Пионерская правда» газетінің беттерінде және коллективтік жинақтарда басылды. М. Әлімбаев 1958 жылдан бері бөбектерге арналған республикалық «Балдырған» журналының редакторы. Мұнда ол мектеп жасына дейін-гі бөбектерге және бастауыш класс оқушыларына арнап өлеңдер мен әңгімелер жазып тұрады. Ол бір естелігінде:

«Менің шешем өмірімнің ең бірінші, ең жақсы, сң ақылды және ең қатал ұстазы болды. Ол көптеген халық жырларын: бесік жырын, тұрмыс, қаһармандық жырлар-ды, даналық ертекттер мен қайталанбас аңыздарды біле-«» тін еді.

Ол ұлы Абайдың өлеңдерімен мені ерте таныстырды. Рас оның терен мәнін мен әлде қайда кейін ұқтым. Мен әкемнен 9 жасымда айрылдым. Он төрт жасқа шыға бергенде небәрі жеті күн ауырып, шешем дүние салды. Сөйтіп мен ец жақын ұстазымнан және анамнан айрылдым. Шексіз қасірет менің қыр соңымнан калмады. Ал мен он бес жасқа шыққанда өзімнің алғашқы өлеңімді жаэды»м, бұл өзім жатқа білетін — «Ана» дейтін өлеңім. Анасы бар әрбір ұл мен қыз оны әрқашанда тындап, әрқашанда ренжітпеуін мен қалаған болар едім. Мен, балалар, Сіздер, біздің үлкек де айнымас адал анамыз— Отанды бағалап, шын жүректен жақсы көрген-дерінді қалаған болар едім»,— дейді.

Ақынның анаға, ұлы Отанға деген мейірбандылығы, берілгендігі, оны зор құрмет ететіні, солар алдында, қызмет ете беретіні бар шығармасынык үлкен өзегі боп тартылған, биік мұнарасы боп қалана берген.

Мұзафар Әлімбаев медальдармен, Казак ССР Жоғар-гы КеңесінІн. құрмет грамогасымен наградталған.

М. Әлімбаев өлеңдеріндегі тәрбие мәселесі

Автордың балаларға арналған өлеңдері қыска болған-мен, белгілі сюжетке, тартымды ойға, т.ерен пікірге құрылған. Ақын балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтан- да Мұзафар өмірдің кіш-кене бір керіністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды езіне зор мақсат етіп қояды.

Ақынның әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны үлкен кісілер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Ақын «Кім ұтылды, кім ұтты...» өлеңінде тау асып ойнап кеткен үш баланын қарны аііып, колдарында калған екі алманы бөлісе алмай жатқандарын сөз еткеи. Екі алманы үшке бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

Қның емес бұл мүлдем, Теп-тең етіп бөлейік Екеуің ал бір-бірден, Мен-ақ соған көңейін. Не керек сол айтысып, Сен бер маған жартысын. Не керек сол тартысып,

Сен бер маған жартысын. Екеуі оғак көйіпті, Жарты-жарты бөлікті Басу айтқан балаға Өз қолынан беріпті. Кім ұтылды, кім ұтты? Кін ұқпады, кім уқты?

Ақын өлеңін сұрақпенен аяқтап, оқиға шешімін балалар-дыа өз талқысына салады, сөйтіп, олардың ойын дамы-туға, өздерінше пікір таласын тудыруға сілтейді. Ақын өлеңі тартымды ойға құрылатыны осыдан ап-айқын көрі-неді.

«Әріптер сыры» өлеңінің мамандық таңдауға жол ашатын сыр-снпаты бар:

«А» — Алтай бала дәрігер,

Аурудан сактар ол мені. Ә» — Әнуар өнер біледі,

Әдемі етік тігеді. «Б» — Бауыржан сакшы — жауынгер

Батыр деп сүйген қауым ел. «В» — Володя мастер мен дейді,

Вагондарды жөидейді. «Г» — Гүлжамила бакшашы,

Гүлге толған бакшасы. *Г» — Гажап бояу жағады,

Ғали сурет салады. Д» — Дүлділ аттяр баптаған,

Дәрменді журт мактаған.

Мұндағы ор әріп әр түрлі маыандықты тандайтындай мазмұнға құрылған. Және бірінші класс оқушыларының жаттап айтуына ыңғайлы. 36 әріпті түгел танып шыққан бірінші класс оқушылары эта-аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі «А», екіншісі «Б», үшіншісі «Ә» болып рольдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата-ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың ақын, жазушыларға қояр тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімдік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуы талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды.

«АЛАТАУ БАУРАЙЫНДА» ПОЭМАСЫ

Баланы адалдыққа, кішіпейілділікке, мейрімділікке тәрбиелеу халықтың педагогика мақсаттарының бірі болған. Адамгершілігі мол парасатты кісі әрқашан өз басының қамынан гөрі ел қамын, халық қамын көбірек ойлайды да өз Отаны алдында қызмет етуге әрқашан дайын тұрады. Міне, осындай сипат Мұзафар Әлімбаевтың «Алатаудың баурайында» поэмасынан ерекше орын алған.

Жақсы деген жарлының жаман шалашын сұрап алған Пернебек оны түзеймін, үлкейтемін, үй етемің деп шалаш астын қазып жатқанда кесек-кесек алтын тауып алады. Қуанышы қойнына сыймаған Пернебек бұл сенің үйіңнің астынан шықты, бұл алтынды сен ал деп Жақыға жалынады. Оңай олжадан бас тартқан Жақы Пернебекке өзің ал, алтын өз еңбегіңмен табылды дейді.

Жарымаған жарлының, Жаралғаны адалдық. Жарлымын да жарлымын, Жанға жандас қараулық,

Көзің сатып жеген нан, Кептеледі өңешке. Терің сатып жеген нан, Балдан тәтті емес пе? —деп, Жақы тағы да Пернебектің алтынды алмасына қоймайды. Аш көзділік, арсыздықтың жоқтығы қандай сыйлы. Пернебек те алтынды алудан бас тартады: Оңай олжа — арам ас, мен де алтыннан беземін. Бола қоймас балам аш, терсем де жер тезегін.

Ақырында біз көрген таршылықты солар көрмесін, олардың болашағы бақытты болсын деп екеуі бірінін қызын екіншісінің ұлына қосып, алтынды соларға бермек болады, бірақ екеуінің баласы да алтынды алудан бас тартады. Ақырында бір дана қарияның айтуымен алтынды халық мүддесіне жұмсап, алмалы бақтар орнатады. Ол халық игілігіне айналады.

Міне, бұл баланы адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу идеясынан туған тоқтам. Жүре келе түсінер, өмірдің өзі үйретеді дей жүріп, баланы бақылаудан тыс қалдырса, оны құрметтемесе, - балаға баласынып қараса, онда ата-ананың ұтылғаны. Ал егер баланың бойына ізгілік егілмесе, оған құрметпен қарамаса, ондай бала өзіне өзі сұрқия, басқаға да жексұрын боп көрінеді. Бұған біз Мұзафар Әлімбаевтың «Егерде» деген өлеңін үлгі етер ек.

Ауланың қарын күрер ем, аяғым су болмаса, Бақшаны баптап жүрер ем, үстіме шаң қонбаса,

Бұл бала не істеу керек екендігін біле тұра соған илікпейді. Қолы бармайды. Қара жұмысқа жиірене қарайды.

Суға да мен барар ем, Егер қарым талмаса, Отынды да жарар ем, Ағаш қатты болмаса.

Жастайынан осындай тәрбиеде ескен шолжак бала көбіне жамандыққа үйір болады. Ал жамандыққа үйір кісі жан біткенді жек көреді. Жасынан өзімшіл, жалқау өскен бала өзге түгіл өзінің жақынына да қарамайтын болады. Ақын бұл жағын да дұрыс айтқан: ер ем Жанатты, жылап маза алмаса, жақсы оқыр ем сабақты, кітап қалың болмаса...

Еш нәрсе істегісі келмейтін, ешнәрсеге икемі жоқ жалқау бала тіпті оқуға да мойны жар бермейді. Дайын тамақ, дайын асқа ғана үйренген. Тұла бойын жаман жолға бастайтын қырсық билеген тілазар жалқау баланы Мұзафар қатты сынаған. Осыдан үлкен қорытынды жасайғындай, ақылға келетіндей, сабасына түсетіндей ой салған. Өзінің зор болашағына үлкен кесір келтіретін осындай жамандықтан баланы. өте жас кезінде арылтуға күш салған жақсы. Бала бойындағы жамандық біткеннің бәрін де өріс алдырмауға, оны тез арада тұншық, тырып тастауға әрекет еткен абзал. Мүмкіндік, жағдай бар екен деп баланы тым еркелете беру, есірте беру жақсы нәтиже бермейді.

Мұзафар көркем сөз зергері. Оның өлеңдерінен бала жанын мәз етерлік елжіреген бос сөздер, құлақ тұндырарлық құрғақ өсиеттер көздеспейді. Оның өлеңдерінен тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп отыратын терең ой, өткір пікірлер табылады. Мұзафар өлеңнің көркемдік түрлерін тек метафоралар мен эпитет сияқты бейнелі, мәнерлі сөздерден ғана іздемейді. Ол сөз қолдану шеберлігін әр сөзді орнын тауып жұмсай білуден іздейді. Орнын тауып қолдана білсе, терең мазмұнға, ерекше көркемдікке ие болып құлпырмайтын, түрленбейтін бірде-бір сөз жоқ екенін Мұзафар жақсы түсінеді. Ол — ізденгіш, талғамы күшті, бала жанын түсінетін талантты ақын.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы «Санат» 1997ж.
2. Әлімбаев М Балдәурен, шіркін, балалық : Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар. -Алматы: Жазушы, 1973ж
3. Әлімбаев.М. Аспандағы әпке: өлеңдер,ертегілер, жұмбақтар, Жаңылтпаштар,- Алматы: Жалын,1982ж
4. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: (Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Мемлекетінің Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы) //Егемен Қазақстан-1998ж

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Есмұханова Б. М.

29 “Нұрсая” бөбекжай балабақшасы
Тәрбиеші

Қазақ балалар әдебиетінің, оның ішінде балалар поэзиясының түп- төркіні, бастауы қазақ халық ауыз әдебиетіндегі бесік жыры, мал баласын сүю, санамақ, жаңылтпаш, өтірік өлең т.б. жатқандығы сөзсіз. Қазақ поэзиясының тарихын бағдарласақ, мұнда балаларға арнап өлең жазбаған қаламгер кемде-кем. Мұны өзі қазақ қаламгерлерінің жас ұрпау тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. Қазақ балалар поэзиясының шын мәнінде өркендеуі ғасыр, кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті кезіңі болғандығы белгілі. Аталмыш дәуірінде Б. Майлин, І. Жансүгіров, А. Тоқмағамбетов, М. Жаманбалинов, Ж. Кәрібозин, т.б. қазақ балалар поэзиясына айтарлықтай үлес қосты.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, аудармашы, әдебиетші, балалар ақыны, Абай атындағы мемлекеттің сыйлықтың иегері, Қазақстан халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың балалар поэзиясында орны ерекше. Ол кісі 1923 жылы Павлодар облысы Шарбақты ауданы Маралды селосында дүниеге келеді. Ұлы Отан Соғысына қатысқан. Армиядан оралған соң, С.М.Киров атындағы Қазақ университетін бітіреді. «Пионер» журналының бөлім бастығы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасары қызметін атқарып, КПСС мүшесі болған. Оның «Менің ойыншақтарым» (1953), «Орақ - олақ» 1962, «Шынықсаң шымыр боласың» (1969), «Балдаурен, шіркін, балалық» (1973), «Ақсерек те көксерек» (1977) , «Аспандағы әпке» (1982) , «Екі тақтай бір көпір» (1992) «Қоянның құлағы неге ұзын?» (1996), сияқты т.б. жинақтары кішкентай оқырмандардың сүйікті кітаптарына , ұстаздардың, тәрбиешілердің балалар тәрбиесінде, олардың ой- өрісін дамытудағы көмекшісіне айналды. 1984 жылы «Аспандағы әпке» жинағы үшін М. Әлімбаев Абай атындағы мемлекеттік сыйлық иегері атанды.

М. Әлімбаев жинақтарының оқырмандарын тез тауып, сүйіктісіне айналуында, сөз жоқ, дарын мен ізденімпаздықтың нәтижесі, балалар психологиясымен жете таныс болуы жатыр. Бұл жөнінде автордың өзі : «Ақындықтың негізгі сыры, басты құпиясы, біздіңше, қиял ұшқырлығында, талант күдіреттілігінде... шын ақын өрнектеп ойлайды, өлеңмен толғайды. Шын ақынға қара сөзден гөрі өлең жақын» -деп шынайы дарын иесінің ішкі жан дүниесін

сипаттайды. Өзінің шығармашылық жолында М. Әлімбаев әрқашан «өрнектеп ойлап, өлеңмен толғайды». Ақын шығармашылығы жөнінде ақын- жазушыларымыз, әдебиетші ғалымдарымыз көптеген құнды пікірлер айтқан.

Белгілі әдебиетші – ғалым, сыншы, профессор Н.Ғабдуллин : «...М. Әлімбаев – қазақ балалар поэзиясының өркендеп дамуына үлкен еңбек сіңіріп келе жатыр. Ақынның балалар поэзиясының мазмұны мен түрін байытуға қосқан көп сапалық жаңалықтары, көркемдік үлгілері бар» - деп ақынның балаларға арналған шығармаларын жоғары бағалаған.

Әрине, балалар ақыны болуы үшін, жоғарыда айтып өткеніміздей, бүлдіршіннің жан - дүниесін білуі қажет. Біліп, ұғып қана қоймай, ол білгенін өлеңмен өрнектей білу керектігі осы сәтте туындайды. Ақын өз ізденімпаздылығы мен еңбекқорлығын осы арада да танытады. Мұзафар Әлімбаевтың кішкентай оқырмандары оның кейіпкерлерінен өздерін таниды, себебі ақын кейіпкері «жанды», әр қырынан көрінеді. Ал, М. Әлімбаев өз кейіпкерлеріне «түсіністікпен қарап , олармен бірге қуанып, ренжиді де» Кейде өзінің кішкене кейіпкерлерінің балалық қылықтарына сүйсінеді, зілсіз мысқылмен қағытып қояды, әзілдеп қояды, енді бірде пәк бала көңілін жағымсыз мінездермен сақтандырады, адамдық қасиеттерге шақырады. Алайда ақын бүлдіршіндерді жақсы қасиеттерге шақырса да, жағымсыз қылықтан сақтандырса да, ол мақсаттарын құрғақ уағыз негізінде емес, жанды бейнелер арқылы танытады, оқырмандарына ой салады, қорытынды жасатады, ойландырады.

Автордың балаларға арналған өлеңдері қысқа болғанмен, белгілі сюжетке тартымды ойға, терең пікірге құрылған. Ақын балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтан да Мұзафар өмірдің кішкене көріністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды өзіне зор мақсаи етіп қояды.

Ақынның әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны үлкен кісілер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Ақын «Кім ұтылды, кім ұтты...» өлеңінде тау асып ойнап кеткен үш баланың қарны ашып, қолдарында қалған екі алманы бөлісе алмай жатқандарын сөз еткен, Екі алманы үшке бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

Қиын емес бұл мүлдем,	Сен бер маған жартысын
Теп- тең етіп бөлейік.	Екеуі оған көніпті,
Екеуін ал бір- бірден .	Жарты-жарты бөлікті
Мен- ақ соған көнейін,	Басу айтқан балаға
Не керек сол айтысып.	Өз қолынан беріпті.
Сен бер маған жартысын	Кім ұтылды, кім ұтты?
Не керек сол тартысып	Кім ұқпады,кім ұқты?

Ақын өлеңін сұрақпен аяқтап, оқиға шешімін балалардың өз талқысына салады, сөйтіп олардың ойын дамытуға, өздерінше пікір таласын тудыруға сілтейді. Ақын өлеңі тартымды ойға құралатын осыдан ап - айқын көрінеді.

«Әріптер сыры» өлеңінің мамандық таңдауға жол ашатын сыр сипаты бар.

«А» - Алтай бала дәрігер,
Аурудан сақтар ол мені,
«Ә» - Әнуар өнер біледі.
Әдемі етік тігеді
«Б» - Баыржан сақшы- жауынгер
Батыр деп сүйген қауым ел
«В»- Володя мастер мен дейді
Вагондарды жөндейді.
«Г» - Гүлжамия бақшашы,
Гүлге толған бақшасы.
«Ғ» - Ғажап бояу жағады.
Ғали сурет салады.

Мұндағы әр әріптің түрлі мамандықты таңдайтындай мазмұнға құрылған, және 1 сынып оқушыларының жаттау айтуына ыңғайлы. 36 әріпті тугел танып шыққан 1- сынып оқушылары ата –аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі «а», екіншісі «б» үшіншісі «ә» болып рольдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата - ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың ақын- жазушыларға қояр- тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімділік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды

Сөзіміз жалаң болмас үшін ақынның еңбекке шақырған бір – екі өлеңін мысалға келтіріп өтейік:

Ара тыңбайды
Ұшып зырлайды,
Шарлап қырларды,
Шырын жинайды.
Гүлдер өсірсен,
Балың сыйлайды.

«Сыйға - сый» өлеңінде М. Әлімбаев аранын күнделікті зырлап ұшып, тыным таппай , еңбектенген тірлігімен бүлдіршіндерді таныстыра отырып, оларды да ара құсап тынбай еңбектенуге шақырады. Сөйтіп, «еңбек етсең ерінбей, тояды қарнын тіленбей» деген ұлы Абай афоризміне жақын ой түйеді. Бүлдіршіндерге бал жегің келсе, гүл өсіріп, айналанды көгаландыр деген ой тастайды. Балалар не нәрсені де нақты, конкретті түрде түсінеді, ақын сондықтан да оқырмандырына гүлзарларды көбейту идеясын ұсынады. Ақын ойын жинақы әрі өте ұтымды берген, өз орнын таппаған басы артық сөз жоқ.

Оқырманның көз алдына төңіректі шарлап, гүлден – гүлге қонып, шырын жинаған еңбекқор жәндік, жайқалған көк майса елестейді. Бейне бір сол араның ызыңын естігендей боласың. Н. Севостьянова өз мақаласында : «Егер сіздер М. Әлімбаев өлеңдерін мұқият оқысаңыздар, онда , әрине, олардың балалар салған суреттерге ұқсайтындығын, солар сияқты көркем, бейнелі түрлі- түсті екендігін көресіздер», - дейді .

Жоғарыда келтірілген өлеңдерінде мүмкіндігінше ашық дауыстыларды қолданады. Мұның себебін ақын: «..олақ ақындар бұл талаппен санаса бермейді, дауыссыз дыбыстарды қаптатып, өлеңді оқыған кіп- кішкентай баланы былдырлатып, тұтқыртып әуреке салады»(1), - дейді. Жоғарыдағы өлең балалар өлеңіне қойылатын осы талаппен де ұштасып жатыр. Демек өлең сөздерінің дыбыстық, буындық жағынан дұрыс үйлесім табуы, оның бүлдіршіннің тіліне орамды, жүрегіне жылы тиюіне әсер етеді. 3- 4 тармақтардағы ш дыбысының сәйкесігі де өлеңге ойнақылық, көркемдік дарытып тұр.

«Сыйға сый» өлеңі небәрі алты тармақтан құралған. Әр тармақ бес буынды болып келеді. Алғашқы төрт тармақ пен соңғы тармақ өзара ұйқасады да, бесінші тармақ қалыс қалады. Мұның себебі, ақын бақылауынша, «бірыңғай үйлесімдер жас бөбекті жалықтырып жібереді, жаттауға бөгет жасайды», және айта кететін бір жайт, қалыс қалған жол белгілі бір мағыналық жүк көтереді. Демек, оқырманды еңбек етуге шақырады.

Өлең көлемінің шағындығы тағы да, балалар поэзиясының шарттарынан келіп туады. Өйткені бүлдіршіндер зейіні өте құбылмалы. Сол себепті ұзын- сонар баяндауларға қарағанда, олар ойнақы да қызғылықты, шағын да көркем өлеңдерді тыңдауды ұнатады.

Еңбек тақырыбына арналған тағы бір шағын өлеңді мысалға келтіре кетсек:

Кіп – кішкентай күрекпін,
Күнде саған керекпін.
Күре қарын ауланың,
Қопсыт түбін теректің..
Еңбек сүйгіш күрекпін,
Елгезекке керекпін .

«Күректің жыры» өлеңі еңбек сүйгіш күректің монолога түрінде жазылған шағын өлең. Автор күрекке жан бітіре суреттей отырып, оны үнемі тынымсыз еңбек үстінде

көрсетеді. Күрекше баланы қол қусырып отырмай, ауланың қарын күреп, теректің түбін қопсытуға шақырады. Өзінің еңбек сүйгіш, елгезек балалармен ған дос екендігін айтады. Аталмыш өлеңі арқылы ақын бүлдіршіндерді шама – шарқынша еңбектенуге үндейді. Күректің кіп – кішкентай болуы оның бүлдіршіндерге арналғанын меңзейді.

Өлең небәрі алты жолдан тұрады. Әр тармақ жеті буыннан құрлған. Өлең ұйқасына келсек, ол егіз ұйқаспен жазылған. Бұл жөнінде қаламгердің өзі : «Бала өлеңінің ұйқастары бір – біріне таяу орналасқаны құлаққа жағымды. Меніңше, кішкентайлар егіз ұйқасты өлеңді тез жаттайды» . Демек, қаламгер саналы түрде өз өлеңінде егіз ұйқасты қолданады.

«Балалар өлеңінің әр шумағы, тіпті егіз- қос жолына бір – бір сурет салынғандай болғаны – оның көркемдік құндылығына айғақ», - деген ұстанымын ақын «Күректің жыры» өлеңінде қолданған.

Өлеңдегі дыбыстық қайталаулар - аллитерация (к, қ дыбыстарының тармақ басында, аралығында қайталанып келуі) ассонанс (е дыбыстарының сәйкесігі) өлеңге әуенділік сыйлап тұр. Мұндай дыбыстық қайталаулар өлеңнің тез жатталуына өз септігін тигізеді.

«Еңбектен асқан есті ұстаз жоқ» деп М. Әлімбаевтың өзі айтпақшы, еңбек адамды ширатады, өмірге дағдыландырады, жалқаулық, жатыпшіерлік, еріншектік тәрізді мінездегі міндерден ада етеді, адамгершілікке, адалдыққа еңбексүйгіштікке баулиды.

Қорыта келгенде, М. Әлімбаевтың еңбек тақырыбындағы өлеңдері бүлдіршіндерді игі қасиеттерге тәрбиелеудегі бірден – бір құнды құрал.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы «Санат» 1997ж.
2. Әлімбаев М Балдәурен, шіркін, балалық : Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар. -Алматы: Жазушы, 1973ж
3. Әлімбаев.М. Аспандағы әпке: өлеңдер,ертегілер, жұмбақтар, Жаңылтпаштар, -Алматы: Жалын,1982ж
4. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: (Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Мемлекетінің Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы) //Егемен Қазақстан-1998ж

М.ӘЛІМБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Нурманова Ж.М.

Атырау облысы. Индер ауданы «Балдәурен» бөбекжай бақшасы

Қазақ балалар әдебиетінің, оның ішінде балалар поэзиясының түп- төркіні, бастауы қазақ халық ауыз әдебиетіндегі бесік жыры, мал баласын сүю, санамақ, жаңылтпаш, өтірік өлең т.б. жатқандығы сөзсіз. Қазақ поэзиясының тарихын бағдарласақ, мұнда балаларға арнап өлең жазбаған қаламгер кемде – кем. Мұны өзі қазақ қаламгерлерінің жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. Қазақ балалар поэзиясының шын мәнінде өркендеуі ғасыр, кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті кезеңі болғандығы белгілі. Аталмыш дәуірінде Б. Майлин, І. Жансүгіров, А. Тоқмағамбетов, М. Жаманбалинов, Ж. Кәрібозин, т.б. қазақ балалар поэзиясына айтарлықтай үлес қосты.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, аудармашы, әдебиетші, балалар ақыны, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың балалар поэзиясында орны ерекше. Ол кісі 1923 жылы Павлодар облысы Шарбақты ауданы Маралды селосында дүниеге келеді. Ұлы Отан Соғысына қатысқан. Армиядан оралған соң, С.М.Киров атындағы Қазақ университетін бітіреді. «Пионер» журналының бөлім бастығы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасары қызметін атқарып, КПСС мүшесі болған. Оның «Менің ойыншақтарым» (1953), «Орақ - олақ» 1962, «Шынықсаң шымыр

боласын» (1969), «Балдаурен, шіркін, балалық» (1973), «Ақсерек те көксерек» (1977) , «Аспандағы әпке» (1982) , «Екі тақтай бір көпір» (1992) «Қоянның құлағы неге ұзын?» (1996), сияқты т.б. жинақтары кішкентай оқырмандардың сүйікті кітаптарына , ұстаздардың, тәрбиешілердің балалар тәрбиесінде, олардың ой- өрісін дамытудағы көмекшісіне айналды. 1984 жылы «Аспандағы әпке» жинағы үшін М. Әлімбаев Абай атындағы мемлекеттік сыйлық иегері атанды.

М.Әлімбаев жинақтарының оқырмандарын тез тауып, сүйіктісіне айналуында, сөз жоқ, дарын мен ізденімпаздықтың нәтижесі, балалар психологиясымен жете таныс болуы жатыр. Бұл жөнінде автордың өзі : «Ақындықтың негізгі сыры, басты құпиясы, біздіңше, қиял ұшқырлығында, талант күдіреттілігінде... шын ақын өрнектеп ойлайды, өлеңмен толғайды. Шын ақынға қара сөзден гөрі өлең жақын»(1), -деп шынайы дарын иесінің ішкі жан дүниесін сипаттайды. Өзінің шығармашылық жолында М. Әлімбаев әрқашан «өрнектеп ойлап, өлеңмен толғайды». Ақын шығармашылығы жөнінде ақын- жазушыларымыз, әдебиетші ғалымдарымыз көптеген құнды пікірлер айтқан.

Белгілі әдебиетші – ғалым, сыншы, профессор Н.Ғабдуллин : «...М. Әлімбаев – қазақ балалар поэзиясының өркендеп дамуына үлкен еңбек сіңіріп келе жатыр. Ақынның балалар поэзиясының мазмұны мен түрін байытуға қосқан көп сапалық жаңалықтары, көркемдік үлгілері бар» (2), - деп ақынның балаларға арналған шығармаларын жоғары бағалаған. Әрине, балалар ақыны болуы үшін, жоғарыда айтып өткеніміздей, бүлдіршіннің жан - дүниесін білуі қажет. Біліп, ұғып қана қоймай, ол білгенін өлеңмен өрнектей білу керектігі осы сәтте туындайды. Ақын өз ізденімпаздылығы мен еңбекқорлығын осы арада да танытады. М. Әлімбаевтың кішкентай оқырмандары оның кейіпкерлерінен өздерін таниды, себебі ақын кейіпкері «жанды», әр қырынан көрінеді. Ал, М. Әлімбаев өз кейіпкерлеріне «түсіністікпен қарап , олармен бірге қуанып, ренжиді де» (3) Кейде өзінің кішкене кейіпкерлерінің балалық қылықтарына сүйсінеді, зілсіз мысқылмен қағытып қояды, әзілдеп қояды, енді бірде пәк бала көңілін жағымсыз мінездермен сақтандырады, адамдық қасиеттерге шақырады. Алайда ақын бүлдіршіндерді жақсы қасиеттерге шақырса да, жағымсыз қылықтан сақтандырса да, ол мақсаттарын құрғақ уағыз негізінде емес, жанды бейнелер арқылы танытады, оқырмандарына ой салады, қорытынды жасатады, ойландырады. Автордың балаларға арналған өлеңдері қысқа болғанмен, белгілі сюжетке тартымды ойға, терең пікірге құрылған. Ақын , балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтан да Мұзафар өмірдің кішкене көріністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды өзіне зор мақсат етіп қояды.

Ақынның әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны үлкен кісілер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Ақын «Кім ұтылды, кім ұтты...» өлеңінде тау асып ойнап кеткен үш баланың қарны ашып, қолдарында қалған екі алманы бөлісе алмай жатқандарын сөз еткен, Екі алманы үшке бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

Қиын емес бұл мүлдем,	Сен бер маған жартысын
Теп- тең етіп бөлейік.	Екеуі оған көніпті,
Екеуін ал бір- бірден .	Жарты-жарты бөлікті
Мен- ақ соған көнейін,	Басу айтқан балаға
Не керек сол айтысып.	Өз қолынан беріпті.
Сен бер маған жартысын	Кім ұтылды, кім ұтты?
Не керек сол тартысып	Кім ұқпады,кім ұқты?

Ақын өлеңін сұрақпен аяқтап, оқиға шешімін балалардың өз талқысына салады, сөйтіп олардың ойын дамытуға, өздерінше пікір таласын тудыруға сілтейді. Ақын өлеңі тартымды ойға құралатын осыдан ап - айқын көрінеді. «Әріптер сыры» өлеңінің мамандық таңдауға жол ашатын сыр сипаты бар.

«А» - Алтай бала дәрігер,
Аурудан сақтар ол мені,
- Әнуар өнер біледі.

«Ә»
Әдемі етік

тігеді
сақшы- жауынгер
қауым ел
мастер мен дейді
жөндейді.
бақшашы,
бақшасы.
жағады.

«Б» - Бауыржан
Батыр деп сүйген
«В»- Володя
Вагондарды
«Г» - Гүлжамилә
Гүлге толған
«Ғ» - Ғажап бояу
Ғали сурет салады.

Мұндағы әр әріптің түрлі мамандықты таңдайтындай мазмұнға құрылған, және 1 сынып оқушыларының жаттап айтуына ыңғайлы. 36 әріпті түгел танып шыққан 1- сынып оқушылары ата –аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі «а», екіншісі «б» үшіншісі «ә» болып рольдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата - ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың ақын- жазушыларға қояр- тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімділік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды. Сөзім жалаң болмас үшін ақынның еңбекке шақырған бір – екі өлеңін мысалға келтіріп өтейін:

Ара тыңбайды
Ұшып зырлайды,
Шарлап қырларды,
Шырын жинайды.
Гүлдер өсірсен,
Балың сыйлайды.

«Сыйға - сый» өлеңінде М. Әлімбаев аранын күнделікті зырлап ұшып, тыным таппай , еңбектенген тірлігімен бүлдіршіндерді таныстыра отырып, оларды да ара құсап тынбай еңбектенуге шақырады. Сөйтіп, «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ұлы Абай афоризміне жақын ой түйеді. Бүлдіршіндерге бал жегің келсе, гүл өсіріп, айналанды көгалдандыр деген ой тастайды.

Өлең көлемінің шағындығы тағы да, балалар поэзиясының шарттарынан келіп туады. Өйткені бүлдіршіндер зейіні өте құбылмалы. Сол себепті ұзын- сонар баяндауларға қарағанда, олар ойнақы да қызғылықты, шағын да көркем өлеңдерді тыңдауды ұнатады. Еңбек тақырыбына арналған тағы бір шағын өлеңді мысалға келтіре кетсек:

Кіп – кішкентай күрекпін,
Күнде саған керекпін.
Күре қарын ауланың,
Қопсыт түбін теректің..
Еңбек сүйгіш күрекпін,
Елгезекке керекпін (4).

«Күректің жыры» өлеңі еңбек сүйгіш күректің монологы түрінде жазылған шағын өлең. Автор күрекке жан бітіре суреттей отырып, оны үнемі тынымсыз еңбек үстінде көрсетеді. Күрекше баланы қол қусырып отырмай, ауланың қарын күреп, теректің түбін қопсытуға шақырады. Өзінің еңбек сүйгіш, елгезек балалармен ғана дос екендігін айтады. Аталмыш өлеңі арқылы ақын бүлдіршіндерді шама – шарқынша еңбектенуге үндейді

«Балалар өлеңінің әр шумағы, тіпті егіз- қос жолына бір – бір сурет салынғандай болғаны – оның көркемдік құндылығына айғақ»(1), - деген ұстанымын ақын «Күректің жыры» өлеңінде қолданған.

«Еңбектен асқан есті ұстаз жоқ» деп М. Әлімбаевтың өзі айтпақшы, еңбек адамды ширатады, өмірге дағдыландырады, жалқаулық, жатыпшіерлік, еріншектік тәрізді мінездегі міндерден ада етеді, адамгершілікке, адалдыққа еңбексүйгіштікке баулиды.

Қорыта келгенде, М. Әлімбаевтың еңбек тақырыбындағы өлеңдері бүлдіршіндерді игі қасиеттерге тәрбиелеудегі бірден – бір құнды құрал.

Әдебиеттер

1. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы «Санат» 1997ж.
2. Әлімбаев М Балдәурен, шіркін, балалық : Өлеңдер, әндер,
3. аңыздар, ертегілер, дастандар. -Алматы: Жазушы, 1973ж
4. Әлімбаев.М. Аспандағы әпке: өлеңдер,ертегілер, жұмбақтар, Жаңылтпаштар,- Алматы: Жалын,1982ж

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Абуова Л. А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

«Педагог-тәрбиеші және мектепке дейігі білім беру әдіскері» мамандығы бойынша 1 курс 3 жылдық студенті

Бәрі де балалық шақтан басталады. Балалық шақ – болашақ, бар болмысыңның ірге тасы, азаматтығыңның асыл ұйытқысы деседі. Ақынның өз куәлігіне, өмірдегі өнер жолына бақсақ, ол бірден балалар ақыны болып кетпеген. Әдебиетте, әсіресе балалар әдебиетінде алғашқы қадамның орны бөлек. Алғашқы қадамның сәттілігі жақсы жазылса, ақынға қанат бітіреді, ал сәтсіз қадам – құлап қалып, беті қайтқан бөбектің қайта жүруге көпке дейін дауаламайтыны сияқты сыр сездіреді. Ал Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» алғашқы қадамның құттылығы бар. Бәлкім, ересектерден гөрі жеткеншектерге жазу көп қиын екенін сезінген ақын ерте тәуекел жасамаған. «О басында мен балалар ақыны болсамшы деп армандамаған адаммын,- деп жазады өзі бұл туралы. Бөбекке арнап жазған бірінші өлеңім есімде қалмапты дейді өзі. Менің соғыстан кейін екі бауырыма ермек үшін шығарған өлең шумақтарын «Пионер» журналына «Менің ойыншықтарым» деген атпен басылып шықты. Балаларға арналған өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаштар – жалпы, шығармалар қандай болуы керек? Міне, мұны өзі де балалар әдебиетінің білгір сыншысы, М. Әлімбаев кім –кімнен де артық болмаса кем білмейді. Ең бастысы – Мұзафар Әлімбаев - қазіргі қазақ балалар әдебиетінің көрнекті қайраткер. «Менің ойыншықтарым» атты 1953 шыққан шағын кітаптан басталған бұл саладағы еңбегі «Балдәурен шіркін, балалық» 1973 ж, «Ақсерек те көксерек» 1976ж, «Аспандағы әпке» 1982ж сияқты үлкен жол, кітаптарға ұласты. Балалар ақынына жинағы үшін 1984 жылы Қазақ ССР – інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Мұзафар Әлімбаев – сегіз қырлы, бір сырлы қаламгер. Және оның бұл қырларының өзіндік орны бар мәуелі бұтақтар. Үздіксіз әрі дәмді, мол жемістер беріп келе жатқан бұтақтар. «Бала өлеңінде де тартыс, күрес, карама – қайшылық болуы шарт. Әйтпесе тартыссыз өлең балаларды қызтырмайды. Бала өлеңі оқиғалы, белгілі бір адамның немесе хайуаттардың әрекетін - адалдығын немесе арамдығын, батырлығын немесе бостығын, достығын немесе қастығын суреттейтіндей оқиғалы болғаны дұрыс. Бала затпен ғана ойнамайды. Өлең – жырдың әуенділігін, әсем болуын қалайды бала. Балалар өлеңінің бір – бір сурет салғандай болғаны – оның көркемдік құндылығына айғақ. Міне, балалар өлеңдеріне осындай қиын да нәзік талаптар қойылады. Ал М. Әлімбаев – осындай талаптарды айтып қана қоймай, осы сөздерін жүзеге асырып, шыншылда ғибратты жырлар жаза білді. Өсіп келе жатқан жас бала әрбір өлең сайын тағылым алып, сұлулыққа кенеліп қана қоймай, міндетті түрде білім алуы, таным аясын кеңейтуі керек. Сондықтан да тақырыптың, әсіресе жаңа тақырыптың орны ерекеше М.Әлімбаев осы ерекшелікті ерекше ескерді. Мұзафар Әлімбаев өтірік өлеңдері, ертегілері де осындай тақырып, таным жаңалығынан ерекшеленді.

М. Әлімбаев шығармаларында балалардың жас ерекшелігін қатты мән берді. Сондықтан да оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жасөспірімдерге арналған болып айқындалып тұрады. Оның өлеңдерінде мол білім, өмір шындығы, әдіс – тәсілдер түрлі жанр байлығы кездесіп отырады. Ал шыныда бала аңғал, аңқау ғана емес, аса аңғарымпаз өмірдің

небір тұстарын да түсініп, түйсіне біледі. М. Әлімбаев міне, осыны ұғынып, балаларға өмірдің күрделі жақтарында жырлаған қаламгер. Мұндай әлемге бір еніп шыққан бүлдіршін, жасөспірімдер сөз жоқ бұл автормен достасады, өздеріне керек екенін жақсы біледі де ақын Мұзафар Әлімбаевтың тағылымды өлеңдерін, ертегілерін, шығармаларын іздеп жүріп оқиды деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Мұзафар Әлімбаев. Көңіл күнделегі: (Эссе, зерттеулер) – Алматы – Жалын, 1980 жыл
2. Әлімбаев М. Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның, Алматы, «Қазақстан», - 2002 жыл
3. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы Мұзафар Әлімбаев өлеңдер, ертегілер. Алматы «Жалын» 1989жыл

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ МОЛ БАЗАРЛЫҚ ҚАЛДЫРҒАН – МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ

Кабдыкайрова А.М.

Атырау облысы, Индер ауданы, «Балдаурен»
бөбекжай – бақшасының тәрбиешісі

Балалар әдебиеті – қоғам қажеттілігінен өрбіген әдебиеттің маңызды бір арнасы. Оның туу, қалыптасу, өркендеу тарихын жалпы қазақ әдебиеті тарихынан бөліп қарауға болмайды. «Балалар әдебиеті қоғамда балалар субмәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін социомәдени құбылыстардың бірі» болғандықтан да балалар әдебиетінің жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны айрықша. Баланы қоғамның толыққанды мүшесі, дүниетанымы кең, заманына лайық жан – жақты білімді, адамгершілігі мол тұлға етіп тәрбиелеу жолында балалар әдебиетінің баға жетпес құрал екендігін ұмытпаған жөн.

Осы орайда, балаларға мол базарлық қалдырған Мұзафар Әлімбаев шығармашылығы шыңырауға біткен жеміс тәрізді, толық пісіп – жетілген, дәмі тіл үйретін, бойға қуат дарытып, көңілге қуаныш ұялатады.

Әрине, балалар ақыны болу үшін бүлдіршінің жан – дүниесін танып – білу қажет. Тек біліп қана қоймай, сол білікті өлең жазғанда қолдану – суреткерден асқан шеберлікті талап етеді. Ақын өз ізденімпаздылығы мен еңбекқорлығын осы арада да танытады. М.Әлімбаевтың кішкентай оқырмандары оның кейіпкерлерінен өздерін таниды, себебі ақын кейіпкерлері «жанды», әрі әр қырынан, бүлдіршінге тән табиғи мінезімен көрінеді. Ал М.Әлімбаев өз кейіпкерлеріне «түсіністікпен қарап, олармен бірге қуанады да, ренжиді де» [1, 175 б.]. Кейде өзінің кішкене кейіпкерлерінің балалық балғын қылықтарына сүйсінеді, зілсіз мысқылмен қағытып та, әзілдеп те қояды, енді бірде пәк бала көңілін жағымсыз міндерден сақтандырып, адамдық қасиеттерге шақырады. Ақын бүлдіршіндерді жақсы қасиеттерге шақырса да, жағымсыз қылықтан сақтандырса да, ол мақсаттарын құрғақ уағыз негізінде емес, жанды бейнелер арқылы, белгілі бір өмірлік ситуация негізінде танытады, оқырмандарына ой салады, қорытынды жасатады, ойландырады.

Өзінің нақыл сөздерінің бірінде: «Еңбектен асқан есті ұстаз жоқ», - дейді Мұзафар Әлімбаев. Бұл нақылдың астарында телегей – теңіз мән – мағына жатыр. Адамды бала жастан еңбекке баулып, оның бойына еңбексүйгіштік, адамгершілік пен адалдық тәрізді игі қасиеттерді дарытып, түрлі кәсіп иелерінің еңбегін бағалай білуге үйрететін де, оларды болашақта белгілі бір кәсіп таңдауға түрткі болатын да, әрине, балалар әдебиеті. Поэзия балаларды жақсы қасиеттерге баурап қана қоймай, еріншектік, бойкүйездік, жатыпшіерлік, ішітарлық тәрізді мінездегі міндерден де сақтандырады.

М.Әлімбаев өлеңдерінде ұлттық дәстүр, тәрбие мәселелері әрқашан көтеріліп отырады. Сонау қытымыр кезеңнің өзінде ақын халқымызға тән қонақжайлылық, бауырмалдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сынды асыл қасиеттерді әрқашан дәріптеп, ұлттық қайнар бұлаққа

тағзым ете, жас ұрпаққа үлгі ретінде танытып отырған. Бұл, сөз жоқ, ақын батылдығы мен ұлтжандылығының айқын дәлелі. [2, 9 б.]

Тұғыры биік талант Мұзафар Әлімбаевтың табиғат тақырыбына арналған өлеңдері сипаттайтын құбылыстарының көп түрлілігімен көзге түседі. Мұндай өлеңдердің баланы елін, жерін, қоршаған табиғатты сүйетін, мінездегі міндерден ада, еңбекқор, білімқұмар нағыз азамат етіп тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің айналысатын негізгі «еңбегі» де, ермегі де, әрине, ойын. «Баланың қиялы, әсіресе, ойында жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс...» [3, 94 б.], - дейді М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде. Ойын барысында бала тұлға ретінде қалыптаса бастайды, болашақ өмірге үйренеді. Бала өмірін ойын әрекетінсіз елестету мүмкін емес. Ойыншықтар мен ойын түрлерін сөз ететін шығармалар баланың ойын барысындағы қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, тілін, танымын, ой-өрісін қатар дамытады. Бұл тақырыптағы өлеңдер ойынға сай ойнақы, әрі баланың әр қимылын қайталап отыруы тиіс. Балалар дамуына, қалыптасуына, айналаны тануына ауадай қажет нәрсе ойыншық болса, осы ойыншық тақырыбына арналған М.Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым», «Батпырауық ұшырғанда», «Батпырауық және қиял – арман» т.б. өлеңдері баланың ойынын, оның ойын барысындағы әрбір қимылын қайталайтын, ойын кезіндегі бала психологиясы мен көңіл – күйін, қиял көкжиектерін танытатын әдемі шығармалар. Ақынның аталған шығармалары мен С.Маршак, С.Михалков, А.Барто өлеңдері арасында үндестік, бала психологиясы мен ойынға тән қимылын сипаттауда жақындық бар.

«Мектеп жасындағы балалардың негізгі әрекеті - оқу. Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді», [4, 79] – дейді өз еңбегінде Қ.Жарықбаев. Бірақ бала мектепке барғанға дейін де белгілі дәрежеде өтілетін материалмен таныс болуы қажет. Әсіресе, бүгінгі таңда мектеп бағдарламасының күрделенуіне байланысты бала мектепке барғанға дейін әліпби, санау, қарапайым қосу – алу амалдарынан хабардар болуы қажет. Бес жасар бала басқа жастағыларға қарағанда зерек, сондықтан оқуға тез әрі оңай үйренеді. Сондықтан осы жаста балаларды ойната жүріп оқыту қажет. Бүлдіршінді ойната отырып, қалайша оқытуға болады деген заңды сауал туындайды. Көмекке балалар ақындарының өлеңмен жазылған қызықты әліппелері мен ойнақы санамақтары келеді. М.Әлімбаевтың балаларға арналған өлеңдерінде сазды ырғақ, бірқалыпты дыбыстық құрылым, мінсіз ұйқас, ойлы сурет, терең мағына сияқты қасиеттер ұтымды, әрі үйлесімді ұштасады. Ақынның «Әріптерді танып біл», «Т» әрпі неге ұқсайды», «Ш» әрпі туралы, «Әріптердің сыры», «Әліппені көктемде арба басып кеткенде» сияқты шығармалары бүлдіршіндерге әріптердің сырын шағын көлемде, ойнақы да тартымды пішінде түсіндіріп береді. Өлеңдерге тән юморлық жылылық балаларды қызықтырады, күлдіреді әрі оқуға деген ынтасын жігерлендіреді. Осы тақырыптағы Мұзафар ақын өлеңдері мен С.Маршактың «Жанды әріптер», Ж.Әбдірашевтің «Қызықты әліппе» шығармалары арасында сабақтастық бар, алайда бұл шығармалардың қай-қайсысын алсақ та, әр ақынның өзіндік жазу мәнерін, дербес қолтаңбасын айыру қиын емес.

М.Әлімбаев балалар әлемін көркем сөз кестесімен шынайы да, нанымды бейнелеп қана қойған жоқ, сол арқылы бүлдіршіндердің ой – өрісін дамыту, танымын кеңейту, эстетикалық талабын өсіру, тұлға ретінде тәрбиелеу мақсатын көздеді. Ақын мақсатының жүзеге асқандығы оның поэзиясының өнімді тәрбиелеу құралына айналғандығынан аңғарылады.

Бала тәрбиесінде санамақтар үлкен маңызға ие болады, «Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүниесін танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. М.Әлімбаев өз санамағында аны белсенділікке үндеп, санамақты тезірек қайталауға, сандарды үйренуге шақырады, Ақын баланы қайрап, «Сан білмеген айта ма, санамақты қайтала» деп, оны белсенді әрекетке үндейді. Бұл өте ұтымды қолданылған педагогикалық тәсіл.

«Танымдық мәні бар нәрселерді кішкентайларға поэзиялық шығарма арқылы ұсынған жемістің көп пайдасы бар» [5, 52], - деп тұжырымдайды, М.Әлімбаев. Шындығында да ақынның балаларға таныс емес заттар мен құбылыстарды таныстыратын өлеңдерін қарастырғанда, олардың көркемдігімен қатар, танымдық мәнінің тереңдігіне тәнті болдық. Бұл

салада ақынның еңбегі орасан зор, өйткені ол балаларға арнап өлең жазумен қатар, жұмбақтар, логогрифтер, метаграммалар, адасқан әріптер, қарама – қарсы сөздер, адас атаулар сияқты балалардың көркемдік әлемін ғана емес, сонымен қатар, ойлау қабілетін, таным белсенділігін арттыратын шығармалар жазды.

Халқымыз бүлдіршіндерді ойланту, олардың қиял ұшқырлығы мен шапшаңдығын, эрудициясын, дүниетанымын бақылап – байыптау, дамыту мақсатында жұмбақтар жасырып отырған. Жұмбақ тәрізді шағын әрі ойлы, шапшаңдықты талап ететін, мағыналы әрі көркем поэтикалық пішіннің бала логикасының, қиялының, зейінінің жаттығуына айрықша үлес қосатындығы белгілі. Жұмбақ жанрының бала тәрбиесіндегі алатын орнын және қажеттілігін ескере отырып, Мұзафар Әлімбаев балаларға арнап халық ауыз әдебиетінің ізімен заман талабына сай өмірдің сан алуан саласын қамтитын түрлі жұмбақтар шығарды.

М.Әлімбаев балаларға арнап қай жанрда болмасын, өнімді еңбек еткен қаламгердің бірі әрі бірегейі. Оның жаңылтпаштары да қазақ балалар поэзиясының алтын қорына қосылған туындылар екендігі белгілі. М.Әлімбаев жаңылтпаштарының тәрбиелік мәні жоғары десек, қателеспейміз.

Жалпы, Мұзафар Әлімбаев балалар тақырыбында кеңінен қалам тартып, өз зерттеушілігі, қажырлы еңбегінің арқасында мол мұра қалдырды. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеді, өскелең ұрпақ бойына сіңіруді мақсат тұтты.

Өз кезегінде біз балабақша табалдырығын аттаған, оң – солын енді танып келе жатқан бүлдіршіндердің бойына бар игі асыл қасиеттерді сіңіруге тиіспіз. Ал, Мұзафар Әлімбаев шығармашылығы осы орайда бізге үлкен көмек көрсетеді.

Тіршілігінде талай істің басын қайырып, өлмес мұра, өшпес із қалдырған Мұзафар Әлімбаев мәңгі ел жадында. Балалар әдебиетіне базарлығын үйіп – төгіп қалдырған жанға деген құрмет мәңгі арта бермек!

Әдебиеттер

1. Әлімбаев Мұзафар – халық жазушысы/ Алимбаев Музафар- народный писатель/ Қ.Алдабергенов, Е.Арын, Б.Баткеева. – Павлодар: Университет баспа орталығы, 2003. -204 б.
2. Қазақ балалар поэзиясы және Мұзафар Әлімбаевтың көркемдік тағылымы : Филол. ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты мамандығы бойынша 10.02.02 - қазақ әдебиеті / Жәкім, Әсел ... – Алматы, 2006. - 30 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі, 1992.-160 б.
4. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы, 1982.-280 б.
5. Сөзстан: (Әдеби портрет, мақала). - Алматы: Жалын, 1983. (Жас қаламгерлер кітапханасы). 4-кітап (Құраст. Қ.Ергөбеков). -264 б.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Нәбиева Ж.Ж.

Орал қаласы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, мектепке дейінгі және бастауышта білім беру ББ оқытушысы, магистр

nabi.zhanar@inbox.ru

Қазақ әдебиетінде соғыс сұрапылын бастан кешіп келген қаламгер шоғырының бірі Мұзафар Айтмағамбетұлы. Мұзафар Әлімбаев - балалар әдебиетінің дамуына тың серпін беріп, зор үлес қосқан талантты ақын, шебер жазушы. Мұзафар Әлімбаев — Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Өнге жазған өлеңдерінің саны 200 - ге жуық. 64 төлтума және аударма кітаптардың авторы. Шығармалары 20 - дан астам тілге аударылған. Ақынның балалар поэзиясындағы орны ерекше. Оның «Менің ойыншықтарым» (1953), «Орақ - олақ» (1962), «Шынықсаң, шымыр боласың» (1969), «Балдәурен, шіркін, балалық» (1973), «Ақсерек те көксерек» (1977), «Аспандағы әпке» (1982), «Екі тақтай, бір

көпір» (1992), «Қоянның құлағы неге ұзын?» (1996) сияқты т.б жинақтары кішкентай оқырмандарының сүйікті кітаптарына айналды. Сонымен бірге ұстаздардың, тәрбиешілердің балалар тәрбиесінде пайдаланатын кітаптарына айналған

Белгілі әдебиетші - ғалым, сыншы Н. Ғабдуллин: «Мұзафар Әлімбаев – қазақ балалар поэзиясының өркендеп дамуына үлкен еңбек сіңіріп келе жатыр. Ақынның балалар поэзиясының мазмұны мен түрін байытуға қосқан көп сапалық жаңалықтары, көркемдік үлгілері бар», – деп ақынның балаларға арналған шығармаларын жоғары бағаланған еді.

Мұзафар Әлімбаев өлеңдеріне табиғилық тән. Бала бейнесі, оған тән дүниетанымы мен қызығушылықтар өмірде қандай болса, көркем ой елегінен өтіп, автордың шығармаларында өзінің шынайы көрінісін табады. Автор шығармаларын оқып немесе тыңдап отырған бұлдіршін одан, сөз жоқ, өзін, өз құрбыларын еш бұлтарыссыз таниды. Өлең барысында ақын болмысы өзінің лирикалық кейіпкері, яғни, бұлдіршін дүниесімен тұтасып кетеді. Бала жан дүниесінің нәзік иірімдеріне тереңдеп ене білген Мұзафар Әлімбаев жас оқырмандарын да осынау қызық дүниеге енгізе біледі.

М.Әлімбаев өлеңдерінің тақырыбы сан алуан. Қай тақырыпта қалам тербесе де ақын үнемі бала талғамына, танымына көңіл бөліп отырады. Мәселен, «Ана тілі» өлеңінде ең алдымен тәрбиені «ана» деген сөзден бастау алатынын өз тілінді құрметтеу заңдылық екендігін айтады.

Ерке тіл, еркелеткіш тілім кенім:
Еркежан, айналайын, күнім менің,
Ақ ботам, қоңыр қозым, алтын айым,
Қанша рет жүрек толқып, сүйінгенің!
Жұпарлы қырда алуан гүлдер таптым,
Өміршең өзіміздің тілден таптым.
Тіл екен жемістісі, жұпарлысы,
Аялап халық баққан гүл мен бақтың.

М.Әлімбаев «Әже» өлеңінде:

Әже, әже, жатпашы,
Ауыр ойға батпашы.
Болайын мен дәрігер,
Десең; «Шипа дәрі бер!» -
Дәрі жасап берейін,
Бәрін жасап берейін.
Ауыртпаймын әжемді,
Ауырмайсың, әже, енді.

Осы өлеңде кішкене баланың әжесіне деген адамның жан - жүрегін жібітерлік ыстық махаббаты, мейірімділігі көрініп тұр. Әжесінің ауырғаны жанына қатты батқан бала болашақта дәрігер болып, әжесін емдеп шығуды мақсат етеді. Кішкене немересінің мұндай жанды тебіренетер сөздері қарт ананың көңілін бір көтеріп тастары анық. Өлеңді естіген бала өз әжесінің аялы алақанын, мейірімді жүзі мен қызықты ертегілерін есіне алады, сағынады. Мұның бәрі өлең сөздің құдіреті мен сол сөзді жан - жүрегімен қабылдайтын бала сезімталдығының әсері екендігі сөзсіз.

Автордың балаларға арналған өлеңдері қысқа болғанымен, белгілі сюжетке, тартымды ойға, терен пікірге құрылған. Ақын балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтанда Мұзафар өмірдің кішкене бір керіністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды езіне зор мақсат етіп қояды.

«Әріптер сыры» өлеңінің мамандық таңдауға жол ашатын сыр-сипаты бар:

«А» — Алтай бала дәрігер,
Аурудан сақтар ол мені.
«Ә» — Әнуар өнер біледі,
Әдемі етік тігеді.
«Б» — Бауыржан сақшы — жауынгер

Батыр деп сүйген қауым ел.
«В» — Володя мастер мен дейді,
Вагондарды жөндейді.
«Г» — Гүлжамила бақшашы,
Гүлге толған бақшасы.
«Ғ» — Ғажап бояу жағады,
Ғали сурет салады.
«Д» — Дүлділ аттар баптаған,
Дәрменді жұрт мақтаған.

Мұндағы әр әріп әр түрлі мамандықты таңдайтындай мазмұнға құрылған. Және бірінші класс оқушыларының жаттап айтуына ыңғайлы. 42 әріпті түгел танып шыққан бірінші класс оқушылары ата-аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі «А», екіншісі «Б», үшіншісі «Ә» болып рөлдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата-ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың ақын, жазушыларға қояр тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімдік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды.

«Егер де...» өлеңі төрт шумақтан тұрады. Жалқау бала атқарылуға тиіс шаруаларды істемес үшін күлкі туғызатын сылтаулар айтады. «Аяғым су болмаса, бақшаның қарын күрер едім, үстіме шаң қонбаса, бақшаны баптар едім, қарым талмаса, су әкелер едім, ағаш қатты болмаса, отын жарар едім, Жанатты жыламаса, жұбатар едім, арифметика болмаса, сабақты жақсы оқыр едім» деген сылтау иесін автор сын тезіне салады:

Айтайық біз Кәрімге

Бұл мінезін қоймаса:

Тындырар ең бәрін де,

Жалқаулығың болмаса.

Жалқаулықтың неге апарарын түсіндіретін өлең — «Жалқаудың жауабы».

Ана есікті жаба салшы,

Ілгегін де сала салшы.

Жалқау әрең ыңыранды:

– Жел соқпай ма,

Сол жаппай ма?!

Үйдің ішін суық алды...

Жалқаудың әрекетсіздігінен үйдің іші суып кетті. Есік жабуға ерінбегенде бұндай жағдай болмаған болар еді.

Мұзафар Әлімбаев халық ауыз әдебиетінің бай мұрасы – мақал-мәтелдерді жинаумен қатар, өзге халықтардың мақал-мәтелдерін қазақ тіліне аударумен айналысқан. Ақынның «ббб мақал мен мәтел», «Мақал – сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына» жинақтары мен зерттеулері бар. Балаларға арналған таңдаулы тақпақтар, дастандар, жұмбақ, жаңылтпаштарда жазып, балаларға ақыл – ой тәрбиесін беруге баса назар аударған болатын.

Оқитыны көп,

Тоқитыны жоқ. (Көзілдірік)

Бір саптың екі ұңғысы бар. (Мұрын)

Су ішінде желігер,

Құм үстінде демігер. (Балық)

Толы болса жүреді,

Босап қалса, баспайды.

Тең бөлісіп қиынды,

Бейнетінен қашпайды. (Етік)

Мұзафар көркем сөз зергері. Оның өлеңдерінен бала жанын мәз етерлік елжіреген бос сөздер, құлақ тұндырарлық құрғақ өсиеттер көздеспейді. Оның өлеңдерінен тілге жеңіл,

жүрекке жылы тиіп отыратын терең ой, өткір пікірлер табылады. Мұзафар өлеңнің көркемдік түрлерін тек метафоралар мен эпитет сияқты бейнелі, мәнерлі сөздерден ғана іздемейді. Ол сөз қолдану шеберлігін әр сөзді орнын тауып жұмсай білуден іздейді. Орнын тауып қолдана білсе, терең мазмұнға, ерекше көркемдікке ие болып құлпырмайтын, түрленбейтін бірде-бір сөз жоқ екенін Мұзафар жақсы түсінеді. Ол — ізденгіш, талғамы күшті, бала жанын түсінетін талантты ақын. Сонымен, М.Әлімбаев шығармашылығы балалар поэзиясының өзіндік ішкі сырларын терең түсінуімен, оны ойдағыдай меңгеруімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

1. Ахметов Ш. Мұзафар Әлімбаев.- Кітапта: Ахметов Ш. Қазақ Совет балалар әдебиеті: Жоғары оқу орындары мен педучилище студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: Мектеп, 1976.- Б.210-215
2. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
5. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. — Алматы: Өркениет, 2003. — 211-б
6. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егем. Қазақстан.-1998.-7 қараша.- Б.4

2 СЕКЦИЯ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН

КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИИ И РОДИТЕЛЕЙ ДЕТЕЙ В ОБЛАСТИ ЗДОРОВЬЯСБЕРЕЖЕНИЯ

Демешева Г.У.

Атырауский университет им.Х.Досмухамедова
Ст.преподаватель кафедры Дошкольного и начального образования
g.demesheva@asu.edu.kz

В современной педагогической литературе представлены разнообразные направления и формы работы с семьей, однако механизм педагогического взаимодействия взрослых участников образовательного процесса практически не затрагивается. При реализации системы взаимодействия педагогов и родителей возникают проблемы, связанные с тем, что большая часть родителей оказывается не готовой к новым формам сотрудничества с педагогами в решении вопросов социального и личностного становления дошкольника. Это вызвано отсутствием мотивации, то есть внутреннего родительского интереса и потребности в формировании у детей знаний, умений, навыков в определенных видах и областях деятельности, в том числе и в ведении здорового образа жизни. Помочь семье ориентироваться на психологию ребенка и создать полноценные условия для его развития, осознать проблемы в межличностных отношениях ребенка со взрослыми и детьми дома, найти пути их решения – одна из важнейших проблем современности.

Целью воспитания родителей является не передача им научных педагогических знаний, а формирование у них педагогической компетенции и педагогической рефлексии или коррекция их педагогической позиции, позволяющих понимать своего ребенка, строить правильно общение с ним и совместную деятельность. Педагогическая компетентность – это способность понять потребности детей и обеспечить возможность удовлетворять их, сделать ребенка счастливым, умение видеть какие-то вещи с точки зрения перспективы развития ребенка[1].

Характеризуя компетентность родителей в области здоровьесбережения у детей старшего дошкольного возраста ученые выделяют восемь основных позиций, отражающих наиболее благоприятные воздействия:

1. Полноценный отдых.
2. Сбалансированное питание.
3. Активная жизненная позиция.
4. Высокая медицинская активность.
5. Удовлетворенность работой, физический и духовный комфорт.
6. Экономическая и материальная независимость.
7. Регулярная физическая активность.
8. Психофизиологическая удовлетворенность в семье.

Безусловно, говоря о здоровом образе жизни дошкольника, нельзя подразумевать под этим ведение здорового образа жизни в полном понимании этого слова в силу возрастных и психофизических особенностей детей, т. к. они еще не обладают теми качествами и свойствами личности, которые необходимы для полноценного ведения здорового образа жизни: самостоятельность, произвольность, сформированность установок и т.д.

Общая характеристика видов и компонентного состава компетентности представлена в работах И. А. Зимней. Она указывает, что компетенции это потенциальные, сокрытые психологические новообразования: знания, алгоритмы действий, системы ценностей и отношений, которые выявляются в деятельностных проявлениях. Согласно И. А. Зимней,

компетенция здоровьесбережения включает знание и соблюдение норм здорового образа жизни, гигиеническую и физическую культуру, свободу и ответственность выбора образа жизни.

Таким образом, компетенция здоровьесбережения есть личностная характеристика, которая выражается в здоровьесберегающем поведении индивидуума [2].

На основании всего вышеизложенного дадим определение понятия *«здоровьесберегающая компетентность родителей детей дошкольного возраста»*, что это совокупность мотивационных, когнитивных и деятельностных характеристик личности, которые проявляются в готовности и способности принимать здоровье как ценность, овладевать базовыми знаниями об основах здорового образа жизни и использовать разнообразные способы сотрудничества с детьми в деятельности здоровьесберегающего характера.

На основании данного выше определения нами разработана структура основ здоровьесберегающей компетентности родителей, включающая в себя следующие компоненты:

– мотивационный, который проявляется в интересе и потребностях родителей к формированию основ здоровьесберегающей компетентности (осознание ценности здоровья; осознание необходимости создания здоровьесберегающей среды; мотивация к ведению здорового образа жизни);

– когнитивный, который представлен системой знаний о закономерностях сохранения и развития здоровья, а также стремлением к самообразованию в вопросах здоровьесбережения (владение знаниями о закономерностях сохранения и укрепления здоровья; владение знаниями о формировании основ здоровьесберегающей компетентности; владение знаниями о здоровьесберегающих технологиях);

– деятельностный, который проявляется во владении поведенческими моделями здорового образа жизни и здоровьесберегающими технологиями (готовность реализовывать модель здорового образа жизни; готовность нести ответственность за свое здоровье и здоровье других; готовность к применению здоровьесберегающих технологий; способность к рефлексии).

Все компоненты основ здоровьесберегающей компетентности взаимосвязаны между собой. О сформированности основ здоровьесберегающей компетентности можно говорить тогда, когда родитель не только владеет знаниями о здоровье, здоровом образе жизни, здоровьесберегающих технологиях, осознает ценность здоровья, мотивирован к здоровьесберегающей деятельности, но и готов реализовать знания на практике. Семья для ребенка – важная среда, формирующая его образ жизни. Углубление валеологических знаний детей только в образовательной организации без повышения уровня культуры здоровья в семьях будет носить однобокий характер.

Актуальным является вопрос о состоянии здоровья педагогов, которые работают в дошкольной организации с детьми раннего и дошкольного возраста и об отношении педагогов к своему здоровью. Может ли педагог быть примером для своих воспитанников в вопросах здоровьесбережения?

Практика показывает, что далеко не каждый педагог дошкольной организации на современном этапе готов быть примером в ведении здорового образа жизни для своих воспитанников. Чем ниже уровень грамотности педагога в вопросах сохранения и укрепления здоровья, тем менее эффективно педагогическое воздействие на детей.

Педагог должен обладать важными *профессиональными качествами*, такими как:

– высокий уровень профессионально-этической, коммуникативной, рефлексивной культуры;

– способность к формированию и развитию личностных креативных качеств;

– знание формирования и функционирования психических процессов, состояний и свойств личности, процессов обучения и воспитания, творческого совершенствования человека, познание других людей и самопознание;

- грамотность в вопросах здоровьесбережения;
- владение основами проектирования и моделирования здоровьесберегающих технологий в ДО;
- умение прогнозировать результаты собственной деятельности, а также способность к выработке индивидуального стиля педагогической деятельности.

Педагог дошкольной организации должен:

1. уметь анализировать педагогическую ситуацию в условиях педагогики оздоровления;
2. владеть основами здорового образа жизни;
3. устанавливать контакт с коллективом детей и их родителей;
4. наблюдать и интерпретировать вербальное и невербальное поведение;
5. прогнозировать развитие своих воспитанников;
6. моделировать систему взаимоотношений в условиях педагогики оздоровления;
7. личным примером учить детей заботиться о своем здоровье и здоровье окружающих людей.

Все эти умения, тесно связанные между собой, оказывают влияние на эффективность использования педагогом средств, методов и приемов здоровьесберегающих методик в воспитательно-образовательном процессе при работе с детьми. [3].

Прежде всего, педагог должен быть примером для своих воспитанников в вопросах здоровьесбережения. Здоровый образ жизни должен стать нормой для каждого педагога ДО, тогда можно говорить об эффективном использовании здоровьесберегающей педагогики в ДО.

Вывод: Охрана жизни и укрепление здоровья детей, приобщение их к ценностям здорового образа жизни являются основными целями дошкольного воспитания и обучения.

На сегодняшний день дошкольным организациям предоставляется большое количество разнообразных общеобразовательных учебных программ по дошкольному воспитанию и обучению. Современные программы нацелены на образование через всю жизнь.

Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения РК предполагает формирование у детей старшего дошкольного возраста ключевых компетентностей (здоровьесберегающей; коммуникативно-языковой; познавательной; творческой), базирующихся на общечеловеческих и национальных ценностях, воспитание творческой личности, способной к позитивным отношениям в социуме. В том числе отмечено, что здоровьесберегающая компетентность позволяет: заботиться о своем физическом здоровье и соблюдать правила безопасности жизнедеятельности; владеть двигательными навыками; выражать свое эмоциональное состояние по поводу различных событий; владеть навыками личной гигиены и основами здоровьесбережения.

Таким образом, здоровьесберегающая компетентность представляет и процесс осмысления личностью ценности какого-либо социального объекта, и результат этого процесса – отношение человека к чему-либо как к личной ценности.

Следовательно, понятие «здоровьесберегающая компетентность» – это особое отношение человека к здоровью, выражающееся в осознании его ценности как необходимой предпосылки для полноценной жизни человека и сопровождающееся активно-позитивным стремлением к его сохранению и укреплению.

Литература

1. Андреева, Н. А. Взаимодействие дошкольной организации и семьи в формировании основ здоровьесберегающей компетентности у дошкольного возраста [Текст].: автореф. дис....канд. пед. наук / Н. А. Андреева. – Екатеринбург, 2005. – 22 с.
2. Зимняя, Н. А. Компетентностный подход в образовании [Текст]. / И. А. Зимняя // Высшее образование сегодня. – 2006. – №8. – С. 20-26.
3. Грядкина, Т. С. Здоровьесберегающее и здоровьесформирующее физическое

ЖАТТЫҒУ СТУДЕНТТЕРДІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ САБАҚТАСТЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ДАЯРЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Кинжибаева Ф.Б., Иманғалиева Н.Т.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы

Білім беру мазмұнын жаңартудың қазіргі кезеңіндегі сабақтастық мәселесінің өзектілігін түсіне отырып, болашақ педагог-бастауыш білім беру факультетінің түлегі-мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың білім беру әрекетін жоспарлауды, жобалауды, диагностикалауды және мониторингілеуді жүзеге асыруға, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастық желілерін бөліп көрсетуге және жүзеге асыруға дайын және қабілетті болуы тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқыту неғұрлым сәтті болса, алдыңғы деңгейдегі оқу нәтижелерінің нақты деңгейі одан кейінгі деңгейдің қажеттіліктерін ескеретін жоспарланған мақсаттарға сәйкес келеді. Бұл жағдайда мектепалды сыныпта алған тірек білімдері, біліктері мен дағдылары одан әрі дамудың базасы және негізі болып табылады.

Ұғымдардың анықтамасын меңгерудің психологиялық алғышарттарын қамтамасыз ете отырып, балаларға енгізілген ұғымның мазмұнын ашатын белгілердің қаншалықты қол жетімді екенін ескеру қажет. Ұғымдар мен түсініктерді анықтаудың логикалық құрылымы неғұрлым күрделі болса, анықтаманың мазмұнына енетін белгілерді оқшаулау қажеттілігі әлдеқайда басымырақ болады, яғни бастапқыда көрнекіліктерді қолдана отырып, жекелеген мәліметтер болуы тиіс. Бұл, атап айтқанда, арифметикалық амалдар, олардың қасиеттері, математикалық өрнектер, теңдік, теңсіздік, геометриялық ұғымдар және т. б. сияқты ұғымдарды енгізуге қатысты.

Бастауыш сынып мұғалімдері «... олар негізгі ұғымдар мен дағдыларды дамытудың перспективалық бағыттарын елестете алмайды, оқушылардың келесі сыныптарда қандай қиындықтарға кездесетінін, олардың алдын-алуды және бастауыш сыныптардан кейінгі сыныптар оқушыларын «қайта оқудан» аулақ болу жолдарын білмейді» [1].

Бастауыш сынып мұғалімінің мектепалды даярлық сынып бағдарламасын білмеуі оның зерттелетін тақырыптардың даму динамикасын қадағалай алмауына, осылайша сабақтастықтың бұзылуына әкеліп соғады. Мектепке дейінгі дайындықтан шыққан балалардың математикалық дайындығының нақты жай-күйі туралы білмеу көбінесе балаларға жоғары деңгейде талаптар қоюына, сондай-ақ алдыңғы деңгейде мектеп жасына дейінгі балалардың алған тірек түсініктері мен дағдыларын жете бағаламау жүзеге асырылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда арнайы жаттығулар ерекше рөл атқарады.

Жаттығулардың мәні, олардың маңызы мен түрлері қазақстандық және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Профессор С.Рахметова: «...оқушылар жаттығу процесінде үздіксіз анализ-синтез жасайды, бір тұлғаны екінші тұлғамен салыстырады, абстракциялайды, жалпылайды, жаттығу арқылы білімін жүйелейді» [2], – деп көрсетеді. Осылайша әр түрлі жаттығуларды орындайды.

Көрнекті ғалым, педагог Р.М.Қоянбаев «оқушылардың іскерлік қабілеті, дағдысы жаттығу жұмыстарының процесінде қалыптасады. Жаттығулар білімді бекітудің, іскерлік пен дағдыны игерудің және оқушылардың ой-өрісін дамытудың негізгі әдісі. Жаттығулар – оқушылардың білімін бекіту, біліктері мен дағдыларын дамыту мақсатында қызмет ететін әдістемелік тәсілдер немесе тапсырмалардың жүйесі» [3] деп тұжырымдайды. Келесі бір

еңбекте «жаттығу дегеніміз – тағайындалған реті және іріктелуі нақты мақсатқа қол жеткізуге, толық білім, білік, дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін бірсыпыра тапсырмалардың жиынтығы» [4] делінеді.

Математиктер мен әдіскерлер Т.Қ.Оспанов пен А.А.Қдырбаева «жаттығу бір-бірімен өзара байланысты болатын кез келген математикалық мазмұнды тапсырмалар, соның ішінде есептер» [5] десе, Ә.Е.Жұмабаева «жаттығулар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығы» [6] деген анықтама береді.

Зерттеуші-әдіскер Ж.К.Астамбаеваның пікірінше, [4, 77б.] математикалық жаттығулардың түрлерін ажырата білумен қатар, болашақ мамандар олармен жұмыс істеу алгоритмін білуі керек.

Жаттығуды орындаудың өзі, автордың пікірінше, үш кезеңге бөлінуі керек:

1. Жаттығуды талдау.
2. Жаттығуды орындату.
3. Жаттығуды қорыту.

Осылайша, студенттердің тірек материалын игеру деңгейін анықтау жаңа ұғымдарды енгізуге дайындықтың маңызды дидактикалық шарттарының бірі болып табылады. Бастауыш мектепте, әсіресе 1-сыныпта жалпы білім беру біліктері мен дағдылары мұғаліммен тығыз ынтымақтастықта өтетін оқу іс-әрекеті үдерісінде қалыптасады.

Жоғарыда айтылғандар жаттығулармен жұмыс кезінде жүйелілік ұстанымын қабылдаудың орындылығын анықтайды. Жүйелілік ұстанымының қолданылу шегі бар. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі тақырыпты түсіндіру кезінде «негізгі мақсаты қарапайым есептеу дағдыларын, теңбе-тең түрлендірулерді дамытуға бағытталған жаттығуларды шешу болып табылатын сабақтағы қосымша тапсырмаларды қолдануы керек» [7].

Жаттығуларды кешенді түрде қолданудың негізгі мақсаты – студенттердің «нақты нәтиже», яғни бағдарламамен анықталатын белгілі бір білім, білік, дағдыларды игеру.

Бұл ережелерді бұзу көбінесе мектеп практикасында белгілі бір ұғымды оқытып үйретудің әртүрлі кезеңдерінде мұғалім бірдей тапсырмаларды әртүрлі мақсаттарда қолданған кезде көрінеді. Ал олармен жұмыс істеу әдістемесі барлық жағдайда бірдей. Жұмыстың мақсаты – тез шешім қабылдау және жауап алу. Болашақ мұғалімнің қолына сабақтың әртүрлі кезеңдерінде жаттығулардың мақсаттары мен олармен жұмыс істеу әдістерін түсіну және анықтау құралын беру қажет.

Бастауыш мектеп математикасында тапсырмалардың әрқилы түрлері бар. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кейбіреулері оларды орынды пайдалана алмайды. Жаттығуларды бірнеше белгілері бойынша жіктеуге болады. Оқулықтағы тапсырмалар мысалдар, теңдеулер, есептер сияқты үш топқа бөлінген. Осы терминдерді және олармен байланысты ұғымдарды дұрыс қолдану мұғалімге мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім берудің сабақтастығы идеяларын одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері бұл ұғымдарды дұрыс қолданулары керек. Суретте математикалық жаттығулардың түрлері келтірілген (1-сурет).



Сурет 1– Оқушыларға арналған математикалық жаттығулардың түрлері

Қазіргі әдістемелік әдебиеттерде және педагогика тәжірибесінде бастапқыда бір-бірін қайталайтындай екі ұғым бар – «тапсырма» және «жаттығу», алайда олар бірдей емес [8].

Әдістемелік термин ретінде тапсырма былайша түсіндіріледі: «тапсырма – оқу материалдарымен жұмыс істеу туралы жазбаша немесе ауызша нұсқаулық. Ол оқыту

құралдарының бірі болып табылады. Тапсырмаларды тұжырымдау көбінесе жаттығулардың тиімділігін анықтайды» [9].

Жаттығу терминінің анықтамасын қарастырайық. Р. Skeen пікірінше [8, 266.], жаттығу материалды әдістемелік ұйымдастырудың құрылымдық бірлігі ретінде тапсырмадан біршама тар мағынада қолданылады. Жаттығулардан айырмашылығы, тапсырмалар сабақтың ұйымдастырушылық сәттеріне, оқу материалын түсіндіруге және педагогикалық рефлексияға толығымен енеді.

Осылайша, тапсырма және жаттығу терминдерінің ұғымдық аппаратын салыстыра отырып, математиканы оқыту әдістемесінде тапсырма да, жаттығу да оқу мақсатына жетуге бағытталған оқу үдерісінің бірлігі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Мақсатқа сәйкес тапсырма мен жаттығудың құрылымы анықталады.

Әзірленіп жатқан тапсырмалар кешенін орындау тиімді болуы үшін оларды іске асыру шарттары бірқатар талаптарға сай болуы керек:

- білім алушының әрекет сапасын арттыруға саналы бағыттылығы;
- іс-әрекеттерді орындау ережелерін білу;
- тапсырмалар орындалуы керек жағдайларды саналы түрде есепке алу және бақылау;
- қол жеткізілген нәтижелерді есепке алу;
- уақыт аралығында қайталаулар жүргізудің таралуы.

Тапсырмалардың дидактикалық мақсаты студенттердің дәйектілік пен сендіру дағдыларын, мәселені шешуге шығармашылық көзқарасты, сондай-ақ олардың алдағы кәсіби іс-әрекетінде табысқа жету үшін қажетті жоспарлау және ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруды және дамытуды көздейді.

Оқыту тәжірибесін талдау студенттің оқытуды ұйымдастырудың дәріс сияқты формасының маңыздылығына қарамастан, студенттің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға даярлығын қалыптастыруда жетекші рөл атқаратындығын, оның ішінде сабақтастықты жүзеге асыру практикалық сабақ пен СӨЖ барысында қалыптасатындығын көрсетті. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, практикалық сабақтарда тек есептерді шығару және т.б. дағдылары мен біліктерін шектеліп қалуға болмайтынын көрсетеді [8, 2б.]. Студенттер әрдайым курстың жетекші идеясын және оның практикамен байланысын көре алулары тиіс. Сабақтың мақсаты тек мұғалімге ғана емес, студенттерге де түсінікті болуы керек. Бұл оқу жұмыстың өзектілігін арттырады, кәсіби әрекеттің тәжірибесін меңгерудің қажеттілігін растайды, оны өмір тәжірибесімен байланыстырады. Мұндай жағдайда оқытушының міндеті – білім алушыларға жетекші ғылыми идеялар мен қағидаттық ғылыми тұжырымдамалар мен ережелердің практикалық маңыздылығын көбірек көрсетіп беру болып табылады. Практикалық сабақтарда студенттер жаттығулар мен тапсырмалар алады.

Болашақ мұғалімдерді оқыту үшін қолданылатын жаттығулар көп факторлы, көлемді, көп қырлы.

Біріншіден, оларда әдістемелік мақсаттағы оқыту көрсетілуі керек. Әрбір жаттығу білімділік, дамытушылық және танымдық мақсаттарды көздейді. Осы мақсаттардың әрқайсысы оқушылар үшін «ашық» жаттығулардың кез келгенінде басым, жетекші болуы мүмкін.

Екіншіден, жаттығу кешенді және көп функционалды болуы керек.

Үшіншіден, жаттығуда іс-әрекеттік оқыту ұстанымдары – функционалдылық, жаңашылдық, жағдаяттық, тұлғалық даралық және басқалар бейнеленуі тиіс.

Әдебиеттер

1. Оспанов Т.К. Перспективность и преэминентность в обучении как условия активизации образовательной подготовки учащихся (на материале обучения математике младших школьников): автореф. ... канд. пед. наук. - Алматы, 1990. – 25 с.

2. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 1994. - 434

3. Қоянбаев Р.М. Қысқаша педагогикалық сөздік. - Алматы: Абай атындағы мемлекеттік университеті, 1999. – 146 б.
4. Астамбаева Ж.К. Алгоритмдерді оқыту барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. - Алматы, 2022. – 179 б.
5. Оспанов Т.К., Қдырбаева А.А. Математикалық түсініктердің теориялық негіздері. – Алматы, 2017. – 106 б.
6. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2009. – 363 б.
7. Чакликова С.Е. Дидактические основы создания учебно-методического комплекса по математике для базовой школы: автореф. ... док. пед. наук:13.0.02. - Алматы, 1997. – 35 с.
8. Кобзева Н.А. К вопросу о методических терминах задание и упражнение. Педагогические науки/5. Современные методы преподавания
9. <https://self.wikireading.ru/92184> 15.08.2020.

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИЯЗЫЧНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА КАК РЕЗУЛЬТАТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ В ВУЗЕ

Абугалиева Г.С.

Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова
магистр, старший преподаватель
gulshat521336@mail.ru

В современном мире образ жизни человека унифицируется, стираются национальные различия, теряется связь этноса со своими корнями, обесценивается многолетний опыт предыдущих поколений. Поэтому сейчас перед педагогом стоит важнейшая задача – использовать весь уникальный опыт и знания культурных традиций народов, общечеловеческих ценностей и мировой культуры в создании благоприятной полиязычной образовательной среды, способствующей формированию языковых компетенций и культуры личности.

Современная языковая ситуация в Казахстане характеризуется важностью изучения казахского языка как государственного, русского языка, официально используемого в делопроизводстве, языком этнических групп как поликультурный контекст страны, и иностранный язык (английский язык) как официально-деловой язык форумов, дипломатических взаимодействий и сотрудничества в международном сообществе. Полиязычие в Казахстане закреплено в законодательных документах: «Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года», «Государственная Программа по реализации языковой политики на 2020-2025 годы».

Изучение теоретических основ формирования полиязычной компетентности будущих педагогов в профессиональной подготовке в вузе представлено в исследованиях Г.Д.Дмитриева, А.В.Морозова, Н.Н.Никитина, и др.; идеи компетентностного подхода в формировании современного педагога рассмотрены в исследованиях И.А.Зимней, А.П.Тряпицыной; вопросы полиязычного образования в теории обучения иностранным языкам отражены в трудах Р.С.Барсук, З.К.Ахметжановой и др; проблемы двуязычия, взаимодействия и взаимовлияния языков рассмотрены в работах Смагуловой Ж.С., Сулейменовой Э.Д., теоретико-методологические основы полиязычного образования освещены в исследованиях Жетписбаевой Б.А.

Исследователи Н.А.Сандыбаева и Н.В.Дмитрюк отмечают, что в Казахстане языковая ситуация формируется за счет развития казахско-русского билингвизма. В Республике Казахстан 75% представителей титульной нации владеют русским языком [1].

По мнению Б.А.Жетписбаевой, полиязычное образование – это целенаправленно организованный процесс формирования полиязыковой личности на основе параллельного овладения тремя и более языками [2].

Г.А.Зограф, Э.Д.Сулейменова и другие ученые считают, что полиязычная компетентность позволяет личности объясняться на двух (и более) языках в соответствии с конкретной коммуникативной ситуацией [3,4].

Основными трудностями в формировании полиязычной компетентности будущего педагога в полиязычном образовании вузе являются:

- дефицит научно-педагогических кадров с психолого-педагогической подготовкой полиязычного образования (владеющие родным (казахским), русским и иностранным (английским) языками) в преподавательской деятельности с учетом требований работодателей;

- снижение значимости применения современных образовательных информационно-коммуникационных технологий в повышении качества полиязычного образования;

- реализация традиционных образовательных методик в условиях развития инновационной предметно-ориентированной полиязычной среды в вузе;

- отсутствие программно-методического сопровождения процесса профессиональной подготовки будущих педагогов в полиязычном образовании в вузе при одновременном изучении трех языков (казахского, русского, английского), познании ценностей культуры и истории своего этноса и других народов;

- неразработанность критериев и показателей сформированности профессиональной компетентности будущих педагогов в полиязычном образовании.

Основополагающими методологическими принципами полиязычного образования будущего педагога в вузе являются:

- принцип непрерывности, целостности и перспективности развития полиязычного образования на всех уровнях образования в вузе;

- принцип «двойного вхождения знаний» (языковое образование через изучение языковых учебных дисциплин (казахского, русского, английского) и дисциплин профессиональных дисциплин (психологии, педагогики, частных методик).

Основными функциями полиязычной компетентности будущего педагога являются этнокультурная, духовно-нравственная, инструментальная, целевая, этническая, эстетическая, профессиональная, языковая.

С 2014 года в Западно-Казахстанском университете имени М.Утемисова реализуется технология профессиональной подготовки будущих педагогов при изучении трех языков (казахского, русского и английского), которая способствует познанию ценностей культуры своего этноса и других народов, развитию межкультурного общения, формированию профессиональной компетентности в условиях полиязычного образования.

Педагогическими условиями в реализации технологии профессиональной подготовки будущих педагогов при изучении трех языков (казахского, русского и английского) в вузе являются: содержательное и воспитательное наполнение содержания педагогического образования на основе народных традиций; научно-методическое взаимодействие преподавателей гуманитарных, выпускающих и специальных кафедр в формировании полиязычной компетентности будущего педагога; методическая подготовка преподавателей к профессиональной деятельности в полиязычной образовательной среде вуза; разработка и применение инструментария для оценки достижений учебного процесса в соответствии с целью полиязычного образования в вузе.

Основными компонентами полиязычной компетентности будущего педагога в вузе являются: мотивационно-ценностный; перцептивно-аффективный; этический; деятельностный; социокультурный.

Результатом реализации данной технологии профессиональной подготовки будущих педагогов в овладении казахским, русским и английским языками в полиязычном образовании в вузе является готовность и профессиональная компетентность студентов к педагогической

деятельности на основе воспитательного потенциала народных традиций казахов и других этносов Казахстана.

Технология профессиональной подготовки будущих педагогов при изучении трех языков (казахского, русского и английского) в полиязычном образовании в вузе была внедрена на основе инновационных интерактивных форм и методов обучения.

Например, на семинарских занятиях по дисциплине «Теория и методика воспитательной работы» применялась технология «Капсулы культуры», которая ориентирована на развитие межкультурной толерантности студентов. Целью является ознакомление со своей культурой студентов из других стран. Задание состояло в следующем: необходимо выбрать предметы, которые могут представить самобытность культуры страны. Далее происходит оформление «капсулы культуры» из выбранных предметов и обмен «капсулами». Студенты из разных стран обсуждают сходство и различие культур на англо-русском и англо-казахском языках, делают выводы, рассказывают воображаемым людям о собственной культуре, применяя три языка, что позволяет развивать творческое воображение у студентов.

Активно применялись ситуационные задачи по предмету «Семейная педагогика» при изучении тем «Влияние этнической культуры на развитие ребенка», «Межэтнические отношения в современном обществе». В ходе решения ситуационных задач у студентов формируются коммуникативные навыки, интерактивные умения, позволяющие эффективно взаимодействовать в полиязычной среде и принимать решения.

На практических занятиях по семейной педагогике применялся прием дебаты. Благодаря проведению дебатов у студентов развиваются критическое и творческое мышление. Практически каждый участник высказывал свою интересную позицию, предлагал нестандартные идеи и т.д. Предлагались следующие темы для обсуждения на английском и русском языках:

1. Hospitality customs (Обычай гостеприимства)
2. The child birthday custom (Обычай при рождении ребенка).

По дисциплине «Менеджмент в образовании» проводилась деловая игра, в ходе которой происходило взаимодействие руководителя организации образования с представителями разных культур (обучающиеся - мигранты, беженцы, студенты, прибывшие по академической мобильности и и т.д.). У студентов развиваются навыки общения, умение сотрудничать с людьми разных культур.

Таким образом, анализ результатов эксперимента по внедрению предложенной технологии в образовательный процесс вуза показал, что изучение трех языков (казахского, русского и английского) в профессиональной подготовке способствует познанию ценностей культуры своего этноса, других народов и овладению культурными и языковыми картинами мира изучаемых языков в профессиональной деятельности.

Литература

1. Сандыбаева Н. А., Дмитрюк Н. В. Русский язык в Казахстане: статус, реалии, витальность, тенденции // Научные Известия. 2019. № 6. С. 24 – 29.
2. Жетписбаева Б. А. К вопросу о теоретико-методологической концептуализации полиязычного образования // Актуальные проблемы филологии и методики преподавания иностранных языков. 2014. №. 8. С. 127–135.
3. Зограф Г.А. Многоязычие, мультилингвизм, полилингвизм. Языкознание. Большой энциклопедический словарь / гл. ред. В. Н. Ярцева; 2-е изд. М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. 303 с.
4. Сулейменова Э.Д. Языковая компетенция и полиязычие. Динамика языкового состава в Казахстане. Алматы, 2010. 110 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ МЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚҰРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Казетова А.Х.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының
аға оқытушысы, п.ғ.к.
kazetovaa@mail.ru

«Білім туралы» Заң мен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің Типтік ережесіне сәйкес, балабақшаның алдында тұратын ең негізгі міндет - «Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен қарым-қатынасқа түсу». Сондықтан баланың дамуына отбасында да, балабақшада да бірдей жағдай жасалуы керек.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында болып жатқан өзгерістер ең алдымен оның сапасын арттыруға бағытталған. Ол, көп жағдайда отбасы мен мектепке дейінгі мекеменің іс-әрекетінің үйлесімділігіне байланысты. Субъектілердің (мұғалімдер мен ата-аналардың) ұстанымдарын жаңартып, өзгертуді қамтамасыз ету қажет. Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші, мұғалім ретінде қарайтын қызығушылықтарын дамыту. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар олардың ұсыныс-тілектерімен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Тәрбиешілердің ата-аналармен жүргізілетін жұмыс барысында берілетін кеңестері:

- балаға жан және дене өзгерістерінің байланыстарын табуға көмектесу,
- барлық ескертулерді шын пейілмен, үстірт бағаламай, айдар тақпай жай түсіндіру,
- балалардың бойында салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу,
- денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну,
- дене тұрғысынан жетілдіру, ертеңгілік жаттығу, күн режимін сақтау, таза ауада болып қимыл қозғалыс ойындарын ойнау.

Тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара белсенділігіне жету үшін жаңаша іс-әрекеттесу тараптарын үйренуі керек. Бүгінгі таңда отбасы мен балабақша арасындағы өзара әрекеттесуді құрудың жаңа идеялары қажет және мұғалімге сол идеяларды талқылауды тиімді ұйымдастыруға қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дағдыларға сұраныстың болуы да кездейсоқ емес. Ата-аналармен жұмыстың барлық түрлері ұжымдық, жекелік және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді. Ата-аналармен ұжымдық жұмыс түріне өздеріңізге таныс белгілі іс-шаралар жатады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің бір түрі - *ата-аналар конференциясы*. Оның құндылығы оған тек ата-аналардың ғана емес, сонымен бірге қоғамның да қатысуында. Әр түрлі тақырыптарды талқылауға болады: баланы адамгершілікке тәрбиелеу, мектепке дайындық, ата-ананың балаларын тәрбиелеудегі жауапкершілігі және т.б. Конференцияларға мұғалімдер, білім бөлімінің қызметкерлері, мұғалімдер, психологтар - білім беру жүйесінде жұмыс жасайтындардың барлығы қатысады. Отбасылық тәрбие бойынша тәжірибе алмасу, суреттер көрмесі, ата-аналар мен балалардың қолөнер туындылары көрмелері, көркемөнерпаздардың бірлескен концерттері ұйымдастырылады.

Ашық есік күндері - ата-аналарға кез-келген іс-шараға қатысуға, серуендеуге, түрлі іс-шараларға қат беріледі. Әкелер, әжелер, аталар клубтарын құрудың мақсаты - отбасы мен

балабақшаның өзара әрекеттесу шеңберін арттыру. Оларды жас ата-аналарға теориялық білім беріп қана қоймай, оларды осы білімді практикада қолдануға үйрету мақсатында жас ата-аналарға арналған дәріс залы түрінде өткізуге болады. Мұндай дәрістердің тақырыптары өте алуан түрлі болуы мүмкін, мысалы: «Егер ол бұзық болса, баланы қалай тыныштандыруға болады?», «Баланы қалай және не тамақтандыру керек, дәмді және дәруменге бай тағамдарды қалай дайындау керек?». Ол сонымен қатар конкурстар, көрмелер, дәрістер және т.б. өткізе алады. Кейде өз уақытының көп бөлігін немерелерімен өткізетін және сонымен бірге балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы шеңберінен тыс қалатын әжелерді де тартуға болады. *Ата-аналар клубындағы* бірлескен жиналыстарда, «дөңгелек үстелде», пікірталас кезінде ата-аналар мен мұғалімдер бір-бірін жақсырақ білуге, жаңа ақпарат алуға мүмкіндік алады. Клубтағы қарым-қатынас қатысушылардың әрқайсысына тек өз пікірін айтуға ғана емес, сонымен бірге тыңдалуға, өз ұстанымын басқа ата-аналар мен мұғалімдердің позицияларымен салыстыруға мүмкіндік береді.

Ата-аналық тренингтер (жаттығу ойын жаттығулары мен тапсырмалары) балаға әсер студия әртүрлі әдістерін бағалауды дамытуға көмектеседі, оған жүгінудің неғұрлым сәтті түрлерін таңдайды және онымен қарым-қатынас жасайды, қажетсіз конструктивті түрлерін ауыстырады. Ойын жаттығуларына қатысатын ата-ана баламен қарым-қатынасты бастайды, жаңа шындықтарды түсінеді. Мысалы, балаға деген ашу мен ашу сезімдерін сезіну және сонымен бірге бақытты ата-ана болу мүмкін емес; баланың жанына жағымсыз эмоцияларды себе отырып, оның орнына оның күлкісі мен сүйіспеншілігін алуға болмайды.

Қазіргі кезеңдегі ата-аналармен жұмыс формаларының бірі әр түрлі байқаулар - *сұрақ-жауап кештерін* өткізу болып табылады. Мұндай жұмыс түрлері ата-аналарға өздерінің педагогикалық білімдерін нақтылауға, оны практикада қолдануға, жаңа нәрсе туралы білуге, бір-бірімен білім алмасуға, балалардың дамуының кейбір мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді. Мүмкін мұғалімдер мен ата-аналарды балалар мен ата-аналардың бірлескен демалысын жақындастыратын басқа ешнәрсе жоқ шығар, мұнда соңғылары толық қатысады. Оларды дайындауда ата-аналар барлық іс-шараларға қатысады:

- ✓ практикалық кеңестер, идеялармен алмасу, алдағы мереке туралы;
- ✓ сценарий жасауға көмектесу;
- ✓ рөлде жұмыс жасау, поэзияны, әндерді, билерді үйрену;
- ✓ үй-жайларды безендіруге көмектесу;
- ✓ мерекелік костюмдер тігу;
- ✓ жеке сандарды дайындау;
- ✓ сыйлықтар мен тосын сыйлар жасау;
- ✓ мерекелік дастархан дайындау.

Бұл тәсіл ата-аналар, балалар мен тәрбиешілер арасындағы шығармашылық ынтымақтастықты ынталандырады, олардың арасындағы иеліктен шығаруды жояды, бірлескен жұмыстың сәттілігіне сенімділік туғызады және көптеген мәселелерді шешеді. Демалыс ересектерге де ойнауға мүмкіндік береді, оларға ойын барысында баламен «тең» болуға мүмкіндік береді. Отбасылар экскурсияларға, демалыс күндері серуендеуге қатысуға қуанышты. Ата-аналар арасындағы байланыс балаларды біріктіреді және қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Балабақшадағы және үйдегі ата-ана қоғамдастығының мүдделерінің, іс-әрекеттерінің жалпы өрісі қалыптасуда. Мұнымен қатар балалар мен оқу-сауықтыру жұмыстарына оң әсер ететін мектеп мекемелері мен отбасылармен тығыз байланыс орнатылған. Ата-аналардың жарыстарға қатысуы отбасы мүшелерінің жақындасуына ықпал етеді, қызығушылықты қалыптастырады және салауатты өмір салты арқылы денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған.

Қоғамдағы отбасының рөлі оның күшімен кез-келген басқа әлеуметтік институттармен салыстыруға келмейді, өйткені отбасында баланың жеке тұлғасы қалыптасып, дамиды және ол қоғамдағы ауыртпалықсыз бейімделуге қажетті әлеуметтік рөлдерді өзіне алады. Адам өмір бойы отбасымен байланысты сезінеді. Отбасында адамгершіліктің негіздері қаланады, мінез-құлық нормалары қалыптасады, адамның ішкі әлемі мен жеке қасиеттері

ашылады. Бірде-бір, тіпті ең жақсы педагогикалық жүйе, егер онда отбасы үшін орын болмаса, толық тиімді бола алмайды! Бала отбасы жүйесінен тыс өмір сүре алмайды. Мектепке дейінгі және отбасы бір-біріне жабық болған кезде, бала екі ажыратылған жүйенің арасына түсіп қалады. Осыдан қақтығыстар, түсінбеушілік, белгісіздік. Бұған жол бермеу үшін осы екі жүйенің өзара әрекеттесуі үшін бір-біріне ашық болғаны жөн. Олардағы басты нәрсе мейірімділік, сенім және өзара түсіністік атмосферасы болуы керек. Тек осы жағдайда ғана баланың таланты мен қабілетін ашуға көмектесетін жағдайлар жасауға болады, сонда ғана ол дені сау, бақытты және ақылды болып өседі!

Әдебиеттер

1. Евдокимова Е.С., Дозокина Н.В. «Балабақша және отбасы: ата-аналармен жұмыс әдістері». М. 2017 ж.
2. Зенина Т.Н. Балабақшадағы ата-аналар жиналысы. Оқу құралы / Зенина Т.Н. - М.: Ресейдің педагогикалық қоғамы, 2018 ж. - 96 б.
3. Козлова С.А., Куликова Т.А. Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы. - М.: «Академия» баспа орталығы, 2019ж.. - 416 б.
4. Носова Е.А., Швецова Т.Ю. Отбасы және балабақша - Санкт-Петербург.: «БАЛАЛЫҚ-ПРЕСС» ЖШҚ баспасы, 2020ж. - 80 б.
5. Свирская Л. «Отбасымен жұмыс: қосымша нұсқаулар». Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. М. 2020ж.

ЖОО-ДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Ерниязова С.Н.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

erniyazova82@mail.ru

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, жаңа стратегиялық бағыт-бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы – осының бәрі білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертіп, білімнің қоғамды қайта жаңғыртуға қосар үлесін арттыруда.

Қазіргі таңда кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға мемлекеттік бағдарламасында үздік әлемдік тәжірибелерге сай сапалы мамандар даярлау деңгейіне қол жеткізу жоғары оқу орындарының алдында тұрған басты мәселе екені атап көрсетілген[1]. Сондықтан, біздің М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті үлкен жауапкершілікті сезініп, болашақ педагогтарды сапалы кәсіби қызметке даярлау мақсатында білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңғырту, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру жұмыстарын жүргізуде.

Білім беру саласындағы қазіргі талаптар адамның еркін дамуына, оның жоғары мәдениеттілігін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағыт береді және болашақ маман даярлау ісіне жаңа қатынасты қажет етеді. Бұл жоғары оқу орындарының алдына күзиретті маман даярлау мен бәсекелестік талаптарының жаңа міндеттерін жүктейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» бекітілді. Даму моделі мектепке дейінгі білім беру жүйесін одан әрі трансформациялау бағытын айқындайтын тұжырымдамалық негіз болып табылады. Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге

бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау[2].

Жаңа модельге сәйкес «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасына толықтырулар енгізу, университет ғалымдарының жаңа зерттеулер жүргізу, білім мен ғылымды дамытудың жаңа бағыттарын айқындау жұмыстары ұйымдастырылуда.

Бүгінгі білім берудің жүйесі ашық болуға тиіс. Оның мақсаты – оқу үдерісі субъектісінің барлық пікірін ескере отырып жұмыс істеу. Біз білім саясатын дамытуға, отандық білім жүйесін алға жылжытуға бағытталған оқытудың жоғары сапалы технологиясы мен жаңа әдістемелерін енгізуге ұмтылудамыз. Осыған орай, білім беру бағдарламаларындағы пәндердің мазмұнына өзгерістер мен жаңартулар енгізілді. Мысалы, «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының әдістемелік пәндерінде сабақтарды жаңаша жоспарлауды және критериалды бағалауды жүзеге асыру қарастырылады. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» бағдарламасы бойынша жаңа модельдің енгізілуіне байланысты кәсіби пәндердің мазмұны жаңартылды.

Қазақстандық мектептің жаңартылған білім беру мазмұнына көшудің тиімділігі педагогтардың инновациялық процесстердің негізгі идеяларын түсіну деңгейіне және осы өзгерістерді іске асыру дайындығына байланысты. Олай болса, болашақ педагогтарды даярлау жүйесінің жауапкершілік шаралары ұлғаюда. ЖОО-да болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлау мәселесінің бірі жаңа форматтағы тәрбиешілерді даярлауға бағытталған білім беру үдерісін ұйымдастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Сондықтан әдістемелік пәндерді оқытуда студенттерге төмендегідей талап қойылады:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру[3].

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарына келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиешінің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өз бетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау[4].

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі[2].

Болашақ тәрбиеші үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және күнделікті жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай-ақ педагог ретінде көруі тиіс. Олардың үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды.

Мектепке дейінгі ұйым мамандарының жұмысының негізгі қағидалары:

- оқытудың кіріктірілген тәсілі;
- баланы толыққанды дамыту;
- ойын арқылы оқытуға баланы тарту;
- балаларға өз білімін құрастырушы ретінде қарым-қатынас жасау;
- маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту;
- инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке басын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау.

Болашақ тәрбиешінің құзыреттілігі:

- баланы дамыту мен оқытуды терең түсіну;
- баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі;
- баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды жақсы көру;
- көшбасшылық дағдылары;
- туындаған мәселелерді шешуге қабілеттілігі;
- сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру;
- эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі[3].

Педагог сабақтар мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік беру ұсынылады.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкері қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс. Сондықтан, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамы өз пәндерін түрлендіріп оқыту мақсатында оқытудың белсенді және инновациялық технологиялары мен әдістерін (лекция-әңгіме, лекция-визуализация, лекция-диспут, ойындық технология, ұжымдық және топтық технология, оқытудың белсенді имитациялық әдістері, креативті оқыту, инновациялық жобалық іс-әрекет, брейн-сторминг, жағдаятты моделдеу, кейс-стади, Блум таксономиясы, сыни ойлау стратегиялары және т.б.) қолданумен қатар, онлайн форматтағы оқыту технологияларын сабақтарында қолданады. Атап айтсақ: Google forms, Kahoot, Youtube educational channels, ZOOM, Google Meet, Quizizz.com, Wordwall, Padlet, Plickers, т.б..

Жоғары оқу орындары алдындағы бүгінгі маман даярлау саясатының негізгі мақсаты – белгілі бір салада білімі мен біліктілігін көрсете алатын, қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, ортаға тез бейімделетін, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Білімді, саналы, көпмәдениетті, адамгершілігі мол, қоғамда өз орнын таба білетін маманды қалыптастыру ісінде әрбір жоғары оқу орны жаңашылдыққа ұмтылуы кәсіби сұранысымыз да арта түсуіне септігін тигізері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен).

2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысы, 2021 жыл 15 наурыз).

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан қ. 2022ж.– 32 бет.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235).

К ПРОБЛЕМЕ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ САМОРЕГУЛЯЦИИ СТУДЕНТОВ

Баюканская С. Ф.

Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова,

Магистр психологии

Sveta_b2020@mail.ru

В современном обществе, в век технологизации и глобализации, наблюдается активизация процесса поиска эффективных условий воспитания молодежи, конкурентоспособной, целеустремленной, профессионально компетентной, готовой к диалогу с другими культурами. Подготовка разностороннего специалиста, обладающего высоким уровнем культуры – одна из главных задач образования Республики Казахстан.

Результаты психологических исследований показывают, что успешность учебной деятельности может определяться типологическими особенностями двумя путями: через влияние на умственные способности (выступая в них в качестве задатков) и через влияние на возникновение тех или иных психических состояний при том или ином педагогическом взаимодействии.

Выявление индивидуально-психологических особенностей обучающихся может позволить более точно дозировать приемы психолого-педагогического воздействия, так как последствия использования одних и тех же приемов для разных студентов могут существенно отличаться и даже давать противоположный ожидаемому эффект.

Организуя психолого-педагогическое сопровождение процесса обучения с учетом индивидуальных особенностей студентов, мы можем предупредить некоторые трудности и обеспечить своевременную формирующую поддержку. Создание ситуации успешности в учебной деятельности, в свою очередь, скажется на учебной мотивации и придаст процессу познания личностный смысл и положительную эмоциональную окраску, что, по мнению психологов-теоретиков, устойчиво коррелирует с интеллектуальной продуктивностью. Важным моментом, обусловившим акцентирование нашего внимания на индивидуальных особенностях структуры учебной мотивации, считаем способность высокой позитивной мотивации играть роль компенсаторного фактора в случае недостаточно высоких специальных способностей или недостаточного запаса требуемых знаний, умений и навыков [1].

В качестве универсальных, приемов педагогического взаимодействия в организации самостоятельной работы студентов можно рассматривать [1]:

- формирующую поддержку;
- устранение;
- позитивное подкрепление;
- безоценочную обратную связь.

Формирующая поддержка предполагает оказание помощи студентам, в выполнении заданий, которые в противном случае оказались бы для них слишком трудными. Формирующая поддержка часто принимает форму указаний, рекомендаций и других видов вербальной помощи и наиболее эффективна, когда она связана с задачами внутри зоны ближайшего развития, обучаемого, т. е. с задачами, который обучающийся первоначально не способен выполнить, но которые могут быть осуществлены при помощи и руководстве со стороны окружающих (например, преподавателя, эдвайзера). Можно использовать в качестве формирующей поддержки следующие приемы [1].

-Мобилизация. Организация условий принятия студентом учебной задачи.

-Уменьшение степеней свободы Сведение трудновыполнимой задачи к выполнимым подзадачам.

-Сохранение курса Направление хода мышления студента с помощью техники открытых вопросов и поддержание его мотивации.

-Выявление критических особенностей. Акцентирование внимания на наиболее важных аспектах задачи.

-Контроль за фрустрацией Снятие фрустрации как следствия затруднений, испытываемых в процессе решения учебной задачи.

-Демонстрация. Апелляция к личному опыту, аналогиям, использование метафорического языка для перехода от абстракции к конкретным образам и жизненным ситуациям.

Устранение дополняет формирующую поддержку. Устранение же предполагает удаление средств поддержки, когда учащийся обретает способность выполнить данную задачу без посторонней помощи - другими словами, когда задача переходит из зоны ближайшего развития в сферу компетенции, приобретенной студентами. Устранение свидетельствует, что обучающиеся уже готовы принимать на себя ответственность за решение задач и научение [2].

Интеллектуальные умения формируются на базе навыков умственной работы. Их наличие в учебной (и других видах) деятельности снимает напряжение личности, расковывает ее, делает более работоспособной (утомление наступает не так быстро, как при отсутствии навыков). Навыки, как известно, — автоматизированные компоненты сознательной деятельности. Умения - это сочетание знаний и навыков, обеспечивающее успешное выполнение деятельности. Круг умений, которыми должен овладеть студент, очень велик. Это и специфические, и обобщенные умения. В учебном процессе формируются и проявляются и обобщенные умения: умение планировать свою работу, всесторонне учитывать все условия задачи, рассматривать явления с различных точек зрения, выделять главную мысль, конспектировать материалы первоисточников. Овладение приемами мыслительной деятельности обеспечивает автоматизм (частичный) выполнения конкретных действий в учебной деятельности [2].

Современные социальные условия развития, обучения характеризуются наличием многочисленных стрессогенных факторов. Появление этих факторов обусловлено как социально-экономическими изменениями в стране и мире, так и общим повышением напряженности видео, информационной, образовательной среды. В настоящее время одним из доминирующих стрессогенных факторов является мировой, экономический кризис, многие люди испытывают значительную тревожность и беспокойство по поводу своего будущего. В таких непростых условиях живут и учатся девушки и юноши.

Поступление в вуз сопряжено с огромным напряжением интеллектуальных и физических сил, но став студентами молодые люди не освобождаются от влияния стрессовых факторов, наоборот, часто оно усиливается. На первом курсе происходит адаптация к университету. В проведенных исследованиях процесса адаптации первокурсников к вузу обычно выделяют следующие главные трудности: отрицательные переживания, связанные с уходом вчерашних учеников из школьного коллектива с его взаимной помощью и моральной поддержкой; неопределенность мотивации выбора профессии, неумение осуществлять психологическое саморегулирование поведения и деятельности, большой поток информации и нехватка времени для подготовки к занятиям, неумение рационально планировать время,

отсутствие навыков самостоятельной работы и другие. Все это является стрессовыми факторами, оказывающими негативное влияние на студентов. Было бы неверным считать, что на старших курсах все легко и гладко, студенты также часто находятся в состоянии напряжения. Сегодня стресс воздействует на человека в течение всего дня, начиная с утренней суматохи и до самого вечера, он стал естественной и неотъемлемой частью нашей повседневной жизни. Однако длительный стресс может привести к возникновению психосоматических заболеваний, к несчастному случаю или даже к самоубийству. Реальная угроза здоровью человека - это слишком серьезная цена деятельности.

Каждый человек должен научиться управлять собой, своими психическими и физическими состояниями. Лишь при этом условии можно выстоять в стрессовых ситуациях. Другими словами, каждому человеку необходимо владеть теми возможностями, которые заложены в психической саморегуляции. Субъективное развитие и субъективное бытие человека определяется в первую очередь формированием и развитием тех сторон и качественных особенностей глобального феномена саморегуляции, которые детерминируют его стержневую, сущностную характеристику - общую способность к самостоятельному осознанному построению регуляции в новых видах и формах деятельности, способность к продуктивной творческой саморегуляции.

Способностью к эмоциональной саморегулированию необходимо овладеть всем студентам.

Рассмотрим различные способы эмоциональной саморегуляции. Важным резервом в стабилизации своего эмоционального состояния является совершенствование дыхания. Студент должен знать, что плохо поставленный голос, недостаточно отработанные дикция и темп речи плюс поверхностное, неритмичное дыхание - причины профессиональных недугов психолога, педагога, а вместе с ними и падение его эмоционального тонуса. Основы дыхательных упражнений заимствованы из системы йогов. Их смысл состоит в сознательном контроле за ритмом, частотой и глубиной дыхания. На всем протяжении дыхательные пути обильно снабжены окончаниями вегетативной нервной системы. Установлено, что фаза вдоха: возбуждение окончания симпатического, активизирующего деятельность внутренних органов, а фаза выдоха - блуждающего нерва, как правило, оказывающего тормозящее влияние. В дыхательной гимнастике это используется в виде так называемого «вечернего»-успокаивающего или «утреннего» - мобилизующего дыхания. Успокаивающий тип дыхания характеризуется постепенным удлинением выдоха до продолжительности удвоенного вдоха. Мобилизующее дыхание - как бы зеркальное отражение успокаивающего дыхания: изменяются не выдохи, а вдохи, дыхание задерживается не после выдоха, а после вдоха [2].

Успокаивающее дыхание полезно использовать, чтобы погасить избыточное возбуждение и нервное напряжение, например, в начале тестирования или контрольной работы, зачета, экзамена, перед публичным выступлением на студенческой конференции. Этот тип дыхания может нейтрализовать нервно-психические последствия конфликта. Мобилизующее дыхание помогает преодолеть вялость и сонливость при утомлении, способствует быстрому и безболезненному переходу от сна к бодрствованию, мобилизации внимания. В учебном процессе этот тип дыхания дает возможность снять сонливость и вялость у студентов.

Эффективной эмоциональной саморегуляции способствует также использование приемов воображения или визуализации. Визуализация - это создание внутренних образов в сознании человека, то есть активация воображения с помощью слуховых, зрительных, вкусовых, обонятельных, осязательных ощущений, а также их комбинаций. Визуализация помогает человеку активизировать его эмоциональную память, воссоздать те ощущения, которые он испытывал когда-то. Воспроизведя в сознании образы внешнего мира, можно быстро отвлечься от напряженной ситуации, восстановить эмоциональное равновесие.

Однако центральное место среди психопрофилактических средств активного воздействия на состояние занимает аутотренинг [3,4,5]. Создание этого метода связано с именем Шульца, который, занимаясь гипнозом, внушал своим пациентам состояние покоя,

расслабления и полного сна до тех пор, пока не заметил, что они могут внушать себе это сами и при этом выздоровление шло быстрее и лучше. В настоящее время существует множество модификаций аутогенной тренировки: психомышечная тренировка, психофизическая тренировка, психорегулирующая тренировка и другие. Классический вариант аутогенной тренировки содержит 6 основных стандартных упражнений, каждое из которых направлено на определенную область организма: мышцы, кровеносные сосуды, сердце, дыхание, брюшные органы и голову. Смысл каждого упражнения состоит в концентрировании внимания на определенной части тела, с мысленным повторением формул самовнушения на ощущения тяжести, тепла и расслабленности. Аутогенная тренировка может эффективно использоваться как студентами, так и преподавателями, ее навыки позволят снижать уровень эмоционального напряжения в ожидании экзамена и во время его, обрести эмоциональный настрой на успех, уверенность в своих силах, развивают такие профессиональные качества как самообладание, организованность, самоконтроль, повышают уровень эмоциональной устойчивости.

Основным методическим приемом психорегуляции для лиц, которые хотят оптимизировать свое эмоциональное состояние является также обучение саногенному мышлению [3]. Автором этой методики является профессор Орлов Ю.М. Обучение саногенному мышлению преследует психогигиенические цели управления собой с сохранением и укреплением нервно-психического здоровья. Обучение саногенному мышлению предполагает культуру мышления, способность управлять своим умственным миром. Саногенное самопознание включает в себя не только управление своей волей, но и умение направлять ее на достижение мотивов собственного поведения. Обучение саногенному мышлению основано на расширении поля сознания, т.е. включения в область осознанного все большего количества жизненных функций человека, его привычек и психических состояний. Рассмотрим черты саногенного мышления:

1. Рефлексия и интроспекция, отделяющие «Я» от ситуаций и образов, насыщенных отрицательным эмоциональным содержанием.
2. «Проигрывание» ситуаций стресса осуществляется на фоне релаксации, что создает угасающий эффект негативным эмоциям.
3. Саногенное мышление основано на конкретном представлении в сознании «строения» тех психических состояний, которые контролируются, здесь возрастает необходимость психологического консультирование учащихся.
4. Овладение саногенным мышлением предполагает научение навыкам погружения самого себя в состояние умиротворенности и расслабления. Подобная аутогенная релаксация потенцирует успех самовоспитания, раздельное применение аутотренинга менее эффективно.
5. Процесс интроспекции невозможен без сосредоточения, поэтому обучение мышлению обеспечивает и концентрацию внимания, необходимый элемент специалиста педагога-психолога.

Развитие личности студента, способной к реализации своих возможностей, здоровой, социально-устойчивой и одновременно мобильной, адаптирующейся, умеющей вырабатывать и изменять собственную стратегию в меняющихся обстоятельствах жизни и быть счастливой, - такова подлинная цель и критерии успешности современного образования. И в реализации этой цели важнейшим фактором как раз и является развитие способности к эмоциональной саморегуляции.

Литература

1. Пантюхина М.Л.Богданова Е.Л. Организация самостоятельной работы студентов с учетом их индивидуальных психологических особенностей //Журнал «Психология обучения» № 10, 2007, с.99-107
2. М.В.Гамезо, Е.А.Петрова, Л.М.Орлова Возрастная и педагогическая психология М.: 2003г.
- 3.Е.М.Семенова Тренинг эмоциональной устойчивости М. 2006.

4.С.А.Бадмаев Психологическая коррекция отклоняющегося поведения школьников М.1999.

5.Митина Л.М.Учитель как личность и профессионал М.1994.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Уразова Г.Т., Әуелбаева Г.С

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Студенттердің жалпы ғылыми–зерттеу жұмыстары маман даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бүгінгі таңда технологиялар қарқынды дамып, жыл сайын маман даярлауға қойылатын талаптар да айтарлықтай өзгеріп отыр. Қазіргі заманғы білім беруді дамыту жоғары білікті маман алуға бағытталуы тиіс. Оның құзыреттілігі берілген пән саласындағы тиімді іс-әрекет үшін қажетті білім мен тәжірибенің болуымен, сондай-ақ құзыреттілік жиынтығымен анықталады. Құзыреттілік тұрғы, өзгелердің арасында, білім берудің барлық заманауи бағдарламаларының маңызды мақсаттарының бірі болып саналады болашақ кәсіби іс-әрекет саласында бұл зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырады. Білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер мен зерттеу іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі бар екенін атап өткен жөн. Олардың басты мақсаты объективті жаңа нәтиже алу емес, ол студенттің тұлғасын дамыту болып табылады.

Ғылым мен техниканың қарқынды өсу деңгейінің әлемдік үдерістерге әсер ету, экономиканың ауқымдану шарттары Қазақстанда оның ғылыми әлеуетін күшейту жөнінде проблемалар туғызды. Қазіргі кезеңде мемлекеттің басты міндеттерінің бірі ғылымды қолдау және дамыту. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары теориялық және қолданбалы проблемаларды қалыптастыруға қызмет етеді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары әлемдік стандарттар талаптарына жауап бере алатын, ғылым мен білімді интеграциялауда көп жылдық отандық және шетелдік тәжірибелерге арқа сүйетін жаңа шарттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Белгілі ғалым Ш.Т. Таубаева зерттеушілік іс-әрекетке түрлі құбылыстарды тануға деген белсенді зерттеушілік қатынас, түрлі зерттеу мақсатын қоюдағы өзбетінділіктің жататыны ретінде анықтайды.

А.Е. Әбілқасымова өз зерттеуінде білім алушылардың оқу-танымдық, шығармашылық әрекеттерін олардың өздігінен білім алуға танымдық белсенділіктерін дамыту арқылы олардың пәнге деген қызығушылық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, тәрбиелеумен байланысты екендігі жөнінде маңызды пікірлер айтқан.

З.А. Исаеваның пікірінше, зерттеушілік іс-әрекетке дайындық мәселесін қарастыра келе, зерттеушілік іс-әрекетке дайындық мотивациялық, когнитивтік және операциялық компоненттерден тұратынын айтады.

П.А. Құдабаева мен И.У Бекбулатованың пікірінше, зерттеу аясында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен оқу-әдістемелік құралдарындағы «мәдениетаралық қарым- қатынас», «коммуникативтік құзыреттілік», «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымдарына берілген анықтамаларды жүйелеп, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнына зерттеу проблемасының мақсатына орай, талдау нәтижелеріне жасаған болашақ маманның мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі – күрделі әрі өзекті мәселе болып табылатынын айтқан.

Жоғары оқу орындары студенттерінің зерттеу іс-әрекет шығармашылық, зерттеу міндеттерін шешуге байланысты оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру формасы ретінде қарастырылады.

ЖОО-ның білім беру үдерісінде студенттердің зерттеу іс-әрекеті бірнеше өзара байланысты функ-цияларды жүзеге асырады:

Білім беру (оқу пәндері бойынша білімді кеңейту және өзектендіру; пәнаралық байланыстар туралы түсініктерді дамыту; ақпараттық технологияларды игеру және коммуникациялық әртүрлі құралдарымен жұмыс деңгейін арттыру; жалпы және арнайы ғылыми түсініктер мен оқытылатын пәндердің санаттарын бекіту және т.б.);

Дамытушы (танымдық белсенділікті, танымдық қызығушылықты, студенттердің танымдық дербестігін, зерттеушінің позициясын, шығармашылық қабілеттерін және т.б. дамыту);

Іс-әрекет (студенттерді өзіндік зерттеу іс-әрекетіне тарту; ғылыми ақпаратты іздеу, өңдеу және пайдаланудың заманауи әдістерін меңгеру; іс-әрекеттің кез келген түріне зерттеу тәсілін меңгеру және т.б.);

Ынталандырушы (болашақ маманда зерттеушілік құзыреттілігінің кез келген іс-әрекет сала- сының болуын тән орнатуды қалыптастыру).

Білім беру жүйесінің одан әрі сатысына өту кезінде студент зерттеу іс-әрекетіне дайын болуы тиіс, өйткені бұл жоғары оқу орындарындағы негізгі оқу іс-әрекеті болып табылады. Осыған орай, заманауи кәсіби білім берудің маңызды мақсаты бұл болашақ маманға белгілі бір білім мен білік кешенін беру, яғни білім алушыда өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі ұйымдастыруға, өмір бойы оқуды жалғастыру үшін маңызды болып саналады. Егер студент өз тәжірибесіне сүйене отырып, дайын түрде емес, оқу үдерісінде өз бетінше білім алып жүрсе, онда ол өзінің болашақ кәсіби қызметінде ұқсас әрекет етуге ұмтылады. Шығармашылық ойлайтын мамандарды тәрбиелеу студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту арқылы мүмкін болады. Зерттеушілік құзыреттілігі бар маман нақты ақпаратты белсенді және өнімді талдай алады, дайын, кейде ескірген, алгоритмдер мен фактілерді ғана емес, жаңа неғұрлым тиімді алгоритмдерді, ресурстарды, технологияларды жасай және таңдай алады.

Зерттеу дайындығы кәсіби құзыреттіліктің компоненті ретінде түсінілуі мүмкін бұл қызмет түріне мотивациялық-құндылық қарым-қатынасты, білім беру үдерісінде қалыптасатын және пайда болған кәсіби мәселелерді нәтижелі шешуге дайындықтан көрінетін зерттеу іскерліктері мен дағдыларының жүйесін (ақпараттық-коммуникативтік, эмпирикалық, теориялық) қамтитын интегралдық жеке білім. Білім беру жүйесінде студенттердің зерттеу жұмыстарының келесі негізгі түрлерін атап өтуге болады:

Оқу уақыты аясындағы студенттердің оқу-зерттеу жұмысы;

Студенттердің сабақтан тыс уақытта орындалатын оқу-зерттеу жұмысы. Студенттердің зерттеу жұмысының негізгі түрлері:

- рефераттар, баяндамалар дайындау;
- студенттердің жобалық іс-әрекетке қатысуы;
- зерттеу жұмыстарының семинарларға, байқау-конкурстарына қатысу;
- студенттік конференцияларға қатысу.

Студенттердің зерттеу жұмысы барысында педагогикалық міндеттердің тұтас кешені шешіледі:

- студенттерді өзіндік теориялық және тәжірибелік жұмыс дағдыларына үйрету;
- студенттерде жалпы және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру;
- ұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту. Студенттердің зерттеу іс-әрекеті келесіні қамтиді:
 - оқу және қосымша әдебиеттерді, библиографиялық анықтамаларды, көрсеткіштерді, каталогтар-ды пайдалану;
 - рецензиялар мен түйіндерді құрастыру;
 - хабарламалар, баяндамалар және рефераттар жазу;
 - тақырыптық сөздіктер, кроссвордтар, практикалық (ситуациялық) есептер жасау және құрастыру;
 - презентацияларды жасау;

- плакаттар, буклеттер, жадынамалар ресімдеу;
- көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдарды дайындау;
- ақпараттық пәндердің әртүрлі бөлімдері бойынша интеллект-карталар мен Интернет-экскурсиялар жасау;
- оқыту және іскерлік ойындарға қатысу;
- топтық шығармашылық жобаларды орындау;
- курстық және дипломдық жобаларды орындау.

Қазіргі білім беру жүйесінде дәстүрлі оқытумен қатар басқа да бағыттар қалыптастырылған: проблемалық оқыту; бағдарламалық оқыту; ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясына негізделген оқыту; алгоритмдік оқыту; таңбалы-контекстік түр бойынша дамыта оқыту; жобалық оқыту және т.б.

Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті оқытушы тарапынан мұқият және жоспарлы дайындықсыз, оны жүзеге асыруға қажетті педагогикалық жағдай жасамай ұйымдастырылуы мүмкін емес. Олардың ішінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін оқу орнында оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін құру үлкен маңызға ие. Бұл өзіндік жұмыстың әртүрлі түрлерін орындау бойынша ұсыныстар (аннотация, рефераттар, баяндамаларды дайындау, түсініктермен жұмыс және т.б.); оқытылатын пәннің мазмұнды аспектісін кеңейтетін, оқу құралдарымен жұмыс кезінде студенттердің дербестігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін электрондық оқу құралдарының алуан түрлері; білім беру мекемесінің сайтында студенттердің оқу-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша ақпараттық портал.

Сонымен қатар, студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бұл бағалаудың дұрыс жүйесін әзірлеуді көздейді. Өлшемдер әзірленуі тиіс (студенттердің зерттеушілік іс-әрекетіне мотивациялық-құндылық қатынасы, когнитивті-операциялық білім мен іскерліктер, педагог-зерттеушінің жеке қасиеттері) зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру және қорытынды нәтижені анықтау үдерісінің мониторингін қамтамасыз ететін диагностикалық әдістемелер кешені әзірленді. Атап айтқанда, студенттердің зерттеушілік іс-әрекетіне қамтамасыз ететін диагностикалауды, зерттеушілік іс-әрекетінің табыстылығын, кәсіби-зерттеуші тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін жеке қасиеттерін анықтауды, білік топтарының қалыптасуын өзіндік бағалауды көрсететін студенттер үшін сауалнама парақтары әзірленуі мүмкін.

Дегенмен, бірқатар практикалық зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру және оларды бағалаудың тиісті өлшемдерін әзірлеу мүмкін болады, бұл қандай да бір зерттеу іскерліктерін қалыптастыру кезінде проблемалық аспектілерді объективті анықтауға көмектеседі. Жиынтығында бұл кешен осы үдерістің сапасын, сондай-ақ қиындықтарды және оларды жеңу жолдарын анықтай отырып, зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін басқаруды қамтамасыз етеді. Осылайша, білім беру мекемелерінде зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруды жүзеге асыра отырып, оқу-зерттеу құзыреттілігін меңгеру үдерісі мен нәтижесі ретінде жүйелі түсінуден яғни студенттің тұлғасымен жаңа білім қалыптастырудан бастау қажет.

Сонымен, жоғары оқу орындары студенттерінің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетінің ерекше белгісі ретінде оның субъективті – тек жаңа ғана емес, өзіндік алған білімді алуға бағытталуы, нақты студент үшін жаңа және жеке маңызды болып табылады. Жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті білім беру, дамыту, қызмет, ынталандырушы функцияларды жүзеге асырады. Білім берудің құзыреттілік парадигмасы аясында, жоғары оқу орындарының студенттері зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру, ең бастысы, болашақ маман тұлғасының тән қасиеті ретінде студенттердің ғылыми-танымдық және зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Әдебиеттер

1. Байтукаева А.Ш. Становление и развитие научно-исследовательской работы студентов в системе высшего образования Казахстана (1928-1986г.г.): автореф. канд. пед. наук. – Алматы, 2002. – 22 с.
2. Берлайн Д. Мотивация поведения личности. – М., 1996. – 206 с.
3. Бидайбекова Т.Н. Влияние интеграции учебной и исследовательской деятельности аспирантов на эффективность подготовки научно-педагогических кадров: автореф. канд. пед. наук. – Алматы, 2001. – 26с.
4. Баймукашева Г.К. Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. дис. – Атырау, 2010.– 140 б.
5. Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога. – 3-е издание. -М.: Академия, 2010. – 170 с.
6. Исаева З.А. Формирования профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: дис. ... док. пед. наук. -Алматы, 1997. – 301 с.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Әлім Г.Ә.

Атырау инженерлік гуманитарлық институтының колледжінің ғылыми әдістемелік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары, мектепке дейінгі тәрбие маманы,
gulmira.alim@mail.ru

Барлық балалар ойнауға құқылы. Барлық балалар жалғыз немесе достарымен ойнауға, зерттеуге, күлуге және рақат алуға уақыты мен мүмкіндігі болуы керек. Ойын ойнауда балаға қолдау көрсету және ынталандыру арқылы ересектер балалардың дамуына, әлемді тануына көмектесе алады.

- Ойын балаларға дене дағдыларын дамытуға және дені сау болуға көмектеседі.
- Ойын балаларға эмоционалдық тұрғыда тұрақты болуға көмектеседі. Бұл оларға өздерін бақытты сезінуге көмектеседі және әртүрлі эмоцияны көрсетуге үйретеді, болашақтағы қиыншылықтар мен стресс жағдайларын жеңуге көмектеседі.
- Ата-аналарымен ойын ойнау балаларға ата-анасымен жақын қарымқатынас орнатуға және олармен достасуға көмектеседі. Ата-аналары балаларымен бірге ойнаған кезде бұл оларды жақындатады, балаларда қорғалған сезімін тудырады.
- Ойын балаларға білім алуға, ойлау, мәселені шешу және шешім қабылдау секілді ақыл-ой дағдыларын дамытады.
- Ойын балаларға тіл және коммуникациялық дағдыларды дамытуға көмектеседі.
- Ойын балалардың тапқыштығы мен көз алдына елестетуін дамытады, оларды қиялдауға үйретеді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагог мамандығының мәртебесін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделіндегі педагогтер өз ұйымдарындағы өзгерістердің агенттері болуға тиіс. Ол үшін білім беру процесін ұйымдастырушыдан баланы дамыту мен оқыту процесінің фасилитаторы рөліне өз рөлін өзгерту қажеттілігі талап етіледі. Педагогтер үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және күнделікті жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай – ақ педагогтер ретінде көруі тиіс. Педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды.

Педагог сабақтар мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік

беру ұсынылады.

Балабақшаға баланың келген сәтінен бастап, үйге қайтқанға дейінгі іс-әрекетті жоспарлау мен ұйымдастыру жұмыстары зерделену қажет. Баламен жеке жұмыс жасағанда, оның қызығушылығы мен қажеттілігі ескеріліп, ойын арқылы оқыту процесін ұйымдастыру үшін циклограмманың режимдік сәттеріне өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды. Бұның барлығы әрине үлгілік оқу бағдарламасынан бағытымен жоспарлануы қажет. Балабақшада мінез -құлқы жағынан әртүрлі балалар болады. Соның бірі ұялшақ бала.

Басты мақсат – ойынды бағыттау және басқару емес, одан шет қалмай, баланы осы қызықты іс-әрекетке баулу, одан толық өз бетінше ойнауға құштарлығы мен қабілетін арттыра отырып, ұяшақтықтан арылту.

Бұл бағытта циклограмма аясында, «Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)» бөліміне зерделеу жұмысы жүргізіліп, жақсарту үшін өзгеріс енгізіледі.

Бөлімде- балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар қызметі (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, кітап қарау, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады.

4 жастағы ұялшақ балаға зерттеу жұмысын қалай жоспарлау қажет? Ұялшақ, тұйық баланы топ ішінен қалай білуге болады? Бұл бала табиғатынан үндемейді, құрдастарына араласа алмайды, бір нәрсе айта қалсаң қорқып кетеді, сөйлегенде ешқашан бетіңе тура қарай алмайды, тіпті қарапайым сұрақтардың өзіне әрең жауап қайтаруы өте төмен болады. Өз пікірін айтуға жасқаншақтанады. Баланың осындай белгілерін байқағаннан кейін, ортаға, топқа араластыру үшін оның қолынан келетін істі беріп, әрекет етуге бағыт-бағдар берілу керек.

Жұмысты жүргізу үшін Көркем әдебиет сабағындағы М. Төрежановтың «Мен оны кешірдім» әңгімесіне «Менің досым» дидактикалық ойынын енгізіп, циклограммаға өзгеріс жасауға болады.

Smart мақсаты: Әңгімелесу арқылы ауызша сөйлеу, сұрақтарға жауап беру дағдысы, еркін сезіну қабілеті мен достық туралы түсінігі қалыптасады. Тұлғалық қасиеті мен белсенділігі дамиды. Достық сезімді сезіне білуге тәрбиеленеді.

Күтілетін нәтижесі: Әңгімелесу арқылы ауызша сөйлеу, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыра алды. Достық сезімді сезіне алды. Тұлғалық қасиеті мен белсенділігі дами бастады.

Бұл әрекеттерді қалай жүзеге асырамыз? Ойын міндеттері мен әрекеттері бір нәрсені болжайтын болғандықтан, баланың ойындағы бастамасын қолдауға бағыттау ретінде Педагогтің жетекшілігімен «Менің досым» дидактикалық ойынын «Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)» бөліміне енгізе отырып, жетелеуші сұрақтардың көмегімен ойын тапсырмалар арқылы әңгімеге тартқан жөн.

1-тапсырма. Қасындағы Досың туралы әңгімеле. Педагог баламен жеке жұмыс жүргізе бастайды. Баламен әңгімелесе отырып, кіммен дос болғысы келеді? Кім ұнайды? Кім болғың келеді? Қандай ойынды ұнатасың?

Сенің ең жақын досың кім?

Оның жас нешеде?

Досың қайда тұрады?

Неліктен сен оны жақын досым деп санайсың?

Досыңмен тату ойнайсың ба?- Деген сұрақтар қойылды.

Достарымен бірге суреттерді көрсете отырып, сұрақтар қою арқылы ұялшақ баланың миына шабуыл беріп, ой қозғау жүреді. Бұл әңгіме арқылы ұялшақ бала досы туралы жылы лебізін анық, асықпай, үзіліспен байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасып, әңгімелеуге тырысқан белсенділігін байқауға болады. Ойын әрекеті кезіндегі баланың сөйлеу белсенділігі

бастапқы қалыптан орта дәрежеде болды. Және де педагогтің меңгертіп отырған білімін ықылспен тыңдауы да назар аудартуы мүмкін.

Ұялшақ баламен бақылау жұмысын әрі қарай жалғастыру үшін ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық бөлімі режимдік сәтін жоспарлау жүргізіліп өзгеріс жасауға болады. Циклограмманың бұл бөлімінде: Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекетке байланысты дайындық жұмыстары жүргізіліп, баланы ортаға бейімдеу үшін жұппен (яғни, досымен) жұмыс жасауда еркін ойынды пайдалануға болады.

Smart мақсаты: Қисынды ой қабілетін дамытады. Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді. Ойынға белсенді түрде қатысады. Бірі біріне деген достық сенімі артады.

Күтілетін нәтиже: Қисынды ой қабілетін дамыта алды. Өздігінен жұмыс істеуді үйрене білді. Ойынға белсенді түрде қатыса алды.

Енді әрі қарай қалай жүзеге асыру болады ?

Әрине, тапсырмалар беру арқылы. 2-тапсырма. Алынған ойындар

Не «болар еді...?», «Мен не

істер едім, егер...?» деген сұрақтарға негізделеді.

Ойын басында ұялшақ бала балалармен қарым-қатынасқа түсуден қашқақтап, ешкімнің өзіне жақындамауын, тиіспегенін жақсы көріп тұрғанын байқауға болады. Ал, жоғарыдағы ойын баланы өз іс-әрекеттеріне сенімді етіп, күшіне сендіріп үйретуге, өз ойын, көзқарасын дәлелдеп шығуға дағдыландыратын ойындардың бірі. Сондықтан, балада ұялшақтық қиялы бәсеңдіктен, ойлау қисынының толық дамымауынан, баяу қимылдың әсерінен болып жатқандықтан, ақыл-ойды дамытуға көңіл аударуды жөн деп санап, ойын -тапсырма бойынша толық жауап алуға тырысып, «Бес саусақ» әдісін де пайдаланып жіберсеңіз болады:

Бас бармақ – өзімді қалай сезіндім?

Балаң үйрек – басқаларға көмегім тиді ме?

Ортан терек – бүгінгі көңіл күйім қандай болды?

Шылдыр шүмек – бүгінгі сабақ ұнады ма?

Кішкентай бөбек – бүгін не үйрендім?

Қасындағы пысық досынан қалып қоймау ниетте бақылаудағы баланың бойында сыни ойлауына, мүмкіндік беріліп, тапқырлық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттері қалыптаса бастады. Сонымен қатар баланың бойында ситуацияны шешуге деген құлшыныс пайда болып, Ойын барысында жұптас досына күлу, құшақ жаю жағымды эмоциялық әсерін білдіру ұшқынын да сезілуі мүмкін. Ойын барысында құрбысымен жағымды қарым қатынас орнатуы жоғары деңгейде болды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, ұялшақ бала өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, ашылып, бір-біріне деген достық сенімін арттырды. Ұялшақтықты жеңудің бірден бір жолы «Мадақтау» болғандықтан ойын үстіндегі баланы белсендіріп, «Жарайсың» деп, Бас бармақпен бағалау берсеңіз болады.

Рефлексия: Режимдік сәттерге өзгеріс енгізе отырып, Баланың үнін тыңдап, оның ішінде ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя білгенде, оқытудың нақты орындалатын, өлшенетін мақсатына жетуге болатындығын зерттеу үдерісінде көрінеді. Баланың қажеттілігі мен мүмкіндіктерін, оның психофизиологиялық және жас ерекшелігін ескеріп, баланың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына ықпал ете аласыз.

Бақылау барысында баланы ортаға бейімдеу, белсенділігін арттыру сәтті жүзеге асырылды.

Бұның нәтижесінде: ұялшақ бала ауызша сөйлеу, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыра алды. Достық сезімді сезіне білді. Тұлғалық қасиеті мен белсенділігі дами бастады. Қисынды ой қабілетін дамыта алды. Өздігінен жұмыс істеуді үйрене білді. Ойынға белсенді түрде қатыса алды.

Сондықтан балабақшада орындалатын мақсатпен жұмыс жасағанда ғана нәтижеге жетуге болады.

Әдебиеттер

1. Berk, LE. Балаларды дамыту. 8-ші жазба. АҚШ: Pearson Education, Inc; 2009 ж.
2. Shute, RH & Slee, PT. Балаларды дамытудың теориясы және сыни көзқарастары, екінші басылым. Нью-Йорк: Routledge; 2015
3. Стассен КБ. Өмір сүру арқылы дамушы адам. 10-шы шығарма. Нью-Йорк: құнды баспагерлер; 2017.
4. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Бірлескен оқу. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген V- құрал. - Алматы, 1998.
5. Мыңбаева А.К., Садвакасова З.М. «Оқытудың инновациялық әдістері, немесе сабақты қалай қызықты өткізуге болады»: Оқу құралы. – Алматы, 2010.
6. Маслоу А. Мотивация и личность. - СПб

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Туленова У.Т.

Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті
қауымдастырылған профессор, п.ғ.к.

Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анықтап көрсетілген [1].

Әлемдік тәжірибе мен ұлттық практикаға сүйеніп жасалған бұл ресми құжатта әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген, олар: өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін проблеманың шешімін табу құзыреттілігі; ақпараттық құзыреттілік; білімді игерумен бірге жүретін коммуникативтік құзыреттілік.

Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады.

Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, мектеп оқушыларына білімді өз бетінше еңбек етіп алатындай күйге жеткізе алатын, өзі де осы аталған құзыреттіліктерді меңгерген, кәсіби – дидактикалық құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімдер даярлау міндеті тұр.

Білім беруді қоғамның әлеуметтік – экономикалық құрылымынан, тарихынан, оның мәдени құндылығынан, ұлттық дәстүрінен, діни негіздерінен бөліп қарау мүмкін емес. Білім берудің дамуы, оның сапалы жаңа деңгейге көтерілуі – бұл қоғамда кеңінен талқылану негізінде шешілетін саяси және жалпыұлттық міндет. Адамзат өмірін зиялыландыру, тұлғаның ішкі және кәсіби біліктілігін кеңейту, адамның бастапқы шығармашылық іс - әрекетін мадақтау, ақпараттық ағым екпінінің артуы, көлемді ақпараттарды жедел қабылдау және өңдеудің қажеттілігі ғасырында білім беру жүйесін жетілдірудің, үздіксіз нәтижеге бағдарланған құзырлы білім алу үшін жағдай жасауға бағдарлануының өзектілігі арта түседі.

Қазақстанның жарқын болашаққа ұмтылуы және оған жету жолдарының нышандары бүгінгі қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларынан көрініс табуда. Солардың бірі - әлеуметтік орны мен атқарар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесі. Олай дейтініміз бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына ғана қатысты

емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күйіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады.

Осы кезге дейінгі еліміздегі білім жүйесі бұрынғы әдіснама, құрылым мен фактологиялық мазмұн күйінде қалып, отандық білім саласының әлемдік білім кеңістігіне кірігуін, оның бүгінгі өмірдің өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруын, жаңа инновациялық өзгерістердің енгізілуін тежеп келді. Сондықтан білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын мәселелер төңірегінде түбегейлі өзгерістер жасалуда. Қазіргі уақытта руханилық пен адамгершілікке негізделген, демократия мен гуманизм ұстанымдарына сәйкес, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа құндылықтарын ретке келтірудің жолдары іздестіріліп, қазіргі білім философиясына сәйкес әлемдік білім кеңістігіне енудің қазақстандық үлгісін жасау жүзеге асырылуда.

Білім философиясы адамның мәдени ортада интеллектуалдық және адамгершілік жағынан дамуын, бұл үдеріске білім беру жүйесінің әсерін қарастырады. Білім философиясы білімдік үдерістегі барлық құбылыстардың мәні мен табиғатын, яғни білім деген не (білім онтологиясы); ол қалай пайда болады (білім логикасы); білімдегі құндылықтардың табиғаты мен қайнар көздері қандай (білім аксиологиясы); білімдік үдерістің қатысушыларының өзара әрекеттестікте мінез – құлықтары қандай болуы тиіс (білім этикасы); білімдік үдеріске әсер етудің әдістері қандай болады (білім әдіснамасы) сияқты түйткілді мәселелерді зерттейді [2].

Білім онтологиясы «білім» ұғымына тұлғаның мінезінде байқалатын оның игілігі деп қарайды. Ол субъектінің психикасында орналасқан, оның жеке мәдениетіне қатысты, басқа адамдармен қарым – қатынаста, әлемді тануда, жеке тәжірибе жинақтау барысында қалыптасады. Білім адам дамуы жүретін ортаға байланысты және ол жеке мәдениеттің ішкі құрылымы болып табылатын күрделі жүйе ретінде танылады.

«Білім, білім беру» түсініктеріне деген осындай жаңаша көзқарас бұл бағыттағы барлық әрекеттердің мазмұны мен мақсатын өзгертеді және жаңа бағдарлар іздеуге қадамдар жасауға негіз болады. XX ғасырдың аяғындағы және XXI ғасырдың басындағы Қазақстандағы әлеуметтік ақиқат бұған айқын дәлел.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін дайындаудың негізгі мақсаты – олардың бастауышта оқытылатын пәндерді теориялық жағынан терең білуімен қатар, мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес оларды оқытудың мақсаттары мен міндеттерін анық түсініп, оқушылардың олардан қаншалықты білім, білік және дағдысының болуы керектігін білуі және әр пәнді оқытудың әдістемесін жетік меңгеруін қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіне ену қарсаңында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда біз жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуге жағдай туғызатын әлемдік тенденцияларға назар аударамыз. Осы бағытта 2010 жылы Дакарда (Сенегал) білім беру мәселелері бойынша өткен бүкіләлемдік форумда 2025 жылға дейін барлық балалардың сауаттылығын, есептей білуін және оқушыларға өмірлік дағдыларды қалыптастыру үшін базалық білім беру сапасын арттыру мен жоғары үлгерімді қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Осыған орай педагогикалық жоғары оқу орындарының алдында бастауыш сынып оқушысының ұлттық сана – сезіммен, рухани мәдениетімен сабақтасқан отаншылдық ұстанымдары берік, ғылым негіздерімен қаруланған жеке тұлға болып қалыптасуын жүзеге асыра алатын кәсіби-дидактикалық дайындығы жоғары деңгейдегі мамандар дайындау жолдарын қарастыру міндеті тұр.

Мектепте оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастырушы және жүзеге асырушы тұлға – педагог. Оның тұтас педагогикалық үдерістегі атқаратын қызметі оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру. Соның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқушының сауатын ашу, тілін, ойын дамыту, оқу - танымдық мәдениетін қалыптастыру, бастауышта оқылатын пәндердің әрқайсысының өзіндік ерекшелігіне сәйкес оқыту әдістерін, педагогикалық технологияларды іріктеу сияқты басты дидактикалық міндеттерді де шеше білуге бағыттау керек.

Біртұтас педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыстағы интеграцияланған сабақтарды ұйымдастыра және өткізе білуі болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуының бір көрінісі деп есептейміз.

Біз Ш. Таубаеваның [3] тұжырымдамасына сүйене отырып, болашақ мұғалімнің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы ғылыми–теориялық әдебиеттерді талдау зерттеу мәселесінің біртұтас педагогикалық үдеріс ерекшеліктерімен тығыз байланысты деген қорытынды жасадық. Бұл теорияға әдіснамалық тұрғыдан келу оны мұғалімнің кәсіби – дидактикалық құзыреттілігінің негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік жасады.

Кәсіби-педагогикалық әрекет педагогикалық үдерістің бір бөлігі болғандықтан, біздің ойымызша, мұғалімнің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің негізі болып табылады.

Осыған байланысты, педагогикалық жоғары мектеп алдында педагогикалық міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті кәсіби құзыретті педагог дайындау міндеті тұрғаны айқын. Олар төмендегі педагогикалық міндеттерді шеше алатындай болуы керек:

- рефлексивті-талдау (тұтас педагогикалық үдерісті, оның элементтерін, туындаған қиындықтарды талдау және қорытынды жасау т.б.);

- жобалау – болжау (тұтас педагогикалық үдерісті құру, жоспарлау, нәтижені және алынған шешімдердің салдарын болжау);

- ұйымдастырушылық - әрекеттік (оқу-тәрбие үдерісінің әртүрлі нұсқаларын іске асыру, педагогикалық қызметтің әралуан түрінің сәйкестігі);

- бағалау – ақпараттық (педагогикалық жүйенің даму болашағы туралы ақпарат жинау, өңдеу, сақтау және оны бағалау);

- түзету – реттеу (педагогикалық үдеріс ағымын түзету, қажетті коммуникативтік байланыстар орнату, оларды реттеп отыру және қолдау) [4].

Бүгінгі таңдағы қоғам өмірінің барлық саласындағы өзгерістер, қандай саладағы болсын атқарылар істің нәтижеге бағдарлануы еліміздегі білім беру саласына да өз әсерін тигізуде. Мектептегі білім беру ісі заман талабына сай болу үшін педагогикалық ғылымдардың жетістіктерін өз тәжірибелерінде қолдана білетін, шығармашылықпен ойлайтын, өзінің кәсіби қызметіне талдау жасап, дамыта алатын мұғалімдер қажет. Жоғары оқу орындарының алдында тұрған маңызды міндет осы талаптарға сай мұғалімдер дайындау болып отыр.

Нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесіне көшу – педагогикалық кадрларды кәсіби дайындаудың мақсатын, мазмұнын және ұйымдастыру технологиясын жаңа белеске көтеріп, одан әрі жақсартуды талап етіп отыр.

Қазіргі заманғы бастауыш сынып мұғалімін кәсіби дайындау деп мұғалім бойына уақыт талабына сәйкесті математикалық, тілдік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білім мен біліктер жиынтығын қалыптастыруды түсінеміз.

Сонымен қатар Білім туралы заңда көрсетілгендей педагог өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруі; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуі; білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуі; білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуы; өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруы үшін оның коммуникативтік құзыреттілігі тиісті дәрежеде қалыптасқан болуы шарт.

Бұл бағытта педагогика, психология ғылымдарында жүргізіліп жатқан зерттеулер баршылық.

Е.И. Исаевтың пікірінше, педагогикалық білім берудің жетекші идеясы машықтанған мұғалімді дайындау, ал мұғалім педагогикалық жұмысты кәсіби түрде құрастыру әдістерін меңгеруді үйрену және өзіндік түпнұсқалық әдістемелерді және құралдарды дайындауы керек. Кәсіби мұғалімнің оқу пәнін меңгертудегі мақсаты – оқушыларды дамыту болуы тиіс. Ол шығармашылық міндеттерді шеше алатын күрделі оқу жұмысының, оқушылардың ойлау

машығын қалыптастыруының, көп өлшемді сананың, тарих пен мәдениетте өзін-өзі көрсете білу қабілеттілігінің ұйымдастырушысы болуы керек [5].

Педагогика ғылымында болашақ мамандыққа кәсіби даярлау мәселелерін шешуде О.А. Абдуллина, Ю.Т. Азаров, Ш.А. Амонашвили, С.А. Архангельский, В.И. Загвязинский, Н.В. Кузьмина, А.И. Пискунов, В.А. Слостенин, Н.Ф. Талызина және т.б. ғалымдар еңбектері арналған.

А.И. Щербачков еңбектерінде мұғалім тұлғасын қалыптастыру мәселелерінің психологиялық аспектілері, яғни оқу және тәрбие жұмысының әртүрлі формасы кезіндегі болашақ мұғалімнің мінезінің, кәсіби білігі мен дағдысының қалыптасуы қарастырылады. Оның зерттеулерінде жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімді кәсіби дайындауды жетілдіруді жүзеге асыру жолдары ұсынылады. Ол терең білім, жоғары мәдени деңгей, биік моральдық сапа, қатаң мінез, жоғары танымдық белсенділік, өз бетінше шешім қабылдай білу, педагогикалық қабілет және шеберлікті тұлғаның негізгі құрылымы ретінде бөліп көрсетеді.

А.И. Щербачковтың пікірінше, мұғалімнің атқаратын қызметінің жан – жақтылығы педагогикалық қабілетінің молдығына сәйкес болады. Солардың бірі - баланы «көре білуі», оның психикалық әрекетін басқара алуы [6].

Н.В. Кузьминаның еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық құрылымына сипаттама беріледі. Ол барлық студенттің педагогикалық мамандыққа бағыттылығын және педагогикалық икемділігін қалыптастыруды педагогикалық меңгерудің маңызды міндеттерінің бірінен санайды. Сонымен қатар маман дайындаудың тиімділігін арттыру үшін студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекетінің құрылымына икемдей отырып, мұғалім тұлғасын қалыптастыру үдерісін қарастырады. Педагогикалық қабілетке ол педагогикалық байқампаздық, педагогикалық қиял, педагогикалық такт, назар аударып, көңіл қою және талапшылдықты жатқызады [7].

Ф.Н. Гоноболдин мұғалім қызметінің табысты болуы үшін педагогикалық әдеп, оқушыны түсіне білу, оқушыларға оқу материалдарын жеңіл де түсінікті тілмен баяндай алу, олардың оқуға ынтасын арттырудың жолдарын білу, өз жұмысының нәтижесін болжау, сондай – ақ болуы мүмкін қателіктер мен қиындықтардың алдын алу сияқты маңызды қабілеттер қажеттігіне тоқталады. Сонымен қатар ол мұғалімнің педагогикалық әдеп, пәнге деген қабілеттілігі, адамдарды сендіру қабілеттілігі, шығармашылық жұмысқа қабілеттілігі, педагогикалық жағдаяттарды тез түсіну және өзін онда икемді ұстау, оқушыларды ынталандыру қабілеттілігі, еңбек нәтижелерін алдын ала болжау қабілеттілігі сияқты ең маңызды кәсіби-тұлғалық ерекшеліктерін бөліп көрсетеді [8].

В.А. Слостенин өз зерттеулерінде мұғалімнің маңызды кәсіби сапаларын және оның кәсіби дайындығының құраушыларын анықтау мәселелеріне талдау жасайды [9]. Ол мұғалімнің тұлғалық сипаты мен қасиетіне байланысты кәсіби – педагогикалық және танымдық сияқты екі бағытын бөліп қарастырады. Кәсіби – педагогикалық бағытқа балаларға деген сүйіспеншілік, педагогикалық жұмысқа қызығушылық, психологиялық – педагогикалық қырағылық, байқампаздық, педагогикалық қиял, талапшылдық, ұйымдастырушылық қабілет, педагогикалық такт, әділеттілік, тіл табысқыштық, тұрақтылық және мақсатшылдықты жатқызады.

П.Я. Гальперин еңбектерінде іс-әрекеттің психологиялық құрылымы туралы жалпылама көзқарас негізінде педагогикалық іс – қимылдың құрылымы қарастырылады. Олар: 1) оқушыларды алдағы жасалатын іс - әрекетке ынталандырып, қызығушылық туғызу; 2) мақсатты орындауға дайындық; 3) іс - әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті білім, біліктерін тексеру; 4) іс - әрекеттерді ұйымдастыру; 5) білім, білік және дағдыны бекітуге арналған жаттығулар; 6) іс - әрекеттің орындалуын бағалау және нәтижесін тексеру, оған оңды қарым – қатынас қалыптастыру [10].

Бастауыш сынып мұғалімі оқыту мен тәрбиелеу ісін ұйымдастырушы ғана емес, балаға серік, дос, сырлас, кеңесші қызметін де атқарады. Нәтижесінде жеке тұлғаның өзіндік пікірі, қоршаған ортасына құрметпен қарау көзқарасы қалыптасып, таным қабілеті ашылады. Оқушы

тұлғасын қалыптастыруға бағдарланған білім беру мұғалім тарапынан әр оқушының өзіндік жақын даму аймағында дербес қабілетін дамытуға түрткі болу, оларды алған білімін кәдеге асыратын практикалық әрекеттерге баулу, оқушының қолынан келетін істерін қолдау сияқты қиын проблемаларын шешуге көмектесу арқылы жүзеге асады. Осы арқылы оның кәсіби әрекеті қалыптасады.

Кәсіби әрекет – адамның рухани және материалдық, жеке, қоғамдық қажеттіліктеріне жауап беретін, нәтиже алуға бағытталған адамның белсенді әрекеті. Кәсіби әрекет құрамына жалпы әрекеттің құрамындағы мотивтер, мақсаттар, құралдар, әрекеттің тәсілдері мен түрлері, алынған нәтижелер мен өнімдер енеді. Кәсіби әрекет осыған сәйкес адамнан кәсіби білімді, арнайы дағдылар мен кешенді біліктерді және маңызды кәсіби сапаларды қажет етеді.

Бастауыш сынып мұғалімі тек бір пәннен сабақ беріп қоймайды, Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес бастауышта оқытылатын барлық пәннен сабақ беретіндіктен, ол осы пәндердің ғылыми - теориялық негізін, мақсаты мен міндеттерін, әдістемесін, әр пәннен оқушыға берілетін білім, білік, дағдыларға қойылатын талаптарын, пәнаралық байланыс теориясы мен әдістемесін жақсы меңгеруі керек.

Сондықтан қазіргі дидактикадағы көптеген инновациялық бағыттар ішінен біз мұғалімнің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде белсенді оқыту әдістері мен педагогикалық технологияларды алып отырмыз.

Мұғалімдердің жеке тұлғалық және маңызды кәсіби сапаларын қалыптастыру (В.А. Сластенин, Л.Ф. Спирин, Н.Д. Хмель, Э.А. Гришин, Ф.Н. Гоноволин және т.б.), студенттердің профессионалды педагогикалық бағытының тәрбиесі мен дамуы, оқу-тәрбие үдерісіндегі болашақ мұғалімнің іс-әрекет жүйесі мен педагогикалық практика кезіндегі мамандыққа қызығушылығы мен бейімділігі (Б.Р. Айтмамбетова, В.Г. Максимов, А.Ф. Мененко және т.б.), мәселелері ғылыми зерттеулерде қарастырылған.

В.А. Сластенин мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігінің өзегі жүйелік антропологиялық білім болады деп көрсетеді. Мұнымен бірге ол педагогикалық қызметтің процессуалды және мазмұнды компоненттерінің арасындағы қайшылықты айқындайды. Егер педагогикалық қызмет көпшілікке арналған болса, онда ол біршама типтік басқару жүйесін талап етеді. Егер педагогикалық қызмет шығармашылықты болған жағдайда, онда әр педагогтың өзін іс жүзінде көрсету мүмкіншілігін тудыруды, яғни мұғалімнің жеке тұлғалық шығармашылығын табуды және қалыптастыруды ұйғарады. Осыған байланысты В.А. Сластенин педагогикалық жоғары оқу орындарында біз мынадай әрекет жасаймыз деп қорытындылайды: «типтік, тұрақты құрылымның негізінде шығармашылықты педагогикалық жеке тұлғаны дамытуға тырысамыз, бірақ шын мағынасында онымен айналыспаймыз. Осы жағдайда педагогикалық білім берудің тұлғалы-бағдарламалық технологиясын жасау өте өзекті болады» [11].

Теориялық материалдың мазмұны әдетте практикалық жаттығуларды орындаумен, жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларының қалыптасуымен, өз бетінше жұмыстануының дәрежесімен тікелей байланысты болады. Барлық оқу жұмысының жүйесі балаларда ойлау әрекетінің қалыптасуын қамтамасыз ететіндей болып құрылуына ерекше көңіл бөлу керек. Оқу материалының мазмұны төменгі саты оқушыларының адамгершілік, яғни бала бойына жинақылық, тәртіптілік, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндіктер жасайды.

Жалпы алғанда бастауыш білім беру мазмұны:

- баланың жан – жақты дамуын;
 - танымдық қызығушылығын және белсенділігін дамытуды;
 - орта және жоғары сыныптарда оқуды жалғастыруға дайындығын қамтамасыз етуі тиіс.
- Бастауыш буында оқушының меңгеруге тиіс білімінде мыналарды бөліп айтуға болады:

- фактілер;
- баланың көрнекі – бейнелік ойлау деңгейінде қалыптасатын ақиқат нысандар мен

құбылыстар;

- сөздік – логикалық талдау мен дәлелдеу нәтижесінде қалыптасқан теориялық ұғымдар, түсініктер.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «бастауыш білім берудің мақсаты түйінді және пәндік құзыреттерді кіріктіру жолымен, сондай-ақ білім берудің базалық мазмұнында белгіленген білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау үшін негіз болып табылады. Түйінді құзыреттерге: ақпараттық құзырет; коммуникативтік құзырет; проблемалардың шешімін табу құзыреті жатады» делінген, яғни жалпы орта білім беру мазмұны әрбір оқушының жеке ерекшеліктері ескерілген білім беру нәтижелері түріндегі құзыреттіліктер жиынтығын игеруіне бағдарланған.

Түйінді құзыреттер пәнаралық сипатта қабілет ретінде ең алдымен қалыптасады және оқу пәндері арқылы әрбір білім беру салаларындағы орнына сәйкес дамиды.

Пәндік құзыреттер білім беру салаларының мәні мен орнын анықтайтын мақсат болып табылады және пәнаралық сипаттағы күтілетін нәтижелерді қарастырады; оқу пәндерінің мақсаттары мен міндеттерін айқындауға бағдар береді.

Пәндік құзыреттер білім алушылардың кең ауқымды әрекеттерін қамти келе, олардың келесідей қабілеттерін сипаттайды:

- қоғам қажеттілігіне сай ана тілінде және басқа тілдерде қарым-қатыныс жасауға ынталы болуы;

- кең ауқымды мағынада математикалық сауаттылыққа ие болу, сонымен қатар жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана білуі;

- адамның табиғаттағы ролі мен орны тұрғысынан әлемнің ғылыми сипатын түсінуі;

- өз халқының өткен тарихын білу, отбасында, қоғамдастықта және басқа адамдармен қарым-қатынаста жалпыадамзаттық және әлеуметтік мәдени құндылықтарға өз көзқарасын білдіре білуі;

- қазақ халқының мәдениетін, Қазақстан халықтарының және әлемнің мәдени көптүрлілігін түсіну және бағалауы;

- өзінің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін өзін-өзі билеуге және кәсіби өсуге ынталы болуы;

- өзінің дене күш қуатын, ақыл-ой қабілетін және жалпы өмірлік әрекетін жоғары деңгейде ұстап тұру үшін салауатты өмір салтын сақтауы жатады [12].

Осындай асқаралы міндеттерді жүзеге асыру үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың негізгі бағыттары айқындалды. Егер мектеп алдында оқушының түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру сияқты әлеуметтік міндет тұрса, онда әр мұғалімнің кәсіби – дидактикалық құзыреттілігінің қалыптасуы да сондай қажеттілік, яғни ХХІ ғасырда мұғалім бойынан ақпараттық, коммуникативтік, проблемалардың шешімін табу құзыреттерінің табылуы міндетті.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби – дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруда нәтижеге жету төмендегі шарттарды қамтиды:

- еліміздің экономикалық, мәдени, саяси дамуы әлемдік білім кеңістігіне шығуына мүмкіндік беру тиіс;

- қоғам мен ғылыми – техниканың өте қарқынды дамуы білім деңгейіне байланысты;

- дәстүрлі білім беру әдістерінің бүгінгі күн талабын қанағаттандыра алмауы оқытудың жаңа технологияларын іздестіріп, оны жетілдіріп отыруды талап етеді.

Сонымен, бүкіл әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайында жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің кәсіби – дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру мынадай қажеттіліктерден туындайды:

- мұғалімдердің коммуникативтік құзыреттілігі әлеуметтік сұранысқа сай заңды құбылыс, өйткені тұтынушылар жоғары деңгейде сапалы білім беру мектептерін таңдауға мүмкіндік алады, мектептердің бәсекеге қабілеттілігі жоғарылайды;

- сапалы білім беру, мұғалімдердің кәсіби біліктілігі – сол мектептің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші, түлектердің білім сапасында, тәрбиесінде, жаңа ақпараттық технологияны меңгеруінде, олардың бойынан пәндік және түйінді құзыреттердің көрініс табуында бір мектеп пен екінші мектеп арасында айырмашылық болады;

- жаһандану үдерісінде өркениетті мемлекет құрудың, ғылым мен білімді жетілдірудің, озық техника мен технологияны меңгерудің дәрежесі мұғалімнің коммуникативтілігіне тікелей байланысты.

Еліміздегі әлеуметтік - экономикалық өзгерістерді және соған байланысты білім беру жүйесіне, қойылып отырған талаптарды қарастыра келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әлеуметтік - экономикалық алғышарттары айқындалды:

1. Отандық білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуы, еліміздегі жалпы орта білім берудің 12 жылдық жүйеге көшуі.

2. Білім берудің еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылуындағы басым бағыттардың бірі болуы.

3. Білім сапасының жоғары деңгейінің талап етілуі және білім алушылардың кәсіптік қабілеттері мен құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі.

4. Білім беруді ақпараттандыру, интернет, оқытудың инновациялық технологияларының, қашықтықтан оқыту жүйелерінің енуі.

5. Білім беру жүйесін нарықтық экономика жағдайына бейімдеу, оны жергілікті еңбек рыногының талаптарына, қоғамдық әлеуметтік сұраныстарға сәйкестендіріп дамытуға қойылып отырған талаптар.

6. Жеке тұлғаның сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, нәтижеге бағдарланған білім берудің талап етілуі.

7. Еліміздің инновациялық, индустриялық одан әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекетіміздің күш – қуатының негізі, ұлттық қауіпсіздігіміздің кепілі, қоғамдық дамуымыздың және оны сапалық деңгейге көтерілуінің көрсеткіші болып табылатын білім жүйесінің, адам капиталының мәні мен маңыздылығының барынша артып отырғаны.

Сонымен, әлеуметтік-экономикалық шарттар бастауыш сыныптың болашақ мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың бүгінгі және болашақтағы даму бағыттарын белгілеуге септігін тигізді:

- бастауыш сыныптың болашақ мұғалімдерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қоғамның әлеуметтік - экономикалық талаптарын, ақпараттық – коммуникациялық, мәдени, тарихи ерекшеліктерін, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды ескерумен анықталады;

- қоғамдық – экономикалық қатынастардағы өзгерістер: нарықтық қатынастарға өту, ашық демократиялық қоғам құру талаптары өз кезегінде өскелең жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру жүйесінің ұстанымдарына, мазмұны мен құрылымына айтарлықтай жаңалықтар ендіруді қажет етеді;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда әлемдік білім стандарттарына сәйкес инновациялық технологияларды, білім берудегі дәстүрлі, тұрақтанған ұлттық құндылықтарды арқау еткен үлгідегі жаңашыл технологияларды қолдана білу;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау мазмұны – оқушылар бойына түйінді және пәндік құзыреттерді кіріктіре отырып қалыптастыруға бағытталуы шарт.

Ғалымдар мұғалімге қойылатын бірінші талап оның қабілеті болуы дейді [13].

Педагогтік қабілет – оқушылармен жұмыс жасауға икемділігін білдіретін жеке бас сапасы, балаларға деген сүйіспеншілік, олармен жұмыс істеуден ләззат алу. Педагогтік қабілет кейде әдемі сөйлеу, ән айту, сурет салу, ұйымдастыра білу сияқты нақты әрекеттермен шектелетіні жиі кездеседі.

Қабілеттің басты түрлері:

Ұйымдастырушылық – жұмысты жоспарлау, оқушыларды біріктіру, оларға міндеттер бөлу, тапсырмалар беру, жасалған жұмысты қорытындылау т.б. кезінде көрінеді.

Дидактикалық – оқу материалын, көрнекілікті, сабаққа қажетті құралдарды іріктеу және дайындау, оқу материалын түсінікті, жүйелі, нанымды етіп жеткізе білу, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын оята және дамыта білу, оқу – танымдық белсенділіктерін арттыру.

Рецептивтік – балалардың жан – дүниесін түсіне білу, олардың эмоциялық жағдайын бағалай алу, психикалық ерекшеліктерін ажырата білу кезінде байқалады.

Коммуникативтік – оқушылармен, олардың ата – аналарымен, әріптестерімен, оқу орнының басшыларымен қарым – қатынас орнықтыра білуімен айқындалады.

Суггестивтік – оқушыларға эмоциялық - жігерлі әсер ете білуінен тұрады.

Зерттеушілік – педагогикалық ситуациялар мен үдерістерді көре және нақты бағалай білуді іске асыруымен бағаланады.

Ғылыми–танымдық – мұғалімнің педагогика, психология, әдістеме саласында жаңа ғылыми білімді меңгеруі.

Мұғалімдермен пікірлесу, сұхбаттасу кезінде байқалғаны маңызды педагогикалық қабілеттер ретінде педагогикалық қырағылық (байқағыштық), дидактикалық, ұйымдастырушылық, дәлдік, қалғандары оларға көмекші, қосымша есебінде болуы мүмкіндігі аталады.

Сөйтiп, болашақ бастауыш сынып мұғалiмiне қойылатын талаптар қазiргi қоғам қажеттiлiгiнен туындай отырып, төмендегiше болуы қажет деп есептеймiз: рухани дамыған, мәдениеттi, бiлiм құндылығын түсiнетiн, педагогикалық және ақпараттық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетiстiктерi негiзiнде даярланған, коммуникативтiк құзыреттiлiгi қалыптасқан.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ереже. –Астана. -2008. -40 б.

2 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. -Астана, 2007. -60 б.

3 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография. -Алматы: Научно - издательский центр «Ғылым», 2001. -350 с.

4 Таубаева Ш.Т. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебн. пособие. -Түркістан: 2007.-190 с.

5 Исаев Е.И. Университетское педагогическое образование: новая парадигма в подготовке педагогов // Тульская школа. 1994. №4. – С.11-13.

6 Щербаков А. И. Формирование личности учителя советской школы в системе высшего педагогического образования. – Л., 1968. – 120 с.

7 Кузьмина Н. В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся// Вопросы психологии. – 1984.-№1.–С.20-27.

8 Гоноболин Ф.Н. О некоторых психических качествах личности учителя // Вопросы психологии. -1975. -№1. –С.7-11.

9 Слостенин В.А. Психолого – педагогическая подготовка учителя в структуре многоуровневого педагогического образования// Научные труды МГПУ им. Ленина. Серия: Психолого - педагогические науки. -М.: Прометей. -1994. -С. 3-14.

10 Гальперин П.Я. Введение в психологию. Учебное пособие для вузов. –М.: «Книжный дом Университет», 1999.-322 с.

11 Слостенин В.А. Высшее педагогическое образование в России на путях реформирования // тез. докл. междунар. научно-практ. конф. –Тула: Изд-во Тул.гос.пед.универс-та, 2000. Ч.1. –С.7-11.

12 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ереже. –Астана. -2008. -51 б.

13 Подласый И.П. Педагогика начальной школы: Учеб. пособие для студ. пед. колледжей. – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 2000. – 400 с.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІНІҢ КРЕАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жазықова М.Қ.

Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, п.ғ.к.

makash_k@mail.ru

Қазіргі Қазақстан модернизациялаудың белсенділігімен ерекшеленетін қоғам ретінде өзін-өзі дамытуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілетті, креативті мамандардың табыстылығын алдыңғы орынға қойып отыр. Креативтілікті адамның рухани және тұлғалық шығармашылық даму шартының ажырамас бөлігі болып табылатын бағалы, тұлғалық категория дей отырып, бүгінгі таңда мұғалімнің креативтік құзыреттілігі мәселесінің өзектілігі артып отырғанын атап айтамыз. Бұл мемлекетіміздің білім саласындағы саясатын жүзеге асыру қажеттілігінен туындайды.

Олай болса, алдымен «креативтік» терминіне қатысты кейбір деректерді келтіре кеткен жөн деп есептейміз. Алғаш аталмыш терминді американдық ғалым Д.Симпсон 1922 жылы «тұлғаның санадағы стереотиптерден бас тартуға қабілеттілігі» ретінде қолданған [1, 48]. Осы бағыттағы шетелдік зерттеулерге сондай-ақ С.Каплан, Дж.Рензулли, Р. Стернберг, Д.Сиск, А.Танненбаум, Дж.Фельдхьюзен, К.Хеллер және т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Алайда креативтілікке қатысты кең көлемді анықтаманы американдық психолог Элис Пол Торренс кейін, яғни 1974 жылы береді. Оның пікірінше, «Креативтік – индивидтің стандартты емес, шығармашылық ойлауға қабілеттілігі, проблема қоюға сезімталдығы және оны шешудің жолдарын іздеуі, оралымды ойлау мен жаңа идеяларды ұсынуға қабілеттілігі; білімнің жеткіліксіздігін сезінуі [2, 37]. Қазақ тіліне «креативтік», «креатив» сөздері ХХ ғасырдың 80-90 жж. ағылшынның «creativity», «creative» сөздерінен калька түрінде қабылданып, «шығармашылыққа қабілеттілік, шығармашыл» деген мағынада басында бизнес-қауымдастықта қолданылып, бірте-бірте қоғам өмірінің басқа салаларына ауысқан [3, 123].

Ал «креативті құзыреттілік» тіркесін американдық ғалым Джозеф Чилтон Пирс алғаш пайдаланғанымен, аталмыш терминнің ғылыми ортаға енуіне Р.Эпстайннің еңбектері себеп болды. Оның ойынша, креативті құзыреттілік маманның өз бойындағы білімін тиімді қолдануымен бірге, өзін-өзі жетілдіруге, әртүрлі стандартты емес жағдаяттарда жаңаша ойлап, шешім қабылдауға деген талпынысын білдіреді.

Мұғалімдердің креативтігін қалыптастыру мәселесін әр жылдары К. Роджерс, С. Л. Рубинштейн, Д. Б. Богоявлинская, А. Н. Леонтьев, А. П. Тряпицына, И. Е. Брякова және т.б. шетелдік және орыс ғалымдары, сол сияқты Қ.Нағымжанова, Г.М.Марданова, А.Б.Тасова, П.Ш. Маханова, Ж.Қыдырбаева сияқты қазақстандық зерттеушілер өз еңбектерінде қарастырған. Осы ретте Қазақстандық ғалым Қ.М.Нағымжанованың: «Педагогикалық креативтік – оқу-тәрбие міндеттерін педагогтің соны, жоғары тиімділікпен шешуі, тәрбие мен оқыту теориясы мен тәжірибесін байытуы. Педагог еңбегі – ғылым, педагогикалық өнер, таланттылық сияқты бірліктерден тұратын әр қырлы әрекет», - деген тұжырымын атап көрсету орынды [4, 123].

Сонымен бірге жеке пән мұғалімдерінің креативтілігін талдауға бағытталған еңбектер де жариялана бастады. Атап айтсақ, мектепке дейінгі білім беру (Е.Д. Окладнова), шетел тілі (О.В.Остроумова), химия (К.Б.Беликов, А.С.Макаров), жаратылыстану (А.В.Назаретова), технологиялық білім беру (Ю.Р.Варлакова), математика (Бекешова И.С.) және т.б. Әрине, бұл еңбектердің мұғалімдердің креативтік құзыреттілігі мәселесін теориялық және практикалық тұрғыдан тани түсуде маңызы зор.

Ал бастауыш мектеп мұғалімінің креативтік құзыреттілігін қалыптастыру туралы айтатын болсақ, бұл мәселемен әр жылдары В.Адолъв, Ю.В.Койнова, Н.Е.Костылева, С.В. Мельшина, Л.А.Петровская және тағы басқа ғалымдардың айналысқанын анықтадық. Олар өз еңбектерінде негізінен осы мәселенің дидактикалық, әлеуметтік-психологиялық, маркетингтік жақтарын қарастырған. Кейбір зерттеушілер кіші мектеп жасындағы балаларды оқытудың құндылығы олардың базалық білімдерін қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге балалардың қолданбалы-функционалдық және гуманитарлық әлеуетін дамытуда деп есептейді. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту мәселесімен профессор С.Рахметова, қабілеттерін дамыту мәселесімен Б.Тұрғымбаева, кіші мектеп жасындағы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселесімен Б. Әлмұхамбетов айналысып, шығармашылық әрекеттің педагогикалық мүмкіндіктерін атап көрсеткен. Шынында да, оқушыларға бастауышта берілетін білім шығармашылық даму тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беретіні анық. Демек, бастауыш мектеп мұғалімінің стандартты емес жағдайларда оқушы алдына проблема қоя білетін, тұрақты ізденіс үстіндегі креативті тұлға болуы шарт.

Осы ретте Г.К.Қилыбаева: «Креативтілікті дамыту үшін өте маңыздысы біржақты ұстанымды жеңе білу. Нақты идеяларды дамытумен байланысты ғажайып жағдаяттар қарастырылады. Оқушыларды кеңістіктік қатынасты нақты және жылдам үйрету үшін оларда қозғалмалы ойындар кезінде геометриялық пішіндерді айналып жүгіру арқылы кеңістік сезімін дамытады», - дей келе, өз мақаласында бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтік құзыреттілігінің компоненттері ретінде кәсіби білімді, арнайы психологиялық-педагогикалық, дидактикалық білімді, кәсіби шеберлікті, жетілген кейбір тұлғалық кәсіби қасиеттерді атайды [5, 51]. Олай болса, ғалымның бұл пікірі маман тұлғасын қалыптастыруда біртұтас жүйе болып табылатын компоненттер арасында сабақтастық бар екенін көрсетеді.

Кәсіби құзыреттілік бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметін жүзеге асыра білу қабілетінің, даярлығының, өзіндік психикалық қасиеттері мен күйінің күрделі жүйесі болып табылады. Осы ретте бастауыш сынып мұғалімінің креативтік құзыреттілігі бірден қалыптаспайтындығын атап айту керек. Мұны мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына қойылатын талаптың үш деңгейі негізінде көрсетуге болады. Төменгі деңгейде педагогтың өз бетімен дербес креативті әрекет ете алмайтыны белгілі. Шынында да, кәсіби қызметінің алғашқы сатысында жас мұғалім алдымен өзінің теориялық білімі мен ғылыми танымына сүйенеді.

Креативтік құзыреттіліктің келесі басқышында мұғалімнің бастапқы еңбек дағдылары мен кәсіби бағдары жетіледі. Педагогикалық тәжірибесі кеңейген тұста мұғалімнен өз білімін қайта қарау талап етіледі, басқа сөзбен айтқанда, ол теориялық білімін тәжірибеде дәлелдеп, практикалық міндеттерді шешуде көрсете алады. Басқаша айтқанда, мұғалімнің креативтік құзыреттілігінің қалыптасуы жартылай жүзеге асады, креативті қызмет білім беру процесінің басқа да қатысушыларымен бірге іске асып, ол орта деңгейге көтеріледі.

Ал жоғары деңгейге, яғни кәсіби шеберлігінің дамуына ұстаз тұтас жүйенің барлық басқыштарының сабақтасуы арқылы қол жеткізе алады. Сөйтіп, педагогикалық шығармашылықтың жоғары сатысында ұстаз оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне озат идеялар, жаңа технологиялар мен инновациялар ұсынып, оларды енгізе алады. Бұл өз кезегінде біртұтас педагогикалық үдерістің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, креативтік құзыреттің қалыптасуындағы жоғары немесе максималды деңгейінде бастауыш сынып мұғалімі креативтік құзыреттілікті саналы түрде іске асырады.

Осы деңгейлерден табысты өткен ұстаздың педагогтың кәсіби іс-әрекет сапасы жақсарып, шығармашылық ойлауы, белсенділігі мен креативтік құзыреттілік деңгейі жоғарылайды. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, мұғалімдердің креативті құзыреттілігі оның педагогикалық қызмет өтілінің көптігіне, біліктілік санатының жоғарылығына ғана емес, педагогтың шығармашыл тұлғасына, оның жаңалықты қабылдай алуына байланысты деп қорытындылауға болады. Сонымен қатар ұстаздың өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілігі, педагогикалық қызметті ерекше жүзеге асыруға талпынысы да креативтік құзыреттіліктің

жоғарылығын танытады. Креативті педагог үнемі зерттеушілік қызметпен айналысып, авторлық бағдарламалар әзірлеп, оқушылардың шығармашылық бастамаларына қолдау танытып отыратынын көрсетті.

Осы ретте мұғалімнің креативтік құзыреттілігін қалыптастыруда бір жағынан, тәлімгер-ұстаздардың, мектеп басшысының шешуші роль атқаратынын, ал екінші жағынан, әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың ерекше роль атқаратынын атап кетуге болады. Мысалы, танымал ғалымдар А.А.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн ішкі факторларға психологиялық ерекшеліктер: түрткі, қызығушылық сияқты психологиялық үдерістердің ерекше орын алатындарын жатқызса, сыртқы фактор тобына педагогикалық әрекет барысындағы шартты жағдайларды атайды.

Олай болса, кез-келген зерттеудің әдіснамасы белгілі бір әдістер жүйесіне негізделетін ескеріп, бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтік құзыреттілігінің қалыптасу жолдарын анықтауда төмендегі әдістерге сүйенуге болады:

- аксиологиялық әдіс креативтік құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуын мұғалімнің кәсіби әрекеті мен оның субъектілерге бағытталған құндылықтар негізінде ашып көрсетеді;
- акмеологиялық әдіс маманның кәсіби құзыреттілігінің жетілу үдерісін сырттан басқарудан іштей өзіндік басқаруға көшіруге, табиғи және әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпалын анықтауға мүмкіндік береді;
- антропологиялық әдіс педагогтың практикалық адамтануды игеруге дайындығы мен қабілетін зерттеуге мүмкіндік береді;
- міндетті әдіс кәсіби құзыреттілікті кәсіби іс-әрекеттің міндетті құрылымы мен тұлғаның өзін-өзі айқындауы барысында дамытады;
- жеке-тұлғалық әдіс мұғалімнің өз кәсібін жете меңгерген және кәсіби құзыреттілігін өз бетімен дамыта алған өзіндік санасы бар субъект ретіндегі қарауға мүмкіндік береді;
- әрекеттік әдіс мұғалімнің кәсіби ойлауы мен әрекет етуін, кәсіби білімнің мемлекеттік стандарт белгілеген міндеттерін шешу іскерлігін жетілдіру процесіне тарту қажеттілігін анықтайды.
- дара шығармашылық әдіс жоғары кәсіби білімді қарапайым деңгейден дара шығармашылық деңгейге көтеруге негіз болады.

Қорытындылай айтсақ, бастауыш мектеп мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру жалпы педагог-маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрамды бір бөлігі болып табылады. Мұғалімнің креативтілігі арқылы оның кәсіби өзіндік санасының ерекшеліктері мен даму деңгейі, гуманистік потенциалы көрініс тауып, өз кезегінде әр баланың тұлғалық дамуына ықпал ететіні анық.

Әдебиеттер

1 Буинова Д.И. Креативность как фактор самореализации личности в профессиональной деятельности // Психология, социология и педагогика. 2013. № 1 [Электронный ресурс]. URL: <http://psychology.snauka.ru/2013/01/1534> (дата обращения: 29.05.2020).

2 Torrance, E.P. (1974). Torrance Tests of Creative Thinking. Scholastic Testing Service, Inc. University of Warwick, 2004, Course Specifications: Glossary of Terms relating to Course Specifications.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т.2. - Алматы. – 2017.

4 Нағымжанова Қ. М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. : 13.00.01. - Алматы, 2010. - 345 б.

5 Қилыбаева Г.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамыту / Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №1 (86). – 2012. – 35-40 бб.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАҢА ІСТЕР БАСТАМАСЫ: РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ DAҒДЫ- MҰҒAЛІM ШЕБЕРЛІГІ

Мендигалиева Г. С.

Атырау облысы Махамбет ауданы Есбол орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
gulvira-75@mail.ru

«Мектептегі білім мұғалімді де, оқушыны да ойлануға үйретуі тиіс. Ойлануға үйретуді, сұрақтарды дұрыс қоя білу және құрастыра білу қабілетін дамытудан, қарама-қайшылықтарды байқауға машықтандырудан бастау керек. Бұл дегеніміз – ең алдымен, педагогтің өзі ойланып үйренуі тиіс» деп айтқандай [1], оқушылардың ойлау қабілетін арттыру барысында мұғалімнің кәсіби міндеттерін адал орындауда өзіндік рефлексиялау дағдыларын қалыптастыру маңызды. Ұстаздар қауымы білім саласына енгізіліп жатқан өзгерістерді іске асырушы көшбасшы рөлін түсініп, реформаларға белсенді түрткі болуға, жаңа идеяларды алға жылжытуға қабілетті, өз ісінің шебері екенін саналы түрде сезінуі керек. Рефлексиялық дағдыны арттырудың маңыздылығына тоқталсақ, білім саласына қаншалықты инновация енгізілгенімен оның түпкі мәні мен қажеттілігін терең түйсіну қажет. Осыған орай, Дж.Дьюидің «рефлексиялық емес мұғалім – көп жағдайда өзінің әдеттегі жұмыс стилінен ауытқымайды, нақты талаптарды ескерместен, оқыту жұмысының сол бір ғана әдістері мен тәсілдерін қолданады, дәстүр ықпалында не болмаса беделге бағынышты болғандықтан жұмысы мен өміріндегі өзгерістерді жақтырмайды» -деуге болады [2]. Әр адам өз әрекетіне талдау жасай алуы маңызды. Рефлексия тереңдігі бұл жерде адамның білімдігіне, моральдық сезіміне және өзін-өзі бақылау деңгейіне тікелей байланысты. Рефлексияны қарапайым тілмен «өзіңмен-өзің тілдесу» деп түсіндіруге болады. «Рефлексия» сөзінің өзі көне латынның «reflexio», яғни, «Кейінге, артқа бұрылу» дегенді білдіреді.

Рефлексияның қай түрі немесе қай тәсілі болмасын, жаңа идеялар ағынын тудыратын үдеріс екені анық. Нақтылай айтсақ, рефлексия айқын емес идеяларды нақтылап, жаңа ойлармен толықтыратын, алдыңғы білімді тереңдетуге көмектесетін механизм.

Қытай философы Конфуций рефлексияның маңыздылығын мойындай келе, оны даналықты зерттеудің «асыл тәсілі» деп сипаттайды [3]. Демек, философиялық тұрғыдан алсақ та, рефлексия белгілі бір сала бойынша ойымызды жүйелеп, оның мән-мағынасын түсінуге жетелейді. Адамға өзінің ішкі жан-дүниесімен үйлесімділікті табуға баулиды. Ал, ұлы ойшыл, көрнекті ақын Абай Құнанбайұлының «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте болмаса жұмасында бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген сөзі әрбір адамның өмірлік ұстанымы болуы керек. Өз тәжірибемде рефлексиялық дағдыны қалыптастыруда қолданылатын іс-әрекеттер модельдерге тоқталсам: Ең бірінші оқушы күнделігіне рефлексияны қалай жүргіземін? Оқушы күнделігі не үшін қажет?

Күнделік–оқушының басты құжаты. Күнделікке оқушының тәртібі мен күнделікті жүргізуіне сын жазылады. Оқушының тәртібіне, ынтасына оң ықпал етіп, тиянақтылыққа тәрбиелейді. Ата-анамен байланыс жасау құралы ретінде қолданылады. Оқушының білім жетістігін, тәртібінің нәтижесін көрсететін және ата-анамен байланыс жасауға көмектесетін осы күнделік. Күнделік толтыруда алдымен оқушылар жауапкершілікке үйренеді.

Мен қазіргі таңдағы қолданыстағы оқушыларымның күнделігіне жазылып отырған рефлексиялық талдаулары апталық оқу-нәтижелері бойынша айтылым, жазылым, математикалық білім-біліктері сараланып, жазылады.

Осы аптадағы оқушының білім-білігі:

Оқылым _____

Жазылым _____

Айтылым _____

Математикалық білім _____

Оқу техникасы: _____

Ұсыныс: _____

Оқушының тоқсан бойынша білімдері сараланып, оларды SWOT кестесіне салып, кері байланыс беру де тиімді.

**Білім алушы-----білім,
біліктері бойынша -----тоқсанға
SWOT талдау**

II тоқсан бойынша ең күшті жағы	II тоқсан бойынша ең әлсіз жағы
Мүмкіндігі:	Жұмыстану керек:
Мұғалім ұсынысы	Ата-ана ұсынысы

Бұл талдаулар мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді. Мұғалім үшін тиімділігі –олар уақыт жоғалтпайды. Дайын шаблонға оқушының апталық, тоқсандық білім-біліктерін жазып, саралайды. Оқушы үшін тиімділігі- олар жауапкершілікке тәрбиелене отырып, күнделікті толтыру әдебін меңгереді.

Келесі мұғалімнің тұрақты түрде өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі ұғуға, өзінің кәсіби деңгейін анықтауға таптырмас құрал әр ұстаздың рефлексиялық күнделігі болуы да маңызды. Теория мен практиканы байланыстырып, рефлексия жасауға мұғалімнің рефлексиялық күнделігінің маңызы қандай? Осы сұраққа жауап іздеу барысында әлемдік озат тәжірибені зерделеуде педагог мамандар үшін өзінің тәжірибесін рефлексиялық талдау ғана кәсіби біліктілікті шыңдауға мүмкіндік беретіндігін көрсетті. Мұғалімнің рефлексиялық күнделігі белгілі бір оқиға жайлы өзіндік жеке ой-толғаулар, сезімдер мен әсерлер жазылатын жеке адамның күнделігі іспеттес жүргізіледі. Ерекшелігі мұнда мұғалімге тән кәсіби мәселелер жазылады. Сыныпта орын алған оқиғалар жайлы рефлексия жасап, олардың туындау себебін анықтауға тиімділігі көп. Күнделік жүргізуді туындаған қиындықты шешуге бағытталған идеялар қоржыны деп атасақ та болады. Себебі, мұғалім болған оқиғаға талдау арқылы болашаққа нақты қадамдар жасай алады, сонымен қатар әріптестерімен ұқсас мәселелерді шешуге кеңестер ұсынуға құзыретті болады. Мұғалім күнделікке ақпараттар ағынын ғана түсірмейді, сол ақпараттардан түйген ойларын түсіреді. Сол арқылы алдыңғы тәжірибе мен соңғы ақпараттан алған білімін тұжырымдайды. Күнделік алдыңғы жасалатын жұмыстарға болжам жасауға ықпал етеді. Сол болжамды шынайы сыныптағы жағдайда сынап көру арқылы

туындаған ойлар көрініс табады. Рефлексиялық күнделікте тағы бір қарастыруға болатын мәселе, өзіңіздің әріптестеріңіздің сабақтарына жүргізген бақылауларыңыз, олардың сабақ өту стилі, әріптестерден алған идеялар. Мектепте өткізілген әрбір коучингтерден алған тың тәжірибелер де осы рефлексиялық күнделіктерде жазылады. Өз ісінің шебер маманы аналитикалық модельдерді өз ойларын құрылымдау мақсатында пайдаланады. Кең тараған белгілі аналитикалық модельдердің бірі – Гиббс циклі [5] арқылы мен де өз рефлексиялық күнделігімді бастап, оған өз әрекеттерім мен сабақ барысындағы, коучингтерден алған тәжірибелерді ой елегінен өткізіп, кең көлемде талдауға мән бердім. Бұл күнделіктің мен үшін маңыздылығы, біріншіден, қатысып отырған мұғалімнің жұмысына еркін талдау жасай аламын, екіншіден, өзімді сол мұғаліммен салыстыра отырып, өз деңгейімнің қандай сатыда екеніне рефлексиялық талдау жасау арқылы көз жеткізе аламын. Өз-өзіне рефлексия жүргізе білетін мұғалім ғана басқалардың жұмысын сондай дәрежеде талдай алады. Гиббс циклі бойынша рефлексия жүргізу:



Осы талдау циклын кестеге айналдырып, өз талдауыңызды жаза беруге болады

Күні:	
Өткізген мұғалім:	
Пәні:	
Мақсаты:	
Әрекеттер жоспары:	
Сипаттама:	
Не болды?	
Сезімдер:	
Не туралы ойландыңыз және не сезіндіңіз?	
Бағалау:	
Осы тәжірибеде не жақсы/не жаман болды?	
Талдау:	
Сіздің ой-пікіріңіз	
Қорытынды:	
Осы тәжірибе арқасында Сіз не үйрендіңіз?	

Құрылымдалған Гиббс циклінің негізі көптеген модельдер өзегін қалыптастырып отырған *тәжірибе – бағалау – талдау – келесі әрекет* деген қадамдардан тұрады. Графикалық тұрғыдан көрініс тапқан модель мұғалімдерге өз тәжірибесін талдауға тиімді.

Сонымен бірге сыни ойлау арқылы тұлға бойында рефлексиялық сапаларды қалыптастыру да маңызды. Рефлексиялық сапа дегеніміз білім мен тәрбиені өзіндік сана арқылы қабылдап, тұлғаның рухани дамуы, ғылыми ақпараттарды игеруі болып табылады.

Оқушы бойында рефлексиялық сапалардың қалыптасуы білім беруді ізгілендірудің нәтижесі болып табылады. Оқушының өзін тану үшін және өмірлік проблемаларын шешудің бірден-бір тәсілі - рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Ол үшін төмендегі басты ерекшеліктерді дағдыға айналдыруың маңызы зор:

Рефлексиялық әрекеттер барысында оқытудың жолдары талданады, өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызылады. Сөйтіп, бала өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, өз әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігін алады.

Оқушы үшін рефлексиялық күнделік жүргізудің маңызы қандай?

«Рефлексиялық күнделік –оқушының өз істерінің мәнін түсіну үшін , олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі үшін қажет. Рефлексиялық күнделік балаға байыппен ойлануға мүмкіндік беретіндей ұйымдастырылуы қажет, оны асығыстықпен қолдануға болмайды. Мектептегі сабақ барысындағы жүргізілген рефлексия мен үйден асықпай отырып талданған рефлексия жер мен көктей. Себебі бала оқу барысында ойланып талдау жасай алмайды. Тек не жақсы болды соған ғана жауап бере алады. Ал енді оқушыға үйден ойланып өзіне ұнаған сабағыңды мына кестеге салып талдау жасап кел деп тапсырма берсеңіз, оқушы одан әрі сол талдау жасауға өзі қалыптасады. Өзіне талдау жасаған оқушы мұғаліммен еркін диалогке түсіп, әрекет етуші кейіпкерге айналады.

Оқушы рефлексиясы

Өткізілген күні: _____	
Тақырып:.....	
Бүгін менің білгенім	
Бүгін маған қызықты болғаны	
Бүгінгі сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер	
Топтық жұмысқа қосқан жеке үлесім	
Бәрінен бұрын бүгін менің қолымнан келгені	
Сабақтан алған әсерім	
Бүгінгі күннің ең есте қаларлық сәті	
Екі жұлдыз бір тілек	

Рефлексия оқушыға өткенді түсініп қоюмен ғана шектелмей, өткен әрекеттер арасында логикалық байланыс орнатып, алынған тәжірибені жүйелеп, өзінің оқу жетістіктерін басқа оқушылардың жетістігімен салыстырып көруге көмектеседі. Сабақтың құрылымында рефлексия – ең маңызды кезеңі болып саналады. Сабақ соңында қолданылатын іс-әрекеттер рефлексиясына аса мән берілуі керек. Бұл жерде мұғалім басты ұйымдастырушы болып, негізгі кейіпкерлер оқушылар болады. Өткенге көз жүгіртіп, әрбір оқушының түсініп, меңгергенін ортақ қоржынға жинақтау өте маңызды рөл атқарады. Сабақтың кезеңі ретінде рефлексия бірнеше түрге жіктеледі. Оларды дұрыс жіктей білу арқылы мұғалім рефлексияны сабақ жоспарына енгізіп, стратегияларды дұрыс тандап, тиімді сұрыптай алады.

Рефлексия сабақтың әрбір кезеңінде әртүрлі қызметтер орындай отырып, оқу үдерісінің өн бойында жүзеге асады. Бұл жерде рефлексия үдерісіне мұғалім де, оқушы да белсенді қатысуы маңызды екенін ұмытпаған жөн. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қатысушылардың бірі рефлексия үдерісіне қатыспаған жағдайда, рефлексия механизмі тиімсіз болады. Рефлексия ауызша және жазбаша формада жүзеге асуы мүмкін. Әрқайсысының өзіндік қызметі бар.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұнына сәйкес қысқа мерзімді сабақ жоспарына мұғалім рефлексиялық талдау жүргізіп отыруы тиіс. Оның себебі, әр мұғалім өзінің өткен сабағына толық талдау жасау арқылы жеткен нәтижені, табысты болған әдіс-тәсілдерді жіктей алады.

Кей жағдайда мұғалімдеріміз сабақ жоспарларына рефлексиялық есеп жаза алмай жатады. Сол себепті де мен өз мектебіміздегі жас мамандарға өз сабақтарына рефлексиялық талдау кестесін ұсынған болатынымын. Бұл кестеде мұғалімдер сұрақтар бойынша жұмыс жасап, сабақтарына талдау жасайды. Одан әрі олардың өздері де жазуға төселіп кетері сөзсіз.

Сабақ оқу мақсатына жетті ме?	
Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді ме?	
Оқу мақсатына қол жеткізуде оқушыларыңыз неден қиналды?	
Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдеріңіз?	
Қай әдісіңіз тиімді болды? Оқушылар өте белсенді қатынасқан әдісіңізді жазыңыз? Сабақтың қай кезеңінде?	
Саралауды қалай жоспарладыңыз?	
Қабілетті оқушыларды қандай жұмыс түрі арқылы анықтадыңыз?	
Оқушыларды қалай бағаладыңыз? Оқуды бағалау, оқытуды бағалау қалай жүзеге асты?	
Рефлексияны қалай ұйымдастырдыңыз?	
Уақытты тиімді пайдалана алдыңыз ба?	
Алдағы уақытта неге көңіл бөлуің керек деп ойлайсың?	
Сабақ жоспарынан ауытқу болды ма? Болса неліктен?	
Өзіңіздің сабағыңызды қалай бағалайсыз? Көңіліңіз толмаған жерлері болды ма?	

Өзіңізге ғана жүгіне бермей, өз әріптесіңіздің, өзіңізге ұқсамайтын адамдардың да пікірін білу өте маңызды. Өзгелердің пікірі сізде сынилықты дамытады. Тағы да бір рефлексиялық көзқарас, жаңаша бағыт беруі мүмкін. Рефлексиялық дағдыны жетілдіру арқылы алдағы қадамдарды болжау, өзіңізде кәсіби дамуда күш-қуат пен ынтаның артуын байқауға болады. Сонымен бірге, рефлексияны тек кәсіби даму үшін де емес, өмірдің кез-келген саласында қолдануға болады. Демек, рефлексия - жақсы өмір сүрудің, өзіңізді танудың және оқушылардың жан-жақты дамып, нәтижеге қол жеткізе алатын тұлға қалыптасуы үшін өмірге дайындық деп түсіну керек.

Әдебиеттер

1. Бейн Дж., Балантин Р., Миллс С. және Лестер Н.С. Тәжірибе жөнінде ой қозғау: мұғалімдердің көзқарасы
2. Дьюи Дж. Біз қалай ойлаймыз?
3. Бизязева А.А. Мұғалім неліктен рефлексиялық болу керек? // Педагогикалық диалог. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – №4(10)
4. Асхат Алимов –Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану
5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын дамыту жолдары.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

Сапарова Г.Т.

Педагог-зерттеуші, бастауыш сынып мұғалімі
№14 А.Чехов атындағы орта мектеп.

Атақты қазақтың ақыны, жазушы, педагог әдебиетті зерттеушісі Ахмет Байтұрсыновтың айтқан сөзінде: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, әдістемеден хабары мол, ізгілікті оқыта білетін мұғалім оқушыларды дұрыс бағытта жолдап, біліктілігі мен ерекшеленетін азаматшыларды тәрбиелеумен сипатталады» деген екен.

Сондықтан осы оқушыларға жан-жақты білім беру, өз пікірін айтып дәлелдей алатын, білімді, бәсекеге қабілетті, өз-өзі жан-жақты бағытта алатын, білікті тұлға тәрбиелеу болып отырғандықтан қазіргі кезде білім жолындағы оқушылардың мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, сабаққа деген тікелей қызығушылықтарын, ынта жігерін, біліктілігін, құштарлығын, зеректілігін арттырудағы енгізіліп отырған заманауи педагогикалық

технологиялар. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде 50-ден астам жаңа педагогикалық технологиялар қолдану аясы мұғалімдердің еншісінде болып тұр. Бұл технологияның бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан мұғалім әр пәнді оқыту технологиясын тандап, іріктеу және оның іс-әрекетін жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға бағыттайды. Педагогикалық технологияларды қолданудағы негізгі мақсаты мұғалім әр әдіс-тәсілдердің орындалу мақсатын, міндетіне қарай іріктеп, талдап, қарастырып, тиянақты оқушылардың білім деңгейлеріне сәйкестендіріп, жас ерекшеліктерін ескеріп отырып сабаққа деген қызығушылықтарын және де шығармашылық қабілеттерін арттыруға пайдаланып өз мақсатына жүзеге асырайды. Үнемі әдіс-тәсілдер мұғалімдер үшін көмекші құрал болып табылатын элемент, оларсыз сабақтың ешқандай мақсаты мен міндеті сәтті орындалмайды. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады.

Бастауыш – білім берудің алғашқы басқышы. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Сондықтан өзімнің мақсатым-оқушыға білім жүйесін терең, әрі тиянақты беру. Яғни, балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту. Ал, бұл – бүгінгі күннің талабында.

Мен өзім сабағымда «сыни тұрғысынан ойлау технологиясын» қолданамын. Бұл технология оқушылардың шығармашылығын анықтауда, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда маңызы зор. Шығармашылыққа баули отырып, оқушыда өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік туындайды. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Сондықтан оқушыларға сабақтарда аталған әдістерді қолдансақ, оң нәтиже береміз. Оқушылар жұмыс жасау барысында бір – біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш – қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушыны өз пікірлерін еркін жеткізуге жағдайлар жасайды. Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру.

Менің бұл мақаламда қазақ тілі пәнінен бастауыш сынып оқушыларына арнайы сабақта қолданылатын сыни тұрғысынан ойлау технологиясындағы өткізілетін әдіс-тәсілдерінің жиынтығы мен мақсат-міндеттер мен мысалдар қарастырылады. Тапсырмаларды құрастыру да күнделікті тұрмыспен байланыстыру, қызықты да күрделі материалдармен толықтыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сонда ғана баланың қызығуын, белсенділігін оятуға болады. Оқушылардың арасында бәсекелестік туып, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылады. Көбінесе бұл деңгей оқушыларды өздік жұмыс ретінде жүзеге асырылады. Өзінің білімін қаншалықты екенін біліп қана қоймай, оны жетілдіре алады. Сыни тұрғыдан ойлауда тапсырмалар деңгейлерімен құралыпта жасаланады. Тапсырмалар жеңіл, қарапайым түрде ұйымдастырылады да, күрделене береді. Оқушының пәнге деген қызығуы, бейімділігі артады және қабілеті айқындалады, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді. Оқушылардың білім деңгейін көтеру, оларды шығармашылыққа баулу, ойларын еркін айтуға, кез келген мазмұн, түсінікке сыни тұрғыдан қарап, дұрыс шешім қабылдауға дағдыландырудағы «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясының негізгі мақсатты не де десек, бұл оқушыларды ақпаратты талдау, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Бұл технологияның бірінші кезеңі оқушының бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады.

Сондықтан сабақта қарастырылатын мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Жаңа білімді меңгерту алдында осы әдіс бойынша сұрақ қоя отырып жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясындағы «Қызығушылығын ояту», «Мағынаны тану», «Ой толғаныс», «Ойқозғау», «Ой шақыру» кезеңдерінен түзілетін қазақ тілі сабағында қолданылатын әдіс- тәсілдердің түрлеріне толық талдау жұмыстары мақалада жүргізіледі. Осы технологияны мұғалімдер әр

сабақтың ерекшелігіне қарай лайықтап қолдануына болады. Олар: «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Кезбе тілші», «Сиқырлы айна», «Пазл» «Таза тақта».

Мысалы: қазақ тілінен «Дара және күрделі етістік» тақырыбында сыни тұрғысынан топтастыру стратегиясымен жүзеге асады. Яғни «Венн диаграммасы» арқылы қолданылады. Сонымен қатар, бұл әдіс арқылы «Кері байланыс» бойынша жұмыс жүргізіледі. Ол жерде оқушы сабақ бойынша өз ойын ортаға жеткізе алады. Ол үшін тақырыпқа байланысты сұрақ қойылады. Сабақта сын тұрғысынан оқыту технологиясының стратегияларын пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызады. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді. Оқуға қызығушылығы артады, белсенді араласады.

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясында «*Ой толғаныс*» әдіс-тәсілде оқушылар ұжым болып жұмыс жасауға үйренеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, күдіретін түсінуге машықтанады. Сондай-ақ, әдістегі тиімділігі бойынша сабақтан тысқары қатыспай қалатын оқушы болмайды. Оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын пікірін білдіру арқылы оқушының ойы, тілі дамиды. Үшінші кезеңде қолдануға болатын тағы бір әдіс «Еркін жазу». Мұғалім сабақ бойы қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені білу керектігі тағы басқа жайлы қағаз бетіне түсіру тапсырылады. Жазуға уақыт беріледі. Уақыт аяқталғаннан соң оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты оқуға болады бұл оқушылардың өз ойын дұрыс жетік сарай алуына бағытталады. Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез-келген сабақта қолдануға болады. Ал «Торлы талқылау» әдісін сабақта былай қолдануға болады. Бұл стратегия мақсаты өз пікірін дәлелдеуге үйрету негізінде. Мысалға: Қ.Мырза Әлидің «Күз» өлеңі оқып сынып бойынша оқушы сұрақ жауап құрастырып, оқушыларға талдау ретінде бір-біріне сұрақтар қояды. Келесі «*Мағынаны ашу*» әдісі бастауышта 2-сынып оқушыларға бұл әдісті жие қолданылады бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын ең тиімді әдістердің бірі. Мысалы: берілген әріптер қатарынан жасыранған сөздерді тауып оқы

М, А, Л, А, Қ (қалам)

Р, Е, Т, П, Ә, Д (дәптер)

Ш, Ы, Ғ, З, Ы, С (сызғыш)

Ш, І, Г, Р, І, Ш, Ө (өшіргіш)

Оқушылардың бұл тапсырмада логикалық қабілеті мен зейіні дамытылады.

Бастауыш сынып оқушыларына жүргізілетін келесі кезекте «*Ой шақыру*» әдісі сыни тұрғысынан ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп логикалық қабілетін дамытуға оны мен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, мен қаламмын, дәптермін, қоянмын, доппын деген әр түрлі тақырыптарда шағын ғана әңгіме жазғызу. Бұл тапсырма оқушылар шығармашылық қабілеті өте жақсы дамиды. Өз қиялын, ойын, тілдік қорын қалыптастыруға ықпал тигізеді. Осы арқылы оқушылар шығармашылық түрде қиядауға түседі өз-өзін құмырсқаның орнына қойып сезінеді. Осы мәтіннен оқушының қаншалықты қиялға түскенін байқауға болады, ой-өрісін кеңейтіліп, тілдері дамиды. Оқушыларды бұл шығармашылық жұмыстың маңызы зор, себебі оқу іс-әрекеті әр оқушыны өздігінен оқып-үйренуге, шығармашылықпен белсенді айналысуға баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады және оқу-танымдық күзіреттілігін қалыптастырады.

Келесі кезекте сыни тұрғысынан ойлау технологиясындағы «*Пазл әдісі*» қазақ тілін пәнінде ең маңызды және аса тиімді болып келетін түрі. Бұл әдісті «Дара сын есім және күрделі сын есім» Тікелей оқушыларды логикалық ойлауын қалыптастырып, тапсырма кезінде

қызығушылықтарын танытады. Мысалы: кара сөзі дара сын есім және сол сөзге н ала деген сөзді қосып, күрделі сын есімге айналғандығы туралы оқушы дәлелдеу жұмысын жүргізеді. Бұл жерде оқушының тілдік қоры дамып, қазақ тілінен ереже бойынша сөйлей алуына үлкен жол ашылады.

«Таза тақта» әдісі.

Таң сәрі-..... Шаңқай түс-.....

Жарым түн-..... Іңір-..... Бұл жерде берілген сөздің мағынасы ашылу керек. Яғни екінші сыңарын тауып жазады. Оқушының ой-өрісіне, сөздік қорының молаюына жақсы дүние.

Сонымен қатар, «*Жаңылтпашты қатыстыра отырып мәтін құрастыру*» тапсырмасы сабақта жаңылтпашты кұрғақ жаттатпай, шығармашылыққа баулу жұмыстарын іске асырылады. Мысалы:

— Бұл... піл, бұл ірі піл.

— Шеше, шеше,

Неше кесе Сынды кеше?

Бірінші оқушының құрастырған мәтіні: Айдардың шешесі ас үйде кеселерді жуып тұрды. Бір кезде үйге дәу піл кіріп келді. Қасында тұрған Айдар қорқып кетті де, қатты жылап жіберді. Шешесі қолындағы кесесін жерге түсіріп алды. Кесе сынып қалды. Шешесі оған:

Айдар, жылама, қорықпа! Бұл піл, бұл ірі піл ғой. Ол саған тиіспейді, — деді.

— Шеше, шеше, неше кесе, сынды кеше?, — деп сұрады. Шешесі күлімсіреді де, ұлының басынан сипады. Міне осындай әдіс арқылы оқушылардың белсенділігін арттырып дамытып, шығармашылық қабілеттерін ұштастыра алады.

Келесі кезектегі «*Кезбе тілші әдісі*» сабақтың ортасында қолдануға өте ыңғайлы, оқушылар берілген тапсырма бойынша жұптасып немесе топтық ретінде жұмыс түрін атқарады. Мысалы, сөйлемді дұрыс құрастыр.

1. Жылы, 2016, ол, салынған.

2. Арал, үлкен, көлдің, кіші, және, ортасы, бар.

3. Суы, тұзды, көлдің.

4. Келеді, жылда, мұнда, адамдар.

Сөйлемді құрастырғаннан кейін, бір оқушы журналист болып, партаны аралап тапсырманы аяқтаған оқушыдан интервью алады.

Немесе мынадай үлгіде беріледі жақша ішіндегі сұраққа жауап беріп, сөйлемдерді көшіріп жаз. Алма ...(қайда?) өседі. Ай сәулесі суға ...(қайтты?). (Кім?) ... шелекке су құйды. Мерей ...(қандай?) кітаптарды көп оқиды. Самал ...(немен?) ойнады. Осындай тапсырма арқылы оқушылардың білім, білім, құзыреттіліктері дамытады бұл өте жақсы көрсеткіш болып табылады.

Өз бетіндік жұмысты қалыптастыру мақсатында білім алушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді. Жаңа білімді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы меңгеруіне, қорытындылай білуіне жол ашылады. Менің ойымша әрбір мұғалім сабақтан кейін сабақ барысында қолданған стратегия немесе әдіс-тәсілдерді оқушылардың белсенді жұмыс жасауына, сабақты меңгеруіне қаншалықты көмектескендігіне ой толғау жасап отыруы тиіс. Егер сабақта кеткен қандай да бір кемшіліктер болса, ой толғау арқылы сол кемшілікті келесі сабақтарда жібермеуге тырысады. Сабақтан кейін немесе сабақ соңында оқушылармен кері байланыс жасап отыруға тиіс. Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәлел келтіре білуге жетелейді. Бұрынғы қолданатын оқу әдістерінде мұғалім басты орын алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, сын тұрғысынан шындалған ойлау арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақта ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау өте күрделі де, маңызды құбылыс болып табылады.

Қорытындылай келе, оқыту процесінің нәтижелі болуы мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды

жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады.

Педагогикалық технологиядағы қазіргі заманауи білімнің бірі қолданатын технология сыни тұрғыдан ойлау технологиясында, әдіс-тәсілдер бастауыш сынып оқушыларына пайдаланудағы ең керекті және пайдалы жағы болып табылатын технология. Осы әдістер арқылы оқушыларды шығармашылық қабілеттерге жетелеп пәнге деген қызығушылықтарын дамиды. «Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, шәкіртіне тиімді және жеңіл білім беріп жетелейтін» нағыз ұстаз,- дегендей, елімізге білім бағдарламасы бойынша енгізілген педагогикалық технологияларды тиімді және білікті түрде пайдалансақ біз үшін өте жақсы жемісті жұмыс болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Халперн Дайана. Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиясы. Санкт-Петербург, 2019 жылы
2. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2- сыныбына арналған оқулық. 1-2 бөлім. Ә.Е.Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т.Сәдуақас. Қ. бөлім. Алматы: Атамұра, 2019 жыл
3. Жанпейісова М.М. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын студентті дамыту құралы ретінде.- Алматы, 2020 жылы
4. Н. Құрман Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана, 2017 жылы
5. Н. Құрман Жаңа технология жүйесіндегі қазақ тілі сабақтары. – Астана, 2018 жылы

САБАҚТАРДА ЗАМАНАУИ САНДЫҚ МЕДИА МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейтжапарова Г.Т.

«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі
seitzhaparova72@bk.ru

Бүгінгі таңда балалар компьютерлерді, ноутбуктерді, смартфондарды және басқа гаджеттерді күнделікті өмірдің нормасы ретінде қабылдайды. Осы құрылғыларды, әсіресе смартфонды ақпарат көздері ретінде пайдалануды олар оқу, жазудың алғашқы қадамы алфавитке қарағанда әлдеқайда ертерек үйренеді. Бұл – үлкен буын өкілдері- біздерде таңырқау туғызса да, жоғары технологиялар дәуірінің рухына сәйкес келетін құбылыс.

Қазір гаджеттерге қызығушылық танытпайтын баланы табу қиын. Оқушылар жаңа ақпараттық технологияларды оңай игереді, бір-бірімен сандық жүйе арқылы байланысады, интернет арқылы таныса алады, бірнеше сағат бойы компьютерлік ойындар ойнайды немесе виртуалды әлемде саяхаттайды. Қазірде оларға түрлі-түсті бейнебаян қарап, немесе виртуалды әлемдегі объектілермен танысу арқылы бір нәрсені үйрену оңайырақ. Балалар бүгінде бұрынғыдай ғарышкер емес, бағдарламашы, веб-шебер немесе тіпті хакер болуды армандайды. Сонымен бірге, балалардың босуақытының басым бөлігін гаджеттерден, көбіне смартфоннан, қандай да бір ақпарат іздеуге, бір-бірімен ақпарат алмасуға жұмсайтыны байқалады. Аталған ақпараттар мазмұнына қарамастан бұл құбылысты балалардың ізденімпаздығының, жаңа ақпаратты білуге, үйренуге деген құштарлығының көрсеткіші ретінде қарастыратын болсақ, баланың осы қызығушылығын мұғалімдер білім беру және тәрбие міндеттерін шешуде тиімді қолдануы керек. Оған қоса қазіргі уақытта балалардың қандай да бір керекті мағлұматтарды кітаптарды, арнайы әдебиеттерді оқып емес, олар өздерін соншалықты сенімді сезінетін әлеуметтік ресурстардан бейнежазбалы, аудио мәліметтер түрінде қабылдауға икемділігі көрінеді.

Қоғамды жаһандық ақпараттандыру мектепке әлеуметтік тапсырысты өзгертті. Қазір қоғамға шешім қабылдай алатын, сыни ойлауы бар, көптеген ақпаратпен жұмыс істей алатын, ақпараттық кеңістікте жақсы және жылдам шарлай алатын, тез қайта құрып, қайта үйренетін адам қажет. Мектептің негізгі білім беру миссиясы – оқушыларды қазіргі және болашақ

қоғамдағы өмірге дұрыс дайындау, сондай-ақ оларға болашақта мәдени, қоғамдық, саяси, кәсіби және экономикалық өмірге белсенді және жауапкершілікпен қатысуға мүмкіндік беру. Мектептегі білім беру қазіргі уақытта әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдана отырып, осы көрсетілген бағыттарда дамып келеді. Бүгінгі таңда біздің мектептерде оқыту процесі әр түрлі техникалық оқыту құралдарын кең қолданусыз мүмкін емес. Сондай-ақ, бұл оқыту құралдары үлкен ақпараттылыққа, сенімділікке ие, зерттелетін құбылыстар мен процестерге тереңдеп енуге мүмкіндік береді, оқытудың көрнекілігін арттырады. Оқу-тәрбие процесінің қарқындылығына ықпал етеді, оқу материалын қабылдаудың эмоционалдылығын арттырады. Сондықтан мультимедиялық технологияларды қолдану оқу-тәрбие процесін жетілдіруге, педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыруға, оқушылардың біліктілік дағдыларының сапасын жақсартуға ықпал ететін құрал екені сөзсіз.

Жоғарыда аталған жағдайларға байланысты мектептегі күнделікті білім беруде, оқытуда заманауи медиа мен технологияны қолдану – бүгінгі күн тәртібіндегі шұғыл шешілуге тиісті аса өзекті мәселе. Бұл бағыттағы бар қиындықтарға қарамастан ұстаздар қауымы тарапынан аталған мақсаттарды жүзеге асыру жұмыстары атқарылуда. Сандық технологияларды қолданудың артуы мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмысы бойынша негізгі міндеттерінен басқа, сандық оқыту саласындағы жеке құзыреттіліктерін дамыту қажеттілігі сияқты нақты жүктемелердің пайда болуына әкелді. Осы саладағы жұмыс мұғалімнің қарқынды өзін-өзі тәрбиелеуін, сондай-ақ сандық медиа мен технологияны оқушылар жақсы қабылдай алатындай етіп қалай пайдалану керектігін зерделеуді, оқытуда осы технологияларды тиімді пайдаланудың практикалық дағдыларын дамытуды қамтиды. Мектеп мұғалімдерінің көпшілігі сандық құралдарды қолдануды, интернеттен керек ақпаратты іздеу, өңдеу жолдары мен бағдарламаларын, сондай-ақ сандық оқыту дағдыларын өз бетінше игеруге мәжбүр. Өз біліктіліктерін арттырудың арқасында мұғалімдер цифрлық форматта кәсіби оқыту мүмкіндігіне ие болып, сабақта сандық медиа мен технологияны мүмкіншілігінше кең пайдалануға қол жеткізді. Осылайша мұғалімдер қауымымен мектептегі білім берудің заманауи дәрежеде дамуына, гаджет әлеміне бейім оқушылардың қазіргі қызығушылықпен қабылдау деңгейіне сәйкес сабақтар ұсынуға мүмкіншілік туғызылуда. Сандықтандыру кең таралған сайын, сандық оқыту дағдыларын игерген мұғалімдердің рөлі арта түсетіні де сөзсіз.

Сонымен қатар, мұғалімдер үшін ең маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылатын еңбек жағдайлары, әсіресе сандық технологияларды пайдалану кезінде маңызды мәнге ие екенін атап көрсету қажет. Мұғалімдердің еңбек жағдайлары мен оқытуды сандықтандыру туралы айтатын болсақ, сандық технологиялардың дамуының орасан зор жылдамдығы мен мектептерді сандық оқыту саласындағы құрылғылармен қамтамасыз ету деңгейлері арасындағы күрт айырмашылықты атап өтпеуге болмайды. Заманауи смартфон немесе планшет түріндегі сандық бейне құрылғысына үйренген оқушыны тақтаға бормен жазылған ақпаратпен немесе плакат түріндегі көрнекі құралдармен қызықтыру қиын. Қазіргі мектептерде бар проекторлар арқылы экранға берілетін бейнеақпараттардың өзі күнделікті сандық құрылғыларға дағдыланған оқушылардың қызығушылық деңгейіне сәйкес емес. Осылай бола тұра, жалпы сандық технологияның өте жылдам дамуына байланысты оқушылардың осы саладағы сұраныстары басқа елдерде де мектептердің мүмкіншілігінен алда болатыны байқалады. Әрине, елдің даму деңгейіне байланысты бұндай айырмашылық аралығы әр елде әртүрлі екені белгілі. Екінші мамандығым неміс тілінің мұғалімі болғандықтан Германиядағы осындай айырмашылық туралы неміс тіліндегі ақпараттарды саралау бойынша байқағаным келесідей: Неміс зерттеушілерінің 2020 жылы Bitkom сайтында жарияланған «Біздің миссиямыз Сандық трансформацияны түсіну – Диалогта болашақты құру» тақырыбындағы талдауында Германиядағы мектеп оқушыларының білім берудегі сандықтандыруды қалай қабылдайтыны қарастырылған. Осы зерттеу бойынша олардың көпшілігі сандықтандыруға оң көзқараспен қарайды. Осылайша, респонденттердің 83% сандық технологияларға көшуді жақсы мүмкіндік ретінде қарастырады. Сонымен қатар, респонденттердің 93% пікірінше сандық медиа сабақтарды қызықты етеді. Алайда, оқушылардың пікірінше, мектепке әлі де бұл салада даму керек. Респонденттердің төрттен үш

бөлігі өз мектебінде сандық медианы пайдаланудың техникалық шарттарын жақсарту қажет деп санайды. Мектептегі ең өзекті мәселелер туралы сұрақтарға ең жиі айтылатын жауаптар: сандық медианы жиі пайдаланбау және техникалық жабдықтың нашарлығы болды. [1.1.]

Өз мектептеріміздегі жағдайға оралсақ, оқытуда сандық медиа мен технологияларды қолдану және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін қазіргі уақытта ең алдымен мектептерде интерактивті тақталар мәселесі шешілуі қажет. Заманауи білім беруге бағытталған интерактивті тақта ресурстары жалпы мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге, соның ішінде оқытуда сандық медиа мен технологияларды пайдалануға, оқушылардың оқу материалдарына қызығушылығын және оларды тиімді игеруін қамтамасыз етуге жол береді.

Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, оқу жағдайын әзірлеу мұғалімге жұмысты орындаудың айқындылығы мен жылдамдығына байланысты материалды зерделеу уақытын қысқартуға, оқушылардың білімін интерактивті режимде тексеруге мүмкіндік береді, бұл оқытудың тиімділігін арттырады, тұлғаның барлық әлеуетін іске асыруға көмектеседі [2. 6].

Осы тақтада қолдануға болатын материалдардың алуан түрлілігінің арқасында оқушылар жаңа білімді тезірек игереді, өз идеяларын ұсынады, сабақтың сапасы айтарлықтай жақсарады. Интерактивті тақтаның әмбебаптығы оқушылардың жұмысқа, әсіресе ақпаратты жедел қабылдау арқылы, белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Интерактивті тақтаның тапсырмалар базасын оқыту тиімділігіне қол жеткізу құралы ретінде пайдалану мұғалімнің жұмысын оңтайландырады, әр түрлі тақырыптағы анимациялық сабақтарды одан да қызықты етеді. Интерактивті тақтаны жаңа материалды түсіндіруде, қарым-қатынаста кеңінен қолдануға болады. Тілді үйрету кезінде интерактивті тақталарды сабақтың әр кезеңінде қолдануға болады.

Тақтаның шексіз беті бар екендігі маңызды. Жаңа таза экранды бірінен соң бірін ашып, оған жазбалар жасауға болады (қағаз флипчарттарына ұқсас, бір экрандық беттің кеңістігі флипчарт деп те аталады), сонымен бірге барлық әрекеттер тізбегін жадында сақтайды. Идентификатордың таза бетін қолдана отырып, сіз қажетті ақпараттың жазбаларымен, формулаларды енгізумен, графиктерді, схемаларды және т. б. интерактивті модельді көрсете отырып түсіндіруге болады. [3.58]

Ағымдағы уақытта мектептің жекелеген кабинеттері ғана интерактивті тақтамен жабдықталғандықтан аталған құрылғыны күнделікті сабақтарда пайдалану мүмкіншілігі аз. Сол себепті интерактивті тақтаны күнделікті қолданбағандықтан мұғалімдердің бұл бағыттағы практикалық білімдері биіктемей, көбіне теориялық, тәжірибелік деңгейде қалып отырғаны өзекті сұрақ, сондықтан бұл класстарды көптеп интерактивті тақтамен қамтамасыз ету жолымен шешілетін мәселе. Соған қарамастан оқушыларды интерактивті тақтаға қызықтыру, оларды осы құрылғының жұмысымен ынталандыру мақсатындағы арнайы бағдарламаларды қолдана отырып дайындалған сандық материалдарды сабақтарда қолданудың да оқушыларда қызығушылық тудыратыны байқалады. Бұл мақсатта мен сабақтарымда интерактивті тақтаға арналған «ActivInspire» бағдарламасында жасалған флипчарттарды қолданамын. Аталған бағдарламаның басқару панелі арқылы ашылатын «Тапсырмалар» бөлігіндегі «Категория бойынша бөлу», «Кроссворд», «Флэш-карталар», «Белгілемелі диаграмма», «Сәйкестік», «Есте сақтауды жаттықтыру», «Бірізділік», «Уақыт шкаласы», «Вендиagramмасы» бөлімшелері сабақ тақырыбы бойынша тапсырмалар құрастыруға өте оңтайлы. Бағдарлама мұғалімнің кіргізген дұрыс жауаптарына сәйкес тапсырмалар құрастырып, оның шешуіне дейінгі оқушы жауаптарының сәйкестігін немесе бұрыстығын ашып көрсететінімен тартымды.

Бастауыш сынып мұғалімі ретінде интерактивті тақтаны қолданудың тиімділігі, жақсы нәтижеге жету жолдарының бірі. Орыс тілді мектептерде қазақ тілін интерактивті оқыту технологиясы бойынша интерактивті тақталар тіл білімін лексиканы, фонетиканы, грамматиканы меңгеру, басқа тілді тыңдау арқылы оқушының қабылдауы мен сауатты жазуын қалыптастыру, танымдық материалды игеру мақсатында оқу жұмысын жандандыру үшін үлкен маңызға ие. Грамматикалық есептерді сөйлемдермен, тұрақты өрнектермен, мәтінмен оқыту кезінде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану жақсы нәтижеге жетуге жол

ашатыны ерекше байқалады. Ф. Оразбаеваның пікірінше, тілдік байланыс грамматиканы жеке оқыту кезінде жүзеге асырыла алмайды. Тақырып, сөйлем, тұрақты сөйлем, адамға қажет мәтін арқылы ұсынылған грамматика тек осы тілдік қатынас қажет болған жағдайда сұрыпталған кезде ғана нәтиже береді [4.152].

Мультимедиялық технологияларды қолдану оқушылардың жаңа материалға деген қызығушылығының күрт артуын көрсетеді, оқушыларда ойлау белсенділігінің дамуымен қатар оңтайлы шешімдер қабылдау және дұрыс әрекет ету қабілетін қалыптастырады.

Қазіргі уақытта сандық білікті мұғалімдер оқушылардың жаңа буынының білім алу қажеттіліктерін түсініп, оқушыларды цифрлық медиа мен технологияларды қолдану элементтеріне қызықтыруға тырысады. Ол үшін бейне мазмұнды, бейне сабақтарды, әлеуметтік ресурстардан алынған бейнематериалдарды және т. б. пайдаланады. Өзімнің сабақтарымда өтілетін тақырып бойынша интернет көздерінен таңдалған, бірақ пән мұғалімінің (менің) мазмұнды аудио түсіндірмесімен дыбысталған бейне ақпаратты қолдана отырып, мен оқушылардың зерттелетін тақырыпқа деген қызығушылығының күрт артқанын байқадым. Осы арқылы сабақтың тақырыбы бойынша сұрақтар қызуталқыланып, нәтижесінде тақырып материалының жақсы игерілетініне көзім жетті. Демек, қазіргі уақытта оқушылардың сандық қызығушылық деңгейіне сәйкес ұсынылған оқу материалдары, қандай да бір мәліметтер оқушылар тарапынан нәтижелі қабылданады және балалардың ақпарат әлеміндегі ізденістерін қажетті арнаға бұруға мүмкіндік береді.

Сандық медиа мен технологияларды жүйелі қолдану арқылы уақыт өте келе мұндай технологияларды қолдану мұғалімге үйреншікті дағдыға еніп, оңай жүзеге асатын болады. Мұғалімнің баға жетпес көмекшілері – бейнені және дыбысты өңдеу бағдарламалары. Осындай бағдарламалардың көмегімен оқу бағдарламасының әртүрлі тақырыптары бойынша оқу бейнелерін жасауға болады. Бейнемонтажды да қолдана білу керек, өйткені бейнематериал жасау мұғалім қолданатын қажетті дағдыға айналуы тиіс. Мұғалімге осы саладағы жұмыс барысында бейнебаян жасауға, ұзақ бейнені, аудиомәтіндерді киюға, құрастыруға тура келеді.

Мысал ретінде мен мультимедиялық мазмұнды жасау үшін қандай бағдарламалар мен әдістерді қолданатынымды айтқым келеді. Мен бейнеконтенттерді Movavi Video Editor Plus бағдарламасымен өңдеп жасаймын.

Мектептерде сыныптар интерактивті тақталармен жабдықталған. Сондай-ақ оқытуда сандық медиа мен технологияларды тиімді пайдалануының негізгі шарттарының бірі болып табылатын Интернеттің жоғары қолжетімділігі мен оның жеткілікті өткізу қабілетін қамтамасыз ету жұмыстары да жүргізілуде.

Мұғалім сандық технологияларды оқып үйреніп, осы бағытта өз құзыреттілігін дамытуы керек, бұл қазіргі заман талабы. Бірақ, сандық технологиялар дәстүрлі оқытуды толығымен алмастыра алмайтынын ұмытпауымыз керек, ол оны тек толықтырады, өйткені мұғалімнің оқушылармен тікелей қарым-қатынасын ешкім алмастыра алмайды. Мұғалім оқушымен кері байланысқа шыға отырып, оқу материалын оқыту барысында түсінікті және қол жетімді етіп қайта құра алады. Бірақ қандай жағдай болмасын, сандық технологиялар біздің өмірімізге қарқындап еніп үлгерді және біз оларды пайдалануды үйренуіміз керек.

Қорытындылай келе айтарым, қазіргі күнгі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен міндет – бүгінгі оқушыларымызды болашақта қоғамдағы мәдени, саяси, кәсіби және экономикалық өмірге белсенді және жауапкершілікпен қатысуға мүмкіндігі бар, озық технологиялар заманының талабына сай білімді, білікті тұлға ретінде қалыптастыру.

Бұл үлкен қажырлылықты, зор еңбекті, табандылықты, сонымен қатар керекті заманауи оқу құрылғыларына да қомақты қаражаттарды талап ететін мақсат. Бірақ, қазіргі әлемдегі жағдай көрсетіп тұрғандай, озық ел болудың жалғыз жолы заманауи білім мен озық технологиялар екенін ескерсек, еліміздің болашағы – қазіргі оқушыларымызды мұндай әлемдік даму мүмкіндігінсіз қалдырмау үшін қоғамымыздың бар қажыр-қайраты, күш-қуаты, дәулеті жұмсалуды керек.

Әдебиеттер

1. Bitkom редакциясымен жарияланған «Біздің миссиямыз Сандық трансформацияны түсіну – Диалогта болашақты құру» тақырыбындағы талдау. Мюнхен, 2020 ж. <https://www.bitd.digital/themenmonitor/studie-zur-digitalisierung-der-schulbildung-schuelerinnen-sehen-digitalisierung-als-chance/>
2. Интерактивті тақта құралдарын қолданатын заманауи сабақ: интерактивті оқыту құралдарын пайдалану бойынша білім беру қызметкерлеріне арналған оқу құралы ғылыми ред. Г. Ф. Полушкина, Киров, 2017.
3. Интерактивті тақталар және оларды қолдану. М. А. Горюнова, Т. В. Семенова, М. Н. Солоневичева / жалпы ред. М. А. Горюнова. - Санкт-Петербург 2016.
4. Оразбаева Ф.А. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. –2001 ж.

М.ӘЛІМБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Тастемирова А.Г.

Атырау облысы, Индер ауданы, М.Мәңкеұлы атындағы орта мектебінің мектепалды даярлық топ тәрбиешісі
tastemirova1984@mail.ru

Біздің еліміз – мәдениет және өнер шеберлерінің отаны. Біз халық композиторларын, теңдесі жоқ ақындарды мақтан тұтамыз. Сөз суретшілері өз өнерімен бізге Отанымыздың сұлулығы мен ұлылығын көруге көмектеседі, олар біз туып-өскен жерге деген сүйіспеншілікті оятады және оны сақтау және қорғау керек екенін көрсетеді.

Кітап сөзбен жұмыс істейтін өнер түрі болып қала береді. Кітап арқылы біз айналамыздағы әлемді білеміз, жақсылық пен жамандық, жеккөрушілік пен достық, батылдық пен қорқақтық туралы білеміз. Оқу бізде моральдық құндылықтарды қалыптастырады, жанашырлық пен мейірімділікті, таңдануды және қуануды үйретеді.[1]

Қазіргі балалар көп оқымайды, өнерге қызығушылық танытпайды, бос уақытты ұйымдастыра алмайды, көп уақытын компьютерде өткізеді, нәтижесінде құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай алмайды.

Балаларға арналған әдебиет-шығармашылықтың ерекше түрі. Баланы қызықтыратын нәрсе жазу өте қиын. Балаларда асыл ойлар мен сезімдерді ояту-негізгі балалар поэзиясына қойылатын талаптар. Осы жерде біздің ойымызға балалардың эмоционалды және психикалық дамуына үлкен әсер еткен Музафар Әлімбаевтың поэзиясы.

Өлеңдері үшін ол балалардың өмірінен эпизодтарды алған, солай көзге көрінбейтін, бір қарағанда егжей-тегжейлі, байқаусызда естілген әңгімелер құрастырған. Ол өзінің өлеңдерімен балаларды пайдалы істерге шақырады, Қазақстанның туған жерінде бар әдемі нәрселерді бағалауға үйретеді.

М.Әлімбаев бізді қоршап тұрған табиғат туралы сүйіспеншілікпен жазады. Әркім аязды "келе жатқан қыстың нәзік балаларымен" бейнелі түрде салыстыра алмайды, ақын "қар жауады" өлеңінде мұны оқып, алғашқы қардың барлық сүйкімділігін сезінеді[2]

Ақын барлық балалардың санай алатындығын тексергісі келіп, "еркін санау" атты әзіл-қалжың өлеңін жазды. Біз білетін сыпайы сөздерді тексеріп, "сыпайылық сабақтары" өлеңін жазған. Мұнда құмырсқаға тағзым еткен жақсы піл, сыпайы және әдепті гоферлер, суырлар мен ондатрлар мен құндыздар бейнеленген. Ол желдің қандай түсті екенін біледі және өлеңде өз білімімен «жел қандай түсті» өлеңінде бөліскен.

Әлімбаев сөйлеуді дамытуға ерекше назар аударады, ақылдылық пен ойлау қабілетіне үйретеді.

Ақынның өлеңдерін оқи отырып, біз қоршаған әлемнің сүйкімділігіне таңданып қана қоймаймыз. Ол бізге осы әлемді қалай сақтау керектігі туралы ойлануды ұсынады. Сондықтан ақынның "егер сен болмасаң кім?" өлеңінде қоятын сұрағы кездейсоқ емес деп ойлаймын.

Музафар Әлімбаев бізге өзімізге сырттан қарауға, тіпті егер сіз кәмпитті жалғыз жеп, ешкіммен бөліспесеңіз ең тәтті кәмпиттердің де ащы және дәмсіз болуы мүмкін екенін сезінуге көмектеседі, мысалы "Кәмпит" өлеңінің басты кейіпкері сияқты. Сонымен қатар "Ертеңгі ертегі" өлеңінде барлық жұмыстарды ертеңге, кейінге қалдыру жағымсыз сезім тудыратынын айтып өткен.

Музафар Әлімбаев Қазақстанның сұлулығын, қарапайым еңбеккерлердің ұлылығын, балаларға арналған шығармаларын дәріптейтін өлеңдерімен танымал. Тағдыр оған ұзақ өмір жолын берді-жазушы 95 жыл өмір сүріп, қазақ әдебиетіне әдемі ертегілер мен өлеңдер сыйлады.[3]

Фотосуреті қазақстандық балаларға ғана емес, лириканы жетік білетін ересектерге де таныс Музафар Әлімбаев ұлттық әдебиет шежіресінде поэтикалық шығармалармен, әдеби шығармалармен, аудармалармен және публицистикамен ұсынылған.

2017 жылдың қараша айында Қазақстан жазушымен қоштасты: ол өзінің елі мен халқының сұлулығын жырлап үлгеріп, құрметті жаста өмірден кетті. Әлімбаевтың өмірбаяны және оның халық жазушысы атағына не үшін лайық екендігі туралы толығырақ айтып беремін.

М. Әлімбаев бір кездері асыл маралдар табылған көркем жерлерден шыққан. Оның кіші Отаны — Шарбақты ауданының Маралды ауылы. Бұл жерлерде 1923 жылы, 19 қазанда Музафар Әлімбаев дүниеге келді. Болашақ жазушының атын әкесі ұлы қолбасшы болады деген үмітпен берді (араб тілінен "Музафар" - 'жеңімпаз'). Алайда, бала жеңістерді қылышпен емес, қаламмен алуға арналған. Көптеген халық әндері мен өлеңдерін, Абай шығармаларын білетін ананың арқасында Музафар поэтикалық сөздің сұлулығын, халық даналығын таныды. Оның сөзімен Әлімбаев ертегілерді, оның ішінде "хан туралы" ертегілерді жазып, қазақ қаһармандық эпосымен және халық бесік жырымен танысты. Анасы Әлімбаев үшін алғашқы тәлімгер және ұстаз болған. Музафар және оның екі үлкен ағасы сауаттылықты ерте үйренді. Әлімбаев бес жасында Толстойдың ертегілерін, Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдерін өз бетінше оқыды. Бала бірінші сыныпта оқыған пәндерін игерді, сондықтан ол бірден екінші сыныпқа қабылданды. Мұзафар Әлімбаевтың балалық шағы әкесі қайтыс болған кезде тез аяқталды. Бала небәрі тоғыз жаста еді, ал бес жылдан кейін анасы қайтыс болды. Жетім тағдыр Әлімбаевты интернаттар арқылы жетелеген, бірақ ол өзінің туған ауылы, ауылдастары, отбасы туралы балалық шағы туралы естеліктерін сақтап, өз шығармаларында көрсеткен.[4]

Мұғалім мамандығын Музафар Әлімбаев Павлодар педагогикалық училищесінде алды, онда мектепті бітіргеннен кейін оқуға түсті. Мұнда Музафар Әлімбаев алғаш рет өлең жазуға тырысқан. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Әлімбаев он сегіз жаста еді. Кәметке толғанша күтіп, майданға ерікті болып кетті. Ол қатардағы сарбаздан аға лейтенант пен танк бөлімінің штаб офицеріне дейін барды. Тіпті қиын-қыстау кезеңде де қазақ және жалпы одақтық баспасөзге өлеңдерін жариялады. Әлімбаев қырық екі жасында жоғары білім алды: ол әл-Фараби атындағы университетті бітірді.

1948 жылы демобилизацияланып, Әлімбаев журналистикадан өз кәсібін тапты. "Пионер" журналы, "Қазақ әдебиеті" газеті ("қазақ әдебиеті") — осы басылымдарда жазушы 10 жыл жұмыс істеді. Жиырма сегіз жыл бойы ол "Балдырған" балалар журналын басқарды. Музафар Әлімбаев-қазақстандықтардың ең танымал және қастерлі ақындарының бірі. Ақын - Ұлттық Әнұран авторларының бірі. «Біздің әнұранымыз үшін ерекше сөздерді табуымыз керек болды, — дейді Музафар-аға, — олар жоғары шындықтарды қол жетімді түрде растауы, патриотизм сезімін, өз халқы мен өз жері үшін мақтаныш сезімін оятуы керек-бір сөзбен айтқанда, Мұқан Төлебаевтың, Евгений Брусиловскийдің және Латиф Хамидидің шабыттандыратын, әдемі музыкасына лайық дыбыстары. Мұндай жұмысты жалғыз өзі жеңе алмады. Біз әр мәтінді жаздық-мен, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дарибаева. Содан кейін әркім жолдастарынан ең жақсы жолдар мен шумақтарды алып, мәтінді қайтадан жазды. Осылайша біз құзыретті комиссия мақұлдаған нұсқаға көштік".

Музафар Әлімбаев - фольклортанушы және қанатты сөздердің авторы ретінде танымал. Ресми түрде ақынның жолын Әлімбаев 26 жасында бастады, ал "Қарағанды туралы әндер" атты дебюттік өлеңдер жинағы 39 жасында жарық көрді. Жыл сайын ақын жанкүйерлерін жаңа басылымдармен қуантты. Отыз жыл ішінде 13 жинақ жарық көрді, оның ішінде: "Ақмаңдайлым"; "Бұл не сияқты? Балаларға арналған өлеңдер"; "Сүймеген жүрек семеді"; "Қар бүршігі"; "Лирика"; "Алатаудың түбінде"; "жүректің сыбыры"; "Менің Қазақстаным"; "батыл уақыт — балалық шақ" және т. б. "Әуе жолдарының иесі" кітабы үшін ақын Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. Ақынның шығармашылығын халық мойындауы оның "бізде дәрігер қыз бар", "ал, сен ғажайып, жігітсің", "бір жас қазақ" және басқалары халық әндеріне айналғанын көрсетеді. Әлімбаев өзінің өлеңдерімен және ағартушылық ертегілерімен балалардың махаббатын жаулап алды. Қазақ жазушысының өлеңдері бүкіл әлемде орыс, украин, поляк тілдерінде оқылды.

Әлімбаев фольклоршы ретінде танымал болды. Оның арқасында қазақ мәдениеті халықтық мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен астарлы әңгімелердің баға жетпес жинағымен байытылды ("Маржан сөз. Мақалдар", "666 мақал-мәтелдер"). Сонымен қатар, авторды ұлттық фольклор ғана емес, басқа халықтардың халық шығармашылығы да қызықтырды. Фольклорлық материал авторлық афоризмдерді құруға серпін берді. Әлімбаевтың өмірлік тәжірибесі мен байқауы өзі жасаған мақал-мәтелдер мен афоризмдерде көрініс тапты.[5]

"Жомарт қол болмайды, егер жан сараң болса",

"Егер әнші шебер болса, ән де әдемі".

Ол өзінің өмірлік тәжірибесі мен бақылауларын қолдана отырып осындай мақал-мәтелдер жасады. Айтпақшы, Музафар Әлімбаев жердің 85 халқы мен ұлыстарының мақал-мәтелдерін аударып, көптеген кітаптарға, мысалы, "сөздердің інжу-маржаны" жинағына енгізген.

Музафар Әлімбаевтың арқасында жетпістен астам ақын қазақ тілінде сөйледі. Ол орыс классиктерін, "Манас" қырғыз батырлық эпосын, Фирдоуси, Саади, Токтогул, Петефи, Хикмет, Аполлинер мәтіндерін аударды. 2017 жылы Әлімбаев бойынша Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында өткен жерлеу рәсімінде сөз сөйлеушілер жазушының ұлттық мәдениетті дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалады. Әлімбаев жазушылардың әскери буынының өкілі, классик, батыл адам және нәзік лирик болған.

Музафар Әлімбаевтың шығармалары қазақ балабақшасыда жиі қолданылады. М. Әлімбаевтың өлеңдері бейнелі, тілдің көркемдік құралдарын шебер қолдану, кішкентай оқырмандарды түсінудің қол жетімділігіне ие. Әлімбаевтың 200-ге жуық өлеңдері лирикалық, әуезді, сюжетті, әр түрлі шынайылық сезімі бар әндерге айналды.

Кез келген қазақтан Музафардың қандай әндері бар екенін сұраңыз: "Ақмаңдайлым", "Аяжан", "Алматы кешінде", "Қара қыз" және тағы басқалар - көңілді және жүректі дірілдететін, қайғылы және философиялық, махаббат, достық, Отан және бақыт туралы шығармаларын айтады. Барлық әндерде оның жұмсақ дауысы, оның мейірімді күлкісі мен керемет әзілі, өмір туралы білімі және ол сезінген сезімдердің байлығы көрініс табады.

"Маралдым" - туған жерге деген сағыныш жайлы айтылған. Музафар Әлімбаев осы әдемі ән арқылы бүкіл қазақ даласына танылды. Ол туған өлкенің сұлулығын Естай мен Қорлан сияқты екі жастың махаббаты арқылы көрсетті. "Қыз Қорлан хор қызындай тамсындырған, Естайға әлемде жоқ үн салдырған"...

Қорыта айтқанда, барша қазаққа Мұзаға атанып, жан-жүрегі жылылық төгіп тұратын, қазақ дегенде ішкен асын жерге қоятын, балаларға арналған төрттаған тақпақтан бастап еліміздің Әнұранын жазуға дейін араласып, азаматтық, ақындық абырой биігіне көтерілген жазушының шығармаларын әрдайым оқып, айтқан нақыл сөздерін көңілімізге тоқуды барлығыңызға кеңес беремін.

Әдебиеттер

1. Алимбаев Музафар. Русско - казахский словарь в стихах = Қазақша - орысша елестелен - сөздік /Алимбаев Музафар.-Алматы: Балауса баспасы, 2002.- 62 с.
2. Алимбаев М. Кто начинает день [Текст] :стихи; пер. с каз./ М.Алимбаев;худож.Р.Халилов.-М.:Дет. лит.,1988.-62с.
3. Алимбаев М. Что на что похоже [Текст]: поэма,стихи, небылицы, загадки/ М.Алимбаев; пер, с каз. С.Рыбакова.-Алматы;Жалын, 1985.-149с.
4. Алимбаев М. Слон и муравей [Текст]: стихи для мл.шк. возраста/М.Алимбаев; пер. С.Рыбакова, И.Мазнина;худож.И.Бривкалина. - Алматы: Таймас, 2007. -20с.
5. Алимбаев М. Скажи что это [Текст]: загадки оприроде/ М.Алимбаев; пер. С.Рыбакова; худож. Е.Гордиенко.-Алматы: Таймас,2007.-16с.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОП ПЕН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Кисекова Т.К.

Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің бастауыш сыныптар бойынша әдіскері, «Педагог-зерттеуші», Жәнібек ауданы
Батыс Қазақстан облысы

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның халық жазушысы, публицист, әдебиет зерттеушісі, аудармашы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, балалар әдебиетінің атасы - Мұзафар Әлімбаевтың өлең, жыр, дастан, әңгіме, мақал-мәтелдері, жаңылтпаш, жұмбақтары әлемге танылды, сан ұрпақты көптеген жылдар ішінде жырларымен сусындатып, таңырқатқан алғашқы қадамын Павлодар өңірінде «Қызыл ту» газетінде жарық көруден басталған өлеңдері қазір том-том болып халқымыздың рухани қазынасына айналды.

Бүгінде қазақ поэзиясының құнарлы топырағына қаққан қазығы нық, нығыз, асқар биік шығармашылық тұлғаның туғанына 100жыл.

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы 29 қазанда Павлодар облысы Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында дүниеге келген. Сегіз жасында әкесі, он үш жасында анасынан айырылып, жетім қалды. Есейген шағы екінші дүниежүзілік соғыстың басталған күніне тұспа-тұс келді. Қан майданда танк батареясының командирі болды. Соғыс жылдары өлеңдері республикалық, облыстық және майдан газеттерінде басылды. Соғыс біткен соң Мұзафар Әлімбаевты Шығыс Германия жерінде әскери қызметке алып қалып, елге 1948 жылы ғана оралды. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

Қазақ балалар әдебиетінің бағына туған Мұзафар Әлімбаев алғашқы туындыларын 15 жасында жазды. Ол Павлодар облысы «Қызыл Ту» газетінде жарық көрді. Содан бастап Мұзафар Әлімбаевтың ұзақ та, жемісті шығармашылық жолы басталды. Бастапқыда Мұзафар Әлімбаев балалар жазушысы ретінде танылды, әдеби ортада «бала жанының бағбаны» атанды. Соғыстан кейінгі жылдары «Пионер» журналында поэзия бөлімін басқарып, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары секілді қызметтер атқарды.

Мұзафар Әлімбаевтың алғашқы өлеңдері 1939жылдары жазылды. 1948-1958 жылдары «Пионер» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, бас редакторының орынбасары, 1958-1986 жылдары «Балдырған» журналының бас редакторы болды.

Республикамыздың айтулы ақыны М.Әлімбаевтың есімін білмейтін кісі кем де кем. Еңбектенген баладан еңкейген қарияға дейін біледі десем қателеспеймін.

«Тәрбие - тілден басталады» - дейді дана халқымыз. Сөз маржанын тере білген, балғындардың сүйікті ақыны, көп қырлы талант иесі Мұзафар атамыздың тақпақтары мен өлеңдерін балалық шағымнан бастап жаттап, өлеңіне жазылған әндерді тыңдап, шырқап өстік.

Анам Есполаева Айша Ажғалиевна мектепте тарих пәнінен сабақ берген, бүгінде өмір тәжірибесі де, іс-тәжірибесі де мол ұлағатты ардагер ұстаз, зейнеткер. Білім нәрімен сусындатқан, шығармашылыққа баулыған әжем, әке-шешем, тәрбиеші апайларым мен ұстаздарымның еңбегі. Сонау бала кезімде 1972-1973 жылдары балабақшада тәрбиеленгенде Бәшен Баймұратованың (алғашқы қазақ балабақшасының анасы) «Біздің кітап» кітабының ішінде Мұзафар Әлімбаевтың «Шынықсаң, шымыр боларсың!» өлеңін суретке қарап, жатқа айтушы едім. Қазір кітап (4-басылымы) өзімде бар, шәкірттерім мен немерелеріме оқы беремін.

«Шынықсаң, шымыр боларсың!»

Сағаттың тіліндей,

Иіліп оңға бір.

Сағаттың тіліндей,

Иіліп солға бір.

Сағатқа қарап ап,

Жаттығу оңай-ақ!

Қақпаға туралап,

Теп допты, оң аяқ.

Қақпаға туралап,

Теп допты, сол аяқ.

Оң аяқ,

Сол аяқ,

Жаттығу оңай-ақ.

Доп безек қағады,

Секіріп еденде,

Біресе жоғары,

Біресе төменге.

Секіріп сондай-ақ

Жаттығу оңай-ақ.

1974жылы 1- класқа келгенімде қолыма Әліппе оқулығын алып, «Мұғалім - ол біздің» өлеңін алғашқы ұстазым Булхайырова Мұхсина Ғаппаровна жаттатызғаны әлі есімде.

«МҰҒАЛІМ – ОЛ БІЗДІҢ»

Сөзі М. Әлімбаевтікі

Әні И.Нүсіпбаевтікі

Білімнің кілтіндей,

Әліппе ұстатқан.

Оқуға іркілмей,

Тоқуға ұстартқан.

Қайырмасы:

Қамқоры ұл-қыздың,

Мұғалім – ол біздің!

Қамқоры ұл-қыздың,

Мұғалім – ол біздің!

Мектеп қабырғасында ана тілі, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында, сабақтан тыс шара, тәрбие сағаттарында, жоғары оқу орнында Мұзафар Әлімбаевтың өмір жолындағы шығармашылық еңбектерімен кеңінен танып, тереңірек оқыдық.

Міне, мен де ұстаз болуды армандаған едім, бүгін таңда 38 жыл болды педагог болып қызмет атқарғаным. Білім берген шәкірттерім мен немерелеріме атамыздың шығармаларын оқытудан жалыққан емеспін. Ұрпақ сабақтастығы жалғасуда.

Мектепалды даярлық топтарға арналған Көркем әдебиет хрестоматиясында «Он саусақ», «Сары жапырақтар жауғанда», «Жылқышы», «Мәншүк апай», «Биікке, биікке»,

«Саған да орын бар», «Халық тағлиматынан» қанатты сөздері және №2 жұмыс дәптерінде «Біздің балабақшада» шығармаларымен танысса, 1-сыныпта Әліппе оқулығында «Әліппе» өлеңі бағдарламада берілген.

Әліппе

Жеміске құты тола ма?

Бір – бірлеп теріп алмасаң?

Әп – сәтте шыға қоя ма,

Еккен дәнің ойласаң?

Білім де сондай қарағым,

Біртіндеп сіңер бойыңа,

Ұғып ал, білім боларын

Шамшырағың жолыңда.

Көлге ойнаған бұлақтың,

Қайнар көзін көріп пе ең?

Том- том болған кітаптың,

Басы болар «Әліппең»... – деп, ақын Мұзафар Әлімбаев атамыз жырлағандай, бұл білім мен ғылымның алғашқы жолы ғана. Мұзафар Әлімбаевтың алғашқы кітабы – «Қарағанды жырлары» 1952 жылы басылып шықты. Ол 1958 жылы «Балдырған» журналының бас редакторы болды, бұл қызметті 1986 жылға дейін атқарды. Мұзафар Әлімбаев әлем халықтарының жүздеген мақалын қазақ тіліне аударған. Аударып қана қоймай, оны ұлттың болмысына бейімдеп жеткізген. Оларды «666 мақал мен мәтел», «Өрнекті сөз», «Мақал – сөздің мәйегі» деп аталатын жинақтарға топтастырды. Сонымен қатар әлем поэзиясынан А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтовтың шығармаларын қазақша сөйлетті. Мұзафар Әлімбаевтың төл туындылары мен аудармаларын қоса есептегенде 64 кітабы жарық көрген. Олардың арасында «Қарағанды жырлары», «Жұмбақтар», «Алатау баурайында», «Менің Қазақстаным», «Жолдар – жырлар», «Жүрек лүпілі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына», «Қалам қайраты», «Көңіл күнделігінен», «Ақмаңдайлым», «Маржан сөз», «Балдәурен» және 1982 жылы «Аспандағы әпке» өлеңдер жинағы бар, мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.

Өз бағамды сұрамаймын өзгеден,

Ердің құнын өлшейтін кім сөзбенен?!

Өз бағамды сұрамаймын өзгеден,

Ер салмағын безбендер кім көзбенен?!

Сұрасам да кемеңгер мен батырдан,

Қадырымды сұрамаймын өзгеден,

Ел алдында өз орынын парықтап

Күйкі пенде көңілімен сезбеген, деп жырлаған Мұзафар Әлімбаевтың жырлары ел арасында өз бағасын алды.

Атамыздың ел арасында халық сөзі секілді тараған «Үйлену оңай, үй болу қиын», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» қанатты сөздері бар.

Мұзафар Әлімбаевтың сөзін жазған әндер саны екі жүзге жуық, сахна төрінде шырқалып келеді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы әнұраны авторларының бірі. Ел арасында кең тараған өз тыңдарманын тапқан әннің бірі «Ақ маңдайлым» сөзін жазған – Мұзафар Әлімбаев, әнін жазған – Шәмші Қалдаяқов. Халық арасында бұл әнді Роза Бағланова орындады. Кейінгі кезде бұл әнді Жеңіс Ысқақова, Медеу Арынбаев, «Маралдым» өзінің туған жеріне арнаған әнді Роза Рымбаева, «Музарт» тобы, Зарина Омарова, Мөлдір Әуелбекова сынды әншілер орындауда.

Мұзафар Әлімбаев жайлы бір үзік сыр деректерін оқығанымда «Балалар әдебиетін, балалар поэзиясын Мұзағаңсыз елестету мүмкін емес... Мұзағаңның өлеңнен бөлек әлемнің арғы-бергі классиктерінің шығармаларын аударған еңбегі, жаңылтпаш жазып, мақал-мәтел жинақтап құрастыруы – осының әрқайсысы бөлек-бөлек қарастыруды қажет ететін сом дүниелер. Сөздің парқын білетін, мәйегін танитын, мағынасына, мәніне бойлай алатын бірегей

калам иесі болғандықтан, Мұзафар Әлімбаев әдебиетті көркем аудармалармен байытты», - деген ақын Нұрлан Оразалин.

«...Мен жасым ұлғайған жазушымын. Қайырылып, сонау артта қалған бел-белестеріме, шұғылалы шақтарыма, мұнарлы тұстарға қарасам, «әттеген-ай» деп күрсінер, «ой бәрекелді» деп сүйсінер сәттерім де аз емес сияқты. Мәселен, өз өмірімнің самала-сәулелі беттері деп ұлы Мұхтар Әуезовпен танысып, араласып, жақындасқан жылдарымды, ұлы құшақтың ыстығына жылынып, өнегесінен үйренген кезеңімді, «досым» деген мейірін естіген мезеттерімді айтар едім. Ең алғаш 1949 жылы үйіне барып, отбасында Мұхаңнан интервью алғаным, оны «Пионер» журналына бастыруым жақындасуымның беташарындай болды. Мұхтар Әуезовті зерттегендердің сол сұхбатқа анда-санда сілтеме жасайтындары бар. өйткені Мұхаң ол сұхбатта «Абай» романының туу тарихын тұңғыш баяндап, сыр ақтарған болатын», деп жазған Мұзафар Әлімбаев.

Ақынның балаларға арналған өлеңдері белгілі сюжетке, тартымды ойға, терең пікірге құрылған. Балалардың қызығып та, қуанып оқуына көбірек мән беріп, түйінді ойлар айтуды өзіне зор мақсат етеді.

Ақынның мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны біздер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Ақын «*Кім ұтылды, кім ұтты...*» өлеңінде тау асып ойнап кеткен үш баланын қарны ашып, қолдарында қалған екі алманы бөлісе алмай жатқандарын сөз еткен. Екі алманы үшке бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

*Қиын емес бұл мүлдем,
Теп-тең етіп бөлейік.
Екеуің ал бір-бірден,
Мен-ақ соған көңейін.
Не керек сол айтысып,
Сен бер маған жартысын.
Не керек сол тартысып,
Сен бер маған жартысын.
Екеуі оған көніпті,
Жарты-жарты бөлікті
Басу айтқан балаға
Өз қолынан беріпті.
Кім ұтылды, кім ұтты?
Кім ұқпады, кім ұқты?*

Ақын өлеңін сұрақпенен аяқтап, оқиға шешімін балаларды өз талқысына салады, сөйтіп, олардың ойлау қабілеті мен тілін дамытуға, өздерінше пікір таласын тудыруға сілтейді.

«Өріптер сыры» өлеңі мамандық таңдауға жол ашады.

«А» - Алтай бала дәрігер,

Аурудан сақтар ол мені.

«Ә» - Әнуар өнер біледі,

Әдемі етік тігеді.

«Б» - Бауыржан сақшы –жауынгер,

Батыр деп сүйген қауым ел.

«В» - Володя мастер мен дейді,

Вагондарды жөндейді.

«Г» - Гүлжамил абақшашы,

Гүлге толған бақшасы.

«Ғ» - Ғажап бояу жағады,

Ғали сурет салады.

«Д» - Дүлділ аттар баптаған,

Дәрменді жұрт мақтаған.

Әріптер әр түрлі мамандықтарды таңдау мазмұнына құрылған. Ісынып оқушыларына мәнерлеп оқып, жаттап айтуына икемді және рөлге бөліп, сахналауға да ыңғайлы.

Мұзафар Әлімбаевтың «Жұмбақтар» (1954), «Биікке, биікке» (1955), «Менің ойыншықтарым» (1952—61), «Алатаудың баурайында» (1960), «Орақ олақ» (1962), деген кітаптарымен, «Бал дәурен, шіркін, балалық» (1973) деген бір томдық шығармалары бар. Оның балаларға арналған орыс тіліндегі өлеңдері Бүкіл одақтық «Пионер» журналымен «Пионерская правда» газетінің беттерінде басылды.

Мұзафар Әлімбаев ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармаларымен ерте танысады. Ол өз өмір деректерінде былай жазады: «Мен әкемнен тоғыз жасымда айрылдым. Он төрт жасқа шыға бергенде небәрі жеті күн ауырып, шешем дүние салды. Сөйтіп мен ең жақын ұстазымнан және анамнан айрылдым. Шексіз қасірет менің қыр соңымнан қалмады. Менің шешем өмірімнің ең бірінші, ең жақсы, ең ақылды және ең қатал ұстазы болды. Ол көптеген халық жырларын: бесік жырын, тұрмыс-салт, қаһармандық жырларды, даналық ертегі мен аңыздарды білетін еді. Ал мен он бес жасқа шыққанда өзімнің алғашқы «Ана» дейтін өлең жаздым. Анасы бар әрбір ұл мен қыз әрқашанда анасын тындап, әрқашанда ренжітпеулерінді, біздің айнымас адал анамыз - Отанды бағалап, шын жүректен жақсы көргендерінді қалаған болар едім», - деп анаға, ұлы Отанға деген шексіз зор құрмет көрсетуге, үлгі – өнеге алуға тәрбиелейді.

Мұзафар Әлімбаевтың «Алатау баурайында» поэмасында халық педагогикасы бар, баланы адалдыққа, кішіпейілділікке, мейрімділікке тәрбиелейді. Адамгершілігі мол парасатты кісі әрқашан өз басының қамынан гөрі ел қамын, халық қамын көбірек ойлайды да өз Отаны алдында қызмет етуге әрқашан дайын тұрады. Міне, осындай сипат Мұзафар Әлімбаевтың «Алатаудың баурайында» поэмасынан ерекше орын алған. «Егерде» деген өлеңінде

Ауланың қарын күрер ем, аяғым су болмаса,

Бақшаны баптап жүрер ем, үстіме шаң қонбаса.

Бұл бала не істеу керек екендігін біле тұра соған илікпейді, қолы бармайды. Қара жұмысқа жиірене қарайды. Жастайынан осындай тәрбиеде ескен шолжак бала көбіне жамандыққа үйір болады. Ал жамандыққа үйір кісі жан біткенді жек көреді. Жасынан өзімшіл, жалқау өскен бала өзге түгіл өзінің жақынына да қарамайтын болады. Ақын бұл өлеңінде шебер суреттеген.

Мұзафар Әлімбаев көркем сөз зергері. Оның өлеңдерінен тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп отыратын терең ой, өткір пікірлер мен метафоралар мен эпитет бейнеленеді. Мәнерлі сөздерден сөз қолдану шеберлігін әр сөзді орнын тауып жұмсай білуден іздейді. Ол- ізденгіш, талғамы күшті, бала жанын түсінетін талантты ақын.

Ана тілі 1-сынып оқулығында Заттың қимылын білдіретін сөздер тақырыбында «Өкпелеген үлесінен құрқалады» әңгімесі. Ал, 2-сыныпта әдебиеттік оқу оқулығында Дені саудың – жаны сау бөлімінде «Шынықсаң, шымыр боларсың!», 3-сыныпта әдебиеттік оқу оқулығында «Он саусақ», «Ана тіліне тағзым», 4-сыныпта әдебиеттік оқу оқулығында «Ана тіліне тағзым» шығармалары және қазақ тілі оқулықтарында Мұзафар Әлімбаевтың тақырыптарға байланысты алынған өлең, мақал-мәтелдер, мысал, жаңылтпаш, жұмбақтар, қанатты сөздері берілген.

Әдіскер ретінде айта кетейін, Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша аудандық білім беру бөлімінің жоспарына сай бастауыш сынып мұғалімдеріне «Сабақтастық - сапалы білім берудің негізгі кепілі» атты тәжірибе алмасу бағытында оздырылған аудандық практикалық семинарда Х.Халиуллин атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Пайдина Дархан Елеуғалиевна ана тілі 1-сынып Заттың қимылын білдіретін сөздер «Өкпелеген үлесінен құрқалады» (әңгімес), Е.Ниятқалиев атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Кабетова Гүлнар Шамұратовна әдебиеттік оқу 2-сынып «Шынықсаң, шымыр боларсың!», Ұзынкөл ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері Тулеуова Райхан Конилкосовна әдебиеттік оқу 3-сынып «Он саусақ», Кубашева Әлия Бекболатовна әдебиеттік оқу 4-сынып «Ана тіліне тағзым» тақырыптарында сабақ өткізді, шеберлік сыныптар көрсетті, іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдық мерей тойына орай №1 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Махашева Айгуль Карловна мен мектеп кітапханашысы Муканова Гульнар Ізтілеуовна «Абыз аға, аңыз аға, Мұзаға! (Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы), Ғ.Абдуллин атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері Досқалиева Гүлмайра Ибатовна, Абдолова Айгүл Каримуллина, Кажипова Сандуғаш Алпысовна, Абдолова Кәмшат Каримуллина, Мукашева Анар Сансызбаевна мен мектеп кітапханашысы Ахметова Гүлнар Сапаровна «Балдырғандар бағбаны» (мәнерлеп оқу) сыныптан тыс тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, республикалық «Бастауыш сынып» әдістемелік педагогикалық журналға жолданды.

Облыс көлемінде таратылған іс-тәжірибелерде (кітапшалар) әдістемелік, авторлық таңдау курс бағдарламасына әріптестерім Мұзафар Әлімбаевтың шығармалары енгізген болатын. Атап өтейін болсам, Ғ.Қараш атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Айдашева Самиға Ибрашевна мен А.Оразбаева атындағы НОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Кожағалиева Гүлжайнар Набиғалиевна «Тіл дамыту» (1-сыныпқа арналған), Т.Жароков атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Абдрешева Нұргүл Сайфуллаевна «Сөз құдіреті», М.Ықсанов атындағы МББК-нің бастауыш сынып мұғалімі Кажалаева Ақтоты Ержановна «Тіл дамыту» (3-сынып), Ғ. Абдуллин атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері Досқалиева Гүлмайра Ибатовна, Абдолова Айгүл Каримуллина «Бастауыш сыныпта мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру» (3-4 сыныптарға арналған), Ғ.Қараш атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері Сисенова Малика Мұхтаровна, Айдашева Самиға Ибрашевна, Ғ.Сарбаев атындағы МББК-нің бастауыш сынып мұғалімі Қайырбай Жанар Ынтазарқызы «Жазу дағдыларын қалыптастыру жолдары» (Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған жазба жұмыстар жинағы 1-4 сыныптар), Ғ.Абдуллин атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Кажипова Сандуғаш Алпысовна, И.Жұмаев атындағы бастауыш мектебінің меңгерушісі, бастауыш сынып мұғалімі Сариева Разия Темирбулатовна «Қоршаған табиғат әлемі» (3-4-сыныптарға арналған), Х.Халиуллин атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері Пайдина Дархан Елеуғалиевна «Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулу», Баспахова Нұрлы Ихсановна, Сапарова Лиза Қарасаевна «Тіл дамыту» (2-сынып), Тегісшіл НОМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері Садыхова Менслу Декабровна, Беркинбаева Турсынғаным Абуевна «Дарындылыққа бейім қабілетті оқушылармен жүйелі жұмыс - шығармашылық негізі» (2, 3 - сыныптар), «Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушы қабілетін дамыту» әдістемелік көмекші құрал, Т.Жароков атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері Төлеуова Алия Закарьевна «Қоршаған орта» (2- сынып), Умашева Жанар Болатовна, Арыстанғалиева Айымгүл Қадырбаевна, Идрискалиева Нұргүл Мұқанбетовна, Жакина Жаңылсын Ануаровна «Буынға бөліп оқыту» (1-сынып), Ө.Сахипов атындағы ЖОББМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері Капезова Рита Асқаровна, Абишева Айман Жылқайдаровна «Жылдам оқуға үйрету» (3,4-сыныптар), А.Оразбаев атындағы НОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Акишева Айымжан Қазбековна «Кітап оқи аламын» (2-сыныпқа арналған және оқушыға арналған жұмыс дәптері) әдістемелік көмекші құралдары, авторлық таңдау курс бағдарламаларына Мұзафар Әлімбаевтың өлең, мақал-мәтелдер, мысал, жаңылтпаш, жұмбақтар, қанатты сөздерін кірістірген.

Кезінде көрнекті қазақ ақындары Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев басқарған «Балдырған», «Пионер» журналдарын мектепте оқыған кезімде оқыдым.

Тәлімін алып, тәрбиесін ұғып, білім шыңына ұмтылдым. Ұлым Мирланға, бастауыш сыныпқа сабақ берген уақытымда шәкірттерімді де оқуға баулыдым. Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын «Балдырғанның» сурет галереясы сурет, шағын тырнақ алды алғашқы туындыларын жолдап, басылым беттерінде жарияланды. Ата-аналар, оқушылар үшін бұл жұмысым ұстаздық қызметіме зор қуаныш, атқарған игі еңбегім.

Енді міне, «Балдырған» журналын немерелерім Малика, Миргүл оқыса, Тамирлан, Мариямға оқып беремін және әр санын асыға күтеміз.

«Бұлақ көрсең көзін аш» деп дана халқымыз айтқандай, тап-таза сол бұлақ сарқылмасын, «Балдырған» журналының оқырмандары көбейе берсін деп, тілек айта отырып,

«Балдырған – білім бастауының бұлағы» тақырыбында республикалық «Балдырған» балалар басылымына мақала жолдадым.

Біздің болашағымыз — балалар. Оларды білімді, жан-жақты етіп тәрбиелесек, мемлекеттің іргетасы мықты болары сөзсіз. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Жас ұрпақтың сүйікті төл басылымы осы уақыт ішінде қанша ұрпақтың санасын қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтті. Олардың рухани, мәдени дамуында үлкен рөл атқарды.

Балалар басылымы – ұлтымыздың, ұрпағымыздың ең бастысы мемлекеттік тіліміздің – қайнар бұлағы.

Талабы таудай, қабілеті мол, білімді, еңбекқор, өнерлі, ізденімпаз жастар көбейіп, адамзат игілігіне үлес қосып жатса, олар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой.

Сөзімді қорыта келгенде, Мұзафар Әлімбаевтың шығармалары тұнып тұрған тәрбие, бүлдіршіндерді игі қасиеттерге тәрбиелеудегі бірден - бір құнды құрал. Бала жанының бағбаны болған Мұзафар Әлімбаев – балалар жүрегінде мәңгі өшпейтін мұра, ұлы тұлға болып, жырлана бермек.

Тәуелсіз еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында болса, білімді де, өнерлі өрендер көп болып, еліміз көркейе берсін!

Әдебиеттер

1. Бәшен Баймұратова «Біздің кітап» Алматы 1986жыл.
2. М.Әлімбаев «Атадан қалған асыл сөз» - Алматы: Балауса, 2003жыл 22 бет.
3. М.Әлімбаев «Аулақ бол жаман әдеттен», суретші Б.Ералиева. - Алматы: Балауса, 2002жыл 32 бет.
4. М.Әлімбаев «Көңіл күнделігі: эсселер» - Алматы: Жалын, 1996 жыл 288 бет.
5. М.Әлімбаев «Көргендерім көңілде: деректі эссе-очерктер» - Алматы, 1992жыл 33 бет.
6. М.Әлімбаев Шығармалар жинағы. Алматы, 1том – 1997жыл. - 622 бет. 2том – 1997жыл. - 709 бет.
7. Мектепалды даярлық топтарға арналған Көркем әдебиет хрестоматиясы Алматыкітап баспасы 2022жыл 40 бет №2 жұмыс дәптері.
8. Көркем әдебиет хрестоматиясы «Арнау» баспасы- Алматы, 2010жыл 109-110 бет
9. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша Әліппе, Ана тілі 2021жыл, Әдебиеттік оқу, Қазақ тілі және хрестоматия оқулықтары.
10. Республикалық «Балдырған» балалар журналы «Балдырған» - білім бұлағы» Т.Кисекова мақала Республикалық «Балдырған» балалар журналы №1, 2023 жыл

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Шалабаева Б.П.

«Қандыағаш қаласы «№3 мектеп-гимназиясы» КММ-нің мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі
shalabayevab@mail.ru

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу–тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияны (АКТ) мектепалды даярлық

сыныптарында қолдану – қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі тәрбиенің өзекті мәселесі болып отыр. Компьютерлік технология біртіндеп мектепке дейінгі білім беру жүйесіне білім берудің аса тиімді тәсілі ретінде жәймен еніп келе жатыр. Бұл заманауи әдіс оқуға деген қызығушылықты арттырып, өз бетінше жұмыстануға тәрбиелеп, интеллектуалдық қызметін дамытады, қазіргі заманның рухында дамуға жол ашып, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің оқу – тәрбие жұмысын сапалы түрде жақсартуға мүмкіндік туғызып, оның тиімділігін арттырады. Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігі ақпараттық қоғамның қарқындылығымен, мультимедиялық технологиялар, электрондық ақпараттық қорлардың кеңінен тарауы, оқытуда, қарым – қатынас жасауда және тәрбиелеуде желілік технологиялардың мәжбүрлі қолданылуында болып отыр. Осыған байланысты ақпараттық коммуникациялық технологияны мектепке дейінгі оқыту процесінің ажырамас бөлігі деп сеніммен айтуға болады. Бұл балалардың жаңа ұрпағына үйреншікті және қолжетімді болып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі заман педагогтарына өте қолайлы.

Өз жұмысында компьютерлік технологияларды қолдану педагогке көмектеседі:

- ✓ енжар тыңдаушыларды белсенді түрде қызмет етуге тартады;
- ✓ оқыту қызметінің одан да көрнекі әрі жедел болуына;
- ✓ балалардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға;
- ✓ танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға;
- ✓ тәрбиешінің өзін тәртіпке шақырып, оның жұмысқа деген қызығушылығын арттырады.
- ✓ ойлау процесін жеделдетеді.

Мектепте мектепалды даярлық сыныптарында АТ мүмкіндіктерін қолданудың келесі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

- ✓ баланың ақыл-ой әрекетінің негізгі әдістерін игерудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру (ұғымдарды, заттарды, құбылыстарды талдау, синтездеу, жіктеу, жүйелеу және т.б.);
- ✓ кіші жастағы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- ✓ баланың жеке қасиеттерін дамыту (қабылдау, зейін, визуалды есте сақтау, шығармашылық және логикалық ойлау, парасаттылық пен іс-әрекетті жоспарлау және т.б.);
- ✓ ақпараттық сауаттылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру (алғашқы компьютерлік басқару, компьютерді адамның мүмкіндіктерін кеңейту мен дамыту құралы ретінде алғашқы түсіну);
 - тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
 - эстетикалық даму (музыка, бейнелеу өнері);
 - экологиялық білім (әлем туралы түсінік, табиғат, қоршаған шындықты модельдеу).

АКТ-ны білім беруде қолдану:

- ✓ педагог балалармен өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметтеріне көрнекіліктер таңдап алады;
- ✓ қосымша танымдық материалдарды таңдап алады;
- ✓ тәжірибе алмасып, басқа педагогтармен танысады;
- ✓ топтың құжаттарын, есеп берулерді көркемдейді;
- ✓ Power Point бағдарламасы бойынша презентациялар әзірлейді.

Сабақта ақпараттық технология арқылы берілетін білім, оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге мүмкіндік береді.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

1. Интерактивті тақта;
2. Бағдарламалар;
3. Интернет кеңістігі;
4. Электронды оқулық.

Мультимедиялық оқулықтар, біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар, түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Мультимедиялық оқулықтар - мектепалды даярлық сыныбының балаларына арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

АКТ – бұл ақпаратты жасау, беру және тарату үшін пайдаланылатын сандық және коммуникативтік технологиялар жиынтығы (компьютерлік құрал-жабдық, мультимедиялық құралдар, аудио және бейнетехника, әр түрлі коммуникациялық технологиялар). Менің пікірімше, ең өзекті ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бұл: аудио, бейне күйтабақ ойнатқыштар, мультимедиялық құралдар, сондай-ақ әр түрлі ойындар, онда балалар бірнеше тілді қатар алып жүруге үйренеді. Оқу іс-әрекетінде АКТ-ны пайдалану екі түрлі мотивацияны дамытады: өзіндік мотивация, онда беріліп отырған материал өз бетінше қызық және мектепке дейінгі жастағы балаға үйреніп жатқан тілді түсіне алатынын көрсету арқылы қол жеткізілетін мотивация. Бұл қуаныш сезімін және өзін-өзі одан әрі жетілдіруге күшіне сенімділік пен ниет тудырады. Балаларға оқыту бағдарламасын қарағаннан гөрі ертегі, әңгіме немесе танымдық фильм көрген немесе тыңдаған әлдеқайда қызығырақ. Олар тілдің семантикалық негізін жылдам ұғып алады және өздері сөйлей бастайды. Әсіресе, оқыту кезінде толық ену әдісі пайдаланылса, әсері көп болады. Бұл баланың қазақ тілімен тұрақты және терең байланыс жасауын білдіреді. Бала санасының астары өте алғыр және айқын нәтиже дәл қазір көрінбесе де, бір-екі жылдан кейін баланың өте дамыған лингвистикалық қабілеттерін әбден байқауға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның көмегімен ұйымдастырылған оқу қызметін қалай өткізуге және не істеуге болады деген сұраққа мынандай бағыттарын ұсынуға болады:

- Ақпараттық видео роликтерді құру және көрсету;
- Слайд шоу, ертегілер;
- Электронды ойындар;
- Электронды логикалық тапсырмалар;
- Ғажайыпстанға саяхат;
- Электронды слайд шоу;
- Электронды дыбыстар;
- Айналамен таныстыру, экология бойынша бейне сюжеттер;
- Биленгвалды компоненттерге арналған слайд шоу;

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – балалардың білім оққылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету, мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз. Ақпараттық технологиялар баланы оқыту мен дамыту процесін тиімді етіп, балаға

да, педагогке де білім берудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қазіргі заман – жаңашылдық, жаңакөзқарас, жаңалықтар заманы.

Заман талабына сай тәрбие саласына енгізілген жаңа бағыттағы тың үрдістерді тәрбиеші меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде орынды қолдана отырып, өз білімін, іскерлігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Өмір сүру барысында біз жаңа өнімдерді, заттарды, білімдерді, идеяларды кездестіреміз. Олай болса, оқыту үдерісі, әдістері де осы жаңашылдыққа сәйкес болуы керек. Сонда ғана білім беру саласында, мектепалды даярлық сыныптарында тұлғаны қалыптастыруда жаңа технологиялардың тиімділігін көре аламыз.

Әдебиеттер

1. Пасмурова Л.Э. Использование информационных технологий в нравственном воспитании детей//Информатика и образование. 2007.№2.

2. Пащенко О.И. Использование новых информационных технологий в дошкольных образовательных учреждениях // Традиции и инновации в образовательном пространстве России: в условиях реализации ФГТ и ФГОС: Материалы всероссийской науч.практич. конф. (г.Нижевартовск, 11 ноября 2011 г.)/Отв. ред. Г.А.Петрова. Нижевартовск, 2011. С. 89— 92.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ ТІЛІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Шуйнова Ж. Б.

БҚО, Орал қаласының №1 «Айгөлек» бөбекжайының тәрбиешісі.

zhazi-kaz@mail.ru

Ойын дегеніміз – жас ерекшеліктеріне қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын баланың барлық қабілетінің, тілінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне, құрбылармен жақындасуына көмектеседі. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді.

Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай-ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның ізденімпаздық, тапқырлық қабілетін оятады, жеке қасиеттерін қалыптастырады. Ойын кезінде бала айналадағы құбылысты өзінше түсініп, бейнелейді, өзінің күш-жігерін, сезімін білдіруге мүмкіндік тауып, айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынасын нығайтып, адамдардың күнделікті іс-әрекетіне көңіл бөліп, араласа алады. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытта пайдалану - үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарты бойынша балалардың жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндіктеріне қарай, олардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін ескере отыра балалардың көру, есту, қабылдау, есте сақтау, зейіні мен ойлау қабілеттерінің даму барысын анықтауға арналған дидактикалық, сюжетті-рөлдік, дамытушылық, драматизациялау, қимылды ойындар, саусақтармен ойын - жаттығулар жинағын ұсынамыз.

Баяндаманың мақсаты: Балалардың ой-өрісін, тіл байлығындамыту, заттарды белгілері бойынша тану, түйсіну, зерттеп салыстыру қабілетін ұштап, сөздік қорын молайту; ізденімпаздық, тапқырлық, байқағыштық, шығармашылық қабілеттерін ояту, қырағылығын, зеректілігін, тапқырлығын, ептілігін арттырып, сезімталдыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қойылатын міндеттерім:

1. Ойын түрлерімен таныстыру, балаларға жеткізе білу
2. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру
3. Ойын кезінде бір-біріне деген достық қарым-қатынастарын қалыптастыру
4. Ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қолдану
5. Балалардың ойын кезінде жеңімпаздыққа ұмтылысын тудыру
6. Балалардың өздеріне ұнаған ойынды, рөлді өзі таңдай білуі

Күтілетін нәтиже:

Білу: Балалардың ойын түрлерін біліп, заттарды белгілері бойынша танып, салыстыра білуі

Болу: Әрбір ойынның шарты болатындығы жайлы түсініктерінің болуы

Қолдану: Балалардың өз беттерінше ойынды ұйымдастыра білуі, өз ойларын толық жеткізе білуі, балалармен қарым-қатынаста болып, ойын шартын бұзбай ойнауы

Бала тілін ойын арқылы дамыту 5 бөлімнен тұрады:

Дидактикалық ойындар. Оның мақсаты – баланы оқыту, олардың ойлау қабілеттерін жаттықтыру және дамыту, игі қасиеттерді тәрбиелеу.

Сюжетті – рөлдік ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады.

Драматизацияланған ойындар. Драматизацияланған ойындар балаларға керекті сөздер мен сөйлемдерді меңгеруді, интонацияны дұрыс пайдалануды, мәнерлеп және көркемдеп оқытуды дамытуда көп әсерін тигізеді.

Қимылды ойындар. Бұл ойындарда баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі.

Саусақтармен ойын-жаттығулар. Бұл жаттығуларды саусақ қимылымен көрсетіп және өлең жолдарымен қоса орындайды.

Балабақшада осындай дидактикалық ойындарды жиелі түрде қолдану арқылы баланың: ақыл – ойын жүйелеу, ойлау қабілеттерін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу, логикалық қабілеттерін дамытуға болады.

Баланың тілін дамытуға арналған ойын түрлерін ұсынамын:

«Кім тапқыр?» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Балаларды белгіленген бір дыбысты сөздің қай бөлігінде орналасқанын анықтауды үйрету. Зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Берілген дыбыстың орнын таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балаларды зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Берілген дыбысқа арналып салынған түрлі-түсті суреттер, ойыншықтар, жалаулар.

Ойын шарты:

Тәрбиеші берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, жасыл жалаушаны, соңында болса, қызыл түсті жалаушаны жоғары көтереді.

«Ойлан да аяқта» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту.

Ат шабады, ал қарқа ... (ұшады)

Ит үреді, ал қарға... (қарқылдайды)

Жылан жорғалайды, ал балық... (жүзеді)

Қасқыр ұлиды, ал қой... (маңырайды)

Түйе боздайды, ал жылқы... (кісінейді)

Лимон қышқыл, ал қант... (тәтті)

Өзен арықтан терең, ал арық... (саяз)

Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа)

Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың... (қолыңмен)

Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін)

«Жаңа ертегі» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Ертегіні бірнеше мәрте тыңдап, оның мазмұнын айтып, сюжеттің негізінде шағын көрністер құрастыруға үйрету.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Ертегі тыңдауға, талдауға, тыңдағанды «жандандыруға», құрастырған ертегі кейіпкерлеріне қатысты эмоционалдық тұрғыда толқу қабілеттерін дамыту, үйрету.

Жүргізуші отырған балаларға ертегі кейіпкерлерін атайды, суреттерін көрсетеді.

Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан, қоян, қасқыр. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып ойын жалғасады.

«Қажетті суретті тап» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті еске түсіру; қай кезде, не істелетінін айтуға үйрету.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті еске түсіру; қай кезде, не істелетіні жөнінде сөйлем құрап айтуға үйрету; түрлі жаттығу жұмыстарын өздігінен орындауға төсілдіру.

Керекті заттар: үлкен және кішкене суреттер немесе қуыршаққа арнаған ыдыстар, ермек саздан, балшықтан жасалынған тоқаш, нан, бауырсақ, шұжық, айран, сүт, шәй қораптары.

Ойынның барысы.

Ойын суреттер қатыстырылып жүргізілсе, тәрбиеші үлкен суретті, мысалы, үлкен тәрелке немесе қасық ұстаған қыздың суреті. Балалар қораптағы суреттердің ішінен тақтаға ілінген сурет мазмұнына сәйкес заттарды алып, үстелге қояды. Не істегені туралы айтады. Мәселен қасықтың суретін алса: «Мен қасық алдым. Қасықпен тамақ ішеді. Қасық ағаштан, (металдан) жасалынған. Бұл үлкен қасық. Онымен сорпа ішеміз», - деп жауап береді. Ойынның соңында балалар ойынға қатысты заттардың суретін салады.

«Сен нені ұнатасың?» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Көкөністер мен жеміс жидектерді танып біліп, дұрыс атату, ұқсас жемістер мен көкөністерді табуға дағдыландыру.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Көкөністер мен жеміс жидектерді танып біліп, дұрыс атату, сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Көрнекі құралдар: көкөністер мен жеміс – жидектер суреттері.

Ойынның барысы.

Көкөністер мен жеміс-жидек суреттері алынған карточкалар тақтаға ілінеді. Үстел үстінде көкөніс, жеміс суреттері аралас жатады. Шақырылған бала өзіне ұнаған жеміс немесе көкөністерді танып алады да, карточкаға (қалтаға) салады. Қайда өсетіні, түсі, пішіні, дәмі туралы сипаттап айтады.

«Жалпы атауын ата» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен айтқызу. Көкөністер деген сөзге сөйлем құрастыру, көкөністер қалай өсіп шығатынын қимылмен көрсету. Түстеріне, пішініне қарап бір - бірінен айырмашылықтарын салыстыру.

Көрнекілік: жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздары.

Ойынның барысы.

Тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын дәлелдеп айтуы тиіс.

Мысалы: алма, өрік, алмұрт жемістерге жатады. Өйткені олар-жеміс ағаштары.

«Радио» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Балаларды байқампаздыққа тәрбиелеу және сөздік қорларын дамыту

2 нұсқа (5-6):

Балаларды өз бетінше сөйлеу мәнері мен мәнерлеп айту іскерлігін қалыптастыру. Жай және күрделі сөйлемдерді қолдануға жаттықтыру.

Ойынның барысы. Біз бүгін «Радио» деп аталатын жаңа ойын ойнаймыз. Радиодан сөйлейтін адамды диктор дейді. Бүгін диктор радиодан біздің топтың балалары туралы айтады. Ол біздің ішіміздегі бір баланы сипаттайды, ал біз оның сөзінен ол баланы табуымыз керек. Алдымен мен диктор боламын.

Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Қыз бала жоғалды. Оның үстінде қызыл күртеше, қара юбка, бұрымында-ақ бантик. Ол өлеңді жақсы айтады және Айгүлмен дос. Бұл қызды кім біледі?

Осылай тәрбиеші ойынды бастап, балаларға сипаттау үлгісін көрсетеді. Балалар өз топтарындағы қызды көрсетеді. «Ал енді сендердің араларыңнан біреу диктор болады», - дейді тәрбиеші. Жаңа дикторды санау арқылы таңдап алады. Тәрбиеші ойын кезінде балалар өз жолдастарының мінез-құлқын, киімін дәл, дұрыс айтуын қадағалайды.

Сөзімді қорытындылай келе, мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Дидактикалық ойын – баланың қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық ойындардың жүйелі қолданылуы жақсы нәтиже береді. Дидактикалық ойындарды пайдалану мәселесі педагогикалық теорияда кеңінен қарастырылған.

Әдебиеттер

1. Қ. Х. Мусағұлова, «Мектепке дейінгі жаттығулар мен ойындар жүйесі»
2. Бондаренко А.К. «Дидактические игры в детском саду» - М., 2021 г.

3. Сорокина А.И. «Балабақшадағы дидактикалық ойындар»-М.,2020 ж.

4. М.С. Қомаева «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бойынша дидактикалық ойындар».

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Толекова Л. М.

“Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы” КММ-нің мектепалды даярлық сыныбының
тәрбиешісі

laila76.10.02@list.ru

Мектепалды даярлықта балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесі көп қырлы. Себебі, бала тұлғасын дамытуда оқу – танымдық іс – әрекет ғылыми пәндердің кең аясын қамтитын ұғым болып отыр. Танымдық белсенділік, танымдық іс – әрекет – баланың қызығушылығы жаңаны танып білуге деген өте белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде балаларда танымдық белсенділіктерінен ізденімпаздықтың негізінде қалыптасады. Танымдық қызығушылықты мектеп жасына дейінгі балаларда дамытудың маңызды шарты – ересектермен бірлескен танымдық қызмет болып табылады. Соның ішінде, тәжірибе жасау, ізденіс қызметіне қатысу, белсенділікті бағдарлау баланың қызығушылығын жетілдіруге көмектеседі. Дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық қолдау тек балаларға ғана әсер етіп қоймай, ересектердің жеке тәжірибесін, жалпы қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтеді.

Мектепке дейінгі кезеңде жалпы танымдық даму үш бағытта жүзеге асады: баланың қоршаған ортада өзін – өзі бағыттау әдістері кеңейеді, жаңа бағдарлау құралдары пайда болады, әлем туралы идеялары мен білімдері мазмұнды түре байытылады.

Үш жастан бес жасқа дейінгі кезеңде сенсорлық процестердің сапалы жаңа қасиеттері қалыптасады: қабылдау және сезіну. Бала әртүрлі іс – әрекетке қатысу арқылы(қарым – қатынас, ойын, сурет салу т.б.) заттардың жеке қасиеттерімен танысады. Фонемалық есту, түстерді ажырату, көру өткірлігі, заттардың пішінін қабылдау және т.б жетілдіруде қабылдау процесі біртіндеп объективті әрекеттен бөлініп, өзіндік міндеттері мен әдістерімен тәуелсіз, мақсатты жүйе ретінде дами бастайды.

Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы тікелей баланың эмоционалды жай– күйі мен белсенділігіне қарай қалыптасады. Алайда, тек жан – жақты белсенділік арқылы ғана қызығушылық таным процесіне айналып, білімді тереңдетуге көмектеседі. Ең бастапқыда, бала ойнайды, қозғалады, білім алу үшін емес, жалпы ойын үшін қозғалып қызығушылық танытады. Ал мектепке дейінгі кезеңнің соңғы сатыларында таным қызығушылығы оқуға деген мотивтің пайда болуына септігін тигізеді. Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады.

Дидактикалық ойындарды пайдалану келесі перспективаларды көруге мүмкіндік береді:
– балалар оқылатын материалды жақсырақ қабылдай бастайды, оның себебі ойын ішінде бейнелі ақпарат болады, ол әлі оқу мен жазуды меңгермеген балаларға түсінікті болады;
– дидактикалық ойындардың көрнекілігі есебінен тәрбиеленушілердің сабақ барысында жауап беріп, белсенді болуына мотивациясы артады (заттарды қолдану, суреттерді желімдеу т.б.);
– меңгерілген білім баланың жадында ұзақ уақытқа сақталады және келесі кезекте қысқа қайталау барысында естеріне жылдам оралады.

Дидактикалық ойындардың атауының өзі айтып тұрғандай, бұл ойын түрінің мақсаты– баланың ақыл-ой танымын дамыту болып табылады. Осыған сәйкес, ақыл-ой тәрбиесінің құралы ретінде қарастырылады. Дидактикалық ойындардың мазмұны, оның құрамындағы тапсырмалары сан алуан болып келеді. Мысалы, ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ т.б.) сенсориканы дамытуға бағытталады (дәлдік, ой ұшқырлығы). Дидактикалық ойыншықтармен

ойнау барысында ұсақ моторика, сенсорика және қоршаған орта туралы білімі қалыптасады.

Ақыл-ой, таным тәрбиесін дидактикалық ойындар арқылы дамыту келесі жолдармен жүргізіледі:

- ойындардың кезең сайын мазмұнын күрделендіру;
- дидактикалық ойындарды меңгеруіне көмектесу;
- ойын барысында ойын шарттары мен ережелерін дұрыс орындауға баулу, мектепке дейінгі жаста өзін – өзі бақылау және бірін–бірі бақылауға үйрету.

✓ Ойынды ұйымдастыру барысында баланың қызығушылығына мән беру, баланың өз бетінше әрекет етуіне көңіл бөлу маңызды. Кіші топта ақыл – ой әрекеті ойынмен байланысты болса, біртіндеп ересек топта танымдық қызығушылық дами бастайды. Ол мынадай бағыттарда жүреді:

✓ тәрбиеленушілердің сезім жолдарының танымдық қалыптасуы: яғни, белгілі затты сенсорлық зерттеу, оның сыртқы бейнесін қабылдау;

✓ негізгі ақыл – ой әрекеттерінің қалыптасуы (салыстыру, жалпылау, жүйелеу т.б). танымдық процесстердің дамуы – сезіну, мақсаттылық, қабылдаудың толыққанды күйгекөшуі, анализ жасаудың уақыт өте келе тереңдеуі, қарым–қатынастың кеңеюі және т.б.

✓ ақыл – ой әрекетінің негізгі компоненті ретінде сөйлеу қабілетін дамыту;

✓ ақыл – ой әрекетінің негізгі бөлігі ретінде өз бетімен жұмыс жасауды үйрету.

Дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі баланың таным ынтасын, қызығушылығын арттыру, білімді меңгеру, бекіту, материалды қайталау мақсатында қолданылады. Оқу материалдарын меңгеруге бағытталған дидактикалық ойындар жаңа материалды меңгеруді жеңілдетеді, жаңа білімді нақтылайды, үй тапсырмасын орындауға көңіл аударады. Бұл жағдайда ойынның міндеті оқу материалын ішінара меңгеруге негізделеді. Сонымен қатар, қарым – қатынасты ынталандыру үшін де дидактикалық ойынды енгізу маңызды. Бұл танымдық белсенділіктің жеке, топтық, ұжымдық сияқты әртүрлі формасын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Дидактикалық ойынның мәні – балалар ақыл-ойды дамытатын тапсырмаларды шешеді. Ойын формасында ұсынылып отырған қиындықтарды жеңе отырып, шешімін табады. Бала ойын ретінде қабылдағандықтан, бұл оның ақыл – ой белсенділігін арттырады. Балабақшаның ересек тобында ойын мүдделері негізінде зияткерлік белсенділік қалыптаса бастайды.

Дидактикалық ойындар – бұл оқыту ойындары. Олардың негізгі мақсаты – балалардың білімін, дағдыларын дамыту, зейінін шоғырландыруға ықпал ететін ақыл – ой қабілеттері. Дидактикалық ойынды оқыту әдісі ретінде қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, есте сақтауын жақсартады, бағдарламалық материалды жақсы игеруді қамтамасыз етеді. Дидактикалық ойында оқу, танымдық тапсырмалар ойынға байланысты, сондықтан ойынды ұйымдастырубарысында оқу қызметі барысында ойын-сауық элементтерінің болуына ерекше назар аудару керек: іздену, тосынсый, болжау және т.б қызықты дидактикалық элементтербалалардың ақыл-ой мәселелерін шешуге қызығушылық тудырады. Ойынға деген құштарлық кездейсоқ назар аудару қабілетін арттырады, байқауды күшейтеді, жылдам есте сақтауға дағдыландырады. Әр дидактикалық ойынның дидактикалық тапсырмасы, ойын әрекеті, ойындық ережелері бар. Педагогикалық процестегі дидактикалық ойындар екі рөл атқарады: біріншіден, олар оқыту әдісі болып табылады, екіншіден, тәуелсіз ойын әрекеті болып табылады. Бірінші рөлі ретінде, ойын кеңінен қолданылады, қоршаған ортамен, тірі табиғатпен салыстыру.

Мектепке дейінгі педагогика математикалық түсініктерді, сөйлеу, музыка көмегімен балаларды оқыту, білімді жүйелеу, нақтылау және бекіту мақсатында ойынды қолдануды ұсынады. Сонымен қатар, ойынның мазмұны мен оның ережелері сабақтың белгілі бір түрінің нақты бағдарламалық тақырыптарына сәйкес келетін білім беру және оның міндеттеріне бағынады.

Ойынды таңдау және өткізу бастамасы бұл жағдайда педагогқа бағынады. Дербес әрекет ретінде ойындар оқу қызметінен тыс уақытта өткізіледі. Екі жағдайда да педагог дидактикалық ойынды басқарушы, бірақ қызметі әрқалай өзгеріп отырады. Егер топта ол тәрбиеленушілерге

калай ойнауды үйретсе, ережелермен таныстырса, содан кейін балалар өз бетімен ойнау барысында ол серіктес немесе төреші ретінде болады. Ойындарды басқаруда мұғалім үш кезеңді ажыратады: ойынды дайындау, өткізу, нәтижелерді талдау. Дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдарды табиғаты бойынша шартты түрде заттық ойындар, ойыншықтар, үстел-баспа ойындары және ауызша ойындарға бөледі. Ойындардың тапсырмалары сан алуан.

Баланың ақыл – ойын дамыту үшін ең маңызды деп мына міндеттерді атап өтуге болады: объектілерді салыстыру, жұмбақтарды шешу және болжау, объектілерді жалпылай алу, жылдам еске түсіру, нақты анықтама беру. Тапсырма сипаты өзгергеніне қарамастан, барлық дидактикалық ойынның мүддесі – баланың алдына қойған мақсатына зейінін аудару білуі. Салыстыру, ұқсастық пен айырмашылықты анықтау процесі баланы мұқият болуға үйретеді, өз бетінше қорытынды жасауға ынталанады. Баланың зейін шоғырландыруы дамиды. Салыстыру – әлемді танудың маңызды әдістерінің бірі.

Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, салыстыра алмау қабілеті баланың мектепте артта қалуына себеп болуы мүмкін. Осылай, «Не өзгерді?» ойынында заттардың орны мен сыртқы бейнесін алдыңғы қалпымен салыстыру қажет. Салыстыру ойындарын негізгі мақсаты жалпылау болатын ойын түрлерінде қолдану ұсынылады. Мысалы, «Керемет дорба» ойыны: бір бала – тек ойыншық жануарды, екіншісі – тек ыдыс – аяқты таңдауы қажет. Егер ойыншы қателессе, қап ашылмайды; бөлмеде заттарды табу керек: ағаш, металл, жұмсақ, қатты т.с.с

Ойын ережелері мен іс-әрекеттерді орындау кезінде ақыл – ой мен ерік – жігер жұмсалатындай болуы қажет.

Ересек топтарда дидактикалық ойындарды басқару педагог тарапынан ойластырылған, үлкен жұмысты талап етеді, ойынға дайындық барысында да, өткізу барысында да. Бұл балаларды тиісті түрде біліммен байыту, ақыл – ой функцияларын дамыту, дидактикалық материалдарды таңдау, ал кейде материалдарды тәрбиеленушілермен бірге дайындау. Мектеп жасындағы бала ойынға қайта оралғысы келетіндей етіп, ойынды ұйымдасқан түрде, эмоционалды аяқтау керек. Ойынды талдау барысында педагог адамгершілік қасиеттер туралы да атап өткені жөн: көмек қолын созу уақытында, мақтанбау, жолдасының сөзін бөлмеу.

Дидактикалық ойындар баланың адамгершілік тәрбиесінде де белгілі мәнге ие. Олардың бойында құрдастарының ортасында әрекет ете алу қабілеті дамиды, бұл бастапқыда қиын болатын әрекет. Бастапқы кезеңде бала басқа құрдастарының қасында оларға кедергі жасамай, ойыншықтарын алып қоймауды, өзі алаңдамауды үйренеді. Тек содан кейін құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеуді үйренеді. Балалардың сөйлеуін дамытуда да дидактикалық ойындар үлкен маңызға ие. Олар есту қабілетін, есту зейінін, дыбыстарды қайталау қабілеттерін қалыптастырады. Ауызша – дидактикалық ойындар барысында баланың бір дыбысты бірнеше рет қайталауға итермелейді, сөздерді, сөз тіркестерін, дыбыстарды дұрыс айтуға көмектеседі.

Келесі бағыттарды ажырата аламыз:

1. Жадты дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар. Мақсаты: визуалды және есту ақпаратын есте сақтау мен көбейтуді қалыптастыру, логикалық есте сақтау әдістерін игеру. Дидактикалық ойын жалпы оқу процесін эмоционалды, тиімді ету көзделеді, баланың жеке өз тәжірибесін дамытуы да қарастырылады. Бұл бағытқа келесі дидактикалық ойындар мен жаттығулар кіреді: «Шахмат баспалдақтары», «Домино»,

«Шахмат сағаттары», «Жуан – жіңішке».

2. Ойлауды дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой операцияларын дамытатын амалдар үйрету. Вариативті ойлауды дамыту, өз ойын тұжырымдай алуы, қарапайым тұжырымдар жасау. Ерік күш-жігерді мақсатты түрде игеру, құрдастарымен және ересектермен дұрыс қарым – қатынас орнату қабілетін дамыту. Бұл бағытқа келесі ойындар мен жаттығулар кіреді:

«Мысалды шеш», «Көп» ойыны, «Пішінді тап», «Саяхат», «Не жоғалды?».

1. Зейінді дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар. Мақсаты: бұрынғы тәжірибе барысында белсенді сөйлеу қабілеті. Зейін қою, оны ұстап тұру қабілетін дамыту. Әрекеттер алгоритмін құруды үйрену (суретке назар аудару, түсіндірмені тыңдау, мысалды

қарау, өзі орындау). Бұл бағытқа жататын жаттығулар мен ойындар: «Сөмке», «Өз орныңды тап», «Патша, өз орныңды тап».

2.Қиялды дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар. Мақсаты: Шығармашылық белсенділікті, ақпаратты қайта құру қабілетін қалыптастыру, жеке бөліктерден жаңа бейне жасау. Бұл бағытқа жататын жаттығулар мен ойындар: «Пошта», «Сөмке», «Шахмат колобок», «Шахмат мұнарасы», «Шахмат репа».

3.Қабылдауды дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар. Мақсаты: кез – келген сипаттамалық белгіні оқшаулау қабілетін қалыптастыру, сонымен қатар, белгілі заттарды тақырыптарына қарай ұқсастығы арқылы бөлу, көзбен мөлшерлеу қабілетін, биіктігін, енін, пішінін, көлемін анықтауға үйрету. Бұл бағытқа жататын ойындар мен жаттығулар: «Ақтар мен қаралар», «Горизонталь», «Не ортақ?», «Қысқа жол».

Осы бағыттарды ескере отырып, тиісті мазмұны бар дидактикалық, ашық ойындар таңдалды. Рөлдік және театрландырылған ойындарды өткізу үшін заттық дамытушы орта дайындалады. Көптеген ойындардың құндылығы – олардың әртүрлі материалдарды балалармен бірге жасауға болады, сонымен қатар оларды ойлап табуға болатын әртүрлі нұсқалар бар. Бұл аталып өткен дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі баланың дамуына үлкен үлесін қосады. Сонымен қатар, баланың эмоционалды көңіл – күйінің көтеріңкі болуына көмектеседі. Дидактикалық ойындардың көмегімен балаларды оқыту қызықсыз,қиын болып көрінбейді. Баланың ойын әрекеті оқу қуанышына айналуына қол жеткізу қажет.

Әдебиеттер

1. Дидактические игры в детском саду. Бондаренко А.К. – М.,1990.
2. Игра дошкольника / Под ред. Л.А. Абрамян – М.: Просвещение, 1989.
3. Умственное воспитание детей дошкольного возраста / Под ред. Н.Н. Поддьякова, Ф.А. Сохина – М.: Просвещение, 1988

ЖАҢАРТЫЛҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА БАЛАБАҚШАДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Тлегенова Д.Ш.

Атырау қаласының «Зейнеп,Амина және балапандар»

бөбекжай-балабақша,әдіскері

dana.shamshiden@mail.ru

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мектепке дейінгі тәрбие педагогтарының инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару тәрбиешінің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір баланың қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласының өзі мектепке дейінгі тәрбиеден бастау алатынын ескерсек, балабақша қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда тәрбиешілер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін ұйымдастырылған оқу іс-қызметі барысында пайдалана отырып, оның сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Жалпы, балабақша бойынша мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын жаңарту мақсатында ұйымдастырылып отырған жұмыстарға әдістемелік басшылық жасау Коучинг технологиясы негізінде жүргізілуде.

Коучинг – оқудың нәтижелілік дәрежесін арттыру арқылы оны жетілдіруге мүмкіндік беретін үдеріс. Табысқа жету үшін тренерлер үдерісті білуге және түсінуге, сондай-ақ коучинг жүзеге асырылатын мән-мәтінге сәйкес келетін стильді, дағдылар мен әдістемелерді меңгеруі қажет. Коучинг үйретпейді, ол үйренуге көмектеседі.

Балабақшада жаңа технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық технологиялардың элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар:

Ойын технологиясы. Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіріп, өз қажетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көрсетеді. Ойынның ережелері ойнаушылардың қисынды ой қабілетінің бір - біріне деген сыйластық қажеттіліктерімен санасуы әр ойыншының жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы ол қарсы мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімін арттырады. Ойынның негізгі мақсаты - баланы қызықтыра отырып білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, балаларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Дұрыс ұйымдастырылған ойын әрекеті балалардың өзара қарым-қатынасын дамытумен бірге мұқтаждықтарын қанағаттандыратын істерді жүзеге асыруға дағдыландырып, пайдалы және өнімді әрекеттер жасауға баулиды. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рөлдік, драмалық, дидактикалық, құрылыс ойындары, кимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Марблс тастары технологиясы. Мәрмәр - бұл шарлар немесе сопақ немесе дөңгелек пішін тәрізді. Олар саздан, ағаштан, пластмассадан немесе әйнектен жиі жасалуы мүмкін. Олардың түрлі реңктері, түстері бар, олардың әсемдігі соншалықты ересектер мен балалар өз қолдарымен ұстап, ұстап алғысы келеді. Олардың басты мақсаты көңілді, пайдалы және қарапайым ойындар. Тастар адамдардың өмірімен әрдайым байланысты, үй салу және сиқырлы символ ретінде материал ретінде. Ежелгі заманнан бері тастар табиғи және жан мен сиқырлы күштерге ие болғандықтан, күшті күйеулер болып саналады. Бұл табиғи амулеттерде табиғат элементтерінің күші жатыр.

«Марблс тастары» ойынында балалар тастарды ұстау арқылы саусақ ұшы ұсақ маторикалары дамып, әртүрлі түсті тастарға қызығып танымдық өрістері өркендете түссе, түр-түсті ажыратуға жаттығады, дыбыстың дауысты-дауыссыз екенін түстерге сай орналастыра алуды, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру, фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын игеру, логикалық ойлау, есте сақтау мен көру зейінін дамыту, балалардың алдарына қойылған суреттерге қарап түстерін үйлестіріп қоя алуды, кеңістікте бағдарлап дұрыс орналастыра алуды үйренеді және ойын тастары гигиеналық талаптарға сай жуылады, кремнезертотығымен сәуленеді. Ойынның бірнеше түрін түрлендіре отырып ойнауға болады. Мәселен Марблс тастарымен сауат ашу оқу қызметінде әріптерді дауысты-дауыссыз екенін ажыратуға көмектесе, сурет салу оқу қызметінде табылмас құрал, тіл дамыту оқу қызметінде балаға белгілі тапсырма арқылы кезектерімен қою тәсілі орындалып, оны айтып беру тәсілдері мен ұштасады, балалардың қиялын дамытып, әртүрлі қызықты бейнелерді қағаз бетіне Марблс тастарының көмегімен жасауға болады. «Мозайка», «Тортты

әшекейлейік», «Шыршаны безендір», «Ғажайып қапшық», «Лабиринт», «Судоку», «Үлгі бойынша сал», «Бұлт пен жаңбыр» ойындарын ойнау арқылы балалардың саусақ ұшы ұсақ моторикасы дамып, көру-қозғалысы үйлестіріледі, сезімталдығы, қиялы дамиды.

Луллия шеңбері. 13 - ғасырда француз монахы Раймонд Луллий қағаз шеңбері түрінде логикалық материал ойлап тапты. «Луллий шеңбері» бұл – компьютер тәрізді материал. Оның қарапайымдылығы балабақшада қолдануға мүмкіндік береді. Бұл материал екі шеңбер (пластина) және арнайы жасалған қораптан тұрады. Луллий шеңберлерді баланың жас ерекшеліктеріне сай 4, 6, 8 бөлікке бөліп, оларға суреттер, сөздер, буын, сандар мен сөйлемдер жазған. Әрбір бала өзіне қойылған сұраққа жауабын таба алады және кез - келген комбинация бойынша қиялдап әңгіме айтып береді. Бұл материалдың функциясы өте көп және ол ТРИЗ әдісіне жатады, ойын түрінде қолданылады. Оны жеке де, топтық түрде де қолдануға болады.

Луллия шеңбері арқылы баланың:

1. Бала ойын барысында белсенділік танытады және тілі дамиды. Сөздік қоры молайып, әңгімелеу және сөйлеу тілі қалыптасады.
2. Ойын барысында ойынның өзі тілінің дамуы барысында күрделене түседі.
3. Дыбыстарды дыбысталу, тілдік естілу артикуляциясын сақтап айту біліктілігін қалыптасады.
4. Сөйлеу барысында тілдің грамматикасын сақтауға үйренеді және тілінің морфологиялық қырын қалыптастырады.
5. Әріптер таңбасымен танысады, буындап оқуға үйренеді.
6. Ақыл - ой әрекетінің тәсілдерін үйренеді (талдау, бекіту, жүйелеу, құрастыру).
7. Қоршаған ортамен танысып, қамқорлықпен қарауға тәрбиеленеді.
8. Танымдық процестері дамиды.

Воскобович технологиясы. В. Воскобовичтің дамытпалы ойындары- бұл ерекше, өзіндік, шығармашылық және жақсы әдістеме. Ойын негізіне үш негізгі принциптары жатады: қызығушылық, таным, шығармашылық. Бұл жәй ойын емес-бұл ертегі, қызық оқиға, көңілді кейіпкер, бұл ойын баланы ойлауға және шығармашылыққа баулиды.

В. Воскобовичтің әдістемесімен дамыған балалар, мектепке жақсы даярланған. Олар оқу, санау, логикалық ойлау қабілеттеріне бағытталған. В. Воскобовичтің танымал ойындарының бірі: «Игровой квадрат» и «Геоконт» және де «Цветные часы», «Чудо-головоломки», «Домино», «Математические корзинки», «Конструктор букв», «Ларчик» және т.б. Бұл ойындар балалардың даму үрдісін арттырады.

Геоконт. Халықта оны «шегесі бар тақтайша» деп атайды. Шынында да фанерлі ойын алаңында пластмасса шегелер бекітілген, ол ертегідегі " Гео, Метр құзғыны және мен, Слава көке" «күмістей» деп аталады. «Күмістей» шегеде «паутинканы» бекітеді (түсті резеңке-ұстағыш), осыдан геометриялық фигуралар, пән нұсқасының контуры шығады. Балалар үлкендердің көрсетілген нұсқасы бойынша, өздік негізгі арқауы бойынша құрады, ересек балалар – үлгі-сұлбамен (сол сияқты ойынның айырмашылығы, "Геоконт" ойын алаңында, координатталық шілтер бар). Негізгі және орта мектептің оқушылары геометрияны үйренеді және теореманы дәлелдейді. "Геоконт" ойынмен ойнағандағы нәтижесі балалардың саусақ пен қол моторикасы дамиды, сенсорлық қабілеттері (түс, форма, көлемін игеру), ойлау үрдісі (ауызша үлгі бойынша құрастыру, симметриялық және симметриялық емес фигураларды құру, заңнаманы іздеу және анықтау), шығармашылық.

Воскобовичтің шаршысы немесе «Мәңгі орига» -бұл екі жақтан жабыстырылған 32 қатты ұшбұрыш. Шаршы көлемді фигуралар мен әртүрлі жазықтық фигураларды өзгертеді. Метро құзғынның құпиясы туралы ертегіге байланысты, шаршы үйге, кірпіге, ұшаққа, тышқанға, мысыққа және басқа да формаларға айналып кете алады. Шаршыны белгілі тәсілмен кесіп, ерекше, көлемді фигуралар немесе жеке элементтерді жасауға болады.

Ойын шаршысы (игровой квадрат). Шаршы мата негізіне жабыстырылған 32 түсті ұшбұрыштан тұрады. Шаршыны әртүрлі әдіспен майыстыра отырып, бала әртүрлі силуэттерді құрастырады: тышқан, үй, мысық.

Тұнық шаршы (прозрачный квадрат). Ойын шарты 30 пластилиннен құрайды, онда әртүрлі фигуралар: шаршы, трапеция, үшбұрыш, ромб, тіктөртбұрыш енгізілген.

Лего-технология. Лего-дизайнердің көмегімен балалар өздерінің бірегей әлемін құрып, бір мезгілде ең күрделі математикалық білімін меңгеріп, қозғалтқыш үйлестіруді дамытады, ұсақ мотоциклдерді үйретеді, көзді үйретеді. Дизайн сыныптары қызығушылығын тудырады, бейнелі және кеңістіктік ойлауды дамытады, қиял мен қиялды жандандырады, бастама мен тәуелсіздікті оятады, сондай-ақ өнертабысқа және шығармашылыққа қызығушылық тудырады. Мұғалімнің басты міндеті - балаларға өздерінің тәрбиеленушілерінің әлеуетті қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін қызықты қызмет түріне тарту үшін қажетті жағдай жасау.

3-5 жастағы балалармен жұмыс істеуде зияткерлік құзыреттілікті дамытуға және қиялды қалпына келтіруге баса назар аударылады. 5-7 жас аралығындағы балалар үшін Бағдарламаның мазмұны жобалық қызметте жүзеге асырылады және қарапайымдан кешенге дейінгі қағидаттарға негізделеді, басымдық іздеу әдістеріне беріледі: дизайн бойынша, шарттармен, схемалармен және сызбалармен дизайн. Ұзақ мерзімді жоспарлау Бағдарламада жасы бойынша көрсетіледі және жиынтықтың атауын, сабақтың болжалды тақырыбын және күтілетін нәтижені қамтиды.

Ләпбук технологиясы. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының негізгі білім беру бағдарламасымен бірге үлес қосатын перспективалық әдістердің бірі ләпбук жасау болып табылады. Ләпбук – бұлинтерактивтік папка, оқу қызмет түрлерін жүзеге асырады, олардың интеграциялануын қамтамасыз ете алады.

Мақсаты:

Ләпбук пайдалану негізінде балалардың білімін дамытуда тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері:

1. Тәрбиешілерді «Ләпбук» технологиясымен таныстыру.
2. Ләпбук технологиясының жүйелілігін, сұрыптау ақпаратын көрсету.
3. Тәрбиешілердің шеберлік деңгейін көтеру.

Өзектілігі:

Мемлекет балабақшаларда білім беру және тәрбие жұмысының сапасына қазіргі заманғы талаптарына сай болып жүруге тәрбиешілерден үнемі өз бетінше білім алуға, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға және қажетті білім беру технологиясына ие болуға тиіс екен талап етеді.

Ләпбук (lapbook) – ағылшын тілінен тура аударғанда (lap-тізе, book-кітап) деген мағынаны білдіреді. Ләпбук – бұл қалташалары, есігі, терезелері бар жинамалы кітапша, жылжымалы бөлшектерден құралған, оған бір тақырыптың материалдары орналастырылады. Бұл бүлдіршіндермен белгілі біртақырыпты бекітуге арналған тамаша тәсіл және кітаптың мазмұнын ұғыну арқылы, зерттеу жұмысын жүргізу, оның барысында бала ізденіс жасайды, ақпаратты сұрыптап және талдайды. Бала өз алдына ыңғайлы түрде орналаса алады және оның барлық мазмұнын бірден көре алады. Қарапайымдылығына қарамастан, бұл тақырып бойынша барлық қажетті материалдар бар.

Ләпбуктің пайдаланудың артықшылықтары:

- Бала қажетті ақпаратты дербес жинайды;
- деректердің үлкен көлемін құрылымдау;
- танымдық дамудағы балалардың қызығушылығын ынталандырады;
- ересектермен сабақтастықты немесе бірлескен қызметті әр тараптандыруға;
- шығармашылық және шығармашылық ойлауды дамытады;
- есте сақтаудың оңай жолы;
- адамдарды қызықтырып біріктіреді.

Ақпараттық коммуникативтік технология.

Ақпараттық – коммуникативтік технологияны балабақшада қолдану – қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі тәрбиенің өзекті мәселесі болып отыр. АКТ деген не? АКТ – ның біріктірілуі

технологияның екі түріне байланысты: ақпараттық және коммуникативтік. «Ақпараттық технология – еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттыруға негізделген ақпараттарды сақтауға, өңдеуге, тасымалдау және бейнелеуді қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдердің, құралдардың жиынтығы» АКТ – ны қолдануға педагогтың еңбек өтілі мен білімі маңызды емес, оның АКТ – ны меңгеруге ықыласы мен ұмтылысының болуы маңызды. Өз жұмысында компьютерлік технологияларды қолдану педагогке көмектеседі.

- енжар тыңдаушыларды белсенді түрде қызмет етуге тартады;
- оқыту қызметінің одан да көрнекі әрі жедел болуына;
- балалардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға;
- танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға;
- тәрбиешінің өзін тәртіпке шақырып, оның жұмысқа деген қызығушылығын арттырады.
- ойлау процесін жеделдетеді.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Нұрсұлтан, 2022
2. Белая К.Ю. Инновационная деятельность в дошкольном образовательном учреждении. – Москва, 2003.
3. Инновационные процессы в образовании: теория и практика. Сборник научных статей. – Москва, 2003.
4. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. – «Білім» баспасы, 2009.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ЦИФРЛЫҚ БАСҚАРУҒА ДАЙЫНДАУ

Бижанова Г. А.

Ақтөбе қаласы № 54 негізгі мектебі КММ-нің жанынан ашылған
"Абылай" шағын орталығының тәрбиешісі
bizhanova_1977@bk.ru

Қазірде кезде еліміздің стратегиялық дамуының ең басты ұстанымдарының бірі алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарынан көріну болса, осыған байланысты білім берудің жаңа заманауи сапасына қол жеткізуге бағытталған кең ауқымды міндеттерді шешуге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлаудың маңызы артады. Біздің жағдайда білім беру жүйесі үшін цифрлық басқару құзыреттілігі бар мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің педагог қызметкер – цифрлық басқарушылық құзыреттілікті игерген педагог түрін қалыптастыру міндеті өзекті болып табылады.

Осыған сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын да жаңашылдық үрдістерді кеңінен қолдану, білімді ақпараттандырудың басымдығы анықталады. Еліміздің экономикасын түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасауды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оның міндеттерінің бірі ретінде - орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттырудың белгіленуі осының дәлелі. Осы тұрғыдан келгенде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын цифрлық мәнді сапаларын, басқарушылық құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін толық пайдалану мәселесі қазіргі заманның өзекті мәселелерінің қатарына жатады [1].

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, тәрбиешілерге, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды

деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Қоғамды ақпараттандыру - бұл жаһандық әлеуметтік үдеріс, оның ерекшелігі микропроцессорлық және есептеу техникасының қазіргі заманғы құралдары негізінде, сондай-ақ ақпараттық алмасудың әртүрлі құралдары негізінде жүзеге асырылатын ақпаратты жинау, шығару, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану болып табылады.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Яғни, білім беру саласында оқытудың, тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған заманауи жаңа ақпараттық технологияларды (ЖАТ) оңтайлы пайдалану әдіснамасы мен тәжірибесін әзірлеу және онымен қамтамасыз ету үдерісі.

Бұл үдеріс мыналарға бағытталған:

- ғылыми-педагогикалық ақпараттардың, ақпараттық және оқу материалдарының, сондай-ақ коммуникациялық желілердің автоматтандырылған деректер банкіні қолдану негізінде білім беру жүйесін басқару тетіктерін жетілдіру;

- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны дамыту міндеттеріне сәйкес әдіснамалар мен мазмұнды сұрыптау стратегияларын, әдістер мен оқытудың ұйымдастыру формаларын, тәрбиелеуді жетілдіру;

- жеке тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамытуға, білімді өз бетімен игеру, ақпараттық-білім беру, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпаратты өңдеудің әр түрлі түрлерін жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін құру;

- компьютерлік тестілеу, білім деңгейін бағалау және бақылаудың диагностикалық әдістерін құру және пайдалану

Қазіргі уақытта АКТ-ны МДҰ басқару тәжірибесінде қолдану негізінен төмендегідей:

- стендтерді, топтарды, кабинеттерді безендіруге арналған иллюстрациялық материалдарды таңдау (сканерлеу, Интернет, принтер, презентациялар);

- тәжірибе алмасу, мерзімді басылымдар арқылы басқа да МДҰ әзірлемелерімен танысу;

- түсірілген суреттерді басқаруды, фотосуреттерге түсіруді, қажет суретті оңай табуды, редакциялауды және көрсетуді жеңілдететін сандық фотоаппараттар мен суреттерді өңдеу бағдарламаларын пайдалану;

- бейнекамераны және онымен байланысты бағдарламаларды пайдалану (бейнематериалды қараудың, сақтаудың және бөлудің түбегейлі жаңа тәсілі, фильмге субтитрлер, сахналар арасындағы ауысулар, фондық музыка немесе дауыс қосу арқылы қарапайым фильмдер жасау);

- МДҰ басқару үдерісін ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында, басқарушылық қызметте Интернетті пайдалану; - мекеменің буклеттерін, таныстыру карточкаларын, қызметтің әр түрлі бағыттары бойынша материалдарды рәсімдеу;

- тек педагогтер ғана емес, сонымен бірге ата-аналар үшін де қызығушылық тудыратын медиа кітапханаларды құру;

- мектепке дейінгі білім беру мекемесінің іс жүргізуінде компьютерді пайдалану, әр түрлі мәліметтер қорын құру;

- электрондық пошта құру, МДҰ сайты жүргізу және т.б

Қазақстандық білім беру жүйесінің мектепке дейінгі деңгейін ақпараттандыру - бұл ақпараттық қоғамның даму тенденцияларының бірі. Соңғы жылдары сапалы білім мен оқу үдерісін басқаруды қамтамасыз ету үшін ақпараттық-білім беру орталары Интернеттің Қазақстандық секторында да толығып келеді. Заңды мәселелерді шешу тәжірибесінде оқу үдерісін басқаруда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды дамыту және қолдану Қазақстандық білім беруді заманауи бейімделуге итермелеп келеді және солай болуда [2].

Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу, дамыту мәселелерін цифрлық басқару жүйесін жетілдірудің, ғылыми қағидалардың негізінде, мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби деңгейінің жоғары болуы, педагогтердің біліктілігін арттыру, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың тәсілдерін өзгерту арқылы ғана сәтті шешуге болатындығы белгілі болды.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру білім беру үдерісінде, психологтардың пікірінше, тұлғаның қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

Қоғамдағы экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, жедел ақпараттану мен қарқынды даму білімге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Біздің жағдайымызда АКТ құзыреттілігі қалыптасқан болашақ цифрлық басқарушы педагогтер ең кем дегенде төменде келтірілген қазіргі қолданыстағы мектепке дейінгі мекеме қызметіндегі бар ақпараттық технология түрлерімен жұмыс жасай білуі қажет. Сондай отандық басқару ұйымдарының ақпараттық технологиялары мен цифрлық білім беру ресурстарына қысқаша талдаулар жасап өтсек.

Жалпы қазіргі кездегі білім саласындағы қызметкерлерге таныс e.gov.kz, балабақша open.almaty, мемлекеттік сатып алу, ұлттық білім деректер қоры, enbek.kz, almatybala.kz интернет ресурстары мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін басқарудағы ақпарат көздері және сол мектепке дейінгі ұйымдардың өзге де ұйымдармен, басқада қоғамдық білім беру орталарымен ақпарат алмасудағы тікелей қатынас құралдары болып табылады.

e.gov.kz - электронды үкімет порталы азаматтардың жаңа туған нәрестенің, жалпы мектеп жасына дейінгі балаларды мобильді қосымшалар көмегімен балабақшаға орналастыру кезегіне қойып, кезектерін қадағалап отыруына мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сатып алу порталы мектепке дейінгі мекеме қызметін жүргізуге қажетті құрал-жабдықтарға дел далсыз қол жеткізуге мүмкіндік береді. РММ «Республикалық орталық «Мектепке дейінгі балалық шақ» порталы. Мектепке дейінгі ұйымдарды нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану арқылы оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету. Мектепке дейінгі ұйымдардың бағдарламалық-әдістемелікпен қамтамасыз етілуін зерделеу және талдау.

ҰБДҚ – ұлттық білім беру деректер қоры статистикалық мәліметтерді ақпаратты беруші бірінші көздерден (білім беру ұйымдарынан) автоматты режимде жинауға, мәліметтерді сақтау және өңдеуге, ұйым әкімшіліктерінің уақытымен есеп беруін қалыптастыруға жағдай жасайды.

enbek.kz - Электрондық еңбек биржасы – МДҰ-да пайда болған бос лауазымдық орындарға қызметкерлер табу жұмысын жеңілдетеді[3]

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялардың оқытуды онлайн ұйымдастыруға және қызметті басқаруға мүмкіндік беретін бұлтты технологияларды кәсіби пайдалана білуі керек. Яғни болашақ МДҰ педагогтерінің шығармашыл, креативтік әлеуетке ие, «ақпараттық кеңістікте» ойлана алатын және жұмыс жасай алатын дайындалған кадр болуы қажет.

Қорытындылай келе, Қазіргі қоғам біртіндеп «цифрлық» болып келеді. Қоғам мен қоғамдық қатынастардың қазіргі даму кезеңінде адамзат цифрлық дәуір деп аталатын өз дамуының жаңа кезеңіне кірді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында цифрлық түрде берілген ақпарат пен белгілі бір білімді құрумен, қайта өңдеумен тығыз байланысты.

Әдебиеттер

1. Суханберлиева Ж.А. Педагогикалық пәндерді оқыту үдерісінде ақпаратты-қатынастық технологияны пайдалану // Хабаршысы». «Педагогика»сериясы: - Алматы, 2012. -№4(52)
2. Манкеш А.Е., Абилбакиева Г.Т. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ақпараттық технологиялар арқылы басқарушылық құзыреттілігін жетілдіру //Абай атындығы ҚазҰПУ. - 2017. - №4(60).

АТА-АНА БОЛУДА ҚОБАЛЖЫМАҢЫЗ...

Есетова А. А.

“Ақсай қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі”
коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бастауыш сынып мұғалімі

Келер күннің келбеті-бүгінгі балалар. Олай болса, келешегімізді қаншалықты қамдап жатырмыз, балаларымызды қалай тәрбиелеудеміз? Бүлдіршіндеріміздің денсаулығы мен құқықтарын өз дәрежесінде қорғай алып отырмыз ба? Осы және өзге де сансыз сауалдар баршамызды толғандыратыны анық. Бұл дүниеде не тәтті, бала тәтті. Не сүйкімді, не қымбат, не артық деп сұралса, бәрінің де бауыр етің балаң десек қателеспейміз. Бала-біздің көз қуанышымыз, жанымызға жылу сыйлайтын, ізіміздің жалғастырушы ұрпағымыз.

Ата-ана болу үлкен бақыт. Әлі сен кішкентай болғанда ата-анаң саған ең маңызды, ең керемет жандар болып табылатын. Анаң ол ең мейірімді, ең сұлу. Әкең ең мықты, ең күшті. Өтпелі кезге келгенде сенің ойларың өзгере бастайды. Неге? Басқа балалардың ата-анасымен салыстыра бастайсың. Бұл әрине дұрыс емес. Олар сенің ата-анаң. Өтпелі кезең болған соң бұл жағдайды түсінуге болады. Ал, үлкен адам болып ақыл-ойымыз жинақталған кезде біз байқаймыз ата-аналарымыздың берген тәрбиесіне ештеңе жетпейді.

Ал, қазірші? Қазіргі жас ата-аналар балаларының заманауи тұрғыда дамып жетілуін қалайды. Менің тәжірибемде бір ана келіп кеңес сұрады. Ол өзінің баласының ақылды тәрбиелі, ойын толық жеткізе алатын бала болып өсуін қалайтынын айтты. Осындай жаңа заманның ата-аналар көп. Өйткені, бала психология туралы кітап оқиды, әлеуметтік желілер арқылы бала тәрбиесі туралы ізденеді. Өзінің баласының дұрыс тәрбие алуын қалайды. Неге мұндай сұрақтар туындайды? Себебі, біз үлкен адам болған кезімізде өткен шақты еске түсіріп ойланамыз, түсінеміз. Мысал үшін, кезінде ата-анамыз былай айтушы еді «Үлкендердің сөзіне араласпа, үлкендердің әңгімесін тыңдама т/б...» Енді үлкен адам болған кезде өз ойыңызды еркін жеткізе алудан қиналасыз, өз жұмысыңызды дәлелдеп, қорғап шығудан аздап қиындықтар туындайды. Осындай жағдайларды болдырмас үшін, әрине тиімді жағын қарастырасыз. Бірақ, кейбір ата-аналардың толық еркіндікті беріп қоюы қандай жағдайға әкеледі деп ойлайсыздар? Тағы бір мысал ретінде осы жерде айта кетейін бірде бір ана жақындап, өзінің баласын бетінен қақпай не сұраса соны алып беріп, дегенін жасап жүретінін. Бірақ тыңдамайтынын айтып келді. Әрине мен сынып жетекшісі ретінде бар кеңесімді айттым. Бұл жерде ана қай жерден қате жіберді деп ойлайсыздар? Иә, ол баласын тым еркін, шектен тыс тәрбиелеген. Болашақта опық жеп қалмау үшін бұндай жағдайға жеткізбеуіміз керек. Міне енді, маңызды сұрақ қалыптасады. Құнды ортаны қалай табу керек? Тым шектен шықпау үшін жаңа заманауи ата-ана неге сүйенеді? «Гауһартас» әдісінің үш қырымен қарап көрейік.

Бірінші қыры- ата-ана, екінші қыры –бала, үшінші қыры қарым-қатынас. Енді тереңірек тоқталайық. Ата-ана болу үшін бізге көп энергия керек. Баламен қарым – қатынас жасауда, тәрбиелеуде одан да көп энергия керек болады. Егер энергияны ішіміздегі құты деп алатын болсақ, біз ол энергияны жұмсаған кезде энергия азайып, құтымыз босай бастайды. Енді сол құтыны әрқайсымыз толтыру керекпіз. Әр қайсымыз білуіміз керекпіз, біз оны қалай толтырамыз? Егер толтыруды ұмытып кетсек, қобалжуға, күйгелектенуге келіп жетеміз. Ең жақын адамдарымызға жақсы көңіл-күйіміз жетпей қалады. Өзімізге көмектесу үшін бүгін кешкісін отырыңыз да тізім құрыңыз.20-25 тізімнен тұратын қағида жазыңыз. Мысалы, серуен, тыныштықта отыру, тәтті шәй ішу, жақын адамдарыңызбен әңгімелесу т/б деген сияқты. Және күнбе -күн жазған тізіміңіздің бір-екеуін орындап отырыңыз.

Екінші қыры –бала. Бала ол жеке тұлға екенін ұмытпауымыз керек. Ол ермексаз емес өзімізге ұнағанын жасап алатын. Жоқ, олай ойлау дұрыс емес. Мен сізге бір кеңес айтайын, балаңызбен серуенге шыққан кезде бір қорап сіріңкені қалтаңызға салып шығыңыз. Серуен кезінде балаңызға тәтті сөздер немесе қолдау сөздер айтқан болсаңыз сіріңкені оң қалтаңызға саласыз. Егер балаңызға көп ескерту айтсаңыз, не болса соған ұрыса берсеңіз сіріңкенің біреуін сол қалтаңызға салыңыз. Кешке санаңыз. Қай қалтаңыздағы сіріңке көп. Егере оң қалтаңыздағы сіріңке көп болса онда қуана беріңіз. Ал, егер сол қалтаңыздағы сіріңке көп болса онда ойланыңыз. Сізге өзіңізді қолға алып жұмыстану керек болады.

Гауһар тастың үшінші қыры ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас. Тәрбиелеу бізді баламыз бен жақындатады. Осы қарым-қатынасты нығайту үшін бізге тек 20 минут уақыт бөлсек болғаны. Осы уақыт аралығында сіз баламен ойнауыңызға болады немесе қызықты кітап оқуға болады. Балаңыздың көңіл-күйін, бүгінгі күні қалай өткенін сұрап жақсы көңіл-күйіңізбен, өзіңіздің жетістіктеріңізбен немесе сәтсіздіктеріңізбен бөліссеңіз жеткілікті. Еш нәрсеге көңіл бөлмеңіз телефонға, көршінің баласына, құрбыларыңызға тек қана балаңыздың жанында қалыңыз. Сеніңіз, бұл сіздің балаңызбен арақатынасыңызды нығайтады, бекітеді және жақындатады. Сонда ғана балаңызға сізбен бірге болған жақсы екенін және өзіңізге де ұнайтынын байқайсыз.

Сізбен біз болып алтын аралықты қалай табамыз? -деген сұраққа жауап іздеп көрдік және біз оны таптық. Сізге бар болғаны балаңыздың жеке тұлға екенін ұмытпағаныңыз жөн.

Әдебиеттер

1. Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс). Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет.
2. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 286 бет.
3. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. Оқу құралы. – Қарағанды, ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012. – 206 бет.
4. Даму психологиясы: Оқулық / М.К. Бапаева. – Алматы: 2014. – 440б.
5. Маслоу А. Мотивация и личность. Москва, 1998. – 467 бет.
6. Мұқанов Ы.Б. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1991. – 237 бет.
7. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1999. – 160 бет.
8. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М., Жас ерекшелік психологиясы. Оқу құралы. – Қарағанды. ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012. – 186 бет.
9. Қ. Жарықбаев. Психология. Оқулық. Алматы, «Білім», 1994ж.
10. Божович Л.И. Избранные психологические труды. Под ред. Д.И. Фельдштейна. Москва, 2000.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ

Жантлеуова А. А.

«Ақсай қаласының №2 ЖОББМ» КММ, бастауыш сынып мұғалімі

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Қалай ойлайсыздар? Бүгін тағы бір идея қабылдауға дайынсыздар ма? Яғни, өзгеріске, жаңалыққа, өмір қағидаларымызды өзгертіп отыруға дайынбыз ба? Мен өзім бастауыш сынып мұғалімі боламын. Бастауыш демекші, бәрі негізі бастауыштан басталады. Сіздерде, менде сол бастауыштан білім алғанбыз. Солай емес пе? Бүгінгі осы қатысып отырған педагогикалық идея алаңына қатысу үшін идея іздедім. Содан ананың басын бір, мынаның басын бір шалдым. Қызық негізі ойға қалдым. Осы жалпы идея деген не өзі? Оны қайдан аламыз?! Педидея деген не? – деп іздене бастадым. Сізде іздендіңіз солай емес пе, қатысушы әріптестер! Ал, сіздің ойыңызша педагогикалық идея деген не? Иә, әрине! Иә осы сұраққа жауапты менде көп іздедім. Менің ойымша идея деген адаммен бірге дамып отырады және оны алыстан іздеудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Идеяның өзі қажеттіліктен туындай ма деп те ойлап қалдым. Ал, әрине.

Ұлы ойшылдарымыздың ойы бойынша идея кездейсоқ қалыптаспайды және кез келген уақытта да қалыптаса бермейді. Кез келген ұлттың немесе мемлекеттің ұлттық идеясын алып қарайтын болсақ, оның бастауы бар, тарихи кезеңдерді басынан өткізуде жинақтаған тәжірибелері болады. Көне заманынан бастап идея ұғымы ойшылдардың тарапынан зерттеліп келеді, ежелгі дәуірдің өзінде идея феномені екі шеңберде (деңгей, негіз) қарастырыла бастаған. Бірінші, идея құбылысы жалпы жаратылысқа тән десе, екіншіден идея бұл интеллект өнімі, жеке адам мен ұлттың ішкі әлемінен туындап, ішкі әлемде өмір сүріп отыратын білімнің ерекше түрі. Ендеше менде өз өмір тәжірибеме сүйенуге тура келеді. Демек, алыстан идея іздемеймін деген сөз.

Жаңа бір сөзімде идея қажеттіліктен туындай ма деп қалғанмын. Бәріңізге белгілі пандемия уақыты күллі адамзат баласын тығырыққа тіреді десекте болады. Әсіресе, ұстаздар қауымына түскен жүк ауырлау болды – ау? Сіздер, қандай жауап берер едіңіздер? Осы пандемия барысында көптеген қиыншылықтарға тап болдық. Әрине, ұстаздарға оқу іс – әрекеттерін ұйымдастыруда түрлі платформалар ұсынылды. Көбі пайдаланған bilimland.kz платформасы. Ұстаздарға үлкен көмек болды. Тіпті уатсап арқылы да сабақ оқытуға тура келді. Яғни, уатсап арқылы тапсырмаларымызды, бейнероликтерімізді саламыз, оқушыдан кері байланыс күтеміз. Кей жағдайда оқушының кері байланысын ата – анадан талап етеміз. Кейбір ата – аналар тапсырмаларды өздері жасап салатын да жағдайлар кездесіп жатты. Десекте бастауыш сынып мұғалімдері бастауыш сынып оқушыларына сабақты қалай қызықты қылып жеткіземін, сабақты өз бетімен қызыға орындайтын деңгейге қалай жеткіземін - деп басы қата бастады. Өйткені, білімленді платформасындағы сабақты барлық оқушы жасай қоймады. Жаңа айтқан ата – аналары өздері жасап отырды. Оның себебі көп. Өзімді алатын болсам білім сапасын төмендетіп, тіпті жоғалтып алам ба деген қорқыныш болды және басым болды. Өйткені сынып оқушыларының басым бөлігі ұл балалар болатын. Міне, осы тұста қараңғы ұзын дәліздің түп жағынан жанған шамдай көрінген toriq.kz келді. Мен осы бағдарламаға негізі пандемияға дейін жазылғанмын. Бірақ, қажеттілігін және тиімділігін сезініп те жете түсіне де қоймаған екенмін. Осыған дейін айтып кеткен болатынмын. Идеяның өзі қажеттіліктен туындай ма деп? Бірден ойыма toriq.kz бағдарламасы түсті. Яғни, toriq.kz бағдарламасында жасалған электронды оқулықтар. Содан оқушыларға сабақ мақсатына қарай оқулықтағы тақырыптарға берілген тапсырмаларды ұсындым. Шыны керек мықты кері байланыс күтпедім. Толассыз кері байланыстар келеді деп те ойламадым. Күндегі әдетімше, түнгі он екі – бірге дейін кері байланыс күтіп отырамын деп, телефонымды үстелдің шетіне ысырып қойғанмын. Заматта математика чатынан оқушылардың «Апай, дұрыс па?» – деген жазуларын оқыдым. Оқушылар тапсырмаларын жасап, скриншоттап чатқа сала бастады. Біреуі, екіншісі, үшіншісі, төртіншісі, жиырма біріншісі. Оқушылар тарапынан жағымды пікірлер айтыла бастады. Жасаған тапсырмаларынан алған әсерлерімен өзара, эмоцияларымен чатта бөлісе бастады. Және осы тұста электронды оқулықтың тиімділігі көрініс тапты. Оқушыларды электронды оқулықтардың ішінен тапсырмаларды оқып, орындайтындығы, жауабын бірден жазатыны, сәйкестендіре алатыны қуантса. Кейін орындаған тапсырмаларын бірден тексере алатындығы, яғни, қатемен жұмыс жүргізуге болатындығы оқушылар үшін табылған қазынадай болды.

Қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану оқулықтары бойынша да аудиотапсырмаларды тыңдай алатыны, ертегі – әңгімелерді тыңдап, сұраққа «ақиқат немесе жалған», «дұрыс немесе бұрыс», «иә немесе жоқ» әдістері арқылы жауап беріп, тапсырмаларын орындайтындары оқушыларға қызығушылық тудырғанын байқадым. Әрі оқу іс – әрекетінің алға жүргенін көрдім. Негізі bilimland.kz платформасында оқыдық. Ал, toriq.kz бағдарламасы арқылы қосымша оқушылар өз беттерімен ізденіп орындады. Оқушы тарапынан қызығушылық басым болды. Және менің осы тығырықтан шығуымда білім сапасын сақтап қалуда, оқушылардың көшеге шығып ойнауының өзі қиындау болғанда toriq бағдарламасы басым роль атқарды. Білім сапасы(мониторинг) Қазіргі таңда жаңа Қазақстан, сандық Қазақстан, цифрлы Қазақстан деп жатамыз. Неге осы бағдарламаны, яғни электронды оқулықтарды қолға алмаймыз деген ой туындайды. Сіздерде мақсат қандай деген сұрақ туындауы мүмкін?! Иә, осы орайда сіздің ойыңызды білгім келеді, қандай мақсат болуы мүмкін? Сұрағыңыз орынды.

Электрондық оқулық пен оқытудың мақсаты — «оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың дамуы кезеңінде электрондық оқулықтардың ерекшелігі үлгіге сәйкестілігі мен жоғары мобильділігі, оқуға үйренуге икемділігінде болып табылады. Оқулықтар мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жасалған. Оған әрбір пәннің мамандары, көрнекті саланың ғалымдары мен педагог-дидакттар, әдіскерлер, программист-дизайнерлер, операторлар қатысады.

Электрондық оқулықтармен жұмыс негізгі үш деңгейде атқарылады: оқу; оқыту; бақылау және тексеру. Электронды оқулық заман ағымына сай оқушылардың қызығушылығын арттырып, түсінбей қалған сәттерін қайтадан көруге, алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік беретін бірден – бір оқу құралы дер едім. Әрине, менің пікірім!

Электронды оқулықтың мазмұны оқушының интеллектілік ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы жеткілікті: жинақтылық, жүйелік, көркемділігі, жылдамдылығы. Бұл электронды оқулықтың тиімді жері, ара қашықтықтан оқытуға, оқушының өздігінен оқып- үйренуіне жұмыс қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіндігі. Электронды технологияның тағы бір ерекшелігі, дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады:

- ✓ өзіндік тексерудің (өзіндік бақылаудың) тестілік жүйесі;
- ✓ бақылау формалары: толықтыруды қажет ететін тестілер;
- ✓ балама жауаптары бар тестілер (шешім дұрыс немесе бұрыс; «иә», «жоқ»);
- ✓ таңдамалы тесті (бірнеше жауаптардың дұрысы таңдалынады);
- ✓ диктант ретінде құрастырылған тесті (мәтін оқытып отырған жағдайда керекті сөз қойылып отырады);
- ✓ сәйкестілік тесті (өзара байланысқан фактілерді табуға құрылған).

Электронды оқулық жаңа компьютерлік технологиялардың барлық жетістіктерін пайдалану мүмкіндігімен ерекшеленеді, яғни мәтіндік материалға гиперсілтемелер жасауға, мультимедиалық және басқарылатын анимацияларды пайдалануға, дыбысты қосарлап қамтуға оқушылардың білім деңгейіне бақылау жасауға жағдай бар. Электрондық орта оқушылардың экспериментке бейімділігін, құрылымдық ойлау қабілетін қалыптастыра алады, мұның бәрі білім алушыларды шығармашылыққа бейімдейді.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Бұл электрондық оқулық бастауыш сыныпқа сабақ беруде де өте тиімді, мұғалім көп ізденбей дайын сабақтарды өз жұмысында пайдалануға толық мүмкіншілігі бар. Әрі экономикалық жағынан тиімді болып келеді.

Электронды оқулықтардың басқа оқулықтардан айырмашылықтары: электронды оқулықта динамикалық анимацияны, дыбысты, гиперсілтеме, бейнесюжет және т.б қолдану арқылы оның көрнекілігінің басымдылығында; оқу материалы немесе мәліметтің бір мезгілде жазылуы, анимация, дыбыс түрінде жеткізіліп, түйсікке әсер етуінде; электронды оқулықтағы тест сұрақтарының бірнеше нұсқадан тұруын қамтамасыз етуге мүмкіндіктің болмауында, оның жоғары деңгейлігін, әр түрлілігін қамтамасыз етуге қол жеткізуінде; электронды оқулық құрылымы бойынша ашық жүйе болғандықтан, ондағы оқу материалдарын үнемі толықтырып, өзгертуге және түзетуге болмайтындығында; электронды оқулық тиражын көбейтудің жеңілдігі, аз шығын арқылы телекоммуникациялық құралдар көмегімен электронды оқулықты пайдаланудың немесе қолданудың мүмкіндігінің жоғарылығында.

Осы айырмашылықтар оқушылардың қабілетінің әртүрлілігіне қарамастан, олардың оқу материалын терең ұғынуына, түсінуге мүмкіндік береді және ықпал етеді. Электронды оқулықтың тиімділігі: мұғалімнің ғылыми-әдістемелік әлеуетін дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді; әр пәннен өтетін емтихандарға дайындығын жеңілдетеді.

Ұтымды пайдаланылған электронды оқулық сабақтың тартымдылығын арттырып, білім алушылардың сабаққа деген ынтасын, белсенділігін күшейтеді. Себебі оқытушы күнделікті іс-тәжірибесінде сабақ тақырыбына байланысты пайдалану әдістері мен білім алушылардың санасына жеткізуді көздеген мақсатына орай көрнекі құрал дайындаудың орнына оқулықта келтірілген дайын материалдар мен иллюстрациялық мәліметтерді тиімді пайдалануға әбден болады.

Құрастыралған оқулық «шығармашыл ұстаз — уақыт талабы, нәтижесі — уақыт жеңісі» демекші, оқытушының оқытуды ұйымдастырудағы шеберлігі артса, оқу процесін ұйымдастыруда үй тапсырмасының көлемі азайып, оқу материалдарының есте жақсы сақталуына өте тиімді. Мұның өзі оқытудың эвристикалық және зерттеу әдістеріне ерекше мән берілетінін көрсетеді. Сондықтан оқытушы әрқашан өтілетін жаңа тақырыптың мазмұнына, мақсатына, міндетіне байланысты инновациялық тұрғыда электронды оқулықты пайдалана отырып, білім алушылардың жан-жақты қабілетінің өсуіне ықпал жасайды, олардың ынтасы мен қызығушылығын қалыптастырады. Эксперимент көрсеткендей, осы технологияны игерген білім алушылардың жұмысын оқытушылар кез келген даярлық деңгейінде оқу процесін нәтижелі, тиімді ұйымдастыра алады, мұның бәрі шығармашылық сипат алуына жағдай жасайды.

Әдебиеттер

1. Электронды ресурс: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 130 бұйрығы (наурыз, 2010ж). Электронды ресурс: [http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30617424]

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 154 б.

4. Тәжібаев Т. Жалпы психология: Оқу құралы / Т.Тәжібаев. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1993. – 240 б.

5. Әл-Фараби. Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері. Философиялық-әлеуметтік трактатында. – Алматы: Ғылым, 1975. – 305 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДА ЖАҢАША ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Байдашева Н.Б.

Орал қаласы Д.А Қонаев атындағы №44 мектеп–гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі. Мектепке дейінгі бөлімнің директор орынбасары

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қай елдің болмасын өсіп - өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Мектепалды тәрбиешілерінің алдында бүлдіршіндерге тәрбие мен білім беруде үлкен жауапкершілік тұр. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын балаға меңгертуде тәрбиеші жаңашыл болуы керек. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Міне осыған байланысты тәрбиешілер алдында оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруы. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - балаға үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, бақылау, саралау, АКТ-ны қолдану, баламен жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасай білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Тәрбиеші қазіргі заман көшінен қалмай өз біліктілігін арттыру мақсатымен оқудағы жаңа әдіс - тәсілдерді меңгеру арқылы оқу қызметті қызықтыруы тиіс. Дәстүрлі оқу қызметінде бала тыныш отырып, оқу қызметті тыңдап тәрбиешінің түсіндірмесін қабылдап жұмыс жасап келді. Балалар бағалау жүйесіне қатыспайтын. Ал қазіргі таңда осы жаңартылған білім беру үдерісі көптеген жаңалыққа толы. Балалар өзін-өзі бағалауды, қасындағы құрдастарын бағалауды үйренді, оқу қызметті меңгерген, меңгермегенін кері байланыс арқылы бере біледі. Оқу қызметінің соңында рефлексия жасауды меңгереді.

- ✓ Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны:
 - ✓ оқытуды ұйымдастыру тұлғаға бағдарланған және жүйелі - әрекеттік тәсіл арқылы жүзеге асырылады;
 - ✓ Мектепалды даярлық сыныбы мен бастауыш білім беру сабақтастығын қамтамасыз етеді;
 - ✓ балалардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына көмектеседі;
 - ✓ балалардың зияткерлік және жеке дене дамуы үшін жағдай жасайды;
 - ✓ күнделікті өмірде қажетті ақпаратты алуға, іріктеуге, өндеуге, жеткізуге және коммуникативтік міндеттерді шешуде балалардың тілдік дағдыларды қолдануы мақсатында сөйлеу әрекетінің түрлері ретінде төрт тілдік дағдылардың: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымның қалыптасуына және дамуына көмектеседі;
 - ✓ ата-аналармен ынтымақтастық қарым - қатынас орнатуға көмектеседі.
- Мектепалды даярлық сыныпта тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:
- ✓ өтпелі тақырыптарды қолдану арқылы перспективалық жоспар;
 - ✓ апталық циклограмма;
 - ✓ балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы жүзеге асады.

Білім беру процесінде мынандай әдістер қолданылады: әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу, АКТ-ны қолдану, бақылау, суреттер, иллюстрациялар, ойыншықтар мен заттар, жаттығулар, моделдеу, экскурсиялар, тәжірибе, эксперимент жүргізу, қимылды, театрланған, сюжетті - рөлдік, дидактикалық ойындар.

Ал, енді білім беру стандартын қарайтын болсақ:

- ✓ табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға;
- ✓ шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, тәрбиеленушілердің қимыл белсенділігіне сұраныстарын жетілдіруге бағытталған.
- ✓ шығармашылық сөйлеу әрекетін дамытуды; тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді
- ✓ геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар және конструктордың бөліктерінен қамтиды.
- ✓ өнер түрлері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды; балалардың өзіндік шығармашылық қызметін іске асыруын қамтиды.
- ✓ «Сабақ беру - үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» - деп Жүсіпбек Аймауытов ағамыз айтқандай үйренген жаңалығымызды қолдана білуіміз - ол әр ұстаздың өз еншісінде. Сонымен қатар бес жастағы балаларға функционалдық сауаттылық - тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүру қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай қызмет етуін қамтамасыз ететін білімі, ептілігі, дағдылары. Баланың функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға болатындығы белгілі.

Итербелсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде

- тиянақты білім;
- қиялдау мен шығармашылық;
- тез тіл табысу;
- белсенді өмірлік көзқарас;
- командалық рух;
- жеке; дербестік құндылық;
- өз пікірін білдіру, еркіндік;
- іс - әрекетке ерекше назар аудару;
- өзара сыйластық дағдылары дамиды

Әдіс түрлері:

Ойын түрлері;

Жеке және жұптық, топтық жұмыстар;

Оқушылардың өз бетінше іс - әрекеттері;

Нақты жағдайлар, олардың нәтижесін жасау;

Сұрақтар қоюда ынталандыру(СТО - ға үйрету);

Оқыту мәселелері.

Критериалды бағалау

Сабақ барысында тәрбиешінің ауызша бағалауы: ол белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуді көтермелеумен байланысты болуы керек. Сөздік бағалауда баланың бүгінгі жетістіктерін, оның кешегі болған жетістіктерімен салыстыру қажет. Келеңсіз бағалау оқушының ықылас жауапкершілігіне, табандылығына ғана қатысты болуы мүмкін. Мұғалімге сөздік бағалау қорын толықтыру қажет, классикалық «жарайсың!», «жақсы», «ақылдысың» деген пайымдаумен тоқтап қалмау керек. Бұл ретте білім алушының оқу жетістігіне қарап, эмоционалдық қатынасты, оқушының табыстары бойынша қобалжуы - алаңдауын көрсетуі қажет. «Бүгін сенде кешегіге қарағанда, өте жақсы шықты», «сенің бұл алгоритмді түсінгеніңе қуаныштымын», «Сенің пікірің қызықты» (болжам, жорамал), "Қандай керемет идея, оқулық авторы бұл туралы ойлаған да емес», «Сен тапсырмалардың жартысын дұрыс орындадың, келесі жолы барлығын өзің жасай аласың», «Сен өте тырыстың және сенде барлығы міндетті түрде орындалады, осылай жалғастыра бер». Барлығының көзінше мадақтау маңызды: «Балалар, қараңыздаршы, бүгін Арман қалай жұмыс істеді! Онда бәрі де жақсы шықты!». Бұл ретте, басқалардың мұны әлдеқашан істей алатыны маңызды емес.

Мұғалім білім алушылардың іс-әрекеттерін мақұлдау кезінде, келесі қағидаларды басшылыққа алуы мүмкін:

- ✓ тіпті болмашы нәтижеге қол жеткізгеннен кейін, білім алушыны бірден мақтаңыз;
- ✓ білім алушының жеке қасиеттерін емес, оның оқу жетістіктерін мақтаңыз;
- ✓ оның қол жеткізген нәтижесіне риза екеніңізді, сізге оның жетістігі жағымды екенін айтыңыз.
- ✓ Баланы шын мәнінде не үшін мақтауға болатынын атап өту маңызды, содан кейін жаңа міндет қоюға болады.
- ✓ Ұлттық рухани - адамгершілік құндылықтар арқылы жаңартылған білім мазмұнын бойына сіңірген, тәрбиелі, білімді, еңбекқор, патриот ұрпақ тәрбиелейік. Ұрпақ тәрбиесі – ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұра. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі»- деп ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, қай елдің болсын бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарымен сабақтасып жүзеге асады. Мәңгілік Ел болашағы – өсіп келе жатқан бүлдіршіндеріміздің қолында, сондықтан да олардың бойына жаңартылған білім мазмұны мен бірге ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытып, қазақ халқының бай мұраларын бойларына сіңіре тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Әдебиеттер

1. Әдістемелік нұсқаулық хат 2022-2023 оқу жылы.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жылғы 7 желтоқсан.
3. Оразбаева Ф.Ш. Рахметова Р.С. Көпбаева Ж.С. Мазмбаева Ж.О. «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру стандарты мен бағдарламасы.- Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010 -122б.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Акмышева Г. С.

«М.Абдулов атындағы негізгі орта мектебі»КММ

«Менің ойыншығым» (1953), «Отпен ойнама » (1959), «Шынықсаң-шымыр боларсың» (1977), «Аспандағы әпке» (1984) т.б.кітаптары қазақ балалары әдебиетіне қосылған елеулі үлес болып саналады. Сонымен бірге мақал –мәтелдерді жинау,зерттеу,басқа халықтардың мақалдары қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де жүйелі айналысып келеді.Сын және зерттеу саласында бірнеше еңбектер жариялап,әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударған .Ол қазақшаға тәржімелеген В.Маяковский Ю.Тувим,С.Михалков, А.Барто,Қ.Мұхаммади, А. Қыдыров, М. Сингаевский, Т.Махмуд, С.Баруздин, т.б. өлеңдерін кішкентай оқырмандар сүйіп оқиды. Ақынның өлеңдері әлемнің 38 тіліне аударған.

Мұзафар Әлімбаев жас буынға арнап көркем шығарма жазумен ғана шектелмейді.Ол қазақ балалаар әдебиетіне толассыз кадр тәрбиелеген «Балдырған»журналын өз қолымен ұйымдастырып,ширек ғасыр үлгілі басшылық жасады. «Балдырған» балалар әдебиеті үшін оқушы мен жазушы арасындағы алтын көпір іспетті болғанын айтуымыз керек.Аталмаш журнал арқылы М.Әлімбаев кішкентай оқушыны ұлағатты сөзге тәрбиелеп қойған жоқ,оларға шынайы көркем шығарма сыйлайтын жас таланттар тәрбиесіне де айналдыра білді.Балалар әдебиетінің көптеген өкілдері әдебиетке келу жолында өздеріне ақын Мұзафар Әлімбаевтың шапағаты тигенін мақтанышпен баяндайды.Жетекші дарынның сондай бір қызық мінезі – жас талаптың тұсауын кесумен шектелмей, оның шығармашылық жолын ұдайы қадағалап , бет алысын бақылап, сын мақала жазып ,бағдар сілтеп отыратын жақсы қасиеті бар.Ақынның Қ.Ыдырысов, М.Жаманбаинов, Қ.Мырза Әли, Ж.Смақов, Ә.Дүйсенбиев, Қ.Баянбаев,

Е.Өтетілеуов Е.Елубаев, С.Оспанов, т.б. іні-қаламгер жөніндегі мақалалары осындай тәрбиелік мәнге ие.

Мұзафар Әлімбаевтың «Аспандағы әпке» жыр жинағына 1984 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл – балалар әдебиеті өкіліне берілген ырымалды баға еді. Дарын мөлшері, қаламгер қадірі ресми атақ-абыроймен де өлшене бермес, әйтсе де, сөздің расы сол – Мұзафар Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі. Әсіресе, соңғы отыз жыл уақыттың әдемі, шабытты сәттерін ақын қазақ балалар әдебиетіне бағыштады. Осынау жылдары ол балалар әдебиетіне ақын, жазушы, аудармашы, теориялық тұжырымдар айтар әдебиетші, зерттеуші, тәрбие туралы ойын бөлісер педагог болып атсалысты. Осының баршасы Мұзафар Әлімбаевты қазақ балалар әдебиетінің жетекшісі дарыны деп тануға себепкер.

Ақын шығармашылығы жанрлық жағынан бай. Әркімнің дарын қуаты, бейімі әр қилы. Біреу бейімін белгілі бір жанрдан іздеп, жанрға мамандана, екінші біреу өзін бар жанрға баулап, мәпелеп жүрген. Мұзағар осының соңғысына жататын қаламгер. Ақын шығармаларында өлең, тақпақ, ертегі, өлең-ойын, санамақ, синоним сіздер, өтірік өлең, айтыс, мазақатма, ән өлеңдері, жұмбақ, лотогрифтер, қарама-қарсы қызық сөздер, адас атаулар, метограммалар, жаңылтпаштар және т.б. «ішкі жанр» үлгілері ұшырасады. Мұның өзі ақынның ізденіс аясын, білім өресін аңғартатынына дәлел болса керек. Сол мол жанрлық үлгіні танытатын өлеңдерден шынайы балалар ақынының кішкентай оқушы танымының қабылдау мүмкіндігіне саналы бейімделуін байқаймыз. Өлеңдер мейлінше қарапайым, бірақ, ойлы, мақсатты, тәрбиелік нысанасы айқын. Әр сатыдағы оқушылардың жас мөлшеріне сай лейсиконды таңдап ала отырып, қандай күрделі ойды да аз буынға сыйғыза айтып беру білу де осы бейімделудің көрінісі. Мысалы, «Мұнар басқан күз, Сарғыш тартқан түз»,

«Ауладағы мұз, Ауадағы сыз», «Қамбадағы дән, Тандырдағы нан», «Күз нышандары» деген атпен берілген, небәрі екі жолдан тұратын өлеңдер барынша қарапайым бола тұра, ең кішкентай оқушының өзіне табиғат маусымының негізгі белгілерін сурет қарекеттерін нақты жеткізіп береді.

Мұзафар Әлімбаевтың тағы бір ерекшелігі-ел аузындағы елеулі ертегі, аңыздарды тере жүріп, жаңғырта жырлауы, халық шығармашылығындағы ғажап үлгілер дәстүрмен өзі де жанынан аңыз, ертегілер, күлдіргі жырлар тудыруы. «Қос керенау», «Кім ұтылды, кім ұтты?», «Жақсыбай батыр мен Елпекбай», «Алшынбай мен Шөже» т.б. өлеңдер осының айқын дәлелі.

Сондай-ақ Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінде мақал-мәтелдік, афоризмдік жолдар, тұтас орамдар жиі ұшырасады. Мұның өзіндік себептері бар, ол ұзақ жылдар мақал-мәтел жинап, құрастырып, аударып, жанынан шығарып, сөз маржанын халыққа ұсынып отырды. Сондықтан мақал-мәтел М.Әлімбаевтің ақындық мәнеріне нәр қосты.

Жалаң алантпен жазатындар да аз емес. Мұзафар Әлімбаев өлеңді біліммен де жазады. Оған ақынның бала психологиясын, таным процесін жете зерттеуі себеп болды. Ақын оқырмандарын ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен хабардар болуды міндеттейді. Мәселен, ақын стюардесса еңбегінің мәнін ашып, мүмкіндігінше оны «Аспандағы әпке» деп баламалапты. «Аспандағы әпке» деп кезекті жинағына атау етіп беруі де жаңа баламаны балалар санасына сіңіре беру ниетінен туындағандай.

Мұзафар Әлімбаевтың бұл кітабында ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарына сүйене отырып жазылған өлеңдері мол. «Аспандағы әпке» кітабы негізінен мектеп жаасына дейінгі балдырған мен бастауыш сынып оқушыларына арналып жазылған. Теориялық еңбектерге табан тірей айтсақ, бұндай жас мөлшердегі бала – зерттеуге көне бермейтін, көркем әдебиетті қабылдауы қиын орман. Халықтық педагогика тәжірибесі мен поэтикалық өнер теориясын ұдайы қадағалайтын, балабақша мен мектеп оқушылары арасында кездесулерде жиі болып, кейіпкерін жігі зерттейтін ақын сондай қиындықты жеңіп, оқырмандарына жап-жақсы шығарма ұсына алады.

Әдебиетте жемісті еңбек етіп келе жатқан көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаев шығармашылығы жөнінде көп ойлардың бәрі бір пікірге сияды. Халқымыздың әрлі де нәрлі кемел сөзі белгілі бір қаламгердің жас мөлшеріне қарай емес, дарын қуатына, таланттың

гүлденуіне орай айтылуға, қолдануға тиісті. Біз бұл ойды қазақтың белгілі ақыны Мұзафар Әлімбаевтың толықша шағына орайлас айтып отырмыз. Мұзафар Әлімбаев – шығармашылық жолда «жас ақын» деген ұғымды өте тез жаңалап, әдеби процеске әу дегеннен белсене араласқан қаламгердің бірі. М.Әлімбаев жүріп өткен ақындық жол, поэтикалық мектептегі ұзыны мен көлденеңінен көз тігіп, жіті сарапқа салсақ, ақынның балалар әдебиеті өкілі ретінде кемеліне кейінгі кезде, атап айтсақ, «Аспандағы әпке» тұсында келгенін қапысыз көрер едік.

«Аспандағы әпке» әрекетіндегі «Балдәурен шіркін балалық» (1973), «Шынықсаң – шымыр боларсың» (1977) кітаптарындағы өлеңдермен салыстырар болсақ та, ойы озық жатқанын, жырының жұмырланып, ұйқасының шымырланып шыққанын көрер едік. Кемелдік-жасқа қарамайтын, шығармашылық мүмкіндікті айқындайтын өлшем. Мұзафар Әлімбаев-қай уақытта да жыр бәйгесінде өзіндік орын алып келе жатқан ақын. Сөйте тұра, балалар ақыны ретінде оның талантының шын гүлдеп, еркін ашылуы-соңғы жылдары. Мұның баршасы, оның ұлғайған жасына қарамай, тынымсыз ізденуінің жемісі болса керек. Ақсақал ақын бүгінде де жемісті еңбектеніп келеді.

Әлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет еекше. Неге десеңіз, балаларға арнап қызықты шығамалар жазу екінің бірінің еншісіне тие бермейді. «Бесік жырынан» басталатын балғындар өлеңінің әйтеуір бір құдіреті бар. Соған қарағанда, ән-өлең бала бойына ана сүтімен бірге таралатын болу керек. Әйтпесе, бөбекті өлеңмен қалай ұйықтатып, өлеңмен қалай оята алады? Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін- өлеңнен артық керемет бола ма? Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осында болса керек. Өйткені, ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы ғой.....

М.Әлімбаев- қазіргі балалар әдебиетінің ата буынына қосылған көрнекті қайраткері, тәлімгері. Ақынға 1984 жылы «Аспандағы әпке» атты балаларға арналған жыр кітабы үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл сыйлықтың бөбектердің сүйікті ақыны-Мұзафарға берілуі әбден орынды. М.Әлімбаев балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ойы- өрісіне сай лайықталған азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әр тақырыптағы жағыннан әр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алған. Өлеңдерін оқып тілі шыққан бүлдіршіндеріміз қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін, қазақ сөзерінің ғажайып нәрін Мұзафар ағамыздан үйреніп келеді [3].

Бүгінде, мынау технология мен ғарыш заманында біздерді таң қалдыру, кітапқа еліктіру оңай шаруа емес сияқты. Солай бола тұра, білмейтініміз көп... ал білетініміз аздау болып жатады... Талғамы биік В.Белинскийдің бір сөзі осы бүгін айтылғандай: "...Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек. Мұның өзі өзінше бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек". Яғни, бала бола білу керек. Ал, М.Әлімбаев ағамыз шығарма жазғанда тіпті балалардың жас ерекшеліктеріне дейін қатты ескереді екен. Сондықтан оның өлеңдері бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жас өспірімдерге арналған болып айқындалып, айрықшаланып тұрады.

Мұзафар Әлімбаевтың "Қарағай неге ұзын, жиыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?", "Көкек неге "көкек" дейді?" "Тауыс неге қызыл-жасыл?", "Қарға неге қара?", "Алатаудың баурайында", "Көк кілем", "Еріншектер елінің Ертенбайы туралы" аңыз-ертегілері кім-кімді де жалықтырмайды деп ойлаймын.

Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арнап жазған кітаптарында тәрбиелік мәні бар өлеңдері көптеп кездеседі. Мысалы, "Суайт сауысқан", "Қырықаяқ", "Әппақ пен сатпақ", "Тарғыл мысық дағдысы" сияқты толып жатқан жырлары бар.

Ақын "Жел деген не?" өлеңінде:

Жел деген не?

(Айт деп інім жалынды).

Жел де ауа кәдімгі

(Айтқаныма нана ғой).

Жел дегенің тек бірақ,
 Ойға –қырға шапқылап,
 Пайыз таппас ауа ғой[4]- деп, жел сияқты тұрақсыз әрі берекетсіз болмау жағын тапқырлықпен айтып, суреттеп берген. Ақын 5 жасында әріпті әліп деп біліп, кітап оқи бастайды. 6-сыныпта ауыл кітапханасының бір қыста 150-ден аса кітабын тауысып, “Бауырсақтан” бастап, “Батырлар жырымен” жалғастырып, Пушкиннің 4 томдығын тауысады. Өлең жазуды мектеп қабырғасында бастап, 16 жасында анасына арнап жазған тұңғыш өлеңі мерзімді баспасөзде жарияланады. Бұл үлкен өнер жолына деген алғашқы баспалдағы еді. Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады депті бір ақылды адам. Әлдебір аңқаулар болмаса, байыпсыз алаңғасарлар болмаса, халық сөзімен айтқанда, “оқу өтіп кеткен” оқымыстысымақтар болмаса ешбір қаламгер көркемдік мақсатқа жете алмайды екен. Ақынның қай өлеңін алып оқысаң да өзіміз куә болып жүрген көріністер арқау болғанын байқаймыз. Аспан кемесінде жұмыс істейтін мамандық иесі туралы «Аспандағы әпке» өлеңіне аттас кітабы әдебиет саласындағы мемлекеттік сыйлықты алған.

Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қорыта айтқанда М. Әлімбаев қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ — олақ», «Шынықсаң — шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал — мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал — сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз — ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын - зерттеу саласында еңбектері жарық көрді.

Әдебиеттер

1. Елшібек Ж. «Ерекше туынды» Жыр шашу: Ақын Мұзафар Әлімбаев туралы // Ұлан.- 1993.-25 мамыр.- Б.8
2. Әлімбаев М. 2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж
3. Сарбалаев Б. Бүлдіршін күнмен бір күлсін: [Балалар ақыны М.Әлімбаев туралы] // Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі.-Алматы: Жазушы, 1992.- Б. 176-188
4. Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар.-Алматы: Жазушы, 1973.-376 б.
5. Садыр Б. Мұзағаң асқан Мұзарттар: [Қазақстанның халық жазушысы, Қаз. Мемл. Сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын М.Әлімбаев туралы] // Егем. Қазақстан.-1998.-7 қараша.- Б.4

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕН МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНЫҢ ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Сағындықова А. Ж.

Орал қаласы, Х. Доспанова атындағы №30 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Aiko_2697@mail.ru

Оқытудағы сабақтастық алдыңғы сатыдағы оқушылардың білім, білік және дағдыларын оқытудың келесі сатысында кеңінен қолдануды және әрі қарай жетілдіру, дамыта түсуді көздейді. Оқытудың осындай тірек нәтижесінен келесі сатыдағы қарастырылатын мәселелер өрбиді. Сабақтастық екі буынға ортақ міндеттерінің үйлесімділігін қалыптастырады. Мектепалды даярлықта алған білім көрсеткішінің өзекті мәселелерін іріктеп, бастауыш сыныпқа келген оқушының оқыту талаптарын әрі қарай жетілдіреді. Осы жағдайдың алдын алу үшін мектеп тәжірибесінде сабақтастықты жүзеге асыру игі нәтижесін беріп келеді.

“Сабақтастық дегеніміз – мектеп жасына дейінгілер мен бастауыш мектептегі пәндерді оқытудың әртүрлі сатысында балалардың білімдерінің арасында қажетті байланыстар мен қатынастар орнату”-деп, Ә.Бидосов өз мәлімдеуінде айтқан болатын.

Жалпы менің ойымша сабақтастық дегеніміз – екі буын арасындағы ортақ міндеттер, ортақ жүйе, білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі.

Сабақтастықтың мақсаты - баланы жүйелі, сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға сәтті өтуін ұйымдастыру.

Сабақтастық жұмысындағы екі жақты ортақ мақсат: мектепке оқуға балаларды табысты дайындаудың жолында олардың интеллектуалдық және жан - жақты дамуын қамтамасыз ететін бірыңғай білім мен тәрбие кеңістігін қалыптастыру. Мектепте сапалы білім алу мектепалды дайындығы бастауыш мектептің сабақтастығымен тығыз байланысты.

Сабақтастық жұмысындағы екі жақты ортақ міндеттер:

- салауатты өмір сүру салтының құндылығына балаларды қатыстыру;
- эмоционалдық аман - саулығын қамтамасыз ету, әр түрлі көркемдік іс - әрекет түріне жағдай жасау;
- талабын, білуге құмарлығын, еркіндігін дамыту;
- айналадағы әлем жайында білімін қалыптастыру;

Мектепалды сынып оқушыларын І сыныпқа қабылдау барысында баланың мектепке психологиялық жағынан дайындығы төмендегі көрсетілген факторлар арқылы білуге болады деп ойлаймын.

- Ерік - жігерінің дайын болуы
- Мотивациялық дайындық
- Интеллектуалдық дайындық
- Физикалық дайындық
- Коммуникативтік дайындық
- Ұсақ саусақ бұлшық ет моторикаларының жетілуі.

Ерік жігерінің толысуы - баланың алдына мақсат қоя білуі. Өзінің әрекетінің нәтижесін бағалай алуы. Үлкендер талап еткен талапты орындай алуы. Баланың ерік жігерінің қалыптасуына бейнелеу өнері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және құрастыру әсер етеді.

Мотивациялық толысу - (баланың оқуға деген ынтасының болуы) яғни баланың – оқушы атануы жайында тілегенің болуы. Мектептің бала үшін білім ордасы екенін түсінуі. Мектеп жайында балаға тек жағымды хабар беру.

Интеллектуалды толысу – бұл назарды топтастыра алу, құбылыстар мен жаңалықтар арасында байланыстар орната білу, логикалық есте сақтаудың дәрежесін көтере білу, өзінің мекен - жайын, тұратын жерінің атауын, қала, ауыл, мемлекетінің атауын, бас қаласын, өзінің ата - анасының аты – жөндерін, қайда, кім болып жұмыс жасайтынын, жыл мезгілдердің ауысуын, ай, апта атауларын, ағаштар мен гүлдер атауларын, үй және жабайы жануарларды

ажырата

білу.

Физикалық даму жағынан дайындық - денсаулығының жарамды болуы. Шыдамдылық, шыныққан бір орынында 35 - 40 минут отыра алуы. Жүйелі білім алуда баланың жұмыс жасай алу қабілеті оның жас ерекшелігінің қажеттілігіне сай физикалық дамуының деңгейі.

Қарым - қатынас дайындығы - баланың өзін - өзі басқара алуы яғни ұжымдық қарым - қатынасқа түсе алуы. Яғни балалармен бірлесіп жұмыс жасай білуге, керек кезде өзінің көзқарасының дұрыстығын қорғай білуі немесе қателігін мойындауы.

Ұсақ саусақ бұлшық ет моторикасының жетілуі - 5 - 6 жасқа қарай бала қарындаш пен қылқаламмен әртүрлі әдіс - тәсілді қолдана еркін сурет сала білуі. Суретте бірнеше заттарды бейнелей алып, тұтас бір мазмұнда сурет сала білу. Суреттерді контур шетіне шығармай бояу. Тор көз, қисық жол, ұзын жол дәптерлерінде бағдарлап жұмыс жасай білу.

Осы жоғарыда айтылған факторлар ескерілсе мектепалды мен бастауыш буын арасындағы сабақтастық сақталғанда баланың мектепке жалпы, арнайы және психологиялық жағынан дайындығы дұрыс қамтамасыз етіледі.

2022-2023 оқу жылында бірінші сыныпты қабылдап алдым. Өткен оқу жылының қаңтар, ақпан, сәуір, мамыр айларында мектеп әкімшілігінің мектепшілік жоспарға сай алдағы оқу жылында бірінші сыныпты қабылдайтын мұғалімдер мен мектепалды тәрбиешілерін алмастыра сабаққа қатыстырып, тәрбиеленушілерді анықтап тану мақсатында жұмыстанған болатынбыз. Жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді (жұмыс жоспарының үлгісі).

	Жүргізілетін іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылыр
	1. Дайындық кезеңі		
	МАД топтардың танымдық қабілеттерін зерттеу	қаңтар	Мектеп психолог, мектепалды сынып тәрбиешілері, 1 сынып қабылдайтын мұғалімдер
	Балалардың әлеуметтік картасын толтыру, әлеуметтік жағдайын зерттеу	қаңтар-мамыр	Мектеп психолог, мектепалды сынып тәрбиешілері, 1 сынып қабылдайтын мұғалімдер
	2. Үйрету кезеңі		
	«Ойын арқылы баланың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту» семинар	сәуір	Мектепалды сынып тәрбиешілері, 1 сынып қабылдайтын мұғалімдер
	МАД оқу бағдарламаларымен танысу, талдау жұмыстары	мамыр	Мектепалды сынып тәрбиешілері, 1 сынып қабылдайтын мұғалімдер
	3. Практикалық кезең		
	Сабақтарға қатысу, ойын түрлерін сабақта қолдану тәсілдері	қаңтар	Мектепалды сынып тәрбиешілері, 1 сынып қабылдайтын мұғалімдер
	«Бағдаршам әлеміне саяхат»	ақпан	Мектеп психолог, мектепалды сынып тәрбиешілері, 1 сынып қабылдайтын мұғалімдер
	«Сіз мектепке дайынсыз ба?» (МАД) бірлескен ата-аналар жиналысы	мамыр	Бастауыш сынып бойынша директор орынбасары, мектепалды сынып тәрбиешілері, 1 сынып қабылдайтын мұғалімдер
	4. Қорытынды кезең		
	Балалардың психологиялық картасын толтыру. Біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін	мамыр	Мектеп психолог, мектепалды сынып тәрбиешілері

қорытынды бақылау диагностикасы		
------------------------------------	--	--

Осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында психологиялық ерекшеліктері, бағдарлама көлемінде берілген білім, дағдының орындалуы, дайындық дәрежесі болашақ І сынып оқытатын мұғалімге өте тиімді болды. Осылайша сынып мұғалімдері бір – бірімен жүйелі байланыс жасап, оқушы білімінің, шеберлігінің, дағдыларының деңгейлерін нақты анықтап, оқыту талаптарына қаншалықты сәйкестігін біледі. Сонда әр сынып көлемінде қандай кемшілік кетіп отырғаны, қандай мәселелерге көбірек көңіл аудару керектігі белгілі болады. Қазіргі оқу тәжірибесінде мектепалды және бастауыш мектеп оқуындағы сабақтастықты жүзеге асыруда жүргізіліп жатқан жұмыстар одан әрі де жалғасын табуда.

Әдебиеттер

1. «Педагогика» Ш. Құрманалина, Ә. Ғалымова. – Астана: Фолиант, 2016.
2. «Жүрекпен тәрбиеле» Дж. М. Торо Алес. Аударма – 2011.
3. Әдістемелік нұсқаулық хат. 2022-2023 оқу жылы

3 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

«SECOND LIFE» ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ – ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛЫ

Байбориева Б.К

Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжінің
арнайы пән оқытушысы
honeynur@mail.ru

Білім беру мен ақпараттық технологияның жаңа тенденциялары оқудың жаңа баламаларын ашты. Қазіргі кезде виртуалды әлемді (VW) пайдалану оқыту процесінде маңызды әдіс болды. Технология мен виртуалды әлемдегі соңғы жетістіктер оқыту процесінің тиімділігін арттыру мен жеңілдетуде маңызды рөл атқарды. Дикки (2005) VW-ді көптеген пайдаланушыларға дауыстық сөйлесу немесе мәтіндік сөйлесу арқылы бір-бірімен қозғалуға және өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін компьютерлік онлайн-имитациялық орта ретінде анықтады. Дункан, Миллер және Цзян (2012) VW пайдаланушыларға үйренуге, ойнауға немесе олармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін кез келген онлайн виртуалды ортаны қамтитынын атап өтті. Білім берудің басты мәселесі - оқыту нәтижесін арттыру керек екендігі бәрімізге мәлім. Қазіргі уақытта VW-ді пайдалану білім берудегі құнды құрал ретінде қарастырылуда. VW білім алушыларға құнды тілдік контексттерге ену үшін маңызды мүмкіндіктер ұсынады. VW – бұл қолданушыларға жоғары интерактивті және иммерсиялық әсерді қамтамасыз ететін виртуалды ортадағы 3D- компьютерлік бағдарлама. Қазіргі таңда көп назар аударыла бастаған жаңа VW-тің бірі - бұл *Second life* платформасы.

Әр мұғалімнің басты міндеті - оқыту барысында АКТ-ны қолдану арқылы студенттердің тілге деген біліктілігі мен біліктілігін арттыру және жетілдіру.[1]

Көптеген адамдардың тұжырымдауы бойынша *Second life* (SL) платформасы бұл ойын; көптеген адамдар оны әлеуметтік желі платформасы деп атайды. *Second Life* (SL) қазіргі уақытта әлеуметтік виртуалды әлемнің ең танымал және кең қолданылатын үлгісі болып табылады. Ол Сан-Франциско Линден зертханасында жасалып, 2003 жылы тарала бастады. *Second Life* интерактивті синхронды 3D виртуалды әлем ретінде анықталады (сонымен қатар көп қолданушылар виртуалды ортасы *Multi-Users Virtual Environment* немесе *MUVE* деп аталынады). *Second Life* толығымен негізі қаланған онлайн- қоғам ретінде дамыды. Адамдар *Second life* платформасына әртүрлі мақсаттармен кіреді, басқа адамдармен кездесу, білім беру, жұмыс істеу, білім алу.[2]

Second life – оқыту үшін қолданылған ең көп таралған қолданушысы көп виртуалды платформа. Линден зертханасы 2003 жылы «Кампус: *Second life*» шығарғаннан бастап, көптеген білім беру мекемелері мен университеттер студенттерін Гарвард, Принстон, Дрексель, Бол Штат, Стэнфорд, Огайо және Боулинг-Грин Стэйт сияқты тілдік дағдыларын дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік беру үшін *Second Life*-да өздерінің виртуалды орталарын құрды. (Schiller, 2009; Hismanoglu, 2012).

Second life платформасына келесі анықтамалар мен түсіндірмелер берілді:

1. Ғалымдар виртуалды әлем синхронды байланыс пен әлеуметтік өзара әрекеттесуді ойдағыдай қолдай алады және сондықтан қатысушыларды білім алуға ынталандырады деп мойындайды (Бараб, Томас, Додж, Карто және Тузун, 2005; Де Люсия, Фрэнсис, Пассеро және Тортора, 2009).

2. Оқу платформалары ретінде *MUVE* кем дегенде төрт ерекшелікке ие: 1) үш өлшемді иллюстрация кеңістігі, (2) пайдаланушыны көрнекі түрде бейнелейтін аватар, (3) мәтін, аудио және коммуникациялар үшін интерактивті құралдар, символдық форматтар (Dickey, 2005a, 2005b, 2011) және (4) «пайдаланушының әлемдік» деңгейде әрекет ету

қабілеті.

Әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жасалған бұл MUVE-лар арасында Second Life - бұл ең танымал, академиялық, әлеуметтік және іскери мақсаттар үшін үлкен маңызға ие. Көптеген колледждер мен университеттер виртуалды сабақтар, пікірталастар, презентациялар, экскурсиялар және қонақтарға арналған дәрістер ұсына отырып, екінші өмірге қатысуға мүмкіндік алды.[4]

Оқу платформасы ретінде Second Life визуалды және иммерсивті компоненттерді, мәтіндік, символдық және аудио форматтардағы синхронды өзара әрекеттерді және әлеуметтік оқыту мен топтық өзара әрекеттесудің қызықты ортасын ұсынады.

Сонымен қатар, Second Life иммерсивті және интерактивті ортаға байланысты білім алушылардың үлгерімі мен белсендігін арттыру мақсатында оқуды қызықты әрі тартымды ету үшін пайдалануға болады. Second Life платформасы - бұл білім алушылар үшін өте құнды құрал, өйткені оларға бүкіл әлемде адамдармен тілдік тәжірибе жасауға маңызды мүмкіндік береді.

Second Life платформасына қалай кіруге болады?

Алдымен студент пен оқытушы платформаны жүктеп алып, содан кейін www.secondlife.com ресми сайтына кіріп тіркелу керек. SL өнертабысының негізі пайдаланушыларды немесе «резиденттерді» өз өкілдері - аватарлар арқылы құру болып табылады. Аватарлар, нақты әлемдегі сияқты, өз жерлерін сатып алудан, үй салудан, жылжымайтын мүлікті жалға алудан, жұмыс істеуден, би билуден, университетте оқудан, үйленуден және басқа да әр түрлі жағдайларда кез-келген басқа әрекеттерді жасай алады.

Оқыту үдерісіндегі Second Life платформасы

Second Life SL ішінде болатын әрекеттерді жазу мүмкіндігі бар. Нәтижесінде білім алушылар немесе пайдаланушылар SL-да (Wang, Song, Xia, & Yan (2009) жазылған өздерінің бейнеклиптерін көру арқылы өздерінің жеке өнімділіктерін және басқалармен қарым-қатынасын бағалауға және бейнелеуге мүмкіндік алады. Бұл білім берудегі барлық мүдделі тараптарға (әсіресе мұғалімдерге, оқытушыларға және зерттеушілерге) оқушылардың тілдік және әлеуметтік қарым-қатынас тұрғысынан оқушылардың білім деңгейлерін жақсартуды бейнелеуге және тұжырымдауға мүмкіндік береді, осылайша, Second Life платформасындағы қоршаған орта нақты өмірге еліктейді. Аватарлар жоғарыда айтылғандардан бөлек, басқа да қолданушылармен дәстүрлі мәтіндік сөйлесу немесе дауыстық чатты пайдалану арқылы сөйлесе алады.[5]

Мұғалімдердің Second Life платформасына көзқарасы мен берер бағасы.

Second Life мұғалімдерге болып жатқан оқиғаларды қоршаған ортаға көрсетуге мүмкіндік береді. SL-де жазылған бейнежазбаларды көргеннен кейін мұғалімдер олардың артықшылықтарын және басқа адамдармен қарым-қатынасын бағалай алады. Басқа әріптестер өткізілген сабақты мұғалім қолданған әдістеме тұрғысынан сынай алады. Олар өз әріптесіне ұсынылған сабақтың жақсы жағы мен олқылықтары туралы кері байланыс бере алады. Олар әріптестеріне сол сабақты өткізудің жақсы тәсілдері туралы пайдалы кеңестер бере алады. Дәл осы процесті студенттермен де жасауға болады. Студенттер қоршаған ортада болып жатқан оқиғаларды немесе бүкіл сабақты жаза алады, сонымен қатар SL-де жазылған бейнеклиптерді көру арқылы өздерін сынай алады.

SL-де байланыс екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін: синхронды немесе синхронды емес және дауыстық сөйлесулер болатын мәтіндік чат. Қарым-қатынас жеке немесе топтық форматта ұйымдастырылуы мүмкін. Қолданушылар нақты уақыт режимінде бір-бірімен ауызша қарым-қатынас жасай алады, бұл мәтіндік өзара әрекеттесудің тағы бір шынайы қабатын қамтамасыз етеді. Аватарлар мәтіндік хабарламалар мен аудио сөйлесулерден басқа қарапайым ауызша емес қимылдар (мысалы, қол бұлғау, бас бармақ) арқылы да өзара әрекеттесе алады.

Оқу мақсаттарына сүйене отырып, SL сыныптары әр түрлі оқу мәнерлері бар оқушылардың қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру үшін жақсы жобаланған графика және түрлі-түсті нысандар арқылы оқыту тақырыптары көрсетілетін оқу контекстін

көрсететін етіп жасалуы мүмкін. Мұғалімдер мен оқушылардың виртуалды аватарлық қатысуы сыныпта болудың шынайы сезімін тудырады. SL оқушылармен қарым-қатынас жасау үшін жақсы, тартымды және контекстке сәйкес платформа ұсына алады деп айтуға болады.

Warburton (2009) және Hismanoglu (2012) Second Life платформасының оқытудағы артықшылықтарды атап өтті. Оларға мыналар жатады:

Студенттердің өзара әрекеттестігі: Second Life адамдар мен олардың қауымдастықтары арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесуді, адам мен объектінің қарым-қатынасын және артефактілер арасындағы интеллектуалды өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Контекстуалдау және көрнекілік: бұл білім алушылар мен пайдаланушыларға ойнау мүмкіндіктерін, сондай-ақ нақты әлемде жүзеге асырылуы және қайталануы мүмкін емес өндіріс және көбейту мазмұнын ұсынады.

Бұл білім алушыларға басқа мәдениеттерді тануға және білуге мүмкіндік береді.

Бұл 3D виртуалды әлемге енуге мүмкіндік береді, мұнда оқушылар аватарлар арқылы өздерінің қатысуын жақсы көрсетеді.

Симуляция: Бұл контекстті көбейтуді қамтамасыз етеді, кейде нақты өмірде жасау қиын.

Дәстүрлі сыныпта жиі қолданылатын әртүрлі нұсқаулық тактикасы SL-де бар. Көрнекі түрде оқу әрекеттері, анимациялар, аудио немесе бейне клиптер, PowerPoint презентациясының қажеттіліктеріне негізделген, кез келген ақпаратты, сөздерді немесе сөз тіркестерін қамтитын нота карталары виртуалды сыныптан тыс жобалануы мүмкін және оларды SL-ге оңай жүктеуге болады. Бұл материалдарды SL кез-келген объектімен байланыстыруға болады және қарапайым тышқанды басу арқылы қалпына келтіруге болады.

Сонымен қатар, Second Life иммерсивті және интерактивті ортаға байланысты білім алушылардың үлгерімі мен белсендігін арттыру мақсатында оқуды қызықты әрі тартымды ету үшін пайдалануға болады. Second Life платформасы - бұл білім алушылар үшін өте құнды құрал, өйткені оларға бүкіл әлемде адамдармен тілдік тәжірибе жасауға маңызды мүмкіндік береді.[3]

Әдебиеттер

1. А.Б. Олива «Искусство на исходе второго тысячелетия» М., 2003.
2. О. Шишко «Всевидение» // стр 48-53
3. Шутикова М.И., Бешенков С.А., Рыжова Н.И. Формирование содержания курса информатики в контексте обеспечения информационной безопасности личности// Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Информатизация образования. 2019. Т. 16. № 2
4. Chiang, T. H., Yang, S. J., Huang, C. S., & Liou, H. H. (2014). Student motivation and achievement in learning English as a second language using Second Life. *Knowledge Management & E-Learning: An International Journal (KM&EL)*, 6(1), 1–17.
5. Cooke-Plagwitz, J. (2008). New directions in CALL: An objective introduction to Second Life. *CALICO Journal*, 25(3), 547–557.

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Бәкір Н.Б

Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Егіндібұлақ ауылы, Егіндібұлақ «мектеп-бөбекжай- балабақша» кешені КММ

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалды қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып-үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту.

1. Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп.

2. Ойын технологиясы. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

3. Проблемалы оқыту технологиясы. Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды [1].

4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

- ассоциация;
- бірлестік қызмет;
- көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау. Бұл технология бойынша:
- оқу үрдісінде қызығушылық артады;
- оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады;
- оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

5. Деңгейлік саралау технологиясы. Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

6. Жекелеп оқыту технологиясы. Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады.

- мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;

- оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

7. Топтық технология. Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді [2].

8. Кезеңдеп оқыту технологиясы

1. Мәдени кезек сөз – оқу процесінің екі негізгі бөлігі арасында кезексөз түрінде құрылады.

Оқу-негізгі «таңдану нүктесі» айналасына орналасқан ішкі кезексөзге негізделіп құрылады.

2. Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ) Әдістемелік құрылымның түзгіші негізіне мұғалім мен оқушы қызметін байланыстырушы ретінде математикалық жаттығу ұғымы алынған, әрі тұра, кері ұғымдары мен қағидалары бір кезде оқытылады.

ДБІ технологиясының ашушы түзгіші – жаттығу – үш сабақтардың бірінде қаралады:

- қазіргі тапсырма;- кімге арналғандығы;

- жинақтау. Технология мазмұнының басты ерекшелігі пән оқу материалдарының дәстүрлі дидактикалық құрылымын қайта құру.

3. Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақ меңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

9. Жеке пәндік педагогикалық технология.

1. Ерте және ыждағатты сауаттылыққа оқыту технологиясы. Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қуатын жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген.

2. Әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Мақсаттық бағыттары:

- қалыпты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;
- ойлау қызметіне математикалық тәсілдерді меңгеру;
- қабілетті балаларды дамыту; [3]

10. Өзіндік дамыту технологиясы (М.Монтессори) Мақсаттық бағыты:

- жан-жақты дамыту;
- жекелікті тәрбиелеу;
- бала санасында ойлау қызметі мен пәндер түзгіштерін біріктіру.

Басты мақсаты – оқыту дағдысы: қолдағы ұсақ моторлар, есті дамыту.

11. Дамыта оқыту технологиялары.

1.Л.В.Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы танымдық қызығушылық. Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда, пайдалану, сол сияқты есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі.

2. Д.Элькони – В.Давыдовтардың дамыта оқыту технологиясы. Элькони – Давыдов техноло-гияларындағы дамыта оқыту ең алдымен оның мазмұны, теориялық білімге негізделе отырақұрылған. Білімнің теориялық негізі терең түрдегі жинақтаудан тұрады. Дәстүрлі технологиялардан өзгешелігі дамыта оқыту оқу қызметін басқаша бағалайды. Оқушының орындаған жұмыстары мен сапасы оқушыға білімнің жетімділігі мен қабілетінің жететіндігін мұғалімнің көзқарасы бойынша бағаланбай, оқушының өз мүмкіндігі тұрғысынан қаралады.

3. Жеке бас шығармашылығын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі. Іздену, ойлап табу қызметтері процестері оқытудың негізгі мазмұны болады. Дамыту мазмұны жақыннан орташаға, сонан кейін қашықтағы мақсаттық келешекке көшуден тұрады.

Бұл технологияда ұжымдық жұмыс әдісі кеңінен қолданылады; ойға шабуыл, ұйымдастыру – қызмет ойыны, еркін шығармашылық пікірталасы [4].

12. Модульдік оқыту технологиясы. Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұғымның нақтылатын, біршама дербес бөлігі.

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқушы оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты [5].

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;

Жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;

Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;

Қай заманда, қандай реформа болсын мектептің басты тұлғасы – мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Рухани байлық, ең алдымен, әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы шыққан түп-тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзат өз ұрпағын тәрбиелеуге қолданып келеді.

Саңқылдап айтқан үнінді оқушылар салғырт тыңдап, бей-жайлық танытқанда, ішкі дүниенің түгел қаусап қалғандай күй кешесің. Осындай сабақтың пайдасы бар ма? Немесе материалдың қызықты жеріне өзі көбірек мән болған ұстаздың әрекетінен не ұтасың? Оқушының дара тұлға ретінде жан-жақты дамуына осы сабақта жағдай бар ма? Міне, арманға жетер жол даңғыл емес, тынымсыз іс қажет. Алдымен оқушы қызығушылығын ояту керек, олай болса зерттейтін субъект – оқушы. Оның бойындағы қасиеттерді ескере отырып, сезімін, ынтасын оятар іс-әрекетті жоспарлап көр, әрі қарай оқушының таным белсенділігін арттыруды мақсат ет. Танымдық белсенділікті қалыптастыру көрсеткіштеріне интеллектуалдық, эмоцияналдық, жігерлілік іс-әрекетке оқушылардың белсене қатысуы жатады. Осындай нәтижеге жету үшін сабақ мазмұнының түрлерін, оқытудың амал-тәсілдерін түгелдей өзгерту қажет, қазір жалпылама баяндау, сұрақ-жауап, лекция тәрізді сабақ әдістері өз нәтижесін бере алмайды. Сондықтан сабақ процесінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілі, деңгейлеп-саралап оқыту педагогикалық технологиясын таңдап алдым. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.

Әдебиеттер

1. «Биология және салауатты өмір» 2003ж. №5 «Инновациялық технология биология сабағында» 37-39б.

2. «Биология қазақстан мектебінде» № 2 (32) — 2010 «Биологиядан сабақ беру түрлері» 18-20 б.

3. Интернет желісі: 45minut.kz сайты

4. Интернет желісі: www.topreferat.kz/load/diplom/biologija/67 сайты

5. Қазақстан мектебі. 2010ж. № 3 «Мектептердегі жаңашыл сабақ түрлері» 26-29б.

STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛДАНУ

Арыстанғалиева В.Т.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің аға-оқытушысы
Arystangalieva86@bk.ru

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция қарқынды жүріп жатыр. Ақпарат ағыны, жоғары технологиялық инновациялар біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеруде.

Қазіргі таңда білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылық қабілетін дамыту – бүгінгі заман талабы екені бәрімізге аян, яғни білім беру жүйесінің ең басты міндеті-жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу болып табылады. Осы орайда елімізде білім беру саласында көптеген өзгерістер енгізіліп, сапалы біліммен қамтамасыз ету және білім беру жүйесін дамыту басты назардағы мәселе екені анық. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып, көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп, саралап оқытуды ұйымдастыру – білім берудегі өзекті мәселе.

Әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің бірі – STEAM білім беру, төрт академиялық облысты (жаратылыстану, технология, инженерия және математика) біріктірген. Кейін келе, STEAM болып, аббревиатурасының белгілері: S - sciences, T – technology, E – engineering, A - art, M - mathematics. Ағылшын тілінен аударғанда – жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерлік өнер, шығармашылық, математика. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі әлемде ең көп сұранысқа ие пәндер. Бұл технология балалардың ой-өрісін, өнертапқыштық міндеттерді шеше, құрастыра білуін кеңейтеді, сыни ойлауын дамытады. Жалпы, STEAM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. STEAM технологиясы арқылы білім беру теориядан қарағанда, тәжірибе басымырақ болып келеді.

«STEM» аббревиатурасын алғаш рет америкалық бактериолог Р.Колвэлл 1990 жылдары ұсынды, бірақ ол тек 2000 жылдарда әйгілі бола бастады. STEM негізінде бұл терминнің жаңа нұсқалары пайда бола бастады, солардың ішінде ең кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды.

«Естігенімді - ұмытамын, көргенімді- есте сақтаймын, өз істегенімді- меңгеремін» деп тұжырымдаған Конфуций. Яғни, балаға түсіндіріп, көрсеткеннен гөрі, өзіне тәжірибе жүзінде іске асыруына жағдай жасау керек. Дәлірек айтсақ, жоғары техникалық жабдықтар әлеміне бағдарлай алатын және жаңа техникалық формаларды өз бетінше жасай алатын шығармашылық ойлау қабілеті бар жеке тұлға тәрбиелеу керек.

STEAM жүйесі бүкіл әлемді жаулап келе жатқан инновация болып табылады. Келешекте барлық білім беру салалары осы жүйемен жұмыс жасауы әбден мүмкін. Өйткені, оқыту барысында теориялық біліммен ғана шектелмей, меңгерген теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра отырып жобаларды жасау және модернизациялау барысында қолдану және бекіту әлдеқайда тиімді болып келеді. Жаратылыстану ғылым бөлімінде бала өз бетімен ғылыми тәжірибе жасап, көптеген сұрақтарға жауап тауып қана қоймай, танымдық ойлау процесін дамытады. Балалар ғылыми, сыни ойлау қабілеттері ашылады

STEAM-білім-бұл оқу мен мансапты байланыстыратын көпір. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық дамыған әлемге дайындайды. Болашақ мамандарға жаратылыстану ғылымдарының, инженерияның, технологияның және математиканың әртүрлі білім беру салаларынан жанжақты дайындық пен білім қажет. Сондықтан STEAM-білім беру немесе NTSM (жастардың ғылымтехникалық шығармашылығы) жоғары технологиялық өндірісті дамытатын елдерде басымдыққа ие болады [1].

STEAM оқытудың интеграцияланған тәсілін білдіреді, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар нақты өмір контексінде зерделенеді. Бұл тәсілдің

мақсаты-әлемдік экономикада STEM-сауаттылық пен бәсекеге қабілеттіліктің дамуына ықпал ететін мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында тұрақты байланыс орнату (Tsipros, 2009).

STEAM тәсілі – бұл оқыту әдісі ғана емес, ол ойлау тәсілі. STEM білім беру ортасында балалар тек білім алып қоймай, оны қолдануды үйренеді. Сондықтан, олар өсіп, өмірде проблемалармен бетпе-бет келгенде, мысалы үшін қоршаған ортаның ластануы немесе климаттың ғаламдық өзгеруі болсын, олар мұндай күрделі мәселелерді әр түрлі бағыттағы білімге сүйеніп, бірлесіп жұмыс жасау арқылы ғана шешуге болатындығын түсінеді. Бұл жерде тек бір ғана пәннің біліміне сүйену жеткіліксіз. STEAM оқу мен білімге басқаша қарауға үйретеді. Тәжірибелік дағдылардыбасты назарға ала отырып, оқушылар өздерінің ерік күштерін, шығармашылық қабілеттерін, икемділіктерін дамытады және басқалармен ынтымақтастықта жұмыс жасауды үйренеді. Пәндерді тек біліп қана қоймай, алынған білімді нақты дағдылармен үйлестіру, ойлау және құру үшін STEAM –бұл негізгі тәсіл болып саналады. STEAM тәсілінің ең танымал мысалы-Массачусетс технологиялық институты (MIT). Бұл әлемдік университеттің ұраны-«Mens et Manus» («Ақыл мен қол») Массачусетс технологиялық институты STEAM курстарын әзірледі, тіпті кейбір оқу орындарында STEAM оқу орталықтарын құрды. балаларға STEAM тұжырымдамасын алдын-ала білуге және танысуға мүмкіндік беру. [2]

STEAM білім берудің артықшылықтары:

- Пән бойынша емес, тақырып бойынша интеграцияланған оқыту.
- Нақты өмірдегі қолданбалы ғылыми-техникалық білім.
- Сыни тұрғыдан ойлау және есептер шығару дағдыларын дамыту.
- Өз күштеріне деген сенімділік қалыптасты.
- Белсенді қарым-қатынас және ұжымдық жұмыс.
- Техникалық пәндерге деген қызығушылық дамыды.
- Жобаларға шығармашылық және инновациялық тәсілдер.
- Әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың іс-әрекеті арқылы техникалық шығармашылыққа деген уәжді дамыту.
- Ерте кезеңнен кәсіптік бағдар беру.
- Балаларды өмірдің технологиялық жаңалықтарына дайындау.

STEAM әдістемесінде міндеттерді шешудің шығармашылық, бейстандартты тәсілі басымдыққа ие. STEAM міндетті компоненті – алған білімін нақты әлемде практикалық қолдануды іздеу.

Бүкіл әлем бойынша STEAM-жаратылыстану-ғылыми циклінің пәндеріне: технологияға, инженерияға, тұлғаның көркемдік дамуы мен математикаға мектепке дейінгі тәрбие және оқыту кезеңінде баса назар аударады. Бұл мектепке дейінгі білімнің адамның жалпы дамуындағы бірегей әрі құнды кезең екендігіне байланысты. Дәл осы кезеңде баланың қарқынды дамуы орын алады: танымдық, тілдік, физикалық, көркемдік-эстетикалық және әлеуметтік-коммуникативтік; ойлаудың, жадының, зейіннің және қиялдың психикалық қызметтері дамиды; танымдық әрекеттері қалыптасады; қызығушылықтары, білуге құмарлығы және танымдық ынтасы дамиды.

Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйым жағдайында барлық жас тобындағы балалардың құрылымдық қызметін дамыту бойынша жұмыс жүйесін енгізу керек: әдістемелік тексерілген, жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асырылатын, үлгі, жағдай, модель, ойлауы, сызбалар мен схемалар бойынша құрылымдауды қамтитын, құрылыс материалын, түрлі материалдардан жасалған көлемді әрі жалпақ материалдарды, соның ішінде LEGO, ТИКО, жұмсақ модульдерді қолдану арқылы қарқынды құрылымдау.

STEAM-оқытуда баланың топтық,жұптық жобалармен жұмыс істеуі маңызды. Біздің балаларымыз ертеңгі өмірге қабілетті болсын десек, бүгін оларға STEM-кеңістігінде жұмыс жасауға жағдай жасауымыз керек. Білім беруді жаңартудағы негізгі буын ол-мектепке дейінгі білім беру ұйымдары.Қазіргі таңда балалар ғылыми-техникалық білімдерін шынайы өмірде пайдаланып, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта алады.Командалық жұмыс

дағдылары, өзін таныту мен креативті ойлау бүгінгідей қарқынды дамып жатқан әлемде балалардың келешекте барынша бәсекеге қабілетті болуына ықпал етпек. STEAM бағыты баланың алған теориялық білімін іс жүзінде тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытады. Аталған технология элементтерін балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін, әр сатыдағы балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Сондықтан да STEAM оқытуда баланың белсенділігі, зияткерлігі, парасаттылығы анықталады. Олардың жеке қасиеттерін ашу арқылы танымдық күші қалыптасып, шағармашылық қабілеттері дамиды. Бала өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, бірте-бірте педагогтың түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеті ұшталады. Оның ішінде ерекше бір жағдай: топта көп сөйлемейтін, тұйық балалардың да қызығушылығы туып, олардың өз мүмкіндіктеріне сай ойынға немесе оқу қызметіне қатысуға тырысуы байқалады.

Қорытындылай келе, STEAM - тәсіл балаларға әлемді жүйелі түрде тануға, айналасындағы оқиғалардың логикасын білуге, олардың қарым-қатынасын ашуға және түсінуге, жаңа, ерекше және өте қызықты жаңалықтарды табуға мүмкіндік береді деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Волосовец Т.В., Маркова В.А., Аверин С.А., STEM –образование для детей дошкольного и младшего школьного возраста/ - учебно – методическое пособие. –М.:2017. - 111с.
2. Оберемок С. М. Методов проектов в дошкольном образовании. / – Новосибирск, 2005.
3. Г.Ахметов, А.Мурзалинова «Преимущества и перспективы STEM – образования» \\ «Білімді ел-Образованная страна» №41, 7 ноября 2017 г.
4. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \\ «Білімді ел - Образованная страна» №20, 25 октября 2016 г.

ЗАМАНАУИ ОҚУ ҮДЕРІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ - САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Ахметова Ә.А.

БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының №3 жалпы орта білім беретін мектебі
asemgul_98kz@mail.ru

Қазіргі таңда елімізде жаңартылған білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Болашақ маман – бүгінгі білімгер педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды іс жүзінде қолдануы тиіс. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға білім алушының білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойғаны анық.

Қазіргі күнде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына да байланысты болса керек. Қоғамның өз біліммен толыққанды сусындаған тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер еліміздің білім беру жүйесін қайта құру қажет екенін көрсетеді. Білім беру саласына өзгеріс

енгізу - болашақ ұрпағымыздың терең де жан-жақты білім алып, өмір көшінен қалмауы болып саналады.

Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы білім мазмұнын жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңін жетік білетін, сырын меңгерген адамдарды дайындайтын ұстаз. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін мұғалім өзі оқытатын пәндердің ғылыми әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қолы жетеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - маман даярлауда «Өмірлік білімнен өмір бойы білім алу» қағидасына лайықты болуға тиіс. Әр ұстаз – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек. Тәуелсіз егеменді еліміздің әлемдік өркениетке жетудегі сара да дара жолы – оның білім жүйесі. Бүкіл әлемдегі елдермен терезесі тең, керегесі кең болу үшін артымыздан ерген келешек ұрпағымыз білімді болу керек. Білімнің сапалы берілуі – ұстаздың біліміне, тәжірибесіне, ізденісіне, оқытудағы жаңа технологияларды сабақ барысында мол шеберлікпен, шығармашылықпен жеткізуіне байланысты болып тұр.

Оқыту ісіндегі жаңа тәсілдермен сабақ берудің мақсаты - пәнді жан-жақты түсіну қабілетін дамыту болып саналады. Сонымен бірге білімдерін кез-келген ортада қолдана алуы, іске жаратуы деп ойлаймын.

Сабақтың оқыту әдістерін үнемі түрлендіріп отыру қажет. Оқыту ісінде алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану, олардың ең тиімділерін сұрыптап қолдану. Мұғалім мен білім алушының арасында жылы қарым-қатынас болуы шарт. Білім алушының қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, жеке тұлғаның барлық дағдыларын дамытып, оның толық ашылуына мүмкіндік жасау. Еліміздің білім беру жүйесінде сындарлы оқыту теориясын қолдану білімді де саналы, тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықтарды бойына сіңірген жастар өсіп шығатыны анық.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір суру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзі қоғамдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны ендіру сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикасы күшті дамыған елдердің көрсетіп отырған білім деңгейлерінен көруге болады. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын толық игеру міндеті тұр. Тұтас алғанда әлемдік технологиялық даму деңгейіне сәйкес өзіміздің жаңа экономикамызға қажетті білімнің баршаға ортақ базасын ұдайы жаңартып отыру үшін ілгері талаптар қойып, тиісті инфрақұрылым қалыптастыру керек.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны – ұстаздың білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол – жаңа техника-технологияны жақсы меңгерген жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Ол үшін білім беру саласында қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктер мен жаңа идеяларды және инновациялық технологияларды тиімді пайдалану қажет, мұның бірі – компьютерді қолдану.

Қоғамда болып жатқан түбегейлі қайта құрулар (өзгерістер), қазіргі заманда адамдардың ынта-ықыласын және шығармашылық әрекетін ескеріп, білімге және өмірге жаңа тұрғыдан қарауды талап етіп отыр. Қазіргі кезде адамның жаңа жағдайды бағдарлауы, түсінуі және оны өзгертуге атсалысуы басты мәселе болып отыр.

Осыған байланысты оқытудағы инновация көкейкесті мәселе болып отыр. Оқытудағы инновация қазір жаһандану үрдісімен элеуметтік болмыс формалары және білімді кіріктірумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда теория мен практикада байқалып отырған қарама-қайшылықтарды шешіп, талдаудың қажеттілігі баршамызға мәлім, бір жағынан бүтін оқу-тәрбие үрдісі болса, екінші жағынан сол үрдістің тиімділігін арттыруда инновациялық технологияны пайдаланудың қажеттілігінен туындап отыр. Сонымен, жаңару белгілі бір

уақытта пайда болып, сол кезеңнің келелі міндеттерін озық шешіп нормаға практикаға айналады немесе ескіріп бірте-бірте дамуға кедергі жасауы да мүмкін.

Педагогикалық жаңалықтарды ашу, меңгеру, қолдану жөніндегі білім жүйесі әдіснамалық зерттеулердің инновациялық-педагогикалық жаңа объектісі болып табылады.

Инновациялық үрдіс қазіргі білім мен практиканың жалпы даму тенденциясына бағынады. Жүйелі пәнаралық байланыс, кешенді білімге сүйеніп, ізгілікке бет бұру теория мен практиканың қазіргі даму жолына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі инновациялық үрдісте белсенділік, ынта, ізденушілік мәселелері педагогтарды қызықтырып, оқытушы – зерттеуші – практик ретінде көріне бастады. Мұның өзі іргелі теориялық зерттеулерде эксперименттік – практикалық жұмыстарды жүргізуге мәжбүр етеді.

Жаңа технологиялардың пайда болуы және оларды іске асыру әрекеті оған тән құралдар мен механизмдерді өзгертіп қана қою емес, құндылықтар бағытын, білім, білік, дағдыларды қайта құрумен сипатталады.

Мұғалімді әдістемелік дайындаудың функционалдық бағытының бірі кәсіби бағыттылығы, ал екіншісі әдістемелік дайындықтың білім беруге бағыттылығы, бұл оқылтын пәннің мазмұнын игеруді қамтиды, нәтижесінде болашақ мұғалімнің тұлғалық сапасында өзгерістер жүреді. Сонымен, болашақ мұғалімді әдістемелік дайындаудың жүйесінде білім беру мен кәсіби дайындау мақсаттары тең дәрежеде іске асырылуы қажет, олар өз кезегінде өзара бір-бірін толықтыруға және байытуға міндетті.

Бұл жаңаша оқыту технологиясында барлық стратегиялар үш саты бойынша қолданылады.

I-саты — баланың қызығушылығын ояту — ой шақыру, бұл әрбір сабақта қажет. Сатының мүмкіндіктері: қаралып отырған тақырып немесе проблема бойынша оқушының бар білім қорын қорыту, өзектендіру, оқып отырған тақырыпқа тұрақты қызығушылық тудыра отырып, оқушының оқу іс-әрекетін мотивациялау, сабақ үстінде оқушының белсенділігін ояту.

II-саты — мағынаны ажырата білу. Бұл жердегі міндеттер мүлде бөлек. Саты оқушыға жаңа ақпарат алуға, оны ой елегінен өткізуге, өзінде бар білімдерін біріктіруге мүмкіндік береді, мәтінді жан-жақты және әр тұрғыдан талдау жұмысы жүреді.

III-саты — ой толғаныс-рефлексия. Мұнда, негізінен, алынған ақпаратты қорыту, жалпы ой елегінен өткізу; оқушыға жаңа ақпарат, жаңа білім беру, оқып отырған материалға әрбір оқушының өзіндік қатынасын қалыптастыру т.б. мән беріледі.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының тағы бір маңыздылығы, жүйенің кейбір ерекшеліктерінде, «тек қана есте сақтауымен емес, өзінің терең ойлануымен игеріп алған білім ғана білім» — деп, әйгілі орыс жазушысы Толстой айтқандай, бұл жүйенің бір ерекшелігі, кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы.

Екінші бір ерекшелігі, білім көбіне, «өзгенің ақыл-ойымен шындалмаған білім білім емес» деп француз ғалымдары айтқандай, жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілеті

Дамыта оқыту жүйесі сияқты, «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының тиімділігі негізгі қағидалары мен мақсат-міндеттері дамыта-тәрбиелей отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігінде. Оқу мотивациялары мүлде өзгерді. Бұрын сәтсіздіктен қашып, оқуға талаптанбайтын, білімнің қажетін ескермейтін, құнды ақпараттарды енжар қабылдайтын оқушылар, әсіресе үлгерімі орташа деңгейдегі балалар адам танымастай өзгерді. Ал озат және оқу екіпінділерінің көпшілігі мадақталу үшін, не өзгелерден жоғары, жақсы болу үшін оқып келсе, қазір қызықты ақпараттарды өз бетінше іздеп тауып, өзгелермен ой бөлісуге асығатын болды. Мұның бәрі олардың табысқа жиі жетіп, өз күшіне сенуінің арқасында болып жатқан өзгерістер. Оқушылар жүргізілген сауалнамаларға (шығу парақтарында) берген өз жауаптарында жұмысты жоспарлау, жағдайға бейімделу нәтижені нақты бағалау сияқты қабілеттерді, табандылық, сынға төзімділік сияқты қасиеттерді жиі көрсете бастады.

Осы бағдарламамен жұмыс істеу арқылы мынадай жетістіктерге жеттік: «Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында білім беріп, икем-дағды қалыптастырып қана қоймай, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етіп, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауға болады екен. Әр баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану осы жүйені қолдану барысында ойдағыдай жүзеге асырыла бастады.

«Жаңғырудың маңыздылығы мемлекет пен ұлттың саналы түрде жаһандық үрдістерге бейімделуіне септігін тигізетіндігіне сенім білдіреміз.

Қорыта келе, әрбір сабақ оқытушының шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушылардың есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану ұстаз шеберлігінің белгісі. Қазіргі уақыт бүкіл адамзат қоғамының ғылыми – техникалық үрдіс пен өркениеттің даму кезеңіне бет бұрған уақыт деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - Егеменді Қазақстан, 26.04.2017ж. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Е.К.Хеннер, А.П.Шестаков. Информационно-коммуникационная компетентность учителя: структура, требования и система измерения. Информатика и образование; 2004; №12; 5-6 бб.
3. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар – Алматы, 2006.
4. Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ғ.Бостанов. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері.-Алматы, 2014.
5. Досжанов Б.А. Мультимедиа және оның техникалық құрамы. Оқу құралы. – Қызылорда:ҚМУ, 2004

ГЕЙМИФИКАЦИЯ КАК СПОСОБ ОРГАНИЗАЦИИ ОБУЧЕНИЯ

Абилова О.А.

Атырауский университет имени Х.Досмухамедова
магистр, ст.преподаватель

Одной из составляющих, влияющих на качество обучения учащихся, является мотивация, то есть движение по направлению к поставленной цели, а также факторы (внешние и внутренние), которые определяют психологическое сопровождение процесса обучения.

Повышение мотивации учащихся к обучению тесно связано с определением движущих сил обучения: чем определяется настойчивость в достижении цели, выполнении какого-либо действия; что определяет и формирует внутреннюю мотивацию обучающихся; какие внешние факторы побуждают личность стремиться к достижению цели.

Важным средством мотивации является применение в образовательном процессе информационно – коммуникационных и мультимедиа технологий. Для педагога важно найти такие методы и средства обучения, которые мотивируют учащихся на изучение информационных технологий, пробуждают интерес к ним, позволяют в той или иной степени реализовать такие внутренние потребности, как саморазвитие, понимание необходимости образования, освоения профессии, выбора жизненного пути.

Мотивация в обучении, так или иначе, связана с обязанностью, принуждением, отсутствием самостоятельного выбора. Авторитарные методы обучения сопровождаются ситуацией неуспеха, воспитывают психологию неудачника.

Чтобы раскрепостить ученика, дать ему возможность ощутить не только горечь поражения, но и радость побед, самому определять личную образовательную траекторию надо дать обучаемому свободу выбора.

Не секрет, что большинство учащихся используют смартфоны и другие гаджеты главным образом для общения в соцсетях, компьютерных игр, посещения развлекательных сайтов. Сайты привлекают внимание доброжелательным интерфейсом, оформлены живо, с применением игровых элементов. Подсознательно обучающийся ожидает того же самого (или хотя бы чего-то похожего) от электронного учебного курса [1].

Между тем, обучение в интернет-среде так же, как и традиционное обучение прошлого столетия, переживает кризис отсутствия мотивации к изучению различных дисциплин [3].

Выход из создавшегося положения видится в старой как мир идее «учения с увлечением». Роль увлекательного образа может играть геймификация, которая широко используется многими ведущими зарубежными и отечественными образовательными курсами, практикующими обучение на новый лад.

Термин геймификация (gamification), впервые использованный в 2002 г. Ником Пеллингом (Nick Pelling), американским программистом и изобретателем, к 2010 г. стал популярным, а сегодня уже уверенно звучит во многих областях человеческой деятельности (бизнес, управление персоналом, здравоохранение, образование) и применяется для обозначения особого способа решения разнообразных задач разной степени сложности [4].

Под геймификацией понимается «использование игровых подходов (механик), которые широко распространены в компьютерных играх, для неигровых процессов, что позволяет повысить вовлечённость участников в решение прикладных задач» [2]. Различные исследования в области педагогики и психологии, проводимые как в России, так и за рубежом, показывают, что геймификация действительно мотивирует обучаемых на достижение положительного результата в обучении, повышении интереса к нему, снимает возникающие при этом определенные психологические проблемы.

Жалпы білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың оқу үрдісі мен әлеуметтік бейімдеуінің табыстылығы таңдап алған оқу бағдарламаның оқушының танымдық және функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкестігіне және нақты оқу жетістіктерін тұрақты бақылау арқылы қол жеткізіледі. Көрсетілген бақылау білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуы үшін тиісті білім беру мониторингі жүзеге асырылуы керек. Білім беру мониторингінің мәліметтері мұғалімге оқыту барысында балаларда туындайтын қиындықтарға дер кезінде араласуға және оларды жоюға, білімін толықтыру бойынша қажетті іс-шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларын меңгерудегі туындайтын қиындықтарды талқылауға сүйемелдеу қызметінің мамандары (психолог, логопед, мұғалім-дефектолог) қатысады, олар қиындықтардың себептері мен жою

жолдарын анықтауға көмектеседі. Егер қажет болса, жеке түзету сабақтарының мазмұнына өзгерістер енгізеді.

Осылайша, жалпы білім беру процесіне енгізілген ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Білім беру мониторингінің көмегімен педагог оқушыда қалыптастырылған дағдылар деңгейін анықтайды және оған сүйеніп, баланы табысты оқытуға жағдай жасайтын жеке білім беру бағдарын жасайды. Әр оқу жылының соңында оқушылардың оқу жетістіктері оқушылардың психологиялық-педагогикалық карталарында сақталатын арнайы жетістіктер карталарында тіркеледі.

Әдебиеттер

1. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.

2. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010.

3. «Инклюзивті білім беруде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ортасы»: инклюзивті білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал / Т.К. Шилденова.- Атырау, 2014.

4. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

5. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.

ЕТІСТІК КАТЕГОРИЯСЫН ОҚУШЫЛАРҒА ОҚЫТУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ермекбаева Г.Ғ.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

gabitovna86@mail.ru

Жас мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Жоғарыда мектептің күрделі мәселелерін сөз еткенде, қоғамнан бөліп қарастыру мүмкін емес екендігін айтып өткен болатынбыз. Сондықтан оқушыларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мектептің материалдық базасы мен оқушының әлеуметтік-денсаулық жағдайының дұрыс жолға қойылуы білім сапасына қол жеткізудің бірден-бір кепілі деп қарау керек. Осылай дей тұрсақ та аталған мектеп пен оқушы қатынасындағы негізгі тұлға – мұғалім. Бұл ұғымға түсінікті ұлы ғалым, ұстаз А.Байтұрсынұлының «мектептің жаны - мұғалім» деген түйінімен беруге болады. Шәкірттің білім алуға қабілетін, мінезіндегі ерекшеліктері мен әр оқушының ішкі мүмкіндіктері негізінде жеке тұлға ретінде қалыптастыруда мұғалімнен үлкен жауапкершілік талап етіледі.

П.Подласыйдың айтуынша, педагогке тәрбиелей және басшылық ете білу, тыңдата және тыңдай білу, дүниетанымы кең болу, сөйлеу мәдениеті, адаммен қарым-қатынас жасай білу, оған сенім арту, алға ұмтылуға үйрету, байқампаз болу қандай жағдайда болсын шешім қабылдай білу қажетті қасиет [1, 133].

А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика мен әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім» деген екен. Өткен ғасырдың басында айтылған бұл сөз бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ. Әсіресе, қазіргідей білім берудің

ұлттық моделіне көшуде қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, өз ісінде жаттандылықтан аулақ, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Ы.Алтынсарин мұғалім оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіргенде ғана баламен дұрыс қарым-қатынас жасауға болады деп есептейді.

«Оқу процесі» деген екі сөздің қосарланып қолданылуында көп ұғым және толып жатқан адам әрекетінің атаулары бар. Осы екі сөзбен беріліп тұрған тұтас ұғымның құрамды бөлігінің ең маңызды біреуі – оқудың әдісі. Оның маңызды болатындығы қандай болмасын әрекеттің іске асырылуына лайықты өз әдісі болмаса, оның іске асырылуы өте қиын» - деп жазады Б.Д.Жұмақаева өз еңбегінде [2, 37].

Оқытудың жаңа технологияларын үйрену мұғалімге не үшін қажет?

Бұл сұраққа жауап берер болсақ, біріншіден, педагогтарымыздың пайымдауынша, оқу үрдісінде көптеген кемшіліктердің кездесетіндігі. Оның себептерін ғалым-педагогтар былайша топшылап отыр: мектепте қазақ тілін оқыту үрдісі бар да, оның көрсеткіштік нәтижелері төменгі деңгейде, қазақ тілінен бірегей типтік, яғни лексикалық, грамматикалық минимумның осы кезеңге дейін ғылыми негізде анықталмауы, оқулық, оқу құралының білім беру, іскерлік, дағды қалыптастыру тұрғысында сапасыз жасалуы, қазақ тілі оқулықтарында грамматика мен әдебиет бөлінбей, барлығы бір оқулықта біріктірілгендігі, бағдарламаның құрамында логикалық жүйе, технология жоқтығы, оқулықтардың әдістемелік жақтан сауатсыздығы, сабақтардың белгілі бір тақырыптарға, модульдік блоктарға бөлінбегендігін ерекше атап өткен [3]. Сонымен қатар оқулықтарда белсенді сөздік қорын меңгеру жолдары, механизмдері, нормалары көрсетілмегендігі, оларды бекіту үшін жаттығулар мен тапсырмалар аз кіргізілгендігін, активтік сөздер берілген тақырыптарға сәйкес келмейтіндігі, қорытынды, талдау жасайтын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту жаттығулары, тапсырмаларының аздығын, оқулықтардың 80 %-ы танымдық әрекеттерге байланысты құрылғандығын, тіпті мәтінге берілген тапсырмалар оқушыларды сөйлеуге жетелемейтіндігін, оқулықтарға керексіз мәліметтер мен қызықсыз материалдар кіргізілгендігін, бұлардың оқушыларды ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытпайтындығын да ерекше атап өткен. Кей мақалаларда не оқулық емес, не хрестоматия емес оқулықтармен мұғалімдер жұмыс жасайтындығын ерекше сынға алып жазғандарын да айта кету керек сияқты [4].

Міне, осы аталған кемшіліктердің барлығын жою үшін қазіргі таңда мұғалімге жаңа технологияларды меңгеру қажет болып отыр [5, 17].

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады:

- 1) оқып үйрену;
- 2) меңгеру;
- 3) өмірге ендіру;
- 4) дамыту.

Жаңа технологияның мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек.

Педагогикалық технология оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру және оны өткізудің формасымен анықталады. Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшелігі: қойылған мақсатқа жету, мүмкіндігіне кепілдік оқыту үрдісін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқытылатын пән мазмұны, мұғалім мен оқушының өзара байланыс іс-әрекеті, оқушының ішкі даму үрдісі негізінде анықталған нақты мақсат қана педагогикалық технология құрылымын түсіну кілті бола алады.

Инновациялық технологиялардың кейбіреулеріне қысқаша сипаттама жасайық:

Модульдік оқытудың басты мақсаты – оқытудың ұйымдастырылуы бойынша және мазмұны бойынша адам бойындағы осы сәттегі қажеттілікті қанағаттандыруда кепілдік беретін әрі жаңа қажеттілікті анықтайтын икемді білім беретін құрылым құру.

Оқу модулінің ерекшелігі – жалпы сағат санына қарамастан, *кіріспе және қорытынды* бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт *сөйлесу бөлімінің* меншігінде болады.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы оқу модулінің *барлық уақытына* есептелген оқу материалын *қысқаша* (10-20 минут ішінде) сызба, кесте, және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді.

Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады.

Тақырып мазмұнына «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамыта отырып, оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырады [6].

Қашықтан оқыту - қоғамды ақпараттандырудың маңызды бағыттарының бірі – білім беру ісін ақпараттандыру. Бұл жаңа ақпараттық құралдар мен әдістерін дамыта оқытудың идеяларын жүзеге асыруға, оқу –тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін бір-бірімен тағыз байланысты өрістетуге және олардың тиімділігі мен сапасын көтеруге, жас ұрпақты жаңа қоғам жағдайында өмір сүруге дайындауға пайдалану деген ұғымды білідіреді.

Бұл күнде қашықтан оқыту білім берудің дамытудың нақты элементі болып табылады. Өйткені қашықтан оқыту жүйесінің икемділігі сол, оқушылар негізінен дәріс, семинар түріндегі сабақтарға бармай, өздеріне ыңғайлы мзгілде, қолайлы жерде, қолайлы жылдамдықта жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады [7].

Интерактивті оқыту – қазіргі кезде қарым-қатынас үрдісіне негізделген оқыту – интерактивті оқытуға үлкен көңіл бөлуде. Оқыту үрдісі тиімді болу үшін қарым-қатынастың үш жағы қатысуы қажет: 1/ақпараттық /ақпараттық берілуі және сақталуы/; 2/интерактивті /біріккен іс-әректте өзара әсердің ұйымдастырылуы/;

Интерактивті оқыту кезінде оқушылар тек қана бақылаушы болып қатыспай, қиын мәселелерді де өз бетінше шеше алатын болады [8].

Мектептерде жүргізіліп жатқан қазіргі тәжірибелік-сынақ жұмыстардың басты міндеті жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып табылады. Мәселен, Л.Занков, Д.Эльконин, В.Давыдовтың бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» бір-бірімен тығыз байланысты әрі мынадай ұстанымдардан құралады:

- 1) жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту;
- 2) теориялық білімнің жетекші рөлі;
- 3) оқу материалын жеделдете оқыту;
- 4) оқу үрдісін оқушының сезінуі;
- 5) барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеуі.

Оқушының жас күнінен өзіндік пікірлі болуын қалыптастырудың тұлға үшін ықпалы өте зор. Жеке басының еркіндігін сезген баланың қиялында тұсау болмайды. Қандай сапада жазса да, қалай етіп жазса да оқушының өз күші жұмсалған еңбегін ерекше бағалау орынды. Баланың жеке басының еркіндігі – оның сана теуелсіздігіне жол ашады. Ол ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын - өзіндік, яғни баланың даралық қасиеттері қалыптасады. Ал, ғалымдардың айтуынша – шығармашылық қабілетінің дамуы – оқыту процесінің ұйымдастыруына тікелей байланысты болғаны ғой. Осы таңдағы мектептердің іс-тәжірибесіне дамыта оқыту жүйесі біртіндеп енгізіліп жатыр. Дамыта оқыту жүйесінің сабақтары оқушының ойлау мен практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Ал, ойлау мен практикалық іс-әрекет арқылы – оқушының шығармашылық қабілеті дамитындығын білеміз. Дамыта оқыту жүйесінің қағидаларын ұстанған мұғалім дайындықсыз сабақ өткізе алмайды. Бұл мұғалім еңбегінің шығармашылығының болуын талап ететін жүйе. Бұл жүйеде – оқытудың мақсаты, мазмұны, формасы, әдісі, баға қою тәсілі дәстүрлі оқытумен ешбір сәйкестік таппайды. Дамыта оқыту жүйесінің нәтижесінде – оқушы өз пікірін айтуға, оны

дәлелдеуге, салыстыруға, болжам жасауға, қорытынды жасауға және өз білімін қажетіне орынды пайдалана білуге үйренеді.

Кей ғалымдарымыз мектептің тек білім беруге ғана мән беретіндігін, өсіп келе жатқан ұрпақтың тұлға ретінде моральдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға көңіл аудармайтындығын баса айтады [3, 90]. Мысалға, көптеген оқушылар мектептегі уақытты «қуанышты кезең» деп есептемейді. Кейде мұғалім ауырып қалып сабақ болмауы, балаларға қуанышты жағдай екенін жасыруға болмайды. Сондықтан қазіргі мектептегі оқу процесі оқушы қажетін қанағаттандыратындай, белсенділікке баулитындай болуы қажет.

Аталған жағдайлар орындалуы үшін қазіргі кездегі мұғалімнің ролі мыналарды қамтуы қажет: оқушының белсенділігін арттыруы, интерактивті оқыту түрлерін енгізуі, болашақ өмірге дайындауы.

Оқыту жүйесінде оқушы толық жағдайда белсенді іс-әрекетке қосылмайды. Сондықтан да оқушы тұлғасын дамытатын белсенді іс-әрекетті тудыратын оқыту технологияларын пайдалану – қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі.

Қорытындылай келе, білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологияларды тиімді қолдануда үлкен жетістіктерге жетуге болатындығына көз жеткізу және білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды түбегейлі қолға алатын кездің келгендігін барша педагогтар мойындауы тиіс.

Әдебиеттер

1. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Оқу құралы. Астана, 2005, 152 бет.
2. Жұмақаева Б.Д. Абай шығармаларын 5-8-сыныптарда оқыту: (Оқу құралы). Алматы: «Домино» баспа үйі, 2002, 122 б.
3. Қисымова Ә. Жан-жақты білімді ұрпақ тәрбиелеу мақсатында біртұтас педагогикалық процесті технологияландыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі // Педагогика мәселелері. 2006. №1/2, 89-93 бб.
4. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілін пайдаланудың педагогикалық шарттары / пед. ғыл. канд. автореф. Алматы, 2004, 32 б.
5. Азанова Ш.З., Ахметжанова Ф.Р. Модульдік технология негізінде оқыту тәсілдері // С.Аманжолов оқулары – 2004 атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 2004, 17-19 бб.
6. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. (Аударған Д.А. Қойшыбекова) Алматы, 2002, 180 бет.
7. Пазылова Г.Қашықтықтан оқыту // Қазақстан мектебі 2004. №3, 38-41 бб.
8. Б.Молдағалиев, А.Махимова, Г.Сатқанова. Интерактивті оқыту әдістері // Қазақстан мектебі, 2006. №9, 31-34 бб.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Байтерекова М.А.

«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Адам баласының бүгінгі өмірі келешекке жол бастайды. Сол жолдың бағыт берушісі – мектеп мұғалімі. Сондықтан мұғалім оқушыға тек теориялық білім берумен шектелмей, оқушыны алған білімін өмірде қолдана білуге дағдыландыру – бүгінгі уақыттың басты талабы.

Белгілі педагог А.С.Макаренко: «Шеберлік – жетуге болатын нәрсе, шебер – токарь, шебер – дәрігер сияқты, шебер педагог бола алады», - десе, бүгінгі күні әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін шыңдау үшін білім беру саласындағы өзгерістер мен жаңалықтарды өз

тәжірибесіне енгізе алуы тиіс.

Ғалымдардың пікірінше, көп уақытқа дейін біздің мектептер ұжымдық сипатқа негізделген бірегей стандартқа ұмтылды, нәтижесінде оқушының өз болмысын тану белсенділігі мен қызығушылығы шығармашылық әлеуетін дамыту толымсыз болып шықты.

Осы айтылған ойдың бүгінгі оқытудағы өзекті мәселе екені ақиқат. Себебі Е.Ө.Жұматованың пікірінше дәстүрлі оқыту жүйесінің кемшіліктері:

- ✓ Пікірдің қажеті жоқ, себебі уақыт кетеді
- ✓ Күрделі оқу материалын мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруі
- ✓ Фактілерге жүгініп білімді жинақтап қабылдауға мән берілмейді.

Осындай қордаланған мәселелерді шешуге байланысты Қазақстан Республикасының Президенті «Инновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» тақырыбындағы дәрісінде «Жеке тұлғаны функционалдық сауаттылыққа әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді. Ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және өзін – өзі іске асыруы мен өзін –өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» деген еді.

Сол себепті заман талабына сай білім беру үшін әрбір мұғалім «Мұғалім - үйретуші», «оқушы - үйренуші» қалыбынан шығып, «мұғалім – ұйымдастырушы, бағыт–бағдар беруші», «оқушы - көмекші, ізденуші» формасына ауысуы бүгінгі дамыған елдің білім беру саласындағы басты талап пен тілек болуда.

Білім беру саласына өзгерісті әкелу тек оқу бағдарламасын өзгертіп әкелумен шектелмейді. Ол үшін оқытудың мазмұнын өзгерту арқылы ғана оқу өзгермек. Бұл тетікті жаңаша оймен қозғай алатын «негізгі тұлға -мұғалім» болмақ. [3,7-б]

Шындығында «Кәсіби біліктілік пен білім жай қабылданбайды, мұғалімдер өз қолымен жасайды». [3,7-б] Осы қағидатты орындап, жүзеге асыруда әрбір өз ісін сүйген мұғалім атқара білуі тиіс. Бүгінгі білім берудегі жаңалықтарды «Үйренушінің өз бетімен емес, біреудің жетекшілігімен үйренгені тиімді және нәтижелі болмақ» [4,103-б]

«Ұстаздан шәкірт озған» философиялық қағидасын ескерсек, оқушы оқытушының деңгейінен көтерілуі тиіс. Сонда ғана ізденуші тұлғаның білім алу дәрежесі арта түспек. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев:"Мұғалімнің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болу керек.Ол үшін жаңа формацияның педагогы қажет", - деген еді.

Білімнің мазмұндық ерекшелігі олардың әлеуметтік ортамен байланыс жасауымен қалыптаспақ. Кеңестік жүйеде білім беру әр оқушының жеке тұлғалық қабілетін дамытуға негізделмеген. Осындай жүйеден мектеп өмірінде «қиын бала» немесе адамдармен қарым-қатынас жасауға бейімсіз балалар тобы қалыптасты. Сондықтан адами қарым –қатынас жасайтын ортада қалыптастыруда топтық жұмыстың маңызы ерекше.

Бұл туралы А.Әлімов өз еңбегінде «Неліктен бүгінгі күні білім жүйесінде диалогқа аса көтеріңкі көңіл бөлініп отыр?» деген сұраққа жауап іздеуі өте орынды. [4,106-б]

Мектепте оқытылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқушыға тек ережелер үйретумен шектелмейді. Бұл пәнді оқытуда оқушының сөздік қоры молайып, әртүрлі ортада қарым-қатынас орната алады. Сол себепті әр оқушының адамдармен еркін сөйлесе алуына жағдай жасаймын. Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым – қатынас оқуда маңызда рөл атқаратындығын дәлелдеп шыққан. [4,26-б] Мұғалімдердің бір тобы қыз балалармен және оқуға икемді балалармен жұмыс жасауды жеңіл санайды. Көіне тұйық, белсенділігі ашық көрінбейтін балалар тасада қалады, ал топтық, жұптық жұмыс барысында балалар ашыла түседі. Мұғалім бағыттаушы болған уақытта мұғалім мен оқушы арасындағы авторитарлық қатынас жойылып, мұғалім мен оқушы арасында достық қарым – қатынас орнамақ.

Александр: (2004) "Диалогтік оқытуға сәйкес сыныпты қолданбалы зерттеуді зерделер болсақ , оқушылардың ой-пікірлері болмашы ғана назарға алынатын сыныптағы қарым-қатынастың дәстүрлі моделі диалектикалық және диалогтік педагогика тұрғысынан күмән туғызады. Көзбен көру және ақпарат көздерімен тікелей қарым-қатынас жасау балаларға

дәйектеу дағдыларын шынықтыруға мүмкіндік береді", [5, 288-б]- деген пікірін басшылыққа ала отырып оқушының өз білімін толықтыру үшін және адамдармен сөйлесу машығын қалыптастыруда - «Сұхбат» әдісі өз нәтижесін бере алатындығын көрсетті. Бұл, әсіресе, әдебиет сабағында ақын – жазушылардың өмірбаянын өткен кезде тиімді болмақ. Кестені қолдарына беріп, сұхбат алуға жіберген кейбір оқушылар сұрақтарын қоюға батылдары бармай, сыныпқа бос оралды. Себебі ол оқушылар тұйық, ешкіммен тіл табыса алмайтын бұйығы оқушылар болатын. Мысалы 9- сыныпта оқушыға мына үлгіде сұхбат – кесте берілді.

<i>Сұрақтар</i>	<i>Мектеп директоры</i>	<i>Оқу ісі орынбасары</i>	<i>Мұғалім</i>	<i>Қызметкерлер</i>
М.Өтемісұлы кім? Ш.Уәлихановтың шыққан тегі туралы небілесіз? Қырғыздың «Манас»жырымен Шоқанның есімінің қандай байланысы бар?				

А., Ж., М. деген оқушылар алғашқы кездері тапсырмаларды орындай алмады. Сосын осы үш оқушыны назарда ұстап, үнемі диалогқа түсетін тапсырмаларды беруді жоспарладым. Нәтижесінде 11-сыныпты оқу кезінде оқушылардың ашылғанын, тіпті М. деген оқушының әзілге бейімделгені байқалды.

9-сыныпта оқушылар дайын сұрақтарға жауап ала алмаса, 11- сыныпта сұрақты өз беттерімен әзірлей алды. Солардың бірі төмендегі үлгіде болды.

<i>Сұрақтар</i>	<i>Мектеп директоры</i>	<i>Оқу ісі орынбасары</i>	<i>Мұғалім</i>	<i>Қызметкерлер</i>
1.Оралхан Бөкейдің қандай шығармаларын оқыдыңыз? 2.Жазушы шығармаларында неге «Тарбағатай», «Бұқтыр ма» атты географиялық атаулар жиі кездеседі? 3. О.Бөкейдің шығармалары бойынша түсірілген қандай фильмді білесіз?				

Әдебиет пәнінен үйге берілген тапсырмалардың оқылу немесе мәтінді меңгеру деңгейін бақылау үшін "Шатасқан оқиғалар", немесе "Жуан және жіңішке сұрақтар" әдісі өте тиімді болмақ. Оқушылар алдымен шығарма сюжетінің орны алмастырып жоспар құрып, жұбындағы балаға береді. Сосын топ болып келесі топқа тапсырма дайындайды. Осы үлгіде әзірленген тапсырмалар оқушының тасада қалмай, серіктес оқушымен бірлесе жұмыстануға жағдай жасайды.

Оқушы пікіріне ден қоя білу де бүгінгі қажеттілік. Мектепте берілетін әдеби образдардың белгілі бір жүйесі бар. Шығарма кейіпкерлері туралы тек қалыптасқан пікірлер айтумен шектелетінбіз. Сыни ойлай алатын оқушының өзіндік пікірі, ойы болады. Мысалы; "Қобыланды батыр" жырындағы Құртқа бейнесі жаужүрек қыз бейнесі есебінде

қарастырылса, сыни ойлай алатын оқушының пікірі басқаша. Қыздың ғашықтық жолында өз туыстарына қол көтеруін қатыгездік деп санайды. Өмірмен байланыстыра дәлелді пікірлер айта білуі оқушы пікірінің оқыту барысында маңызды екенін дәлелдей түседі.

Білім беру жүйесіне бағалаудың жаңаша бағыт алуы оқушының өзіне сыни көзқараспен қарауын дамыта түседі. Алғашқы кезде өз достарына немесе топ мүшелеріне жоғары баға қоюға ұмтылса, бірте-бірте әділ бағалауға мән бере бастайды. Яғни бағалау оқушының оқу үдерісінде қаншалықты белсенді болғанын, оқу үдерісінде өзінің неге қабілетті екендігін бақылауға мүмкіншілік береді. Олардың білімін әрі қарай дамытып, алдағы білімді игеру әрекеттерінің деңгейін қаншалықты нәтижелі екенін анықтап, өз белсенділіктерін арттыра түседі.

Оқушыға білім беруде жаңаша оқытудың нәтижесінде сынып оқушыларынанмынадай жағдайлар анықталды.

- ✓ -Мұғалім тек сабақ өткізуші емес, ол ұйымдастырушы, ал олар сабақтың белсенді тұлғасы;
- ✓ -өз пікірлерін ашық, дәл және деректермен сөйлеуге машықтанды.
- ✓ -оқушылар арасында тең дәрежеде жұмыстануға дағдыланды.

Сапалы білім беру үздіксіз білім берумен байланысты. Үздіксіз іздену - бүгінгі қоғам мүшелеріне қойылып отырған басты міндет. Сондықтан мұғалім өзі ғана ізденумен шектелмей, оның қоғамдық сипат алуына әсер етуі тиіс. Білім мазмұнын жаңартушы жаңа формация мұғалімі рефлексияға бейім болып, зерттеушілік қабілетті болуға бағытталғаны жөн болмақ. Қазіргі заман мұғалімі Н.Ә.Назарбаевтың: "Бақылаудың орнына ынталандыру; мәжбүрлеудің орнына кеңес беру; ауыстырудың орнына сенім білдіру; үгіттеудің орнына түсіндіру; жоюдың орнына тегістеу; басқарудың орнына қатысу; айғайлаудың орнына әзілдеу; кінәлаудың орнына қорғау; бұйрық беріп, тексерудің орнына көмек көрсетіп, қолдау жасауға ұмтылу керек, -" деген пікірімен үндесуі керек.

Әдебиеттер

1. «Инновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» тақырыбындағы дәрісі
2. Қазіргі кезде мектеп оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру :теориясы мен практикасы. Ақтөбе, 2008 ж. Омарова Р.С.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық
4. Интербелсенді әдістемені ЖОО –да қолдану мәселелері А.Әлімов//Алматы -2013
- 5.Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлеті мен өзгерістері ІІ Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция материалдары

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЗАТТЫҚ-ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мурзагалиева К.К.

Атырау облысы, Махамбет ауданы Ақтоғай ауылы
«Жас дәурен» бөбекжай бақшасы меңгерушісі

Мектепке дейінгі ұйымда заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты, үйлесімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді және ол ақпараттық қызметті атқарады, яғни әр зағ қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым-қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен әлеуметтік өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты [1].

Кез келген мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасы оның материалдық базасының ақпараттық көрінісі болып табылады. Әр топтағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылған орта біртұтас күн реттелімінде білім беру, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы ұйымдастырушы, коммуникативтік функцияларды атқарады. Балабақшада заттық- кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының барлығының креативті идеялары қажет. Себебі ойыншықтардың алуандығы бала дамуының негізгі шарты болып табылмайды. Педагогтар орта құру барысында ең алдымен оның дамытушы сипатына мән беру керек.

Осы талаптарға орай балабақша тәрбиешілеріне топта заттық-дамытушы орта құру үшін әдістемелік көмек, бағыт беріледі. Өйткені әр тәрбиеші өз тобының ерекшелігін айқындап, балалардың жас ерекшелігін ескеріп және білім салаларының мазмұнына сәйкес келетін ойындар мен құралдарды жинақтап білуі тиіс.

Заттық-дамытушы орта баланың құрдастармен және педагогтармен эмоционалдық-тәжірибелік өзара әрекеттестік тәжірибесін байытуға, белсенді танымдық әрекеттерге топтағы барлық балаларды тартуға мүмкіндік береді. Орта дербестікті, бастамалықты дамытуды ынталандырады, онда балалар өз қабілеттерін жүзеге асырады [2].

Балаларды қоршаған ортаның ыңғайлы әрі эстетикалық тұрғыдан әсем болуы топтық дамытушы ортаны құруда өте маңызды. Әдемілік баланы қалыптастырады. Сондықтан, бұрыштардың эстетикасына назар аударған жөн. Оның безендірілуі балалар үшін тартымды болып және оларды дербес әрекет жасауға ынтаны туғызуы керек. Сондай-ақ, балаларды бұрышта тазалықты сақтауға және ойыншықтарға ұқыпты қарауға үйрету керек.

Баланың дамуы – тәрбиелеу мен оқыту үрдісі барысында, ересектермен және құрдастармен алуан түрлі формадағы педагогтар ұйымдастыратын белсенді қарым-қатынаста, мазмұндық әрекеттерде іске асырылады. Баланың айналасында, ол өмір сүретін және білім алатын арнайы заттық дамытушы ортасы құрылады. Бұл ортада мектепке дейінгі жастағы бала өз физикалық қызметтерін дамытады, сезімталдық қабілеттерін қалыптастырады, өмірлік тәжірибе жинайды, түрлі заттар мен құбылыстарды реттеуге және салыстыруға үйренеді, өзі тәжірибеде үйренеді.

Заттық-кеңістік әлемі әлеуметтік шынайылықтың алуантүрлі объектілерінен тұрады. Осы әлемде бала – жас шамасына қарай объектілердің қасиетін, олардың кеңістік арақашықтығын меңгеретін әрекет етуші тұлға.

Заттық-кеңістік орта балаларға қажет-ақ, өйткені ол ең алдымен ақпараттық қызметті атқарады - әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құралы болып табылады. Осылайша, ойын компьютерлері, электронды, механикалық ойыншықтар қазіргі заманға лайықты ғылым мен техникаға жақындастырады, техникалық ой-өрісін кеңейтеді; эстетикалық талқылау негізіне айналатын репродукциялар, этюдтер, мүсіндер көркем қабылдауды қамтамасыз етеді; театрлық және музыкалық іс әрекет заттары музыкаға, сахнаға жол ашады.

Сонымен қатар, заттық-кеңістік ортасы балалардың эмоциясына әсер етеді, олардың іс-әрекетке деген ынтасын оятады. Мәселен, спорттық құралдар дене, сауықтыру іс-әрекетіне баулиды, осы іс-әрекеттер барысында баланың өз денсаулығына, гигиенасына, қозғалыс ептіліктері мен дағдыларына деген ұстанымы қалыптасады; алуантүрлі құралдар – бояулар, қылқаламдар, қарындаштар, мата т.б. - өнімді іс-әрекетте әлемді танудағы өзіндік көркем қабылдауын көрсете білуге мүмкіндік береді.

Сонымен, заттық дамытушы орта - бұл бала қызметінің материалдық объектілерінің жүйесі, оның рухани және физикалық дамуының функционалдық үлгідегі мазмұны. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың алуантүрлі іс-әрекетін қамтамасыз ететін әлеуметтік және заттық құралдар бірлігін көздейтін жүйе.

Заттық ортаның негізгі элементтері – ойын және спорт алаңдары, олардың жабдықтары; баланың өсу барысына байланысты ірі ауқымдағы конструкторлармен (модульдермен), ойыншықтардың тақырыптық жинақтамаларымен, ойын материалдарымен, ойын жабдықтарымен жарактандырылған ойын кеңістіктері. Заттық ортаға қойылатын бастапқы

талап – оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай-ақ учаскені заттық кеңістікте ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал-жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материалдар, т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс[3].

Сондай-ақ дамытушы заттық орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті:

- баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі;
- жүйелілігі;
- көп функциялылығы;
- баланың шамасына сай болуы;
- трансформациялануы;
- мазмұны бойынша және функционалды міндеттері бойынша вариативтілігі.

Жабдықтарды орналастыру жөнінде сөз қозғасақ, кеңістікті ұйымдастыру балалардың регламенттелмеген қимыл белсенділігінің мүмкіндіктерін, яғни ойыншықтар мен ойындарға, сурет, мүсіндеу, құрастыру материалдары мен құралдарына, т.б. еркін қол жетімділікті көздеуі тиіс. Бөлменің жабдықталуы баланың құрбыларымен бірлесіп қызмет істеуіне, сондай-ақ оңаша қалуына ыңғайлы болуы керек. Кешенді және оқшау аймақтар (зоналар) принципі, яғни түрлі кеңістікте орналасқан функционалды «орындарды» құру ең ұтымды шешім болып табылады.

Балабақшада төмендегідей орталарды ұйымдастыру қажет:

білім беру аймағы - оқу іс-әрекетіне (сенсорика, айналамен таныстыру, сөйлеуді дамыту т.б.) қажетті материалдар орналастырылған бұрыш;

құрастыру, музыка аймақтары;

театр (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) бұрышы;

ойын бұрыштары;

оңашалау бұрыштары;

кішкене стадион;

табиғат бұрышы;

компьютерлік сынып.

Бұл аймақтардың экспозициясы мен тақырыптамасы ұдайы жаңартылып тұруы қажет. Дербес іс-әрекеттер аймағын топтық бөлмелерде, шешіну бөлмелерінде құрған дұрыс. Балалардың, олардың отбасы мүшелерінің фотосуреттерін, балалардың суреттерін қоюға болады[4].

Әр бала өзінің дамуында отбасының, оның тұрмысының, мәдени таңдаулардың ықпалын сезеді. Балабақшада барлық бөлмелердің жағдайы баланың ұжымда тәрбиеленуі мен дамуы үшін бір мақсатқа бағытталған. Мұндай жағымды жағдай құру – өз ішіне саналы және кеңістік пен оның элементтерін әсем ұйымдастырылуын қамтитын үлкен өнер. Баланы қоршаған дамытушы ортада бала да өзінің заттық әлемінде шығармашыл бола алатындай мүмкіндік туғызу керек, сонда ғана ересектермен, құрдастармен өзара әрекеттестік үдерісінде өзінің жеке басының тұлғалық-дамытушы шығармашылығы қалыптасады.

Осылайша, жоғарыда баяндалған жұмысты түйіндер болсақ, балабақшада заттық-дамытушы органы ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық қызметі қажет. Мақсатқа бағыттталып ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызды рөл атқарады.

Құрылған эстетикалық орта мектеп жасына дейінгі балаларда қуаныш сезімін оятып, балабақшаға деген жағымды эмоционалды қатынасты, оған бару ниетін тудырады, жаңа әсерлері мен білімдерін байытады, белсенді шығармашылық қызметке шақырады, балалардың зияткерлік дамуына көмектеседі.

Заттық-дамытушы органы құруда шығармашылық идеяларда шек жоқ, дегенмен ең бастысы баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы және осы ортада өзін еркін сезініп, орта материалдарын қолдана алуына мүмкіндік берілуі маңызды шарт.

Әдебиеттер

1. Епачинцева Н. Д. Организация развивающей среды в ДОУ: автореф.дисс....канд.пед.наук/Н. Д. Епачинцева.-Белгород:БГУ,2001
2. Балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық-дамытушы органы ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2015. – 15 бет.
3. Короткова Н.А. . Материалы и оборудование для детского сада: пособие для заведующих и воспитателей :-Москва, ЗАО «Элти-Кудиц» 2003г.
4. Новоселова С. Развивающая предметная среда [Текст] : Методические реко-мендации по проектированию вариативных дизайн - проектов развивающей предметной среды в детских садах и учебно-воспитательных комплексах / С.Новоселова. – М.: Просвещение, 2001. – 89 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ибрашева К.Н.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
«Педагог-тәрбиеші және мектепке дейігі білім беру әдіскері» мамандығы бойынша 3 курс
студенті

Бүгінгі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мәселесін заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа технологиялармен қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін сапалы дамыту міндетін көздеген[1]. Сондықтан әрбір педагогтың алдына оқытудың инновациялық технологияларын оқыту үрдісіне енгізу мақсаты қойылып отыр.

Мектепке дейінгі ұйым - білім берудің алғашқы басқышы болғандықтан оқу мен тәрбиенің түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіріп, инновациялық технологияларды оқу қызметінде тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырады.

Инновациялық технология «инновация» және «технология» ұғымының бірлігімен қарастырылған. Технология - өнер, шеберлік және ғылым, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген ұғымды білдіретін гректің сөзі [2]. Технология шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, моделмен оқыту дегенге саяды. Ал инновация жаңашылдық, жаңа деген мағынаны береді. Олай болса, инновациялық технология деп педагогикалық шеберлікті шыңдауда жаңашыл әдістерді қолдануды түсінеміз.

Инновацияға деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу жолында туындайды, түпкі ой мен шынайы нәтиже арасында қарама-қайшылық туады.

Кез келген педагогикалық ұжым, кез келген педагог инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпаған жөн.

Инновациялық ықпалды жүзеге асырудың педагог жұмысының басымдық және перспективалық бағытына қарай өзіндік ерекшелігі болады. Бұл ақиқат, өйткені инновациялық үрдісті басқару кезінде оның дамуы үшін ең маңыздысы педагогтың шығармашылық ізденіс бағытын анықтау болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық жұмыстарды жүргізу үшін ең алдымен педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін, олардың инновациялық білімге, тәжірибеге деген қажеттілігін анықтау міндеті тұрады.

Дәстүрлі формалар мен әдістерді инновациялық ізденістермен толықтыра отырып, білім сапасын арттыруға болатынын тәжірибелерден көруге болады. Десекте, мектепке дейінгі мекеме жұмысына икемді, балалардың жас ерекшелігіне сай, педагогтың шеберлігін ұштайтын жұмыс бағытын дұрыс таңдау қажет.

Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру тәжірибесінде бірқатар тиімді технологиялар қолданыс тауып келеді, олар: денсаулық сақтау технологиясы, ойын технологиясы, ақпараттық технология, жобалау технологиясы, ТРИЗ технологиясы т.б.

Денсаулық сақтау технологиясы барлық технологиялардың құрамында көрініс табады, өйткені қоғамның, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басты міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау болып табылады[3].

Ойын технологиясы – мектепке дейінгі ұйымдар үшін құндылығын жоймайтын және кең таралған технология болып саналады. Бұған себеп – осы технологияның ойын әрекетінен құралуы, ал ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті. Ойын технологиясы аясында біз балаларға тән ойын түрлерінің барлығын кіріктіре аламыз.

Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие ісіне инновациялық ықпал жасау үшін ақпараттық қамсыздандырудың маңызы зор. Осы орайда педагогтарға ақпарат беруді ұйымдастыруда және қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайының туындауына орай ақпараттық технология алға шығып отыр. Педагог-тәрбиешілер ақпараттық технологияны меңгеру арқылы оқу қызметін толықтыратын қанық, сапалы оқу материалдарын дайындай алады.

Жобалау технологиясы көптеген педагог-тәрбиешілердің қызығушылығын туғызып отырған жаңа технологиялардың бірі. Балалармен зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыруда жобалау әрекетін жоспарлау және жүзеге асыру балалардың креативтілігін, дербестігін дамытуға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тағы бір кеңінен таралған технология – ТРИЗ технологиясы. Бұл технология балалардың шығармашылық ойлауын, шешім қабылдау білуін, сөйлеуін дамытуды көздейді. ТРИЗ технологиясы тек бейнелеу әрекеті барысында ғана емес, «Математика негіздері», «Сөйлеуді дамыту» оқу қызметтерінде де оңтайлы қолданыс тауып келеді[4].

Жалпы мектепке дейінгі ұйымдарда бұрын ұмыт болған көптеген әдістемелер жаңғыртылып, жаңа технология ретінде қата тәжірибеге енгізіле бастады. Педагог-тәрбиеші өзінің шығармашылық шеберлігімен таңдаған технологиясын нәтижелі қолдану арқылы балалардың білім деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Қазіргі инновациялық технологияны қолдану - балалардың ой өрісінің еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, шығармашылық жағдай жасау мақсатында оқу қызметін түрлендіріп өткізуге жол ашады. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді әрдайым іздену арқылы кеңінен қолдану қажет.

Сонымен, мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды енгізудің қажеттілігі білім беру жүйесіндегі өзгерістермен, педагогтың шығармашылық құзыреттілігімен және бала дамуындағы оң нәтижелермен анықталады.

Инновациялық технологиялар педагогикалық қызметті сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үрдісіне оң ықпал жасайды. Ендеше, инновациялық технологияларды тиімді қолдану мектепке дейінгі білім сапасын арттыратын, нәтижелі іс-әрекетке кепіл болатын үрдіс екеніне көз жеткізе отырып, одан әрі дамытуға күш саламыз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы, Астана, 1997ж
2. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии: учебное пособие.-М.: Народное образование, 1998.-256с
3. Евдакимова Е.С. Проектирование как здоровьесберегающая технология в ДОУ// Управление ДОУ. 2004. N1.
4. Мурзагалиева К., Шыныбекова Г. Балабақшадағы ӨТШТ (ТРИЗ) технологиясы, Алматы, 2020

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМУ ЖОЛЫ

Кенжебаева Ж.Б.

Атырау обл. Жылыой ауданы, Құлсары қаласы
«Анашым» бөбекжай-бақшасының педагог-психологы

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем.

Баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады.

Бала саусағын ойната отырып, тілін дамыту

Саусақ ойыны- бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс- қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуы үйренеді.

Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

Мысалы: «Саусақтар сәлемдеседі» ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйседі. «Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады. Мысалы, «Моншақ».

Қызыл-сары көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.

Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруіне дайындайды.

Ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептеледі.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;

- жаңа сөздерді меңгерту;

- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Тунгатова, Н. А. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын саусақ ойындары арқылы дамыту / Н. А. Тунгатова, Г. У. Избанова, Ш. Е. Пирназарова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2021. — № 8 (350). — С. 221-224. — URL: <https://moluch.ru/archive/350/78682/> (дата обращения: 24.04.2023).

2. Дандыбаева А.С., Сабанбаев Н.И. Педагогикалық технологияларды топтастыру жолдары//Materialy VIII Miedzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji«Strategiczne pytania swiatowej nauka -2012» Volume 11.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ПОРТФОЛИОНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ерболат Б.Е.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, оқытушы, магистр
balmirae@mail.ru

Технология мен білімнің үздіксіз өзгеруімен сипатталатын экономикалық қатынастардың постиндустриалды нысандарының дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптарды тудыруда. Білімге негізделген қоғам тез ескіретін білім, білік, дағдыға емес, ең алдымен құзыреттіліктерді дамытуға және пайдалануға бағытталған.

Электрондық портфолио жеке құзыреттіліктерді көрсету, дамыту және бағалау әдісі ретінде қызмет ете алады. [1-4]

М. Свелдің айтуынша, М. Маркс және М. Хорн [7], портфолио кәсіби бағдарламаларды бағалау құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін, бұл білім алушылардың үлгерімін және оның осы білім беру бағдарламасындағы қызметін көрсететін альбом түрі. Білімалушылар портфолио бағдарлама қатысушыларына және басқа да мүдделі тұлғаларға ұсына алады. Білім беру контекстінде портфолио негізінен оның авторының (баланың немесе ересек адамның) жеке жетістіктері мен жетістіктерін құжаттау үшін қолданылады, сонымен бірге белгілі бір кәсіптік білім беру бағдарламасының сапасын бағалау құралы да бола алады [8].

Әр түрлі ғылыми мектептер электронды портфолио сипаттауға әр түрлі көзқараспен қарайды. Әр түрлі маңызды сипаттамалардың үшеуін бөліп көрсетейік:

1) оқу Е-портфолионың негізгі мағынасы студенттің қолынан келгеннің бәрін жасай отырып, оның ең күшті жақтарын көрсету, шығармашылық қабілетін барынша арттыру;

2) портфолио студенттердің қызметті талдау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сынау, сондай-ақ білім беру қызметінің рефлексиясы дағдыларын дамытуға қызмет етеді;

3) портфолио құру студенттің өзін-өзі тануын және өз нәтижелерін сезінуін дамытуға және олардың динамикасын түсінуге бағытталған.

Д.Кол, С.Райн, Ф.Кик портфолио сандық бағалаудан немесе рейтингтен жоғары екенін атап өтеді, өйткені оған түсініктемелер мен студенттің не істеп жатқаны туралы мысалдар беріледі. Осы тұрғыдан алғанда, электрондық портфолио көбірек шынайы бағалау немесе жеке жетістіктерді бағалау әдісі болып табылады [6]. Білім беру мақсаттарына жету жолындағы ілгерілеуді құжаттау (дағдыларды дамыту, тәжірибені талдау және т.б.) әдеттегі сынақтарға қарағанда білім беру нәтижелерін көрсететін ақпараттың әлдеқайда үлкен көлемін өңдеуді талап етеді. Түпнұсқалық бағалауда ақпарат немесе деректер әртүрлі көздерден, әртүрлі әдістерді қолдану арқылы, белгіленген уақыт аралығында жиналады [5].

Электрондық портфолио қосымша білім беру жүйелерінде, сондай-ақ үздіксіз білім беруде ("өмір бойы білім беру") ерекше маңызға ие болады.

Студент портфолиосының жалпы сипаттамаларын келтірейік:

* портфолио жұмыс берушілердің түлектерді бағалау құралдарының бірі болып табылады;

* портфолио материалдары ЖОО-да оқу барысында толықтырылады және студенттің академиялық және әлеуметтік жетістіктерін бағалауға қызмет етеді;

* портфолио оқудың барлық кезеңінде студенттің жеке басының дамуын, оның жеке жетістіктерін бақылауға мүмкіндік береді.

Осы мақсатта мен 6В01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттеріне 5 семестрде өткен 10 апталық үздіксіз сараманды электронды портфолио түрінде жасаттым. Портфолио google сайтта жасалды. Портфолионың оң жақ жоғары бұрышында ашуға арналған ұяшықтар бар. Онда басты бет (сурет 1), жалпы мәлімет (сурет 2) және есеп құжаттары (сурет 3) тұрады. Әр ұяшықты басқан сайын қажетті мәліметтер шығып отырады. Басты бетте студенттің аты-жөні, университет атауы, факультет

атауы мен білім беру бағдарламасы көрсетіледі. Жалпы мәліметте студенттің тегі мен аты, E-mail, факультет, курс, топ, практикадан өту мерзімі, практика базасы, сынып жетекшісінің аты-жөні, әдіскердің аты-жөні, арнайы сертификаттар (егер болған жағдайда), сондай-ақ студенттің қалауы бойынша параққа енгізілген ақпарат (мысалы, педагогикалық мамандықты таңдау себептері туралы әңгіме) болады. Құжаттар бөлімінде практика барысында жиналу керек барлық құжаттар жеке қалташаларға салынған. Мысалы: <http://surl.li/gnjrj>

Бұл портфолионы әр студент барлық ақпараттарды енгізе отырып, құжаттардың дұрыстығын сақтап өз шығармашылық ізденушілік жұмыстануына қарай жасауына болады.

Электронды портфолионың біз көре білген артықшылықтары:

- ✓ Мәліметтерді өзіңізден басқа ешкім жүктеп ала алмайды;
- ✓ Құжаттарды, өзіміздің жеке мәліметтерімізді электронды нұсқада барлығын бір жерге жинауға үлкен мүмкіндік;
- ✓ Кез-келген уақытта мәліметтерді өзгертіп және өңдей аламыз;
- ✓ Мәліметтер жойылмай сақталып тұрады.

Студенттердің жасаған электронды портфолиосын бағалауда мынадай критерилерге сүйенілді:

- ақпаратқа байлығы;
- есеп құжаттарындағы плагиаттың болмауы;
- дизайнның өзіндік ерекшелігі;
- портфолио құру мақсаттарына сәйкестігі (құжаттардың талапқа сай орындалуы);
- өткізілген қысқа мерзімді сабақ жоспарлары мен тәрбиелік шараларды сынып жетекшісінің бекітуі;
- барлық құжаттарға қол қойылуы және тиісті түрде куәландырылуы;
- фото және видеоның сапалы болуы.

Практикада электронды портфолионы қолдана келе, келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Электрондық портфолионы оқытушылардың студенттерді университеттің ақпараттық білім беру ортасының мазмұнын дамыту құралы ретінде қарастыруға болады, оның көмегімен нақты ЖОО-ның электронды портфолионы жасауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2. Электрондық портфолионы іске асыру үшін студенттің портфолиосын құру және дамыту бойынша жұмыс университеттің білім беру бағдарламаларында оқыту мен оқудың элементіне айналуы қажет.

3. Электрондық портфолио студенттер өздерінің жеке өсуі мен жетістіктерінің құжаттамалық растамаларын ұсынатындықтан, білім беру ортасы осы ақпаратты қорғау мүмкіндігін және студенттің портфолиосының материалдарына қол жеткізу деңгейлерін анықтау құқығын қамтамасыз етуі керек.

Әдебиеттер

1. Балыкина Е. Н. Оценочное электронное портфолио студента по предмету // Матеркалы XV Международной конференции-выставки «Информационные технологии в образовании» (ИТО-2005»). М., 2005.

2. Безукладников К. Э, Профессиональный портфолио как средство формирования само-стоятельности будущего учителя в контексте компетентностного подхода // Материалы онлайн-конференции: Язык и межкультурная компетенция. <http://www.lingvomaster.ru/articles.php?c=33>

3. Могилевкин Е. Портфолио карьерного продвижения как современная технология планирования и развития карьеры выпускников вузов // Управление персоналом. 2006. No 5. [http://www.rhr.ru/index/find/ what is interview/10504.html](http://www.rhr.ru/index/find/what%20is%20interview/10504.html)

4. Шишканов Д. В., Смолянинова О. Г. «Портфолио» как способ формирования и оценки информационной компетентности в курсах

ИКТ в вузах // Материалы конференции «Педагогика развития». Красноярск, 2003.

5. Bateson D. Psychometric and philosophic problems in «authentic» assessment: Performance tasks and portfolios // Alberta Journal of Educational Research. 1994. No 40(2).

6. Cole D. J., Ryan C. W., Kick F. Portfolios across the curriculum and beyond // Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 1995.

7. Sewell M., Marczak M., Horn M. The use of portfolio assessment in evaluation. [www.infojournal.ru http://ag.arizona.edu/fcs/cyfernet/cyfar/Portfo^3.htm](http://ag.arizona.edu/fcs/cyfernet/cyfar/Portfo^3.htm)

8. Shaklee B. D., Barbour N. E., Ambrose R., Hansford S. J. Designing and using portfolios. Boston: Allyn and Bacon, 1997.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЛЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Дюсембаева А.С.

Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

aksamald@mail.ru

Қазіргі заманғы білім беру кеңістігінің ауқымды талаптарына сәйкес жаңа білім беру жүйесінің енгізілуі білім алушылардың денсаулығын сақтай отырып, оларды толыққанды сапалы біліммен қаруландыруды көздейді.

Білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Еліміз күн сайын қарқынды дамып келеді және ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға батыл қадам жасап отыр. Елдің білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңі болып жатыр. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы. Мектеп оқушыларының бойындағы қалыптасқан функционалдық сауаттылық дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, практикада, өмірдегі кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Қазіргі заманғы тез өзгертін әлем адамзатқа барлық жаңа міндеттерді қояды, оларды шешу заман талабы. Білім берудегі заманауи инновациялық процесстер сияқты STEM-білім беру, цифрлы заманда ғылыми әдістемелік негізде пайдалануға болатын оқыту платформасы болып саналады. Әлемдік экономиканың серпінінің басты қозғаушы күштері өмірдің барлық салаларын жаппай цифрландыру, жалпыға ортақ жаһандану, дамыған елдер экономикасының қатаң бәсекелестігі және ғылыми-техникалық прогресс болып табылады. Ғылыми-техникалық прогресс-бұл ғылым мен техниканың үдемелі дамуы, оның нәтижесі техниканы, технологияларды және өндірісті ұйымдастыруды дәйекті жаңғырту, олардың тиімділігін арттыру болып табылады. [1].

Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру қажет. Педагогикалық жаңа әдіс – тәсілдер мен тұтастай білім беру технологияларын мектеп өміріне енгізу, оны әр пән мұғалімінің тиімді пайдалана алуын қамтамасыз ету-бүгінгі таңдағы білім сапасын арттырудың маңызды жолы. XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуға қажетті кең ауқымды дағдыларды дарытуға яғни, «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарына сай SMART форматында құрастырылған болу керек яғни, арнайы, нақты; өлшеуге болатын, қолжетімділік; шындыққа сай, қысқа да нұсқа; белгілі бір уақытқа шектелген болу керек. Сонымен қатар

пәннің ерекшеліктеріне қарай, оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқу мақсаттарына жетуге ықпал ететін белсенді оқу әдіс-тәсілдерін таңдауға мән берілу керек. «Сыни тұрғыдан ойлау», «Деңгейлеп оқыту», «Модульдік оқыту», «Дамыта оқыту», т.б. озық технологияларды қолдану оқытудың мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді.

Жаңа әдіс –тәсілдерді қолданудың тиімді тұстары:

1. Тұлғаның пәндерге деген қызығушылығын оятады;
2. Тұлғаның танымдыққа білеттілігі орнайды;
3. Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
4. Тұлғаны шығармашылық жұмысқа баулиды;
5. Мұғалімнің уақытын үнемдейді;
6. Қосымша мағлұматтар береді.

Білім негізі бастауышта қаланатындығын ескерсек, болашақ азаматтың білімі сапалы, тәрбиесі толымды болуымен қатар, оны заман талабына төтеп бере алатын ұшқыр ойлы, өмірде және қоғамда белсенді тұлға етіп дайындаудың негізгі тетігі де бастауыш сынып мұғалімдерінің қолында екені баршаға аян. М.Әлімбаевтың:

«Өзің от боп жанасың,

Өзгелердің нұрлантуға санасын.

Өзің күл боп қаласың,

Өзгелердің құнартуға даласын» [46, 322-б],

деген өлең жолдарында анық жазылған. Осыдан бастауыш сынып мұғалімінің мойнындағы жауапкершілігі зор екендігін байқаймыз. Кәсіби құзыреттілігі жоғары мұғалім алдындағы әр оқушы бойындағы дарындылық көзін ашушы. Сондықтан да оқушылардың бойында түйінді құзыреттілікті қалыптастыру және олардың қалыптасу деңгейін бағалауға даярлығы сол құзыреттіліктердің педагогтың өз бойында қалыптасу деңгейімен байланысты.

Бастауышта білім берудің мақсаты негізгі және пәндік құзыреттіліктерді кіріктіру жолымен, сондай-ақ білім берудің базалық мазмұнында белгіленген білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау үшін негіз болып табылады. Оқушы бойында ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуы дегеніміз – ол оқушының: іс-әрекетке қалыптасқан оқушы болашақта айналадағы құбылыстар мен жағдаяттардан өзіне қажеттісін түйіп, өмірде пайдалана білуге үйренеді. Коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуы дегеніміз – ол оқушының: түрлі жағдайларда өз пікірін жеткілікті түрде негіздеуге, өз ойын еркін жеткізуге, өзінің және өзгелердің әрекетіне баға беруге, өзін дамытуға үйренеді. Проблеманың шешімін табу және өзіндік менеджмент құзыреттілігінің қалыптасуы дегеніміз –ол оқушының: мәселені айқындау және іс-әрекет мақсаттарын белгілеуі,өзінің іс-әрекетін бақылай алуы.

Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады, ал мұғалім- бағыт беруші ғана. Оқыту барысында білім жүйесі негізінде мынандай міндеттер қойылады: оқы, түсін, қолдан, салыстыр, жинақта. Жаңа технологиямен оқытқанда әрбір оқушының жеке басының ерекшелігін еске алынса ғана нәтиже беретініне көз жеткіздік.

«Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің мұғалім үшін тиімділігі неде?» деген сұраққа тоқталатын болсақ:

-оқушы өз бетімен жұмыс жасайды;

- аз уақытта көп білім береді, уақытты үнемдейді;

- білім-білік дағдыларын тест тапсырма арқылы тексереді;

- шығармашылық жұмыстар жасайды;

- қашықтықтан білім беру мүмкіндігі туады;

- қажетті ақпаратты жедел түрде беру мүмкіндігі жасалады;

- оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге ықпалы болады;

- бағдарлау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар,құралдар жасайды, саттарға өз сабақтарын енгізе отырып, өз біліктілігін көтереді;

- интернетте жұмыс жасау арқылы мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіреді;


- оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырады;

- сабақта этнопедагогикалық тәрбие беруге мүмкіндік туады;

- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды, өз бетінше жұмыс жасауға үйретеді;
- оқулықтан тыс, қосымша мәліметтер береді;
- жалпы компьютерлік желілерді пайдалана отырып тартымды түрде қызықты етіп өткізуге мүмкіндік туады.

Оқушыны терең әрі жүйелі біліммен қаруландыру ұстаздан да жаңаша ойлап, жаңаша жұмыс істеуін талап етеді. Сабақ жоспарын жасауда әр мұғалім түйінді құзыреттіліктерді басшылыққа алып жүйелі жұмыстанса, ұлы педагог Ж. Аймауытов «Сабақ беру- үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп айтқандай әр мұғалім кәсіби шеберлігін іс жүзінде дәлелдегені.

Салыстыру, топтастыру



Функционалдық сауаттылыққа бағыттталып берілген тапсырмалар көбіне «Сыни тұрғыдан ойлау және жазу» технологиясының «РАФТ», «Бес жолды өлең», «Үш жақты күнделік», «Эссе», «Джигсо», «Кубизм», «Топтастыру», «Блум таксономиясы» т.б. стратегияларына құрылған. Бұл технология қолдану арқылы оқушылардың өздеріне сыни тұрғыдан қарай отырып дамыту, жетілдіру. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмыстар жүргізу керек деген ой түйілді:

1. Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша «білу –түсіну – қолдану-тұжырымдау» деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;

2. Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әр түрлі форматтағы тест тапсырмаларын, қалыпты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты тапсырмалар орындату;

Міне сындай тапсырмалар арқылы мынадай жетістіктерге жеттім деуге болады.

1. Оқушы өз ойын еркін, ашық айта алады.
2. Топта , жеке жұмыстанады. Пікірталасқа түсе алады
3. Мәселені өмірмен байланыстырады.
4. Қоғамдағы жаңалықтардан хабардар болып отырады.
5. Оқушы өзіне-өзі баға баға береді, сыни тұрғысынан қарайды.
6. Оқушыны дамыта отырып өзің жетіле, дами бересің.

К.Д.Ушинский «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз» деп айтқандай ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс- оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ыбырай Алтынсарин сөзімен айтқанда мектептің жұмыскер жүрегі- ұстаз. Яғни , негізгі білім қазығы- бастауыш сынып мұғалімдерінен үлкен үміт күтері сөзсіз. Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезеңі. Ендеше бастауыш үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да, қадірлі жұмыс.

«Халық үшін үздіксіз қажырлы еңбек, қаһармандық ерлік болуға тиіс». «Өмірбаян қалай жазылады» [42,61-б]

Ол үшін әр азамат аянбай, өзін аямай туған елі үшін еңбектенуі — парыз. «Әр ұл-кызың от болып лапылдаса, Маздамасқа дәтің жоқ,

Қазақстан!» [42, 62-6] .

Мемлекет басшысы халыққа жасаған баяндамасында қазақстандықтардың көкейіндегі көптеген сұрақтарға жауап берді. Әсіресе білім саласында жүрген біздер үшін де үлкен парыз жүктелді. Халық даналығындағы «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» ұғымы дәл қазіргі кезеңге сай келіп отыр. Еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу екендігін президентіміз ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың интеллектуалды ұрпақ қалыптастыру бойынша берген тапсырмасын жұмыла абыроймен атқарамыз деген сенімдемін. Ендеше бәсекеге қабілетті туған тілін, елін, жерін сүйетін, өз ойын еркін жеткізе алатын құзыретті тұлға тәрбиелеудегі еңбектеріңізге жетістік тілеймін.

Әдебиеттер

8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
9. STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау Нұр-сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Алтынсарин, 2022. – 120 б.
10. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауы 2022 ж
11. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей.
12. *А.Ташенова. «Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту.»*
13. «Мектептегі ғылыми жұмыстар» журналдары
14. Ғаламтор желісі <https://emirsaba.org/n-j-turalina-aza-poeziyasi-stile-jene-bejnelilik.html?page=2>

ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУ

Ешниязова М.Ж.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Егіндібұлақ «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымының магистрі

«Тағдырдың қасірет қойтастарының арасынан қайсар әдебиет талшыбығы-Хамза Есенжанов жарып шықты да, тамырлы, жапырақты алып бәйтерекке айналды», -деп профессор, ұлағатты ұстазымыз С.К.Шарабасов ерекше баға берген. Осы бағалаудан соң алып бәйтеректің шығармаларын оқып қарамау, зерттеп, зерделеу мүмкін емес. Қазақ кеңес әдебиетінің дамуына зор үлесін тигізе білген талантты жазушы Хамза Есенжановтың ендеше ең бірінші әңгімелері турасында өз ойыммен бөліссем деймін.

Жазушының «Өлеңті жағасында» әңгімесі қазақ жеріндегі азамат соғысының дауылды жылдарындағы Орал өңіріндегі оқиғаны жеткізген. Жымпиты жеріндегі ауыл халқының берекесін қашырған Жайық жағасын қаптаған ақ бандыларға қарсы шыққан жас өкіметтің жас қайраткерлерінен жасақталған қарулы жасақтың ерлігін, бастан өткізген оқиғаларын баяндаған. «Отряд аяқ астынан шыға келетін жаудың жолын бөгеп, уезд орталығын қорғауға кіріскенді. Бастығы: аққұба, ұзын бойлы, жап-жас жігіт. Жауынгерлері өңкей қазақ. Бәрі де оқыған жастар, жас жігіттер» деп қазақ жастарының намысты қолдан бермеген рухты, көзі ашық көкірегі ояу білімді, батыл да батыр екендерін осы жолдардан көрсете біледі.

Әңгіме кейіпкерлері: Халит Мұхамбетов, Зейнедден Ақназаров, Мүти, Қожанияз, жас бала Ербол қайсар мінезді, достыққа адал, қиын тағдырмен күресе алатын жандар. «Дұшпанның алдынан шығып жолын бөгеген жігіттерден бірен-саран аман қалғандар да бар. Солардың бірі мына алдарыңызда тұрған Халит Мұхамбетов. Ол өзін құрбандыққа ұсынып, қасындағы жолдасын хабар жеткізуге жөнелтті. Өзі өлім аузында қалды, көзсіз ерлік етті. Желкесі мен иығын бес жерден қылыш кескілеп, қолтығын оқ тесіп кетсе де, жолда ессіз құлап

қалса да бізді қорғау әрекетін істеді. Төзімділігі мен қайраттылығы ажалды жеңіп шықты...» деп елін, туған жерін қорғау жолындағы патриотизмді Халитті айту арқылы барлық жігіттердің бойында бар екенін жеткізеді. «Бізде ерлер көп. Мына бір қабірге қойылған жетпіс коммунист-сол ерлердің ішіндегі ерлері. Топырағың торқа болсын, халықтың қалаулы ұлдары!.. Бұл сол Өлеңтінің жағасында ерлерге ескерткіш қойған жиналыс еді»-деп әңгіме қаламгердің туған жерінің ерлерінің ерліктерін дәріптеуі және ішкі мақтаныш сезімінің көпшілікке айқын жеткізуімен аяқталады.

«Қызыл құмақ» әңгімесі кеңестендіру кезіндегі қазақ ауылының тағдырын, ауылдың қарапайым адамдарының тұрмыс-тіршілігін кеңес заманындағы келеңсіз оқиғаларды, адамдар арасындағы көреалмаушылық, мейірімсіздік сынды қасиеттерді жинақтаған жағымсыз кейіпкерлер мен қарама-қарсы батыл, іскер, жарқын қадамдардан қорықпайтын жағымды кейіпкерлерді көрсетеді. Сондай ақ, еңбектің қадір-қасиетін, еңбек еткен жанның ерекшелігін, әрбір жеке кейіпкердің психологиялық мінез-құлқын, әлеуметтік мәселелер мен адамдардың қоғамдық көзқарасын қаламгер терең көрсете білген.

Әңгімеде «Көрмей жүрген жұмыс емес, тек жер мен құрал қолға тисін»-деп еңбек етуге құлшынған ауыл адамдарының жігерлі сөздері бүгінгі ұрпаққа да үлгі. Қызыл әскер қатарында болып жаңадан ғана ауылға қайтқан, осы жерден комсомол ұясын ашып, оған өзі хатшы болып сайланған орта бойлы, қара торы Темір дейтін жігіттің үлкен мақсатқа қол жеткізу жолындағы іс-әрекеттерін, арман-тілектерін, батылдығын әңгімеге арқау еткен. «Ол көзсіз бораннан да, бетті қарыған ақшұнақ аяздан да қаймығатын емес» деп қаламгер жігіттің батылдығын одан әрі сенімді әңгімелейді. Темірдің жасынан қолы жетпей, көкейін тесіп келген көктемде қара қошқыл, жазда сарғыш тартып жататын құба жонның арғы жағы ақселеу жамылған кең жазық, бергі арқа беті-бетегелі боз жусанды кең жайылым Қызыл құмақ қазірде өз қолында яғни халық қолында. Бұрындары мұндай нәубет беретін шұрайлы жер о бастан текті, дәулетті, құрал-сайманы жеткілікті жандардың қолында келгенді, жалғыз атты, ағаш соқалы кедейлер қолы жеткен бір бұрышына мәз боп, көже-түйір талшығын айыратын. Ал бүгінде жазушының тілімен айтсақ: «Бәрі ортақ, мал да ортақ, жан да ортақ, ас та ортақ, арба да ортақ. Сенікі, менікі болмайды». Бұл алғаш рет қазақ ауылдарына келген жаңашылдық, жаңа заманның басы еді. Жазушы «Қызыл құмақ» әңгімесінде қазақ жеріндегі тарихи оқиғаның болуы адам өмірі мен тағдырының өзгерістеріне әкелгенін, десе де кеңестендіру науқанының кедей шаруа өмірін ауырлата түскенін кең суреттейді. Екі әңгімеде де адам баласының санасындағы революциялық күрделі өзгерістер мен қазақ даласының шалғай ауылындағы өткен революциялық өзгерістердің тарихи шежіресі шынайы бейнеленген.

«Қарт қазақ» әңгімесі: «Жаз күні еді. Бірақ бұл оқиға жаз жылуы әлі жетпеген салқын Сибирь тайгасының бір түкпірінде болды» деп басталып, алыстағы Ақтөбесін ойлап, оның Елегі мен Қобдасынан көз жазып қалған қарияның мұңды көлеңке жүзін бейнелеумен оқырман жүрегін елжіретіп басталады. Әңгіме шынайы оқиғаға негізделген, басты кейіпкер-Жұмағали Бекниязұлы. Жасы алпыстан асқан, ашаң, арық өнді, бірақ жүзінде ақылдың, сабырлы, өте салмақты мінездің ізі арылмаған кәдімгі «иман жүзді» жан. Жазушы Жүмекенді «Оның үстіне Әлім елінің келісті сиқы бар адам-ды: ұзынша жақ, жап-жазық кіршіксіз маңдай, орташа түзең мұрынды, жұқа ерінді, кәрілігіне қарамастан әлі тіп-тік және жс жігіттің мүсініндей орта бойлы сұлу дене» деп Кіші жүздегі Әлім руы туралы айта отырып тарихты жақсы білетінін бір байқатады. Шындығында да Хамза Есенжанов шығармалары өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ халқы бастан кешкен тарихи оқиғалар мен қоғамдық дамудың күрделі бір кезеңдері шындығын көркем бейнелеуге арналған.

«Қарт қазақ» әңгімесі өте қарапайым шаруа адамның жан тебіренісін, ішкі психологиялық сезімін, ауыр бейнет арқалап келген өмірін, еңбек жолындағы алға ұмтылған жалынды күшін суреттейді. Жүмекеннің туған жеріне деген сағынышын өріп жүрген қойдың жайылғанынан көз алмаған көрініспен байланыстырады. Жұмарланып бір жерге үймелей қалып, жыбырлаған қойлар бір кезде ақтарылған тарыдай шашылып, еңдей жөнеледі, қайтадан жиырылады, шөптен-шөпке, шөкеден шөкеге жүгіріп, жер түгін таласа қырқысады, Жүмекен осыларды тамашалап жануарлардан көзін алмай езу тарта берді. Жазушының төрт түлік

малдың бірі қойдың қазақ халқы үшін қасиетті екенін көрсеткісі келгені де көрініп тұр және жазушының ауылды сағынған ішкі дауысын осы әңгімеден естуге болады.

Өзге елде жүрсе де жатсынбай еңбек етіп, еңбектің арқасында жетістікке жеткен қарапайым азаматтың қазақ екенін жазушы мақтанышпен жазған. «Ағаш кесуді үйренген жоқ, өмір үйретті, күн көру әрекеті еріксіз жетектеді. Ағаш кесу ғана емес, сал байлау-оны ағызу, ағып келген салды ағытып, өзеннен жағаға шығару жұмысында неше жылы қалды. Ағытқан салдың бөренелерін біріндеп түртіп шанышқымен жылжытып, тырнадай тізбектеп транспортерге иегін іліктіруге де Жүмекең маманданып үлгірген. Ұқыпты адамға, тиянақты еңбек иесіне кім назарын аудармайды. Бір түбектің белгілі Жұмағалиы болды. Ол ағаш шығару, ағаш жинау-штабель текшелеу маманы да атанды. Қырық бес минут ішінде бір вагонды тиеп үлгеруге шеберленген қазақ та осы Жүмекең. Жүмекеңнің бригадасы озат атанбай қалған күні жоқ» - деп қазақ жігітінің еңбексүйгіш, еңбекқор қасиетін бейнелеп, қарт қазақтың ауыр тіршілік мектебінен өткенін көрсетеді. Еңбек турасында әңгімеде: «Арқаны аязға сорғызбайтын, адамшылық қадірді аяқ асты еткізбейтін, бір тілім нанға қайыршылық қолды созырмайтын еңбектің ғана құдіреті еді. Ащы қасіреттің құшағынан да алып шыққан сол еңбек...» деп еңбектің құдіретіне баға берген. Жүмекеңнің еңбекқорлығымен қатар ақылдылығын да жазушы көрсете білген: «Қарт сөйлеген сайын бір тұйықтан бір тұйыққа тірейді әрі қалаған кірпіштей сөзі орны-орнында. Соған орай бір жағынан сөйлеңкіресе екен деген ынта да бар. Оның ұзақ сөйлемейтіні, сөйлей қалса түбірлі пікір айтатыны құнды қасиеті ғой»-деп қазақ қарттың парасатты мінезін суреттеген. Жалпы әңгімеде қазақ халқының тіршілігіндегі ерекшеліктер қоюландырып айқын қарастырылған. Әсіресе мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың төрт түлікті өсірудегі тәжірибесімен бөлісіп, сол жолдағы еңбексүйгіш қарт қазақтың өміріне тоқталған.

«Жайын ілерде» әңгімесі де еңбекке баулып, еңбексүйгіштікке жастарды тәрбиелейді. Әңгіме балаларға арналған. «Қарт қазақ» әңгімесі мал шаруашылығына арналса, «Жайын ілерде» әңгімесі атынан көрініп тұрғандай балық шаруашылығына арналады. Әңгімеде: «Мен атам баласымын ғой-өзінің тізесінен басқа жерге отыртпай, папама да сүйгізбей өсірген баласымын ғой. Сондықтан атам мен әжем алдында балам деу түгіл, бетімнен де сүйіп көрген емес. Оңашада ғана сүйеді. Онда да жан-жағына қарап алып өбеді бетімнен» деп қазақ салтындағы немересін ата-әжесінің бауырына салу көрінісі байқалады. Әкені сыйлаған әкені сипаттау арқылы әке мен бала арасындағы кіршіксіз таза тазалық пен сыйластықты көрсете білген. Әкесімен балық аулауға ілесе барған ұлы әкесінің жылдам жүрісінен қалып қояды. Жүрісі өнбей, арқасы су болып, ертеңгі аяз қолын қарып удай ашытып жанын шығарады. Әкесінің баласын ілестіріп қарамай бара жатуы, «ұлынды аясаң, аяма» деген мақалды еріксіз ойға түсіреді, әңгімеде әкесі кішкентай ұлын өмірдегі қиындықтарға да қазірден үйретіп жатқандай. Бұл көрініс көптеген қазіргі жас әкелерге бала тәрбиесінде үлкен сабақ болар еді. Әңгіме «Қазір атам мен әжем жоқ. Папам да жоқ. «Не ілетініңді ұстазың айтар» деген сөзді кейін түсіндім: білім ілу. Мен оны ілдім. Бірақ менің ілген жайынымды олар көре алмады. Тілектері мені ұстаз ету еді» деп өзгеше толғаныспен аяқталады. Ата-ананы қадірлеу басты орында және қадірін есейгенде түсіну өмір заңдылығы екенін жазушы оқырманның жүрегіне әсерлі жеткізген.

Хамза Есенжановтың қысқа, әрі нұсқа очерктері әдеби шеберліктің мектебін ашып, шынайылықтың үлгісін көрсете білгендей, түсінікті әрі мағыналы, байқап тұрсаң сол қазақтың қарапайым азаматын жан-жақты ұлы тұлғадай насихаттайды. Жазушының ерекшелігі де осы ма дедім, әр адамның бойынан бір үлкен қасиетті тани білуінде.

Поезд ішіндегі оқиғаны көрсеткен Мысырлық екі жас жігітті сипаттаумен басталатын «Омардың шәкірттері» шығармасы қазақтарды жатырқамай өздеріне жылы тартып отырған Мысырлық бозбалалардың іс-әрекеттерін ерекше суреттеген. «Бойшаң, ашық жүзді қоңыр жігіттің аты-жөні бір шумақ-Ғабдур-Рахим Халфе Мухаммед Мұстафа екен, ал екіншісі-аласалау, иықты және шықшыттылау келген бала жігіттің аты жып-жинақты-Мухаммед-Ғали Сайд» деп жазушы тіпті олардың аттарын да анық, дәлелді түрде айқындап айтып өтеді. Бұл айқындық шығармадағы бас қаһарманның шынайы кейіпкер екенін одан әрі сендіре түседі.

Шығарманың басты кейіпкері Қызылорданың Шиелі станциясында туып, училище бітіргеннен кейін комсомол жолдамасымен Братск электр станциясын салысуға аттанып, құрылыстарда он жыл істеген соң осы Асуанға жол шеккен электросварщик, бригадир, араб жастарына жиырма бес жеткіншекті өз өнеріне жетілдіріп, электрмен болат пісіру, электр станциясын салу техникасына үйретіп жүрген Омар Жетібаев орта бойлы, жігерлі пішінді, қара торы қазақ. Екі жылға шарт жасасып келсе де, осындағылар басшы мамандар жібергісі келмей, әлі де болуын қалайды. «Жүмһурият Қазақстан? Ғұмар. Мусли... Асуан?..» деп балалар Омарды Ғұмар деп атайды. Жас жігіттер асуан құрылысында жұмыс істеп жүріп оқып, үйреніп, жаңа мамандыққа қол созған жігіттер, олардың ұстазы Совет одағынан келген мұсылман қазақ Ғұмар дейтін адам, шәкірттер поезд ішіндегі қазақ азаматтарын өз ұстаздарының жерлесі екенін сезіп, өте-мөте іш тартып, жақындай түседі. Бұл жерде қазақ халқының қандай да болмасын өзге ұлттарды жатырқамай, әрқашан ашық көңілін білдіретінін байқауға болады.

Сондай ақ, «Адам ойын қиял көгіне жетектеген Мысыр! Ертегідей сұлу Ніл алқабы! Аңыз біткен, ертеңгі қойдай өріп, әлемге өрістеген жер! Ғайсадан төрт мың жыл бұрын арғы көне заманда өмірдің тылсым тілін ұққан-мысырлықтар! Геометрия мен астраномия ғылымын жөргектеп, көктегі жұлдыз санын есептеген, оның жүрісін тәй-тәйлеген ел! Ұлылығы мен сұлулығы таңдай қақтырған тәңірі үйлерін салушы Имхотеп инженерді туғызған халық! Қолөнері мен архитектура тілін меңгерген, сурет салу мен жазу-сызу нақышын тапқан жұрт!»-деп жазушы Мысыр елінің сұлулығын екпін түсіре ерекше интонациямен суреттеген. Соншалықты ерекше жерде қазақтың қарапайым азаматының қаншалықты беделге ие екенін мақтанышпен айтып, елді айтса да астарында қазақ азаматының шеберлігі мен ұсталығын жеткізгісі келгені айқын.

Қаламгер өлшеулі ғана шығармашылық ғұмырында көптеген ірі кейіпкерлерді тудырған, соның бірі тарихи тұлға, Найман биі, көп айтыла бермейтін - Сәдубек Найман. 1538-1580 жылдарда қазақ ханы болған Хақ-назар тұсында өмір сүрген, кеңесші әрі ұстаз, би болған. Хақ-назар ханның немересі Ораз-Мұхаммет сұлтанның сенімді өкілі болады. Хақ-назар Ораз Мұқамметке: «Бері кел, отыр, шаһзада. Қазір бектер бегі келеді. Сол кісіні басшы етіп сапарға аттандырамын, шаһзада. Сарайдан аулақ, елден де аулақ алыста жүргенде ер жігіттің ісін істер, жақсыдан үлгі алар, өнерлінің өнерін үйренер деп ойлаймын, шаһзада»,-деген сөзінде «сол кісіні басшы етіп» дегені Сәдубек Найман болатын.

Шығармада Хақ-Назар хан немересіне түрлі сұрақтар қойып, сыннан өткізеді, «ұлан байтақ кең жеріңді көз алдыңа келтіріп көрші»,-дейді хан атасы, немересі: «Жақсы әмірші ата, келтірейін. Бабам билеген байтақ қоныс: ежелгі алтын бесік Іле дариясының алқабынан басталады. Батыстағы Еділ мен Жайыққа ұштасып, Сары-Айшықпен шектеседі. Арқа бетте Есіл мен Нұра екі суды өрлеп, Ақторғай қанаттас Ақшат тауымен Ұлы таулардан әрі Естек еліне тіреледі...»,-деп жауап қайтарады, әрі қарай «Үлкен жеріңнің көлі мен өзенін, ол өзен мен көлде қандай балығы барын жатқа біл, далаңның құмды шөлі мен Балқашты тоғайын, оның аңы мен құсын көз алдыңа тұрғандай сана. Айнытпай айтып бер»-деп ұстазым оқытты дейді. Ораз-Мұхаммед сұлтанның да, автордың да туған жеріне деген ұлы сезімін, сүйіспеншілігін осы үзінділерден байқауға болады. Жалпы шығармада өз заманының билік арасындағы тартысты суреттеген, тарихи жағынан нақты, Сәдубек Найманды өрбу, өсу үстінде сомдап көрсеткен.

Мен Хамза Есенжанов әңгімелерін оқи отырып, «Хамза Есенжанов- халық жазушысы, ауылдан шыққан шынайы талант иесі, қайсарлығын, қарым-қабілетін туған еліне, халқына мойындатқан қарымды қаламгер, Хамза Есенжанов шығармалары өзі өмір сүрген қуғын-сүргін уақыттарын қамтиды. Кемел жасын тас қапаста, қиындықта өткізген жазушы шын мәнінде шынайы өмірге деген құштарлығын жоғалтпай аз уақыттың көлемінде қазақ әдебиетіне өз үлесін қосқан дара жазушылардың бірі» деп баға берер едім.

Әдебиеттер

1. Сүлейменов С.Х., Сүлейменова Д.Д., Ақжайығын аңсаған азамат: Х.И.Есенжановтың туғанына 100 толуына орай естеліктер.-Алматы, 2008.-264 б.
2. Хамза Есенжанов. Көп жыл өткен соң: әңгімелер, очерктер.-Алматы, 1980.-2280 б.
3. Хамза Есенжанов. Публицистикалық мақалалар: Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2014.-392 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ АКТ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Испанова Э.Ж.

Атырау қаласы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
аға оқытушы, магистр

Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі ретінде орталық тұлға болып табылады.

Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталсақ. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс – әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері». Методикалық терминдер сөздігінде «Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. «Құзырлық» сөзі туралы Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) — жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық — өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Тұлға құзырлығының құрылымын анықтауда өте көптеген тәсілдер бар.

Бастауыш сынып мұғалімінің қазіргі білім беру жағдайында табысты жұмыс істеуге кәсіби дайындығының көрсеткіштерінің бірі оның ақпараттық құзыреттілігі болып табылады. Мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі - бұл кәсіби-педагогикалық қызметте тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін және білім беру үдерісінде ақпараттық және интернет-технологияларды меңгеру мен пайдалану деңгейін көрсететін пәндік-спецификалық білімді ұйымдастырудың ерекше түрі.

Мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне байланысты міндеттер үш топқа бөлінеді:

- қоғамның мүдделерін білдіру;
- мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметінің функциялары мен мазмұнын көрсету;
- мұғалімнің жеке кәсіби қажеттіліктері мен қызығушылықтарын білдіру.

«Ақпараттық құзыреттілік» термині бастауыш жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының негізгі шарттарын білдіреді және өз бетінше қажетті ақпаратты іздеу, талдау, таңдау, өңдеу және беру мүмкіндігі мен қабілеті ретінде анықталады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданбай заманауи сабақ өткізу мүмкін емес. Олар көрнекі кескіндерді тарту арқылы оқу ақпаратын қызықты етуге көмектеседі, оқу сапасын жақсартады және оқуға деген құштарлықты арттырады.

Презентация материалын қолданатын сабақтардың тығыздығы жоғары, қызмет түрлерінің өзгеру қарқындылығы жоғары, олар жаңа түске ие болады, эмоционалды, мәнерлі,

ойын түрінде өтеді, бұл сайып келгенде ассимиляция сапасының оқу материалының артуына ықпал етеді

Сабақтарды бастамас бұрын әр мұғалім:

- әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- сабаққа арналған материалды алу;
- жиналған материалды презентация түрінде орналастыру.

Мұғалім ең бастысы, сабақты қызықты әрі байытатын, оқушылардың зерттелетін пәнге деген қызығушылығын оята алатын жолдарды табуы керек.

Көрнекі қабылдау процесін оңтайландыру және сабақтың демонстрациялық әсерін арттыру үшін мультимедиялық проекторды қолдану маңызды. Презентациялар оқу процесін жандандырып, оқуға деген ынтаны арттыра алады. Мұғалімде оқушылардың мүмкіндіктерін, мотивациясын, жас және психологиялық ерекшеліктерін саралау үшін қажетті дайындық болуы керек.

Презентациялар - компьютерлік бағдарламалар көмегімен ақпаратты ұсынудың ыңғайлы және тиімді әдісі. Ол динамиканы, дыбыс пен бейнені, яғни баланың назарын ең ұзақ уақытқа аударатын факторларды біріктіреді.

Артықшылықтары:

- фотосуреттерді, сызбаларды көрсетуді жеңілдету;
- анимацияны қолдану және бейне фрагменттерін енгізу арқылы динамикалық процестерді көрсетуге болады;
- слайдтағы тақырыптардың көмегімен сіз материалды ұсыну барысын қадағалай аласыз;
- пәнаралық байланыстар ашылды;
- сабақтағы басқа жұмыстарға уақыт үнемдейді.

Мультимедиялық презентация - бұл айқындық, жылдамдық, ыңғайлылық, балаларға тартымдылық, эмоционалды көңіл-күйді қолдау, ұсынылған материалды қабылдау мен есте сақтауды жеңілдету, сабақтың маңызды сәттеріне назар аударту мүмкіндігі. Сыныпта осындай сабақтар кезінде оқушылардың «өз сөздерімен» ойларын жеткізуге ұмтылатын қарым-қатынас ортасы құрылады, олар дайын тапсырмаларды орындайды, зерттелетін материалға қызығушылық танытады. Балалар, қоғамның ең ізденімпаз және білгір бөлігі ретінде, барлық жаңалықтарды сөзбе-сөз «қояды».

К.Д.Ушинский: «Балалардың табиғаты көрнекілікті қажет етеді» деп жазды. Презентация сабақта не талқыланып жатқанын толықтыруы, бейнелеуі керек. Сабақта компьютерді қолдану оң нәтиже беруі үшін бастауыш мектептерге арналған белгіленген гигиеналық стандарттарға сәйкес оқу процесінің жұмысын дұрыс ұйымдастыру қажет. Көрнекі күйзеліске байланысты оқытудың техникалық құралдарын қолданғаннан кейін, көздің шаршауын болдырмайтын жаттығулар кешенін орындау қажет.

Компьютер - балалардың шығармашылығына стимул. Экран біз кейде ала алмайтын назар аударады. Танымдық қызметті презентация көмегімен басқаруға жұмсалған жұмыс өзін барлық жағынан ақтайды:

- білім сапасын жақсартады;
- баланы жалпы дамуға ықпал етеді;
- қиындықтарды жеңуге көмектеседі;
- оқытушылар мен оқушылар арасындағы түсіністік пен олардың оқу үдерісіндегі ынтымақтастығы үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Мультимедиялық презентацияларды қолданатын сабақтардың фрагменттері заманауи сабақты құрудың негізгі принциптерінің бірі - тартымдылық принципін бейнелейді. Балалар өз пікірлерін белсенді айтады, дауласады.

Осылайша, бізде бастауыш жалпы базалық білім беру бағдарламасын игерудің жеке нәтижелерін қалыптастыру мүмкіндігі бар.

АКТ бастауыш мектеп оқушыларының жалпыға бірдей білім беру іс-әрекеттерін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қолданылады. Осы мақсаттарға қол жеткізу бірінші кезекте бастауыш сынып мұғалімінің құзыретіне кіретін мәселелерді шешумен анықталады:

- бастауыш мектепте оқушылардың компьютерлік сауаттылық пен ақпараттық мәдениет элементтерін игеруіне әдістемелік жағдай жасау;
- ақпараттық-білімдік пәндік ортаны қалыптастыру және оны оқу процесінде тиімді пайдалану.

АКТ құзыреті - бұл мемлекеттік білім беру стандартын іске асыру шеңберінде өз бетінше іздеу, жинақтау, талдау, бағалау, жүйелеу, ұсыну, беру, объектілерді және процестерді модельдеу және жобалау, оның жеке кәсіби қызметін қоса алғанда, шебер пайдалана білу. Құзыреттілік кез-келген кәсіби қызметтің негізі болып табылады.

Бастауыш мектеп жасының барлық жас кезеңдерінен бастап оқу іс-әрекетінің мотивациялық компонентін қалыптастыру, танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамыту, жеке ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ашу, өндірістік техниканы және оқу дағдыларын, адекватты өзін-өзі бағалауды, өзіне және басқаларға қатысты сыншылдықты қалыптастыру, сонымен қатар өзін-өзі бақылау және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамыту үшін қолайлы болатындығын есте ұстаған жөн.

Сапалы нәтиже алу үшін барлық мүмкін оқу құралдарын қолдану қажет: оқытуды дараландыру, оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарына бейімделу, олардың дербестігі мен шығармашылығын дамыту, білім берудің жаңа ақпарат көздеріне қол жеткізу, пайдалану зерттелген процестер мен объектілерді компьютерлік модельдеу. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісіне қосу әр түрлі пәндерді оқуда қолданылатын оқу-әдістемелік құралдардың рөлін өзгертеді, нәтижесінде оқу ортасының өзін өзгертеді.

Сонымен, білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушыға сабақта жеткізілетін ақпарат көлемін көбейтуге, когнитивті әрекетті әдеттегі сабақтарға қарағанда белсенді ұйымдастыруға, қабылдау, ойлау, психологиялық процестерге әсер етуге, ақпаратты есте сақтау және игеруге мүмкіндік береді

Оқыту барысында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану әр түрлі танымдық қабілеттері бар мектеп оқушыларында арнайы дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді; сабақтарды көрнекі және динамикалық етеді; оқыту мен дамыту тұрғысынан тиімді етеді; бастауыш сынып мұғалімінің жұмысын жеңілдетеді негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырады. Ақпараттық технологиялардың көмегімен мұғалімдердің өзі ақпаратпен жұмыс істей білуі, іздеу, талдау, оқу процесін жүзеге асыру үшін таңдау және өңдеу керек.

Заманауи мұғалімнің деңгейі қазіргі заманғы оқушы деңгейінен қалыспауы керек. Мемлекеттік білім беру стандарты АКТ құралдарын қолдануға деген көзқарасымызды қайта қарауға және өзінің АКТ құзыреттілігін қалыптастыруға жеткілікті уақыт пен күш жұмсауға міндеттейді.

АКТ құзыреттілігі дегеніміз - мұғалімнің өзінің оқу іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өз бетінше қолдана білуге дайындығымен көрінетін жеке сапасы. Бұл мұғалімнің ақпараттық, коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу, тұрмыстық және кәсіби міндеттерді шешуге қабілеттілігі.

Мұғалімнің АКТ құзыреттілігіне қойылатын талаптар:

- пайдаланушының технологиялық немесе жалпы құзыреттілігі;
- педагогикалық құзыреттілік;
- кәсіби (пәндік) құзыреттілік.

Технологиялық (жалпы қолданушы) АКТ құзыреттілігі мұғалімнің жергілікті желіге және Интернетке қосылған заманауи компьютердің сауатты пайдаланушысы екендігін білдіреді.

Мұғалімнің АКТ құзыреттілігінің екінші компонентін педагогикалық АКТ құзыреттілігі деп санауға болады. Аталған құзыреттіліктің болуы мұғалімнің білім беру үдерісін ақпараттық қоғамның жалпы білім беру жүйесінің алдына қойған мақсатына сәйкес жүргізе алатынын және осы үдерісте АКТ-ны тиімді қолдана алатынын білдіреді.

Бұл оқыту әдістері мен білім беру мазмұнын терең қайта құрумен байланысты: ақпараттық технологияларды оқу қызметінің әр түрлі формаларына қолдану: жеке, топтық, ұжымдық; АКТ мүмкіндіктерін ескере отырып, жобалық қызметті жоспарлау; қол жетімді

Интернет-ресурстарды пайдалану; интерактивті модельдерді, виртуалды зертханаларды қолдану; үй тапсырмасын дайындауда қашықтағы ресурстарды пайдалану; тапсырмалар мен тестілерді электронды түрде дайындау.

Үшінші компонент - мұғалімнің кәсіби АКТ құзыреттілігі. Оқытушыға дидактикалық материалдар мен жұмыс құжаттарын өздігінен дайындаудың алдыңғы қатарлы әдістері қажет, бұл оқу процесінде АКТ құралдарын кешенді қолдануды жоспарлауға және ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осы талаптардың барлығына жауап бере отырып, мұғалім қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның өкілі деңгейіндегі кәсіби мәселелерді шеше алады, АКТ құзыреттілігін қалыптастыру бойынша оқу қызметін ұйымдастыра алады.

Сонымен қатар, мұғалім АКТ саласында құзыретті болу үшін оған: дәстүрлі оқыту көзқарастарын қайта қарау, АКТ-ға сәйкес келетін педагогикалық технологияларды іздеу және таңдау, ойлаудың жаңа түрін қалыптастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//<http://edu.gov.kz>
2. Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед.ғыл.д-ры дис... Қаз. мем. қыздар пед. ин-ты . - Түркістан, 2006.- 312 б.
3. Жұмабаева А.М. Жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолданудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. / Тараз мемлекеттік педагогикалық ин-ты . - Түркістан, 2008.- 150 б
4. Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру: дис...PhD: 6010200- . Алматы, 2014. – 161 с
5. Ершова Н.А. Формирование компетентности учителя начальных классов в области информационно-коммуникационных технологий в педагогическом колледже: автореф. дисс...канд.пед.наук., - Волгоград, 2009. - 26 с.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Жумағалиева А.А.

БҚО Қаратөбе ауданы “Балапан” бөбекжайы

Ayymgul.zhumagaliyeva.95@mail.ru

Қазақстан-тәуелсіздік алған отыз жылдам уақыт ішінде, көптеген қызықты әрі қиын тарихи сәттер мен даму үдерісін бастан кешті. Жетілді, өркендеді, дамыды. Ең, етене көңіл бөлген саласы-ол білім болды. Қазақ жастарын, жан-жақты біліммен қамтамасыз етуді мақсат тұтып, сол жолда аянбай тер төгіп келеді.

Қазақстан-дәстүрлі оқыту жүйесінен көшіп, жаңартылғын білім мазмұнына келгелі қашан. Қырық бес минут уақытта, жаңа сабақ түсіндірумен және де сабақ сұраумен шектеліп келген дәстүрлі оқыту жүйесінен, мазмұны терең, заманауи оқу үдерісіне көшу және қабылдау оңай болған жоқ. Мұғалім-бағыт-бағдар беруші, жол көрсетуші, ал, оқушылар керісінше спикер болу тиіс, жаңартылған оқу мазмұны, отыз жылға таяу қозғалыссыз қалған оқуды алға жылжытқандай.

Білім берудегі озық технологияларға техника көздері мен цифрлық инновациялар, заманауи сенсорлы құрылғылар мен оқу-құрал жабдықтары жатады. Ал, заманауи үрдістерге білімді һәм білікті педагогтар, жан-жақты, идеяшыл, креатившіл, жаңашыл кадрлар кіреді.

Қоғам дамуының аксиомасы жоғары сапалы білім алу мүмкіндіктерін ұсыну арқылы адами капитал деңгейін арттыру болып табылады. Ондай адами капитал деңгейін арттыру балабақша жасындағы балаларға тиімді білім беруден басталады. Бұл, ең алдымен,

инновацияларды көбірек қабылдайтын жас ұрпаққа қатысты және оны мұғалімдер міндетті түрде ескеруі керек нәрсе. Олардың негізгі міндеті-балаларды жазуға және санауға үйрету ғана емес, сонымен қатар әр балаға өзінің мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, осылайша ол жас кезінен бастап өзін жеке тұлға ретінде сезініп, болашақта өзінің әлеуетін лайықты түрде жүзеге асыра алады және әрқашан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады. Қазіргі ақпараттық қоғамда мазмұнға ілесу мүмкін емес, функционалдық сауаттылық-бұл болашақта қоғамның дамуына мүмкіндік беретін заманауи әлемдік білім беру үрдісі. Кез-келген мемлекеттің болашағы балалардың тез өзгеретін әлемде тиімді жұмыс істеу қабілетіне байланысты. Жақсы жұмыс пен инновация үшін бәсекелестік енді бір қаламен, тіпті бір елмен шектелмейді. Өскелең қазақстандықтар жаһандық деңгейде бәсекелесуге тиіс, цифрлы сауатты жастар сол үшін де қажет.

Білім үлкен мүмкіндіктер әлеміне есік болды және болып қала береді. Елімізде мектептегі білім беру жүйесіне ең озық идеялар мен педагогикалық технологияларды енгізу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Оқушыларымыздың білім сапасын арттыра отырып, біз оларды біз өмір сүргеннен әлдеқайда күрделі және жылдам әлемге дайындаймыз. Ең дұрысы, қазақстандық мектептердің барлық түлектері бәсекеге қабілетті болуы керек. Ол үшін іргетас балабақшадан қалануы маңызды. Цифрлы сауатты бөбекжай балалары, өскенде де сол іргетасты жалғастырып кетеді. Жақсы жұмыс пен инновация үшін бәсекелестік енді халықаралық деңгейге сәйкес келуі керек. Ол үшін мектепке заманауи мемлекеттік білім беру стандартын енгізу, оған сәйкес жоғары кәсіби мамандарды және лайықты материалдық-техникалық жарактандыруды қамтамасыз ету, жаңа буын оқулықтарымен қамтамасыз ету, орта білім беруді барынша жаңғырту қажет. Бұл жұмыс қазірдің өзінде басталды және орта және ұзақ мерзімді перспективада өз жемісін беруі керек.

Соңғы жылдары білім беруді дамытуда бірнеше жаңа тенденциялар байқалды және оларды атап өту қажет. Көптеген трендтер мұғалімдерге бұрыннан таныс екенін ескере отырып, мен олардың кейбіреулеріне қысқаша тоқталамын. Білім берудегі заманауи трендтердің ішінде мектеп бағдарламасының кез-келген тақырыбына арналған ондаған мың бейне нұсқаулықтарды қамтитын ашық онлайн-ресурстарды пайдалануды атап өткім келеді. Мысалы, көптеген мұғалімдер хан академиясы сияқты белгілі ресурсты сәтті пайдаланады, сонымен қатар пандемия көптеген мектеп материалдарын цифрландыруға әкелді. Осындай ашық ресурстар мен жеке әзірлемелер болған кезде flipped classroom аралас оқыту технологиясын кеңінен қолдануға болады. Бұл формат көптеген мұғалімдерге таныс және әсіресе қазіргі жағдайда белсенді қолданылады. Оқытуды геймификациялау балаларға түсінікті тілде сөйлейді, оларды білім мен дағдыларды қалыптастыру процесіне көмектеседі. Кейбір мұғалімдер әртүрлі онлайн ойын платформаларын қолдана отырып, ойын тәсілін қолданады. Сонымен, сыныпты әр түрлі мифтік кейіпкерлерден тұратын топтарға бөлуге болады: орктар, эльфтер, сиқыршылар мен алхимиктер және сол сияқтылар, тек мектеп оқушыларына түсінікті жаратылыстарды таңдап, жас ерекшеліктеріне сай етіп таңдау керек. Оқу процесіне толығымен қатысып, тәжірибе ұпайларын жинай отырып, балалар оқу процесіне толығымен енеді, бұл енді қызықсыз нәрсе ретінде қарастырылмайды.

Мен болашақ толықтырылған шындықтың артында екеніне сенемін. Көптеген адамдар кітаптарды көрген шығар, олардың беттерін аша отырып, оқырман өзінің гаджетінде үш өлшемді толық анимацияланған және дауысты бейнені көреді. Бұл белсенді оқыту үшін қандай мүмкіндіктер туғызатынын елестетіп көріңіз. Шетелдік мектептерде қолданылатын үш өлшемді виртуалды модельдер (жасушалар, жануарлар, молекулалар, планеталар, адам мүшелері) кең таралған. Енді шетелге сапарларда бейнекамераны шет тіліндегі мәтінге бағыттау жеткілікті, сонда Google линзасы аудармашымен бірге сіз үшін белгісіз тілден аудару бойынша барлық жұмысты жасайды.

Онлайн және мобильді технологияларды дамыту оқытуды жекелендіру үшін мүмкіндіктер ашады. Осы уақытқа дейін дифференциалды оқытудың күрделі әдістері, әр оқушы өзіне тән оқу жылдамдығымен алға жылжыған кезде, өте нақты болады. Деректердің үлкен массивтері (Big Data) -бұл білім беруді дамытудың тағы бір толық бағыты. Виртуалды

кеңістіктегі оқушының ең кішкентай әрекетін де қазір егжей-тегжейлі және жоғары дәлдікпен талдауға болады. Бұл үлкен деректер массивтерімен жұмыс істей алатын білім беру зерттеушілері үшін үлкен өріс.

Жасанды интеллект біздің өмірімізге еніп үлгерді. Балалар Google, Элис, Siri, Alexa (Apple Siri, Amazon Alexa, Google Assistant, Microsoft Cortana) сияқты техникалық жаңалықтармен оңай байланысады. Жасанды интеллект дұрыс қойылған сұрақты түсінуге және оған жауап беруге бірнеше секунд жеткілікті. Бұл тенденция орта білім беру жүйесінде әлі дамымаған, бірақ оны өте байыпты қабылдаған жөн. Қазақстандық мектепке тез келетін ауқымды инновацияларды ұзақ талқылауға болады. Цифрлы қуатты мемлекет-болашақтың кілті. Дәл қазіргі таңада еліміздің жастары отандық IT саласына қызығып, өзіндік бренд пен тренд қалыптастырып жатқаны, қуантады. Мықты оқушының артында-мықты мұғалім тұратынын білеміз.

Бүгінде компьютерді бүге-шүгесіне дейін білетін педагогтар мен оқушылар саны толыққанды, десе де цифрлы инновацияның жаңа түрлерімен, сенсорлық жүйедегі техникаларды сабақта тиімді пайдалана алатын қос тарап аз. Оқу жүйесінде заманауи үдеріс қалыптастыру үшін, үздіксіз дамып отыру қажет. Ол үшін заманауи педагогтің рөлі ерекше. Озық технологияларды оқушыларға сауатты меңгертететін де, білім мен оқуға қызықтыратын да ол педагог. Мектеп институтын ғана емес, сонымен қатар экономика, инновация, серпінді технологиялар, қоғамның рухани мазмұны, оның демократиялық тірегі және қоғамдық өмірдің басқа аспектілерін құратын мұғалім. Өмір бойы оқитын және үнемі біліктілігін арттыратын мұғалім. Мектеп оқушыларын ғана емес, жас әріптестерін де оқытатын мұғалім. Өз мектебінде ғана емес, одан тыс жерлерде де олармен білім бөлісуге дайын мұғалім. Ең бастысы. Мұғалім-біздің жас азаматтарымызға қазақстандық қоғамның іргелі құндылықтарын сіңіре алатын бала үшін рухани-адамгершілік бағдар.

Осы орайда болашақ білім берудің 10 трендін жазып кеткенді жөн көрдім; Болашақ білім беру жүйесіндегі негізгі трендтер оқытудың жаңа форматтарын іздеумен ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін жаңа рөлдерді іздеумен де байланысты. Міне, бізге қандай тенденциялар маңызды болып көрінеді:

Үздіксіз оқыту немесе Lifelong Learning.

Lifelong Learning тұжырымдамасы болашақ білім беру трендтерінің рейтингінде бірінші орынға ие болуы бекер емес. Өйткені, бұл қазіргі адамның өмірін онсыз елестету мүмкін емес. Ақпарат үлкен жылдамдықпен жаңартылуда, жаңа технологиялар пайда болуда, роботтар адамдарды алмастыруда, бұл сол үшін қажет.

Жалпы цифрландыру.

Конечно, нестандартные уроки, необычные по замыслу, организации, методике проведения, больше нравятся учащимся, чем стандартные учебные занятия со строгой структурой и установленным режимом работы. Поэтому, по мнению И. П. Подласого, «практиковать такие уроки следует всем педагогам. Но превращать нестандартные уроки в главную форму работы, вводить их в систему нецелесообразно из-за большой потери времени, отсутствия серьезного познавательного труда, невысокой результативности».

В современных условиях реформирования образования, качественные изменения ценностей и потребностей современного общества требуют адекватных изменений в образовании. Одним из важных критериев профессиональной готовности педагога к работе в современных условиях является уровень его подготовки к овладению инновационно-педагогическими технологиями. Перед каждым учителем встает задача формирования творческой личности школьника, развития интеллектуального и нравственного потенциала личности, способной успешно адаптироваться в современном обществе. Реализация требований современной жизни поставила перед учителем принципиально новую общепедагогическую задачу – целенаправленно готовить юных граждан не только к труду и

познанию, но и к полноценному вступлению в противоречивые социально-экономические отношения в стране.

Под инновациями в обучении предлагается понимать новые методики преподавания, новые способы организации занятий, новшества в организации содержания образования, методы оценивания образовательного результата. К наиболее известным инновациям в этой области относятся:

1. Организация занятий

- методики коллективных учебных занятий с созданием ситуации взаимообучения;
- игровые методики (викторины, конкурсы, диспуты).

Организация занятий:

- метод проектов,
- школа – парк,
- создание схем сетевого взаимодействия;

2. Представление и передача содержания образования

- опорные сигналы;
- создание компьютеризированных курсов;
- технологии созданные на основе принципа полного усвоения;
- метод погружения;
- проблемное обучение;
- организация исследовательской деятельности с получением новых для учащихся знаний.

3. Методы оценивания образовательного результата:

- рейтинговая оценка;
- создание портфолио.

К настоящему времени сложилось значительное количество разнообразных инновационных образовательных методик.

Эвристическое обучение, мозговой штурм, проблемное обучение, дебаты, метод проектов, дерево решений, ролевые игры, деловая игра, деловая корзина, форум, думай и слушай, панельная дискуссия и т.д.

В основе всех методик лежит идея создания адаптивных условий для каждого ученика, т.е. адаптация к особенностям ученика, содержания, методов, форм образования и максимальная ориентация на самостоятельную личность.

Инновации призваны решить накопившиеся проблемы, предложить способы их решения.

Работая учителем начальных классов более 30 лет, приходится не только учить детей, но и учиться самой. Как более эффективно использовать имеющиеся знания в процессе обучения, как сделать так, чтобы ученикам на уроках было интересно, и чтобы на следующий урок они шли не потому, что надо, а потому что им хочется идти получать новые знания, умения и делиться имеющимся знаниями с окружающими. Поэтому в своей работе я использую различные формы и методы обучения, но чаще всего это информационные и проблемные дидактические игры, логические задания, элементы проблемного обучения, различные практические ситуации, решение разного рода задач и т.д. Когда детям интересно на уроке, они с удовольствием занимаются, участвуют в работе школьного коллектива, принимают участие в различных конкурсах и олимпиадах. Также использование на уроке компьютера, мультимедийного проектора, электронной энциклопедии, видеотехники, мультимедийной доски становится сегодня не роскошью, а средством повышения эффективности урока. Компьютер на уроке является средством, позволяющим учащимся лучше познать самих себя, индивидуальные особенности своего учения, способствует развитию самостоятельности учащихся. Учащийся может наблюдать на экране, что получается после осуществления той или иной операции, как меняется значение выражения, когда меняется тот или иной параметр.

Держать руку на пульсе времени – позиция современного педагога. Нововведения в целеполагании, в задачах, в содержании образования и воспитания, в формах, в методах, в

приёмах, в технологиях обучения, в средствах обучения и образования, в системе диагностики, в контроле, в оценке результатов и т.д. Как не потеряться в потоке новых возможностей!? В связи с этим в современном педагогическом процессе существенно возрастает роль профессионально компетентных педагогов к организуемой ими учебно-воспитательной деятельности обучающихся. Новые исследования в педагогике и педагогической психологии направлены на личностно-ориентированную организацию учебного процесса. В названных условиях коренных социальных изменений инновационно-педагогические технологии являются частью общей профессиональной подготовки учителя, и требуют повышения его творческого мастерства.

Ясно, что с ростом объема знаний должны радикально меняться и способы их усвоения.

Именно в связи с этим происходит активный поиск совершенно новых технологий, методик, позволяющих качественно управлять процессом образования, воспитывать всесторонне развитую личность ребёнка. Инновационные процессы в образовании стали сегодня неотъемлемой и важной частью общественного развития как главного требования времени.

Внедрение инновационных технологий в учебно-воспитательный процесс является одним из условий прогрессивного развития современного казахстанского общества.

Неуклонный процесс совершенствования образования должен приводить к тому, чтобы инновационные идеи легко подхватывались руководством школ, учащимися, их родителями. Это будет происходить только тогда, когда группы участников образовательного процесса будут чувствовать, что конкретная инновационная идея с точки зрения соотношения «внедрение-отдача» может дать возможность не только им, а действительно всем получить ответы на те вопросы, которые ставит современная жизнь перед образованием в целом и каждым человеком.

Литература

1. Инновационные педагогические технологии. Модульное пособие для преподавателей профессиональной школы / Под ред. Е. В. Иванова, Л. И. Косовой, Т. Ю. Аветовой. - СПб.: Изд-во ООО Полиграф-С, 2004.
2. Кларин, М. В. Педагогическая технология в учебном процессе (анализ зарубежного опыта) / М. В. Кларин. - М., 1989.
3. Кульневич С.В., Лакоценина Т.П. Не совсем обычный урок: Практическое пособие - Воронеж, 2006.
4. Инновации в образовании: сб. науч. тр. - М.: АПК и ПРО, 2001.
5. Лукьянова Р.С. Система дидактических игр и творческих учебных заданий: учеб.пособие – Н.Новгород: Нижегородский гуманитарный центр, 2007.
6. Инновационные педагогические технологии. Модульное пособие для преподавателей профессиональной школы / Под ред. Е. В. Иванова, Л. И. Косовой, Т. Ю. Аветовой. - СПб.: Изд-во ООО Полиграф-С, 2004.
7. Никишина И.В. Инновационные педагогические технологии и организация учебно – воспитательного и методического процессов в школе: использование интерактивных форм и методов в процессе обучения учащихся и педагогов. – Волгоград: Учитель, 2007

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АСЫҚ ОЙЫНДАРЫН ЗАМАНАУИ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Конаева Г.К.

Атырау қаласының №33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы директоры
gk-gk@mail.ru

Мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаев ұстаздардың алдында сөйлеген сөзінде «Ұлттық құндылыққа қанып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады» дегендей, ұмытылып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, көздің қарашығындай сақтап, өсіп келе жатқан ұрпаққа аманат ету-біздің парызымыз. [1] Ұмытылып бара жатқан, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырта білуіміз қажет.

Барлық халықты бір ғана арнаға салуға бағытталған өктем билік орнаған заманда қазақтың ұлттық әдебиеті де, мәдениеті де, салт-дәстүрі де қатты қысымға ұшырап, өрісі тарылғаны мәлім. [2] Ұлтқа тән барлық қайнарлардың көзі тығындалып, бірте-бірте ізі өше бастады. Сондай саланың бірі – қазақтың ұлттық ойындары. Кейіннен қазақ халқы тарихи кезеңге қадам басты. Өзінің Тәуелсіз мемлекетіне ие болды. Жоғалған жаухарларымыз да оралды. Асық ойыны да балаларымызды қуанта бастады. Өзінің түрлеріне қарай баланың күш-жігерін арттырып, мергендігін, шапшаңдығын, ептілігі мен қырағылығын жетілдіреді. Бір мезгілде бірнеше бала ойнайтын асық ойынының түрлері жас баланың намысын жанып, «қатарымнан озсам» деген талпынысты бойға қасиет қылып сіңіреді. Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады. Жүгіресің, секіресің, көздейсің, тигізесің, ерегесесің, жеңесің, жеңілесің, ұтасың, ұтыласың, асыққа бай боласың, жоқ боласың. Таза бәсеке, таза тәрбие. Өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ. Болмайды да. Міне, асық ойынының кереметі деп осыны айт [3]

Асық ату - көшпелі халықтардың, әсіресе, қазақ ұлтының ежелгі кезден келе жатқан ойыны. Біріншіден, ол бірін-бірі достасу-сыйласуға, бірін-бірі қадірлеуге, ұйымшылдыққа, тәртіпке үйретсе, екіншіден көз мергендігіне, қол икемділігіне үйретеді. [4]

Асық ойындарының балабақшаға келуі де кездейсоқтықтық емес. 2017 жылдың 5 мамырында маған Алматы қаласында өткен, республикалық «Заманауи мектепке дейінгі білім беру: жаңа үрдістер, түйінді мәселелер, даму келешегі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, ондағы озық тәжірибелер көрмесін тамашалау мүмкіндігі бұйырды. Бұл көрме мектепке дейінгі әлем үшін жаңалықтарға толы болды. Атырау қаласынан қатысқан менің де педагогикалық қоржыным «олжалы» озық тәжірибелермен толықты. Мені ерекше қызықтырған Алматыдағы №51 балабақша педагогтарының «Асық ойындарын» жаңаша бағытта ұйымдастырған жұмысы еді. Мен де балабақшама құр келмей, осы тәжірибені педагогтарыммен бөлісіп, жүзеге асыру туралы ұсынысымды білдірдім. Мен басқарып отырған №33 «Көркемай» балабақша ұжымы бірауыздан қолдап, жұмысты бастап кеттік. [5]

Еліміздің заманауи білім кеңістігіне бет бұруы ұлттық педагогикада, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді қажет етеді. Яғни, мектепке дейінгі кезеңнен бастап ұлттық тәрбиені қалыптастыру, баланың физикалық және ой-өрісінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру өте өзекті. Аса көрнекті үздік педагог Н.К.Крупская ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады». [6] Педагог құдды асық ойындарына қарап айтқандай. Міне, осындай қанат қақты бастаманы, асық ойындарын жаңаша мазмұнда қолдануды жүзеге асырдық. Арнайы «Асықтан жасалған

құралдар мен ойындар» үшін бөлме дайындадық. Педагогика және психология ғылымында мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті ойын екендігі мойындалып, білім берудің нәтижелілігі ойынның алуан түрлілігіне, оқу-тәрбие мақсатында үйлесімді қолдануға тікелей байланыста екендігі дәлелденді.[7] Соған сәйкес бүлдіршіндерді дамыту мақсатында асық ойындарын құрастырдық. Асық ойындарын бүгінгі бүлдіршінді дамытуға қажетті бірегей методикалық құралға айналдырдық.

Асықтан құралған массажды тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еті қатаяды, қабілеті артады. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілетінің дамуына, жалпақтабандылықтың алдын алуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандарты мен үлгілік бағдарламасындағы соңғы өзгерістерге сай, ұлттық құндылықтарға мән беріліп, балалардың ойын әрекетінің жетекші әрекет ретінде ескерілуі мектепке дейінгі ұйымның басты мақсаты. Ертеден келе жатырған асықтың санаулы ойын түрлерін жаңғыртып қана қоймай, педагогтар асықтан 50-қа жуық дидактикалық және қимылдық ойын түрлерін жасады. Арнайы ережелермен, қолдану тәсілін енгізіп, картотекалар дайындады. Бүгінгі таңда балабақшада асықтан жасалған ойын түрлерін вариативтік компоненттерде де қамтып отырмыз. Арнайы үлгілік оқу әдістемесін басшылыққа алып, жас ерекшелігіне сай бағдарламалар жасап отырмыз. Асықтан тек ойын құралы емес, баланың білік-білім дағдыларын дамыту үшін оқу құралдары жасалды. Мәселен, баланың танымдық дағдыларын дамыту үшін, сандарды тануға, санауға үйретуге, тура және кері санау түсініктерін қалыптастырып қызығушылығын оятып, еске сақтауын жетілдіреді. Кіші топтар үшін кеңістікті бағдарлай білуге, түстерді ажырата білуге, қол моторикасын дамытуға асықтан бірнеше ойын түрлерін жасап, қолданылу аясында оң нәтижесін берді. Физикалық дағдыларын дамыту үшін асықтан жасалған массажды құралдар балалардың күнделікті әрекетіне айналды. Массаж – адамға мөлшермен берілетін механикалық тітіркендіргіш. Арнайы асық жолдарымен жүру арқылы, табан нүктелеріне әсер етіп, бұлшық еттің жетілуін, қан айналымының функциясын жақсартуға болады. Педагогтардың шығармашылығымен құрастырылған «Алтын сақа» замануи қимылды ойыны баланы жылдамдыққа, ептілікке баулып қана қоймай, санауға үйретеді. Өлең жолдарымен басталған ойын балалардың көңілін көтеріп, тілдерін дамытады.[8]

Коммуникативті дағдыларын дамыту үшін дайындалған жаңа құралдар «Сауат ашу» оқу қызметінде білімдерін пысықтап, буынға бөлуге және дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйретті. «Шығармашылық» дағдыларын дамыту үшін асықтан бірнеше дидактикалық ойындар құрастырылды. «Оюларды белгіле», «Түстерді сәйкестендір», «Пирамиданы жап» ойындары баланың зеректігін дамытып қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлап, шығармашылық қабілетін жетілдірді. Музыка оқу-қызметі үшін әуенге еріп, түрлі дыбыс шығаратын асықтан жасалған музыкалық аспаптар жасалды. Балалардың қолына икемді, қабылдауға жеңіл, әсерлі дидактикалық ойындарға қызығушылық басым болды. Асық көбейген сайын, педагогтар шығармашылығымен бірнеше қызықты ойындар пайда болды. Олар Монтессори технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, Зайцевтің технологиясы негізінде жасалды.

«Домино», «Асық бизиборд» тақтасы, «Математикалық диктант», «Асық легосы» ойындары өте сәтті шықты. Балалар үшін қызықты ойын алаңы болып қана қоймай, есте сақтау қабілетін дамытуға, түстерді ажыратуға, өзіне өзі қызмет алатын машықтарға баулып, достыққа, ұйымшылдыққа баулитын оқу тәрбие құралына айналды.

«Асық ойындарын» жаңаша мазмұнда, жүзеге асыру үшін әрине көп асық қажет болды. Ұйымдастыру жұмыстары, әдістемелік фантазия да маңызды екенін айта кетейін. Қала типіндегі мекенде орналасқан балабақшаға әп-сәтте көп асық жинау оңайға түскен жоқ. Педагогтардың ұйымдастыруымен, ата-аналар арасында «Асықты кім көп жинайды» деген акция ұйымдастырылды. Жаңа бастамамызға ата-аналарда қызығушылықпен, белсенді атсалысты. 1 айдың ішінде 1000 асық жиналды. Асықтың бәрі ауылда деп ойлаған педагогтар таңданыстарын жасырмады. Асық арнайы топтарға қойылған оюлы жәшіктерге жиналды.

Акция ары қарай жыл бойына созылды. Балабақша педагогтары мен қызметкерлерде қалыс қалмады. Ұжым болып, жинаған асығымызды өңдеп, 4 сағаттай қайнатып, күн көзіне кептіріп, бала денсаулығына әсер бермейтіндей бояулармен бояп пайдаға асырдық. Осы күнде балабақша қоржынында барлығы 6000-ға жуық асық бар. Асықты оқу тәрбие құралы етіп іске асыра отырып, «Асық өнімін балабақшада пайдалану» атты Ұйым стандартын және «Сараптама қорытындысын» «Стандарттау және сертификаттау» институтының Атырау қаласындағы филиалынан заңды түрде рәсімдеп алдық. Ұйым стандартын институттың мамандарымен ақылдаса отырып жасадық. «Асық терапиясындағы» бастамамызда жеткен жетістіктеріміз де бар. Балабақшада «Асық терапиясы-ұлттық құндылығымыздың- асыл қазынасы» атты атты қалалық семинар өтті. Артынша семинар тақырыбына қызығушылық білдіргендер қатары көбейіп, «Өрлеу» білім жетілдіру институтының сұрауы бойынша облыстық деңгейде институт тыңдаушыларына бірнеше рет өткізілді Балабақша ұжымы асық ойындарын жаңаша мазмұнда насихаттап, озық тәжірибелерімен бөлісті. Осы жылдың 15 ақпанында жекеменшік және қала балабақшаларына да арнап, «Асық-асыл қазына» атты қалалық практикалық семинар өткіздік. Бұқаралық ақпарат құралдары облыстық «Прикаспийская газета», «Ұстаздық еңбек», «Атырау» газеттері балабақшамыздағы тың бастама туралы жарыса жазса, облыстық телеарна жаңалықтары, «Кемелді ел», «Назар» бағдарламалары кеңінен насихаттап, қолдау көрсетті. «Отбасы және балабақша» республикалық төл журналымыз балабақшамыздың асық ойындарын оқу тәрбие үрдісіне енгізуіміз туралы, түрлі-түсті суреттермен топтама шығарды. Топтамада педагогтардың оқу іс-әрекеттері, үлгі сабақтары жарияланды.

Қорыта айтсам, кейінгі кездері балалар мен жасөспірімдер ойын автоматтары мен смартфондарға, интернет сынды зиянды ойындарға әуес болып барады. Ойын автоматтарының, смартфондардың зиянын атап өтсем, оларды төмендегінше жіктеуге болады. Біріншіден, бұл ойындардың адам денсаулығына тигізер залалы көп. Екіншіден, баланың ойлау қабілеті, ойлау шеңбері белгілі бір жүйеде шектеліп қалады. Ал, ата-бабамыздан ұзақ ғасырлық көш-керуен арқылы үзілмей жалғасып келе жатқан асық ойыны күш-жігерді жетілдіріп, дәлдікке, мергендікке үйретеді. [9] Уақыт өте келе асық ойынының денсаулыққа пайдалы екеніне көзім жетті. Бір жағынан адам денесі қимыл- қозғалыс арқылы шынығып, шымыр болады. Екіншіден, жан тазалығы таза болады. Сондықтан тек тазалықтың ойыны дер едім. Асық ойындарын жаңаша бағытта жүзеге асыра отырып, мынадай ұсыныстар жасағым келеді:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатында балабақшадағы оқу тәрбие бағдарламасына асық ойындарын енгізіп, балабақшада асық ойынының қыры мен сыры терең түсіндірілсе;

2. Облыс көлемінде ұмытылып бара жатқан асық ойындарын зерттеу және жинақтау мақсатында баспасөз бетінде конкурс жарияланса;

3. «Асық ойындары» атты балаларға арналған кітапшалар шығарылса.

Ендеше, «Асығыңыз алшысынан түссін»!!!

Әдетіеттер

1. «Тамыз кеңесі» 2020ж
2. <http://alashainasy.kz/darynokuortalygy/asyik--kazak-halkyinyin-ulttyik-oyyindaryinyin-br-67654>
3. <https://egemen.kz/article/159190-asyq-tarbie-ham-tekhnologiya>
Egemen.kz сайт
4. Bag.kz. -сайты.
5. "Атырау" газеті, №5 19 қаңтар, 2018жыл.
6. "Білімділер" порталы.
7. "Бастауыш мектеп" № 3, 2010жыл.
8. "Мектепке дейінгі білім" журналы, № 4(52) 2014жылы, 12-бет.
9. Е. Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары» еңбегі.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Куанышкалиева А.К.

Атырау қаласының «Зейнеп, Амина және балапандар»

бөбекжай-балабақша, әдіскері

kuanyshkaliyeva.ayzhan@mail.ru

Егеменді еліміздің алғы шарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуі керек болса, өркениетке жету үшін жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлғаны өсіру керек.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруде қоршаған ортаны тану мақсатында балалық шақ кезінде-эксперименттеуге бағытталған алғашқы іс-әрекеттің түрлеріне сипатталады. Бұл іс-әрекет баланың тұлғалық дамуына ойын ғана емес, сонымен қатар экспериментте әсер етеді.

Эксперимент жүргізу - шығармашылық ізденушілік, шеберлік қабілеттеріне байланысты.

Ж.Аймауытов «сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»- деген.Эксперимент ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделуі қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эксперименттік-тәжірибелік қабілеттерін жетілдіру арқылы балалардың тұлғалық дамуын қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтастай дамуына мүмкіндік туғыза отырып, оқытып-тәрбиелеуде педагогикалық әдістің тиімді жолдарын қолданудың маңызы зор.

Эксперимент жұмыстың мақсаты:

– эксперимент құралдары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әлемді толықтай тануын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, эксперименттік зертхананы, табиғи бұрышты, жасыл аймақты, шағын – жарамсыз материалдардан тұратын эксперименттік шеберхананы қамтитын эксперимент орталықтарын ашу. Мұндай орталық балалардың өз бетінше жоспарлы қадағалауларын жүзеге асыруы, эксперимент техникасын игеруі үшін керек.

Эксперимент орталықтарының міндеттері:.

-Мектеп жасына дейінгі балалардың диалектикалық ойлауын қалыптастыру, яғни өзара байланыс пен тәуелділік жүйесінде әлемді көптүрлілікте көру қабілеті.

-Көрнекі құралдардың көмегімен жеке танымдық тәжірибемді дамыту.

-Қоршаған әлемнің физикалық қасиеттері туралы балалардың ұғымын кеңейту.

-Талдап үйренуін, салыстыруын, байытуын, мақсат қоюын, өз әрекеттерін жоспарлау мен қорытынды шығаруын дамыту.

-Балаларды қоршаған әлемнің сұлулығына қатыстыру.

-Зертханалар мен шеберханаларда эксперимент жүргізу кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін орындаудың тәжірибесін қалыптастыру.

-Күнделікті өмірдегі эксперимент жасау процесіне ата-аналарды тарту.

Міндеттерді шешуде педагогтармен, балалармен, ата-аналармен байланыс жасалу қажет. Барлық жұмыс ізгілендіріліп, жаңартылып, жалғастырылғанды қажет етеді.

Мектепке дейінгі балалар – туа біткен зерттеушілер.Оған дәлел – олардың білуге құмарлығы, үнемі экспериментке ұмтылушылығы, қиын жағдайларда өз бетімен шешім қабылдау ықыласының болуы?

Педагогтың міндеті – бұл қызметті тоқтату, қиып тастау емес, қайта керісінше белсенді түрде көмек көрсету. Баланың заттармен немесе материалдармен тікелей байланысқа түсуі, олармен қарапайым тәжірибелер, олардың ерекшеліктерін, сапасын, мүмкіндігін тануға мүмкіндік береді, бір нәрсені білуге деген әуестігін, көп білуге деген ынтасын оятады, қоршаған әлемнің жарқын бейнелерін байытады.

Тәжірибелік қызметі барысында мектеп жасына дейінгілер қадағалауды, ойлауды, салыстыруды, сұраққа жауап беруді, қорытындылар шығаруды, себеп-тергеулік байланыстарын анықтауды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйренед.

Қызығушылықты арттыру үшін педагогке балаларды заттардың немесе материалдардың (саз балшық және ермексаз) қасиетін салыстыратын, себеп-салдарлық байланыстарды анықтайтын (қар мен мұз), болжамдар ұсынатын, қорытындылар шығаратын ой салушы, түрткі болатын сұрақтар қою ұсынылады; болжамдарды бірлесе отырып талқылайды, алынған нәтижелерді байытуға көмектеседі.

Бала 3 жаста көп нәрсені түсінбеуі мүмкін. Ал, 5 жастан кейін екі этапқа бөлінеді:

- ойынға айналады
- эксперименттеу;

Балаға ақпараттың көптігімен салмақ салуға болмайды. Ең маңыздысы сәби бәрін өзі көруі, өзі қозғауы және өзінің әсерін құрастыруы керек. Сәби әлемді өзі зерттей отыра, өзі эксперимент жасай отыра, барлық жаңа ашылулар жасай отырып таниды.

Балалар - бұлар әлемнің құмарпаз, ынтық зерттеушілері. Менің өз жұмыстарымда балалармен бірге құмның, саз балшықтың, тастың және т.б. қасиеттерін зерттейміз, сумен эксперимент жасаймыз: түсін өзгертеміз, қатырамыз, суды ысытамыз, сүзгіден өткіземіз және қорытындыларды суретке саламыз.

Эксперимент жасау түрлі эмоцияларды, әсерлерді: күлкіні, таң қалуды, қуанышты, кей жағдайларда ренішті көрсетумен бірге жүреді. Балалар басында үлкендердің көмегімен, содан кейін өз беттерінше арнайы ұйымдастырылған қызмет түрлерінен алынған білімдер мен ептіліктер шегінен шығады және жаңадан өнім - құрылыс, ертегі, қолмен бір нәрсе жасау, ауаға қаныққан иісті, боялған суды және т.б. жасайды.

Эксперименттік қызметі мына бағыттар бойынша бөлінеді:

1. Адам,
2. Өлі табиғат,
3. Тірі табиғат.

Балалардың эксперимент жасауының құрылымы:

- Шешуге қажетті мәселені қоя білу;
- Мақсат қою мен оған жете білу (мәселені шешу үшін не істеу керек?);
- Гипотезалар ұсыну (шешуі мүмкін жолдары іздеу);
- Гипотезаларды тексеру (мәліметтер жинау, іске асыру);
- Алынған нәтижені талдау (дәлелденді-дәлелденген жоқ);
- Қорытынды шығару;

Балалар эксперименттік қызметіндегі біздер белсенді қолданатын бағыттардың бірі – тәжірибелер. Олар ұйымдастырылған іс әрекеттерде, еркін өз беттерімен де, тәрбиешімен бірлескен қызметтерде де жүргізіледі.

Тәжірибе дегеніміз – бұл арнайы ұйымдастырылған жағдайларда жүргізілетін табиғат құбылыстарын қадағалау. Тәжірибе барысында балалар қадағалушы құбылыстың себептері туралы өз ұсыныстарын айтады, танымдық тапсырманы шешудің тәсілдерін таңдайды. Тәжірибенің арқасында балаларда салыстыру, теңестіру, қорытынды шығару, өздерінің пікірі мен ой қорытуларын айту қабілеттері дамиды. Әсіресе балаларға тірі табиғат және өлі табиғаттың заттарымен эксперимент жасаған өте қызықты. Балалардың табиғат туралы түсінігі мол болу үшін, біздің балабақшада балаға қиындық туғызбайтындай тәжірибелер жүргізіледі.

Зерттеушілік қызметті жүргізу процесінде біз балалардың экологиялық сауаттылығын дамытамыз, белсенді табиғатты қорғау позициясын тәрбиелейміз. Ағаштардың бұтақтарын мұқият қия отырып, балалармен бірге қай ағаштың және қай жерінде (қараңғы немесе жарық жерінде) жапырақтарының тез бүршік жаратынын қадағалаймыз. Балалар ойша қортындылайды.

Экспериментті жүргізуге мүмкіндік беретін дамытушы орта табиғат бұрышы.

Бұрыштың міндеті: алғашқы жаратылыстану ғылымдары түсініктерін, қадағалауды, бір нәрсеге құмарпаздықты, белсенділікті, ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, байыту, жіктеу, қадағалау); затты кешенді зерттеуді қалыптастыруды жасай білу.

Балалар бақшасының педагогтары зерттеушілік қызмет пен заттық-дамыту ортаны эксперимент мынадай талаптарға жауап бере алатындай етіп ұйымдастырады.

- аспаптардың құрылымның және олармен жұмыс істеу ережесінің барынша қарапайымдылығы;
- аспаптардың қызметінен және олармен жұмыс істеу ережесінен бастартпаушылығы;
- зерттелуші құбылыстың айқын көрінуі;
- баланың экспериментке қайтадан қатысу мүмкіндігі.

Бұрыштың міндеті: алғашқы жаратылыстану ғылымдары түсініктерін, қадағалауды, бір нәрсеге құмарпаздықты, белсенділікті, ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, байыту, жіктеу, қадағалау); затты кешенді зерттеуді қалыптастыруды жасай білу.

Тәжірибелерді жүргізу мен ұйымдастыруда бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

1. Мәселені қою (тапсырманы).
2. Мәселені шешудің жолдарын іздеу.
3. Тәжірибелерді жүргізу.
4. Қадағалауларды тіркеу.
5. Нәтижелерді талқылау және қорытындыларды тұжырымдау.

Эксперименттік жұмыс балалардың зерттеушілік қабілеттерін арттырады. Ойлау қабілеттерін шыңдайды. Балалардың танымдық қабілетін арттыруға жағдай жасалған. Балабақшадағы эксперименттік тәжірибе жұмысын нәтижелі деп санаймын.

Балалар жалпы жүйелерді салыстыруға және білімді жинауға мәліметтің мағынасын түсінуге өздігінен көмектеседі. Эксперименттік әдістің пайдасы әр баланың ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру және тәрбиешінің бала мағлұматты қалай түсініп, бақылау, қадағалап отыру. Эксперимент әр түрлі әдістерді біріктіруге және баланың тәрбиесіне оның байқағыштығын, алғырлығын, ақылдылығын тануға болады. Шығармашылықты құру үшін әдіс-тәсілдерді білуге, ойдан құрастыруға, қиын мәселелерді шешуге болады.

Қорытындысы:

- зерттеу-іздігіру әрекеті- баланы оқыту және тәрбиелеу барысындағы үдемелі әдіс;
- зерттеу-іздігіру әрекеті – тәрбиеші мен бала арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы, бір-біріне деген жағымды сезімдерді туғызады;
- зерттеу-іздігіру әрекеті баланың табиғатты зерттеуге қызушылығын және ойлау қабілетін дамытады;

Қорытындылай келе, В.А.Сухомлинскидің мынадай сөздермен аяқтағым келеді: «Іс-тәжірибені жеткізу – ол идеяны ұсыну, идеяның негізінде жеке шығармашылық арқылы тәжірибемен алмасу». Ендеше жарқын болашаққа апаратын, келешекті бастайтын жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беріп жетелей берейік.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. 2022 жыл.

2. Иванова А.И. Детское экспериментирование как метод обучения /Управление ДОУ, N 4, 2004, с. 84 – 92.

3. Интеллектуальное развитие и воспитание дошкольников. под ред. Л.Г.Нисканен.- М.: издательский центр «Академия».- 2002.

4. Организация экспериментальной деятельности дошкольников. Под.ред.Л.Н. Прохоровой М., 2004

БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢАРТУ ҮДІСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОРЫНБАСАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ

Қарағойшина Г.Ж.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, №44 мектеп-гимназиясының бастауыш сыныптар бойынша директор орынбасары
Gulbanu-13-1967@mail.ru

Қазіргі қоғамда қайта құрулар, ғылым мен техниканың қарыштап өсуі, қоғамның ақпараттануы мен қарқынды дамуы-білім беруге жаңаша талаптар қоюда.

Білім берудің «білімдік» үлгісінен қазіргі «құзырлы- жобалау» үлгісіне өтуде педагогикалық жүйенің барлық іші жаңаланады. Атап, айтсақ басқарушы,білім беру, оқу тәжірибелік, қоғамдық болып бөлінеді. Осылардың ішінде біз үшін қазіргі мектептегі біртұтас педагогикалық үдерісті жаңа басқару жүйесінің үлгісі өзекті және айырықша маңызға ие болып отыр.

Білім берудегі жаңашылдық сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен туындап отырады. Сыртқы факторлар саяси әлеуметтік , экономикалық өзгерістер, әлемдік деңгейдегі білім берудің жаңа үрдістері десек, ал ішкі факторлар- білім беру жүйесінің өзіне тән ішкі жағдайымен анықталады.

Білім беру жүйесінің мақсаты-кәсіби, пікірлес ұжым құру. Мектеп басшысы педагогикалық басқаруда үрдіске қатысушылардың: 1) қарым-қатынасына, 2) бір мақсатқа біріктіруге, 3) мақсатқа жетуді көздеуіне көңіл бөлуі керек, 4) ұжымда оңтайлы психологиялық- педагогикалық ахуал қалыптастыру керек.

Мектепті басқарудың көптеген міндеттерін шешу негізін мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері ұжымына тиесілі. Мектеп жұмысының ішінде ең басты мәселелерінің бірі педагогикалық ұжымға ғылыми тұрғыдан сауатты басшылық жасау. Мектеп жұмысын меңгеріп, зор жауапкершілікпен жүзеге асыратын тұлға директор және оның орынбасарлары.

Педагогикалық менеджменттің негізгі заңдылығы талдағыштық, мақсатқа сәйкестік, ізгілік, басқарудағы демократиялық және мектеп түрлі басқару қызметіне дейін болуы сияқты компоненттерді қамтиды. Осы заңдылықтардан мектеп директорының, директор орынбасарларының оқу жүйесін басқарудағы алатын негізгі қағидалары туындайды.

Педагогикалық процесті басқару жүйесінің табиғатын түсіну, басқаруға қолайлы алғышарт жасайды. Білім беру жүйесіндегі басқаруды жүйелілік ыңғайының бірінші белгісі-мектепті жүйе ретінде танып, оның негізгі белгілерінен құралатын осы жүйенің тұтастығын көре білу. Екінші белгі мектептің құрылымы болып табылады. Бастауыш сынып орынбасарларының кәсіби біліктілігі мен басқару шеберлігіне қойылатын негізгі талаптар .


Ол өз міндеттерін педагогикалық ұжыммен ынтымақтасып демократиялық қағида негізінде іске асырады. Ендеше, білім беруді жаңарту үрдісінде өсуі орынбасардың кәсіби қызметінің негізгі бағыты- бұл тиімді жоспар құру тәсілі оны жүзеге асыру жолдары.

*Жоспарлау

- Ұйымдастыру
- Мотивация
- Бақылау

Білім жүйесін басқарудың негізгі міндеттері:

- 1.Материалдық-қаржылық және интеллектуалдық қор құру, бөлу;
2. Мұғалімдер ұжымына, оқушылар мен ата-аналарға ақпараттық кеңістік құру (мекемеде нормативті құжат жасау);
3. Басқару әр деңгейінде дер кезінде, анық және дәл кері байланыс жүйесін құру (директор-ата-ана-конвент); директордың орынбасарлары мен ұстаздар арасында, кафедра, шығармашылық топ жетекшілері мұғалім-сынып жетекшілері мен ата-аналар арасында;
4. Ұжым мүшелерінің білім деңгейін көтеруді ұйымдастыру.



Бүгінгі педагогикалық үрдістегі инновацияның негізі-жаңа іс-әрекеттерді енгізу, жаңалықтарды қалыптастыру мен жүзеге асыруда біртұтастық қызмет ету. Мақсат пен нәтиже жаңалыққа бет бұруы тиіс.

Басқару жүйесінде инновациялық бағыттар қажеттілігі бірнеше жағдайлардан туындайды:


- Басқаруда білім беру жүйесіне жаңа ұйымдастырушылық механизмді енгізу, оқытудың мазмұны мен құрылымын, технологияларын жаңалау;
- Білім мазмұнының адамгершілік сипат алуына көңіл бөлу.
- Жаңа оқу пәндерінің енгізілуі, білімнің құрылымын жаңарту, жаңа мазмұнды білім беру моделін қарастыру;
- Мұғалімдердің педагогикалық жаңалықтарды меңгеруі мен қолдануында қарым-қатынастар сипатының өзгеруі;
- Білім беру саласына білікті мамандарды тарту.

Мектептегі жаңашыл жұмыс рефлексивті, тәжірибелік, білімдік әрекеттерді мазмұндайды. Жетілдіру стратегиясын, бағдарламасын, үлгісін, жеке жобаларды жасайды және мектеп үздіксіз дамуда өзі-өзін анықтаушы, өзі-өзін қайта құрушы инновациялыққа айналады. Сондықтан да, білім беру жүйесінде басшыға менеджменттің тұжырымдамасын меңгеру қажеттілігі туды. Қазіргі өзгерістерге байланысты мектеп басшысы мен басқарушы

менеджерге қойылатын талаптардың үлгісі: шыншылдық, қызығушылық, интернационалдық, инновациялық, теңестірушілік, иммунитет, суырып салма т.б.

Педагогикалық үрдісті жаңашыл басқаруда ішкі және сыртқы жағдайларды анықтай отырып, басқаруды дамытудың құрылымдық- мазмұндық моделінде жұмыс жасау тиімді.

Басқару жүйесінде қызметтік бағыттар жүйелі басқарылғанда ғана нәтижелі болады.



Мектепті тұлғалы, бағдарлы басқару жүйесінде басшы мен мұғалім дамудың шарты ретінде оқушы тұлғасына бағдарланады, ал, екінші жағынан , тұлғалы бағдарлықтың өзі басшы - мұғалім - оқушы- ата-ананың өзара әрекеттестік үрдісі ретінде олардың дамуының мәні болады. Сондықтан қазіргі кезде басқаруды «мақсатты» («бағдарлы-мақсатты», «нәтижеге бағдарлы басқару») деп атайды. Мақсатқа жетуде қызметтің кеңесіне қоса басшының педагогикалық және оқушылар ұжымының, ата-аналар ассоциациясының іс-әрекеттерін жеке саралап, реттеу негізделуі тиіс. Бұл жағдайда басшы - мұғалім -оқушы- ата-ана арасындағы қатынас субъектілік сипатта болады. Қоғамдық бірлесе басқару ата-аналар ұйымы мен әлеуметтік серіктестікті жетілдіреді. Жаңашылдықпен басқару әрекеті әсерінен қызметтері: мақсатты- мотивациялы, жоспарлы-прогностикалық, ақпараттық-аналитикалық, бақылау- диагностикалық, түзетуші. Басқару қызметі мектептің бағдарлануына байланысты жүзеге асады: егер мектеп қызмет атқаруға бағытталса қалыпты жұмыс істеуге, ал дамуға бағытталса педагогикалық үрдіске инновацияны ендіру мен жасауға бағытталады.

Басқару жүйесінің басты ұстанымдары

Басқарушылық міндеттерді шешумен бірге ата-аналардың, балалар мен мұғалімдердің қарым-қатынас, өзара әрекет жүйесін анықтайтын ұстанымдар жиынтығымен анықталады:

1. Адамгершілік (іс-әрекет, қарым-қатынас, тәртіп-барлық деңгейде);
2. Ғылымилық. Педагогикалық үрдістің даму тиімділігін қамтамасыз етеді.

Тейлор бойынша басқарудың ғылымилығын 4 ереже көрсетеді:

- Жұмыстың әрбір элементін негіздеу;
 - педагогикалық ұжымда өлшемдер арқылы таңдап , содан соң оқыту, білім беру және дамыту;
 - ғылыми принциптерге сәйкес жұмысты атқаруда адамдармен тығыз ынтымақтасу;
 - жетекшілер мен мұғалімдер арасында жауапкершілікті, еңбекті негіздеп бөлуді қамтамасыз ету.
 - жүйені жобалау негізінде басқаруды атқару.
3. Табиғи үйлесімділік. Педагогикалық үрдіске қатысушылардың барлығына қолайлы жағдай жасау үшін дені сау, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.
 4. Жүйелілік. Мектептегі педагогикалық үрдіске жаңашылдықтың барлық кезең сатыларына , нұсқаларына көңіл бөлу, жүйенің қызметі мен дамуын басқаруда БЖ-нің мақсатқа жетуді көздеуі (В.В. Сериков)

5. Сабактастық-көздеген нәтижеге біртіндеп, байланыста жету.
6. Бірізділік. Ұжымның немесе мұғалімнің жаңашылдық қызметінде іс-әрекетті реттілікпен шешу.
7. Кешенділік. Жаңашылдық бір ғана мұғалімнің ісі емес. Мұғалім жаңашылдығының бір бағытын ұжымның өзге мүшелері, әсіресе директор және орынбасарлары, кафедра немесе әдістемелік бірлестіктер мен оның жетекшілері қолдап, ынтымақтастықта іс-әрекет етуі тиіс. Мұғалім жаңашылдығына қажет болатын ұжымдық қолдау, психологиялық ахуал, ғылыми – әдістемелік және материалдық- техникалық толық қамтамасыз ету, барлығына ортақ бағытта көмектесе алады. Мұндай жаңашылдық нәтижеге жетеді.
8. Өзара түсіністік пен төзімділік. Жаңашылдық- күрделі үрдіс. Онда жеңістер, сан алуан қиындықтар да кездеседі. Сондықтан мектеп басшылығы жаңашылдықты басқару жүйесінде түсіністік танытып, төзімділік көрсету маңызды.
9. «Жаңашылдық» -өте кең ұғым. Мектептегі жаңашылдық- интеллектуалды дамыған, әлемдік деңгейде сапалы білім алуға негіз алуға болатын, дені сау, ұлттық бейнесі қалыптасқан тұлғатты дайындау. Мектеп басшылығының қызметі оқушы тұлғасының дамуын көздейтін педагогикалық жаңашылдықтарды тиімді қолдануға мүмкіншілік тудыратын жағдайлар кешенін құрумен сипатталады.
- 10.Басқарушылық-мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін барлық басқарушылық және педагогикалық міндеттерді анықтау, тұжырымдау және қамту;
 - мәселені шешуге бағытталған қызмет, құқық және міндеттерін бөлу;
 - басқаруға қатысушылар арасында оңтайлы байланыс еңбекті горизонтальды бөлу;
 - басқару жүйесіндегі жүйе ішіндегілер әрекетінің теңдігі;
 - басқарудағы орталықтандыру ұстанымы үйлесетін оңтайлы ұйымдастыру құрылымын жасау.

Іс-әрекеттегі қызметтік міндеттер

Басқару түрлері. Басқару жүйесін үлгілеу нәтижелігі жұмыстың дәстүрлі түрлерін жетілдірумен, жаңаны жасауға байланысты. Басқарушылық міндеттерін шешуде ұжымдық жұмыс түрлері үлкен рөл атқарады, ұжымдық жұмыстар және оның түрлері: педагогикалық, кіші және әдістемелік кеңестер, консилиум, коллегия, кеңестер отырысы, жас маман мен озық педагогикалық тәжірибе мектебі, семинарлар, проблемалық топтар, диагностикалаушы топтар, педагогикалық шеберханалар, семинарлар, теориялық, психологиялық-педагогикалық және ғылыми-практикалық тренингтер, іскерлік ойындар, дебаттар т.б

Педагогикалық мақсатқа жетуде әр мұғалімді инновациялық әрекетке тарту арқылы ақпараттық ортаны қамтамасыз етеді.

Басқару құралдары мен әдістері

Әдістердің әрқайсысы жеке мәселені шеше алмайды, бір-бірімен байланыста қолданылуы тиіс. Басқару жүйесінің әдістеріне жататындар: талдау, талқылау, пікірталас, мақсатты анықтау, тұжырымды көре білу, топтарды құру мен жұмысын бөлу, күнтізбелік жоспарлау, қазіргі оқыту, ұйымдастырушылық қайта құру, жобаны басқару, үрдісті моделдеу, реттілік пен әс-әрекет, салыстыру, өлшем мен бағалау, сараптау, үрдісті түзету; қызығушылық (мотивация) жүйесін құру т.б.

«Жаңа білім беру жүйесінде мұғалім үшін ең бастысы- оқыту процесін басқару, ол ақпаратты жеткізуші менеджерге айналады. Инновациялық даму жолындағы мектептердің өзіндік даму жолы айшықталған. Үздіксіз білім алу жүйесіне негізделген «Портфолио жүйесі», «Перспективалы жоспар», «Рейтинг жүйесі», «Өзіндік талдау», «Технологиялық даму картасы», сонымен қатар мектептердегі түрлі стратегиялық инновациялық жобалар құзіреттілікті арттыратын «басымдықтар» болып табылады. (кестел) Кестел. Үздіксіз алу жүйесіндегі құзіреттілікке бағытталған басымдықтар

Инновациялық жоба	Сипаттамасы	Практикалық қолданысы
Портфолио жүйесі	Кәсіби жетістіктерді, оқыту қорытындыларын сын тұрғысынан талдау түрлері, кәсіби қызметтің жеке нәтиже базасы	Педагогтің «алтын сандығы». «Сыр сандықты ашып қара, ашып қара сырласым...»
Перспективалық жоспар	Педагог қызметін алдын ала жоспарланған межелі уақытымен анықтау, уақыт пен шығармашылықты нәтижелі ұйымдастыру	Радикалды қызмет нәтижесіндегі өнімнің анықтығы
Рейтинг жүйесі	Сапа менеджмент жүйесіндегі педагогикалық қызметке берілетін көрсеткіш	Мотивацияға жетелейтін «анық айна»
Өзіндік талдау	Педагог өз қызметін нақты жүйеде саралауы	Әрдайым педагогтің өзіндік мақсатқа жету жолындағы алгоритм сипаты.
Технологиялық даму картасы	Педагогтың әдістемелік қызметінің көрсеткіші	Әдістемелік сипаттағы педагогтың «портреті»
Стратегиялық инновациялық жобалар		
Көптілділік	Нақты мемлекет тарапындағы басымдық	Әлемдік деңгейдегі білім сапасының қарым-қатынасы
Электронды мектеп	Ақпараттану процесі	Модернизацияда ақпараттану ауқымы
Сапа мониторингісі	Нақты сапа көрсеткіштері	Салыстырмалы түрде сапа нәтижесін байқау

Қорытындылай келгенде, педагогикалық менеджмент жүйесіндегі барлық инновациялық үрдістері оқытушымен қатар оқушылардың да сапалы білім, олардың құзіреттіліктерін қалыптастыру жолында зор орасан мүмкіндіктер жасалында. Инновациялық үрдістер әлемдік білім кеңістігінің даму тарихы, оның әр кезеңіндегі айқындалған тенденциялары әр халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің білімге байланыстылығын, жалпы білім саласының маңыздылығын дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
2. Білімдегі жаңалықтар №2 2009ж
3. Қ.Ж. Бұзаубақова. « Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру». Алматы. Жазушы 2006, 258 – б
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-

ORGANIZATION OF ELECTIVE COURSES IN SECONDARY SCHOOL

Kudaibergen M.A.

The teacher of English language school-gymnasium N3, Kandyagash town
maydagulk@mail.ru

An elective course is a new element of the curriculum that satisfies the various cognitive interests of students and complements the content of the profile. An elective course can be on any topic, i.e. within the framework of the general education program and beyond.

The elective course complements the new mechanism for updating and individualizing the educational process. A well-organized system of elective courses allows students to acquire knowledge in accordance with predetermined requirements.

Elective courses play an important role in the system of specialized education at the level of higher education. According to the "Concept of specialized education in general education", the differentiation of the content of education in the upper grades is carried out on the basis of the following 3 types of different courses: basic, specialized, elective. Each of these three types of courses contributes to solving the problems of specialized education.

The basic course is an invariant part of education, mandatory for all students, and is aimed at completing the general education of students.

Profile courses provide for an in-depth study of individual subjects and are primarily aimed at preparing graduates for continuing professional education.

Elective courses are associated with the satisfaction of each student's interest in individual knowledge, aspirations and flexibility. Thus, it is an important tool for creating individual educational programs, which depends on the interests, abilities and life plans of each student.

As mentioned above, the ratio of the volumes of profile and elective courses of basic disciplines in the project can be 50%, 30%, 20% of the total number of hours of the curriculum. When choosing elective courses, attention is paid to the level of relevance and novelty for students, the potential for development. The content of the programs contributes to the intellectual, creative, emotional development of students, provides for the widespread use of active teaching methods, orientation towards modern educational technologies.

Elective courses are aimed at solving the following problems:

- ✓ promotes self-determination of the student and the choice of further professional activity;
- ✓ create a positive motivation for learning according to the planned profile;
- ✓ to acquaint students with the leading areas of activity in this profile;
- ✓ activation of cognitive activity of students;
- ✓ improving the information and communication skills of students.

Elective courses at the school are conducted at the expense of the hours allotted for the student component of the educational institution. Elective courses are usually held for students in grades 10-11. You can also consider 9th grade pre-vocational training to help students make career choices. For this, 2 hours (68 hours) per week are allocated for specially organized short courses in the main curriculum. Their goal is to find a solution for the profile education of high school students. As mentioned above, in this case, during the academic year, the student can take 8 different courses (within one month), 4 courses (within a semester) or 2 different courses.

When introducing an elective course at school, it is necessary to take into account the need for a program and a textbook, as well as a holistic methodological system for teaching it.

- ✓ The organization of elective courses is carried out in the following order:
 - ✓ an introduced complex of disciplines and elective courses;
- ✓ The student, depending on his interests, the planned profession, develops an individual plan in accordance with the chosen profile and relevant elective courses and submits it to the school administration;
- ✓ the curriculum of the school for the next academic year is developed taking into account the two previous points;

- ✓ The class schedule is drawn up accordingly. The schedule includes classes, elective groups, related major groups, and related specialty groups.

For example, consider an elective Business English course. Among the various forms of elective courses, the ratio should be approximately as follows: 20-25% of the total study time - lectures, 10-15% - seminars, 3-6% - control lessons, from the main text: dictionary, linguo- commercial comments, general and grammatical. Highlighting explanations, tests, textbooks to get comprehensive information about English-speaking countries, various classes related to banking, trade, tax officials, currency, payments, settlements, lending, deposit services, practical exercises on how to fill out correspondence in English. The teacher not only transfers knowledge in the classroom, but also "returns" the knowledge gained through the active participation of students in the lesson. That is, the student demonstrates that he has mastered the material at a simple level, using the method of language action.

Course objectives:

- ✓ develop English speaking skills in business environment;
- ✓ develop writing and reading skills of business reports and presentations;
- ✓ develop language confidence when dealing with business meetings with people;
- ✓ develop listening and understanding of business English in various fields like marketing, accounting, business law.

The teaching of the discipline is built on the principle of the topic, based on the use of a functional-system approach in the communicative direction, by comparing the grammar of the English and Kazakh languages. Any documents in business relations are accepted in the form of text and language development is carried out. That is, listening to text, reading, writing, vocabulary work, question-answer dialogue, filling out documents according to a model, table, grammar exercises, answers to control questions, etc.

Construction of sentences, use of grammatical rules, definitions, methods of learning words. Due to the rapid development of science and technology from year to year, the introduction of new technologies in student education has a significant impact on student education.

Business documents can be studied not only in the classroom, but also outside of them, in the manufacture of special stands, newspapers, albums with bilingual samples. There is a great opportunity to learn how to write, as well as increase vocabulary and interest in the language. The content of the program should include all the necessary conditions for innovative choice that can be used by different groups of students and are designed to achieve learning goals, including new knowledge that reflects the high situation and usefulness for students in choosing a field of study. The content of the material is studied from a simple level based on the business style of the English language. Skills acquired through elective courses can be used to solve issues in the formation of practical knowledge, develop creative abilities to apply knowledge based on the business style of the English language in future professional activities.

References

1. Bogatsky I.S. English business course, Moscow, Iris Press, 2007
2. Sheveleva S.A., Skvortsova M.V. "English for Business", crash course, Moscow, Profizdat, 1990
3. Kaspin I.V., Segal M.M., Shevyakov V.N. "Speaking American", St. Petersburg, 1990
3. Dubkina G.A., Pavlova M.V. English textbook for business communication. - Avers, 1991
4. Karpus I.A. Business English. - Kiev: MAUP, 1995.
5. Kumarova M.G. New Business English (Course of Business English Vocabulary) - M. : Akalis, 1997.

ДЕБАТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ЖӘНЕ ЖАН ЖАҚТЫ ДАМУҒАН ЖЕКЕ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Муканбедиева Г.К.

Атырау қаласы, Қ.Смағұлов атындағы орта мектептің география пәнінің мұғалімі, «Қайсар»

дебат клубының жетекшісі

Гуманитарлық ғылымдар магистрі

E-mail: gulnurok89@mail.ru

Қазіргі егеменді еліміздің ағарту жүйесінің мақсаты - өркениетті елдермен деңгейлес дамуымызға мүмкіндік беретін жаңа ағарту жүйесін қалыптастыру. Ол үшін оқу-тәрбие үрдісін жаңартып, оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды қолданып, оқытушы мен оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту, арттыру қажеттігі туып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп практикасына енгізілуде.

Жаңа педагогикалық технологиялар білімді демократияландыруға және ізгілендіруге, оқыту сапасын арттыруға, басқару тиімділігін жетілдіруге, оқушылардың дамуына бақылау жасауға негізделген. Шәкірттерді өзгермелі өмірде еркін өмір сүруге, өмірде еркін бағдар алатындай және өз ойы мен пікірі бар етіп тәрбиелеуде инновациялық технологиялардың ролі ерекше.

Осы педагогикалық тәжірибе оқушылардың білімі, ізденушілік қабілеті, шығармашылығын дамытудың тиімді тұстарын ұсынады. Тәжірибенің жаңашылдығы оқушылардың білімді жүйелі меңгеруін, интеллектуалдық және логикалық ой-өрісін дамыта отырып, оларды жоба құруға, проектилеуге және модельдеуге үйретуінде. Тәжірибенің теориялық базасы ретінде «Дебат технологиясының оқушылардың шығармашылығын дамытуда даралап, саралап, жіктеп оқытудағы тиімділігі» тақырыбында әдістемелік құрал жасалды. Бұндағы басты педагогикалық идея негізінен мынаған саяды: оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, ұтымды ұсынуға үйрету және жеке тұлғалық ұстанымын қалыптастыру. Осыған байланысты бұл педагогикалық технология қандай міндеттерді шешеді деген сұрақ туады. Технологияның басымдығы мынадай бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі деп есептеймін:

1. Оқушыны ізденіске жетелейді
2. Сөйлеу шеберлігін қалыптастырады
3. Дүниетанымын, көз қарасын кеңейтеді. [1]

Дебат технологиясы білім беру жүйесіне сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында 1993 жылы бір топ американдық педагогтардың ұсынысымен енгізілген болатын. Бұл технология студентті өмірдің әр саласында мысалы, медицина, білім, өндіріс, бизнесте және басқа тақырыптарда туындайтын мәселелер бойынша өз ойын, көзқарасын және мүддесін қорғай білуге үйретеді, азаматтық құндылықтарды сақтай отырып, ғылыми, кәсіби тұрғыдан бәсекеге қабылетті, сөз-сайыс жүргізе алатын маман дайындауға ықпал етеді. Дебатты мынандай салаларда жүргізуге болады:

- оқытудың бір формасы мен технологиясы ретінде білім беру үрдісінде;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарында (ғылыми ізденісті, ғылыми ақпарат көздерімен жұмыс істеуді, зерттеу жүргізуді қалыптастырады);
- тәрбие жұмыстарында;
- танымдық ойын түрі ретінде.

Дебат – бәсекелесу мен жарысудың белгілі бір деңгейін болжайтын ойын технологиясы. Бұл жерде логикалық жағынан мейлінше қисынды дәлелдер келтіре алған адамның жеңісі маңызды, себебі дебатта анық бір жақтың дұрыс болып шығуы мүмкін емес. Бұл, бір қарағанда, дидактика принциптеріне қайшы келеді, бірақ дебат өмір мен әлеуметтік практикаға жақын, неге десеңіз, кез келген мәселенің екі жағы бар, кез келген шешімге

жақтастар да, қарсыластар да табылады. Логика мен дебат технологиясы амалдары арқылы шешіп, мақсатқа жету үшін төмендегі негізгі үш принципті сақтау қажет:

1. Қарсыластың идеялары мен пікірлеріне қарсы аргументтерді тұжырымдап айтуға болады, бірақ сол қарсыластың өзін сынауға болмайды. Дебат жеке тұлғаға қарсы бағытталмауы керек.
2. Дебаттың негізі – шындық. Кейде шындық өте қиынға түседі, бірақ аргументтердің жоқтығы мен қисынға келмейтін жағдайларды мойындауға тура келеді.
3. Жоғарғы оқу орындарында өтетін дебат студенттердің дамуы мен білімі, қоғамдағы орны үшін қолдануға арналған. Бұл ойында қатысушылардың құқығы бірдей болады. Қатысушыларға өз білімдерін көрсетуге, тәжірибе ауысуға болады. Дебат тіл жетілдірудің дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық әсер ету тәсілі, бірақ, ол үшін сабақтың тақырыбы дебат жасауға лайық болуы қажет. Тақырып таңдаған кезде төмендегілерді есте сақтау керек:
 - ✓ жақтайтын жақ үшін жағымды тұжырымдары бар;
 - ✓ нақты мәліметтері бар;
 - ✓ зерттеу жұмысын жүргізуге дем беретіндей болуы;
 - ✓ айтыс, дау қозғайтындай болуы;
 - ✓ көкейкесті мәселелерді қамтитын, қозғау салатын болуы тиіс.[2]

«Дебат тек зияткерлік ойын емес, ол – сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы. Ойынға қатысушылар кейін үгіт-насихат пен популистік идеяларды оңай ажыратып, өз ұстанымын көпшілікке нақты аргументтер арқылы жеткізе алады. Мұндай тәжірибе жастарға күнделікті ақпарат ағынын сыни қабылдауға да көмектеседі. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, өздерінің әлеуметтік байланыстары мен бір-біріне деген сенімін нығайтады», – деді білім басшысы.

Пікірсайыстарда жетістіктерге жету үшін көзқарас, мықты мінез, өз ұстанымын дәлелді түрде қорғай білуге жетелейтін ұмтылыс маңызды. Ол үшін көп кітап оқып, танымдық бағдарламаларды қарап, қарым-қатынас орната білу, аргументация дағдыларын дамыту бойынша үнемі жұмыс істеу керек.

Жалпы еліміздегі оқушылар арасында дебат ойындары алғаш рет 1996 жылдың сәуір айында өтті. Сол уақытта Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Павлодар облыстарында, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында ұйымдастырылған ойындардың өзіндік стилі мен бағыттары қалыптасты. Әрине, ол ойындар оқушылардың бойында коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік берді. [3]

Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына жету үшін қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Соған орай білім мен ғылым жаңа заман талабына сай ұлттық идеялармен ұштастыруды көздейді. Елбасының жолдауында «біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» делінген. Білім беру жүйесі жаңа өркениетті қоғамға қажетті білімді, қабілетті, өз ойын еркін білдіретін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген шәкірт тәрбиелеуге бағытталған. «Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуллер айтпақшы, жас ұрпақ бойындағы қабілет-қарымын тамыршыдай тап басып бағыт берілсе, жасампаздық қасиеттерді бойына сіңіріп өскендіктен, нағыз ұлтын сүйетін азаматтар елінің тағдырына бей-жай қарамай, келешегі көркем болар еді.

Оқушылардың құзіреттілігін арттыру, жүйелі білім, сапалы тәлім-тәрбие алуына, мәдени- рухани жағынан өсіп жетілуіне дебат ойындарының маңызы аса зор.

«Дебат» (Debate) немесе пікірталас әртүрлі контекстке орай сыни тұрғыдан ойлау немесе іскер ойын ретінде ұғынылады. Пікірсайыс – дидактикалық ізденістің маңызды саласы. Дебат бағдарламасы тыңдармандарды пікірталас үрдісіне тарту арқылы интеллекттің даму технологиясын ұсынады. Пікірталасқа түсушілердің мақсаты, әдетте, даулы проблемалар бойынша қандай да бір позицияны қорғап, өзге позицияны теріске шығаруды көздейді.

Жастар пікірсайысының арнайы құрылымы, ережесі бар, тақырып аясы мен уақыты шектеулі. Пікірсайыстың әзірге үш-төрт үлгісі бар. Олар:

- мектеп оқушыларына арналған Карл Поппер дебатының бағдарламасы;
- студенттерге арналған Американ Парламенттік Дебаты және Британ Парламенттік Дебаты;
- Линкольн және Дуглас пікір сайысы;

Сабақтарда пікірсайыс әдістемесін түрлендіре пайдалану оқушыларды ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

- өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды;
- шығармашылық қабілеті шыңдалады, шұғыл шешім қабылдай білуге үйренеді, кітапханамен байланысы нығаяды;
- оқушылар сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтанады.

Дебат ойындарында оқушылардың ой ұшқырлығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде анық байқалады. Білімді, көп ізденетін оқушылардың өзіндік ой-өрісі ойын барысында көрінеді. Қыннан қылыш қылыш суырғандай сұрақтары қарсы топты ойландырып, өз кейстеріне күмән тудыратындай етулері керек.

Жалпы, оқушылардың бойына ұлттық үрдісті сіңдіруде, баланы озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат технологиясының берер пайдасы мол. Оқушыларға сапалы білім мен саналы білім беру – бүгінгі күннің басты өлшемі. Өз позициясын жақтап шығуға тырысқан оқушылар бос уақытта сенделмей, кітапханаға барып түрлі материалдар іздестіреді. Қазіргі таңда ғаламтордың шеңберінен шырматылып шыға алмай қалған балалардың көркем әдебиет оқуға құлшынысы арта түседі. Ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысады. Кез келген тыңдаушыға жүйелі сөз әсер етері хақ. Шешендік салтанат құрған жерде оқушылар ұлттық-рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, алдағы күнде ел жүгін мойнымен арқалауға дайын тұрады. Жаһандану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отыра нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі заманның басты талабы.[4]

Әдебиеттер

1. Goo.goov.kz
2. Б.Ж.Доскеева ҚазҰУ Хабаршысы, 2011 жыл
3. А.Аймағамбетов «Түркістан» газеті, 2021жыл
4. Б.Б.Джулаева «Дебат технологиясы – жаңа заман талабы»

ДРАМАТУРГ С.БАЛҒАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ

Мүтиев З.Ж., Акашаева З.М.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

Аймақ бояуының айқын байқалар тұсы – драматургиялық туындылар екені де баршаға мәлім. Драмалық шығармалардың басты мақсаты – боямасыз өмірді баяндау, келеңсіздікті әшкерелеу, заманымыздың ең өткір мәселелерін көрсету. Қызылорда облысының танымал драматургтері қатарында Қалтай Мұхамеджанов, Тынымбай Нұрмағанбетов, Оразбек Бодықов, Әлсейіт Ақпанбетұлы, Жолтай Әлмашұлы, Рүстем Жанаев, Иран Ғайып, Қаназ Молдахмет, Қалжан Нұрмаханов, Оспан Сейфолла, Сүйеніш Қомшабай, Асқар Токмағамбетов, Сұлтанәлі Балғабаев және тағы да басқаларын атап өтуге болады. Аталмыш тұлғалар ұлттық топырақтағы драматургияның дамуына ерекше үлес қосуда.

Аймақ әдебиетін ерекшеліктеріне сай зерттеуде көптеген драмалық туындылардың авторы қызылордалық Сұлтанәлі Балғабаевтың шығармашылық әлеміне зер салсақ, талантты қаламгер драматургия жанрында ширек ғасырға жуық жемісті еңбек етіп

келеді. Жазушының «Қыз жиырмаға толғанда», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ең әдемі келіншек», «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Сағыныш пен елес» және тағы да басқа пьесалары республикалық театрларда сахналанып, идеялық тереңдігімен, мазмұн ерекшелігімен оқырман жүрегіне жол таба білді. Драматург жайында филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Тебегенов: «Жалпы замандас тақырыбынан ой қозғайтын пьесалардың сахнада өздерін көргісі келетін жас көрермендер психологиясына тигізер ықпалы зор. Драмалық шығармалардағы кейіпкерлер тұрмыс-тіршілігінің, мінез ерекшелігінің, өтіп жатқан оқиға құбылыстарының олардың санасына шынайы жетуінде қызмет атқаратын негізгі тұлға драматург десек, ұлттық драматургияда өзіндік қолтаңбасын анықтаған С. Балғабаев шығармалары театр репертуарларынан берік орын алып келеді. Оның қаламынан туған дүниелер романтикалық, лирикалық сипатымен, кейіпкерлері жан дүниесінің тазалығымен ерекше» [1] – деп пікір білдірсе, театр сыншысы А. Қалиева: «С. Балғабаевтың барлық драмасынан, мейлі ол 80-90 жылдардағы жазылған пьеса болсын, тіпті тәуелсіздік алғаннан кейінгі бүгінгі қоғамда жазылған пьеса болсын, одан әрдайым заман бейнесі, заман адамы бейнесі сезіліп тұрады. Драматургтың өзіндік ерекшелігі деп те осы қырын айтуға болады» [2, 205 б.] – деп түйінді ой айтады. Бұл тұрғыдан алғанда С. Балғабаев пьесалары – аз сөзге көп мағына сыйдырған, ұлттық таным аясынан әрі аттап кетпейтін идеялық-көркемдік тұрғыда тартымды, мазмұнды шығармалар. Туындыларында драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар өмірлік мәселелерді сипаттауымен ерекшеленеді.

Мысалы, «Сағыныш пен елес» пьесасы екі бөлімді лирикалық драма. Кейіпкерлер тағдыры қайшылықты тіршілік келбетін, әр алуан адамдар тағдырын романтикалық және реалистік болмысымен көз алдымызға әкеледі. Шығарма қарапайым оқиғалар арқылы бастау алады, сәлден соң әйел бейнесіндегі елес қосылып, сюжеттері шиеленісіп, оқырман қауым күтпеген тың деректер ашыла бастайды. Пьесаның басты кейіпкерлері – Арайлым және Арман есімді жастар. *Шығарманың сюжеттік-композициялық желісі бойынша бірінші көрініс* Арманның Хайретдин есімді атасының үйіне қонаққа келуімен басталады. Арман – атасының баласы, атасы – елге сыйлы адам, ал әке-шешесі басқа қалада. Құрбысы Арайлымды алдымен атасына таныстыруды жөн көріп, батасын алмақшы болады. Осындай қуанышты бөлісуге жанама кейіпкерлер бұрынғы партия-совет қызметкері, атасының ең жақын досы, замандасы Абдулхамитті және жұбайы бұрынғы мектеп директоры Анарды да қонаққа шақырады. Арман Арайлымның сыңғырлаған дауысын телефонның арғы жағынан естіп, бірден өзіне жақын тарта түседі. Ал Арайлым ше?

Арайлым: Апырмай, неге келдім?! Мүмкін, келмегенім дұрыс па еді?!

Ағаш түбіндегі орындыққа сылқ етіп отыра кетеді. Сахнаның ар жағынан Елес шығады. Арайлым басын көтеріп Елеске қарап үнсіз отырып қалады. Пауза.

Арайлым: Сен де келдің бе осында?! Мені іздеп тағы келіп тұрсың ба?!

Елес: Іздеген мен емес!... Іздеген сенің өзің ғой... *(Пауза)* [3, 101 б.].

Арайлым мен Елестің диалогі арқылы істің мән-жайын байқауға болады. Арайлымның дәл осы жерге келуінде бір себеп бар. Елеспен тілдесуі кейіпкеріміздің ақыл-есіне күмән тудырады. Десек те, әңгіме барысында белгісіз бір адамды немесе бір сырды іздеп жүргендері анық байқалып тұр.

Оқиға Арайлымның Арманның атасымен танысуы арқылы өрбиді.

Арайлым: Менің атым – Арайлым.

Хайретдин: Арайлым дейсің бе?! Өте жақсы екен... Әдемі... Біздің жас кезімізде мұндай ат болмайтын еді... Не істейсің?! Оқисың ба?!

Арайлым: Иә, оқимын! Әнші болсам деп оқып жүрмін...

Хайретдин: Дұрыс!... Өте дұрыс! Мысалы, мен де бір кезде әнші болсам деп армандағам... Әнші болып...бүкіл халықты таңдандырып... Не бір керемет сахналарға шығып...

Арайлым: Мен оны білемін. Сіз мысалы мынадай әнді айтуды жақсы көретінсіз...

Кенет осыдан елу жыл бұрын халық арасына кең тараған әндердің бірін сызылтып айта бастайды. Хайретдин әнге қосылады. Елес те жақындап, әнді үшеуі қосылып айта бастайды.

Хайретдин: *(Ән аяқталған соң)*: Иә, баяғыда осылай айтатын едік... Тура осылай...

Елес: Дұрыс, осылай айтатын еді... Ылғи осылай!.. Біз сені атағы әлемге танылған ғажайып әнші болар деп ойлайтын едік...

Хайретдин: Бірақ мен бола алмадым ондай! Қолыма қонған бақытым пыр етіп ұшты да кетті. *(Пауза. Арайлымға бұрылып)* Сен ... қарағым, бұл әнді қайдан білесің?! Саған мұны кім үйретті?!

Арайлым: Маған оны әжем үйреткен.

Хайретдин: Әжем дейсің бе? Сенің әжең бар ма?

Арайлым: Әжем бе? Білмеймін. Мен оны өмірі көрген емеспін... Бірақ әнді сол кісінің үйреткені анық...

Хайретдин: Қарағым-ау, өмірі көрмесең, білмесең ол кісі саған әнді қалай үйретіп жүр?!

Арайлым: Кәдімгідей... Түсімде... ұйықтап жатқанда үйреткен... Не, маған сенбейсіз бе?! Рас айтам... Мен оны ылғи түсімде көрем. Кейде өңімде де көрем... Кәдімгідей... Ол маған елес боп көрінеді... Әрине, сіз сенбейсіз...

Хайретдин: *(сенімсіздеу)*: Жо-жоқ, неге сенбейін?! Ондай болуы әбден мүмкін ғой... [3, 103 б.].

Осы әңгімелесуден кейін атасы немересінің Арайлымға үйленетіндігі жайында хабар етеді. Атасы қанша қарсылық білдірсе де, немересіне батасын бермеске амалы болмады. Көптен күтіп отырған қонақтар Абдулхамит пен жұбайы Анар да осы уақытта ішке енеді. Арайлым мен Елес тағы да тілдесіп, күнделік ішіндегі кейіпкерлер осы ма дегендей сұрақтар өзара қойылады. Бұл сұраққа тек Елес ғана жауап бере алады. Белгілі болғандай басты кейіпкеріміз Арайлым Елестің құпиясын орындау үшін жүр. Елу жыл бұрынғы әнді үшеуінің қосылып айтуы да құр сәйкестік емес.

Оқиға одан әрі Хайретдин мен Абдулхамиттің жас кезінен бастау алған достығы туралы, ауылдық жердегі жұмыс мансаптары туралы және қалаға көшу туралы шешімді кезінде Анардың қабылдағаны да дұрыс болған деген естеліктер арқылы толығыады. Той қамын қозғап, құрметті құдалардың қызметін атқаруды Абдулхамит пен жұбайы Анар ханымға жүктеуді жоспарлайды. Арайлым өз әкесін балалар үйінде өскенін, атасы мен әжесін білмейтіндігін айтып, оқиғаны шиіленістіреді.

Бірінші бөлімнің соңына қарай Арайлым мен Елестің диалогі тағы көрініс табады. Кейіпкер қыз өзін жауабы жоқ сұрақтардың әбден мазалағанын білдіріп, әйел кейпіндегі Елестен күнделікте жазылған жұмбақтың шешімін талап етеді. Елес кейпіндегі әйелдің жас күнінде, мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде құм ішіндегі ауылдың әңгімесіне іліккенін және сәбиді дүниеге алып келгені белгілі болады. Бірақ күнделік ішінде ешбір жанның аты аталмапты. Келесі бөлімдерде барлық кейіпкерлер үстел басына толық жиналып, Арайлым үйдің үлкендеріне құмды ауылдың сәлемін жеткізеді. Сол ауылда тұрған Сағида есімді (Елес әйел) қыз туралы сұрайды. Кезіндегі мектеп директоры болған Анар ханым Сағиданың сәбиінің дүниеге келуіне кедергі жасағандығы туралы сөз қозғалады. Абдулхамит пен Анардың, Хайретдиннің төбелерінен суық су құйғандай болып, шулап қоя береді. Осы тұста Арманның қарындасы Арайлым болуы мүмкін деген ой келеді. Елес әйел ортаға кері оралып, шындықты ашуды әркімнің өз ар-намысына жүктейді. Барлық шындықтың беті ашылған сәтте Абдулхамиттің жүрегі ұстап қалады. Көмекке бірінші болып Арайлым келеді. Өйткені, бұл кейіпкер «сіз» емес, «ата» деген сөзді айтуды өмір бойы күтті. Ал Абдулхамит ше? Барлық байлық пен мансапты игерсе де бір перзентке зар болдым деген сөзі өз күшін жойғандай.

Абдулхамит *(Арайлымға)*: Сен мені жақсы көресің бе?! Айтшы, жақсы көресің бе?

Арайлым: Әрине! Жақсы көрмесем сізді іздемес едім ғой.

Абдулхамит: Сен маған неге «сіз» деп сөйлейсің? Айтпашы олай деп!... Мені «ата» деші!... «Ата!»

Елес *(жақын келіп)*: Ал сен өзінді мәңгі жасайтындай көретін едің... Мәңгі!..

Абдулхамит: Дұрыс айтасың! Дүниеге... атаққа... байлыққа... тоймай... көзім тұнып, құнығып... Құдайым-ай! *(Елесті енді көріп)* Мен сенің тағдырыңды ойлап өмір бойы азапқа түсіп жүрдім.

Елес: Жалған сөйлейсің! Анар сұлуға үйленіп, рахат өмір сүрдің.

Абдулхамит: Ал сен бақытсыз болдың!

Елес: Жоқ! Мен бір жігітке ғашық болдым. Ғажайып ғұмыр кештім. Содан бала көтеріп, артыма ұрпақ қалдырдым. Мені бақытсыз деуге сенің ауызың қалай барады?

Абдулхамит: Демек, сен мені кешіресің ғой?

Елес: Сені кешірмегенде кімді кешіремін?!

Абдулхамит: Сен мені алып кетші! Біржола алып кетші! *(Елеске беттейді)*

Арайлым: Жо-жоқ, тоқтатындар! *(Елеске)* Өтінем, сен көрінбеші бізге!..

Арайлым *(Абдулхамитке)*: Ол елес қой. Әншейін елес!

Абдулхамит: Жоқ, елес ол емес! Елес мына біз... Біздің өміріміз.. Мен шаршадым. Мына елес... Сағым дүниеден әбден шаршадым.

Ақырындап Елеске беттейді. Елес қолын созып қарсы жүреді. Сосын екеуі қосылып ақырын билеп алыстай береді. Сахнаға Арман шығады.

Арайлым: Олар кетті... Сағида қыз да, Абдулхамит атам да бәрі кетті. Қайтып келмейтіндей боп мәңгіге жоқ болды. [3, 141 б.].

Елес кейпіндегі кейіпкер арқылы шығармадан мистикалық бағыттың іздері сезіледі.

С. Балғабаев шығармашылығын зерттеушілер қатарынан ғалым, БҚУ профессоры Р.Б.Сұлтанғалиеваның дәл осы қойылым жайында талданған мақаласында «Сағыныш пен елес» шығармасы арқылы оқырмандарын осындай жағдайлардан аулақ болындар, жалындаған жастықтың отына күйіп кетпей, ақылға жеңдіріңдер деген ой тастайды. «Қай заманда болса да адамзат баласы жақсылықтан аттап, имандылықтан безіп, кесір билегенде «көп асқанға бір тосқан» дегендей тылсым күш иелері мен рух тәубесіне келтіреді деген сенімге арқа сүйеген драматургтың «Сағыныш пен елес» пьесасында да осы жайттар орын алған» [4] деген тұжырымдар келтірілген.

Қаламгердің шығармалары бұрынғы әдеби туындылардағы махаббат, жастар тақырыбымен үндесіп, сабақтасып жатқанын байқаймыз. Алып келген жаңашылдығы мистикалық бағыттың іздерін қосып, оқырманын қызықтыра білуі.

С.Балғабаев пьесаларының тақырыбы – отбасы деген ұғымды сақтау, адалдық мәселесіне жауапкершілікпен қарау, идеясы – өмірдің сан түрлі сынақтарына төтеп бере алатын нағыз азаматтар мен нәзік жандылар арасындағы шынайы махаббат сезімінің қуаттылығын таныту болып табылады.

Қаламгердің кез-келген туындысы боямасыз өмірді сипаттап, көрерменінің жүрегінен орын алып жүр. Шығармада бой көтерген мәселе әр шаңырақта кездесері де сөзсіз. Қойылымға келген қауым бір отбасының мүшесі десек, әр адам көрген, оқыған дүниесінен өмірлік сабақ алары анық.

Аймақ әдебиетін зерттеуші, БҚУ профессоры, ғалым З.Ж.Мутиевтің: «Әдеби-аймақтық зерттеулер – білім алушылар мен оқырмандардың санасын қалыптастыруда ең бай рухани мүмкіндіктерге ие. Ең алдымен, бұл патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге, оқырманның туған жерінің әдеби өмірін білуге деген қызығушылығын тудырады» [5] – деген тұжырымын негізге алуға болады.

Қызылорда облысы ақын-жазушыларының шығармашылығы қазақ әдебиетінде бүгінгі таңда қалыптасқан орны бар. Көркем туындыларынан туған жерінің тынысын, тамаша табиғаты мен туған халқының үнін естіп, дәстүрі мен жаңашылдығын әлі де талай ұрпаққа дәріптей береріміз хақ.

Әдебиеттер

1. Тебегенов Т. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драматургия // «Қазақ әдебиеті», 05.12.2008.
2. Қалиева А. Жаңа ғасыр және қазақ драматургиясы. Бүгінгі драма және заман. - Алматы: Арда, 2011. – 205 б.
3. Балғабаев С. Біз де ғашық болғанбыз. - Астана: Ақарман, 2008. - 52 б.

4. Сұлтанғалиева Р. С. Балғабаев драматургиясындағы бүгінгі заман тынысын бейнелеудегі жаңашыл ізденістер [электронды ресурс] - М.Өтемісов атындағы ғылыми кітапхана сайты // (Пайдалану уақыты: 02.03.2023.).

5. Мутиев З. Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр мен жаңашылдық. // (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде) West Kazakhstan State University named after Makhambet Utemisov (Отдел науки и послевузовского образования 10/6/2021ж., (Пайдалану уақыты: 03.03.2023.).

ХИМИЯ МАМАНДАРЫ АРАСЫНДА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРДІ ЕНГІЗУ

Мұхтар Т.Ж.

Орал қаласының Қадыр Мырза Әлі атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебінің химия пәнінің мұғалімі
tanamuhtar@gmail.com

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе шет тілін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі [1].

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [2].

Білім берудегі қалыптасқан дәстүрлі тәсілдер әрқашан тиімді бола бермейді. Жыл сайын ақпарат өрісі кеңейіп, ақпаратты тасымалдау құралдары жылдам және тиімдірек болуда. Қазіргі мұғалімнің міндеті – оқушыларды тиімді ынталандыру үшін пәнді меңгертуде жаңа білім беру технологияларын қолдану. Химия – іргелі ғылым және тірі жүйелерді танудың зерттеу құралы. Сондықтан осы саланы таңдаған мамандар ғылымның идеяларын, заңдылықтарын, әдістерін меңгеруі керек.

Жаратылыстану білімін қолданатын, жоспарлайтын, тәжірибе жасай алатын, мәліметтерді талдап және қорытындылай алатын, кәсіби міндеттерін білетін, кәсіби мәселелерді шеше алатын, тиімді қарым-қатынас жасай алатын және т.б. қабілетті жоғары білікті мамандарды дайындау үшін білім берудің жаңа түрлерін енгізу қажет. Бұл білім сапасын арттырып, оны жоғары деңгейге жетелейді.

Химияны оқудағы оқу үрдісі сабақтың барлық түрлерін қамтиды: лекциялық, практикалық, зертханалық. Мұғалімнің өзі материалды беру үлгісін – дәстүрлі немесе жаңа

технологияларды пайдалана отырып таңдайды. Көбінесе оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-дамытушы, тәжірибеге бағытталған, проблемалық-бағдарлы технологияларды, ұжымдағы тәрбие жұмысын қолданады. Контексттік оқыту технологиясын оқу процесіне енгізу үшін мұғалім лекциядан ойын түрлері арқылы кәсіби іс-әрекетке дейінгі оқушылардың оқу әрекетінің динамикалық моделін ұйымдастырады.

Интерактивті сабақ өткізуге арналған бірқатар сайттар мен қосымшалар:

Phet.colorado.edu - физика, химия, математика және басқа ғылымдарды оқытуға арналған зерттеуге негізделген интерактивті компьютерлік модельдеу жиынтығы. PhET модельдеуді желіде бастауға немесе PhET веб-сайтынан тегін жүктеуге болады. Тренажерлер – бұл оқушылар мен студенттер зерттеу арқылы үйренетін анимациялық, интерактивті және ойынға ұқсас орта. Олар нақты өмір құбылыстары мен олардың артындағы ғылым арасындағы байланыстарға баса назар аударады және сарапшы ғалымдардың визуалды және тұжырымдамалық модельдерін оқушыларға және студенттерге қол жетімді етуге көмектеседі. PhET тренажерлері ең алдымен университет пен жоғары сынып оқушыларына әзірленіп, сынақтан өткізіледі.

Wordwall.net - интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функциялы құрал болып табылады. Үлгілердің көпшілігі интерактивті және баспа нұсқаларында қол жетімді.

LearningApps.org - электронды интерактивті жаттығуларды жасауға ыңғайлы және оңай сайт. Жаңа материалды түсіндіруге, бекітуге, жаттықтыруға, бақылауға арналған шағын жаттығу жасауға мүмкіндіктері көп, қолдануға қарапайым, мүмкіндіктері мол акт құралы.

Acetyl.ru – бұл сайттың көмегімен химиялық реакцияларды жаттауға болады.

ZipGrade – тесттерді жасауға және тексеруге көмектесетін ресурс. Ол үшін қосымшаны жүктеп алып, студенттердің жұмысын сканерлеу керек. Жүйе дұрыс жауаптарды жасыл түспен, қатені қызыл түспен автоматты түрде белгілейді. Ол сонымен қатар қолданбадағы жұмысты сақтайды, осылайша сіз сыныптар мен жеке оқушы үшін қалталарды жасай аласыз.

Quizlet - бұл оқу карталары түрінде ұсынылуы мүмкін кез келген ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін тегін қызмет. Өзіңіздің карталарыңызды, оларға суреттер мен аудио файлдарды қосып, содан кейін осы материалды есте сақтау үшін жаттығулар, ойын түрлерін жасай аласыз.

Kahoot - викториналар, тесттер жасауға арналған онлайн қызмет.

Triventy – сұрақтар мен ойындар жасауға арналған платформа.

Socrative - тестілеуді құруға, іздеуге және өткізуге арналған құрал.

Flippity - оқыту үшін әртүрлі интерактивті жаттығулар жасауға болатын қызмет.

Let' s test - әртүрлі сынақтарды жасауға арналған платформа.

Classtime - интерактивті оқу қолданбаларын жасауға арналған платформа.

<https://www.classtime.com/ru/>

Plickers - сауалнама ойлап табуға, телефонға қолданбаны жүктеуге және жауап беруге пайдаланылатын оқушыларға арналған арнайы QR кодтарының жинағын басып шығаратын сайт.

Padlet-сабақ тақырыбы бойынша цифрлық материалдарды жасауға, жинауға және сақтауға арналған орыс тіліндегі тегін қызмет.

Narakeet — мәтінді сөйлеуге арналған бейне жасаушы, ол сценарийді дауысқа айналдыруға және мәтінді өңдеу сияқты оңай бейнелерді өңдеуге мүмкіндік береді.

Powtoon бірнеше минут ішінде дизайн немесе бағдарламалау дағдыларыңыз аудиторияның қатысуын арттыратын дайын үлгілер жиынтығы бар ыңғайлы және қарапайым бейне презентация жасаушы платформа.

Genially-интернеттегі интерактивті презентациялар жасау құралы.

Әдебиеттер

1. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. — № 2. — 34-б.
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 4. — 25-б.

БАЛАБАҚШАДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛУ ӘДІСІ

Нағымет Л.Ж.

Атырау қаласының «Зейнеп, Амина және балапандар»
бөбекжай-балабақша, тәрбиешісі
kuanyshkaliyeva.ayzhan@mail.ru

Жобалау әдісі – инновациялық педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын, және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығы-ның нәтижесіне өзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы. Арнайы білімді қажет ететін айқын мәселелерге ынталандыру және жоба іс-әрекеті арқылы мәселенің шешімін қамтитын білімнің іс-жүзінде пайдалануы.

Жоба технологиясының ерекшелігі – баланың алдағы іс-әрекетті жобалай алуы мен оның субъекті бола білуі.

Жоба – ол баланың мақсатқа жетуде қоршаған ортасын кезеңді процестер мен алдын-ала жоспарланған тәжірибелік іс-әрекет арқылы қабылдайтын педагогикалық әдіс.

Жобалау әдісі түсінігінің негізгі тезисі. Менің танып жатқанымның барлығының маған не үшін қажет екенін және бұл білімді қайда және қалай пайдалану керектігін мен білемін.

Жобалау әдісі – мәселені жете зерттеу арқылы, нақтылы нәтиже бере алатын, рәсімделген дидактикалық мақсатқа жету тәсілі. Жобалау әдісі – барлық кезде қандай да бір мәселенің шешімін жорамалдайды. Жобалау әдісі – жеке басқа бағытталған оқыту әдісі. Ол оқудың мазмұндық бөлігі мен тапсырма кешені арқылы шеберлік пен дағдыны дамытады. Ол оқытудың мазмұндық бөлігін тапсырма жиынтығы арқылы балалардың зерттеу іс-әрекетін болдыруға себепші, оқытылатын мағлұматтарды қандай да бір іс-әрекет немесе продукция ретінде алып шеберлік пен дағдыны дамытады.

Жобалық іс-әрекеті- біріккен оқу танымдық іс әрекеттің ортақ нәтижесіне бағытталған, ортақ мақсаты, қиыстырылған әдісі, іс -әрекет тәсілдері бар, балалардың шығармашылық және ойын іс-әрекеті.

Педагогикалық жобалау – қандай да бір мәселенің шешімін көрсететін жоба жасау үрдісі. Ол оқу үрдісі жағдайында орындалатын және оның тиімді жұмыс істеуі мен дамуына бағытталған іс-әрекет.

Жобалап оқытудың артықшылықтары:

- ✓ логикалық дәрежеде ойлау мен белсенді зерттеуді мадақтау.
- ✓ балалардың өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдерінің
 - артуы
- ✓ жобамен жұмыс жасағанда, дәстүрлі оқытумен салыстырсақ балалар өз оқуларының жауапкершілігін байыпты түрде өздері алады. Нәтижесінде оқудың сапасы жақсарады.
- ✓ ойлау мүмкіншілігі мен мәселені түсіне білу, ынтымақтасу және қарым-қатынас сияқты іс-әрекет шеберлігі мен әдістерін дамыту мүмкіншілігі артады.
- ✓ даму деңгейі әр түрлі балаларды оқыту мүмкіншілігі артады.

Жобалау әдісінің басты идеясы.

Балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиешісі мен ата-анасының көмегі арқылы өз білімдерін дұрыстап ақпараттық кеңістікте жөн таба білу және сыни ойлауды дамыту.

Жобалаудың түрлері:

Монопәндік – білім саласындағы мәселелерді шешетін «Денсаулық» жобасы, Пәнаралық – «Денсаулық» «Коммуникация» таным сияқты бірнеше білім салаларының мәселесін шешетін жоба, яғни бір тақырыпты әр түрлі саладағы ұстаным бойынша қарастырамыз.

Пәндік немесе пәннен тыс мектепке дейінгі білім беру оқу жоспарының вариациялық бөлігінің мәселесін шешетін жоба.

Жобаның тақырыбы келесі талаптарға жауап береді.

- ✓ 5 оқыту салаларының мазмұнынан таңдалады, яғни мемлекеттік стандарттың талаптарына сай келуі керек;
- ✓ тақырып бағдарламадан тыс таңдалып, оқу жоспарының вариациялық бөлімімен сай келуі мүмкін;
- ✓ мектепке дейінгі жастағы балаларға жақын және түсінікті болуы тиіс;
- ✓ жақын даму аймағында орналасуы тиіс;

Жоба бір мәселені шешіп және оны қолданыста пайдалану үшін әр түрлі білім салаларынан мағлұматтарды ықпалдастыра алады.

Балалар біріншіден ойлауға, ал содан кейін барып істеуге, іс-әрекетінің жоспарын құрып, келісімдерді бұзбай, келісілген мәмілелерден таймауға тырысады.

Жобалау типологиясы:

Жобалар әртүрлі белгілеріне қарап бөлінеді. Ең елеулісі іс-әрекеттің басымдық түрі болып табылады. Мектепке дейінгі білім беруде жобалардың мына түрлері пайдаланылады:

1. Эмпирикалық: тірі және өлі табиғат әлемінде өздік бақылаулар мен эксперименттер жүргізу. «Қар бүршіктері қайдан ұшып келеді?» «Нәліктен бәйшешектер бәйшешек деп аталады?», «Қызғалдақ» - құрып кететін гүл. Нәтижелер өсімдік сақтайтын бүктемелер, тәжірибе картотекалары ретінде рәсімделеді.

2. Зерттеу: ізденеді, деректерді жинақтап қорытады, табиғат құбылыстары туралы әр түрлі дерекнамалардан мағлұмат жинайды, кітаптар, кинофильмдер, интернет пайдаланады. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі газет айдарлары, альбомдар, журналдар немесе аспаздық кітаптарда жинақталады. Қызыл кітап арқылы (сирек кездесетін және жойылып бара жатқан) өсімдік түрлері мен жануарлар құстар туралы білімдерін кеңейтіледі.

3. Рөлдік ойындар жобасы: бұл шығармашылық ойын нышандары, ойын жобасы. Мұнда балалар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, берілген тапсырмаларды өздері шешеді.. Нәтижесінде:

-Мазмұнды ойын, бала мерекесі, драмаластыру, қойылымдары.

-Су асты әлеміне ойын-саяхаттары.

-«Театр» сюжеттік рөлдік ойындар ойнату.

-Ежелгі заманға саяхат, ақпараттық-тәжірибелік бағдар. Балалар бір зат туралы ақпарат жинайды, құбылыс және әр түрлі дерекнамалардан, ары қарай оны әлеуметтік мүддеге қарай жүзеге асырады, топ дизайнын әшекейлеу, пішімдер дайындау және .т.б.

4. Шығармашылық жоба: әдетте қатысушыларда ортақ іс-әрекеттерінің дайындалған құрылымы болмайды. Бұл балалардың үлгілер мен пішімдер жасау, әңгімелер құрастыру, тақпақтар, ойдан шығарылған кейіпкерлері бар әңгімелер.

Нәтижесінде балалар музыкалық ертегі драмаластыру, столүстілік театры арқылы әңгімелер ойлап табу, кейіпкерлер дайындау, ата-аналар мен балаларға қойылым көрсету мен сахналастырылған, суреттелген диафильмдердің фильмотекасын жасау, альбом дизайны көрмесі.

Шығармашылық жобаларда табиғи және құнсыз материалдарды пайдаланған жөн.

5. Фантастикалық жоба: таныс әңгімелер мен ертегілер, мультфильмдерді мазмұнына қарай отырып, және балалардың өз шығармашылығы мен қиялынан «Болашақтың қаласы», «Келімсектер жерде», «Суперробот» Бетман сияқты жобалар құру.

Жіктеудің басқа белгілері:

-Қатысушылар құрамы (топ, шағын топ, жеке, отбасы, жұп)

-Ұзақтығы (қысқа мерзімді – 1,2 немесе бірнеше сағат, 1-2 апта, орта мерзімді 1-3 ай, ұзақ – бір жылға дейін. Тәжірибеде мектепке дейінгі білім беруде жобаның орындалуы мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына байланысты болады.

-Өсіресе берілген жобаға деген қызығушылық пен ықыластың тұрақтылығы.

-Қызығушылық 1-2 сабақта немесе керісінше ата-аналардың қатысуымен жобаның жасалуына қарай ұзақ болуына байланысты болады.

Жобалаудың негізгі қызметі – бағдарламаны белгілеп, арнаулы іс-әрекеттердің жалғасуына құралдар таңдау.

Жобалық әдіс – айқын іс-әрекеттер кезеңінен өтетін айдың пайда болуынан бастап жүзеге асуы.

Жобаның құрылымы:

Жоба құрылымы бойынша 3 кезеңге бөлінеді

- Дайындық
- Негізгі
- Қорытынды

Жобалық іс-әрекеттің кезеңдерінің мазмұнын қарастырайық.

Дайындық (ұйымдастыру) кезеңі:

а) не үшін дәл осы жоба таңдалды?

ә) қазіргі мән-жай.

б) бұл жоба қандай мәселелерді шешеді?

в) бұл жобаның нәтижесі қандай болмақ?

2. Тақырыбы, мақсаты, міндеті, мәселесі, уақыты және қоры анықталады.

Жұмыстық жоспар жасалады, командалар құрылымы, жауапты адамдар тағайындалады.

II Негізгі кезең – жобаның жүзеге асуы

1) ақпарат жинау және оны анықтау;

2) жобаны жасау;

3) жоспар бойынша негізгі іс-шаралар өткізу;

4) жоспарларды бақылау және түзету;

Жобаның жүзеге асырылуы арасында өзгерістер енгізілуі де мүмкін. Бастысы бағдарламаның дәл дұрыс орындалуы емес жұмыстың тиімділігі (жобаның мақсатқа жетуі)

III Қорытынды кезең.

а) жобаны қорғау, рефлексия, қойылған мақсат тұрғысынан алынған нәтиженің бағалануы және түзетулері, қорытындылау.

Даму перспективаларын анықтау жобаның соңғы кезеңі – жобаны қорғау - әрқашан көріністі. Оған ата-аналармен кішкентай балаларды, жалпы қонақ шақыруға болады. Дәл осы кезеңде жоба эмоциялық тұрғыдан қыза түседі және осы кезде оның әлеуметтік маңыздылығын да арттыру керек. Не үшін, кім үшін жасалғанын және жалпы не үшін қажет екенін түсіндіру керек. Қорғау өте жарқын болуы керек, онда әрбір баланың, әр ата-ананың, әр мұғалімнің еңбегі көрінетіндей етіп ойластыру керек.

Жобалау кезінде мектеп жасына дейінгі бала рөлінің өзгеруі.

-Мектеп жасына дейінгі бала оқыту субъектіне айналады.

-Іс-әрекет мақсатын тәрбиешімен бірге бала өзі анықтайды.

-Мәселені шешуде көбірек таңдай алады және оқу мен тәрбие процесіне белсенді қатысады.

-Мүмкіншілігінің көптігі (тәжірибе жасап көреді, жаңа нәрселерді таниды)

-Тапсырманы орындауда жауапкершілік жүктейді және уақытын бөліп пайдалана біледі.

-Топтық жұмыстарда көбірек тәуелді болады.

-Жобалық іс-әрекеттерді пайдалану мектепке дейінгі оқу мен тәрбие саласында көптеген тапсырмаларды шешеді.

-Мектеп жасына дейінгі баланы орындаушы емес, іскер етіп тәрбиелеу мүмкіншілігін береді.

-Әр бала өзіне ұнайтын іс-әрекет жасайды.

-Әр бала өзін шығармашылық тұлға етіп көрсете алады.

-Жобалық іс-әрекет бала бақшада зерттеушілікпен зор қиюласады, өйткені балалар тумысынан зерттеушілер, олар шаршамайды, тырысады, аңғарғыш және әуес. Тек осы мүмкіншіліктерін жобалық іс-әрекетте қажет арнайы икемге пайдалану керек.

Мектеп жасына дейінгі оқу мен тәрбие мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарты педагогикалық үрдісінің бағдарлануын, жобалануын және құрылуын болжайды. Білім беру ұйымдарында жобалау әдісі педагогтардың жобалау құзыреттілігін арттыру шарттарының бірі ретінде пайдаланылады. Жобалау әдісін пайдалану педагогтарға инновациялық идеялар қосуға мүмкіншілік жасайды.

Мектепке дейінгі білім ұйымдары педагогтарының кәсібилігін арттыру ретінде зерттеу, жобалау жұмысын дамыту.

Инновациялық іс -әрекеттің ұйымдастырылуында маңызды рөл оқу - әдістемелік ісі мектепке дейінгі ұйымның әдіскеріне беріледі. Оның іс- әрекеттерінің басым бағыттарының бірі педагогтардың жобалау құзыреттілігін арттыру болып табылады.

Жобалау әдісі жұмыстарын мектеп жасына дейінгі қолданысқа кіргізуді педагогикалық кадрлармен жұмыстар ұйымдастырудан бастау қажет.

Әдістемелік қызметі өз жұмысын қарапайым ликбезден, яғни барлық мұғалімдерді қарапайым жобалау әдісі мен зерттеу әдісіне үйретуден бастай алады.

1. Жобалық зерттеу жұмысынан қандай нәтиже күтетіндері туралы педагогтармен кішігірім сауалнама жүргізу.

2. Жобалық іс әрекеттері бойынша әдебиеттердің библиографиялық тізімін дайындау және әдістемелік әдебиеттер таңдау.

Қорытындылай келе жобалау әдісі арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

-Педагогтардың ақпараттық коммуникациялық технологиялар туралы білімдері анықталды.

- Балаларды, ата - аналар мен мұғалімдерді кешенді сүйемелдеу қалыптары дайындалды (жоба бойынша шығармашылық топтың жоспары жасалды)

- Әр бір педагог жеке кішігірім жобалар жасап, ақпараттық коммуникациялық технологиялар пайдалану сабақтарының конспектілері дайындалды.

- Даму ортасы жетіледі

- Кеңестер өткізіліп, педагогтарға практикалық кеңестер ,ал ата- аналарға жобаны жүзеге асыру бойынша кеңестер беріледі.

Әдебиеттер

1. Ф.Н.Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика» [100-108 беттер]. 2012 жылы
2. Н.Е.Веракса. «Проектная деятельность дошкольников» 2006 жыл
3. О.И.Давыдова, А.А. Майер, Л.Г.Богословец «Проекты в работе с семьей» 2000 жыл
4. Л.С.Киселёвой, Т.А.Данилиной, Т.С.Лагоды, М.Б.Зуйковой «Проектный метод в деятельности дошкольного учреждения» 2001 жыл

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУҒА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫНДА ЭССЕ ЖАЗДЫРТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Омарова А.Н

БҚО, Казталов ауданы, Жаңатаң негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
otarovnur78@mail.ru

Мектеп бітірушілерінің қорытынды аттестаттау кезінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша эссе жазатындығын білеміз. Сапалы жұмыс, жоғары балл алуы үшін әр мұғалім дайындық шараларында түрлі жолдардың тиімділігін қарастырады. Жалпы, эссе дегеніміз- автордың өз бетімен ойлау дағдыларын жетілдіре отырып, өз ойын нақты және сауатты түрде

жеткізу. Эссенің мақсаты – әртүрлі тезистер, дәлелдер келтіре отырып берілген тақырыпты нақты айғақтар мен мысалдармен дәлелдеу. Жасалған талдаулар мен жүргізілген зерттеулер арқылы эсседе қаралатын мәселенің мазмұнын анықтайды. Сонымен қатар өзгелердің тереңінен ойлап, қойылған сұраққа жауап іздеуі мен өзіндік ой түйюіне көмектеседі. Эссенің ерекшеліктерін алдымен оқушы түсініп алуы қажет. Эссе белгілі бір оқиға немесе мәселе бойынша жеке әсерлер мен ойларды білдіреді және тақырыпты анықтаушы немесе толық түсіндіру болып көрінбейді. Әдетте, эссе бір нәрсе туралы жаңа, субъективті боялған сөзді ұсынады, мұндай шығарма философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми-көпшілік немесе таза фантастикалық сипатта болуы мүмкін. Оның мазмұнында ең алдымен автордың тұлғасы – дүниетанымы, ойы, сезімі бағаланады. Эссе – жазылым бағытында жүзеге асатын шағын шығарма, белгілі бір тақырыпқа қатысты мәселені талқылауға, түсіндіруге бағытталған жұмыс. Оқушылар көбіне оны шығармадан ажырата алмай жатады. Шығарма жоспарды жазу міндетті болып саналады. Шығарма көркем мәтінді талдауға негізделеді. Эссе жазуда қатаң түрдегі жоспар негізге алынбайды. Ол жеке көзқарас, сараптама, аргументтерге негізделіп жазылады. Эссе жазылу мақсатына қарай, арнайы талаптарды басшылыққа ала отырып, орындалса, шығарма-белгілі бір тақырып бойынша жазылатын, міндетті құрылымнан тұратын, пәндік білімге бағытталған шығармашылық жұмыс. Эссе мен шығармада кіріспе бөлімі, негізгі бөлімі, қорытынды бөлімдерді қамтиды.

Эссенің кіріспе бөлімінде – тақырыпқа орай, эсседе талданатын мәселенің себебі мен мәні туралы түсінік беріледі. Оқырманның көңілін қаратады. Эссе тақырыбымен байланыстағы сөйлемдерден тұрады. Эссе мәтінінің негізгі бөлімін құрайтын 3 немесе одан да көп негізгі идеяны қысқаша ашады. Эссені жазуға себеп болған жайттар тақырыптың өзектілігін білдіреді. Сондықтан эссені бастамас бұрын «Мен қамтитын тақырыптың қазіргі таңдағы өзектілігі қандай?», «Тақырып бойынша қандай мәліметтер қамтылу керек?», «Мәселені бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға бола ма?» деген тағы басқа да сұрақтарға жауапты растайтын дәлелдердің жүйелілігі мен логикалық құрылымдардың болуы тиіс.

Негізгі бөлімінде – эссенің ең көлемді бөлігі. 3 немесе одан да көп нақты құрастырылған азат жолдан тұрады (бір абзац кіріспеде берілген бір идеяны ұстанады). Әрбір абзац басты бекіту және детальдармен қолдап отыратын кем дегенде 4 немесе 5 сөйлемнен тұрады. Бір идеядан екінші идеяға ауысу үшін өту немесе ауысу сөздері мен фразалардың арқасында оқырманға мәтін мазмұнын игеруге көмек болады. (мысалы, сонымен қатар, одан басқа, тағы да бір себебі болып табылатыны... және т.б.). Таңдалған тақырыпты және негізгі мәселені шешу үшін дәлелді ақпараттар қамтылатындықтан, эссенің негізі осы бөлімде жүйелі түрде жүзеге асады. Ұсынылатын дәлелдемелер мен қажет болған жағдайда кесте, сызба сынды талдау жұмыстарын қолдануға болады. Логикалық мәліметтермен қатар өзіндік іс-тәжірибені де пайдаланыла алады.

Қорытынды бөлімде – эссені қорытындылайды. Қысқаша 3 негізгі идеяны атайды (кіріспедегі сөздерді қайталамай). Мықты бекітумен аяқталуы мүмкін (эмоционалды болуы да мүмкін). Негізгі мәселеге байланысты мәліметтерді тұжырымдай келе, қозғалған тақырыптың маңызыдылығы туралы қорытынды ой-толғау жазылып, өзіндік көзқарасты қысқа да нұсқа түрде жеткізіп, қорытындылайды. Оны жасау үшін ұсынылатын әдістер: қайталау, суреттеу, цитата, әсерлі дәлелдеу. Эссенің мазмұнын толықтыра түсетін сипаттамалар «Эсседе қамтылған мәселе бойынша не айтуға болады?» деген сұраққа жауап бергені жөн. Эсседе зерттелген тақырыпқа сай жайттарды талдап, қорытынды ой түйеді.

Дәлелдеу – белгілі бір тұжырымға негізделген және соған байланысты шын мәніндегі ойды анықтау үшін қолданатын логикалық тәсілдер жиынтығы болғандықтан, оның құрылымы 3 бөліктен тұрады: тезис, аргумент, қорытынды. Дәлелденуге қажетті оқиғаны анықтайтын тезис болса, оның анық-қанығын растауға қолданылатын бөлшегі – аргумент, ал қамтылған мәселе туралы жайттарды талдауға негізделген түйінді пікірді қорытынды бөлігі сипаттайды.

Пікір (тезис) – бұл біреудің ұстанатын, мазмұны тексерілуі де тексерілмеуі де мүмкін, көзқарасы. Дегенмен дара немесе бір топ адамдардың ұстанатын көзқарасы факт болып

саналатындықтан, растайтын сенімді дереккөздер көрсетілуі шарт. Мысалы, Құдайдың бар екені факт емес, дегенмен көптеген сенушілер Құдайдың бар екенін болжайтыны – күмәнсіз факт.

Аргумент (лат. *argumentum* – нәрсе, пән, белгі) – философияда – пікір, ойдың немесе теорияның ақиқаттығына келтірілетін дәлел. Логикада дәлелдеудің негізгі алғышарты ғана емес, пікір мен идеяның толық негізі ретінде де қаралады. Аргумент сөзі латынның *argumentum* сөзінен шыққан, яғни, айғақ болудың негізіне қызмет ететін логикалық дәйек. Аргументтердегі дәйектер: “неге?”, “неден?”, “не үшін?”, “қандай себептен?” сияқты сұрақтарға жауап беруге көмектеседі. Деректердің қайнар көзі – фактілерге тікелей дәлел бола алатын адам немесе құжат аты, эсседе ол сілтеме арқылы жақша ішінде көрсетіліп кетуі тиіс. Мысалы, (*nur.kz*), (*shyn.kz*) деген сияқты.

Факт — әр уақытта ешқандай шартсыз ақиқат болатын айтылым. Пролог тілінде қарастырылады. Шынымен болған, ойдан шығарылмаған оқиға, жағдай, құбылыс; берік тағайындалған білім; қандай да бір болжамды тексеру болып табылатын қандай да бір қорытынды, түйін үшін қызмет ететін тәжірибедегі мәліметтер. Объективті тіршілік ететін шындық, нақтылық.

Факт — бұл өмірде бар және болған жайттар. Энциклопедияда тақырыпқа қатысты саладағы ғалымдар мен сарапшылардың келісілген тұжырымдамасы факт ретінде саналады.

Сараптама — арнайы таным, білім мен білік талап ететін қандай да бір мәселеге зерттеу жүргізу. Эсседе сараптама болып кеткен жағдайды және оның себептерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Эссе жазу кезінде кіріспе мен қорытындыда мәселеге тоқталу керек (кіріспеде ол қойылады, қорытындыда – автордың пікірі жинақталады). Азат жолдар мен олардың арасында логикалық байланыс орнату қажет: жұмыстың тұтастығына осылайша қол жеткізіледі. Жалпы мамандар әр түрлі интонациядағы қысқа, жай сөйлемдер, «ең заманауи» тыныс белгісі – сызықшаны шебер қолдану тиісті әсер береді деп есептейді. Дегенмен, стиль жеке тұлғаның ерекшеліктерін көрсетеді, мұны есте сақтау да пайдалы.

Эссе жазуда ескеретін 10 мәлімет.

- Эссе – оқырманмен диалог. Ол түсінікті, қарапайым әрі мәнді болса тез қабылданады.
- Эссе – жазба иесінің жеке пікірі, азаматтық көзқарасы, ойын жеткізуде ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін танытатын «пікір білдіру алаңы».
- Эссе жазудан тартынба: тек эссе жазу қадамдары мен тәсілдерін тануға зейін қою керек.
- Әр бөлімде ой жинақылығы, дәлдік және «ой сүзгісінен» өткен тұжырымды пікірлер басымдыққа ие болады.
- Эссенің мақсаты – тақырыпты ашу, мазмұн дәлдігі, мәтін логикасы және қойылған талаптар үдесінен шығу.
- Эссенің құрылымдық талаптарын сақтай отырып, тақырыпқа қатысты пікірлер негізінде өзіндік тұжырымын жасай білген, тың ой, ерекше идея, өзекті сауалдар туындататын еңбек, бағалы туынды.
- Эссе жазуда тұжырымды пікір айту осы тақырыпқа қатысты деректер көзі, материалдар және жан-жақты мәліметтермен барынша таныс болуды қажет етеді.
- Эссе мен шығарманың айырмашылықтарын ескеру керек. Шығарманың өн бойында бейнелі ой, қанатты сөздер молынан кездессе (сөз саны шектелген), эсседе бейнелі, метафоралық қолданыс аз кездеседі. Өйткені нақтылық пен дәлелге басымдық беріледі.
- Шығармада сөз шектелмейді. Эсседе сөз саны шектеледі. Сол себепті эсседе ой нақтыланып, сөйлем сұрыпталып беріліп, тұжырымдалған пікір нағыз «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болып табылады.
- Ойдың жүйелі (тақырыпты түсінуі, талдап қарауы, идеяны анықтау, орынды дәлелдер және т.б.) және ойды жеткізу шынайылығының болуы.

Эссе жазу шеберлігін қалыптастыру қадамдарының алғашқысы берілген тақырыппен танысу. Одан кейін оқушының ойды жүйелеп алу жатады. Берілген тақырып аясында қандай мәліметтер маған таныс? Ақпарат, мәлімет, деректерді жинақтау, салыстыру, талдау барысында қандай пікірлер туды? Ой-пікірімді қандай мысал, дәлел, дерек, дәйек сөздермен

бекіте аламын? Үшіншіден, нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін әрекет, әдіс-тәсілдерді қолдануы. Мәселен, тақырыпқа қатысты өзі білетін ұғым, сөз, атау тізбегін жазып шығу. Дереккөздермен (кітап, баспасөз, интернет және т.б.) дереккөздермен жұмыс жасау. Пікір алмасу мүмкіндіктерін қарастыру. Тезис түрінде пікірлерді, ерекше әсер еткен ой, сұрақтарды жазып қою. Төртінші қадамы, жазылу құрылымы талаптарына сай бөлімдерді анықтап алу.

А. Кіріспеде не айтамын? Бұл – ашылатын тақырып пен мәселеге бастайтын ой басы. Тезис беріледі.

Б. Негізгі бөлімде не жазамын? Тақырыптың мазмұны ашылатын бөлім. Тақырып немесе мәселе туралы тоқтамды ой, толғандыратын сұрақ, дәйекті ой, дәлел, шынайы пікір жазылу керек. Жеке пікір өте маңызды.

В. Қалай қорытындылаймын? Мәселеге, тақырыпқа қатысты тұжырымды пікірімді білдіруім керек. Жұмыстың ең соңғы қадамы-**өз жұмысын тексеру**.

Эссе бөлімдерінің мазмұны талапқа сай ма? Тезис дұрыс берілді ме? Аргумент, фактілер, дәлел, дерек, мәлімет, дәйектеу қалай жүзеге асты? Жеке пікір бұрынғы айтылған пікірлерді қайталап тұрған жоқ па? Ойды айқын, нақты да дәлелді жеткізе алған ба? Ой екпіні, ішкі көңіл-күй, интонацияға қарай тыныс белгілері дұрыс қойылды ма? Сөз саны қанша?

Эссе көлемі талапқа сай ма? деген сұрақтар төңірегінде ой қорытады. Көтерілген мәселе ашылмай, автордың жеке позициясы көрінбесе, теоретикалық негіздемесі болмаса, терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдануға жол берілсе, эссеге қойылар баға да төмен болады. Сонымен қатар, эссе жазу барысында тым қарапайым өмірдің мысалдары көп, ауызекі сөздер, диалект, жаргон сөздерді көп қолдану және келтірілген мысалдар автор позициясына қайшы болуы, қорытынды, түйінді ойдың болмауы эссенің сапасын төмендетеді. Мұғалім эссе жазу дағдысын қалыптастыруда күнделікті оқыту үдерісінде грамматикалық тапсырмалар, еркін шығармашылық тапсырмалар және модель бойынша орындалатын тапсырмаларды қолдана алады. Эссе жазуды жүзеге асыруда тиімді әдіс-тәсілдер қатарын пән мұғалімі ретінде толықтырып жүреміз. Мысалы, «Дербес пікір» әдісі. 1-қадамы-өзіндік ой-пікірін, яғни идеясын 1 сөйлеммен жазады. 2-қадамы-дәлелін 2 сөйлеммен келтіреді. 3-қадамы-өз пікіріне қарсы дәлелді – 1 сөйлеммен жазса, 4-қадамында өз пікірін айғақтауға 2 мысал келтіреді. Қарсы дәлелді жоққа шығару үшін ойын 1 мысал келтіріп, ойын 2 сөйлеммен жеткізеді. Жалпы эссе жазуға оқушыны жетектеп алып келу керек. «Түртіп алу», «Миға шабуыл», «Ассоциация» т.б стратегиялар жазылым алды тапсырмаларында қолдану кезінде тиімді. «4 сөйлем» немесе «ПОПС» әдісін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын артыруға болады. Оның қадамдары :

1. Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... »
2. Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
3. Үшінші сөйлем «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын ... »
4. Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мынадай қорытындыға келдім ...»

Рөлдік ойындар оқушылардың белсенділігін арттырады. Мысалы, жарнама жасау. Оқушылар мектеп формасының бірыңғайлылығы туралы жарнама жазу керек немесе кітапхананы сипаттау. Оқушылар суретке қарап, оны сипаттайды. Ал, сұхбат алу кезінде өздері үлгі тұтқан тұлғаларға проблемалық сұрақтар және мектеп түлектерімен кездесуге арналған сұрақтар дайындайды. «РАФТ» әдісін де қолдану ұтымды. РАФТ стратегиясы: «РАФТ» (роль, аудитория, форма, тақырып) стратегиясы бойынша оқушылар оқылған мәтінге байланысты топтарға бөліне отырып, түрлі рольдерді орындау арқылы хабарламалар жасайды. Мысалы, президент (роль) болып, белгілі бір тақырып бойынша халыққа (аудиторияға) үндеу (форма) жолдауы мүмкін, немесе радиодан, теледидардан сөйлеу т.б. Тақырыпты мұғалім әдетте сабақ тақырыбына байланысты береді. Мұғалім оқушылардың өз «қойылымдарында» тақырыптан ауытқымай, оқу материалын толық ашып, көрсетуін қадағалау керек. Қорыта айтқанда, эссе – бұл адамның субъективті пікірі, көзқарасы мен ойы еркін түрде жазылатын әдеби жанрдың бір түрі. Оның басқа жанрлардан басты айырмашылығы ой еркіндігі және көлемі жағынан қысқа болып келуі.

Эссе жазу кезінде ойды жинақы, нақты, анық етіп жазу қажет. Тақырып ашылуы үшін бір эсседе кем дегенде екі нақты мысал болу керек. Эсседе ішкі сезімге рұқсат етіледі, көркем әдеби стильде жазылады. Әдетте эссенің көлемі 200-250 сөзді құрайды. Одан аз немесе көп сөз жазу кері нәтиже алып келуі мүмкін, сондықтан берілген стандарт пен форматқа сәйкес жазуға тырысу керек.

Әдебиеттер

1. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий.-Санкт-Петербург: «КАРО», 2002.-368С
2. Иманбекова Б. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс.-Алматы, 2003.-136
3. <http://melimde.com/astana-alasini-bilim-basarmasi-edistemelik-kabinet.html>
4. <https://stan.kz/esseni-kalay-zhazadi-barlik-erezheler-311643/>
5. Эссе жазу бойынша әдістемелік құрал.
6. <https://nauchniestati.ru/blog/kak-napisat-esse/>

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Барадосов А.Д.

Орал қаласы, №25 «Снежинка» бөбежайы МКҚК
дене шынықтыру нұсқаушысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру озық технологиялар мен заманауи үрдістер басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ...оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген, демек білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы ретінде , әрине компьютер, ноутбук балалардың да, мұғалімдердің де көмекшісіне айналды. Білім беру саласында, мектептерде, балабақшаларда да мультимедиялық электрондық оқыту құралдары балаларға назарларын аударып, білімге деген қызығушылықтарын арттырар маңызды құралдарға айналды.

Ұлы ғұлама Конфуцийдің "Маған айтсаң - мен ұмытамын, маған көрсетсең - мен есте сақтаймын, маған жасатсаң - мен түсінемін",-деген ұлағатты сөздері осы жерге дәлме-дәл келіп тұрғандай. Балалардың көпшілігі естігенінің 5%-ын, көргенінің 20% -ын есте сақтайтыны дәлелденген, ал аудиолы, визуалды ақпараттарды бір мезгетте қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттыратыны белгілі. Демек, бұл жерде ақпараттық технологияны пайдаланудың берер білімнің тиімділігі үшін қызмет етері айтпаса да түсінікті. Қазір мектептегі жаңа технологияның құралдары интерактивті тақта, компьютер, ноутбук балалардың білімге, пәнге деген қызығушылықтарын, білмегендерін табуға арналған ізденіс құралдары екендігі айтпаса да түсінікті.

Осы құралдар балалардың ойлау, ойлану, ойын анық, дәлелдермен, фактілермен, аргументтермен және түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттыра отырып, өз айтайын дегендерін, дәлелдерін, білімдерін осынау жаңа технология құралдары арқасында іске асыруын қамтамасыз ете алатын пайдалы құралдар екені айдан анық.

Интерактивті тақтаны мұғалімге пән бойынша жаңа білімді қызықты және баланың жанына жақын түрде мультимедиялық құралдар көмегімен балалардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қазына деп атап кетуге болады.

Жоғарыда аталған интерактивті құралдарды мұғалім жаңа білімді ұсынуда өз сабақтарында пайдалануы- бірден дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектесері сөзсіз, олар оқушыға пән бойынша базалық білімді меңгеруге, алған жаңа білімді қабылдауға, әрі бекітуге, қорытындылап, тұжырым жасауына, жалпы білімге деген құлшынысын, ынтасын

арттыруға септігін тигізеді, ал ол баланың біліммен сусындауына жолдың ашылуына зор үлесін тигізеді.

Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы ғана емес, сонымен қатар «сегіз қырлы, бір сырлы, яғни жан жақты дамыған педагогикалық-психологиялық сауаттылық, экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылығы бар тұлға болуын талап етеді. Мұғалім қазіргі заман ағымына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен қаруланған, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген шебер болса ғана ұлағатты болып саналады.

Жаңа технологияның бізге ұсынып отырғаны - электрондық оқулық. Білім беруде танымдық белсенділікті дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайтын, тағы да бір құрал, ол-электрондық оқулық. Сабақ кезінде электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің еңбегін жеңілдетеді, яғни уақытын үнемдейді. Электрондық оқулықтардың бұрынғы қолданып келген оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және де өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Бұл электрондық оқулықтың артықшылығы, жаңалығы.

Күнделікті сабақтардан баланың жалығып кетпеуі үшін, жаңа тақырыпты, жаңа білімді беруде қосымша бейнехабар және клиптер қажеттігі әрі пайдалы құралдар болып көмекке келеді. Аудио және бейнефильмдер жаңа білімді тез және жылдам көрсетуге пайдалы. Электрондық оқулық көмегімен қажетті бейнелер, видеокөріністер, музыка тыңдатуға, тақырыпқа сай таңдап алуға болады, бұрынғыша мұғалімнің жаңа тақырыпты тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен тез, есте қалуына көмегін тигізеді, түсінуге қиын тиетін оқу материалдарын компьютерді қолдана отырып, оқушыларға ұсынса, жаңа тақырыпқа, пәнге деген баланың қызығушылығы қалыптасып, тіптен артады.

Компьютерлер мен интерактивті тақта балалардың тілдік құзіреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, оларды көрнекілік етіп пайдалану – нәтижеге, яғни білім сапасының артуына үлкен жол екендігі өз тәжірибемде дәлелденген.

Жаңа білім берудің мақсаты-терең білімнің негізінде еркін бағдарлай алатын, өзін дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға, негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстанның егеменді, тұғыры биік тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы орта білім беру жүйесінің алға жылжып, дамуымен тығыз байланысты. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе»- деген М. Әуезовтың қанатты сөздері әр педагогқа қанат бітірері сөзсіз, себебі, бүгінгі бала, ертеңгі жеке тұлға, алған білімдерін күнделікті әлеуметтік үдерісте қолданатын азамат. Мектепке дейінгі білімді көтеру және оның жоғарыда самғауы үшін, көмекке келеін интерактивті құралдарды пайдалану білім тәрбие процесін жоғарылату, мектептің, ондағы мұғалімнің жүйелі басшылыққа алатын қажетті құралы.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады.

Оқу – тәрбие үрдісіне заманауи технологиялар мен әдістерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызығалықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8 – бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» – деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Ал білім беру жүйесінің алдындағы жаңа

міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру.

Білім беру мазмұнының жаңартылған бағдарламасының жүйесі бойынша балаларға білім дайын күйінде берілмейді, керісінше балалардың өздерін еркін ұстауға, ойлануға мүмкіндік жасалады. Олар өз беттерімен және өзара әрекеттесе оқып-үйреніп, ортақ бір шешімге келуге бағытталады. Сондықтан да қазіргі таңдағы әрбір ұстаздың да, оқушының да іс-әрекеті ерекше шығармашылық сипатта болуы керек. Бағдарламаның мақсаты – балалар өздерінің қалай оқу керектігіне назар аудара отырып, олардың өз ойлары мен дәлелдемелерін нақты жеткізе алатын, яғни ойға жүйрік, тілге шешен, әрі жазбаша түрде еркін, көркем бейнелеп жазуға төселген, бірнеше тілді қатар меңгерген бәсекеге қабілетті жан-жақты жетілген жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Ондай «тұлға» болашаққа сенімді, ынталы, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, қазіргі сандық технологияларды, өмірде өз білімін қалыптан тыс жағдайда да еркін әрі терең пайдалана білетін жан болуы тиіс. Балалар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байанысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. Осы орайда әдіс-тәсілдер мен заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану жолында әріптестерім де атсалысуда. Әр сабақтың тиімді әрі нәтижелі өту үшін әр ұстаз өз шығармашылығын дамыту мен ізденіс үстінде.

Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Педагогиканың даму үдерісінде осы қазіргі кезеңге дейін мұғалім үйретуші, оқушы үйренуші, мұғалім білім үйлестіруші және орындатушы, баланы қабылдаушы және орындаушы рольдерінде жұмыстанатын болып келді. Таңдау бұл үдерісте ешқайсысының күзіретінде болған емес. Сол арқылы, берілген материалдардың қабылдау деңгейін анықтау үшін диалог кеңінен пайланып келген тәсілдердің бірі деуге болады. Себебі мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру және өзара түсіністікті арттыру үшін диалогтың маңызы зор. Мұғалім балаға немесе керісінше бала мұғалімге сұрақтар қоюының және оның жауабының берілуінің формасына қарай жұмыстың әрі қарай өрбу барысын бағыттауға болады деп есептеймін. Сұрақтың жуан-жіңішкелілігі осы жерден үлкен көрініс табады, себебі қай-қайсысының тарапынан болса да дұрыс, орынды қойылған сұрақтар баланы да, мұғалімді де ойландырып қоятыны сөзсіз. Тек тақырыптан ауытқымай нағыз, діңгегін ұстауға мүмкіндік беретіндей, мазмұнын ашуға итермелейтін проблема қоя білу қажет екенін ескеру қажет. Диалог сонымен қатар, балалар арасында да өрбуі мүмкін. Бұл арада жоғарыда аталған қатынастар негізінде бағытталады. Келесі тамаша жаңа педагогикалық әдіс бұл - топтық жұмыс, біріншіден, оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырады. Екіншіден, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Үшіншіден, бірін-бірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды. Бұл әдіс сонымен қатар топ болып ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауға, ойын еркін ортаға салуға, бірінен- бірі үйренуге септігін тигізді. Яғни, топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу, проблемаларды шешу және топ ішінде шығарманы жан-жақты талдауға көмектеседі.

«Алдын ала берілген атаулар» – сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау /терминдер/ жазып қойып, оқушыларға олардың мағынасы, мақмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануы керек. Бұл жұмысты оқушылар жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша /соңғысы тиімдірек/ орындауы ықтимал. Содан кейін бірнеше оқушының ойы мен пікірі тыңдалады. «Үш қадамды сұқбат»-тақырып бойынша балалардың бір-бірінен кезектесіп интервью алу тәсілі. Бұл тәсіл «Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою»

Тәсіліне ұқсас, алайда мұнда басты назарды жауапқа аудару керек. «Төрт сөйлем тәсілі» – сабақ соңында қушылар өздерінің түсінік және жұмыс жасау деңгейлерін бағалау үшін мынадай тапсырмаларды орындайды:

1. Пікір

Мәтін бойынша туындаған өзіндік пікірін /негізгі идеясын/ бір сөйлеммен келтіру керек.

2. Дәлел

Келтірілген өзіндік пікірі бар сөйлеммен дәлелдеп шығу керек. Дәлел дегеніміз ұстанған көзқарасты логикалық тұрғыдан дәйектеу, негіздеу.

3. Мысал

Енді келтірілген өзіндік пікірді тағыда бір негізден кету үшін бір сөйлеммен мыса келтіру қажет. Мысал, өмірден, практикадан алынуы керек; ақпарат көздеріне немесе көп тараған пікірлерге сілтеме жасау, практикада орын алған үрдіс, басқа адамдардың пікірі;

4. Қорытынды

Өзіндік пікірді тағы бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіру керек.

Әрбір сабақ мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр балалардың есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану ұстаз шеберлігінің белгісі. Қазіргі уақыт бүкіл адамзат қоғамының ғылыми – техникалық үрдіс пен өркениеттің даму кезеңіне бет бұрған уақыт деп есептеймін.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпағымыздың жан-жақты дамуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, жеке тұлға болуына жағдай туғызатын, тигізер пайдасы да мол құралдар екенін уақыт дәлелдеді.

Қазақстанның жаңашыл ұстазы бола білейік, ол үшін жаңа технологиямен қаруланып, баланы жанынан жақын орын алып, білім деген үлкен кемемен бірге жүзейік деген ой тастағым келеді.

Әдебиеттер

1. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002.
2. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М.
3. Бөрібаев Б., Балапанов Е. «Жаңа ақпараттық технологиялар», Алматы, 2003.

БІЛІМ БЕРУДЕ ЗАМАНАУИ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Сарсенова А.У.

«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі
sarsenovaaruzhan1978@gmail.ru

Қазір қоғам білетініміздей, күн өткен сайын қарыштап дамып, қанатын кеңге жайып келеді. Бұл бәріміз үшін өте қуантарлық жағдай. Еліміздің білім жағынан деңгейі өсіп, әлем елдерімен терезесін теңестіретін жағдайға да жеттік. Бұл деп отырғанымыз, білім беру жүйесінің күннен-күнге дамып, құлашын кеңге жайып келе жатыр дегенді білдіреді.

XXI ғасыр - технологияның қарыштап дамыған ғасыры. Тек білім саласында ғана емес, күнделікте өмірде де түрлі инновациялық технологиялардың қолданысқа кеңінен еніп келе жатқан уақыты десек қателеспейміз. Қазіргі күні «Цифрлы Қазақстан», «Цифрлық дәуірдегі білім» деген сөздерді жиі құлағымыз шалады.

Білім беру - өте мәні зор игі іс. Ол өз кезегінде еліміздің даму деңгейін, әлем елдері алдында еліміздің мәртебесін көрсетуде маңызды. Білім беруді бірсарынды ғана жүргізу айтарлықтай нәтиже бермейді. Осы тұста білім алушылардың білімге деген ынта-ықыласын, қызығушылығын қалыптастыра білудің маңызы өте зор.

Бүгінгі күні қай жағынан болмасын дамыған, заман ағымына ілесе білетін, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, ізденімпаз, құзыретті, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыра білу бүгінгі қоғам алдына қойып отырған келелі мәселелердің бірі. Ол үшін білім алушыларды тек білім алумен шектеп қана қоймай, өзге де қырларынан өздерін көрсете білуіне, қоғамда болып жатқан өзгерістерді жақсы жағынан қабылдай білуге үйрету керек. Сол үшін де білім беру жүйесін түрлендіру қажет. Мәселен, түрлі жаңа технологияларды енгізу арқылы немесе оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Қазіргі күні біз өз өмірімізді телефонсыз, компьютерсіз елестете алмаймыз. Жұмыс жасау үшін де, білім алу үшін де, тіптен бір-бірімізбен хабар алмасу үшін де осы дүниелерге жүгінеміз. Бұл да осындай жаңа технологиялардың әлдеқашан қолданысқа еніп, пайдаға асып жатқандығының көрінісі.

Білім беру жүйесін одан әрі жаңалау үшін әрі білім алушылардың білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыру үшін айтарлықтай өзгеріс енгізу керек. Мәселен, білім беру үдерісіне мультимедиялық технологияларды енгізу аясын кеңейту өте жақсы нәтиже береді. Ендеше осы тұста мультимедиа деген не, мультимедиялық технологияларды қолданудың ерекшеліктері қандай деген сұрақтарға жауап беріп өтейік.

Мультимедиа ұғымына ғалымдар өздерінің әртүрлі анықтамаларын ұсынған. Соның бірнешеуіне тоқталып өткеніміз жөн болар. И.И.Косенконың айтыныша:

«Мультимедиа – әртүрлі формада ұсынылған ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік беретін компьютердің ақпараттық және бағдарламалық құралдар кешені». Ал И.Вернер «Мультимедиа – графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын ақпаратты – бағдарламалық құрал» деп тұжырымдайды. Енді бір ғалымдардың ойынша Мультимедиа – әртүрлі типтегі ақпараттарды компьютердің ұсыну мүмкіндігін дамытатын және адамның мультисенсорлық табиғатына негізделген технология деп топшылайды.

Сонымен «Мультимедиа» термині – латын тілінің «multi» (көп) және «media» (орта) сөздерінің бірігуінен құралған. Мультимедиялық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді саралай келе бұл ұғымға «ақпараттық орта» деген мағына берсек болады. Ал ақпараттық орта түсінігін белгілі бір ортада ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты ұсыну мен өңдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған процесс ретінде қабылдай аламыз. Мультимедиа бұл:

- ✚ әртүрлі типтегі ақпараттарды өңдейтін құралдарды жасаудың және пайдаланудың тәртібін анықтайтын технология;
- ✚ әртүрлі типтегі ақпараттарды өңдеу мен ұсыну технологиясы негізінде құрылған ақпараттық ресурс;
- ✚ түрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсынуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалық жабдық.

Мультимедиялық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Мультимедиа пайдаланушыға әртүрлі типті ақпаратты біріктіріп ұсыну технологиясы. Мультимедиа технологиясы мәтін, графика және видеомультимедияны пайдалануға мүмкіндік береді, оқу процесінде компьютердің қолданылу аясын кеңейтеді, білім алуға деген білім алушылардың ерекше қызығушылықтарын тудыруда маңызы өте зор болмақ.

Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелері оқытудың компьютерге негізделген анимацияланған ортада жүзеге асуы тиімділікті арттыратынын көрсеткен. Оқушылардың түсінуіне немесе қиялымен елестетуіне қиындық келтіретін ұғымдар немесе ақпараттардың презентациясын жасау кезінде осы анимацияны қолдану дұрыс шешім болып табылады [1].

Білім берудегі мультимедиа:

- ✚ Біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізеді;
- ✚ Екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал деуге болады.

Мультимедиялық технологиялар қазіргі күні білім беру үдерісінде жиі қолданылады деп айтуға толықтай негіз бар. Ол білім беруді сәтті әрі нәтижелі жүзеге асыруда және білім алушылардың білім алуға деген ерекше белсенділіктерін қалыптастыруда аса маңызды. Біз қазіргі күнге дейін мультимедияның кейбір түрлерін тұрмыста қолданып келдік десек болады. Мысалы, әрбір үйдің төрінен табылатын теледидар, әр адамның қолындағы телефон осыған нақты дәлел болады.

Мультимедиа құралдары – бұл әр түрлі орталарды қолданып (дыбысты, видео, графиканы, мәтінді, анимацияны) адамға компьютермен араласуына мүмкіндік беретін ақпаратты және программалы құралдар комплексі. Мультимедиа жарнамалық бизнесте, компьютерлік ойындар жасауда кең қолданылады. Мультимедиа технологияларының қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауда және басқа оқып үйренуге арналған материалдар дайындауда көп пайдаланылады. Мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді.

Мультимедиялық технологияларды қолдану аясы күн өткен сайын кеңейіп келеді. Бұл еліміздің күн сайын дамудың жаңа сатысына көтеріліп келе жатқанын аңғартады. Болашақ жастардың жаңашылдығын, жаңаны жылдам игере алатындай қабілеттерінің бар екендігін көрсетеді.

Мультимедиялық технологиялар білім беру үдерісіне енгізіліп, кеңінен қолданысқа түсуде. Мысалы, күнделікті сабақта қолданып жүрген интерактивті тақталар, компьютерлер, түрлі құлаққаптар, теледидарлар, телефондар осыған дәлел. Әрбір сабақ тиімді әрі нәтиже беруі, білім алушылардың белсенділігін тудыруы тиіс. Осы тұрғыда біз мультимедиялық технологияларды қолданарымыз белгілі. Білім беруде түрлі видеоларды, аудио жазбаларды, графикаларды және түрлі анимацияларды қолданбаймыз десек сірә өтірік болар. Себебі адам есту, көру арқылы ақпараттың басым бөлігін есте сақтай алады.

Қазіргі кезде мұғалімдер мен оқытушылар білім беру барысында білім алушылардың танымдық белсенділігінің төмендеуі, өз бетінше жұмыс жасағысы келмеу, сабаққа деген ынта-ықыласының болмауы секілді мәселелермен жиі ұшырасып жатады. Балалардың оқуға деген қызығушылығының болмауының бір себебі ретінде күнделікті сабақтардың бірсарынды ұйымдастырылуын айтуға болады. Ал бұл бірсарындылық оқушылардың қызығушылығын жоқ қылып, оқуға деген немқұрайлыққа алып келуі мүмкін. Осындай жағдайдан шығудың бірден бір шешімі білім беруде заманауи мультимедиялық құралдарды қолдану, олар оқушылардың танымдық деңгейін арттырып, оқушылардың назарын арттыруға мүмкіндік береді [2].

Заманауи мультимедиялық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу өте бір өзекті мәселе. Қазіргі білім беруде алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі десек болады. Мультимедиялық технологияларды білім беру үрдісіне енгізу арқылы көп нәрсеге қол жеткізуімізге болады. Оқытуда сабақта оқушыларға түрлі видеолар көрсетіп, графикалармен, суреттермен және анимациялармен жұмыс жасату сабақтың жақсы өтуіне септігін тигізеді. Мультимедиялық технологиялар сонымен қатар оқытушыларға материалдарды ерекше формада ұсынуға мүмкіндік береді. Мәселен, шеберлікпен орындалған презентация оқушылардың назарын аударып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.

Мультимедиа технологияларын қолдану үйретілетін бағдарламалық камтамасыздандыру мүмкіндіктерін көрнекті көрсетуіне мүмкіндігін береді, соның ішінде, слайд-презентациялармен көрсету оқытудың тиімділігін жоғарылатуға, сонымен қатар мультимедиялық технологияларды оқу үрдісінде қолдану оқу апаратын көрнекті етеді, оны оңай және тез қабылдап меңгерілуіне жол береді. Білім берудегі электрондық басылым білімнің сәйкесінше ғылыми-практикалық аясындағы оқушылардың білім, білік және

дағдысын белсенді және шығармашылық меңгеруін қамтамасыз ететін жүйеленген материалдар жиынтығынан тұрады. Бұл құралдар сабақты жаңаша өткізуге, жекеше алғанда оқушылардың ана тілі сабақтарында білім беру сапасын жаңа деңгейге жеткізуге жағдай жасайды деген тұжырымға келеміз. Дәстүрлі оқыту барысында оқушы мұғалім мен сыныптастарымен қарым-қатынасқа түседі. Ал мультимедиялық технология құралдары қолданылған сабақтарда компьютермен қарым-қатынас жасауға және танымдық, ақпараттық.

Мультимедиа технологиялары оқушыны дайын оқу материалының тек қана меңгерушісі емес, сонымен қоса оны құрудың, қалыптасуының, жедел қолдануының қатысушысы ретінде шығаруға мүмкіндік береді. Қазіргі бар мультимедиялық курстар мен білім берудің бағдарламалық өнімдері бүгінгі күннің өзінде сабақты жаңаша түрде құруға мүмкіндік туғызуда.

Мультимедиа технологиялары оқу әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың мүмкіндіктерін өлшеусіз кеңейтуде және дәстүрлі оқыту шегінде табылған перспективалы әдістемелік жұмыстардың өте үлкен әлеуетін тәжірибе жүзінде нақтылауға мүмкіндік береді. Сондықтан мультимедиа технологиялары тіптен түсіндірмелі-иллюстративті әдісті қолдану жағдайында да оқушылардың ішкі белсенділігін бастамашылық етуге және ынталандыруға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологияларды қолданудың тәжірибесі мынаны көрсетті:

- ✚ Оқушылардың жұмысқа деген қызығушылығы мен белсенділігі арта түскенін;
- ✚ Ойлаудың алгоритмдік стилі дамыды, тиімді шешімдерді қабылдау, вариативті әрекет ету қабілеттері қалыптасты;
- ✚ Оқытушы көптеген қиын жұмыстардан арылып, алынған мәліметтердің негізінде шығармашылық қызмет етудің мүмкіндіктері ашылды [3].

Яғни, мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатынын аңғарамыз. Дәстүрлі әдістерді қолданудан гөрі, мультимедиялық технологияларды барынша дұрыс қолдана білу әлдеқайда жақсы нәтиже берері хақ.

Қорытындылай келе, қазіргідей дамыған уақытта мультимедиялық технологияларды білім беру үдерісіне енгізудің маңызы өте зор. Себебі мұндай технологиялардың көмегімен білім беру саласын, оқыту үрдісін айтарлықтай жақсартуға болады. Сондай-ақ мультимедиялық технологияларды оқу үрдісінде қолдану оқу ақпараттарын көрнекті етеді әрі оны оңай, тез қабылдап меңгеруге септігін тигізеді. Мультимедиялық технологияларды білім беруге енгізу ең алдымен білім алушыларды оқуға ынталандырудың ең маңызды құралы болмақ. Сондықтан да мультимедиялық технологиялар тек оқуда ғана емес, күнделікті өмірде де ажырамас негізге айналғанын айтуға болады. Жас ұрпақтың жаңа технологияларды жылдам меңгеріп, оған ерекше қызығушылық танытып, білім беруде де тиімді қолдана білуінің өзі үлкен жетістік. Қазіргі ұрпақ сандық дәуірдің перзенттері ретінде қоғам көшінен қалмай, жаңалықты жылдам қабылдап, технологияларды тиімді қолданып, білім беру саласының қарыштап дамуына үлесін қосуы тиіс. Бұл тек бір оқушыға ғана қойылар міндет емес. Кез келген адам жеке, құзыретті, білімді тұлға ретінде білім беру жүйесін жоғары деңгейге шығаруға бір адамдай атсалысуы қажет.

Әдебиеттер

1. Смолянинова О.Г. Мультимедиа в образовании. Красноярск, 2003
2. Бернштейн М.С. Психология научного творчества // Вопросы психологии.- 1965.
3. Интернет и мультимедийные технологии (<http://www.yastudent.ru/uni/10/faculty/77>)

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ДАМУДА ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Сатыбалдиева А.З.

Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технология колледжі
Экономика пәнінің оқытушысы

Тәрбие процесін табысты, нәтижелі ұйымдастыру, алдымен тәрбие заңдылықтарын жете түсінуді талап етеді.

Тәрбие жұмысының табысты болуы, көбінесе әрбір жеке тұлғаның жас шамасына сәйкес өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуге байланысты. Әрбір жеке бала, ол өзінше бір өмір. Оның түсінігі, сенімі, көзқарасы, ақыл-ойының деңгейі бірдей емес, соған орай мінез-құлық ерекшеліктері мен адамгершілік қасиеттерінің сапасы да әртүрлі. Сондықтан да тәрбие процесінде балалардың дара ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор.

Тәрбие жұмысының мазмұны мен тәрбиелік әрекеттерді жас шамасына сай жүйелі жүргізу қажет. Тәрбиедегі жүйесіздік, тәрбие мақсатына жетуге кепілдік бермейді, керісінше кездейсоқтыққа тап болуға итермелейді.

Баланың түсінігіне, сана- сезіміне орай тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, тәрбие салаларының тұтастығын қамтамасыз етуді қажет етеді, өйткені тәрбие міндеттерін шешуде атқарылатын шаралардың бір- бірімен сабақтастығы болуы тиіс.

Жек тұлғаны тәрбиелеу- күрделі процесс, оны қалыптастырып дамытудағы әсер етуші факторлардың бірі- өзін-өзі тәрбиелеу десек болады.

Тәрбие үрдісіндегі тұлғалық, кісілік қасиеттерді қалыптастыруда ықпал ететін факторлар жүйесінде өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы ерекше. Тәрбиедегі даналық сол, оған тәрбиеленушінің өздеріне -өздерін белсенді түрде қатыстыру.

Олардың болашағын өздерімен -өздері бірге ақылдасып шешу. Мұндағы көздейтін негізгі мақсат – тәрбиенің міндеттеріне сай атқарылатын жұмыстар тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеудегі міндеттерімен ұштастыра жүргізу. Осындай жұмыстардың негізінде жалпы тәрбиелік мақсат пен міндеттер өз нәтижесін береді. Өзін-өзі тәрбиелеу, ең алдымен, жеке тұлғаның адамгершілік пен интеллектуалдық жетілу формасында көрінеді. Тұлғаның рухани жан дүниесі байып, соның негізінде адамгершілік қасиеттері жетілген сайын олар мінез – құлқындағы, жүріс – тұрысындағы кемшіліктерге, жолдастарымен, ұстаздарымен және ата – анасымен, туысқандарымен қарым – қатынасына сын көзбен қарай бастайды.

Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу процесі жеткіншек шағынан бастау алады. Осы кезеңде олардың қылықтарында үлкендерге еліктеу, бой түзеу, өз бетінше әрекет жасау, өздерін көрсетуге ұмтылуы және әр нәрсеге қызығушылығы артады. Есейген сайын өздері мен жолдастарының қылықтарына сын көзбен қарап, баға беруге, білгендері мен оқығандарын талқыға салуға, өздері оқыған әдеби кітаптағы кейіпкерлері мен көгілдір экраннан көрген жағымды бейнелерге және т.б ұқсауға тырысу басымырақ келеді.

Өзін-өзі тәрбиелеу - өзіңді-өзің саналы, жоспарлы, жүйелі түрде қолға алу деп түсіндіруге болады. Ол жеке тұлғаның өзіне қоятын талаптар жүйесін қамтиды, өз кезегінде бұлар қоғамның талаптарына тәуелді келеді. Мұндай өзара қатынас тәрбие жұмысының мақсатын нәтижелі етіп ұйымдастыруда тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің бірлескен өзара әрекетін жандандырады, тұлғаның саналы әрекеті мен белсенділігін, құштарлығын дамытады.

Өзін-өзі тәрбиелеуде міндетті түрде қоғамдық әлеуметтік түрткі болуы керек. Түрткі – тұлғаның мақсатқа жетуде оны саналы әрекетке жетелейді. Өзін-өзі тәрбиелеуде тұлғаның өзінің қажетсіну сезімінің пайда болуының мәні зор. Түрткі мен қажетсіну - өзін-өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеудегі негізгі шарт – мотив пен қажетсінуді қамтамасыз ету. Олай болмаған жағдай да, өзін-өзі тәрбиелеу де нәтиже болмақ емес. Сонымен бірге жас және дара ерекшеліктерін ескерту міндетті.

Қорыта айтқанда, өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы тұлғаның мінез – құлқындағы кемшіліктері мен әрекетіндегі сәтсіздіктерді үнемі сын көзбен қарап, оларды болдырмаудың

тиімді жолдарын іздестіруді көздейді. Өзін-өзі тәрбиелеумен тұлға өз өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, келешекте өзін қоғамдық – саяси кең көзқарасы бар, жан-жақты білімді және дамыған қайраткер болып шығуына қамтамасыз етеді.

Ұлы ақын Абай «Қазақта адам баласы ғой, - көбі ақылсыздығынан азбайды ақылды» көзін ұғып аларлық жүректе жігер, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білместігімен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білсе де арсыз қайратсыздығын ескермей ұстамай кетеді, - деген. Абай айтқандай, адам өзін-өзі тану үшін жат қылықтардан арылу - өзегі тар, ұлттық идеядан, мүддеден аулақ болу. Өркениетке ұмтылыс жеке тұлғаның жаңарудың, өзін-өзі танудың бір жағы, екінші жағы тұлға өзінің биік мақсатын, адами мұратын анықтау.

Толық қанды тұлға болу – оңай қалыптаса қоятын құбылыс емес. Тұлға өзінің іс-әрекетін бақылауға үйреніп, өзінің мақсатына жету жолын таба білетін, өзінің бойындағы келеңсіз әдеттерден құтылып, жұмыс істеу қабілетін арттырып, еркін шынықтырып, қиыншылыққа өзін-өзі көндіруге тиіс. Сөйтіп, өзін-өзі тәрбиелеу процесі күрделене түседі.

Тұлғаның өздігінен тәрбиелену әдістері бар. Ол – баланың өзінің рухын, сезімін, ақылын, еркін, мінез-құлқын ұйымдастыру болып табылады. Бұған жататындар: өзін-өзі сынау, талдау, өзін-өзі тану, тазарту, өзінің жан дүниесін тану, ішкі рухтың дамуы. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

а) Өзінің іс-әрекетіне талдау жасау – бала есейе келе іс-әрекетіне талдау жасап, өтіп жатқан өмірмен салыстырады. Ақылға салып, дұрыс немесе дұрыс емес екенін шешеді.

б) өзін-өзі сынау – баланың өзін сынға алуы, іштей сынайды (өзімен-өзі айтысады, өзіне ұрысады т.б)

в) Өзінің жандүниесін тану – бала өзінің іс-әрекетіне талдау жасап, сынаудың нәтижесінде өзінің жан дүниесіне үңіледі. Өзін қоғамның мүшесі екенін сезініп “Мен” деген атаққа ие болады.

г) Тұлға іс-әрекетіне талдау, сынау, жан дүниесін тану арқылы өзін тазартуға әкеледі. Бала өзіне-өзі қуат, күш беріп, өзін-өзі тәрбиелеуге, білім алуға, оқуға мүмкіндік туады.

Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы адамгершілік қасиеттері жүйелі, саналы әрекетке негізделеді. Өз бетінше оқу арқылы ішкі жан дүниесі байиды, өзінің жігер, қайратын оқудың керек екеніне бағындырады. Өзіне қажетті білімді алған сайын өмірден қанағат алады, дүниетану өрісі кеңейеді, мәртебесі өседі. Өз әрекетіне баға бере келе өзін-өзі ұстамдылыққа, сабырлық пен байсалдылыққа тәрбиелейді. Өзінің іс-әрекетін ақылға жеңдіріп, шек қоя білуге, нәпсіні тыя білуге үйренеді. Алдына мақсат қойып, өмірде нені орындадым, нені орындамадым, берген уәдем не болды деген сауалдарға жауап беруге талпынады. Алға қойған мақсатын орындаған жағдайда көңіл-күйі көтеріліп, өзін-өзі құптауы пайда болады.

Шексіз еш нәрсе жоқ. Осы іс-әрекетті орындау барысында артық кетпеу үшін өзін-өзі тежеп немесе өзін-өзі жазалай да білуі тиіс. Өзінің жаңсақ әрекетіне баға беріп, сол қатені қайталамауға үкім шығара білуі керек. Осылайша тұлға өзін-өзі тәрбиелей түспек.

Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне педагогикалық және психологиялық ықпал да болуы шарт. Бұл ұстаздар тарапынан беріледі. Егер шәкірт атынан шығып жатса, одан өздері қолданады. Оған мына әдістерді атауға болады:

а) Сана арқылы ықпал ету.

ә) Сезім арқылы ықпал ету.

б) Ерік, іс арқылы ықпал ету.

Тұлғаның еліктеуіне, табиғи бейімділігі мен қабілетіне қарай, өзіне үлгі санайтын әрекеттері мен бейнелері болады. Оны өзіне үлгі санайтын әрекеттері мен бейнелері болады. Оны өзіне үлгі тұтады және ол санаға әсер береді. Іс-әрекеті арқылы ұстау тұлғаның сезіміне ықпал етеді. Баланың ар-ұяты, намысы, сүйіспеншілік сезімі, әсемдік сезімі, қайырымдылық, аяушылық, қорқыныш сезімдері қалыптасады.

Тәрбие үйретуден басталады. Ұстаз оқушының мінез-құлқын нормаларын, ерік іс арқылы ықпал ету арқылы үйретеді. Сенім артады, мадақтайды, керек кезде жазалайды. Осындай әдістер арқылы тұлғаның дамуына, өзін-өзі тәрбиелеу әрекетіне тұлғаны, бағыштай түседі.

Өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесі қоғам белгілеген ережелерге сай тұлғаны жетілдірудегі орнымен, кәсіпті игеру шеберлігімен тексеріледі.

Жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне, ұмтылыс тудыруға жанұя, мектеп, арнаулы оқу орындары, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, ақпарат құралдары көмектесе алады. Себебі қоғамдық тәрбие мен адамдардың өзін-өзі тәрбиелеуі мен басқаруының өзара үйлесім табуы ең жоғарғы нәтижеге жетуге кепіл бола алады.

Қазіргі жағдайда еліміз әлемдік өркениетке еніп қоғамды демократияландыру процесінің кең құлашын жая бастаған кезде, жас ұрпақ бойына ізгілік қалыптастырып, жаңа өмірге бейімдеу қажеттігі туындап отыр. Арнаулы оқу орындарында оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмыс жасауда. Басты мақсаты оларды өзін-өзі тәрбиелей отырып, қоғамдық ұйымдар мен құрылымдарды басқаруға, мемлекетті, елді басқара білуге қабілеттерін жетілдіру.

Кәсіптік білім мекемелерінде оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастырған тиімді. Оқушылардың сайланбалы белсенді топтарының жұмысын ұйымдастыру арқылы жүргізуге болады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару дербес ұйым емес. Ол ұдайы бағыт-бағдар беруді, қоғам талабына орай жетілдіруді, сөйтіп педагогикалық ынтымақтастық арқасында ортақ мақсатқа беріліп сенімділікпен күш-жігер жұмсауымызды талап етеді.

Тәрбие – мәңгілік ұғым. Ол тек адам баласына тән. Тәрбие жер бетінде адам баласымен бірге өмір сүреді.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің айтуынша: “Адамды жануарлардан ерекше бөліп тұрған қуат – оның ақыл парасаты, яғни ойлай, сөйлей алу қабілеті”. Осы қабілет арқылы адам тәрбиесі саналы түрде жүргізіледі.

Қорыта айтсақ, жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыра дамытуда өзін-өзі тәрбиелеудің орны осындай мақсаттылығымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

1. Өстеміров К., Шәметов Н., Васильев И. Кәсіптік педагогика.- Алматы, 2006.
2. Мұхамбетова С.Қ., Қожаева С.Қ. Тәрбие теориясы. –Астана, 2005.
3. Ямбург Е.А. Школа для всех. -1996.
4. Мусаева С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік педагогикасы. –Астана, 2006.
5. Губашева С.Г., Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі. –Астана, 2007.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сейлова Е.М.

«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі
seilova.lena98@mail.ru

Қазір педагогика ғылымында «оқытудың жаңа технологиясы», «оқытудың инновациялық технологиясы» деген ұғымдар кеңінен қолдануда. Технология – грек сөзі, түсіндірмелі сөздікте бұл – қандай да болсын жаңа істегі шеберлік, өнерпаздық, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Білім беру саласындағы “технология” ұғымы өндірістік үдерістердегі технология ұғымының басты қасиеттерін осы саланы жетілдіру үшін пайдалану ұмтылысынан туындағаны анық. Өндірістік үдерістердегі технология деп қолданғанда алдын-ала көздеген нәтижеге жеткізетін, белгілі бір сапалық және сандық деңгейлердегі өнім алуға кепілдік беретін, ғылыми негізделген алгоритмдер, әдістер мен құралдардың жүйесін айтады. Кез-келген технологияның маңызы оның құрылымымен анықталады. Технология белгілі бір мақсатты жүзеге асырады. Ол үшін құралдар пайдаланылады, әдістеме жоғары деңгейге дейін жетіледі де, күтілетін нәтижеге қол жеткізіледі.

Өз іс-тәжірибемде жаңа технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлінді. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылууда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді.

Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған. Педагогикалық технология терминінің анықтамаларын көптеген авторлар өз түсінігі мен өз санасында қалыптасқан көзқарастарын қалыптастырған:

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

- ✓ Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
- ✓ Оқушының жеке қабілеті анықталады;
- ✓ Іштей бір бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
- ✓ Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.
- ✓ Өзін-өзі тексеруге дағдыланады.
- ✓ Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.
- ✓ Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда оқу үрдісін дамыту. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40-тан астам түрлері бар. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болыптабылады, олар: баланы оқи білуге үйрету; баланы ойлауға үйрету; баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан ерекшеліктері:

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы (қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс).
- Негізгі үш кезеңінің маңыздылығы.
- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс-тәсілдерін қолданамын:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру (ой қозғау, «инсерт» кестесі);
- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс (эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б. стратегиялар);
- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға (Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы);
- Қиялдау арқылы сурет салғызу (сурет салу стратегиясы);
- Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу (авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы);
- Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау (қарама-қайшы элементтер стратегиясы);
- Өлең мұшақтарын құрастыру (5 жолды өлең).

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модульдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқитудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы әдіс-тәсілдер білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы - ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды білу қажет:

- ✚ Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
- ✚ Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
- ✚ Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- ✚ Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.
- ✚ Кейбір оқушылардан жауабының, сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
- ✚ Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:

- ❖ Сабаққа қызығушылығы артады;
- ❖ Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- ❖ Жеке қабілеті айқындалады;
- ❖ Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- ❖ Даму мониторингі айқын көрінеді;

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;

- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.
Өз іс-тәжірибемде жаңа технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңілкүйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келгенде, қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялар ойлауды дамыту, қабілетті қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Иманбекова Б., Әбдіреймова К. Сабақ – оқытудың негізгі формасы. – Алматы, 2010.
2. Садыбекова Ж. Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық коммуникациялы технологияны қолдану қажеттілігі. №4, 2016 жыл
3. «Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың ролі мен маңызы» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары (30 сәуір 2017 ж.)
4. М.Ералиева Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. – 2018. №5.

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Текешова Н.Н.

«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі
tekewova_0869@mail.ru

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскелең елдің болашағы үшін ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы әлеуетін жүзеге асыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына жету үшін қарқынды дамып келеді. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім», - деп ұлы жазушымыз М.Әуезов айтқандай, басқа елдермен иық теңестіруге жетелейтін жол – бір ғана білім жолы. Қазіргі жаһандану кезінде әлем күн сайын жаңа өзгерістерге ие болуда. Соның бірі – заманауи білім беру мен білім алу мәселесі. Қазіргі қоғам үштілді меңгерген, сындарлы ойлайтын, өзін басқара алатын коммуникативті дағдылары жоғары мамандыққа жетелейді. Сол себепті әлем кеңістігінде білім беру жүйесі күнделікті дамып, ілгеріп жылжып, өзгеріп отыр. Жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, озық тәжірибелер мен тиімді әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді.

Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берілген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Соған орай Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі де

жаңартылуда...

Қазіргі уақытта білім беру үдерісі, яғни оқу мен оқыту тілдік дағдылар арқылы: оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым негізінде жүзеге асыруды талап етеді. Қазіргі педагог мамандарға қойылып отырған міндеттің өзі оқушының функционалдық білімін жетілдіру үшін, тілдік дағдылар негізінде оқу мен оқытуды тиімді ұйымдастыру. Оқушының мұқият тыңдай білуі, тыңдаған ақпаратынан мәселе бойынша сындарлы ойлануы, дұрыс айта білуі мен орынды сөйлеуі, сауатты жаза алуы. Білім беру нәтижелерінде табысқа қол жеткізуді, мұғалімнің оқушыға берген білімінің практикалық қызметте тиімді пайдалана алуы, конструктивті ойлау негіздерінде оқытудың заманауи тиімді әдіс-тәсілдерін қажеттілік негізінде тиімді үйлестіру болып табылады.

Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты – жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді.

Жаңартылған білім берудегі жүйелілік сипаттамасы сабақтастық қағидасын ұстануға жетелейді. Әр пәннің академиялық білімін меңгерту тек сол пәннің аспектісі арқылы ғана қаралмай, сабақтас пәндердің ғылыми негізімен өзектес білім берілуін үйлестіруді көздейді. Оқушылар – болашақ кәсіп иелері. Ал жаңа мазмұнда білім беруде жас ұрпаққа үштілділік жағдайында қоғамдық өмірге араласу, тілдік мәдени бағытта бейімдеу, болашақта сапалы маман дайындаудың жолы деп түсіну қажет. Бұл арқылы оқушыларымыздың бойында болашақта өзінің ұлттық идеясымен қатар, өзге мәдени сәйкестік нәтижесінде әртүрлі кәсіби мамандар даярлауға болады. Егер біз үштілде, жаңа мазмұнда сапалы білім беруді оңтайлы ұйымдастыратын болсақ, болашақта полилингвистикалық балалар, мамандардың бір ойдың әртілде әртүрлі талқылау тәсілі бар екеніне көз жеткізеді. Бұл тек лингвистикалық ерекшелігі деп түсінуге болады. Ал коммуникативтік ерекшелігі – отбасыларымен, қоғаммен, халықаралық топтармен мәдениетті түрде ғылыми қарым-қатынаста тәжірибе алмастырады. Үштілділік білім – әлем тәжірибесімен тікелей араласудың төте жолы.

Преподаватели должны стремиться к тому, чтобы полученные знания не оставались бесполезным грузом, а постоянно находились под рукой в готовности к использованию в актуальных делах. Но при таком подходе к делу неизбежно время от времени пересматривать как содержание обучения, так и его характер. Это особенно важно в наши дни, когда объём научных знаний растёт стремительно, и буквально устаревают каждые 6 - 7 лет. Преподаватели ВУЗов в связи с этой проблемой стремятся передать курсантам как можно больше сведений, заставить их решить как можно больше задач и примеров и тем самым «набить руку» в применении тех или иных правил. Однако для повышения качества полученных знаний следует не «набивать руку», а воспитывать разум. Нельзя забывать, что привычка познавать и мыслить несравненно важнее, чем сотни заученных правил, чем десятки выученных назубок алгоритмов действий. Одних формальных, трафаретных знаний недостаточно, необходимо прививать курсантам умение вникать в суть возникающих вопросов и глубоко самостоятельно мыслить.

Основная цель обучения в высшей школе, в том числе и при получении высшего военного образования, состоит не в том, чтобы превратить знания в орудие активного действия, а приучить разум размышлять, а не только запоминать, воспитывать стремление самим искать пути решения даже тогда, когда задача не попадает под известные правила.

О каком качестве знаний можно говорить, если 80% обучаемых испытывают отвращение и падают духом из-за абстрактности знаний по изучаемым предметам. И резко повышается интерес у этих же курсантов, когда эти знания становились понятными на примерах, взятых из житейской практики.

Для повышения качества образования при применении современных образовательных технологий следует помнить об огромном значении примеров практического содержания для пробуждения интереса обучаемых к предмету и формирования правильного представления и назначения научных знаний. Любой изучаемый предмет должен сохранять свою логическую

структуру и строгость изложения, но вдобавок к этому следует выяснять происхождение задач самой изучаемой дисциплины, применение их на практике.

Современные образовательные технологии позволяют при их внедрении в военные ВУЗы Казахстана качественно изменить сам процесс обучения, более эффективно формировать умственные действия курсантов, их познавательный процесс к обучению.

Литература

1. Давыдов Н.А. Педагогика. Учебное пособие. - М., ИЭП. - 1997.
2. Инновации в образовании. - №№2, 3. - 2003.
3. Хуторской А.В. Современная дидактика. - Москва, 2004.
4. Селевко Г.В. Современные образовательные технологии. -Москва, 2000.
5. Гнеденко Б.В. Математическое образование в современном мире. - М.: Педагогика.- 1999.
6. Кордемский Б.Л. Увлечь математикой. - М.: Просвещение.- 2003.
7. Столяренко Л.Д., Самыгин С.И. Педагогика в вопросах и ответах. Ростов н/Д.: Феникс, 2000.
8. Педагогические технологии. - №№ 1,2,3,4. - Москва, 2008.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ - БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Турсунова А.Б.

Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжінің химия пәнінің оқытушысы
ayna_70@bk.ru

Қоғамның ақпараттың мәдениетті сананың жаңа түрінің қажеттілігін алға тартады, әлеуметтік жазылған белсенді шығармашылықпен еңбек ететін, өзін өзі дамытуға, өзгертуге қабілетті, өз бетімен шешім қабылдай алатын және оларды жүзеге асыруға жеке жауапкершілігіне ала алатын тұлғаға деген сұранысты көбейтіп отыр.

Мұндай мақсатқа жету үшін оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу мерзімін, пәндердің тізімін көбейту, сағаттарды қайта бөлу жұмыстары жеткіліксіз болады. Қоғам мен мәдениеттегі қазіргі жағдай білім берудің басқа үлгісін талап етеді, яғни жаңа жағдайға сәйкес оқу жағдаяты мен педагогикалық шеберлікті түбірімен өзгертуді нұсқайды.

Кәсіби шеберлік өзінің тарихы бар, көп аспекті және күрделі ұғым. Осы ұғымның мәнін қалай түсінетініне байланысты жоғары оқу орындары мен жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру үдерісінің технологиялары, олардың мазмұны, бағыты анықталатынын түсінген дұрыс.

Білім беру саласының даму тарихында ғылымдар әрқайсысы белгілі бір философиялық негізге негізделген бірнеше білім беру үлгілерін көрсетеді. Олар білім берудің мақсаттарына сәйкес келеді және оған жетудің тәсілдерін көрсетеді. Осыдан кейін білім беру үлгілері педагогтың кәсіби шеберлігіне өзінің талаптарын қояды.

Дәстүрлі классикалық үлгі білім беру жүйесін оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырушы және басқарушы ретінде қарастырады, мұнда оқушы педагогикалық әсер етудің нысаны ретінде көрінеді. Мұндай жүйеде педагогтың іс әрекет субъектісі ретінде ұйымдастыруға тиісті негізгі үдерісі оқушыны қалыптастыру яғни белгілі бір әлеуметтік үлгі бойынша жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Өйткені оқытудың негізгі мақсаты оқушыға объективті (фундаменталды) білімдер жүйесін беру болып саналады, оқу бағдарламасы ғылымда қалыптасқан салаларды пәндерге бөледі, соларқылы негізгі білім беріледі.

Оқушыны нысан ретінде қараған қарым қатынас авторлық, бұйрықтық педагогиканы дүниеге әкелді, оқушының ішкі дүниесіне олақ қараушылық пайда болды, сондай ақ педагогтың жеке тұлғаның дамуына да кері әсерін тигізді.

Классикалық үлгінің тағы бір түрі манипулятивті білім беру болып саналады. Мұнда мұғалім бұрынғыдай үлкен беделге ие, оқушының даму мақсатын өзі анықтайды, бірақ оған еркіндік бергендей сыңай танытады. Мұндай жүйе аясындағы педагог жоғарыда аталған сапалармен қатар білім беру ортасын құру және оқушыларды манипуляциялау әдістерін меңгеруі тиіс.

Дәстүрлі классикалық үлгі педагогтың кәсіби шеберлігіне нақты талаптар қояды: сабақ беретін пәні бойынша білімнің жоғары деңгейі және оны оқыту әдістемесін меңгеруі.

XX ғасырдың ортасынан және XX ғасырдың екінші жартысынан бастап білім берудің технопраттық үлгісі өріс ала бастады. Бұл білім беру үлгісі техникаға басым көңіл бөлумен адамды, оның құндылықтарын техникалан төмен санау, адамды еңбек субъектісі ретінде енжарлықпен қабылдау, оны материал, зат, механизм сияқты, робот тәрізді тіршілік иесі деп санаумен сипатталады.

Технократтық бағытта білім беру оқушыны оқыту нысаны екенін нақтылай түсумен қатар, педагогты білім жеткізуші қызметін атқарушы технология элементі ретінде тануға әкелді. Педагог іс әрекет субъектісі мәртебесін жоғалтады, ол нұсқауды, дайын технологияны орындаушыға, әлеуметтік және мемлекеттік тапсырысты жүзеге асырушыға айналады, яғни ол қоғамның объектісіне техникалық құрылғылармен ауыстыруға болатын іс әрекет құралына айналады. Мұндай түсінікте кәсіби шеберліктің қалыптасуындағы педагогтың орны оқушыларға білімді жеткізудің дайын технологияларын меңгеруден көрінеді. Демек, педагог арнайы білімді меңгерген және орындаушылық білігі қалыптасқан тұлға ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайда кәсіби шеберлік үдерісі «жалпылану» үдерісімен алмасып кетеді, яғни мұғалімді өз мамандығынан шеттету орын алады. Мұғалімнің барлық жұмысын оқу үдерісіне қалыптасатын, одан тәжірибесі жоқ бағдарлама құрастырушылар, әдіскерлер жасайды. Сондықтан педагог сабақ бере отырып, оқу үдерісін тек орындаушы ретінде қызмет атқарады деген пікірмен келіспеуге болмайды.

Мұндай көзқарасқа өндіріс саласында да жол беруге болмайды, ал білім беру іс әрекеті адамның қалыптасуы мен дамуымен байланысты болғандықтан, оған тек берілген нұсқау, үлгі, сызбалар бойынша ықпал етіп, оларды орындау жеткіліксіз болады. Педагогикалық үдеріс толыққанды сипатқа ие болу үшін оған міндетті түрде педагогтың тұлғасы толық мағынасында қалыптасуы тиіс. Оқу үрдісін бір пән бойынша білімді жеткізу деген тар мағынада алатын болсақ та, онда тұлға факторының орны ерекше екенін ұмытпауымыз керек.

Қазіргі уақытта білім берудің гуманистік үлгісі қалыптасып келеді. Аталған үлгі білім беруді адамға өзінің жеке бейнесін табуға көмектесетін, өзінің табиғи, әлеуметтік, рухани өміріндегі орынын табуға және өзін қоршаған дүниемен байланысын сезінуге көмектесетін әлеуметтік институт ретінде қарастырады.

Бұл үлгінің көлемінде педагогтың кәсіби шеберлігі оның пәндік әдістемелік дайындығымен шектелмейді. Кәсіби шеберлікті ең алдымен білім беру қызметкерінің педагогикалық ұстанымымен байланыстыруға болады. Педагогтың педагогикалық ұстанымы оның мағыналық құндылық жағынан өзін өзі анықтауымен, яғни өзінің қызметінің құндылық негіздерін, оның мәнін және қазіргі әлеуметтік мәдени жағдаятта өзінің орынын түсінумен сипатталады.

Педагог ұстанған гуманистік құндылықтар білім беруді адамның мәнді күштерінің қалыптасуымен даму және оқушылармен бірлесе еңбек етуді ұйымдастыруға, яғни субъект субъектілік қана емес, формальды рөлдік қана емес, сонымен бірге олармен тұлғааралық қарым қатынасқа түсуге ұйымдастыру үдерісі ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Дәл бірлесе отырып әрекет ету, яғни байланыстар мен қатынастардың үйлесуі, адамдарды басқа адамдармен теңестіретін және өзіндік мені арқылы оларды басқа адамдардан

ерекшелендіріп тұратын үдерістердің жиынтығы оқушылардың жеке дамуын қамтамасыз ететін орта болып табылады.

Мұндай педагогикалық ұстаным педагогтың әс әрекетінің басқа нормативтік құрылымын меңгеруін талап етеді: оқытудың мақсатының мазмұны, технологиялары мен әдістерінің мәнін жете түсінуі тиіс. Білім беру үдерісін жандандыратын білім беру жағдаятын құру үшін қазіргі педагог зерттеу, жобалау, басқару сияқты іс әрекеттерді жүргізуге қажетті бірқатар қабілеттерді меңгеруі тиіс [6]. Аталған қабілеттерді меңгерген педагог жай ғана іс әрекет субъектісі болып қоймай, өз ісінің субъектісі, яғни авторы және оны таратушы болады.

Демек, гуманистік үлгіде педагог кәсіби және жеке салалардың иесі ретінде ғана емес, сонымен бірге өзіндік санасы қалыптасқан рухани тұлға; өзінің құндылығы бар жеке тұлға ретінде қарастырылады. Педагогикалық шеберлікті бұлай түсіну педагогикалық қызметті жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының оқытушыларын дайындаудың әлеуметтік мәселесін көтереді. Оқытушының арнайы пәндік дайындығының маңыздылығын сезіне отырып, бүгінгі жоғары білім беру жүйесін кеше ғана оқу бітірген, педагогикалық білімі жоқ түлектер оқытушылық қызметті атқарып жүргенін және педагогтардың кәсіби шеберлігін осылай тар мағынада түсіну қанағаттандырмайтынын ұмытпауымыз қажет.

Педагогтың гуманистік бағыттағы шеберлігі оған сырттай ықпал ету арқылы қалыптаспайды, керісінше педагогтың өзінің бейнесімен, өзінің жұмысымен, өзінің педагогикалық ұстанымымен, кәсіби бірлестіктер мәдениетіне өз еркімен кіруі және ұжымдық кәсіби мәдени шығармашылықтарға қатысуы арқылы қалыптасады. Осыған сәйкес кәсіби шеберліктің жаңа деңгейі педагогтық білім берудің мақсаты мен жаңа құндылықтарына бағытталған білім беру тәжірибесін жүзеге асыру қабілетін ақпарат беру арқылы қалыптастыру мүмкін емес. Мұндай қабілеттер білім алушылардың өздерінің ойлау үдерістеріне қатысуын білдіретін арнайы жасалған жағдаяттарда қалыптасады.

Осыған орай, жоғары оқу орындарындағы сабақтар дәстүрлі дәріс семинар формасынан басқаша ұйымдастырылады.

Білім меңгерілмей қайта жаңғыртылмайтын оқу үдерісі, енді білім тұрақталатын және қосылатын үдерісіне айналады. Мұндай оқу үдерісіне айналады. Мұндай оқу үдерісін өз бетімен білім алу әрекеті ретінде қарастыруға болады, себебі бұл жаңа білімге, жаңаша мәнге, жаңаша түсінуге әкеледі. Дәл осындай үдеріс өзіндік жұмыстың, өз бетімен білім алудың, өзіндік даму, өзін өзі тәрбиелеу механизмдерін қалыптастырады. Бұл жерде өзін өзі ұйымдастыруға әкелетін рефлексия мен түсіну үдерістері негізгі болып табылады.

Біз білім беру үдерістерін сипаттағанда нақты технологиялардан бас тарттық. Білім беру үдерістерін ұйымдастыру мен технологияландырудың жаңа формасы жоспарланған соңғы нәтижеге бағытталу емес, өз бетімен білім алу әрекетіне жетелейтін арнайы орта қалыптастыруға баса назар аудару болып саналады. Мұндай жағдайларда білім берудің әртүрлі тиімділігіне қол жеткізуге болады: үдерістің нәтежиесімен өнімдері әрбір білім алушыға әртүрлі болады.

Аталған білім беру үдерісін ұйымдастырушылардан оқу талаптарындағы жағдаяттарға жылдам көңіл аудару, оқушылардың қиындықтарын, олардың себептерін анықтауға, алғашқы сабақты ондағы қиындықтарды болдырмау мақсатында қайта құру біліктерін талап етеді. Оқу үдерісін осындай формада ұйымдастыру оқытушыны оқу материалының мазмұнына қадалуынан бас тартқызып, керісінше білім алушылардың ойлау үдерістері мен іс әрекеттеріне көңіл аударуына жағдай жасайды.

Оқу үдерісі өндіріс сияқты адамның мән мағыналы және эмоционалды еріктік қырларына көңіл аударады.

Сонымен бірге, оқытушы ұйымдастырылған білім беру үдерісінің жаңа тәжірибелерін жинақтайды. Және ол тәжірибені өзінің жеке педагогикалық іс әрекетінде, студенттермен қарым қатынас жасауда пайдаланады.

Әдебиеттер

1. Анисимов О.С. Основы методологии: учеб.пособие в 2 т.-М, 1994.-Т.1. - 306 с .
2. Громыко Ю.В. Мыследеятельностная педагогика (теоретико-практическое руководство по освоению высших образцов педагогического искусства).-Минск: Технопринт, 2000. - 376 с.
3. Корнетов Г.Б. Парадигмы базовых моделей образовательного процесса.: Педагогика. -1999. -№3.С.43-49.
4. Кутыров В.А. Апология

БІЛІМ БЕРУДЕ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Ұзақбаева З.Н.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Университеті,
«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдестемесі» мамандығының 1 курс студенті
zarinauzakbaeva160@gmail.com

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алуда. Мұғалімдерді мектеп оқушыларында әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруға бағыттайды, оны тек таңдау жағдайында және мұғалімнің жеке бағдарланған технологияларды қолдануы нәтижесінде қамтамасыз етуге болады. Осы орайда мұғалімдерде білім, білік, дағдыларды жинақтауға бағытталған жаңа білім беру мазмұнын оқытуды баланың жеке басының даму процесіне айналдыру мәселесі туындады. Білім беру кезінде қолданылатын озық технологиялар мен заманауи үрдістердің бірнеше міндеттері бар. Оның бірі, оқушыларға оқу материалдарын жаңарту, оларға түсініктемелерді жаңарту және жаңа оқу әдістемелерін қолдануға мүмкіндік беретін құралдарды қолдану. Мысалы, веб-сайттар, видео оқулық, онлайн оқу платформалары және т.б. Екінші міндеттің бірі, оқушыларға қажетті түрлі білімдерді жаңарту үшін технологияларды қолдану. Мысалы, онлайн симуляторлар, қолмен жасалатын лабораториялар, виртуалды жүйелер және т.б. Тағы бір міндет — оқушылардың онлайн ресурстарды және оқу платформаларын тиімді пайдалануға үйрету. Осы үрдістер үшін мұғалімдер және оқу берушілері деректердің дамуын көрсету үшін онлайн ақпараттық ұстанымдарды пайдалана алады.

Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сол себепті де, озық технологиялар мен заманауи үрдістерді білім беру процесін жақсартуға және оқушыларға жаңа оқу әдістемелерін пайдалануға көмектесетінің ұмытпау қажет. Бұл оқушылардың оқу процесін жеңілдетуге және олардың дамуын жылдамдатуға көмектеседі, мәселен:

- Ақпараттық-коммуникациялық технология; (оған үлкен мән беріледі, өйткені оқушы ақпаратты білуімен қатар, оны қолдана білуі, шешім қабылдау үшін қажет нәрсені таңдай білуі, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істеуі керек және т.б.)
 - ✓ Сыни ойлауды дамыту технологиясы
 - ✓ Дамытушылық оқыту технологиясы
 - ✓ Ойын технологиясы
 - ✓ Модульдік технология
 - ✓ Шеберхана технологиясы
 - ✓ Деңгейлік саралау технологиялары
 - ✓ Топтық технологиялар.
 - ✓ Дәстүрлі технологиялар (сынып-сабақ жүйесі), т.б.
- Олардың біріне тоқтала кетсек.

1) *Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар*. Білім беруді ақпараттандыру-бұл білім беру жүйесін ақпараттық қоғамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келтіру. Акт негізіндегі білім беру қызметі:

1. ақпарат көздерінің ашық (бірақ бақыланатын) кеңістігі;
2. ақпараттық қызмет құралдары;
3. оқу процесін ақпараттық қолдау ортасы;
4. икемді сабақ кестесі, оқу топтарының икемді құрамы;
5. оқу процесін басқарудың заманауи жүйелері.

Оқытудың бастапқы кезеңінде АКТ-ны қолданудың жетекші бағыттары, әдетте, келесілер болып табылады:

1. ақпаратпен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру – оны іздеу және сұрыптау, ретке келтіру және сақтау;
2. ақпараттық және коммуникациялық құралдарды қызметтің негізгі құралдарының бірі ретінде игеру, жалпы қолданушы құралдарымен (ең алдымен мәтіндік редактормен және презентация редакторымен, динамикалық кестелермен) жұмыс істеу дағдыларын игеру;
3. әртүрлі мультимедиялық көздер;
4. кейбір байланыс құралдары (ең алдымен интернетпен)[1]

Білім беруде осы технологияларды пайдалану оқу процесін жақсартуға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар оқушыларға қатыстырмалы және қолайлы оқу жолдарын тиімді түрде ұсынуға мүмкіндік беретінің естен шығармаған дұрыс. Технологияларды пайдалану арқылы оқушылар білім алу процесінде құрылған жүйелермен таныса алады, оларға оқу материалдары және жобалары таңдауға, әрекет етуге және үйрену процесін жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге, технологияларды пайдалану арқылы мұғалімдер оқу материалдарын түсіндіру және оқушыларға анықтамалық және үйрену материалдарын беру мүмкіндігін арттырады. Ақпараттық технологияларды қолданатын сабақтар дәстүрлі сабақтарға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие. Ақпараттық технологияларды қолданатын сабақ оқушылар үшін қызықты бола бастайды, нәтижесінде білімді тиімді игеру пайда болады, сонымен қатар сабақта көрнекілік деңгейі жақсарайды. Кейбір компьютерлік бағдарламаларды қолдану мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді: тапсырмаларды таңдау, тесттер, білім сапасын тексеру және бағалау, осылайша сабақта қосымша тапсырмаларға уақыт бөлінеді (материалдар электронды түрде алдын-ала дайындалғандықтан).

Осылайша, білім берудің озық технологияларын қолдана отырып, келесі мүмкіндіктерге ие болады:

1. Қазіргі әлемде бағдарлау дағдыларын қалыптастыру, өмірін бағдарлай алатын және өз проблемаларын оң шеше алатын белсенді азаматтық ұстанымы бар оқушылардың жеке басының дамуына ықпал ету.

2. Мектептегі білім беру жүйесі субъектілерінің өзара әрекеттесу барысында өзгерту: мұғалім мен оқушы – серіктестер, пікірлес адамдар, "бір топтың" тең құқылы мүшелері екенін түсіну.

3. Білім алушылардың оқу қызметіне деген ынтасын арттыру.

Баланың оқуға деген оң мотивациясы негізгі 3 шарт орындалған жағдайда пайда болуы мүмкін:

- менің не үйрететінім қызықтырады;
- мені үйрететін адам қызықтырады;
- мені қалай үйретеді деп ойлаймын.

Оқу іс-әрекетіне жоғары мотивация оқу процесінің жан-жақтылығына байланысты. Оқу процесіне оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерін енгізу арқылы білім алушылардың жеке басының әртүрлі аспектілері дамуда.

4. Білім беру процесін ұйымдастыру әдістерін, жүйе субъектілерінің өзара әрекеттесу сипатын және, сайып келгенде, олардың ойлауы мен даму деңгейін айтарлықтай өзгертуге

мүмкіндік беретін заманауи педагогикалық технологияларды зерттеуге және игеруге көбірек көңіл бөлу.

Әдебиеттер

1. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 4. — 25-б.
2. М.Валиева «Жаңа педагогикалық технологиялар» Әдістемелік нұсқау, 2015 жыл

БІЛІМ БЕРУ КІЛТІ – ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДЕ

Хамитова Г.Т.

Г.Бегалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
gulstann78@mail.ru

Білім беру, ғылымды дамыту – қай кезде де өзекті, әрі күн тәртібінен түспейтін мәселе екені сөсіз. «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»[1, 11-бап] деп Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көрсетілгендей қазіргі заман талабы – озық-инновациялық технологияны тиімді пайдалану болып отыр. Демек білімнің кілті – инновациялық әдіс-тәсілдерде десек болады.

Жалпы инновация дегеніміз – дәстүрлі және көпшілік тәжірибеден өзгеше, білім беру ісіне жаңа тұрпатты көзқарас пен қатынас. Инновациялық оқыту - оқушылардың жаңа жағдайларда бірлесе әрекет жасау қабілетін дамытатын, білімді игерудің нақты нәтижеге бағытталған оқыту түрі болып табылады. [2, 234-бет] Бұл, біріншіден, ғылыми және мәдениеттану білімдерінің негізінде мақсатты бағытта жобаланған оқу үдерісі болып саналса, екіншіден жеке тұлғаны дамытудың болашағын жобалайтын және соны жүзеге асыруға дайындық мақсатындағы бағытта ұйымдастыратын білім беру болып саналады. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан, ол басқаруды қажет етеді, ал процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді.

Алдымен педагог ұстанымы мықты болу керек, оқыту үдерісінде қалыптасқан дағды педагогтың сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Педагог өз жұмысында арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, тәрбие салаларының қазіргі заманғы жаңашылдықтарын да қамтуы тиіс болғандықтан онан үлкен дайындық (педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық) талап етіледі.

Екіншіден, ұстаздардың өз қызметінде жаңалықты игеру және қолдануға деген көзқарасының өзгеруі. Егер бұрынғы уақытта деңгейлік оқытудағы жаңалықтарды қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта барынша зерттеушілік, ізденгіштік сипат ала бастады. Сондықтан да білім беру ұйымы басшыларының маңызды шараларының бірі – мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Үшіншіден, білім беру ұйымдарының нарықтық қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу. [5, 3-бет] Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек

етуге жол салады. Озық педагогикалық тәжірбиенің негізі болып есептелетін жаңашылдықты зерделеу – педагогикалық тәжірибелерді теориялық талдау және жинақтауға алып баратын басқыш сияқты.

Инновациялық үдеріске жаңалықты жинақтау мен тарату ғана емес, ойлау және осы жаңалыққа қатысты өзгерістер мен қайта құру да жатады. Демек, бұл прогрессивті, озық, заманауи, оң үдеріс. Алайда, білім беру ісіне жаңалықты ендіру үдерісі – мұғалімнің әлеуетіне тікелей байланысты.

Қазіргі білім беру, қоғамдық даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығына қажеттілік бірқатар жағдайлармен айқындалады. Біріншіден, білім беру мазмұнына талаптың күшеюі, қоғамда жүріп жатқан өзгерістер білім беру жүйесін, оның әдістемесін, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Бұл жерде педагогикалық білімнің рөлі мен белсенділігі басымдықта болып отыр.

Бүгінгі күні инновациялық тәсілдер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін, ізденушілігін дамытып, қызығуын тудыру, белсенділігін арттыру – ең негізгі мақсат болып айқындалады. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1) Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында берілуге тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2) Білімге бір-бірінен алыс арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3) Оқыту жүйесінің көпдеңгейлігі оқу материалының оқу сапасын арттырады. Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше, сондай-ақ өзге оқушылармен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады. [3, 199-бет]

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісі. Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі қағидасы білім беруді нәтижеге бағдарлау, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатыстарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашып, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әртүрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталады. Бұл әдістің өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

Интерактив – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзінен шыққан. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделіп отырып, жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Сонымен бірге сапалы білім алудың алғы шарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс белсенділігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады. [2, 264-бет]

Интерактивті әдістерге жататындар: проблемалық шығарма әдістері; пікірталастар; топпен жұмыс; миға шабуыл әдісі; инсерт әдісі; *викториналар*; *шағын зерттеулер*; *іскерлік ойындар*; *сауал-намағалар жүргізу әдісі*; *кейс-стади әдісі*; *презентациялар*, т.б.

Интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпарат беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту.

Оқытуды ұйымдастырудың төрт түрлі бағыты бар. Олар :

- оқушыға өздігінен ізденуге мүмкіндік беру;
- оқушыларға топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау;
- оқушыларға өздерін-өздеріне немесе өзара бағалату;
- іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу. [4, 10-бет]

Оқушылардың арнайы іс-әрекет барысында икем-дағдыларды меңгеруі маңызды рөл атқарады. Ол үшін оқыту оқушылардың білімді өздігінен оқып үйренуіне бағытталуы керек.

Интерактивті негізде оқу мақсаты - білу ғана емес, үйрене білу.

Әрине, мұндай әдістерді педагогтар өздерінің кәсіби шеберлігіне қарай пайдаланып келеді. Дегенмен инновациялық әдіс-тәсілдердің бүгінгі күнде алды – ол, әрине, білім беру платформаларын:

- BilimLand
- Daryn.Online
- Opiq
- iTest
- iMekter

•Twig және т.б. пайдалану болып келеді. Әсіресе, «Joiteka» платформасын квест бөлмесін пайдалану бастауыш сынып оқушыларының танымын мен білімін ойын арқылы дамытуға сеп болады.

Инновациялық іс-әрекет – қазіргі мектептің даму жолы. Инновациялық іс-әрекет әлеуметтік-экономикалық жағдай тудырған басқа білім беру саласынан белгілі бір стандарттың межесінен ауытқу мен балама жүйе енгізу шараларын атқарады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты үдерістермен сипатталады. Болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруды әр оқушыға қатысты дербес бағдарламамен жүзеге асыру қажет. Нақты мұғалімге, шығармашылықпен жұмыс істейтін инноватор мұғалімге жасаған дербес жеке бағдарламадан көпшілікке, педагогикалық ұжымға арналған бағдарламаны жасауға көшуге болады, яғни, жалқыдан жалпыға өту ұстанымын басшылыққа алған жөн.

Қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру үшін ұстаздарға еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда үлесі зор осы инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру басты мәселе болғандықтан, білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын табу, оны тәжірибеге енгізу барысында жұмыстану уақыт күттірмейтін мәселе.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Педагогика./Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Оқулық.– Алматы: ОНОН. 2018, - 357 бет.
3. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Б 12 Жалпы педагогика: Оқулық – Алматы: «Нұр-пресс», 2005 – 228 бет.
4. Әмір Ш. Педагогикалық инновацияны іске асырудың жолдары // Қазақстан мектебі. – 2000. - № 5. - 13 б.
5. Камзина Б.М. Жаңа инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің педагогикалық шеберлігі // Бастауыш мектеп. – 2001. - №1-2., 2017.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ ТІЛІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Шуйнова Ж. Б.

БҚО, Орал қаласының №1 «Айгөлек» бөбекжайының тәрбиешісі
zhazi-kaz@mail.ru

*«Ойын бала үшін ойын емес, білім мен тәрбие негізін қалайтын басты құрал»
(Ыбырай Алтынсарин)*

Ойын дегеніміз – жас ерекшеліктеріне қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты,

ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын баланың барлық қабілетінің, тілінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне, құрбылармен жақындасуына көмектеседі. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді.

Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай-ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның ізденімпаздық, тапқырлық қабілетін оятады, жеке қасиеттерін қалыптастырады. Ойын кезінде бала айналадағы құбылысты өзінше түсініп, бейнелейді, өзінің күш-жігерін, сезімін білдіруге мүмкіндік тауып, айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынасын нығайтып, адамдардың күнделікті іс-әрекетіне көңіл бөліп, араласа алады. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытта пайдалану - үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарты бойынша балалардың жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндіктеріне қарай, олардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін ескере отыра балалардың көру, есту, қабылдау, есте сақтау, зейіні мен ойлау қабілеттерінің даму барысын анықтауға арналған дидактикалық, сюжетті-рөлдік, дамытушылық, драматизациялау, қимылды ойындар, саусақтармен ойын - жаттығулар жинағын ұсынамыз.

Баяндаманың мақсаты: Балалардың ой-өрісін, тіл байлығындамыту, заттарды белгілері бойынша тану, түйсіну, зерттеп салыстыру қабілетін ұштап, сөздік қорын молайту; ізденімпаздық, тапқырлық, байқағыштық, шығармашылық қабілеттерін ояту, қырағылығын, зеректілігін, тапқырлығын, ептілігін арттырып, сезімталдыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қойылатын міндеттерім:

7. Ойын түрлерімен таныстыру, балаларға жеткізе білу
8. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру
9. Ойын кезінде бір-біріне деген достық қарым-қатынастарын қалыптастыру
10. Ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қолдану
11. Балалардың ойын кезінде жеңімпаздыққа ұмтылысын тудыру
12. Балалардың өздеріне ұнаған ойынды, рөлді өзі таңдай білуі

Күтілетін нәтиже:

Білу: Балалардың ойын түрлерін біліп, заттарды белгілері бойынша танып, салыстыра білуі

Болау: Әрбір ойынның шарты болатындығы жайлы түсініктерінің болуы

Қолдану: Балалардың өз беттерінше ойынды ұйымдастыра білуі, өз ойларын толық жеткізе білуі, балалармен қарым-қатынаста болып, ойын шартын бұзбай ойнауы

Бала тілін ойын арқылы дамыту 5 бөлімнен тұрады:

Дидактикалық ойындар. Оның мақсаты – баланы оқыту, олардың ойлау қабілеттерін жаттықтыру және дамыту, игі қасиеттерді тәрбиелеу.

Сюжетті – рөлдік ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады.

Драматизацияланған ойындар. Драматизацияланған ойындар балаларға керекті сөздер мен сөйлемдерді меңгеруді, интонацияны дұрыс пайдалануды, мәнерлеп және көркемдеп оқытуды дамытуда көп әсерін тигізеді.

Қимылды ойындар. Бұл ойындарда баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі.

Саусақтармен ойын-жаттығулар. Бұл жаттығуларды саусақ қимылымен көрсетіп және өлең жолдарымен қоса орындайды.

Балабақшада осындай дидактикалық ойындарды жиелі түрде қолдану арқылы баланың: ақыл – ойын жүйелеу, ойлау қабілеттерін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу, логикалық қабілеттерін дамытуға болады.

Баланың тілін дамытуға арналған ойын түрлерін ұсынамын:

«Кім тапқыр?» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Балаларды белгіленген бір дыбысты сөздің қай бөлігінде орналасқанын анықтауды үйрету. Зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Берілген дыбыстың орнын таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балаларды зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Берілген дыбысқа арналып салынған түрлі-түсті суреттер, ойыншықтар, жалаулар.

Ойын шарты:

Тәрбиеші берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, жасыл жалаушаны, соңында болса, қызыл түсті жалаушаны жоғары көтереді.

«Ойлан да аяқта» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту.

Ат шабады, ал қарқа ... (ұшады)

Ит үреді, ал қарға... (қаркылдайды)

Жылан жорғалайды, ал балық... (жүзеді)

Қасқыр ұлиды, ал қой... (маңырайды)

Түйе боздайды, ал жылқы... (кісінейді)

Лимон қышқыл, ал қант... (тәтті)

Өзен арықтан терең, ал арық... (саяз)

Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа)

Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың... (қолыңмен)

Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін)

«Жаңа ертегі» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Ертегіні бірнеше мәрте тыңдап, оның мазмұнын айтып, сюжеттің негізінде шағын көрністер құрастыруға үйрету.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Ертегі тыңдауға, талдауға, тыңдағанды «жандандыруға», құрастырған ертегі кейіпкерлеріне қатысты эмоционалдық тұрғыда толқу қабілеттерін дамыту, үйрету.

Жүргізуші отырған балаларға ертегі кейіпкерлерін атайды, суреттерін көрсетеді.

Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан, қоян, қасқыр. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып ойын жалғасады.

«Қажетті суретті тап» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті еске түсіру; қай кезде, не істелетінін айтуға үйрету.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті еске түсіру; қай кезде, не істелетіні жөнінде сөйлем құрап айтуға үйрету; түрлі жаттығу жұмыстарын өздігінен орындауға төсілдіру.

Керекті заттар: үлкен және кішкене суреттер немесе қуыршаққа арнаған ыдыстар, ермек саздан, балшықтан жасалынған тоқаш, нан, бауырсақ, шұжық, айран, сүт, шәй қораптары.

Ойынның барысы.

Ойын суреттер қатыстырылып жүргізілсе, тәрбиеші үлкен суретті, мысалы, үлкен тәрелке немесе қасық ұстаған қыздың суреті. Балалар қораптағы суреттердің ішінен тақтаға ілінген сурет мазмұнына сәйкес заттарды алып, үстелге қояды. Не істегені туралы айтады. Мәселен қасықтың суретін алса: «Мен қасық алдым. Қасықпен тамақ ішеді. Қасық ағаштан, (металдан) жасалынған. Бұл үлкен қасық. Онымен сорпа ішеміз», - деп жауап береді. Ойынның соңында балалар ойынға қатысты заттардың суретін салады.

«Сен нені ұнатасың?» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Көкөністер мен жеміс жидектерді танып біліп, дұрыс атату, ұқсас жемістер мен көкөністерді табуға дағдыландыру.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Көкөністер мен жеміс жидектерді танып біліп, дұрыс атату, сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Көрнекі құралдар: көкөністер мен жеміс – жидектер суреттері.

Ойынның барысы.

Көкөністер мен жеміс-жидек суреттері алынған карточкалар тақтаға ілінеді. Үстел үстінде көкөніс, жеміс суреттері аралас жатады. Шақырылған бала өзіне ұнаған жеміс немесе көкөністерді танып алады да, карточкаға (қалтаға) салады. Қайда өсетіні, түсі, пішіні, дәмі туралы сипаттап айтады.

«Жалпы атауын ата» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен айтқызу. Көкөністер деген сөзге сөйлем құрастыру, көкөністер қалай өсіп шығатынын қимылмен көрсету. Түстеріне, пішініне қарап бір - бірінен айырмашылықтарын салыстыру.

Көрнекілік: жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздары.

Ойынның барысы.

Тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын дәлелдеп айтуы тиіс.

Мысалы: алма, өрік, алмұрт жемістерге жатады. Өйткені олар-жеміс ағаштары.

«Радио» ойыны:

1 нұсқа (3-5):

Мақсаты: Балаларды байқампаздыққа тәрбиелеу және сөздік қорларын дамыту

2 нұсқа (5-6):

Мақсаты: Балаларды өз бетінше сөйлеу мәнері мен мәнерлеп айту іскерлігін қалыптастыру. Жай және күрделі сөйлемдерді қолдануға жаттықтыру.

Ойынның барысы. Біз бүгін «Радио» деп аталатын жаңа ойын ойнаймыз. Радиодан сөйлейтін адамды диктор дейді. Бүгін диктор радиодан біздің топтың балалары туралы айтады.

Ол біздің ішіміздегі бір баланы сипаттайды, ал біз оның сөзінен ол баланы табуымыз керек. Алдымен мен диктор боламын.

Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Қыз бала жоғалды. Оның үстінде қызыл күртеше, қара юбка, бұрымында-ақ бантик. Ол өлеңді жақсы айтады және Айгүлмен дос. Бұл қызды кім біледі?

Осылай тәрбиеші ойынды бастап, балаларға сипаттау үлгісін көрсетеді. Балалар өз топтарындағы қызды көрсетеді. «Ал енді сендердің араларыңнан біреу диктор болады», - дейді тәрбиеші. Жаңа дикторды санау арқылы таңдап алады. Тәрбиеші ойын кезінде балалар өз жолдастарының мінез-құлқын, киімін дәл, дұрыс айтуын қадағалайды.

Сөзімді қорытындылай келе, мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Дидактикалық ойын – баланың қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық ойындардың жүйелі қолданылуы жақсы нәтиже береді. Дидактикалық ойындарды пайдалану мәселесі педагогикалық теорияда кеңінен қарастырылған.

Әдебиеттер

1. Қ. Х. Мусағұлова, «Мектепке дейінгі жаттығулар мен ойындар жүйесі»
2. Бондаренко А.К. «Дидактические игры в детском саду» - М., 2021 г.
3. Сорокина А.И. «Балабақшадағы дидактикалық ойындар»-М.,2020 ж.
4. М.С. Қомаева «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бойынша дидактикалық ойындар»

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨРКЕМ-ГРАФИКАЛЫҚ ТЕХНИКА АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Есенғалиева М.О.

Атырау қаласының «Зейнеп, Амина және балапандар» бөбекжай-балабақша, бейнелеу пән жетекшісі
eleugali.67@mail.ru

Республикамызда білім беруді дамыту қазіргі кезде оқытудың дәстүрлі түрінен инновациялық үрдістерге ауысатын өтпелі кезеңінде және «инновация» ұғымы соңғы жылдардың ішінде білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасауы, меңгеруі, қолдануы және таратуға байланысты бір бөлек қызметі тұрғысынан түсіндіріледі.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа инновациялық сипатты талап етеді. Заман талабына сай әр ұжымның, әр педагогтың білім беру жүйесіндегі жаңалықтар мен қайта құруға, өзгерістерге баса назар аударып, өзіндік ізденісі арқылы инновациялық үрдіске ену қажеттілігі туындайды.

Бала тұлғасын, оның рухани дүниесін қалыптастыруда эмоциялық орта маңызды рөл атқарады. Кішкене адамның осы психикалық ерекшеліктері өнердің қуатты күшімен байланысты – бұл эмоционалды-образды құбылыс.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда инновациялық көркем-графикалық сурет салу техникаларын тиімді таңдау мен іс жүзінде қолдану маңызы зор.

Өзінің қайталанбас дербестігін ашу балаға өзін оқуда, шығармашылықта, достарымен қарым-қатынаста бағалай білуге көмектеседі. Осы орайда бейнелеу өнері сабақтарын дәстүрден тыс, инновациялық көркемдік-графикалық техникалармен жетілдірудің маңызы зор.

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – қызықты бейнелер мен ашық бояулар әлемі. Балалар өздерінің ғажайып қиялымен, ерекшелігімен ересектерді талай таңғалдырған. Сәбилер суретті ерекше ықыласпен және жиі салады. Оларды айналадағы қоршаған дүние әлемі өз қызығымен еліктіріп әкетеді. Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі, олардың қабілеті дамуы болып табылады. Қазіргі кезеңде жаңа адамды қалыптастыру, оның шығармашылық белсенділігін дамыту басты назарға алынған.

Көркем - графикалық техникалардың мақсаты – баланың бойындағы әлеуетті көркемдік – шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту.

Дәстүрден тыс техникаларды пайдаланған ұйымдастырылған іс әрекеттер балаларға түрлі материалдардың сапасы мен мүмкіндіктері туралы терең білім береді, эстетикалық эмоциялық сезімдерін дамытады, еңбекке деген талпынысын және шеберлік ерекшеліктерін меңгеру тілегін ынталандырады. Халықтық – әсемдік өнерге араластыра отырып, келешектегі мектеп оқуына дайындайды. Балалар көркем шығармашылығы баланың жан-жақты дамуының маңызды элементі болып табылады.

Кішкентай адамның әлемі әдемі, эмоционалды. Балабақшада баланың көңіл-күйін қиялымен ұштастырып, ұмтылмастай ерекше бір сезімге бөлеудің өзі бір бақыт. Балаларды әсерлендіру үшін дәстүрден тыс сурет салу техникаларын жинақтап, қолданудың маңызы зор. Мысалы, акварель және гуашь пайдалана отырып, «Бастырма» техникасын қолданамын, яғни картоппен түрлі пішіндер: үшбұрыш, шаршы, жүрек, ромбы қиып аламын. Ал балалар осы пішіндерді қайда қолдануға болатынын қарайды да, оны бояуға батырады және бастырады, берілген тақырыпқа сәйкес өз суреттерін бейнелейді. Бастырма аз және оны бәрі де қолданатындықтан топтық және ұжымдық жұмыс жүргізуге болады.

«Ысқылау» техникасы да күтпеген нәтиже береді. Тек онда түрлі түсті қарындаштар қажет болады. Кез келген ағаш және метал бұйымдарды пайдалану қажет. Бұл балаларды қызықтыра түседі. Олар сурет салу үшін бұл заттардың не қажеті бар деген сұрақ қоя бастайды. Ал бәрі де қарапайым. Әкелген кез келген бұйымды сурет дәптер парағымен жабамыз (мысалы, 100 теңге – тиын түрі), үстінен бастырамыз және ылғал бояу қарындашпен үстінен басамыз да суретін қағаз бетіне түсіреміз. Бұл суреттерді қайда қолданатынын балалардың өздері қиялдайды.

«Дақтармен де суреттейміз» атты оқу іс –әрекеті барысында қара және ақ «Монотипия» техникасын қолданамыз. Қылқаламды бояуға (гуашь) батырып, таза қағаз бетіне бірнеше тамшы шашыратамыз. Қағазды қақ ортасынан бүгіп, жақсылап сипаймыз, ашамыз да кебуге қоямыз. Тапсырма: мұқият қарандар, біздің дақтарымыз неге ұқсайды екен, әрі қарай суретті аяқта.

Моншақтар (желімдеу), макарон өнімдері, көкөністер, далап, түсті қағаздар, құс қанаты – ұлпа жүні, мата қиындысы және жіп үзіктерін пайдаланып, техниканы түрлендіруге болады.

Дәстүрден тыс сурет салу техникаларының бірқатары мынадай: саусақ әдісі, алақан әдісі, қағазды жырту, қағазды умаждау, қағазды ылғалдау, ысқылау, айна әдісі, бастырма әдісі, майшам және бояу-акварель, трафарет, тамшы әдістері және түрлі материалдардан құрастыру т.б.

Мысалы, «Әдемі балықтар» тақырыбында алақан әдісін аламыз. Екі-үш жасар балаларға алақанмен сурет салу өте қызықты.

Бала алақанын ыдысқа құйылған гуашьқа батырады немесе қылқаламның көмегімен (бес жастан бастап) оны бояйды да, қағазға алақанымен таңба қалдырады. Әр түрлі түске боялған оң қолымен де, сол қолымен де суреттейді. Қағаз бетінде әдемі балықтар не басқа да бейнелер пайда болады. содан соң қолдарын ылғал сүрткішпен сүртеді.

Дәстүрден тыс сурет салу техникалары балаға қоршаған ортадан алған әсерін жеткізе білуге мүмкіндік ашады.

Сурет салу бала үшін қуанышты, шабытты еңбек, оған мәжбүрлеудің қажеті жоқ. Бірақ бейнелеу өнерінің жаңа мүмкіндіктерін біртіндеп аша отырып, сәбиді ынталандыру және қолдау өте қажет.

Бейнелеу өнерін ұйымдастырғанда дәстүрден тыс ықпал жасау балаларды таң қалдырады, осындай қызықты іс-әрекетпен айналысуға ынталандырады. Нұсқа суреттер баланың креативті мүмкіндігін ашады, түстерді, олардың сипатын және көңіл-күйді сезінуге мүмкіндік береді.

Инновациялық техникаларды қолдану балалардың шығармашылық қабілетін дамытуды өздейді. Балалардың елестетуін және қиялын дамытады. Ұжымдық жұмыс машықтарын тәрбиелейді.

Дұрыс техникалық дағды бала бойында оқу іс – әрекеті барысында дамып, қалыптасып отырады. Балалар сурет салу тәсілдерін құрғақ түсіндіргеннен емес, өздері тәжірибе жасаудан үйренеді. Балалар бақшасында сурет салу үшін көптеген құралдар беруге болады: түрлі-түсті және қара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, фломастерлер, акварель борлар, пастель, көмір, сангина, тушь, пластилин т.б. Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттар қызығушылықты артты. Балалар сурет салу құралдарын игергеннен кейін, оларды саналы түрде материал таңдауға әкелеміз. Бұл әдіс қиялды, елестетуді, түс пен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі. «Ғарыш әлемін бейнелегені» балаларға өте ұнады. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің : «баспамен», «саусақтармен» «шашырату» сурет салу да үйретілді.

Мектепке дейінгі шақта ойын іс-әрекеті белсенді қолданылады. Түрлі ойыншықтар мен бұйымдардың көмегімен алдағы бейнеленетін суреттің желісін көркем сөзді қолдана отырып, балалармен сахналап ойнатуға болады. Осындай әсер балаларды қызықтырып, зейінін ұзақ тұрақтандыруға, қажетті эмоционалды жағдай құруға мүмкіндік береді. Ерте жастан-ақ тұлға іргетасы қаланады, сондықтан да мен балалардың бойындағы шығармашылық ұшқынын жандандыру қажет деп ойлаймын. Егер біздің кішкентай суретшіміз үсті басын шатпақтап бүлдіріп алса, бұл түкте қорқынышты емес, бастысы – ол бояуларымен жұмыс жасай отырып, одан ләззат алуы, яғни қанағаттануы және өз еңбегінің нәтижесіне шаттанғаны маңызды.

Көрме – баланың шығармашылық жұмысының қорытындысы. Көрмеге балалар жұмысын таңдау, оны дайындау және ашылу салтанатына қонақтарды шақыру – адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан маңызды. Баланың әр шығармашылық туындысы қайталанбас дербестігімен және автордың әлемге деген көзқарасы, қарым-қатынасымен ерекшеленеді. Әуел бастан әр баланың қабілетіне сену оның дарындылығын дер кезінде ашуға және дамытуға деген аса жауапкершілікті жүктейді. «Әр бала- суретші, өзінше бір жұлдыз» деген ұстаным әділ, сондықтан да жауапты.

Сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін меңгере отырып, мен мынадай шешімге келдім: егер сізге сабақ барысында балалар қызықтырып, көздерінен от ұшқыны шашып тұрғаны ұнаса, егер әр оқу іс –әрекеті барысың мереке болсын десең, егер сен рахаттана күліп, таң қалып және ақылды, шығармашылықпен ойлайтын балалармен қарым-қатынас жасағың келсе – олармен бірге бақылап, суреттеп, әсерлендіру қажет.

Әдебиеттер

- 1.Косминская В.Б. Балабақшада бейнелеу іс-әрекетінің теориясы мен методикасы. Алматы: Мектеп,1983ж
2. Швайко Г.С. Занятия по ИЗО в детском саду.-М.,2000г.
3. Мұқашев М., Сейтімов.А., Хамзин Н. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. - Астана: Фолиант, 2008ж
4. Балабақшадағы бейнелеу іс-әрекетінің әдістемесі. Жұмабекова Ф.Н. Астана 2012 жыл.

ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫЛЫҚ (ОТД) ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Альжанова Д.С.

Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технология колледжі
Құқық және экономика пәнінің оқытушысы

Кәсіби білім берудің өзі студенттердің оқу-танымдылық әрекеттерінің жүйесі болатындығына сүйене отырып, оны белсенді түрде қалыптастыру мәселелерін сөз етпекпіз.

Студенттердің ОТД жоғары нәтижеге жету үшін белсенділендірі проблемасы әртүрлі көзқарастарды қамтиды.

Біріншіден, ол қызметті теориялық тұрғыдан зерттеулер бойынша, оқыту мен қызметті жүзеге асыру кезеңді және деңгейлі түрде жүргізіліп, қызметтің дамуына қарай, тұлғаның мүмкіндіктері де дамиды. Бұл шарттың әдістемелік негізін әрекет пен тұлғаның бірге дамуының психологиялық заңының негізінде жүруі (С.Л.Рубинштейн) деп қорытындылауымызға болады.

Екіншіден, мәселеге жүйелік жағынан келсек, қызметті қалыптастыру мен оның әрекеттерін игерудің өзі де жүйені құрайды. Оқу-танымдылық қызметі осы тұрғыдан студенттердің оны құрамындағы компоненттері белгіленіп (мақсаты, себебі, мазмұны, құралы, нәтижесі) және компоненттердің арасындағы байланысы анықталған жүйе деп қарастыруына болады.

Қойылған проблеманы шешудің теориялық-педагогикалық негізінде «белсенділендіру», «оқытудағы алгоритмдері», «алгоритмделінген оқыту» ұғымдарын жүйеге келтіріп, «қызмет алгоритмі», «оқу-танымдылық қызметті алгоритмдеу» ұғымдарын дәлірек пайдалануымыз керек.

Оқу-танымдылық қызметте қазіргі жағдайда орын алып отырған біраз кемшіліктерді жеңу қажеттілігін де естен шығармаған жөн:

- оқу-танымдылық әрекеттерді ұйымдастыру формаларының мамандардың кәсіби қызметінің формаларына сәйкестігі болмауы;
- қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану –математикалық және арнаулы циклдік пәндер бағдарланған әрекеттердің негіздерінің жасалынбауы;
- оқу процесінде студенттердің ой-өрісінің (абстрактты-логикалық және диалектикалық) толық қалыптаспауы;

Әрекеттерді белсенділендіру проблемаларының да жеткіліксіз зерттеліп отырғанын айта кету керек.

Білім мен кәсіби білім беру тәжірибесін, психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді қарастыра отырып, жұмыс беруші жағынан оқу орнын бітірушіге қойылатын өскелең талаптар мен студенттерінің оқу-танымдылық (ОТД) дағдыларының даму деңгейінің арасында орын алып отырған қайшылықтарды көруімізге болады.

Кәсіби білімнің структурасы мен негізгі түсініктеріне келсек, «белсенді және шығармашылық түрде оқытуға бет бұру кәсіптік –техникалық лицей, колледж, жоғары оқу орындары мен білімді көтеру, қайта дайындау жүйесінің оқу орындары үшін кәсіби білімді қайта құру жүйесінің стратегиясының аса маңызды компонентіне айналып отыр. Ол экономиканың жоспарлы жүйеден рыноктық қатынастарға көшуі, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер, халықтың өмірінің деңгейінің және қоғамның жіктелуі, құндылықтардың өзгеруі сияқты факторлар кәсіби қайта дайындап, білім беру мәселесін ең қажетті дәреже ретінде ұсынып отыр. Кәсіби білімге сұраныстың дәрежесі жоғары болуымен қатар, зерттеушілер жас мамандардың өмірлік және кәсіби проблемаларды өз бетімен шешуде тәжірибесіз болып, өз әрекеттерінің дұрыстығына сенімі болмауын, өз дамуының болашағын анықтай алмайтындығын атайды.

«Педагог үшін негізгі ереже – кез келген еңбектің түрінің өкілдерінің ішкі жан дүниесі мен ой-санасының белсенділігіне құрмет білдіру; студентті еңбек субъекті ретінде қалыптастыра және ерекшелендіре қарау; «алға», «жолың болсын» деп итермелемей, шыдамды түрде өз бетімен шешім қабылдау және мамандығында өзін-өзі табуына әсер теу, үйрету»-десек, көп қателесе қоймаймыз.

Зерттеулердің көпшілігінде кәсіби білімнің деңгейлерінің әр кезеңдеріндегі жағдайлардың арасын алшақтатып отырған мәселе, оның компоненттерінің арасындағы байланыстардың әлсіздігі: маманның теориялық және практикалық дайындықтары арасындағы байланыс, дайындау бағыттары бойынша оқу сағат тарының оптималды қажеттілігі жеткіліксіз болуы, кәсіби білім алудың үздіксіздік қағидасының бұзылуы (В.И.Кондрух, С.А.Махновский, А.Н.Сергеев, т.б.)

Кәсіби білім беру жүйесінің негативті көрінісінің бір себебі ретінде зерттеушілер болашақ маманды дайындау, қалыптастыру процесінде тұлғаны есепке алмау мен оның белсенділігінің бағаланбауын атайды. Кәсіби білім беру процесі «ерекше, дара тұлға» дайындау бағытында жүргізілуі қажет дегенмен, білімнің мазмұны мен процесскөбіне кәсіби қызметтің мазмұнына сәйкес келмейді.

Осы аталған мәселе бойынша кәсіби білім берудің басты шарттарының бірі ретінде кәсіби дайындықты белсенді әрекеттер қағидалары негізінде іске асыру қажеттілігі көрінеді. Бұл кезеңде студенттердің белсенді түрдегі кәсіби дайындығы жеке тұлғаның тұрақты түрде кәсіби білім, дағдыларды өзінің мүмкіндігі мен қабілетіне сәйкес алу, қолдануы мен дамытуын мақсатты түрде, оқу-танымдылық (ОТД) дағдыларын қалыптастыруды өзара байыту мен ендіру негізінде жүргізуді қарастырады

Кәсіби білім әрбір адамның қоғамның құрылымында өз қабілеттері мен ісенрлік қасиеттеріне сәйкес орнын табуға ықпал етеді. Қоғамның да басты мақсаты өз мүшесінің қалаған орыны табуына бағдарланғандықтан, мұндай сәйкестік неғұрлым жоғары болған сайын, қоғам мүшесі мен еңбектің арасындағы жік болмай, өз орнын табу арқылы кәсіби қызметтің нәтижесі де артады.

Қазіргі кәсіби білім беру концепциясы «жеке қабілеттер мен бейімділікті негізгі элемент ретінде қарастыру, оның қызмет істеуін қамту дайындық және қайта дайындау жүйесі арқылы жүргізіледі».

Олай болған кезде, тұлғаның кәсіби білімді жүзеге асыруының негізгі шарты студенттің жеке басының мамандыққа бейімділігін анықтаумен байланыста болады. Бұл жағдайда тұлғаның өз орнын табуы туралы айтылады. Бірақ, зерттеулер көрсетіп отырғандай, жеке тұлғаның мамандығының түрі оның қабілетіне сәйкес бола бермейді.

Тұлғаның кәсіби қабілетін дамыту мен оны дұрыс анықтаудың шарты ретінде тұлғаның мамандықты таңдауы «сен осы мамандықты таңдауың керек» деп зорлап итермелеу арқылы емес, өз қабілетіне қарай еркін таңдап, жемісіне жетуі болады.

Кәсіби білім беру жүйесін құру дегеніміз - кәсіби дайындық пен қайта дайындау процесінің тиімділігі қамтамасыз ететін, тұлғаның мүмкіндіктерін жүзеге асыруын, қызметкер ретінде үздіксіз дамуын, кәсіби білім беру ұйымдары мен өндіріс арасындағы өзара байланыстарды қамтамасыз ету, кәсіби білімді басқаруды демократизациялау, елді қызметпен қамту орталықтары, жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты қалыптастырып, нығайту арқылы кәсіби білім беру жүйесін жасау.

Кәсіби білім берудің көп деңгейлі кәсіби дайындыққа, технократтық бағыттан әлеуметтік және жеке тұлғаға бағытталған түріне көшуі болашағы бар даму түлері болып есептеліп отыр. Сонымен қатар, кәсіби білім беруді гуманизациялау да есепке алынатын фактор болуы керек.

Кәсіби білім беру жүйесін гуманизациялау процесі оның тұлғаға бағытталғандығының белгілерінің бірі, тұлғаның қасиеттерінің қалыптасуы мен жан-жақты дамуының себебі болады. Кәсіби білімнің гуманистік сипаты тұлғаның барлық сұранысын, әлеуметтік және мамандықты меңгеруге төселіп адаптациялануын толық есепке алып, еңбекке орналасуына ықпал етуінен де байқалады.

Оқу-танымдылық дағдыларды белсенділендіру қазіргі кезеңдегі кәсіби білім беру практикасында бар, оның белгісі ретінде электронды есептеу құралдарын пайдалануды жаппай жүргізуді атауға болады. Мәселелерді алгоритмдік шешуге негізделген компьютерлерді пайдалану, пайдаланушылардан компьютер бағдарламасын пайдалануға қажетті біліктілік деңгейінің болуын талап етеді. Білім саласында жаңа информациялық технологияларды және өзге дәл ғылымдардың жетістіктерін пайдалану жүзеге асырылып отыр. Оқытудың алгоритмдік әдістерінің кәсіби білім беруде маңызы өсіп отыр.

Ақпарат ағынын пайдалануды басқару, оларды жасау мен шығармашылықпен пайдалану берекетсіз, хаосты процесс емес. Бұл процесті құрау әрекеттері тізбекті процесс ретінде алгоритм қалыптастырады (А.П.Огаркова, В.Э.Штейнберг т.б.). Алгоритмдеу мүмкіндігін оқу-танымдық дағдыларды белсенділендіру негіздерінің бірі ретінде зерттеу қажеттілігі пайда болады. Оқу-танымдылық дағдыларды белсенділендіру проблемалары осы әрекеттің жүзеге асырылуының операциялық және мотивациялық компоненттерді біріктірген жоғары дәрежесі ретінде қарастыру Л.П.Аристова, В.А.Беликов, В.П.Беспалько, М.А.Данилов, Б.П.Есипов, ПИ.Пидкасистый, В.П.Ушачёв, В.С.Шубинский және т.б. еңбектерінде келтіріліп отыр.

Қажетті әсерлерді жинау, өндіру қызметі мен шығармашылықта жиі пайдаланатын әрекеттердің әдістерін түсіну мен қабылдау оқытудың өндіру қызметімен байланыста болуы Л.С.Выготский, И.Я.Лернер, А.В.Усова, Г.И.Щукиналардың еңбектерінде келтіріліп, бұл зерттеулерде маңызды орын оқу-танымдылық қызметінің белсенділендіру ерекшеліктерін терең түсінуге ықпал тигізетін оқу-танымдылық механизміне берілген. Олардың арасында оқу немесе оқу-танымдылық дағдылары мен жалпы дағдылар алдыңғы қатарға шығарылып отыр (М.Д.Даммер, В.А.Кулько, В.Н.Максимова, А.А.Подольский, М.М.Поташник, А.В.Усова, Т.Д.Цехмистрова).

Оқу-танымдық әрекеттерді оптималды ұймдастырудың педагогикалық ғылымда әртүрлі нұсқалары: шешімдер, амалдар, әдістер, талаптар мен нәтижелер қарастырылып, оларды жіктеу топтары:

- эвристикалық - бағдарламасыз, жаңа бағыттарды ашу шығармашылық негізде болуы (В.И.Андреев, В.С.Библер, Д.Б.Богоявленская, А.С.Майданов, С.А.Шапоринский) және бағдарлы - алгоритмдік, нақты мақсат пен бағдарлама арқылы орындалуы (А.И.Берг, П.Я.Гальперин, Л.Н. Ланда, В.Н.Максимова, Н.Ф.Талызина, Б.Скиннер). Бұл жөнінде, ғалымдар бағдарламасыз шешімдердің өзінің де әрекеттердің схемасы мен тізбегін белгілеуін атайды (М.И.Махмутов, В.А.Моляко, В.Ф.Рындак, А.П.Тряпицын).

Теориялық зерттеулер мен білім беру практикасының нәтижелерін талдай отырып, оқу-танымдылық дағдыларды белсенділендірудің тиімді жолдарының бірі ретінде алгоритмдерді пайдалану мен әрекетті белсенділендіру әдістерінің топтарын біріктіре пайдалану қажет деп айтуымызға болады. Алгоритмдер мен эвристикалық әдістер, оқу-танымдылық әрекеттердің керекті деңгейін сақтай отырып студенттердің оқу-танымдылық әрекеттерінің белсенділік деңгейін арттырады.

Осы мақсатқа жету үшін:

1. Техникалық жоғары оқу орындарының студенттерінің оқу-танымдылық әрекеттерін белсенділендіруді алгоритмдік және эвристикалық жүргізу оқу жұмысының әдістерін және ол үшін пайдаланатын әрекеттер құрылымын өзгертіп, оқыту процесінде кәсіби дайындыққа белсенді және өз бетімен орындаушылық сипатқа қол жеткізу;

2. Техникалық жоғары оқу орындарының студенттерінің оқу-танымдылық әрекеттерін белсенділендірудің тиімділігін арттыру үшін жүзеге асырылатын қажетті және жеткілікті педагогикалық талаптардың қатарында:

- кәсіби білім беру процесін жоғары оқу орындардың студенттерінің оқу- танымдылық әрекеттерінің жүйесі;

- кәсіби білім беруде студенттердің жалпы оқу дағдылары мен біліктілігін қалыптастыру процесін белсенділендіретін алгоритмдер тобын пайдалану

- алгоритмдердің вариативтілігі, құрылымының ашықтығы, мотивациялық компоненттерді пайдалануы, әрекеттің нәтижесіне бағдарлануы кәсіби-бағдарланған сипатта болуы;

- оқу- танымдылық әрекеттерді меңгеріп, игеру процесі контексті сипатта болуы керек.

3. Оқу-танымдылық дағдыларды белсенділендіруді жүзеге асырудың техникалық жоғары оқу орындарының студенттерінің кәсіби дайындығы үшін теориялық әдістемесінің негіздерін жасау қажеттілігі бар.

Әдебиеттер

1. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на-2025 годы»

2. Борибеков К.К. Организация разработки государственных общеобязательных стандартов образования в Республике Казахстан. Региональный международный семинар: Реальный сектор экономики и учебные заведения: партнерство для модернизации профессионального образования. - Алматы, 2020.

ОҚУШЫЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бекмағанбетова А.Б.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

Бәйтерек ауданы Жалын ауылы ПодхозНОМ бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. Осы орайда әрбір мұғалім озық технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдауы керек. Сонау ХХ ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – жай үйреншікті нәрсе емес, ол – жаңадан жаңаны табатын нәрсе» деген екен. Бұл мақалада оқуда және оқытуда заманауи озық технологияларды қолдану тиімділігі жайлы айтылады. Білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді.

Мақсаты: Оқытудағы инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру, білімнің деңгейін, сапасын жоғарлату, мультимедиялық технологиялармен жұмыс жасап үйрету.

Міндеттері: Ақпараттарды өз бетімен табуға, талдап, іріктеп жасауға, қазіргі заманғы инновациялық әдістерді мультимедиялық технологиялардың көмегімен жүзеге асруға үйрету. Өз іс – әрекетіне мақсат қоя білуге, оны іске асыратын қажетті жағдайларды анықтауға дағдыландыру.


«Мектепке ойынға асыққандай асығыңыз. Бұл да ойын сияқты», - деп жазды Ян Коменский. Мектепте оқыту қызықты болуы керек. Өйткені, бұл қызығушылық баланың іс-әрекетін, оның дамуын, оқуын негізгі ынталандыру болып табылады. Соңғы екі онжылдықта білім беруде көп нәрсе өзгерді. Бүгінгі таңда сұрақтар туралы ойламайтын мұғалім жоқ: «сабақты қалай қызықты, жарқын ету керек? Сабақта әр оқушы үшін сәттілік жағдайын қалай құруға болады? Қандай заманауи мұғалім өз сабағында балалардың өз еркімен, шығармашылықпен жұмыс жасауын армандамайды? Бұл кездейсоқ емес, өйткені пәнге қызығушылық оқушының жетістікке жетуіне көмектеседі. Қоғамның жаңа ұйымы, өмірге деген жаңа көзқарас мектепке жаңа талаптар қояды. Бүгінгі таңда оқытудың негізгі мақсаты-

оқушының белгілі бір білім, білік, дағдыларды жинақтауы ғана емес, сонымен қатар оқушыны өз бетінше даярлау.

Ең бірінші «Инновация» ұғымына тоқталып кетсем. Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы.

Қазір 21 ғасыр технологиялардың қарыштап дамыған дәуірі. Сондықтан да мұғалімдер үшін сабақ өткізуге көптеген мүмкіндіктер ашылған. Сондай мүмкіндіктердің бірі оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, ынтасын арттыратын әртүрлі мультимедиялық қосымшалардың пайда болуы, қолданса енуі. Осындай қызықты қосымшалар мен әдіс – тәсіл түрлерінің бірнешеуін атап өтсем.

- Quizizz тест құрастыру бағдарламасы
- Classtools ойындар мен кроссвордтар құрастыру бағдарламасы.
- Canva қызықты, көрікті бейнебаяндар мен презентация жасауға арналған бағдарлама.



- Flippity дайын шаблондары бар қосымша

Мысалыға бұл жерде Flippity қосымшасының мүмкіндіктері көрсетілген. Яғни бұл бағдарлама арқылы біз оқушыларды топқа бөле аламыз, әртүрлі тапсырмалар құрастыра аламыз.

Сонымен қатар мен өзім сабақта жиі қолданылатын тиімді қосымшамен таныстырғым келеді. Бұл қосымшаның мүмкіндіктері өте көп деп айтар едім. Бұл Genially қосымшасы. Бұл қосымшаның ішінде дайын бейнебаяндар, дайын презентациялық шаблондар, сабаққа арналған инновациялық ойындар, кітаптар бар. Мысалыға мен өз сабағымда осы қосымшаның ойын – тест түрін пайдаландым. Негізгі мақсат оқушылар тестке дұрыс жауап беру арқылы өз планетамызды өзге ғаламшарлықтардан құтқару. Яғни осы ойынды ойнау арқылы оқушылар сабақты қаншалықты деңгейде меңгергенін біле аламыз. Және де оқушы жеңілмес үшін барынша дұрыс жауап беруге тырысады. Яғни оқушының ойлауына, сабаққа белсенді қатысуына өз әсерін тигізеді.

Осы қосымшаның ішіндегі тағы бір қызықты тапсырмалардың бірі ол сәйкестендіру тапсырмасы. Мысалы мен өз сабағымда адамның дене мүшелері деген тақырыпты өткенде осы тапсырманы пайдаландым. Яғни оқушылар

сәйкес сөзді, сәйкес дене мүшесіне апаруы қажет және шамның көмегімен олар өздерін тексере алады. Бұл тапсырманы орындау барысында келесідей нәтижеге жеттім: оқушылардың тапсырманы орындауға деген қызығушылығы жоғары болды, өз бетінше тапсырманы орындап, өздерін тексере алды.

Сабағымызда осындай қосымшаларды тиімді пайдалану арқылы біз жоғары нәтижеге жете аламыз. Себебі дәстүрлі сабақтан қарағанда, осындай белсенді сабақтар оқушылардың ынтасын арттырады.

Бүгінгі таңда технологиялар өз қолдауларын тауып, оқу үрдісіне қолдануда. Технология – бұл қандай бір жұмысты, өнерді шеберлікпен іске асыру жиынтығы. Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу – оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал ұстаздар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі.

Педагогикалық технология - мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер көзі. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді:

Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды.

Екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады.

Проблемалық оқыту — оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.

Бастауыш білім беру дегеніміз бұл оқушы санасының ең жылдам дамитын аса құнды, қайталанбас кезеңі болғандықтан да бастауыш мектеп-оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы екендігі сөзсіз. ҚР Президентті өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» — деген пікірі ол жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген мағынамен пара пар. «Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ», «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы», «Ел болам десек бесіңді түзе» деген қанатты сөздер ел ертеңі болатын жас ұрпақтың жан-жақты сауатты болуы аса маңызды екендігін дәлелдеп келеді.

Яғни, санасын қалыптастырып, білімге деген құлшынысын оятатын, ертеңге сеніммен қараудың бастамасын беретін бастауыш мектептің мойнына артылған жауапкершілік өте үлкен. Сол бастауыш мектептің асқан жауапкершілігін жүзеге асырушы бірден бір тұлға мұғалімнің өз ісінде инновациялық технологияларды қолдануы оқу үрдісінің сапасын арттырып, қай қырынан алса да тиімділігін танытады. Қазіргі уақыт талабына сай келетіндей инновациялық технологиялармен жабдықталған мектеп жағдайында білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, педагогикалық жұмыста өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді, ал бастауыш мектеп оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Қорыта айтқанда: Қазіргі білім берудің негізінде мұғалімнің басты мақсаты оқушылардың белсенділігін, сабаққа ынтасын арттыру болып табылады.

Сондықтанда қазіргі дамып жатқан инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы біз оқушылардың жан – жақты дамуына, білімді тиімді меңгерулеріне өз үлесімізді қосамыз деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту -қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. «Білімді ұрпақ – ұлт болашағы» 30.12.2011.

3. Аккредиттеу – алға басу кепілі Жұма, 27 шілде, 2012 «Егемен Қазақстан» газеті. Сәрсенбі, 5 қыркүйек, 2012. Еркін КӨБЕЕВ, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор. Қарағанды.

4. Ныязбекова К.С., п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті, РЖА-ның профессоры (Қазақстан, г. Алматы)

МУЛЬТИПЛИКАЦИЯ – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ DAҒДЫСЫН ДАМУЫ ТӘСІЛІ

Нуржанова Д.А., Базарбаева К.М., Капашева А.Ж.

Атырау қаласы білім бөлімінің №39 «Ақкөгершін» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Қазіргі заманғы әлем бүгінде балалармен жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қабылдау мен пайдаланудың жаңа талаптарын ұсынып отыр. Өмірдің көптеген салаларында техника берік позицияларды иеленіп, балабақшалар, мектептер мен үйлерге тез еніп кетті. Ғылыми-техникалық революция сауаттылық ұғымының ауқымын ұлғайтты: енді жаза, оқи және есептей білетін ғана емес, сондай-ақ, дербес компьютерді пайдалана және түрлі бағдарламалармен жұмыс жасай алатын адам сауатты болып саналады. Бүгінде мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуын ол үшін ең заманауи ойын құралы болып есептелетін компьютерсіз елестету мүмкін емес. Сонымен бірге ол балдырғанды тәрбиелеу мен дамытуда педагогтың қуатты техникалық оқыту құралы ретінде қызмет етіп, алмастырылмайтын көмекшінің рөлін ойнайды. Ақпараттық технологиялар: әлеуметтік-ұнамдылық, эмоционалды-экспрессивтік, танымдық, көркем-эстетикалық, психикалық процесстерді белсендендіру, шығармашылық қабілеттерін ашу тәрізді баланың жетекші тұлғалық сипаттарын қалыптастыру құралы болып табылады. Бүгінгі педагогтардың алдында тұрған маңызды міндет – бала үшін жаңа технологиялар әлеміне жол бастаушы, компьютерлік бағдарламаларды таңдауда тәлімгер бола білу. Балабақшада анимациялық фильмдерді жасау білім беру саласындағы бірқатар міндеттерді шешеді, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әлеуетін кеңейтіп, танымдық және зияткерлік дағдыларын дамытады. Анимация өнері шығармашылық ойды өрістетіп, қоршаған әлемді түпнұсқа күйінде жеткізе білу дағдысын қалыптастырады.

Қазақстан республикасындағы мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкес, ересек мектеп жасындағы балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере, сондай-ақ, «Мультистудия» дамыту студиясы» жабдықтарын пайдалана отырып дайындалды. Күні бүгінге жеке тұлғаға тән бастамашылдық, шығармашылықпен ойлау және стандартты емес шешімдерді табу сияқты қасиеттерді қалыптастыруға септесетін жаңа технологиялар мәселесі барған сайын өзекті бола түсуде. Мектеп жасына дейінгі балалармен өткізілетін іс әрекеттегі маңызды тәсілдерінің бірі – қызығушылық болып табылады. Қызығушылықтың нәтижесінде

мультипликациялық жасалады. Баршаға аян, анимация – балалардың сүйікті жанрларының бірі. Мультипликациялық фильмнің кейіпкерлерін ермексаздан илеп, жапсыру жасап, силуэттерді пішіндеп, бояулармен, фломастерлермен, жұмсақ материалдармен бейнелеу арқылы балалар көркемдеудің қасиеттері мен техникалық мүмкіндіктерін меңгереді. Мультипликация – бұл топтық шығармашылық процесс. Мультипликаторлардың ересектер командасындағы сияқты, балалар да мұнда әр түрлі техникалармен танысып, түрлі функцияларды (режиссер, оператор, сценарист, суретші-мультипликатор) байқап көреді. Ал, бұған дейін балалардың компьютерлік технологияларға жақындап, танысуы олардың тұлғалық дамуына да, алдағы уақытта мектеп пәндерінен кін меңгеріп, кәсби дайындығын жетілдіруге оі әсерін тигізеді. Сөйтіп, әлеуметтік тұрғыдан жетіліп, ақпараттық қоғамдастыққа батыл енуіне ықпал етеді. Бағдарламаның жаңашылдығы да осында.

Іс әрекеттің негізгі бағыты – қысқа метражды мультфильмдерді түрлі техникадағы (ермексаз, қағазды бүктеу, көлемді анимация, т.б) цифрлық технологияларды қолдана отырып кадрға бөліп түсіру арқылы жасау. Мультипликацияның өзі осыған дейінгі кинематограф, театр, комикс, бейнелеу өнері және музыка тәрізді өнер түрлерінің түйіскен тұсында тұрғандықтан, бұл жобаның өзі де сурет салу, жапсыру, түсіру және монтаждау сияқты қызмет түрлерін қамтиды. Ол үшін балалар оптикалық ойыншықтардан бастап, қазіргі заманғы мультфильмдерге дейінгі мультипликацияның тарихын меңгереді, қолданлатын мультипликация техникаларымен, монтаждау заңдылықтарымен және мәнерлеу құралдарымен танысады, цифрлық фотоаппаратпен және микрофонмен жұмыс жасауды үйренеді.

Іс әрекеттерде ұсынылатын ойындар мен жаттығулар балалардың шаршағанын сезінбеуіне және қызығушылығын төмендетпеуге мүмкіндік береді. Олар қолдардың, буындардың ұсақ және дәл қимылдарына пайдалы, жан-жақты ойластырылған. Мұның өзі иіліп-бүгілетін дене мүшелері мен бас миы импульсін тұрақтандырып, орталық жүйке жүйесінің жұмысын жетілдіріп, дамытуға мүмкіндік береді.

Жоба мектеп алды тобының тәрбиеленушілеріне есептеліп жасалған. Ол бір жыл бойына эксперимент ретінде енгізілген. Жұмыс күннің екінші жартысында жүргізілді. Енді, осы жобаны вариативті компонент ретінде қолданысқа биылғы оқу жоспарында енгізілді. Әрбір тақырып бойынша өткізілетін іс әрекеттердің реттілігі мен саны балалардың қызығушылығына және педагогтың бақылау қорытындыларына қарай өзгертіліп (азайтылып немесе көбейтіліп) тұруы ықтимал. Мұнда балалармен жеке жұмыс формасы да ойластырылған. Тәжірибе жүзінде тұңғыш іске асырылуы жоспарланып отырған жобаға қажеттілігіне қарай түзетулер енгізілуі мүмкін екенін де қаперде ұстаған жөн. Тұтастай алғанда, ұсынылып отырған жобаның көздеген түпкі мақсаты – мультфильмдерді жасауға қатыстыру арқылы балалардың бойында танымдық, шығармашылық, қызығушылық қабілеттерді ашып, сөйлеу белсенділігін дамыту. Бұған 5 жастағы балалар тартылады. Жобаны жүзеге асырылу мерзімі – 9 ай.

Күтілетін нәтижелер – балалар мультфильм арқылы берілетін идеяларды көреді, еркін ойлауға жетіледі, өзіндік пікірін білдіреді, қызығушылығы артады, қиялдап, көргенін шындықпен салыстырады, ой елегінен өткізеді. Бір сөзбен түйіндегенде, сол арқылы баланың жеке тұлға ретіндегі сана-сезімі жаңа сапалық деңгейге көтеріледі. Сөйтіп, тәрбиеленуші өзінің іс-ірекетін қалағалап, жақсы мен жаманның, ақ пен қараның аражігін ажыратуға, оң мен терісті бағалауға дағдыланады. Сайып келгенде, ұсынылып отырған жобаның балалар үшін пайдалы боларына сенім мол.

Балалық шақ-адам өміріндегі ең керемет уақыт. Бірақонымен не байланысты? Әрине, мультфильмдер! Мультфильмдерді әр түрлі жастағы балалар жақсы көретіні кездейсоқ емес. Жарқын, әсерлі, бейнелі, бір жағынан қарапайым, екінші жағынан қол жетімді, мультфильмдер ертегіге, ойынға, адамдардың қарым-қатынасына дамытушылық, тәрбиелік мүмкіндіктеріне жақын. Мультфильм кейіпкерлері балаға қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасаудың әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Олар балаларға жақсылық пен жамандық туралы алғашқы идеяларды, жақсы және жаман мінез-құлық стандарттарын қалыптастырады.

Мультфильмде болып жатқан оқиғалар баланың қиялдарын арттыруға, оның ойлауы мен қиялын дамытуға, дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мультфильм көріп отырған баланы бақыласаңыз. Оның бетінде барлық эмоциялар көрініп тұрады. Міне, ол кейіпкермен бірге күледі, қабағын түйіп, жанашырлықпен немесе өкінішпен қарап, таныс әннің сөздерін қайталайды.

Егер сіз балалармен бірге өзіңіздің анимациялық фильміңізді жасасаңыз, онда келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Алғашқы мультфильмдер шыққаннан бері 100 жылдан астам уақыт өтті, бірақ олардың танымалдығы жойылмайды.

2. Барлық балалар мультфильмдерді жақсы көреді, бірақ бәрі де мультфильмдерді өздері жасай алатынын білмейді.

3. Мультфильмді өзіңіз жасау оңай емес, бірақ көңілді, қызықты және тәрбиелік мән мағынасы бар.

4. Мультфильм жасау үшін әртүрлі материалдарды пайдалануға болады.

Жалпы мультипликация - теориялық және практикалық қызметтерді біріктіре отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытудың үлкен мүмкіндіктерін қамтиды, оның нәтижесі балалардың өзіндік шығармашылық жұмысының нақты өнімі болып табылады. Мультипликациялық фильмді жасау барысында балалар әртүрлі іс-әрекеттерде техникалық әдістерді тез және дәл игереді. Бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлері: сурет, кескіндеме, модельдеу, дизайн және сәндік-қолданбалы өнер – мультипликацияда тең дәрежеде қатар өмір сүреді. Мультфильмді жасау процесінің өзі көрнекі бейнелерді жасауға және оларға жаңа мағына беруге көмектесетін әдеби, музыкалық, актерлік, режиссерлік, операторлық қызметтерді қамтиды. Жалпы бүгінде қай-қай жаста болмасын баланың дамуын ғылыми-техникаларсыз елестету мүмкін емес. Әсте ақпараттық технологиялар: әлеуметтік, эмоционалды-экспрессивтік, танымдық, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін ашу сынды балғындардың тұлғалық сипаттарын қалыптастыру құралы. Бұл ретте, педагогтардың көтерген жүгі ауыр. Неге? Себебі бала үшін тәлімгер жаңа технологиялар әлеміне жол бастаушы. Яғни педагог балаларды қызықтыра алуы қажет деген сөз. Сонда ғана балақайлардан белсенділік, танымдылық қасиеттері байқалмақ. Сәйкесінше қызығушылықтың нәтижесінде мультипликация жасалады. Осылайша, таңдалған жоба балалар арасында өзекті және зерттелген материал, басқа балаларға пайдалы болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Виноградова, Н.А., Панкова, е. п. балабақшадағы білім беру жобалары. Тәрбиешілерге арналған нұсқаулық. — М.: Ирис пресс, 2008.

2. Гобоблин Ф. Н. Психология. – М, 2003.

3. Марецкая, Н.И. зияткерлік ынталандыру ретінде пәндік-кеңістіктік орта. Мектеп жасына дейінгі баланың көркемдік және шығармашылық дамуы / Н. И.Марецкая// балалық шақ-баспасөз. – 2010.

4. Нищева, Н.В. балабақшадағы пәндік-кеңістіктік даму ортасы. Құрылыс принциптері, кеңестер, ұсыныстар/ Н. В.Нищева/ / балалық шақ-баспасөз. – 2010.

5. Тимофеева, Л.Л. Балабақшадағы жобалық әдіс. "Мультфильм өз қолымен". - Санкт-Петербург: Балалық Шақ-Баспасөз, 2011.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Танашова Б.М.

Б.Алтынсарин атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып - оқушысы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Дамыта оқытудың ең басты мақсаты - баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту. Шығармашылық бағыт саналуан болады. Мәселен, ана тілін, әдебиеттік оқу пәнін оқыту барысында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өте маңызды мәселе ретінде қарастыруға болады. Ол үшін алдымен «шығармашылық» ұғымына түсінік беріп өтелік.

Шығармашылық дегеніміз - адамның өмірінде өзін-өзі таңуға ұмтылуы, өз бетінше ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіндеп, өздігінен сапалы дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.

Шығармашыл адам жаңашыл, ізденімпаз болады, алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында кездескен кедергілерді жеңе алады, үздіксіз ізденіп отырады.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Ол үшін оқушылардың шығармашық іс-әрекетіне жағдай тудыру қажет.

Оқушының шығармашық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы жаңаша білім беру міндеттерін негізі үш мақсат қана шеше алады. Олар-дүниетанымдылық, шығармашылық және терең білімділік.

С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, күзiреттiлiгi арқылы айқындалса, сол күзiреттiлiк оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық-психологиялық көріністі талап етеді.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекеті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық — тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың мәні зор. Қабілеттер мәселесіне қатысты мына жағдайларға айрықша тоқталу жөн. Бірінші - адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрлымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болады. Мәселен: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың

бөліктерінің арақатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.

Екінші — адамдар бойында қабілеттің бір түрі ғана бола ма, әлде әр түрлі қабілеттің белгілері бола ма деген сауал төңірегіндегі пікірлер жайлы. Ғалымдар керісінше көзқарастардың бар екендігіне қарамастан, адам бойында әрекеттің бірнеше түрін осындай алу мүмкіндіктерін бар екендігін дәлелдейді. Мысалы ақындығымен қатар музыкаға, суретке қабілетті адамдар.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жөнінде И.П.Волновтың айтқан пікірі өте құнды. Ол балалардың әр саладағы қабілеттерін айқындау, дамытуға қажетті, тиімді жағдай туғызуы, бірінші сыныптан бастап балалардың қабілеттерін, бейімділіктерін дамытатын дербес, өздігінен орындайтын шығармашылық тапсырма жүйесін құру, оны сыныптан тыс жұмыстар арқылы да жүзеге асыруға болады дейді. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық жұмыс қабілеттерін олардың өз беттерімен меңгерген білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын пайдалана отырып, өздеріне бұрыннан белгісіз жаңадан бір нәтиже алуы деп түсінеміз.

И.Д.Левидовтың пікірінше, оқушылардың шығармашылық қабілеттері деп іс-әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және оқушылардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің, тәжірибелерінің көрінуі болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін танып білу үшін олардың қабілет деңгейін әр алуан болатынын ескеру керек. Қабілетін анықтау үшін психологиялық тесттер қолдануға болады. Көптеген психологтар оқушылардың жасы өскен сайын нерв жүйелерінің мүмкіндіктері кеңейіп, қалыптастырып отыратындығын, бірақ оқушының дамуы үшін ең қажетті, құнды қасиеттерінің біртіндеп жоғалып отыратындығымен түсіндіре отырып, бала қабілеттерінің дамуы үшін ең қымбатты кезеңді тиімді пайдаланып алуға асығу керектігін ескертеді. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай зейіні тұрақсыз, қабылдау мүмкіндіктері де әр алуан болады.

Оқушының шығармашылығына бағыт – бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М. Жұмабаев болатын. Ол балалардың ойларын дамыту туралы «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі - деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді.

Оқушының шығармашылықпен айналысуына қоршаған ортасы, ата – ана, мектеп қолайлы жағдай туғызуы керек. Мұғалімнің міндеті шығармашылық бағыт – бағдар беріп отыру. Шығармашылықпен жеке дара оқушы емес, сыныптағы барлық оқушылар айналысу үшін мүмкіндік керек. Мұндай іске белгілі бір тақырыпта пікір – сайыстар өткізудің маңызы зор. Күнделікті сабақта өтілген тақырып бойынша оқушының ойын білу, сол тақырып бойынша көзқарасын білдіруі, шығарманы талдауы – шығармашылық қабілетті арттырудың бір жолы. Шығармашыл қабілетті дамытуды ең алдымен, қарапайым нәрселерді суреттей білуден бастаған жөн. Бала күнделікті өмірде өзі көріп жүрген оқиғаларды баяндай білуі, оған өз түйсігімен қарап, өд жүрегімен сезініп, ішкі жан дүниесіндегі тебірәністі әңгімелей білуге үйрету керек.

Бастауыш сыныптағы оқытудың мазмұнында ерекше орын алатын пән – *ана тілі*. Ана тілін үйрету – сөздерді түсініп, меңгеріп оқу, жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйрену мен қатар, бала сансыз көп ұғымдарды, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін де меңгереді. Ана тілін оқып-үйрену арқылы олар Қазақстанның мәртебесін көтере туған халқының өткені мен бүгіні, болашағы жайында мол мағлұматтар ала отырып, танымдық, тәрбиелік, білім дағдыны үйренері хақ. Өтілетін әр сабақ белгілі бір мақсатқа құралған, оқушы танымы мен дүниетанымын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулуы тиіс. Ол үшін мұғалім күнделікті сабаққа жете ізденіп, жаңа технологияны шебер пайдаланса, сабақ өз мақсатына жеткен шығармашылыққа бағдарланған, оқушы дүниетанымын байытатын бірден-бір сабақ болар еді. Қай сабақ болмасын «мынау оның білімдік жағы, мынау тәрбиелік жағы» деп бөліп жаруға болмайды. Себебі білім мен тәрбие-әркез егіз үрдіс. Шебер мұғалім осы екі қасиетті оқушы бойына дарыта оқыта отырып, оқыту

әдісін, жаттықтыру жұмысын, қолданылатын көрнекілік түрлерін оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, қабілеті мен ынтасына қарай таңдай білсе, өзі көздеген мақсатына жетеді.

Әдебиеттік оқу сабағында шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолдануға болады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыруда түрлі әдіс-тәсілдерді өз сабағымызда қолданамыз:

Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау.

Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.

Мәтін бойынша мақал құрастыру.

Табиғат құбылыстарына, заттарға және жеке суреттерге қарап жұмбақ құрастырту.

Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу.

Шығарма, мәтін, ертегі құрастыру. (тақырып бойынша, жоспар бойынша, тірек сөздер арқылы)

Өлең, мақалдар құрастыру.

Шығармадағы әңгімелерге ұқсас оқиғалар айтқызу.

Кейіпкерге мінездеме беру.

Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу, мүсіндеу.

Рөлге бөліп оқыту.

Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус)

Диалог-ертегі.

Образға кіру.

Осы сияқты жұмыс түрлерін жүргіземіз. Осындай әдіс – тәсілдерді үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу – оқушыны шығармашылық бағытта дамуына жете мән беруі болып табылады.

Шығармашылықпен айналысқан оқушының ойы жүйрік, тұғыры биік азамат болып қалыптасады. Ана тілімен қатар *қазақ тілі* сабағы да сөзбен жүргізілетін жұмыс сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысы оқушыны бір жағынан ойлауға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Мысалы:

Берілген сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздерді теріп жаз:

Қыран қала Дархан

Мүз бұлақ есек

Қысым сүт киім

«Ал» буынынан басталатын бірнеше жеміс атауларын жазып, төрт сөйлем құра ма

Қандай сын есім жазылғанын табындар:

Зықыл (қызыл) рыса (сары)

Ыңқал (қалың) ікби(биік)

Анжу (жуан) рат(тар)

«Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға, бәрі де анық тұрмай ма ойлағанда» деп Абай атамыздың сөзімен айтар болсақ, шығармашылық қабілеті дамыған баланың көкірегі сезімді, көңілі ояу боларына дау жоқ.

Бұл жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға зор үлесін тигізеді. Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау – өте күрделі үрдіс. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады. Егер шығармашылық оқушының жас кезінде бағалы бағдар болып қалыптаспаса онда болашақта да оның қалыптасуы екіталай. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Қорыта келгенде, «Қыран – түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз – шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзін негізге ала отырып, оқушыларды шығармашылыққа баулуды алғаш мектепке келген сәттен бастап қолға алу керек.

Заманауи мұғалім – шығармашыл тұлға. Ол қаншалықты ізденісте болса, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық шығармашылық қабілетін дамыту арқылы олардың сабаққа қызығушылығын оятып, оқуға деген ынтасын дамыта түседі.

Әдебиеттер

1. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Алматы, 2007 ж
2. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. 2-сынып Алматы «Атамұра» 2022
3. Рысқұлбекова Ә.Д., Мүфтибекова З., Сейсенбаева К.Н. Әдебиеттік оқу. 2-сынып. Алматы, Алматыкітап баспасы, 2022
4. «Әдебиеттік оқу сабағында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушыларды шығармашылыққа баулу» Авторлық бағдарлама / құрастырған авт:Н.З.Султанова.,А.Т.Сеитова– Алматы, «EDU print» жедел басу баспаханасы, 2020

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛ АРҚЫЛЫ ДӘРІПТЕУ

Муканова Венера

Махамбет ауданы, «Алтын-ай» бөбекжайы», тәрбиеші

Мектеп жасына дейінгі балалардың оқуы мен тәрбиесін сапалы дәрежеге көтеру қазіргі Қазақстанның білім беру саласындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Осы маңызды жұмысты іске асыру барысында ұлттық бағыттағы ойын түрлері баланың ой-өрісін, интеллектуалын, танымдық қабілеттері мен денсаулығын дамытуда пайдалануды зерттеу маңызды сала болып табылады, себебі ойындар баланың сүйіп ойнайтын және оның күш-жігерін жетілдіретін әсерімен ерекшеленеді. Ал ойындардың көбісі бала ағзасының, дене қасиеттерінің дұрыс қалыптасып дамуына, сондай-ақ ұсақ қол моторикаларының жақсы жетілуіне, танымдық қабілеттері артып, ой-өрісінің дамуына тигізер әсері мол. Жалпы ойын балалардың негізгі іс-әрекеті болғандықтан, оның кеңінен өріс алуы сол балалардың өз өмірінде пайдалануына тікелей байланысты. Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән-мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін оқу іс-әрекеттерін ойын түрінде жүргізген жөн. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатынын байқауға болады. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Сондықтан да ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Балабақшаның бағыты мәдени тәрбие беру болғандықтан инновациялық технологияларды қатар алып жүру, бір-бірімен ұштастыру міндет деп алып, бала тәрбиесімен, оқытуында салт-дәстүріміз бен әдет ғұрыптарды технологиялармен ұштастырып жасағымыз келді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу

мақсатында дидактикалық құралды қолданамын. Берілген ойындарды қолдану іс-әрекеттің әсерлігін арттырып, қазақ халқының ұмытылып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызбен таныстыра отырып, балалардың логикалық, шығармашылық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамытады және де бұл ойындарды тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттің мазмұнына сай пайдалануға болады. Сондықтан, бұндай ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау, еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет.

Ойын – ой қозғайды. «Баланың ойынын тыйғаның, ойлауын тыйғаның» деген қағида текке айтылмаған. Ойын төзімділікті, алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында танымдық-дамытушылық ойындарының мазмұны, ойынды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері балалардың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, салыстыруға, ажыратуға, үйретеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтармен таныстыруда дидактикалық ойындар өте маңызды орын алады. Танымдық-дамытушылық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың таным мүшелерін (есту, көру, ойлау, сөйлеу), сонымен бірге, шығармашылық қабілетін дамытуда таптырмас ойын болып табылады. Танымдық-дамытушылық ойындарды ойлап тауып, оны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тиімді пайдалану тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Тәрбиешіге арналған жаднама

- Балаларды өз бетімен тәуелсіз жұмыс істеуді үйретіңіз, тура нұсқаулардан бас тартыңыз.

- Балалардың ынта-ықыласын ұстап тоқтатпаңыз.

- Олар өздері жасай алатын істерді (не болса өз бетімен үйреніп жасайтын істерді) орындамаңыз.

- Бағалау пікірлерді шығаруға асықпаңыз.

- Білім ұғып алу процестерін балаларға басқаруды үйретіңіз.

Тәрбиешілердің инновациялық қызметінің талабы - балаға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттыра отырып, баланың жан-жақты дамуына, жаңалықты тез қабылдауына және өмірге бейімделуіне әсер ету, дербестікке тәрбиелеу, сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлерімізді, тіліміз бен музыкамызды, әдебиетімізді, ұлттық рухымызды бойларына сіңіру. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «Әр адам - өз заманының баласы». Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызметмектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуы болып отыр. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Ол үшін қазіргі педагог :

- педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

- педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;

- жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;

- балалармен ортақ тіл табыса алатын;

- білімді, іскер, шебер болуы керек;

Мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық технологияларды қолданудың да маңызы зор. белсенді тақта арқылы сабақтар өткізу, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық тапсырмалар қоры жатады. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында ақпараттық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңашылдықты меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, руханиазаматтық және басқа көптеген адами келбеті жас ұрпақтың қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз,

кабылдауы тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Шынында да, ұлттық құндылықтарымызды бағалай білмесек, тамыры тереңге кеткен ел тарихын келешек ұрпақ санасында сақтауы екіталай дүние. Әлбетте, рухани құндылықтарымыздың негізі отбасылық дәстүрімізде жатқаны белгілі. Бұрындары ата-бабамыз оттың басы, ошақтың қасында отырып-ақ небір мықты, елін сүйген, жерін сүйген тұлғаларды тәрбиелеген.

Ойындары көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген.

Қазақтың тұңғыш суретшісі Ә.Қастеевтің: «Мен өнерді таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен үйрендім» деуі содан болса керек. «Киіз үй халқымыздың тұрақты мекені. Оны қастерлеп ұстап қасиетті киелі шаңырағымыз деп дәріптейміз. Киіз үй біздің мақтанышымыз, себебі құрылыс, қолөнер, сурет сияқты бірнеше өнердің басын қосқан қасиетті кереметке толы үй. Осыған орай балалармен бірге заманауи айналмалы киіз үйіміздің ғажайыбымен танысамыз. Ғажайып киіз үй - шығармашылық дамытушы ойынның мақсаты: Ұлттық құндылықтарды бала бойына заманауи бағытында үйлестіруді дамыту. Ой санасын шыңдау, балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту».

Қазақ халқының сонау, көне заманнан бергі негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, мал өсіру, мал басын көбейтуі өндіріс процесінің негізгі мақсаты, сондықтан да «халықтың бар байлығы малда болды». Қазақ халқының тіршілігінде төрт түлік (қой, сиыр, жылқы, түйе) мал шешуші орын алған. Бүкіл өмірі мал өсірумен өткен қазақ халқының даму ерекшеліктері, той-думан, қуанышы мен реніші де осы малмен байланысты болды.

Амандасқанда да жан амандығын сұрамай, мал-жан амандығын сұрауы, қазақтың тіршілігінің тірегі, көзі малға деген көзқарасының ерекше бір сезіммен қалыптасуы болды. Оларды халық ауыз әдебиетінде мақұлықтар дүниесінің өкілі деп ұқпай, адамның өмір сүруінің негізгі тірегі мен жан серігі екендігін шабыттана жырлаған.

Қазақ халқының малды соншалықты қадірлейтін, халықтың саяси әлеуметтік және экономикалық жағдайының даму процесінде осы төрт түлік малдың арқасында жеке адамның қай-қайсысы болмасын өмірден мұқтаждық көрмеді. Сондықтан да төрт түлік қазақ халқының ауыз әдебиетінің, өнерінің, мәдениеті мен ұлт ойындарының негізгі кейіпкері.

Халық мұғалімі Байтоғайұлы Малқай бала өміріндегі ойынды және ермекті «ол - баланың еңбегі», - дейді, демек бұл жай ермек емес, бала әлеміндегі кәдімгі еңбек. «Сондықтан да бала еңбегі – ойын. Ендеше, ойын балалардың күнделікті тіршілігі адамның басынан өтетін өмірінің әр уақытындағы жазғы, күзгі, қысқы істелетін кәсібі сияқты. Тіршіліктің түрі бар. Сол сияқты балалардың да өзіне меншікті бала кезінде істейтін істері бар. Ол іс – жас уақытындағы ойын».

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ойынына қарап баланың психологиясын аңғаруға болады. Бес саусақ бірдей емес дегендей, әр отбасынан шыққан балалардың мінез-құлқы бірдей емес.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып

өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас өндіріс бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

Қорыта келе балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең-тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы - балалардың бойында өнердің, білімнің, тәрбиенің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес.

Әдебиеттер

1. Төтенаев Базарбек. «Қазақтың ұлттық ойындары». Алматы «Қайнар» баспасы 1994 жыл
2. «Бала мен балабақша» журналы №12 2016 жыл
3. «Бала тәрбиесі» журналы №8 2012 жыл
4. М.Әлімбаев, Қ.Баянбаев «Шынашақ». Алматы «Балауса» 1992 жыл

МАЗМҰНЫ

1 СЕКЦИЯ

М. ӘЛІМБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Қайыржанова Б.С. Мұзафар Әлімбаев шығармашылығындағы балалар әдебиеті	3
Перизат Сайлау., Көкшеева З.Т. Балалар жанының бағбаны	7
Муханова З.К. Мұзафар Әлімбаевтың педагогикалық еңбектері	9
Алтаева З.Ж. Мұзафар Әлімбаевтың «үлкендерден үйреніп» жинағы: тәрбиелік маңызы мен оқытудағы құндылығы	11
Габдуллина Г.Г. Тіл көркемдігі – ой көркемдігінің көрінісі	14
Ирмикбаева Н.Ж. М.Әлімбаев шығармалары арқылы балаларды ұлттық құндылықтарға баулу	17
Халанская А.С. Поэзия М.Алимбаева в современной казахской детской литературе	20
Ничипорук Е.Н. «Стихи свои я детям подарю...» Музафар Алимбаев	22
Хабибуллина Н.Т. Мұзафар Әлімбаевтың балалар әдебиетіндегі өзіндік әлемі	26
Демжанова Г.Т. М.Әлімбаев балалар поэзиясының білгір шебері	30
Сариева А.А. М.Әлімбаев – балалар ақыны	33
Бакесова Р.К. Педагогическая сущность труда «Культурное наследие Музафара Алимбаева»	35
Наушина Ж.Ж. С любовью к родной земле ...	37
Кадирғалиева А.Д. Балалардың сүйікті жыршысы – Мұзафар Әлімбаев	39
Дуйсенова Ж.Р. Мұзафар Әлімбаевтың балалар әдебиетіне қосқан үлесі	42
Давлетова Н.Т. Бала жанының бағбаны М. Әлімбаев	45
Муқанова Г.А. Мұзафар Әлімбаев – балалар әдебиетінің атасы	48
Айсиева Г.А. М.Әлімбаев - балалар әдебиетінің классигі	50
Боранбаева К. Ж. Балалар әлемінің сүйікті жыршысы – Мұзафар Әлімбаев	56
Мухамбетқалиева С.С. Мұзафар Әлімбаев балалар-әдебиетінің классигі	60
Имұханова Н.Ж. Бала жанының бағбаны – Мұзафар	65
Ергалиева Ж.Н. М.Әлімбаевтың өлеңдерінің балалар әдебиетіндегі маңызы	69
Қанатова Н.Ж. М.Әлімбаев - балалар әдебиетінің классигі	71
Ахметова Г. Х. Мұзафар Әлімбаев – балалар әдебиетінің классигі	73
Кадырова А.Ж. Санқырлы шығармашыл қаламгер туындылары қазіргі оқыту мен тәрбие үрдісінің көш басында	78
Ищанова Л.С. М.Әлімбаев еңбектерінің бүгінгі қазақ балалар әдебиетін дамытудағы үлесі	80
Кдырғожина Ж.К. М.Әлімбаев еңбектерінің бүгінгі қазақ балалар әдебиетін дамытудағы үлесі	84
Омирзакова А.Д. Балалардың сүйікті жыршысы – Мұзафар Әлімбаев	88
Әсемғалиева А.Т. Мұзафар Әлімбаевтың шығармашылық еңбек жолы	92
Бисенғожина Б.А. Мұзафар Әлімбаевтың қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегі	96
Мусина Г.А. М.Әлімбаевтың балаларға арналған өлең шығармалары	98
Есмұханова Б. М. Мұзафар Әлімбаев және балалар әдебиеті	101
Нурманова Ж.М. М.Әлімбаев еңбектерінің бүгінгі қазақ балалар әдебиетін дамытудағы үлесі	104

Абуова Л. А. Мұзафар Әлімбаевтың еңбектерінің бүгінгі қазақ балалар әдебиетін дамытудағы үлесі	107
Кабдықайрова А.М. Балалар әдебиетіне мол базарлық қалдырған – Мұзафар Әлімбаев	108
Нәбиева Ж.Ж. Мұзафар Әлімбаев шығармаларының тәрбиелік құндылығы	110

2 СЕКЦИЯ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН

Демешева Г.У. Компетентность педагогов дошкольных организации и родителей детей в области здоровьесбережения	114
Кинжибаева Ф.Б., Иманғалиева Н.Т. Жаттығу студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау құралы ретінде	117
Абугалиева Г.С. Формирование полиязычной компетентности будущего педагога как результат профессиональной подготовки в вузе	120
Казетова А.Х. Мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты құрудағы заманауи тенденциялар	123
Ерниязова С.Н. ЖОО-да мектепке дейінгі ұйы м мамандарын даярлауды жетілдіру	125
Баюканская С. Ф. К проблеме развития эмоциональной саморегуляции студентов	128
Уразова Г.Т., Әуелбаева Г.С. Білім беру жүйесінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру	132
Әлім Г.Ә. Білім мен тәрбиедегі жаңартылған мазмұн: мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы	135
Туленова У.Т. Бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру	138
Жазықова М.Қ. Бастауыш мектеп мұғалімінің креативтік құзыреттілігін қалыптастырдың маңызы	146
Мендигалиева Г. С. Жаңашылдық жаңа істер бастамасы: рефлексиялық дағды-мұғалім шеберлігі	149
Сапарова Г.Т. Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулу үшін қолданылатын әдістер	153
Сейтжапарова Г.Т. Сабақтарда заманауи сандық медиа мен технологияны қолданудың өзекті мәселелер	157
Тастемирова А.Г. М.Әлімбаевтың еңбектерінің бүгінгі қазақ балалар әдебиетін дамытудағы үлесі	161
Кисекова Т.К. Мектепалды даярлық топ пен бастауыш сыныптарда Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арналған шығармаларының сабақтастығы	164
Шалабаева Б.П. Мектепалды даярлық сыныптарында ақпараттық технологияларды қолдану	170
Шуйнова Ж. Б. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің тілін ойын арқылы дамыту	173
Толекова Л. М. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігін дидактикалық ойындар арқылы қалыптастыру	177
Тлегенова Д.Ш. Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыруда балабақшада жаңа инновация түрлерін қолданудың маңызы	180

Бижанова Г. А. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын цифрлық басқаруға дайындау	184
Есетова А. А. Ата-ана болуда қобалжымаңыз...	187
Жантлеуова А. А. Бастауыш сыныпта электронды оқулықты қолданудың тиімділігі мен маңызы	188
Байдашева Н.Б. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңаша тәсілдерді пайдалану	192
Акмышева Г. С. Мұзафар Әлімбаев шығармашылығындағы балалар әдебиеті	194
Сағындықова А. Ж. Бастауыш мектеп пен мектепалды даярлық тобының оқыту-тәрбиелеу жұмысын ұйымдастырудағы сабақтастық	198

3 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Байбориева Б.К. «Second life» платформасын қолдану – оқыту процесін акпараттандырудың ұтымды жолы	201
Бәкір Н.Б. Оқытудағы жаңа технология туралы түсінік және оның түрлері	204
Арыстанғалиева В.Т. Steam технологиясының элементтерін мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану	207
Ахметова Ә.А. Заманауи оқу үдерістері арқылы білім беруде - сапалы білім беруді жүзеге асырудың тиімді жолдары	209
Абилова О.А. Геймификация как способ организации обучения	212
Панищева О.А. Модернизация высшего образования с использованием технологии информатизации и цифровизации	214
Утешкалиева А.М., Мусина А.А. Применение мультимедии «Progress»в развитии устной речи учащихся 1 класса	217
Тлегенова Ж.О., Изтлеуова С.Ш. Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда педагогикалық технологияларды қолдану	220
Базарбаева Қ.М., Испанова Э.Ж. Бастауыш сыныпта акт құралдарын қолдану мүмкіндіктері	222
МақсотоваТ.Т., Тлепбергенова Г.Е. Инклюзивті сыныпта оқу процесін ұйымдастыру жолдары	225
Ермекбаева Г.Г. Етістік категориясын оқушыларға оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану	228
Байтерекова М.А. Білім беру мазмұнын жаңарту арқылы оқушы белсенділігін арттыру	231
Мурзағалиева К.К. Мектепке дейінгі ұйымда заттық-дамытушы органы ұйымдастырудың маңызы	234
Ибрашева К.Н. Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдану	237
Кенжебаева Ж.Б. Ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы	239
Ерболат Б.Е. Білім алушылардың педагогикалық практикасында электронды портфолионы қолданудың тиімділігі	242
Дюсембаева А.С. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырудағы озық технологиялардың тиімділігі	244
Ешниязова М.Ж. Хамза Есенжанов шығармаларын білім беруде қолдану	247
Испанова Э.Ж. Бастауыш сынып мұғалімінің акт қолдану мүмкіндіктері	251
Жумағалиева А.А. Білім берудегі озық технологиялар мен заманауи үрдістер	254
Жумадилова М.Б., Майрашов А.Г. Влияние веб-дизайна на общество	258
Жумадилова М.Б. Как влияет на жизнь технология 5g	262

Ибатова Ф.Х. Мектеп жасына дейінгі балалардың білімге ықыласы мен қызығуын арттыруда инновациялық технологиялар тиімділігі	265
Ибраева Г.С. Использование мультимедийных технологий на уроках биологии и химии	269
Иманалина С.Е. Формы организации исследовательской деятельности учащихся начальных классов на уроках русского языка	272
Айтмаганбетова Ш.К., Исатаева Ж.И. Қазіргі бастауыш сынып оқушыларының психологиялық портреті	275
Федорченко Л.А. Дистанционное обучение при реализации инклюзивного образования	279
Кабдулова Г.У. Қазақ тілін жаңаша оқыту технологиялары	282
Карагодина И.А. Использование инновационных технологий на уроках в начальных классах	285
Конаева Г.К. Мектепке дейінгі ұйымдарда асық ойындарын заманауи қолданудың ерекшелігі	288
Куанышкалиева А.К. Мектеп жасына дейінгі мекемеде тәжірибелік және эксперименттік әдісін пайдалану арқылы балаларды жан-жақты қалыптастыру	291
Қарағойшина Г.Ж. Білім беруді жаңарту үдірісінде бастауыш сынып орынбасарының кәсіби қызметінің бағыттары	294
Kudaibergen M.A. Organization of elective courses in secondary school	299
Муканбедиева Г.К. Дебат ойындарының оқушылардың танымдық құзіреттіліктері мен шығармашылығын дамытудағы және жан жақты дамыған жеке тұлға қалыптастырудағы ролі	301
Мүтиев З.Ж., Акашаева З.М. Драматург С.Балғабаевтың шығармашылық әлемі	303
Мұхтар Т.Ж. Химия мамандары арасында білім берудегі озық технологиялар мен заманауи үрдістерді енгізу	307
Нағымет Л.Ж. Балабақшада жобалау әдісінің маңыздылығы және жүргізілу әдісі	309
Омарова А.Н. Қорытынды аттестаттауға дайындық барысында эссе жаздыртудың тиімді жолдары	312
Барадосов А.Д. Білім берудегі озық технологиялар мен заманауи үрдістер	316
Сарсенова А.У. Білім беруде заманауи мультимедиялық технологияларды қолдану	319
Сатыбалдиева А.З. Жеке тұлғаны қалыптастырып дамытуда өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы	323
Сейлова Е.М. Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологияларын қолданудың тиімділігі	325
Текешова Н.Н. Жаңартылған мазмұнда білім берудің жетістіктері	328
Тлегенова Ж.О. Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда педагогикалық технологияларды қолдану	330
Жұбаниязова Г.К., Кайратбекович М.А. Ағылшын тілі сабақтарында көркем мәтіндерді қолданудың артықшылықтары	332
Тургамбаева А.Т. Пути повышения качества знаний на основе современных образовательных технологий	335
Турсунова А.Б. Педагогикалық кәсіби шеберлігі - білім беру саласының оқытушыларының өзекті мәселесі	341
Ұзақбаева З.Н. Білім беруде озық технологияларды тиімді қолдану	344
Хамитова Г.Т. Білім беру кілті – инновациялық әдіс-тәсілдерде	346

Шуйнова Ж. Б. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің тілін ойын арқылы дамыту	348
Есенгалиева М.О. Инновациялық көркем-графикалық техника арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту	352
Альжанова Д.С. Техникалық оқу орындарының студенттерінің оқу-танымдылық (отд) дағдыларын қалыптастыру проблемалары	355
Бекмағанбетова А.Б. Оқушыларға сапалы білім берудегі озық технологиялардың тиімділігі	358
Нуржанова Д.А., Базарбаева К.М., Капашева А.Ж. Мультипликация – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және сөйлеу дағдысын дамыту тәсілі	361
Танашова Б.М. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту	364
Муканова В. Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық құндылықтарды дидактикалық құрал арқылы дәріптеу	367

**МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН: МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ»
АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР
ЖИНАҒЫ**

“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 46,8 б.т.
Таралымы 200 дана



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.

Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Төкешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Маркс